Білім беруде **ақпараттық-коммуникациялық технологияларды** қолдану – заман талабы. Әр тәрбиеші өз ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін түрлендіріп өткізгісі келеді. АКТ-ға теледидар, интернет, ұялы телефон, ұтқыр қондырғылар, компьютер немесе ноутбук жатқызылса, әрқайсысының өзіндік қолданылу орны бар. АКТ балалар қызығушылығын арттырады және есте сақтауға көмектеседі. Өйткені естігеннен, оқығаннан гөрі көзімен көрген есте жақсы қалады. Қайта қызығушылықтары оянып, белсенділіктері артады. Интерактивті тақта арқылы оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда (салыстырғанда), көптеген жетістіктері бар. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. ҰОҚ-де тәрбиеші интерактивтік тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді. Материалдарды оқып үйрену барысында интерактивтік тақтаны пайдалану білім өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондықтан тәрбиешілердің дайындаған материалы балаларға түсініктірек болады.

Күнделікті ҰОҚ-де интерактивті тақта арқылы видео роликтер, слайд, көрсетуге, ноутбук, ұялы телефон арқылы аудио жазбаларды тыңдату арқылы қолданамын.

АКТ-ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ-ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

«Белсенді экран» Ақпаратты өңдеу үшін компьютерді басқаруға арналған кешен, және білім беру бұл кезде әмбебап интерактивті жүйеге айналады. Бағдарламалық – ақпараттық кешен дидактикалық құрал ретінде қолдану кезінде балалардың біліктілік дағдыларын жақсарту үшін ақпарат көзі ретінде, сонымен бірге, ойлануға және өз ойын қысқа да нұсқа жеткізуге, қабілеттерін арттыруға жағдай жасайды.

Интерактивті құралдар сіздерге оқу үрдісінде бірнеше мәселені шешуге көмек береді:

- Берілген мәселе бойынша базалық білімді арттыру;
- Білімді жүйелеу;
- Өзін – өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы, білімге қызығушылығын арттыру;

Көптеген балалар көріп, естігендерінің 5%- 20% есте сақтайды. Аудио – видео ақпараттарды пайдалану есте сақтау қабілетін 40-50% арттырады.

Білім беру жүйесінде тәрбиеші өз мамандығын ғана терең біліп қоймай, тарихи, педагогикалық, психологиялық дағдылардың иесі, сондай – ақ экономикалық, саяси, ақпараттық жағынан да сауатты болуы керек. Ол заманауи жаңалықтар ағымына сәйкес білім беру жүйесінің қазығы, тәрбиеші жан дүниесімен беріліп жұмыс істеп, шығармашылыққа жетелей алады.

Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, ұоқ-нің әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сондықтан әр ұоқ-де көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу тәрбиеші алдында тұрған бірден - бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан - жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс.

Әлеуметтік-сындарлық тұрғыдан оқытуды түсіну (Выготский, 1978; Вуд 1998) нұсқаулығында айтқандай «Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Жаңашыл әдіс-тәсілдер мен заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану жолында жұмыстанудамын. Әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті тиімді әрі нәтижелі өту үшін әр тәрбиеші өз шығармашылығын дамыту мен ізденіс үстінде.

Талпыныс тудыру немесе қызығушылық ояту. Үйренушінің оқуға, үйренуге деген ықылас- ынтасы, ниеті мен зауқы болмаса, оқу нәтижесінің мардымды болуы екіталай. Француз жазушысы Анатоль Франц кезінде «тамақ тек зор тәбетпен ішкенде ғана сіңеді» деген екен. Оқу мотивациясы дегеніміз деп осы сияқты білімге, білуге, үйренуге деген «тәбет». Топтық жұмыс, біріншіден, балаларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады. Екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Үшіншіден бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды. Бұл әдіс сонымен қатар топ болып ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауға, ойын еркін ортаға салуға, бірінен-

бірі үйренуге септігін тигізді. Яғни, топтық жұмыс балалар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу, проблемаларды шешу және топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі.

Топтық жұмыстың тиімділігі:

- Балалар өзара достық қатынаста болады;
- Бір-бірінен сұрай отырып білімдерін жетілдіреді
- Өзгелерге ойын жеткізу үшін өз шешімін дәлелдеп үйренеді;
- Менен сұрап қалады-ау деп қорықпайды, топ болып жауап береді;
- Балалардың бөбекжайға деген көзқарасы өзгереді. Уақыттары қызықты әрі тиімді өтеді.
- Топтық жұмыста бос отыратын оқушы болмайды.

Көптеген ғылыми зерттеу нәтижелері ұйымдастырылған іс-әрекетінде диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литтон (2007) өз еңбектерінде диалог ұоқ-де балалардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу балалардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар, олар:

- Әңгіме-дебат барысында;
- Топтық әңгіме барысында;
- Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде байқалады екен.

«Диалогті оқыту арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» деп К.Д.Ушинский айтқандай баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін тәрбиеші көп ізденіп, ұоқ -ті тиімді өтуіне жұмыс жасап, іс-әрекет барысында оқудың белсенді әдістері, диалогтік оқыту және оқу әдісін қолдануда білім сапасын арттыруға көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Балалар диалог әдісін қолдана отырып, білімді бірлесіп құру, талқылау, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады.

Әдіс-тәсілдің тиімдісін тәрбиеші өз еркімен таңдайды. Егер тәрбиеші өз жұмысын жақсы білсе, онда дұрыс әдісті де табады. Сондықтан түрлі әдіс-тәсілдерді саралай отырып, тиімдісін өзіндік ой еңбегімен ұштастыра алса, әр ұоқ-ті өз нәтижесін беретініне сенемін. Заман талабына сай балалар шығармашылығын дамытуға, тәрбиешінің қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін тиімді технологиялар шексіз. Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, оның-солын тану, зерттеу, пысықтап анализ жасау – әр тәрбиешінің міндеті. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметінің іс-әрекетін жоспарлағанда балаларда сыни ойлауын тудыратын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмаларды қолдануға болады. Сыни ойлауды дамытуда қолданылатын стратегиялар балаларға мынандай мүмкіндіктер береді:

Айқын мақсат қоя білу;

Белсенді қатысуды қолдау;

Жақсы дискуссияның болуына себеп тудыру;

Өзінің жеке сұрақтарын құрастыру мен қоюға деген ынталарын жандандыру;

Біз бейбіт елде өмір сүріп, білім беруге үлкен мән бөліп отырмыз. Басты мақсатымыз терең білім бер арқылы, өмірде өз жолын таба білетін, жан – жақты дамыған, өзідігінен шешім қабылдайтын тұлға тәбиелеу болып отыр.

Күтілетін нәтижелер:

Заман талабына сай ақпараттық құралдарды қолдана отырып балалардың логикалық ойларын дамыту.

Балалардың қызығушылығын оята отырып әр түрлі жаңашылдық әдіс тәсілдерді үйрету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бурибаев В. Балапанов, Ү.«Жаңа ақпараттық технологиялар», Алматы, 2003.
2. "Экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизация" "Егеменді Қазақстан", 2005. № 13
3. Изтеміров Н "Заманауи білім беру технологиялары және оқу – әдістемелік құралдар», Алматы, 2007.

ӘОЖ 82.43

«БІРІНДІ ҚАЗАҚ, БІРІН ДАС, КӨРМЕСЕҢ, ІСТІҢ БӘРІ БОС»: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Ашикова Толкын Ажыбаевна,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

«Б.Қаратаев атындағы ЖОББМ» КММ,

БҚО, Қаратөбе ауданы, Қарақамыс ауылы

Аннотация: Мақалада Абайдың шығармалары ұлттық мүдде тұрғысынан талданған. Шығармалары бүгінгі күнде де өзекті екендігі дәлелденген. Қазақ халқының мүддесінің ойлаған Абайдың кемеңгерлігі толық ашылған. Мақалада ұлттық мүддені сақтаудың жолы көрсетілген.

Кілт сөздер: ұлттық мүдде, құндылық, бірлік, татулық, ынтымақ, бауырластық, кемеңгерлік, талант, ақыл-ой, мәдениет, ауызбіршілік, әділдік, шындық, күншілдік, келешек ұрпақ, ғақлия, білім, ғылым, адамшылық, махаббат.

Ұлттың ұлттық мүддесін сақтаушы қашан да тума талант, ақыл-ой иелері болған. Олар қабілеті мен білімі, танымы арқылы ел мәдениетінің өрісін кеңейтіп отырды. Солардың бірі – Абай Құнанбайұлы. Қазақ халқының мүддесін, бірлігін, татулығы мен ауызбіршілігін ойлап, бір болуға шақырды. Заманның, қоғамның арасындағы қарым-қатынасты, шындықты, әділдікті жырлады. Сондықтан да, Абай қазақтың мүддесін ойлаған – кемеңгер.

Кемеңгер Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі Алыстан сермеп келіп, еңбек етіп, дәулет қумай, адал болуға, адам болуға үндейді. «Бірінді, қазақ бірін дос, Көрмесен, істің бәрі бос» деген өлең жолдарында бір-бірінді күндемей, күншіл болып, теріс айналып, үндемей жүрмей, қайта бір-бірлеріңді жөндендер, көмектесіп, түзеліңдер. Егерде сен бүгін жөнделмесен, келешек ұрпақты қалай жөндемексің...? Бауырлас болып, дос болып қиналған кездерінде біріңе-бірің жәрдем етіндер, қысылғанда қолдаңдар. Ісіннен кемшілік табатын адам табылар, сондықтан жақыныңның тек жақсылығын көруге тырыс. Жаман адамның бір жақсылығы болатынын ұмытпа! Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірлікте өмір сүр дегендей. Менің ойымша, ұлттық мүддені сақтаудың жолы - бірлік.

Ал, қазақтың мүддесі 1991 жылы өз тәуелсіздігін алғаннан бері, 1995 жылдың 1 науырызында қабылданған Қазақстан халқы Ассамблеясында 130-дан астам ұлтты бір шаңырақ астында біріктіріп отырған ұлт ретінде көрінеді. Ел бақыты – тыныштықта. Тыныштық дегеніміз – рухани бірлік, ынтымақ пен бауырластық. Бүгінгі бейбіт заман – осыған дәлел.

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған Тәуелсіздігімізге 33 жыл толғалы отыр. ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды Абайдың өсиет – өнегесінсіз жасау мүмкін емес. Президент Тоқаев «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» деп атап көрсетті. Абай ілімі – жаңа Қазақстанның бірқатар бағыттарына жол бастаушы. Ең алдымен, білім игеру. Жас өрен заман талабына сай білім алса, әлемді ақыл – оймен мойындата аламыз. Екінші, тәрбие мәселесі. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла!» деген өсиетін ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет. Үшінші, кәсіп игеру. Байлық та, бақыт та сүйген кәсіпте. Ойшылдың «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөзі мәңгі қағидат. Төртінші, ынтымақ. Бақыт қайда барасың? Ынтымақты елге барамын. Міне, Абайдың кемеңгерлігі де осында.

Тіл көркемдігі мен сөз өлшемін қисынды қолдана білетін, орынды сөйлеп, ұғатын, бір ғана сөзге тоқтам жасайтын, дұрыс бағамдай алатын халық - қазақ елі дер едім. Себебі, кешегі от ауызды, орақ тілді Майқы билер мен Қазыбек билер, Жетес би мен Саңғыл билер екі ел арасындағы дау-дамайларды бір ауыз сөздің күдіретімен шеше білген. Солардың жолын жалғастырып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған, артынан аса құнды қырық бес ғақлияларын қалдырған ақын – Абай Құнанбайұлы.

Ақынның көркемдік қуатын, философиялық ойларын, зердесін танытатын еңбектерінің бірі – қара сөздері, яки ғақлиялары. "Ғақлия" дейтін себебіміз: ғаламның танымын танытатын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік жағдайларды көтеретін қара сөзбен жазылған даналық ойлар. Абайдың даналық ой-пікірлері бірі қысқа, бірі көлемді болғанымен, түбі тереңде жатқан, тілі өткір әрі ауыр, адамға ой салатын, бірі өз-өзімен сырласу кейпінде келсе, бірі сұрақ-жауап ретінде жазылған жазбалар. Сонан болар, Абайдың «Хакім» атанғаны.

Ғалым А.Байтұрсынұлы: «сөз адам санасында үш түрлі негізге тіреледі. Біріншісі, ақылға – аңдау, ақылға салып ойлау, екіншісі, қиялға – меңзеу, үшіншісі, көңілге – түйю, талғау» - десе, Ұлы Абай үш негіз туралы жетесіне жеткізіп, тұшымды талдап, ой айтқан болатын. Ол он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүректің таласып ғылымға жүгінетіні ретінде көрініс табады.

Абай қара сөздерінде ұлттық мүдде тұрғысынан жан-жақты мәселелер талқыланады. Соларды жеке көзқарасым бойынша бірнеше топқа бөліп, қарастырайын:

Бірінші топқа оқу-білімге, өнерге, мал табуға шақыратын: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік». Алайда бірлік: көкірегі, көңілі тірі болса, адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қылсаң сол ақылға бірлік болар еді» бойында бірлікті сақтар жігерің болсын немесе «Бала сұрадың ба? Сол баланы оқытатын, малыңды сарып қылып ғылым жолына сал», «Иман дерлік илануға екі түрлі нәрсе: иман келтірген нәрсенің хақтығына ақылмен көз жеткізу, молдалардан білім алып, кітап оқып иманның беріктігін сақтау», «Естіяр адамдардың Есеп алғаннан бергі алдағы өміріңді не білімге, не ахиретке, не өмірге жарамды» етіп өткіз, артынан ұрпағың айтардай із қалсын. «Ел қатарлы жыртығыңды жамайтындай өмір сүргің келсе, өнер үйрен. Мал жұтайды, өнер ешқашанда жұтамайды», «Адамның ең жаманы – талапсыздық», «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұл ғаделет, махаббат сезімі кімде басым болса, ол кісі – ғалым, сол кісі - ғақил» - деген қара сөздерінде өмірдің мәні де мағынасы да оқуда, кітапта, ғылымда жатқандығын баса айтқан. Осы орайда ұстаз ретінде алдымда білім алып отырған оқушыларыма Абайдың пікірі бүгінге дейін өзекті екенін дәлелдеп отырамын. Бүгінгі білім-ғылым қуған жас ғалымдар осының дәлелі.

Екінші адамның кейбір кездерін, қасиеттерін, мінез-құлқын айшықтауға арналған: «Әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз келеді, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш тартады; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан болады: әрбір ақылсыз – надан, арсыз болады; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы да жоқ жандар болып шығады», «Күлкі өзі бір мастық, күлкіге салынған кісі барлығынан

құр қалады. Жақсы іске ғибат етіп күл, жаман іске ызыланып күл. Қуланып, тіленбей, алдымен аллаға, еңбегін мен қайратыңы сеніп еңбек ет. Еңбек етсең қара жер де құр қалдырмайды», «Жас бала ата-анадан туғанда: ішсем, жесем, деген тән құмарлығымен, екіншісі, көрсем, білсем деген жан құмары деген екі мінезбен туады», «Кербез адамның екі түрлі қылығы бар: бірі, шашын-бет-әлпеті мен сақал-мұртын жөндеп әлек болса, екіншісі, әлдекімдерге қызығып, жұғымды жігіт сымақтар. Адам адам баласынан бір-бірінен ақыл, ғылым, ар деген мінездерімен озады. Онан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі - бекершілік», «Дүниеде адамның қуаты бірқалыпта тұрмайды. Бәрінен жалығатын кездері болады. Алайда, осы жалығудың өзі – әр нәрсенің бағасын білген, көрген ойлы адамнан шығады», «Мақтан дегеннің екі түрлісін байқаймын. Біріншісі – үлкендік, ондай адамдар ел мақтамаса, жақсы демесе демесін, бірақта артымнан жамандық ермесін десе, екіншісі – мақтаншақтық, мені ел, ағайын-туыс, өзім мақтасам екен дейтін надан адамдар бейнесі», «Рас, бұрынғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан қарағанда білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ та бұл замандағылардан екі мінезімен артық болған. Ол: ел басы, топ басы болған кісілердің сөздерін тындап, шешкен шешімдерін сынамаған халық және намысқойлық. Кәнекей осы екі мінез қайда? Бұлар да арлы, намысты, табанды адамдардан келеді». Адам баласының бойынан табылуы керек, табылуы былай тұрмақ, болуы тиіс қасиеттер. Өкінішке орай, кейбір азаматтар бойынан бұл қасиеттерді көре алмай жатамыз.

Үшінші қазақтың кемшіліктерін мінеп айтатын қара сөздері: «Ноғайдың, сарттың, орыстың екпеген егіні, бақпаған малы жоқ, білім де, өнер де соларда екен деп қазақтың мақтан қуғанына қынжылса», «Қазақтар тыныштық, ғылым, білім, әділдік үшін қам жемейді екен. Олар үшін мал артық, мал үшін қам жейді», «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рақат көрсетер ме, өзі рақат көрер ме, яки жұртқа рақат көрсетер ме?», «Қазақтың жаманшылыққа үйір болатыны жұмысы жоқтықтан. Егін салса, сауда жасаса қолы тиер ме екен?» - деп сынағанымен, қазақты жөндеу үшін, қазаққа ақыл беремін, түзеймін деу үшін алдымен қолыңда екі нәрсе болсын. Билік пен байлық. Билігің үстем болса, байлығың мол болса, сені жұрт тыңдайды, артыңнан ереді. Ақынның осы айтқан сөздерін ұмытпас үшін өзінің отыз бірінші сөзінде: адам естіген нәрсесін ұмытпас үшін: көкірегі байлаулы, жақсы нәрседен ғибрат алып, ынтамен ұғу керек, көңілге бекіту керек, ой кеселдерінен аулақ болу керек. Көкірегі ояу, көзі ашық, ісі мен сөзіне берік, әділдік пен адалдықты биік қоятын жас ұрпақтарды тәрбиелегің келсе, білім жолына бер. Менің пікірімше, ұлттық мүддені қорғайтын да солар болмақ.

Зиялылар дүниеден өткенімен, оның рухани бейнесі ел есінде сақталып қалады. Тұлғалылықтың тұрақтайтын жері – тарих. Абай бізбен бірге келешекке жол тартып барады. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады» демекші, ұлылығымыз бірлікте болсын! Ұрпақтың жүрегі Отан деп соғар отбасынан тәрбиеленсе, «қазақ» деген қаны мықты халықтың ұйытқысын ешкім де бұза алмайтыны ақиқат. Рухани мұраны игеру, ұлы тұлға шығармаларын жас ұрпақ жадына орнықтыру ұстаз ретіндегі және тарих алдындағы парызым деп есептеймін. Мақсатым - мұхиттың бір тамшысындай ой бөлісу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Зайкенова, Р.Сақенова, Л.Н.Нұрланова Қазақ әдебиеті жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. – Арман-пв 2020. – 81-82 б.
2. Р.Закенова, Л.Н.Нұрланова Қазақ әдебиеті Қазақ әдебиеті жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. – Арман-пв 2020. – 16-27 б.
3. А.Ү.Сужикова «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...»көпшілік танымдық басылым. – Алматы: Алматыкітап баспасы,2020. – 94, 155-211 б.
4. [<https://egemen.kz/amp/article/218135-abay-sozi---qazaqtynh-boytumary>]
5. Егемен Қазақстан газеті, Ұлт тұлғасы – ұрпақ бағдары, 7 ақпан 2020жыл, 4 б.

ӘОЖ: 373.3

БАСТАУЫШТА КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Аяпбергенова Карлығаш Давлетовна,
БОПЖӘ БББ 2-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада оқушылардың ұлттық танымдық үдерістерін дамытуға бағытталған когнитивті оқыту әдістерін бастауышта қазақ тілі сабағында қолданудың маңызы туралы айтылады. Танымдық қабілеттерді дамыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүзеге асыруға болатын негіз болып табылатыны және бастауыш сыныпта грамматикалық ұғымдарды когнитивті тұрғыдан

оқыту арқылы оқушылардың саналы түрде тұтас білім алуына, ұлттық танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік болатыны түсіндіріледі.

Кілт сөздер: қазақ тілі, бастауыш мектеп, грамматикалық ұғым, когнитивті оқыту, функционалдық сауаттылық, ұлттық таным, ұлттық тәрбие.

Бүгінде оқу үдерісінде оқушылардың ұлттық танымдық үдерістерін дамытуға үлкен мән берілуде. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары ұлттық бағдарламаларда толық өркеніетті ел болу үшін, алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн екендігі айтылған [1]. Сондықтан оқушылардың танымдық үдерістерін дамытуға бағытталған когнитивті оқыту әдістерін бастауышта қазақ тілі сабағында қолданудың маңызы зор. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларға ана тілінің құдіретін сезіндіріп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірсек, ұлттық ойлауға жетелеп, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға болады. Отбасынан, балабақшадан орысша ойлап, орыс тілінде сөйлеп келген балалардың тілін дамыту үшін ұлттық құндылыққа бағдарланған білім беру қажеттілігі туындап отыр.

Ұлттық танымдық қабілеттерді дамыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүзеге асыруға болатын негіз болып табылады. Сондықтан бастауыш сыныпта грамматикалық ұғымдарды когнитивті тұрғыдан оқыту арқылы оқушылардың саналы түрде тұтас білім алуына, ұлттық танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік болады.

Когнитивті оқытудың ғылыми негіздері тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негіздерімен тығыз байланысты. Когнитивті категориялар тілді когнитивті оқытудың негіздері болады. Когнитивті оқыту адамның әлемді тану, дүниені тұтас тану механизмін басшылыққа алады. Қазақ балаларына ұлттық тәрбие беру негізінен бастауыш сыныптарда қазақ тілі пәндері арқылы жүзеге асады.

Барлық халықтардың педагогикасында маңызды мәселелердің бірі – ана тілі мәселесі. Ана тілінде таза сөйлеп, әр сөздің мағынасын жете түсініп, сөз қолданысында пайдалана алатын тұлғаны тәрбиелеу қазақ мектебінде сабақ беретін ұстаздардың міндеті болмақ. Сондықтан қай пән болмасын оқу үдерісінде бастауыш сынып балаларын ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет.

Ғалымдар когнитивті педагогиканы халықтық педагогикамен ұштастыру себебін бүгіндегі тілдік білімді халықтық педагогикаға барынша жуық келетін когнитивті педагогикамен негіздеп, астастыра беру оқушылардың санасына неғұрлым жеңіл болатындығымен түсіндіреді. Сондықтан танымдық әрекетке негізделген оқу үдерісін жүйелі жүргізілген жағдайда өз нәтижесін бере алады.

Қазақ тілі сабағында когнитивті оқытуды қолданудың ерекшелігі оқушылардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеуге мән беруінде жатыр. Негізінде ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Ұлттық өзіндік сана дегеніміз – этностық сананың жоғары, күрделіленген, жетілдірілген формасы. Ұлттық өзіндік сананы ұлттың өзінің әлеуметтік-этностық мәнін танып білуі, дүниежүзілік қауымдастық жүйедегі өзінің орнын және қандай орын ала алатынын, адамзат тарихындағы атқарып жүрген әрекеттік рөлін және оның қандайын атқара алатынын, адамзат жасап жатқан өркениетке қосқан және қоса алатын үлесін сезіп тұшынуы, сонымен қоса, өзге халықтармен тең, еркін және тәуелсіз өмір сүрудің табиғи-тарихи құқығын түсінуі деп ұғуға болады [2].

Ұлттық сананың қалыптасуына және оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: біріншісі – сезімдік, түйсіктік, екіншісі – саналы теориялық. Біріншісі өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, екіншісі өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті дүние жүзілік тұрғыдан теориялық ұлттық бағыт-бағдарлама тұрғысынан қарап, аңғару арқылы болатын саналы ойдан туады.

Ал ұлттық сананың жасаушысы, қолдаушысы, қорғаушысы, сақтаушысы – әрқашанда ұлттық интеллигенция, ұлттық зиялы қауым. Ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу [2].

В. Бромлей ұлттық сана-сезім – «адамның өзінің осы ұлттың өкілі екендігін, ұлт мүддесі мен құндылықтарын және басқа ұлттарға көзқарасын сезініп-түсіну, бір сөзбен өзінің кешенді ұлттық ұғымын қалыптастыру» деп білгірлікпен атаған [3]. Біздің ойымызша, ұлттық сананы қалыптастырып қана қоймай, оны заман ағымына сай жетілдіріп отыру маңызды. Ұлтты тәрбиелеу, ұлттық сананы қалыптастыру – өте нәзік дүние. Оны күштеп істеу мүмкін емес. Сондықтан, бағдарлама аясында аса ауқымды жұмыстар атқарылып жатқан тұста білім беру үдерісінде мәдени мұраларымызды насихаттап, ондағы идеяларды балалардың санасына терең сіңіру жұмысы уақытында әрі жоғары сапада жасалуы тиіс. Себебі, елдің болашағы олайтын жастарымыз төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, қадірлеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Қазақтың әр баласы оқу үдерісінде ата-бабаларының кім болғандығын, қандай жолдармен жүріп өткендігін мейлінше терең танып-білгені жөн.

Ғалымдар еңбектерінде ұлттық сана, ұлттық құндылық, ұлттық мүдде деген сөздердің мағынасына талдау жасалып, оның ұғымына түсінік береді. Ұлттық сана дегеніміз – сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық

түрі, яғни ұжымдық сана. Ұлттық сана абстракты ұғым емес, ол – ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді.

Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Өз ұлтына деген құрметтің көрсеткіші – ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса, халық халықтық қасиетінен айырылып, мылқау күш тобырға айналады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбандығы болып, ұлт, халық, намыс деген қасиетті ұғымдар тілде бар да, ділде (жүректе) жоқ, тек рухани алыпсатарлардың көпшілік көзін алдар құралы мен ұранына айналады.

Қазаққа тән игілік пен ұлттық сана дегеніміз – әдептілік, бауырмалдық, қонақжайлылық, еңбекқұмарлық, ұрлық жасамау, қиянат жасамау, үлкенді сыйлау, т.б. [3]. Қазақ халқы баланы жастан тәрбиелеуге үлкен мән беріп, жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз, сиқырлы үн, һәм байсалды, ойламды, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұсынған. Қазақ ойшылдарының көзқарасындағы басты идея «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін» деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды.

Ұлттық сана тарихының даму көшінде ұлы бабалар өнегесі, ұлы тұлғалар тағылымы, ұлттық тәлім-тәрбие арқылы үздіксіз беріліп отырады. Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап, қалған дүние – ұлттық сана. Ұлттың рухани әлемінде сақталатын ұлттық сана ұрпаққа рухани дәстүрлер айналымы арқылы берілетіндіктен, елдің бірлігі, ұлттың тұтастығы жоғалмай тарихтың қилы кезеңдерінің өзінде өзінің рухани болмысын сақтаған. Қазақ ұлтының ұлттық санасы – елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық, ұлттық қасиетті терең сіңіру сияқты ұстанымдардан құралады.

Ұлттық сананың мәйегі – ұлттың тарихында жатыр. Өз тарихын білген ұрпақтың тәрбиесі де күшті болады. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық санасын қалыптастыруда қазақ тілі сабағында когнитивті оқытуды алып отырған себебіміз, когнитивті оқыту антропоэзектік бағыттағы оқытудың түрі ретінде тұлғаның бойына ұлттық тәрбиені қалыптастырады.

Когнитивтік бағыттың басты мәселесі жөнінде ғалым Г.Гиздатов: санадағы білімді жүйелеу, ал тілді табиғи жүйелейтін оның өзіндік ішкі заңдары деп тұжырымдайды [4]. Бұл заңдар тілдің танымдық және коммуникативті қызметін реттеп отырады, сол себепті бастауыштан бастап қазақ тілінен берілетін білімді ұлттық танымдық әдістемеге құрып оқыту өзінің заңды нәтижесін береді деп топшылаймыз. Ғалымдардың еңбектерін саралай келе, ұлттық сананың құрамдас бөліктеріне ұлттық мүдде, ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық патриотизм, ұлттық сезім, ұлттық тәрбие, мәдени құндылықтар жататынын анықтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004.
2. Қожахметова К. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы, 2007. – 413 б.
4. Хасанова И.У. Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі. – Орал, 2022. – 183 б.

ОӘЖ 512

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕНТІН ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Бабатаева Жұлдыз Сабитқызы

*Қ. Жұбанов атындағы АӨУ физика-математика
факультетінің магистранты
БҚО, Ақтөбе қ.*

Аннотация: Бұл мақала алгебра бойынша оқу процесіне цифрлық білім беру контентін енгізудің маңыздылығы мен перспективаларын негіздейді. Ол материалды визуализациялауды жақсарту, жекелендірілген оқыту, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және оқушылардың ынтық айналымын арттыру сияқты артықшылықтарды қарастырады. Цифрлық технологиялар оқушыларға математикалық ұғымдарды тиімдірек меңгеруге мүмкіндік беру арқылы заманауи және интерактивті оқытуға ықпал етеді. Алгебра сабақтарында цифрлық білім беру мазмұнын енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға және заманауи, бейімделгіш білім беруді дамытудың маңыздылығын көрсете отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: цифрлық құралдар, цифрлық технология, цифрлық білім беру контенті, оқытушы, оқушы, алгебра.

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол оқушылар мен оқытушыларға білім сапасын жақсартуға және оқу процесін интерактивті және қызықты етуге мүмкіндік беретін оқу материалдарының кең ауқымына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, алгебра сабақтарында цифрлық білім беру контентін пайдалану айтарлықтай перспективалар мен артықшылықтарға ие болуы мүмкін.

Цифрлық білім беру контентінің негізгі перспективаларының бірі – жеке оқыту мүмкіндігі. Цифрлық платформалардың арқасында мұғалімдер дайындық деңгейін, материалды игеру қарқынын және әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарларын жасай алады. Бұл сабақтағы уақытты тиімді пайдалануға және мақсатты көмек алу үшін студенттердің әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Цифрлық құралдар күрделі математикалық ұғымдар мен алгебралық өрнектерді визуализациялауға көмектеседі. Интерактивті диаграммалар, графиктер, анимациялар және бейнесабақтар оқушыларға алгебраның абстрактілі ұғымдарын жақсы түсінуге және олардың іс жүзінде қолданылуын көруге мүмкіндік береді. Бұл материалды тереңірек игеруге және тақырыпқа деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Цифрлық платформалар білім беру мазмұнын әр оқушының деңгейіне бейімдей алады. Интерактивті тапсырмалар мен жаттығулар арқылы жүйелер оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалай алады және олардың математикалық қабілеттерін дамыту үшін жеке тапсырмаларды ұсына алады. Бұл тәсіл әртүрлі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады және алгебра сабақтарында жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Алгебра сабақтарында цифрлық білім беру мазмұнын пайдалану оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқу платформаларымен, математикалық есептерді талқылау форумдарымен өзара әрекеттесу, басқа білім алушылармен онлайн ынтымақтастық оқушыларға өз ойларын талқылауға және түсіндіруге, шешімдерін дәлелдеуге және тапсырмалар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге көмектеседі.

Цифрлық контентті қолдана отырып, интерактивті оқыту формалары алгебра сабақтарын оқушылар үшін қызықты етеді. Ойын элементтерін, көрнекі мысалдарды және аудиовизуалды материалдарды пайдалану мүмкіндігі оқуды қызықты етеді және оқушыларды математиканы үйренуге ынталандырады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарының жоғарыда аталған мүмкіндіктерін іске асыру келесі қызмет түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді: зерттелетін объектілер, құбылыстар, процестер, оның ішінде нақты ағымдар туралы ақпаратты тіркеу, жинау, жинақтау, сақтау, өңдеу және әртүрлі нысандарда ұсынылған ақпараттың жеткілікті үлкен көлемін беру;

Интерактивті диалог — пайдаланушының мәтіндік командалармен және жауаптармен алмасуды, анағұрлым дамыған диалог құралдарын іске асыруды көздейтін диалогтық жүйеден айырмашылығы сипатталатын бағдарламалық (бағдарламалық—аппараттық) жүйемен өзара іс-қимылы (мысалы, "кілт" сөзін пайдалана отырып, еркін нысанда сұрақтар қою мүмкіндігі); бұл ретте оқу материалының мазмұнын, жұмыс режимін таңдау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі; нақты объектілерді басқару (мысалы, өндірістік құрылғыларды немесе механизмдерді имитациялайтын оқу роботтары); экранда әртүрлі объектілердің, құбылыстардың, процестердің, соның ішінде нақты болып жатқан модельдердің дисплейін басқару; оқу қызметінің нәтижелерін автоматтандырылған бақылау (өзін-өзі бақылау), бақылау нәтижелері бойынша түзету, оқыту, тестілеу.

Осы мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқу процесі айтарлықтай сараланған, аз уақытты қажет ететін және қаныққан болады. Дифференциацияны жоғары деңгейде ұйымдастыра білу, электронды есептеу машинасын пайдаланбай оқу материалын ұсынудың және игерудің әртүрлі құралдарын қолдану мүмкін емес.

Оқытуды автоматтандырудың көптеген мүмкіндіктеріне қарамастан, ақпараттың қол жетімді көлемін ұлғайту, оқушыға ақпарат беруді бейімдеу, оқыту құралдары білім беру мақсаттарына жетуді қамтамасыз етпейді және тек мұғалім мен оқушы үшін құрал бола алады.

Цифрлық контенттің моделі интерактивті сабақтар, онлайн курстар, мультимедиялық презентациялар, вебинарлар, электрондық оқулықтар және басқа оқу материалының форматтары сияқты арнайы әзірленген цифрлық ресурстарды қамтиды. Мұндай модельдің мақсаты – оқушылардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету, олардың оқуға деген қызығушылығын ояту және білімді тиімді игеруді қамтамасыз ету.

Цифрлық білім беру контентінің моделін сәтті жүзеге асыру үшін интерактивті мүмкіндіктерді қолдайтын және оқу материалдарына ыңғайлы қол жеткізуді қамтамасыз ететін қолайлы цифрлық платформаларды таңдау қажет. Маңызды қадам – білім алушылардың оқу мақсаттары мен қалауларына сәйкес келетін сапалы оқу контентін әзірлеу. Контент мазмұнды, қызықты және тартымды болуы керек.

Цифрлық білім беру контентімен тиімді жұмыс істеу үшін оқытушылар мен оқушыларға оны пайдалану бойынша оқыту жүргізу қажет. Оқу материалдары мен нұсқаулары оқу процесінің барлық қатысушыларына оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін меңгеруге көмектеседі. Цифрлық білім беру контентінің моделін іске асырудың маңызды кезеңі алынған нәтижелерді бағалау және талдау болып табылады. Студенттерден кері байланыс жинау, олардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау оқу процесін оңтайландыруға және оның тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Алгебра сабақтарында цифрлық білім беру мазмұнын пайдалану білім сапасын арттырудың тиімді және инновациялық әдісін білдіреді. Дұрыс қолданған кезде бұл технологиялар білім беру процесін едәуір

байыта алады, оқушыларға математикалық білімді жақсы меңгеруге және алгебраны сәтті үйренуге қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Цифрлық білім беру контентінің моделі білімді игеруге жаңа мүмкіндіктер ашатын оқытудың инновациялық тәсілі болып табылады. Мұндай модельді жүзеге асыру жоғары сапалы оқыту мазмұнын, білім беру платформаларының қолдауын, оқытушылар мен оқушыларды оқытуды, сондай-ақ нәтижелерді үнемі талдауды талап етеді. Цифрлық білім беру мазмұнын тиімді пайдалану студенттердің ынтасын арттыруға, оқу сапасын жақсартуға және мамандардың жаңа буынын қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайындауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьева, Н. (2021). "Развивающие технологии в обучении математике с использованием цифровых ресурсов". Журнал цифровых образовательных технологий, 12(1), 78-92.
2. Петрова, Н.Н. (2019). Білім берудегі цифрлық технологиялар: математикада қолданудың әдістемелік аспектілері. - Санкт-Петербург: Питер.
3. Гараев, Р. (2019). "Цифровые технологии в образовании: современные тенденции и перспективы". Электронный журнал "Инновации в образовании", 8(3), 112-125.
4. Дидактические основы использования информационных технологий в образовании / Под ред. В.И. Барака, В.И. Захарова. - Москва: Академия, 2005.
5. Козлов, В. (2019). "Математиканы оқытудың интерактивті әдістері: практикалық нұсқаулық". Санкт-Петербург: Питер.
6. Сидорова, О. (2020). "Математиканы оқытуда адаптивті технологияларды қолдану". Білім берудегі цифрлық технологиялар журналы, 5(2), 45-58.
7. Андерсон, Л. (2017). "Оқушыларға білім беру контентін құрудың тиімді әдістері". Москва: Вузовское образование.
8. Новикова, Н. В. (2018). "Қазіргі мектептегі цифрлық білім беру ресурстары: қолдану әдістемесі". Москва: Просвещение.
9. Павлова, Е. (2018). "Практическое руководство по созданию эффективных онлайн-уроков по алгебре". Москва: Педагогическое общество России.
10. Резник, С. (2020). "Цифровые технологии в образовании: вызовы и перспективы". Журнал цифровых инноваций в образовании, 6(4), 210-225.

УДК 373.31

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ИНСТРУМЕНТОВ КОУЧИНГА ПРИ ОБУЧЕНИИ ПЕРВОКЛАССНИКОВ

*Бабина Лилия Александровна,
бакалавр образования,
учитель начальных классов,
КГУ ОШ № 32,
г. Уральск*

Аннотация: *статья посвящена коучингу в образовании, как инновационной технологии актуализации внутренних ресурсов обучающихся в достижении целей и планируемого результата. В статье представлена исследовательская практика и опробирование эффективных технологий «Шкалирование», «Модель Т», «Сильные вопросы», даны рекомендации по адаптивному использованию данных инструментов коучинга на различных этапах урока в первом классе.*


Ключевые слова: *коучинг- инновационная технология, эффективное взаимодействие, обучение не на ошибках, а на успехе, техники «Шкалирование», «Модель Т», «Сильные вопросы», рефлексия.*

Коучинг в образовании- инновационная технология актуализации внутренних ресурсов обучающегося в достижении планируемого результата. Коучинг является также инновационной технологией поддержки в обучении и индивидуально-личностном развитии учащихся, что особенно актуально в условиях личностно-ориентированного образования. Термин «коуч» вошёл в 20 веке Томас Леонард как термин, обозначающий консультирование по достижению целей.

Основным из принципов коучинга является вера в потенциал человека. Цель коучинга – эффективное взаимодействие, способствующее росту и развитию человека, опираясь на его потенциал, таланты, силы. Технология «коучинг» предполагает обучение не на ошибках, а на успехе. Следовательно, в работах учеников предлагается выделять наиболее удачное и акцентировать внимание именно на этом (Поставьте точки под самыми красивыми буквами. Как добиться того, чтобы все буквы в строке стали красивыми?).

В коучинге существует огромное количество инструментов, которые направлены на решение разных целей, на применение в различных ситуациях, индивидуально и в группах.

В этом году после прохождения семинара, я приняла участие в Баддинг-туре на тему «Инструменты коучинга в обучении поколения Z» Я опробовала техники «Шкалирование», «Модель Т», «Сильные вопросы» и поняла, как их можно применять в 1 классе, если мы хотим научить наших учеников работать на результат, думать и объективно оценивать свои достижения в учёбе, стремиться узнавать новое. Я хочу поделиться опытом их применения, потому что данные инструменты оказались наиболее эффективными при использовании на различных этапах урока в моём первом классе.



Первый инструмент – «Шкала». Представляет собой вертикальный или горизонтальный столб, ограниченный двумя засечками снизу и сверху. Вверху стоит цифра 10, а внизу цифра 1, шкала не зря начинается с единицы, коучинг – это про веру в способности, а 0 – это уже полное их отсутствие. Шкала позволяет непрерывно измерять степень приближения к цели.

Второй инструмент – **Модель «Т»** Учитель планирует различные задания, направленные на закрепление приобретенных знаний.

Коротко запишите все, что вы узнали по этой теме?

- Подчеркните важные слова.

- Определите моменты, по которым вам кажется недостаточно знаний, обведите их в овал

Третий инструмент – это сфокусированное слушание и использование сильных вопросов. Данный инструмент – это основа коучинга как технологии. Умение задать вопрос, который приведет к развитию ведущее умение коуча, как специалиста. Сильные вопросы – это открытые вопросы, требующие развернутого ответа, вопросы, которые развивают и продвигают. Применительно урокам, это могут быть вопросы на любом из этапов, например:

- Чему ты научился сегодня?

- Чего ты хочешь достичь при изучении данной темы к концу этого урока?

- Доволен ли ты своей работой на уроке? Почему?

- Какие шаги ты должен предпринять для достижения цели?

- Если бы ты был на месте учителя (родителя, эксперта и т.д.), то какие действия ты бы предпринял?

- Как ты поймешь, что достиг цели?

- Что может стать следующим шагом?

Дам несколько рекомендаций из моей исследовательской практики, как эффективнее применять эти инструменты, адаптировав их именно к первоклассникам.

Итак, начнём со «Шкалирования.»

1. Уменьшите шкалу до 5 баллов. Тогда первоклассники смогут сами прочитать и осмыслить предложенные им критерии оценивания.

2. Пишите чёткие и конкретные критерии, от простого к сложному, чтобы у учеников не возникало трудностей в их понимании.

3. Оформите шкалу ярко, с рисунками, например, дерева, цветка или животных разного роста. Это сразу привлечёт внимание всех ваших учеников, даже самых невнимательных. Сделайте вертикальную шкалу, детям интереснее взбираться вверх.

4. Начните с применения шкалы только на одном этапе урока, например, на стадии «Рефлексии». Первое использование шкалы занимает много времени, потому что детям нужно досконально объяснить, что от них требуется и зачем это нужно.

5. Сразу объясните, что не надо завывать себе баллы, что хвалить будете за честную самооценку. Если видите, что ученик завывает себе балл, поймите его на этом. Я, например, говорила: «Ты отметил, что можешь составить 2 задачи, обратные данной. Составь и озвучь классу.» И если ученик не мог это сделать, все понимали, что его балл не соответствует действительности. Так, постепенно дети начнут оценивать свои достижения правильно.

6. Для развития внимания можно использовать разные цвета для оценивания в начале урока, в середине и в конце. Например, красным цветом на этапе актуализации знаний, синим – после объяснения нового материала, зелёным – на стадии рефлексии.

7. Лучше, если дети сами читают критерии оценивания. Так у меня у некоторых учащихся появился стимул, научиться хорошо читать. Ну а те дети, кто хорошо читает, вообще чувствовали себя героями, потому что помогли одноклассникам прочитать критерии оценивания.

8. Первоклассники вполне способны помочь учителю в составлении критериев оценивания. А нам приятно видеть радость и восторг в их глазах от совместно проделанной работы.

9. Постепенно начните применять «Шкалирование» на разных этапах урока. Интересно наблюдать, например, используя инструмент в начале урока, какие знания уже имеют учащиеся из своего жизненного опыта, хотя тему ещё не изучили. Особенно это видно на уроках познания и естествознания.

10. Иногда рисуйте шкалы на доске и давайте детям возможность там отметить свой уровень знаний. Потому что первоклассникам очень нравится выходить к доске.

11. Ещё важно, чтобы на первых уроках использования шкалы, хотя бы некоторые учащиеся озвучивали свои баллы и объясняли, почему они оценили себя именно так. Так дети учатся размышлять и доказывать свою точку зрения. А остальные на их примере, учатся объективной самооценке.

12. Попробуйте организовать работу в парах или группах, а затем применить технику «Шкалирование» для оценки работы пары или группы. Будет интересно понаблюдать, смогут ли дети прийти к единому мнению, на какой балл оценить работу. Потому что очень важно научить их высказывать и отстаивать свою точку зрения.

«Шкалирование»- отличный инструмент для самооценивания. Его применение помогает учителю увидеть достигнутые результаты и наметить дальнейшие шаги для его использования на разных этапах урока.



На уроке математики при изучении темы «Закрепление. Путешествие верхом», наблюдая, что инструмент «Шкалирование» становится эффективным и интересным для учащихся, так как они стали спрашивать: «А сегодня мы будем себя оценивать по шкале?», я решила попробовать составить критерии оценивания вместе с учениками. Я показала им таблицу, на которой были записаны компоненты задачи и предложила детям, помочь мне составить критерии оценивания. Дети активно включились в работу, каждому хотелось помочь, чтобы его похвалили. Достаточно быстро мы составили такие критерии оценивания.

Самооценка по шкале

1. Отличаю задачу от примера.
2. Нахожу условие задачи.
3. Называю вопрос задачи.
4. Решаю задачу.
5. Записываю ответ задачи.

Нужно признать, что первоклассники способны не только оценивать себя при правильной работе с этим инструментом коучинга, но и могут помочь в составлении критериев оценивания, что меня приятно удивило. А самым главным было видеть радость и восторг в их глазах. К тому же даже самые слабые и невнимательные ученики стали рассуждать, почему они оценили себя именно так. Одна девочка оценила свои знания на 1 балл, сказав, пока мне трудно понять задачи, но я, обязательно, научусь их решать. А это, действительно, успех!

Следующий инструмент коучинга Модель "Т" фокус-расширение на уроках в 1 классе нужно использовать так, чтобы не перегружать детей, а наоборот, вызвать у них живой интерес и желание к подобной рефлексии знаний. Нужно постепенно вводить этот инструмент, усложняя по мере понимания учащимися его предназначения.

Первый раз я решила использовать инструмент Модель «Т» фокус-расширение на уроке познания мира при изучении темы «Сакская царица Томирис» Сначала думала, как адаптировать его к первоклассникам, чтобы им не было трудно, и чтобы пробудить у них интерес к данной работе. Решила использовать знаки и символы или, проще говоря, рисунки. В начале урока раздала модель «Т» и сказала: «Хорошо запоминайте, о чём будем говорить на уроке, в конце урока каждый покажет мне свои знания.» Ребята заинтересовались, слушали внимательно объяснение, активно отвечали и на этапе рефлексии нарисовали в Модели «Т» всё, что запомнили на уроке с помощью знаков и символов. Но сначала мы обсудили, как можно изобразить царицу Томирис, царя Кира, древнегреческого историка Геродота, войско саков, войско персов и т.д. И дети с увлечением 5-7 минут рисовали. Царя и царицу они изображали с помощью короны, а некоторые нарисовали царя Кира посредством злого смайлика, потому, что он начал войну и хотел захватить земли саков. Учёного Геродота некоторые изобразили в виде книги. Также нарисовали человечков, луки, стрелы, мечи, коней и т.д. Те, кто закончили быстрее других, выходили к доске и презентовали свою работу классу. Всем было интересно.

Следующим этапом будет, попросить учащихся на этапе рефлексии написать все, что они узнали сегодня на уроке в букве "Т". А тем, кто пока не научился выражать свои мысли в письменной форме, предложить рассказать устно все, что они поняли на уроке.

Следующим этапом будет уже полноценное использование этого инструмента коучинга. Нужно в начале урока настроить детей на работу, объяснив, что нужно запоминать все, что будем изучать сегодня. А на этапе рефлексии дать задание: напишите все, что узнали именно сегодня на уроке. Обведите в овал то, по чему, вам кажется, у вас ещё недостаточно знаний.

Приведу пример: на уроке обучения грамоте по теме «Экскурсия в музей. Предложение и слово» решила использовать инструмент Модель «Т» фокус-расширение на уроке обучения грамоте.

Настроила учащихся на работу, попросив запоминать всё, что будем изучать сегодня. На этапе рефлексии дала задание: напишите всё, что узнали именно сегодня на уроке. Подчеркните то, что хорошо поняли на уроке. Обведите в овал то, по чему, вам кажется, у вас ещё недостаточно знаний.

Работа с инструментом «Модель Т» прошла успешно. Многие дети написали правильно, что в предложении слова связаны по смыслу и интонацией. Что они уже умеют составлять из слов предложения. Что начало предложения пишем с заглавной буквы, а в конце ставим точку, восклицательный или вопросительный знак. Что слово может иметь одно или несколько значений. А также некоторые ученики подчеркнули то, что им понятно и выделили в овал непонятное

Так мои первоклассники освоили данный инструмент, хоть пока и в упрощенном виде. И ещё меня очень обрадовало то, что некоторым ребятам не хватило места на букве Т, чтобы записать всё, что они узнали на уроке. И они попросили: «А можно сзади дописать?» А это, конечно, успех!



«Модель Т»- полезный инструмент. От урока к уроку даже первоклассники показывают всё лучшие результаты, поэтому стоит применять и совершенствовать.

Следующий инструмент коучинга "Сильные вопросы" тоже можно эффективно применять, адаптировав его именно к первоклассникам.

1. Сначала данную технику лучше применять на этапе рефлексии. Чтобы развить навыки самоанализа у первоклассников, требуется многократное повторение. Только тогда можно добиться осознанной рефлексии, и это уже успех! Поскольку первоклассники могут высказать свое мнение устно, но написать могут ещё не все, можно предложить на доске несколько вариантов ответов, чтобы дети выбрали и списали те, которые им подходят.

2. Можно спросить устно нескольких учеников, а потом дать задание, написать ответы самостоятельно, но можно при необходимости попросить помощи у учителя. То есть рефлексия с поддержкой учителя.

3. При применении инструмента "Сильные вопросы" можно предоставить ребятам выбор: написать ответы самим или же воспользоваться учебником. То есть рефлексия с поддержкой учебника. Так дети будут ещё учиться находить на страницах учебника нужную информацию для ответов на вопросы.

4. На следующем этапе нужно дать детям задание подумать и написать свое мнение самостоятельно. Но использовать дифференциацию: дать возможность ответить устно или с помощью рисунков тем детям, кто не сможет написать.

5. Для развития навыков коммуникации можно организовать работу в парах. Сначала дети обсуждают, как можно лучше ответить на вопросы, а затем записывают ответы по очереди или кто-то один из пары.

6. На этапе закрепления или обобщения лучше провести работу в группах. Первоклассникам очень интересно и работать в команде, и презентовать свою работу, и оценивать работу группы. Они учатся обсуждать задания вполголоса, слушать друг друга, уступать друг другу в случае необходимости, отстаивать свое мнение доказывая свою правоту.

3. Evseeva A., Solozhenko A. Use of flipped classroom technology in language learning // ProcediaSocial and Behavioral Sciences. – 2015. – Т. -9 б. – Б. 165-169.
4. Енбаева Л. В., Иванова М. А. Технология flipped classroom на уроке английского языка // Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков. – 2017. – № 13. – 150-151 б.
5. Гаврилова И.А. Технология Flipped Classroom в обучении иностранному языку в юридической магистратуре // Профессиональное образование в современном мире. – 2020. – № 1. – 57 б.

ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ЕҢ БИІГІ – КІТАП

*Бактығалиева Айдана Дархановна,
тарих пәні мұғалімі
Қ.Сағырбаев атындағы МББК,
БҚО, Бөкей ордасы ауданы*

***Аннотация:** Кітап оқу баланың ой - өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды. Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты балаларға кітапты сүйеге көмектесіп, алдын ала бос уақытында оқитын кітаптарының тізімін белгілеп, оны ата - анасы өздері ұсынуға болады. Баланы жас кезінен кітапты құрметтеуге және оны күтіп ұстауға баулыған жөн. Немістің ұлы ақыны Гете: «Көкірегі ашық адам оқи білуді үйренудің қаншалықты қиын екенін біледі, мен бұған сексен жыл өмірімді арнадым, бірақ әлі кітап оқуды толық үйрендім деп айта алмаймын» деген екен. Міне осы мақаламда жас оқырманды кітап оқуға үйретудің жолдары айтылады.*

***Кілт сөздер:** Кітап, оқу құралы, білім, оқырман күнделігі, фабула.*

«Өзіңді тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек»
Расул Ғамзатов

XXI ғасыр жаңа заман, жаңа технологиялар, жаңа ғылыми жаңалықтар сынды дүниелермен елді таң қалдыруда. Әрине, ғылым-білім дамыған сайын алға өркениет те дами беретіні сөзсіз. Алайда, осы ретте, көркем әдебиет әлемінің ақсауы, адамзаттың кітап оқуға деген құштарлығының тым төмендеуі жанымызды қынжылтады. Ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» демекші, тәрбие мен тәлімнің қайнар көзі болған кітаптың қаншалықты заман дамыса, соншылықты салмағы арта түсетінін ұмытпауымыз керек. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, оған қоса адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерді бала бойына кітап арқылы біртіндеп сіңеретінін жадымызда ұстағанымыз абзал деп есептеймін. «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады» деген екен Мұхтар Әуезов, мінекей, жаңа заманда жаңа қырлы тұлға болу жолында әрбір адам кітап оқуды күнделікті әдет қылу керек. Бірақ соңғы кезде қолына мүлде кітап ұстамайтын оқушылардың көбейіп келе жатқаны ашты болса да шындық. Көпшілігі жеңіл әзіл-қиял аралас комикстер, журналдар, ал мектепте оқу бағдарламасына сәйкес берілген көркем шығарманың үзіндісін ғана оқумен шектеледі. Жоғарыда аталған жағдаймен қалай күресуге болады, оның түзетілу жолдары бар ма? Әлде, жаңа ақпараттар ғасырында мұның керегі жоқ па? Осы сұрақтарға жауап іздеп көргім келді. Осы мақсатта Қ.Сағырбаев атындағы МББК «Балалар оқуы» атты жобаны кітапхана жұмысымен тығыз байланыстыра отырып, қолға алған болатынмын. Аталмыш жобаның мақсаты: оқушыларды бос уақытында кітап оқуға үйрету, көркем әдебиет деп аталатын әлемнің есігін ашып, тылсымына бойлату болатын. Жоба қатысушылар: бастауыш сынып оқушылары, яғни, 2-4 сынып оқушылары. Оқушыларды күнде таңертеңгілік мезгілде екі сағатқа кітапханаға шақырып, оқитын көркем әдебиеттерін бірге таңдай отырып, жасына сай болуын ескердім. Көркем әдебиеттің тілінің жеңіл, шетел әдебиеті болған жағдайда аударымының мағыналы, сюжетінің қызықты, термин сөздердің көп пайдалынылмауына баса назар аудардық. Және, ең басты, қолданған тәсіліміз – «Оқырман күнделігінің» толтырылуы болды. Жас оқырман күнделікті толтыра отырып, кітаптағы алған және оқыған мәліметтерді есте сақтайды, кейіпкерлерге мінездеме беріп, «Маған кітап не үшін ұнады?», «Кітапты оқи отырып, менің көңілімді түсірген оқиға...», «кітапты оқи отырып, мені қатты күлдірген оқиға...», « Осы кітапты оқи отырып, қандай жақсы қасиеттер бойымда пайда болды?», «Маған оқыған кітабым ұнады, себебі...», «Бұл оқыған кітабымды досыма ұсынамын, себебі...» деген тарауларын толтыра отырып, сыни тұрғысынан ойлауын, өзіндік пікір қалыптастырады, ойын ашық айта алуды үйренеді. Жоба барысында: оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын ерте жастан қалыптастырған дұрыс, кітап оқуда өзіндік ережелерін сақтауын қадағалау керек, оқу уақытын дұрыс әрі тиімді пайдалана алу керек, кітап оқуда жайлы атмосфера қалыптастыру керек, оқырмандардың өзінің жасына сай пікір алмасатын сыныптасымен қатар оқуы керек деген шешімдерге келдік. «Балалар оқуы» атты жобам өз мақсатына жетті деп бағаланды, себебі: оқушылар жоба аясында бастаған кітаптарын аяқтап, оқырман күнделіктерін толтырып, кері жаңа көркем әдебиет кітабын бастап оқып жатырды.

«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл, терең білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге», Абай атамыз айтқандай, жас оқырмандарымыздың әдемі әдебиет әлеміне бастаған жолдарына сәттілік тілей отырып, белсене қатысқан оқырмандарға марапаттар белгілеп, жобамызды аяқтаған болатынмын. Жобамды аяқтай отырып, «Кім көп кітап оқыды?», «Кім жылдам?» деген сайыстар өткізу алдағы уақытта жоспарланып отыр.

Сайыста зейінді, жылдам, оқымысты, мәнерлеп оқитын, сауатты оқушыны аңғарып мадқатау. Басқа оқырмандар да соған ұқсау, не жаңаны ойлап табуы қалыптасады.

Кітап оқу баланың ой - өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды. Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты балаларға кітапты сүйеге көмектесіп, алдын ала бос уақытында оқитын кітаптарының тізімін белгілеп, оны ата - анасы өздері ұсынуға болады. Баланы жас кезінен кітапты құрметтеуге және оны күтіп ұстауға баулыған жөн. Немістің ұлы ақыны Гете: «Көкірегі ашық адам оқи білуді үйренудің қаншалықты қиын екенің біледі, мен бұған сексен жыл өмірімді арнадым, бірақ әлі кітап оқуды толық үйрендім деп айта алмаймын» деген екен. Балаға кітап оқуды үйретудің алғы шарттары:

1. Кітаптың күдіретін ұғындыру. Оны жыртпауға, тік отырып оқуға үйрету. Авторының кім, не жайында, қай жылы, қайдан шыққаны туралы білуі шарт.

2. Кітапты түсінбей құр оқудан сақтандыру керек, талғап оқуға, оған көз - қарасын білдіре алуға, қысқаша фабула жазуға үйрету. Фабула - баяндалатын оқиғалар желісінің қысқаша мазмұны.

3. Оқыған кітабының ішінде түсінбеген сөзді не мақал - мәтелдерді, не дәйек сөздерді теріп жазып алуға арнайы дәптер аштыру керек. Осыдан келіп ол баланың еңбек етуге құлшынысы туады, зейіні артады, талғамы өседі, көп оқуға тырысады, сөздік қоры молаяды.

4. Кітап оқуға қызығушылық ерте балалық жастан қаланады және осы жерде көбі ата - анаға байланысты болады. Өзіміз де кітап оқуға ұмтыла отырып, баламыздың да кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттырамыз.

5. «Өзіңді - өзің тану үшін кітап керек, өзгені тану үшін де кітап керек» депті атақты авар ақыны Р. Гамзатов айтқандай кітаптың маңыздылығын түсіндіре отырып, бітірген әр шығармасының марапаты ретінде шағын ынталандыру сыйлықтарын алып беріп, қуанту.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден - бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасы – кітап арқылы оқушылардың жан - жақты білім алуымен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасын қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден - бір әлеуметтік орын. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Біздің жауапкершілікті міндетіміз: кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан - жақты дамыған баланы тәрбиелеуге жәрдемдесу. Оқушының ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Оқушылардың білімге қызығушылығын оятуға не әсер етеді? Осы сұрақтарға тек педагогтар ғана емес, сонымен қатар кітапханашылар да ойлануда. Балалармен тәрбие жұмысын жүргізуде кітапхананың ерекше маңызды болатын себебі: бала кезде оқыған кітап көңілге ұялап қалады, бүкіл өмір бойына өзінің ізін қалдырады.

Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруға тиіс. Кітапқа деген құштарлық – бұл тек кітапханашының ғана жұмысы емес, сынып жетекшісінің және ересектердің де жауапкершілікті болуы. Жастардың рухани дүниесіне де көп көңіл бөліп, көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттырып, оқуға ынталандыруымыз керек, кітап оқуды насихаттау үшін жоғарғы деңгейде кітапханалық сабақтар, кездесулер, ауызша журналдар, сайыстар, ертеңгіліктер ұйымдастырып, оқырмандар сусындайтындай, ой - пікір туғызатындай етіп өткізу. Кітапхананы шынайы мәдениет ошағына айналдыру. Сондықтан мәдени ошақтарды жандандыру, оның ішінде балаларға қызмет көрсететін мектеп кітапханаларының еңсесін көтеру, дәстүрімізді сақтай отырып, өскелең ұрпақтың білімін, рухани байлығын арттыру, тиімді ақпаратпен қамтамасыз ету өз қолымызда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Білім және ғылым министрлігіне жүктеген тапсырмасына орай, 2020 жылдың қараша айынан бастап «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» республикалық жобасын жүзеге асыру қолға алынғаны белгілі. Аталмыш жобаның түпкі мақсаты – білімді, бәсекеге қабілетті, мемлекетшіл азаматтар қатарының қалыңдауына серпін беру, сол арқылы әлеуетті ұлттың қалыптасуына ықпал жасау. Ал мұндай қасиеттердің адам бойында беки түсуіне баспасөз құралдарын тұрақты түрде оқып, зерделеу маңызды рөл атқарады. Сондықтан бүгінде оқуға баулу – білім алушыларға тәлім-тәрбие беру ісінің басым бағыттарының біріне айналды деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүтбаева Н. Кітап неге оқылмайды: себеп пен салдар. Қазақ әдебиеті. -2009.-№1.
2. Жөкебаев Ж. Кітапхана қызметіне көмек. Қазақ әдебиеті. – 2006. -№5.
3. Кәрішалова К. Балалар әдебиеті мәселелері. Саясат. – 2006. - №3.
4. Кітапхана әлемі. Журналдар топтамасы 2009-2010 ж.ж.
5. Интернет ресурсы: [Кітап оқуға баулу – ортақ міндет – Учительская плюс \(uchitelskaya.kz\)](http://uchitelskaya.kz)
6. Интернет ресурсы: [Баланы кітап оқуға баулу туралы кенестер | Гоголь атындағы кітапхананың блогы \(karlib.kz\)](http://karlib.kz)

5-7 СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бақытбек Нұртуған Бақытбекұлы
ғылыми жетекшісі: **Г.М. Енсебаева**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ.*

Аннотация: Бұл мақалада математиканы оқытудағы қазіргі тенденцияларды талдау арқылы логикалық ойлауды дамытуға және математиканы оқытудағы қиындықтарға байланысты мәселелерді бөліп көрсетеді. Математика сабақтарында логикалық есептерді шешудің маңыздылығы білім берудің дәстүрлі шекарасынан асып түсетінін атап өткен жөн. Бұл сыни ойлауға, нақты өмірде қолдануға, ынтымақтастыққа, сенімділікке, шығармашылыққа және ұзақ мерзімді дамуға әсер ететін көп қырлы дағдылар жиынтығы туралы қарастырылады. Математика тек сандар мен есептер ғана емес, бұл сыни ойлауды, проблеманы шешу дағдыларын және логикалық ойлауды дамытатын сала болып табылады. 5-7 сынып оқушылары үшін логикалық есептерді шығара білу олардың математикалық дамуының шешуші аспектісі болып табылады. Бұл мақала осы қалыптасу жылдарындағы оқушылар үшін математика сабақтарына логикалық есептер шығару жаттығуларын енгізудің маңыздылығын зерттейді.

Кілт сөздер: Математика, логика, геометрия, 5-7 сыныптар, білім, оқушылар, мектеп, геометрия.

Аннотация: В этой статье, анализируя современные тенденции в обучении математике, в статье выделяются проблемы, связанные с развитием логического мышления и трудностями в обучении математике. Следует отметить, что важность решения логических задач на уроках математики выходит за рамки традиционных границ образования. Это многогранный набор навыков, который влияет на критическое мышление, использование в реальной жизни, сотрудничество, уверенность, творчество и долгосрочное развитие.

Ключевые слова: Математика, логика, геометрия, 5-7 классы, образование, ученики, школа, геометрия.

Annotation: In this article, by analyzing current trends in teaching mathematics, the article highlights the problems related to the development of logical thinking and difficulties in teaching mathematics. It should be noted that the importance of solving logical problems in mathematics lessons goes far beyond the traditional boundaries of Education. It is a multifaceted set of skills that affect critical thinking, real-life application, collaboration, confidence, creativity, and long-term development.

Keywords: mathematics, logic, geometry, Grades 5-7, education, students, school, geometry.

Қазіргі мектеп білім беруді ізгілендірумен, оқушыға, оның өзін-өзі дамытуына көбірек көңіл бөлумен ерекшеленеді. Соңғы уақытта білім беру оқушылардың ақыл-ой, адамгершілік және физикалық дамуына әкелуі керек деген бір мақсатты тұжырымдайтын дамытушылық оқыту барған сайын танылуда. Мектептегі математиканы оқытудың мақсаттарының бірі-оқушылардың логикалық ойлауын дамыту. Логикалық ойлау қабілеті білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады және бұл дағдыға үйрету білім беру сияқты мектептің қажетті міндеті болып табылады. [1]

Алайда, қазіргі жалпы білім беретін мектепте оқушылар логикаға арнайы үйретілмейді және логикалық ойлауды дамыту міндеті оқытудың жеке және маңызды міндеті ретінде қойылмайды. Математика оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың үлкен мүмкіндіктерін қамтиды, мұнда осы білімді игеру үшін білім мен логикалық ойлау әдістерін игеру бірігіп жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ олар жеткіліксіз қолданылады.

7 сынып оқушыларына жүйелі геометрия курсы алғаш рет оқуға кірісу өте қиын, оны сәтті игеру үшін логикалық ойлау дамуының жоғары деңгейі қажет. Оларға абстракциялау немесе жалпылау сияқты әдістерді меңгеру туралы айтпағанда, тіпті ойлау тізбегін ұстай білу өте қиын. Кейбір оқушылар бұрын келтірілген пайымдаулардан туындайтын негіздерді өз бетінше тұжырымдай алмайды. Кейде, шешім барысында олар тек дәлелдеу схемасын белгілейді және көбінесе негізгі емес мәлімдемелерді негіздейді, шешімнің әрбір жеке кезеңін негіздеу қажеттілігін түсінбейді, олардың анықтығына немесе мәселеге сурет салуға сілтеме жасайды. Егер есепте есептеулер болса, онда олар шешімді оңай табады. Көптеген оқушылар дәлелдеу қажеттілігін сезінбейді, дәлелдеудің логикалық мәнін түсіне бермейді. Нәтижесінде олар дәлелдерді анықтама түрінде жаттайды. Кейбір оқушылар үшін теоремалар арасындағы байланыста түсініксіз болып қалады. Оқушылар берілген суретті тапсырмаға қарай талдай алмайды (оны бөліктерге бөліп, бөліктерді қайтадан біріктіреді). Оқушыларда математикалық дәлелдеу әдістері туралы түсінік анық емес, мысалы, әдіс туралы, "барлығы", "әрқайсысы", "қажет", "жеткілікті", "тең", "керек", "егер және қашан" сияқты сөздердің мағынасы туралы, теріске шығару үшін кез-келген мәлімдеме бұл мәлімдеме орындалмайтын бір ғана жағдайды көрсету жеткілікті. Осылайша, 7-сынып оқушыларының логикалық ойлауының жеткіліксіз дамуы туралы қорытынды жасауға болады. [2]

Оқушыларда логикалық ойлауды дамыту керек. Оны әр түрлі материалда мүмкіндігінше ертерек дамытқан жөн. Оқушыларды қабылдауға және 7-сыныпта дәлелдемелерді өз бетінше жүргізуге дайындауға мүмкіндік беретін, дұрыс логикалық құрылымдардың қалыптасуына ықпал ететін оқыту кезеңі қажет. Бұл мәселені шешу 5-6 сыныптарда математиканы оқытуды одан әрі жетілдіру үшін ерекше маңызға ие, өйткені дәл осы жас буынның ойлауында нақты бейнелі ойлаудан абстрактілі-логикалық ойлауға көшу жүретін кезең.

Қолданыстағы математика бағдарламалары мұғалімдерді оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыруға бағыттамайды. Оның дамуы туралы тек 7-9 және 10-11 сыныптардағы геометрия курсы оқу мақсаттарын тізімдеу кезінде айтылады. 5-6 сыныптардағы математиканы, 7-9 сыныптардағы алгебраны оқып, 10-11 сыныптарда талдауды бастайды.

Оқу мазмұнында және оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптарда оқушыларды негізгі логикалық ұғымдармен таныстыруға, олардың логикалық сауаттылығы мен логикасын қалыптастыруға белгілі нұсқау жоқ. Тек геометрияны зерттеу нәтижесінде оқушылардан есептерді шешу барысында аргумент жүргізе отырып, геометриялық шамаларды есептеу мәселелерін шеше білу, сондай-ақ дәлелдеу мәселелерін шеше білу талап етіледі. Осылайша, логикалық ойлауды дамыту үшін 5-6 сынып математикасының мүмкіндіктері пайдаланылмайды. Нәтижесінде мұғалім бұл мәселеге тиісті назар аудармайды. [3]

Қазіргі уақытта баланың ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған 5-6 сыныптарға арналған жаңа оқулықтар пайда болды. Терең ғылыми пысықтауды, теориялық негіздемені 5-6 сыныптарда математика сабақтарында, 7 сыныпта геометрия сабақтарында немесе 5-7 сыныптарда дамытушы логика сабақтарында оқушылардың логикалық ойлауын геометриялық мазмұны бар есептерді (геометриялық мазмұны бар есептер - геометриялық материалға негізделген логикалық ойлауды дамытуға бағытталған есептер) пайдалана отырып дамыту мүмкіндігін талап ететін тапсырмалар.

Осы зерттеудің өзектілігі мынадай қайшылықтарды шешу қажеттілігімен айқындалады:

- жүйелі математика курсы (әсіресе геометрия-7-сыныптан бастап) оқушылардың логикалық мәдениетіне қойылатын талаптардың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі мен осы сәтте оқушылардың логикалық мәдениетінің төмен деңгейі арасында;

- математика сабақтарында оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырудың кең мүмкіндіктері арасында (мысалы, геометриялық мазмұны бар есептерді қолдану арқылы) және логикалық ойлаудың дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік аспектілердің жеткіліксіз дамуы;

- нормативтік құжаттарда жарияланған математиканы оқытудың негізгі мақсаты (оқушылардың ойлауын дамыту) мен оқу процесінің ұйымдастырылуы мен мазмұнымен анықталған білім формализмі арасында.

Бұл қайшылықтарды шешу мыналарды қамтиды:

- оқушылардың логикалық ойлауын дамытуды қамтамасыз ететін оқытудың мазмұнын, құралдары мен әдістерін әзірлеудің теориялық негіздемесі;

- 5-7 сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту құралы ретінде геометриялық мазмұны бар міндеттердің рөлі мен орнын анықтау, осы міндеттердің көмегімен логикалық ойлауды дамытуды қамтамасыз ететін әдістемені құру.

Зерттеу мәселесі жүйелі математика курсы (әсіресе геометрия) оқуда оқушылардың логикалық мәдениетіне қойылатын талаптардың жоғары деңгейі мен логикалық пайымдауды қажет ететін есептерге (әсіресе геометриялық мазмұндағы есептерге) мүлдем жеткіліксіз көңіл бөлінетін оқыту тәжірибесі арасындағы сәйкессіздікті жою болып табылады. [4]

Математика сабақтарында логикалық есептерді шешудің маңыздылығы білім берудің дәстүрлі шекарасынан асып түсетінін атап өткен жөн. Бұл сыни ойлауға, нақты өмірде қолдануға, ынтымақтастыққа, сенімділікке, шығармашылыққа және ұзақ мерзімді дамуға әсер ететін көп қырлы дағдылар жиынтығы. Педагогтар мен жалпы қоғам математикадағы есептерді логикалық шешудің ажырамас рөлін мойындайтындықтан, біз математиканы жақсы меңгеріп қана қоймай, үнемі дамып келе жатқан әлемнің қиындықтарын шешуіміз керек. Осылайша, математика сабақтарында есептерді логикалық шешуге баса назар аудару болашақ ұрпақтың интеллектуалды және практикалық қабілеттеріне мүмкіндік болып табылады.

Жасанды интеллект және автоматтандыру сияқты технологиялық жетістіктер басым болған дәуірде проблемаларды логикалық шешу дағдылары одан да маңызды бола түседі. Күнделікті тапсырмалар автоматтандырылған сайын күрделі мәселелерді талдау, стратегиялау және шешу мүмкіндігі ерекше факторға айналады. Есептерді логикалық шешуге басымдық беретін математика сабақтары оқушыларға технологиялық өзгерістерге бейімделуге және цифрлық әлемде өздерінің танымдық қабілеттерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Математикадан логикалық есептерді шешуде алынған дағдылар білім берудің белгілі бір кезеңімен шектелмейді, бірақ өмір бойы оқуға деген көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Есептердің логикалық шешімін игерген адамдар проблемаларды шешуге қызығушылықпен және білімге деген құштарлықпен қарайды. Бұл үнемі оқуға деген ұмтылыс интеллектуалды қабілетін ашып қана қоймайды, сонымен қатар ақпарат тез дамып келе жатқан әлемде өзекті болып қалу үшін қажет [5].

Қорытындылай келе, 5-7 сынып оқушыларының математика сабағында логикалық есептер шығару жаттығуларын енгізу олардың жан-жақты дамуы үшін маңызды. Математикалық білімді меңгерумен қатар,

оқушылар сыни ойлау дағдыларын, нақты элем қолданбаларымен байланысын және болашақ математикалық әрекеттер үшін күшті негізді алады. Өсу санасын дамыта отырып және ынтымақтастықты дамыта отырып, педагогтар академиялық және кәсіби салада табысқа жету үшін қажетті маңызды дағдылармен жабдыкталған жан-жақты дамыған тұлғаларды қалыптастыруға үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гусаров И. В. (2015). "Проблема формирования умения решать задачи в современной школе." Педагогика.
2. Кузьмина Н. В. (2010). "Развитие творческого мышления старших школьников в процессе решения математических задач." Математика в школе.
3. Захарова Н. Н. (2018). "Математическое образование: современные тенденции и вызовы." Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена.
4. Шаталов Ю. В. (2017). "Проблемы развития логического мышления учащихся." Педагогика и психология.
5. Кравцов Ю. А. (2009). "Трудности обучения математике и пути их преодоления." Образование и наука.

УДК373.2.02

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ И РАЗВИВАЮЩИХ ИГР В.В.ВОСКОБОВИЧА

*Баубекова Екатерина Владимировна,
Российцева Надежда Ивановна,
воспитатели,
ТОО «Детский сад «Одарёшка»,
г.Караганда*

Аннотация: В статье рассматривается роль игровой технологии В.В.Воскобовича «Сказочный лабиринт игры» для развития ребенка в образовательных учреждениях, выделены главные принципы методологии В.В.Воскобовича, стадии освоения, роль взрослого в каждой игровой технологии «Сказочный лабиринт игры», описываются особенности игр В.В. Воскобовича.

Ключевые слова: дошкольный возраст, игровая технология, дошкольное образование, инновации, принципы, методики.

Детство – это единственное время, которое вызывает наиболее яркие воспоминания у взрослых. Это период, когда каждый день приносит новые открытия и ощущение волшебства. Детство – это время, когда закладывается основа для будущего поколения. Дети приходят в детский сад в возрасте двух лет и часто оказываются в семьях, где родители заняты работой и не могут уделить много времени своему ребенку. Из-за этого возникают трудности в развитии. Многие дети сталкиваются с проблемами в области логопедии, поскольку известно, что интеллектуальные и мыслительные процессы начинаются с движений рук, особенно пальцев.

Для детей, особенно дошкольников, наилучший способ обучения - через игру. Существует множество игр, способствующих развитию моторики, творческих и умственных способностей детей, однако необходимо подобрать подходящий метод, который не только поможет решить эти проблемы, но и заинтересует детей.

По нашему мнению, эти цели в полной мере достигаются с применением методов В.В. Воскобовича. Поэтому мы обратились к его технологиям. Игры, созданные Воскобовичем, представляют собой инновационные, современные, оригинальные, творческие и очень эффективные методики. Основу игр составляют три основных принципа: интерес, знание, творческое мышление. Это не просто игры, а настоящие сказки, приключения, забавные персонажи, которые стимулируют детей к размышлениям и творческим поступкам. Герои сказок также побуждают детей к созданию своих собственных историй. Однако перед тем, как приступить к работе, необходимо было подготовиться к игровой обучающей среде. Образовательная среда представляет собой не только предоставление детям материалов для творчества, но и возможность взаимодействия с детьми в любое время. Мы начали организацию образовательно-игрового пространства путем обновления предметно-развивающей среды. Родители стали нашими главными помощниками в этом процессе. Они организовали родительские собрания под названием «Игра – это серьёзное дело», где была проведена игра «Веселые путешественники». На этих встречах родители познакомились с играми В.В.Воскобоча, сами приняли участие в игре, а затем стали активно участвовать в создании различных игр, таких как «Четырехцветный квадрат Воскобовича», «Фиолетовый лес», «Коврограф Ларчик», «Математические корзинки».

Далее необходимо было описать этапы, на которых дети осваивают эти игры. Особое внимание уделяется первому этапу, который играет важную роль в организации игрового познавательного процесса для детей.

На этом этапе дети знакомятся с героями сказок, образными терминами, выполняют задания, соответствующие их возможностям и интересам, играют и занимаются вместе с взрослыми.

На второй стадии дошкольники изучают основные игры, развивают навыки конструирования, а затем решают задачи, требующие умственных усилий, силы воли и концентрации внимания.

На третьем этапе особое внимание уделяется развитию творческих способностей и самостоятельности. Дети, игнорируя взрослых, разрабатывают игровые задачи, предлагают новые способы их решения и создают собственные схемы. Взрослые создают благоприятную атмосферу для творчества, поощряют и поддерживают инициативы детей.

Если игра заинтересовала ребенка и стала средством проявления его творческого потенциала, то он продолжает заниматься ею на всех этапах.

В играх Воскобовича дети с удовольствием следят за появлением Малыша Гео, Ворона Метра, радужных гномов Кохле, Охле, Желе, Зеле, Геле, Селе, Фи. Погружаясь в сказки, дети становятся частью сюжета, бродят по волшебным местам вместе с героями, встречают удивительных персонажей, переживают захватывающие и веселые приключения, преодолевают препятствия и таким образом решают поставленные задачи, отвечают на вопросы, развивают свою речь и выполняют творческие задания. Именно благодаря сказкам дети открывают для себя окружающий мир, узнают увлекательные образы и не заметно усваивают важную информацию. Присоединившись к сказке, они могут погрузиться в воображаемую ситуацию и развивать свое мышление. В настоящее время игры Воскобовича являются нашими главными помощниками по следующим причинам:

1. Игра "Геоконт" помогает закрепить представление о цвете и размере, развивает у детей навыки конструирования и моделирования, способствует развитию мелкой моторики.

2. "Волшебный квадрат" способствует развитию внимания, памяти, логики, конструкторских способностей и пространственного воображения. С помощью этой игры дети могут создавать по схемам различные фигуры, такие как "Конфетка", "Лодка", "Дом", "Башмачок".

3. Игра "Фонарики" поможет детям научиться различать цвета, размеры и формы фигур, собирать фонарики из фигур одного цвета и создавать простейшие композиции, такие как "Яблоко", "Девочка", "Мальчик", "Бабочка", "Робот".

4. Игра "Чудо-соты" представляет собой образовательную игру, которая может быть легко интегрирована в любую учебную программу. Она способствует развитию детского творчества и может использоваться как часть непрерывного образования. Основная цель игры заключается в том, чтобы ребенок собирал из фрагментов целостные фигуры и изображения, что помогает им понять соотношение части и целого, узнать различные геометрические формы, улучшить мелкую моторику и координацию движений. Кроме того, в игре представлены шаблоны различных фигур, таких как машина, зайчик, бабочка, домик, медвежонок и другие. Ребенок также может придумывать новые правила игры и собирать разнообразные силуэты самостоятельно.

5. "Чудо-крестики" - это авторская игра с вкладышами, выполненными в форме кругов и крестов, которые разделены на части, напоминающие геометрические фигуры. Эта игра представляет собой комплекс из трех игровых наборов, где принцип "от простого к сложному" помогает детям постепенно развивать свои навыки. Вначале дети могут использовать предложенные схемы, но со временем они научатся собирать фигуры самостоятельно.

6. Кораблик «Плюх-Плюх» - главная цель данной игры – научить ребёнка считать в пределах 5. Эта развивающая игра - яркий корабль с разноцветными флажками (парусами), на деревянные рейки можно надеть флажки. На основе корабля нанесены числа от 1 до 5 штук.

Что развивает игра:

- Развивает навыки группирования предметов по цвету;
- Определить и назвать высоту объектов мачты ;
- Закреплять количественный и порядковый счет в пределах пяти;
- Развивать пространственную ориентировку налево, направо, вверх, вниз;
- Количественное представление - один - много - ни один ;

7. «Прозрачный квадрат или Нетающие льдинки озера Айс» - это головоломка, конструктор и конструктор по логике и математике. Набор состоит из 30 квадратных пластинок прозрачного цвета. Одна пластина полностью окрашена в синий, а на других - лишь часть квадрата.

Игра способствует развитию логики, моторики рук, конструкторских способностей и воображения. А еще ребёнок знакомится с геометрической фигурой и ее свойствами.

8. Коврограф «Ларчик» – уникальное пособие Вячеслава Воробьевича. На коврографе можно легко располагать элементы Ларчиков: зажимы, кружки, веревочки и кармашки и так далее. Ларчик Воскобовича - улучшенный аналог школьной доски. Все элементы лёгкие и надежные крепятся на Коврограф, что позволяет сделать занятия с детьми более разнообразными, наглядными и динамическими. Коврограф Ларчик помогает подать материал интересным образом и дает свободу для творчества для детей и детей. Пособие может быть

использовано как для индивидуальной и групповой подготовки. Без преувеличения можно сказать о том, что комплект «Ларчик», как и магический ларец, имеет неограниченные возможности реализовать творческий потенциал детей и взрослых.

9. Особое внимание наша группа уделила на предметно развивающую среду «Фиолетовый Лес».

Почему Фиолетовый лес? Во-первых, сам цвет фиолетовый - это цвет поиска потерянного, мира и единства. Все элементы в фиолетовом лесу выполнены яркими, радужными цветами, чтобы малыш мог видеть все разнообразие цветов и проявить свою фантазию при создании необычных моделей пространства, являясь участником, частью удивительного мира фиолетового лесу.

Фиолетовый лес представляет собой сенсомоторную зону, в которой дети активно взаимодействуют с развивающими играми, прикрепляют персонажей и предметы на вертикальную стену, таким образом реализовывая творческие задумки и навыки.

Все атрибуты «Фиолетового леса», и его сказки создают для малыша успокоительную атмосферу и способствуют его дополнительному игровому мотивированию.

Форма работы в «Фиолетовом лесу» может быть самым разнообразным:

Игры для различения размеров (листьев, животных),

Игры на различение цветов,

Игры для классификации животных лесов, водных животных, птиц, насекомых, игры для времен года, природных явлениях,

Игры-дорожки, игры-домики, игры-прятки,

Крепление нужных фигур по цвету, форме, размеру,

игры со сказочными персонажами, в том числе Радужными гномами,

конструирование по образцу.

Мы регулярно применяем эти игры, визуализируем и упрощаем задачи с целью обучения детей с удовольствием и стимулирования мыслительного процесса. Наша цель - научить детей задавать интеллектуальные вопросы и находить на них ответы. Основное внимание уделяем сохранению у детей любви к творчеству и способности к фантазии. Мы стремимся развивать у детей уверенность в себе и в своем таланте. Мы убеждены, что целенаправленная и систематическая работа с играми В.В.Воскобовича, постоянное усложнение игрового процесса способствуют поддержанию интереса детей к игре, способствуют позитивной динамике и повышению уровня развития творческого потенциала.

Список использованной литературы:

1. Адлова Т.Н. Использование игровой технологии В. Воскобовича в детском саду / Т.Н. Адлова, И.И. Радина // Педагогическая наука и практика. – 2018. – № 1 (19). – С. 83-85.

2. Вакуленко М.А. Использование игровой технологии В.В. Воскобовича в условиях дошкольной образовательной организации / М.А. Вакуленко, С.Ю. Гаврилова, Н.С. Горчева, Н.Е. Наливайко // Инновационное развитие современной науки: проблемы, закономерности, перспективы. – Сборник статей XIII Всероссийской научно-практической конференции. – 2020. – С. 57-59.

3. Кондрацова В.В. Интеллектуальное развитие дошкольников посредством игровой технологии В.В. Воскобовича // Преемственность в образовании. – 2019. – № 23(10). – С. 82-84.

4. Пономарёва О.Н. Игровая технология «Сказочные лабиринты игры» В.В. Воскобовича и интеллект / О.Н. Пономарева // Образовательные инновации: опыт и перспективы. Сборник материалов межрегиональной заочной научно-практической конференции. Под редакцией Е.А. Рязанцевой, Л.Ю. Петровой, Н.В. Стребковой. – 2017. – С. 112-116.

УДК 811.161.1

ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В КЛАССАХ С ГОСУДАРСТВЕННЫМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

*Бахтиярова Аделя Ермаганбетовна,
Учитель русского языка и литературы,
КТУ «Каменская ОШ»,
р-н Бәйтерек, ЗКО*

Аннотация: в статье рассматриваются активные методы обучения как средство развития читательской грамотности на уроках русского языка и литературы в классах с государственным языком обучения. В новых социокультурных и экономических условиях чтение является важнейшим ресурсом развития личности, источником приобретения знаний и социального опыта. Также чтение понимается как способ освоения ценностей мировой культуры, средство обретения культурной компетенции личности и подготовки к жизни в окружающей социальной реальности.

Ключевые слова: читательская грамотность, Международная программа по оценке образовательных достижений, обучающихся PISA, цифровые сервисы, активные методы обучения.

На уроках русского языка и литературы мы все чаще встречаемся с проблемой нечитающих подростков и низкий уровень овладения обучающимися читательской грамотностью. Чтение всегда являлось одним из главных источников знаний и моральных представлений, способствовало расширению словарного запаса, приобретению интуитивной грамотности, умению правильно строить речь.

Казахстан принимает участие в Международной программе по оценке образовательных достижений, обучающихся PISA. Одним из ключевых направлений исследования PISA является читательская грамотность. Аналитики «Центра анализа и стратегии «Белес», изучив результаты казахстанских учащихся в PISA, обнаружили, что «в балловом эквиваленте ученик из благополучной семьи, проживающий в городе с русским языком обучения, набирает до 56 баллов в среднем по математике, до 100 баллов в среднем по чтению и до 82 баллов в среднем по естествознанию». «Один из основных индикаторов, влияющих на грамотность подростков, - количество книг дома». В связи с вышеизложенным, были предложены следующие рекомендации: «на государственном уровне чтение книг и повышение читательской грамотности возвести в ранг идеологии, поддерживать инициативы граждан, волонтерские движения по распространению книг для сельских школ и детей, открыть библиотеки, читальни в сельской местности».

Особенно остро стоит проблема в наше время, век компьютеризации и высоких технологий, когда появились иные, более современные источники знаний – телевидение и интернет – из-за которых чтение видится малопривлекательным.

Сейчас очень много цифровых сервисов, при помощи которых можно разнообразить рутинный процесс работы с текстом. (QR-коды, графический редактор Canva, Learning Apps, VideoPad). Но далеко не все цифровые сервисы доступны каждый день учителю и обучающимся в силу различных жизненных обстоятельств. Поэтому я предлагаю следующие, не менее увлекательные формы работ с текстом произведения

Активные методы обучения - это методы, которые побуждают обучающихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом. Это самостоятельное овладение знаниями и умениями в процессе активной познавательной и практической деятельности.

Таким образом, активные методы обучения побуждают обучающихся к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперед в овладении знаниями.

Но какие активные методы применять? Такие, при помощи которых мы можем заговорить с новым поколением на их языке.

В обучении русскому языку и литературе я успешно применяю следующие методы:

1. Комиксы
2. Буктрейлер
3. Косплей «Ожившая фотография»
4. Каллиграммы
5. Лэпбук

Комикс сочетает в себе черты таких видов искусства, как литература и изобразительное искусство. Разновидность книжно-журнальной иллюстрации.

Буктрейлер - это короткий видеоролик, рассказывающий в произвольной художественной форме о какой-либо книге. Цель таких роликов – реклама свежевыхшедших книг и пропаганда чтения, привлечение внимания к книгам при помощи визуальных средств, характерных для трейлеров к кинофильмам

Косплей на основе кадров художественного фильма или иллюстраций по произведениям. Косплей- это вид исполнительного искусства, участники которого одеваются в сложные костюмы с множеством аксессуаров, изображая своих любимых персонажей из фильмов, мультфильмов, комиксов или компьютерных игр. Помимо внешнего вида, косплеер старается передать черты характера и поведение отыгрываемого персонажа.

Каллиграммы. Это слово придумал французский поэт Гийом Аполлинер, который часть своих стихотворений выполнял в виде рисунков, составленных из слов и выражающих тему стихотворения. Этот жанр, когда буквы или слова изображают то, что они значат, называется идеограммой.

Лэпбук в дословном переводе с английского языка значит «наколенная книга», или тематическая интерактивная папка, коллекция маленьких книжечек с кармашками и окошками, которые дают возможность размещать информацию в виде рисунков, небольших текстов, диаграмм, графиков, предметов.

Вышеперечисленные активные методы обучения используются мной как средство развития читательской грамотности на уроках русского языка и литературы в классах с государственным языком обучения и дают результаты. С помощью данных методов я выполняю ряд учебных целей: пересказывать содержание текста, демонстрируя собственное понимание проблематики и связывая прочитанное/услышанное с собственным опытом; представлять информацию в виде несплошного текста, используя информацию двух текстов; владеть стратегиями чтения, включая просмотровое чтение, сканирование и детальное чтение; прогнозировать содержание всего текста, опираясь на заключительные фразы, выводы текста; анализировать содержание художественных произведений, определяя роль

композиции, изобразительно-выразительных средств, деталей в раскрытии основной мысли; извлекать необходимую информацию из различных источников, определяя факт и мнение; создавать высказывание на основе рисунков, графиков, таблиц, схем, диаграмм; излагать сжато информацию прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального текста, сохраняя основную мысль и выражая личную оценку;

Таким образом, применение активных методов обучения является актуальной, потому как использование на уроках русского языка и литературы активных методов обучения повышает качество знаний учащихся, увеличивает интерес к изучаемому предмету, развивает творческий потенциал обучающихся и развивает читательскую грамотность.

Список использованной литературы:

1. <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-podgotovitsya-k-pisa>
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 2.«Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций» (приказ Министра просвещения РК от 16.09.2022 г. № 399; с изменениями от 21.11.2022 г. № 467, с изменениями от 5.07.2023 г. № 199)

ӘОЖ37.371

БІЛІМ-ҚҰНДЫЛЫҚ, БІЛІМ-ҮРДІС, БІЛІМ-НӘТИЖЕ

*Бейбіт Жанар Мұратқызы,
география пәнінің мұғалімі, мектеп директоры,
«Б.Қаратаев атындағы ЖОББМ» КММ,
Қаратөбе ауданы, БҚО*

Аннотация: Бұл мақалада қазіргі толыққанды тұлға қалыптастыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды меңгерту жолында жүргізілген жұмыстар туралы баяндалады. Мектептің миссиясын орындау бағытындағы жұмыстардың жүру сипаты, нәтижеге бағыттау, толық адам бейнесін құру жолындағы ізденіс пен шығармашылық еңбек көрініс табады.

Кілт сөздер: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар, «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», оқыту жобасы, дарынды тұлға, сабақтастық, «Мұғалім-оқушы-ата- ана» үштігі, күтілетін нәтиже

«Педагогикадағы жаңалық бұрын ұсынылмаған немесе қолданылмаған идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, сонымен бірге өзгермелі өмір жағдайында тәрбие және білім беру ісінің міндеттерін барынша тиімді шешуге мүмкіндік беретін прогрессивті бастамаға негізделген педагогикалық процесс элементтерінің кешені немесе жеке элементтері»

В.И. Загвязинский

Қазіргі заман талабы мен сұранысына орай білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қоғамға қызмет ететін толыққанды тұлға қалыптастыру тынымсыз еңбекті және шығармашылық ізденісті қажет етеді. Сондықтан мұғалімдердің баланың бойында тұлғалық және адами құндылықтарды қалыптастыра білуі өте маңызды. Құндылық-біздің ойымыз бен мінез - құлқымызды басшылыққа алатын принцип. Осы принциптерді жүзеге асыру мақсатында мектебімізде жасалған жұмыстар мен жоспарлар туралы ой бөліспекпін.

Мектебімізге білім беру мен тәрбиелеудегі құндылық жобасын қалай енгіздік? Ең алдымен, мектеп мұғалімдеріне құндылыққа негізделген білім беру жобасын іске асыруға көмектесетін жоспар, жобалар, ұсыныстарды талқылау және практикалық жұмыстарды таныстыра отырып, даярлау кезеңі жүргізілді. Бұл ортақ іске барлық пән мұғалімдерінің қатысуын қамтамасыз етуге тырыстық. Құндылық жүйелерін жүзеге асыруда әсіресе сынып жетекшісінің, пән мұғалімдерінің ұйымдастырушылық жұмысының маңызы жоғары. Осыған орай біз тәрбиелеп отырған Z ұрпақ бойына адамгершілік құндылықтарды жандандыру үшін мектепте топ құрылып, әрбір педагогтың жоба аясында әрекет етіп жатқанын бақылау және кеңес беру мақсатында сұхбаттар, кездесулер жүргізілді.

Мемлекет басшысының өткен жылы Түркістандағы екінші Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасы бойынша алғаш рет білім беру ұйымдарында Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді. Мұндағы мақсат-жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген адал азамат қалыптастыру.[3]

2023 жылдың қыркүйек айынан бастап ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен еліміздің барлық білім беру ұйымында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылған болатын. Осыған орай мектебімізде ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету және олардың позитивті ата-ана мәдениетін

қалыптастыру, тәрбиенің тиімді стратегияларын дамытуға, балалармен қарым-қатынасты жақсартуға және әртүрлі отбасылық мәселелерді шешуге көмектесуге педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жасап келеді. [4]

Мектебіміздің миссиясы - жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, мүмкіндіктері мен қажеттіліктері және бейімділіктеріне қарай тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру. Нәтижеге бағытталған мектеп идеясын жүзеге асыру, қолайлы орта қалыптастыру арқылы табысқа жету жолында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарымызды оқушы бойына сіңіру мен дарыту бағытында Абай армандаған толық адамның үш қасиеті «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі» басты бағдаршам ретінде алдық. «Ыстық қайрат» үнемі ізденіс үстінде, тек алға ұмтылу, жасампаз болу ұғымын аңғартса, «нұрлы ақыл» елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, ақылынды тек жақсылыққа жұмсау, «жылы жүрек» ұғымы адамдарға құрметпен қарау, айналаға шуақ шашу, яғни бүгінгі күш те, қуат та білімде. Білімді адам ғана бәрін жеңбек. Дана ойшыл қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы-парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, заманауи білімдерді меңгертіп, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізін орындаймыз десек, бүгінгі жаһандану дәуірінде адастырмас бағдаршам ретінде Абайдың тұғырлы тұжырымын басшылыққа алуды жөн санаймыз. [2]

«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» жоба аясында «Білімдіден шыққан сөз» оқыту жобасы, «Парасат» дебат клубы, «Сырғалым» қыздар клубы, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Асыл әже» әжелер мектебі, «Дені сау ұрпақ – ұлт байлығы» жобасы іске асырылуда.

Білім беру жүйесінде құндылықтарға тәрбиелеу туралы педагогтердің түсініктерін кеңейту мақсатында «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» айдары құрылды. Мақсаты- жас ұстаз бен аға буын ардагер ұстаздар арасында ынтымақтастық, жалпы ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас, өз тәжірибелерімен бөлісу арқылы олардың абыройлы қызметті атқарып жүргендігін ұғындыру. Осы бағытта мектепшілік «Құндылықтарға негізделген білім беру моделін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану» тақырыбында дөңгелек үстел және «Құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие: Мақсат, іс, әрекет, ізденіс» атты тақырыбында мектеп директорларының аудандық семинары оздырылды. Мақсаты-оқыту мен тәрбиелеуден құндылыққа бағытталған тәсілдерді қолдану тәжірибесімен бөлісе отырып, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Семинар барысында «Музей-құндылықтар мекені» музейдегі жанды сабақ, «Білім берудегі заманауи трендтер: нәтижеге бағытталған сапалы білім» ашық сабақтар шеруі, «Құндылық- тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар» бөлімінде «Тарт күйінді, домбыра! Төгіл, төгіл тәтті күй» домбыра үйірмесінің концерті, «Кітап-менің әлемім» оқырман бенефисі, «Ecolife» бұрышының ашылуы, «Chemistry» тәжірибе алаңы және «Өнерлі өрен» жобасының жұмыстары көрсетілді.

5-10 сынып білім алушыларымен «Білімдіден шыққан сөз» оқыту жобасы жүзеге асырылып, «Оқушы мұғалім рөлінде...» бағытымен оқушылардың бірін – бірін оқытуы ұйымдастырылды. Мақсаты -білім сапасының артуына қол жеткізу. Мұғалім рөліндегі оқушы күрделі тақырыптарды талдайды, түсіндіреді. Осы бағыттағы жұмыстар өз нәтижесін беріп, бір сабақтан «3» шыққан оқушылардың үлгерімі артып, екінді қатарын көбейтті. «Талапты бол!» бағыты бойынша мазмұнды сыныптан тыс шараларды тұрақты өткізу арқылы білім сапасының артуына көмектесу жолға қойылды. Нәтижесінде оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, зияткерлік қабілеттері ашылды. «Дарынды түлек» бағыты бойынша дарынды түлектермен кездесу, мамандық таңдауға бағыттау жұмыстары жүргізілді. Кәсіби бағдар беріліп, түлектер арасындағы сабақтастық жолға қойылып, оқушыларға үлгі – өнеге болды. Жобаның бір күні...” айдарымен фейсбук желісі, мектеп сайтында жарияланып отырылады.

«Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» бағытымен ғылымды кітап арқылы ғана игеруге болатынын ұғындыру, үлкенді сыйлау, еңбек адамдарына құрмет көрсету үшін жоғары сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Жылы шәй – жылы жүрек» акциясы аясында мектептің кіші қызметкерлеріне жылы шәй ұсыну, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллингті болдырмау және психологиялық қолдау мен ағарту жұмыстарын жүргізу мақсатында «Өмір, мен саған ризамын!» акциясы және спорт арқылы балаларды салауатты өмір салтын сақтауға баулу үшін «Денсаулықтың алты шарты» атты спортта дарынды балаларды қалыптастыру, ұлттық спорттық ойындарды насихаттау жұмыстары жолға қойылды. Сабақ уақытында және одан тыс уақытта балалардың бойында патриотизм, еңбексүйгіштік, ауызбіршілік, әділдік және жауапкершілік сияқты құндылықтарды қалыптастыру бойынша педагогтер құндылыққа бағдарланған тәсілдерді, оңтайлы әдістерді және нысандарды таңдап жұмыстануда. Осы жоба аясында жүргізілген жұмыстардың мазмұнында ұлттық мүдде, ар- намыс, ризашылық, жауапкершілік және алға ұмтылыс сияқты құндылықтар көрініс тапты. Құндылықтар негізінде білім беру- өте күрделі процесс. Өйткені, заман талабына сай біліммен бірге оқушылардың бойына тәрбиенің, ұлттық тәрбиенің ең асылы мен ізгісін сіңіре білу қажет. Оның нәтижелі де сапалы болуы ата-анамен тығыз қарым- қатынаста болғанда ғана жүзеге асады. Балалардың құндылық бағдарларын қалыптастыруда ата-аналармен «Мұғалім-оқушы-ата-ана» үштігі аясында жұмыс жасап, «Кәсіп тімс» жобасы ата-ана жұмысындағы бір күн, «Алтын қол» киіз басу, «Өнерлі қол-бақытқа жол» камшы өрудің ұлттық брендтерін қалыптастыруда әкелер мектебі, «Ата-ана үйінде қонақта», «Баталы сөз- балаға азық» ата-ананың ақ батасы атты іс шаралар ұйымдастырылды. Оқу және тәрбие процесінде ата-аналар үнемі мектеппен байланыста. Бұл да біздің мектебіміздің бір ерекшелігі мен жетістігі деп білемін. [1]

«Алтын қол» киіз басу ұлттық бренд қалыптастыру жұмыстарының нәтижесі - «Менің Отаныма-менің бастамам!» атты республикалық шығармашылық жобалар байқауының облыстық кезеңінде «Әрбір үйде керемет, төселуші еді текемет!» тақырыбында II санын оқушысы Есенгелді Аида Порын иеленді.

Кітап оқу арқылы оқырмандар қауымдастығы қалыптасты, іс-шараларға ата-аналар, ата, әжелер белсенді қатысты. Нәтижесінде оқушыларымыз «Туған елің – Қазақстанды жақсы білесің бе?» атты аудандық байқауында жүлделі II орын, атты облыстық «Балалар әлемі» байқауында жүлделі II орын иеленді.

Оқыту жобаларының берері мол. Түлектер арасындағы сабақтастық, оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, оларды білімге бәсекелестігін қалыптастыру, ұстаз әке есімін ұлықтау мақсатында мектеп түлегі Мендешов Нұрлан Құмарұлының бастамасымен 2022-23 оқу жылынан бастап «Құмар Ақсұлтанұлы» атындағы арнайы степендия, 2023-24 оқу жылынан бастап мектеп түлегі Қажыкенов Қуаныш Марленұлының қолдауымен «Қажыкенов Марлен» атындағы арнайы степендия тағайындалып оқуда озат, интеллектуалды және ғылыми жобалар ,конкурс, олимпиада жеңімпаздарына берілуде. Бұл бастама оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, үлкен мотивация берді.

2023жыл қорытындысы бойынша мектебіміз Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының, білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының «Үздік ауыл мектебі- ел тірегі» номинациясын иеленді.

Қазақстанның білім ордаларында құндылыққа негізделген білім беру тәсілін енгізуді жалғастыра отырып, ұлттық педагогика мен шетелдік озық практиканы біріктірген бірегей жүйені жүзеге асыру біздің басты міндетіміз бола бермек. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ресурстар мен технологияны меңгерге алатын жан-жақты оқушы тәрбиелеуде ТАЛАП,АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) басты қағидамыз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 5-11-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» КУРСЫН ӘЗІРЛЕУ Нұр-Сұлтан, 2022 2 Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама) 2022. – 23 б.

2. [Абайдың қара сөздері/Абайдың он жетінші қара сөзі — үй кітап \(wikibooks.org\)](#)2024ж. 01.04

3. [Құндылықтарға негізделген білім беру және ол Қазақстанда қалай жүзеге асып жатыр? | informburo.kz](#)26.12.2023ж.

4. [1706698260_Ата-аналарды қолдау орталығының жұмысы.pdf \(bkogov.kz\).](#)

ОӘЖ 517.16

МЮРХЕД ТЕҢСІЗДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Бекетов Медет Амангелдиевич,
ММ-11 математика БББ,
1-курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі: **Айтенова Г.М.**
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.

Аннотация: Мақалада теңсіздіктерді дәлелдеуде бірқатар жағдайларда тиімді болатын Мюрхед теңсіздігінің қолданылу комбинациясы қарастырылды. 9-сынып алгебра және 11-сынып алгебра және анализ бастамалары оқулықтарында берілген есептерді Мюрхед теңсіздігін қолданып шығарылып көрсетілді. Мюрхед теңсіздігінің көмегімен өте күрделі теңсіздіктерді дәлелдеу есептерін тиімді шешу жолдары көрсетілді.

Аннотация: В статье рассмотрена комбинация применений неравенства Мюрхеда, эффективных в ряде случаев при доказательстве неравенств. Задачи, представленные в учебниках «Алгебра» для 9-го класса и «Введение в алгебру и анализ» для 11-го класса, были продемонстрированы с использованием неравенства Мюрхеда. С помощью неравенства Мюрхеда было показано, как эффективно решать задачи доказательства очень сложных неравенств.

Annotation: The article considers a combination of applications of Muirhead's inequality, which are effective in a number of cases in proving inequalities. Problems presented in the 9th grade Algebra and 11th grade Introduction to Algebra and Calculus textbooks were demonstrated using Muirhead's inequality. Muirhead's inequality was used to show how to effectively solve problems of proving very complex inequalities.

Кілт сөздер: теңсіздік, арифметикалық, геометриялық, Мюрхед теңсіздігі, симметриялы.

Мюрхед теңсіздігі пайдалы құрал ғана емес, сонымен қатар онымен таныс емес адамдарды қорқытудың тамаша тәсілі. 2005 жылғы ІМО-дағы британдық топ жетекшісінің күнделік жазбаларынан (UKMT Жылнамасынан) «қазылар алқасы» қандай сұрақтар қолданылатынын шешкен кезде. [1]

Теңсіздіктерді дәлелдеу кезінде бірқатар жағдайларда Коши теңсіздігі (арифметикалық және геометриялық құралдар арасындағы) мен Мюрхедтің өнімді теңсіздігінің қолданылуының комбинациясы қарастырылады. Әртүрлі дәлелдеу әдістерінің ақылға қонымды үйлесімі көптеген мәселелерді, соның ішінде өте күрделі теңсіздіктерді дәлелдеу есептерін сәтті шешуге мүмкіндік береді. Оларға, мысалы, әртүрлі деңгейдегі математикалық жарыстарда дәлелдеуге ұсынылған теңсіздіктер жатады.

Әрі қарай, арифметикалық және геометриялық орталар арасындағы Коши теңсіздігі мен кейбір симметриялық көпмүшелердің мәндерін теріс емес бірдей жиынтықта салыстыруға мүмкіндік беретін Мюрхед теңсіздігінің бірқатар жағдайларда өнімді комбинациясын қарастырамыз.

Белгілеу. $a = (a_1, a_2, \dots, a_n)$ теріс емес бүтін сандардың реттелген жиыны болсын, $T_a(x_1, x_2, \dots, x_n)$ n айнымалысы бар симметриялы көпмүшелік болсын, ол анықтамасы бойынша $x_{\pi(1)}^{a_1} x_{\pi(2)}^{a_2} \dots x_{\pi(n)}^{a_n}$ n ретті π алмастырулар бойынша түріндегі барлық мономалдар қосындысы. a_1, a_2, \dots, a_n дәрежелері бекітілген, айнымалылары барлық ауыстырулар арқылы орындалады.

Бізге $a_1 + a_2 + \dots + a_n = b_1 + b_2 + \dots + b_n$ және $k = 1, 2, \dots, n-1$,

$a_1 + a_2 + \dots + a_k \geq b_1 + b_2 + \dots + b_k$ болатындай $a_1 \geq a_2 \geq \dots \geq a_n$ және $b_1 \geq b_2 \geq \dots \geq b_n$

екі тізбегі берілсін. Одан кейін $\{a_n\}$ мажорлайды $\{b_n\}$ мәнін $\{a_n\} \succ \{b_n\}$ деп белгілейтінін айтамыз.

1-мысал. $T_{(6,2)}(x, y) = x^6 y^2 + x^2 y^6$, $T_{(5,3)}(x, y) = x^5 y^3 + x^3 y^5$

2-мысал. $(6, 2) \succ (5, 3)$ себебі $6 > 5$, $6 + 2 = 5 + 3$

Теорема (Мюрхед теңсіздігі). $a = (a_1, a_2, \dots, a_n)$ және $b = (b_1, b_2, \dots, b_n)$ екі реттелген сандар жиыны болсын, бұл ретте $\{a_n\} \succ \{b_n\}$. Онда $\{x_k\}$ оң саны үшін $T_a(x_1, x_2, \dots, x_n) \geq T_b(x_1, x_2, \dots, x_n)$ теңсіздігі орындалады.

Теореманың дәлелдеуі: «кірпіш түсіру» деп аталатын әдісті қолдану қызықты және осы атаумен леммаға негізделген.

Лемма (кірпіш түсіру). Теореманың шарттарында $\{b_n\}$ жиыны келесідей болсын: $b_1 = a_1 - c, b_2 = a_2 + c, b_k = a_k (k \geq 3)$. Бұл жағдайда әрбір бірмүше $x_i^{a_1} x_i^{a_2} x_i^{a_3} \dots x_i^{a_n}$ түріндегі бірмүшемен $x_i^{a_1-c} x_i^{a_2+c} x_i^{a_3} \dots x_i^{a_n}$ ауыстырылады.

Барлық бірмүшелерді жұпшен топтастырайық: $x_i^{a_1} x_i^{a_2} x_i^{a_3} \dots x_i^{a_n}$,

$x_i^{a_1} x_i^{a_2} x_i^{a_3} \dots x_i^{a_n}$ және $x_i^{a_1-c} x_i^{a_2+c} x_i^{a_3} \dots x_i^{a_n}$. Айырмашылыққа қарау керек екені анық:

$$x^{a_1} y^{a_2} + x^{a_2} y^{a_1} - x^{a_1-c} y^{a_2+c} - x^{a_1+c} y^{a_2-c} = x^{a_1-c} y^{a_2} (x^c - y^c) - x^{a_2-c} y^{a_1} (x^c - y^c) =$$

$$y^c x^{a_2-c} y^{a_1} \left(\left(\frac{x}{y} \right)^c - 1 \right) \left(\left(\frac{x}{y} \right)^{a_1-c-a_2} - 1 \right)$$

$c > 0$ және $a_1 - (a_2 + c)$ болғандықтан $\left(\frac{x}{y}\right)^c - 1$ және $\left(\frac{x}{y}\right)^{a_1 - c - a_2} - 1$ сандарының

таңбалары бірдей, сондықтан «бір кірпішті түсіргенде» $T_a(x_1, x_2, \dots, x_n) \geq T_b(x_1, x_2, \dots, x_n)$ теңсіздігі орындалады.

Бастапқы теңсіздікті дәлелдеуді аяқтау үшін, егер $\{a_n\} \succ \{b_n\}$ болса, онда $\{a_n\}$ нүктесінен бір уақытта бір координатаны ретімен өзгерте отырып, $\{b_n\}$ -ге өтуге болатынын ескеру жеткілікті.

3-мысал. $(5, 0, 0) > (3, 1, 1) > (2, 1, 1)$ болса, біз мынаны аламыз

$$a^5 + a^5 + b^5 + b^5 + c^5 + c^5 \geq a^3bc + a^3bc + b^3ca + b^3ca + c^3ab + c^3ab \geq a^2b^2c + a^2b^2c + b^2c^2a + b^2c^2a + c^2a^2b + c^2a^2b$$

Қысқа түрде $a^5 + b^5 + c^5 \geq a^3bc + b^3ca + c^3ab \geq a^2b^2c + b^2c^2a + c^2a^2b$

Есеп-1. Егер $abc = 1$ болса, онда $a^2 + b^2 + c^2 \geq a + b + c$ екенін дәлелде.

Шешуі: Бастапқыда орташа арифметикалық теңсіздікті немесе Мюрхед теңсіздігін қолдануға үміт жоқ, өйткені олар бірдей дәрежені талап етеді.

Бірақ $abc = 1$ шартын ескеріп, теңсіздікті дәлелдеп көрейік:

$$a^2 + b^2 + c^2 \geq a^{\frac{1}{3}}b^{\frac{1}{3}}c^{\frac{1}{3}}(a + b + c). \text{ Енді бізде екінші дәрежелі екі симметриялық көпмүше бар}$$

$$T_{(2,0,0)}(a, b, c) \quad \text{және} \quad T_{\left(\frac{4}{3}, \frac{1}{3}, \frac{1}{3}\right)}(a, b, c)$$

. Мұны тексеру оңай $(2, 0, 0) > \left(\frac{4}{3}, \frac{1}{3}, \frac{1}{3}\right)$. Яғни

$$a^2 + b^2 + c^2 \geq a^{\frac{1}{3}}b^{\frac{1}{3}}c^{\frac{1}{3}}(a + b + c)$$

Есеп-2. Егер $a + b + c = 1$ болса, онда $\frac{1}{a} + \frac{1}{b} + \frac{1}{c} \leq 3 + 2 \cdot \frac{a^3 + b^3 + c^3}{abc}$ екенін дәлелдейік.

Шешуі: Теңсіздіктің екі жағын abc көбейтіп эквивалентті теңсіздік аламыз $ab + bc + ca \leq 3abc + 2(a^3 + b^3 + c^3)$

және осы теңсіздіктің сол жағын бірге көбейту арқылы $(a + b + c)(ab + bc + ca) \leq 3abc + 2(a^3 + b^3 + c^3)$ бастапқы теңсіздіктің келесі түріне келеміз

$2(a^3 + b^3 + c^3) \geq a^2b + a^2c + b^2c + b^2a + c^2a + c^2b$ Мюрхед жақшаны ашып түрлендіреміз

теңсіздігін қолданып, біз бұл $T_{(3,0,0)} \geq T_{(2,1,0)}$ екенін табамыз. Әрі қарай, арифметикалық орта мен

$$\frac{2a^3 + b^3}{3} \geq \sqrt[3]{a^3b^3c^3} \geq a^2b$$

геометриялық орта арасындағы теңсіздік қолданып дәлелдейміз.

$$\frac{2a^3 + b^3}{3} \geq \sqrt[3]{a^3b^3c^3} \geq a^2b \quad , \quad \frac{2a^3 + c^3}{3} \geq \sqrt[3]{a^3a^3c^3} \geq a^2c$$

$$\frac{2a^3 + c^3}{3} \geq \sqrt[3]{a^3 a^3 c^3} \geq a^2 c, \quad \frac{2b^3 + a^3}{3} \geq \sqrt[3]{b^3 b^3 a^3} \geq b^2 a, \quad \frac{2b^3 + a^3}{3} \geq \sqrt[3]{b^3 b^3 a^3} \geq b^2 a,$$

$$\frac{2c^3 + a^3}{3} \geq \sqrt[3]{c^3 c^3 a^3} \geq c^2 a, \quad \frac{2c^3 + a^3}{3} \geq \sqrt[3]{c^3 c^3 a^3} \geq c^2 a, \quad \frac{2c^3 + b^3}{3} \geq \sqrt[3]{c^3 c^3 b^3} \geq c^2 b,$$

$$\frac{2c^3 + b^3}{3} \geq \sqrt[3]{c^3 c^3 b^3} \geq c^2 b$$

мүшелеп қосып берілген теңсіздікті аламыз.

Енді Мюрхед теңсіздігін қолданып мектеп оқулықтарындағы берілген теңсіздіктерді дәлелдеу тапсырмаларында қолданылуын қарастырайық.
9-сынып Алгебра №6.44 есеп. [1]

$$a \geq 0, b \geq 0, c \geq 0, \quad a + b + c = 1$$

$$(1-a)(1-b)(1-c) \geq 8abc$$

Шешуі: Берілген теңсіздікті түрлендіріп алайық

$$(a+b+c-a)(a+b+c-b)(a+b+c-c) \geq 8abc$$

$$(b+c)(a+c)(a+b) \geq 8abc \quad \text{жақшаны ашып, ықшамдайық}$$

$$a^2b + abc + a^2c + ac^2 + ab^2 + b^2c + abc + c^2b \geq 8abc$$

$$a^2b + a^2c + ac^2 + ab^2 + b^2c + c^2b \geq 6abc$$

Енді Мюрхед теңсіздігін қолданып $T_{(2,1,0)} \succ T_{(1,1,1)}$, яғни $(1-a)(1-b)(1-c) \geq 8abc$

11-сынып Алгебра және анализ бастамалары. №15.9 есеп. [2]

a, b және c оң сандар болса, онда $(a+b+c)\left(\frac{1}{a} + \frac{1}{b} + \frac{1}{c}\right) \geq 9$ болатынын дәлелдендер;

Шешуі: Теңсіздіктің екі жағын abc көбейтіп эквивалентті теңсіздік аламыз

$$(a+b+c)(ab+bc+ac) \geq 9abc$$

$$abc + a^2c + a^2b + b^2c + abc + ab^2 + bc^2 + ac^2 + abc \geq 9abc, \quad \text{жақшаны ашамыз}$$

$$a^2c + a^2b + b^2c + ab^2 + bc^2 + ac^2 \geq 6abc \quad \text{Мюрхед теңсіздігі бойынша}$$

$$T_{(2,1,0)} > T_{(1,1,1)}$$

Математикадан Республикалық олимпиаданың облыстық кезең тапсырмасы 2000-2001 оқу жылы.
 a, b және c оң нақты сандары $a+b+c=1$ теңдігін қанағаттандырады. Келесі теңсіздіктің орындалатынын дәлелденіздер:

$$\sqrt{3a+b+1} + \sqrt{3b+c+1} + \sqrt{3c+a+1} \leq \sqrt{21}$$

Шешуі: $\sqrt{3a+b+1} = x, \sqrt{3b+c+1} = y, \sqrt{3c+a+1} = z$

$3a + b + 1 = x^2, 3b + c + 1 = y^2, 3c + a + 1 = z^2$ теңдіктерді мүшелеп қоссақ

$$4a + 4b + 4c + 3 = x^2 + y^2 + z^2$$

$$x^2 + y^2 + z^2 = 7$$

$x + y + z \leq \sqrt{3(x^2 + y^2 + z^2)}$ теңсіздіктің екі жағын квадраттаймыз.

$$(x^2 + y^2 + z^2) + 2(xy + yz + xz) \leq 3(x^2 + y^2 + z^2) \Rightarrow xy + yz + xz \leq x^2 + y^2 + z^2$$

Мюрхед теңсіздігі бойынша $T_{(1,1,0)} \leq T_{(2,0,0)}$

Сонымен біз Мюрхед теңсіздігін пайдаланып жалпы білім беретін орта мектеп оқулықтарындағы есептердің және әр түрлі деңгейдегі олимпиада есептерінің шешу жолдары көрсетілді. Мюрхед теңсіздігін оқушыларға қосымша үйрету арқылы олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, сонымен қатар көптеген күрделі теңсіздіктерді шешу барасында жеңіл жолдардың да бар екенін көрсету мақсатында да қарастырылған тиімдірек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Andre Rzym - Muirhead Inequality. An In-Depth Analysis of Techniques for Solving an Inequality Problem from the 2001 IMO Exam. sanits591. Problem Sheet 4. Problem Sheet
2. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жумабаев Р.Н. Алгебра 9-сынып – Алматы: Атамұра, 2019. – 240 бет.
3. Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра және анализ бастамалары 11-сынып. – Алматы: Мектеп, 2020. – 256 бет.

ӘОЖ 511.3

АБСОЛЮТТИ ШАМАМЕН БЕРІЛГЕН ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Бекжан Альберт Шыңғысұлы,
I курс магистранты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.

Аннотация: мақалада абсолютті шамамен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің әдістемелік тәсілдері қарастырылды. Ғалымдардың модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктер туралы тұжырымдамалары мен зерттеулері сипатталды және модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің әдістерін талдаған ғалымдардың жұмыстары мен мақалалары зерттелді. Сондай-ақ, оқыту әдісінің анықтамасы мен түсіндірме-иллюстрациялық әдіс, зерттеу әдісі, репродуктивті әдіс, проблемалық оқыту әдісі сынды оқыту әдістері қарастырылды және есептерді шешуде әдістердің ерекшеліктері сипатталды. Модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде мектеп математика курсындағы тәсілден басқа да әдіс-тәсілдер қолданылып, оларға мысалдар келтірілді.

Кілт сөздер: абсолютті шама, модуль, теңдеулер, теңсіздіктер, шешім, оқыту әдісі, тәсіл.

Абсолютті шамамен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді және оларды шешу әдістерін көптеген ғалымдар зерттеген. Солардың ішінде «модуль» терминін қолдануды ұсынған атақты ғалым Исаак Ньютонның шәкірті, ағылшын философы және математигі Роджер Котс болып табылады. Ал неміс философы, математигі, физигі және өнертапқышы Готфрид Лейбниц өзінің жұмыстары мен еңбектерінде «модуль» деп аталатын функцияны қолданды. XIX ғасырдың басында француз ғалымдары Жан Роберт Арган мен Августин Коши бұл ұғымды күрделі сандар үшін енгізді. Алайда, модульдің абсолютті шама ретіндегі қазіргі және жалпы қабылданған мәнін 1841 жылы көрнекті неміс математигі Карл Вейерштрасс берді, оның жұмысында модуль символы (| |) пайда болды [1].

Сонымен қатар математиканың әртүрлі салаларындағы көптеген ғалымдар модульдермен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді зерттеді. Олардың қатарына: Карл Гаусс, Ивар Оттон Гардиол Харди, Джозеф Лиувилл, Гельфонд А.О. Яковлев В.В. және т.б.

Джозеф Лиувилл модульдермен теңдеулер мен теңсіздіктер теориясына үлес қосқан француз математигі болып саналады. Ал норвегиялық математик Ивар Оттон Гардиол Харди функционалдық талдау саласындағы жұмыстарымен танымал, сонымен қатар модульдердің қасиеттерін және олардың теңдеулер мен теңсіздіктерге әсерін зерттеген.

«Модуль» – 1) шамасы бойынша қандай да бір маңызды коэффициентке берілетін атау; 2) санның абсолюттік шамасы. [4].

Жалпы білім беретін А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучердің Математика 6 сынып оқулығында модульдің келесі анықтамасы берілген [2]:

Анықтама: Координаталар басынан координатасы a -ға тең нүктеге дейінгі қашықтықты көрсететін сан a санының *модулі* немесе *абсолют мәні* деп аталады. a санының модулі $|a|$ түрінде белгіленеді.

Координаталар басынан координатасы оң және теріс болатын нүктеге дейінгі қашықтық оң санға тең болғандықтан, оң сан 0 санының модулі сол санның өзіне, теріс санның модулі оған қарама-қарсы оң санға тең [2].

Абсолютті шама тек мектептегі математика курсына ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқытылатын жоғары математика, физика және техникалық ғылымдар курстарында кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, математикалық олимпиадаларда, ЖОО-ға түсу емтихандарында және басқа да емтихандарда абсолютті шамаларға байланысты есептер кездеседі.

Оқушылар модуль ұғымымен 6-сыныпта танысады, онда сан модулінің анықтамасы енгізіліп, оның геометриялық мағынасы мен кейбір қасиеттері беріледі. Мектептегі математика курсына «Сан модулі» тақырыбын зерттеуге аз уақыт бөлінгендіктен: 6-сыныпта - 3 сағат, осы модульмен тапсырмалар көбінесе оқушыларға қиындық тудырады. Әдіскерлердің айтуы бойынша, сан модулінің анықтамасын түсінбегендіктен мектеп оқушылары жиі қателіктер жібереді. Сондықтан, анықтамамен жұмыс жасағанда, оқушылардың назарын x саны теріс те, оң да болуы мүмкін екендігіне назар аударту қажет. Әр оқушының танымдық функциясы әртүрлі, әр бала тақырыпты әр түрлі қабылдауы мүмкін сондықтан мектеп математика курсына жоқ әдіс-тәсілдерді де қолданып көру қажет. Ал теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу үшін және графиктерді құру үшін студенттер модульдің анықтамасын жақсы түсініп, мектепте оқытылатын қарапайым графиктердің түрлерін білуі керек. Оқушылармен ұзақ мерзімді жұмыс істегенде абсолютті шамалардың қасиеттерін егжей-тегжейлі қарастыру керек, содан кейін модуль белгісі бар теңдеулер мен теңсіздіктердің эквивалентті түрлендірулері туралы теоремаларға көшу керек. Элективті курстардағы теориялық материал мектептегі математика оқулықтарында жеткіліксіз, әдеттен тыс көптеген тапсырмаларға негізделуі мүмкін.

Модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде ғалымдар бір емес бірнеше әдістер-тәсілдерді қолданған. Попкова А.О. «Решение неравенств с модулем в средней школе» деп аталатын жұмысында модульмен берілген теңсіздіктерді шешудің 4 (қашықтық арқылы модульді анықтау бойынша, теңдеу немесе теңсіздіктің екі бөлігін де квадраттау әдісі бойынша, формула бойынша модульдің анықтамасы бойынша, интервалдар әдісі бойынша) әдісін атап көрсеткен. Ал А.В. Фирер, Е.Н. Яковлева және т.б. жазған «Элементарная математика. Уравнения и неравенства с модулем» атты оқу-құралында модульдермен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің бірнеше әдістерін қолданып, сол әдістерге мысалдар көрсетіп өткен. И.А. Пивинаның «Методы решения уравнений и неравенств содержащих знак модуля» мақаласында модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешумен қатар, оның қолданған әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталады.

Модульді қамтитын теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуді үйренуде әртүрлі әдістемелік тәсілдерді, әдістерді пайдаланған кезде, егер оқушылар есептерді шешу процесіне қызығушылық танытатын болса, математикалық білімді саналы түрде меңгеруге қол жеткізуге болады. Сондықтан кез келген мұғалім оқушыларға білім берген кезде белгілі бір оқыту әдістерін қолданып, солармен жұмыс жасайды.

Жалпы оқыту әдісі (грек тілінен. *metodos* - бір нәрсеге апаратын жол) — бұл мұғалім мен оқушылардың берілген оқу мақсатына жетуге бағытталған реттелген қызметі. Оқыту әдістері (дидактикалық әдістер) көбінесе жолдардың жиынтығы, мақсаттарға жету жолдары, білім беру міндеттерін шешу деп түсініледі [3].

И. Я. Лернер мен М. Н. Скаткин оқушылардың зерттелетін материалды игерудегі оқу-танымдық іс-әрекетінің сипатына қарай оқыту әдістерін құрастырды. Осы тұрғыдан олар келесі әдістерді бөліп көрсетті:

- түсіндірме-иллюстрациялық немесе ақпараттық рецептивті;
- репродуктивті;
- проблемалық оқыту әдісі.

- зерттеу әдісі; мұнда студенттерге мұғалімнің көмегімен қажетті әдістерді тандап, өз бетінше шешетін танымдық тапсырма беріледі [3].

1. Түсіндірме-иллюстрациялық әдісте мұғалім дайын материалды оқушыларға жеткізуі керек, ал оқушылар өз кезегінде оны түсініп, қабылдауы қажет.

2. Репродуктивті әдісте оқушы белгілі алгоритм бойынша кейбір әрекеттерді, шешімдерді қайталайды; дағдыларды жақсы қалыптастырады.

3. Зерттеу әдісі белгілі бір мәселені өз бетінше зерттеуден және оны шешуден тұрады.

4. Проблемалық оқыту әдісінде студенттердің алдында проблема қойылады, оны шешу жолдарын өздері зерттейді. Бірақ бұл процеске мұғалім де қатысады. Проблемалық оқыту әдісінің негізі проблемалық жағдайды құру болып табылады.

Оқыту әдістерінің құрамдас бөлігі мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетінің әдістері болып табылады. Әдістемелік әдістер-нақты мәселені шешуге бағытталған іс-әрекеттер, жұмыс әдістері. Оқу жұмысының әдістерінің артында ақыл-ой әрекетінің әдістері жасырылған (талдау және синтез, салыстыру және жалпылау, дәлелдеу, абстракциялау, нақтылау, маңыздысын анықтау, тұжырымдарды, ұғымдарды тұжырымдау, қиял мен есте сақтау әдістері) [6].

Оқыту әдістері қазіргі заманғы оқыту әдістерімен үнемі толықтырылып отырады және ол негізінен дайын білімді емес, жаңа білімді өз бетінше меңгеруге бағытталған іс-әрекеттерге, яғни танымдық әрекетке бағытталған [3].

Мектеп математика курсына «Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер» тақырыбындағы шығару әдісінен бөлек, жоғарыдағы мақалаларда айтылған басқа да әдіс тәсілдермен шығару жолын қарастырайық.

Мысал ретінде модульмен берілген теңдеуді қарастырып көрейік:

Мысал 1: Теңдеуді шешіңіз:

$$|x + 3| = 2x - 9 \quad (1)$$

(1.1) теңдеудің шешуін екі тәсілмен шығарса болады, бірінші тәсіл – модуль ішінен бірінші оң (+) етіп, және екінші теріс (-) етіп шығарып, теңдеуді шығарамыз.

Бірінші тәсіл:

Шешуі:

$$\begin{aligned} |x + 3| &= 2x - 9 \\ x + 3 &= 2x - 9 \\ -x &= -12 \\ x_1 &= 12 \\ -(x + 3) &= 2x - 9 \\ -x - 3 &= 2x - 9 \\ -3x &= -6 \\ x_2 &= 2 \end{aligned}$$

Екі жауапты орнына қойып тексереміз, x_1 мәнін қойған кезде теңдеу орындалады $15 = 15$ шығады, x_2 мәнін қойған кезде теңдеу $5 \neq -5$ орындалмайды, себебі модульден тек қана оң сан немесе $0 (x \geq 0)$ шығуы тиіс, сондықтан бір ғана жауап болады $x = 12$.

Жауабы: 12.

Бұл мектеп математика курсына қолданылатын әдіс. Ал екінші тәсіл Попкова А.О. жұмысында көрсетілген әдіспен, яғни теңдеудің екі бөлігін де квадраттау әдісі бойынша шығарып көрсек:

Екінші тәсіл:

$$\begin{aligned} |x + 3| &= 2x - 9 \\ x^2 + 6x + 9 &= 4x^2 - 36x + 81 \\ -3x^2 - 42x - 72 &= 0 \\ x^2 + 14x - 24 &= 0 \\ x_1 &= 12, x_2 = 2 \end{aligned}$$

Мәндер жиынын табатын болсақ:

$$\begin{aligned} 2x - 9 &\geq 0 \\ 2x &\geq 9 \\ x &\geq 4,5 \end{aligned}$$

$$x_1 = 12 \in [4,5, +\infty), x_2 = 2 \notin [4,5, +\infty)$$

Жауабы: 12.

Мысал 2: Теңсіздікті шешіңіз:

$$|2x + 1| < 3x - 11 \quad (2)$$

Шешуі:


$$\begin{aligned} -(3x - 11) &< 2x + 1 < 3x - 11 \\ -3x + 11 &< 2x + 1 < 3x - 11 \\ \begin{cases} -3x + 11 < 2x + 1 \\ 2x + 1 < 3x - 11 \\ 3x - 11 \geq 0 \end{cases} \end{aligned}$$

Бұл жерде жүйеге үшінші теңсіздік қосылады, себебі модульден шығатын сан міндетті түрде оң сан болуы керек болғасын, теңсіздіктің оң жағын 0-ден артық немесе тең деп жүйеге енгіземіз [7].

$$\begin{cases} -5x < -10 \\ -x < -12 \\ 3x \geq 11 \end{cases}$$

$$\begin{cases} x > 2 \\ x > 12 \\ x \geq 11/3 \end{cases}$$

Есеп қарапайым теңсіздіктерге дейін қысқарды. Олардың шешімдерін параллель сандық сызықтарда көрсетсек:



Бұл жиындардың қиылысы осы теңсіздіктің жауабы болады [7].

Жауабы: $x \in (12; +\infty)$.

Мысал 3: Теңдеуді шешіңіз:

$$|3x - 8| - |3x - 2| = 6 \quad (3)$$

Шешуі: Бұл теңдеуді шешу үшін анықтама бойынша модульді ашу тәсілімен төрт жағдайды қарастыратын боламыз:

$$\text{Жағдай 1: } \begin{cases} 3x - 8 \geq 0 \\ 3x - 2 \geq 0 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} 3x \geq 8 \\ 3x \geq 2 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} x \geq 8/3 \\ x \geq 2/3 \end{cases} \rightarrow x \geq 8/3$$

Осылайша, көрсетілген аралықтағы теңдеу:

$$3x - 8 - (3x - 2) = 6 \rightarrow -6 = 6$$

Соңғы теңдік мағынасы жоқ, сондықтан бастапқы теңдеу $x \in [8/3; +\infty)$ аралығында жауабы жоқ.

$$\text{Жағдай 2: } \begin{cases} 3x - 8 \geq 0 \\ 3x - 2 < 0 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} 3x \geq 8 \\ 3x < 2 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} x \geq 8/3 \\ x < 2/3 \end{cases}$$

Бұл жүйе сәйкес келмейді.

$$\text{Жағдай 3: } \begin{cases} 3x - 8 < 0 \\ 3x - 2 \geq 0 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} 3x < 8 \\ 3x \geq 2 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} x < 8/3 \\ x \geq 2/3 \end{cases} \rightarrow 2/3 \leq x < 8/3$$

Осылайша, көрсетілген аралықтағы теңдеу:

$$-(3x - 8) - (3x - 2) = 6 \rightarrow x = 2/3$$

Теңдеудің түбірі $[2/3; 8/3)$ аралыққа жатады.

$$\text{Жағдай 4: } \begin{cases} 3x - 8 < 0 \\ 3x - 2 < 0 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} 3x < 8 \\ 3x < 2 \end{cases} \rightarrow \begin{cases} x < 8/3 \\ x < 2/3 \end{cases} \rightarrow x < 2/3$$

$$-(3x - 8) - (-(3x - 2)) = 6 \rightarrow 6 = 6$$

Соңғы теңдік x айнымалысының кез-келген мәндерінде жарамды, демек теңдеудің жауабы $(-\infty; 2/3)$ аралыққа жатады. Барлық жағдайларды біріктіре отырып, біз бастапқы теңдеудің қажетті шешімін табамыз [7].

Жауабы: $(-\infty; 2/3]$

Модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу есептің берілгеніне байланысты болып келеді, себебі есептің деңгейіне байланысты қай тәсілмен шығарған тиімдірек екенін байқап айтуға болады. Модульмен теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің көптеген әдістері бар, бірақ олардың ешқайсысы әмбебап емес. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін оқушының әр жағдайда ең тиімдісін тандай алуына, мүмкіндігінше көп шешім әдістерін игеруіне қол жеткізу керек.

Жоғарыда көрсетілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің бірнеше тәсілдерін оқыту әдісінің түсіндірме-иллюстрациялық немесе ақпараттық рецептивті және репродуктивті әдістермен түсіндірген қолайлы болады, себебі мысалдарда шығарылған әдіс-тәсілдерде формулалар, мұғалімнің материалды жеткізуінсіз есепке нақты жауап ала алмаймыз. Ал проблемалық оқыту әдісіне жүгіну үшін, есептің берілгенін қате жазу сияқты мысалдармен, проблеманы туындату арқылы қолдануға болады.

Қорытындылай келе, мақалада ғалымдардың модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктер туралы тұжырымдамалары мен зерттеулері қарастырылды және модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің бірнеше әдістерін зерттеген ғалымдардың жұмыстары мен мақалалары зерттелді. Сонымен қатар, оқыту әдістері және оның түрлері қарастырылып, есептерді шешуде әдістердің ерекшелігі сипатталды. Модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде мектеп математика курсына тәсілден басқа да тәсілдер қолданылып, оларға мысалдар келтірілді. Бірақ та олардың ешқайсысы әмбебап емес. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін оқушының әр жағдайда ең тиімдісін таңдау құқығын сақтай отырып, мүмкіндігінше көп шешім әдістерін игеруіне қол жеткізу керек. Нақты оқу процесінде әдістерді белгілі бір классификацияға жатқызу емес, мұғалімнің олардың дидактикалық мәнін, тиімді қолдану шарттарын терең білуі, оларды білім алушылардың танымдық іс-әрекетін басқару үшін қолдана білуі ең маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абсолютная величина [Электронный ресурс]: Википедия. Свободная энциклопедия. – Режим доступа: <https://w.wiki/9jCQ> (дата обращения: 10.04.2024).
2. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық: 2 бөлімнен тұрады / А.Е.Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә.Жұмағұлова. – 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б.
3. Кукушин В.С. Теория и методика обучения / В.С. Кукушин.— Ростов н/Д. : Феникс, 2005. — 474 с.
4. Математические термины: справ.-библиогр. словарь [Текст] / сост. Картавов С. А. - К. : Выш. шк. головное изд-во, 1988. – 295 с.
5. Попкова А.О. Решение неравенств с модулем в средней школе. – URL: <https://nauchkor.ru/pubs/reshenie-neravenstv-s-modulem-v-sredney-shkole-5c1abe377966e104f6f858ea> (дата обращения: 10.04.2024).
6. Темербекова А. А., Чугунова и. в., Байгонакова Г. А. Математиканы оқыту әдістемесі: оқу студенттерге арналған нұсқаулық жоғары оқу мекемелер. - Таулы Алтай: РИО ГАГУ, 2013. - 365 б.
7. Элементарная математика. Уравнения и неравенства с модулем: учеб. пособие / А.В. Фирер, Е.Н. Яковлева, А.П. Елисова, Т.В. Захарова; отв. ред. Н.К. Игнатьева. – Красноярск: Сибирский федеральный университет, 2020. – 113 с.

ӘОЖ 378

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШ РЕТІНДЕ

Бексултанова Айымгүл Жумакановна,

*БҚО Білім беруді дамыту орталығының бөлім басшысы,
Орал қ.*

Аннотация: білім беру жүйесінің трансформациясы - күн сайын жаңа айналымдарға, бағытталған мүмкіндіктерге ие болатын, бірақ адам өмірінің жайлылығын арттыратын сөзсіз үрдіс. Білім беруде жаңа технологиялық әдіс - тәсілдерді тиімді пайдалану, жаңашылдықты енгізу - білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.

Мақалада білім сапасын арттыруда негізгі көрсеткіш ретінде қарастырылатын ақпараттық цифрлық технологиялар, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, кадрмен қамтамасыз ету, білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері, мақсатты білім беру мәселелері қозғалған.

Кілт сөздер: цифрлық технологиялар, жаңашылдық, цифрлық білім, білім беру жүйесінің трансформациясы.

Ақпараттық цифрлық технологиялардың арқасында білім беру жүйесі қарқынды түрде өзгеруде.

Біз үнемі үлкен өзгерістер болып тұратын, кәсіби процестердің орындалуы өзгеретін, қоғамның тұрмысы, қарым-қатынасы өзгеретін әлемде өмір сүріп жатырмыз. Кәсіби қызметті жүзеге асырудың негізгі элементтері болып табылатын цифрлық технологиялар адам қызметінің барлық салаларына енгізілуде. Бұл факт қажетті кәсіби әлеуетті қамтамасыз ете алатын білім беруді трансформациялау мәселесін анықтайды.

«Цифрлық педагогика» деп «жаңа педагогиканы» – білім берудің мәнін, заңдылықтарын, оның тұлғаны дамытудағы рөлін ашатын, педагогикалық процесті орталықсыздандыру, оны білім алушының қызметіне қайта бағдарлау, оның дербестігі мен академиялық ұтқырлығы мақсатында ашық білім беру ресурстарының, ақпараттық технологиялардың көмегімен білім беру процестерінің нәтижелілігін арттырудың практикалық

жолдары мен тәсілдерін әзірлейтін педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі ғылыми білім саласы деп түсіну қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Педагогтердің материалдық уәждемесі мен кәсіби біліктілігін арттыру, дарынды балаларды қолдау, жаңа мектептер салу, отандық ғылымды дамыту – Қазақстанда сапалы білім берудің мықты іргетасын қалау үшін пысықтау қажет нәрселердің бірі» деп атап көрсетіп, сапалы білім беру мәселесіне ерекше назар аударды.

XXI ғасыр – білім, жаңару, жаңашылдық кезеңі екені баршамызға мәлім. Әлем бір орында тұрмайды. Дамылсыз дамудың үдей түскенін күнделікті байқаймыз. Жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгешеліктер жүріп жатыр. Заманауи технологиялар, ғылым саласындағы жаңалықтар мен жетістіктер адамға шабыт береді, алайда, осы құбылыстардың негізінде білімі, білігі, құндылықтары мен мақсаты бар жеке тұлға тұрғанын есте ұстауымыз абзал. Жеке тұлға, яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе.

Мемлекет мұғалімдердің мәртебесін көтеру, білім ошақтарын салу міндеттемелерін алға қойып орындап келеді. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, оқыту әдістемелерін, оқу материалдарын енгізуге қажетті жағдай жасауда. Білім беру саласында бәсекелестік орта қалыптасып, кәсіби мамандар дайындалуда. Мұның бәрі терең әрі саналы дамуға, бала да, ата-ана да, мұғалім де сезінуі тиіс алғышарттар деп есептейміз.

Бүгінгі таңда жаңа технологиялардың, интернеттің рөлі барған сайын артып, адамдардың, жалпы қоғамның дамуына тыныс-тіршілігіне ықпал етуде. Қазіргі заманғы тенденцияларды ескере отырып, білім берудің жаңа моделін енгізу бағытында жұмыс істеу - заман талабы, бұл «білім беру – оқу» ұстанымынан «білім беру- тұлғаның қалыптасуы мен дамуы» ұстанымына көшуді көздейтін процесс.

Осыған орай, адам бойындағы қабілеті, мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай оқудың барлық кезеңінде өз бетінше оқыту құзыреттілігін дамыту, өмір бойы үздіксіз білім беру жүйесі шеңберінде даму траекториясын құру бірінші кезекте тұрады.

Білім беру ортасын толыққанды трансформациялауда келесі мәселелер қарастырылады:

- Демографиялық өзгерістер

Халық санының өсуі, отбасы құрылымының өзгеруі және көші-қон ағындары

- Кадрмен қамтамасыз ету

Білім саласындағы кадр тапшылығы, соның ішінде білікті мамандардың қажеттілігі, педагогтің үздіксіз дамуының рөлін күшейту

- Білім сапасы

Мектеп оқушыларының білім сапасын мониторингілеу, тәуелсіз бағалауды енгізу, халықаралық зерттеулердің қорытындысының талдауы

- Жаңа технологиялар мен цифрландыру:

Цифрлы мәдениетті көтеру, оқушылардың цифрлық сауаттылығы, педагогтердің оқытудың жаңа әдістері мен тәжірибесін меңгеруі, сабақ беруде ақпараттық технология дағдыларын дамыту бойынша біліктілік курстарынан өткізу, цифрлы әдістемелік материалдарды, инновациялық әдістерді енгізу, білім беру ұйымдарын компьютерлермен және интернеттің тиісті жылдамдығымен қамтамасыз ету білім беру мен оқу процесіне әсер ететін маңызды мәселелер болып танылады.

Білім беру жүйесінің трансформациясы – бұл күн сайын жаңа айналымдарға, бағытталған мүмкіндіктерге ие болатын, бірақ адам өмірінің жайлылығын арттыратын сөзсіз үрдіс. Бүгінгі цифрлық оқыту форматының дәстүрлі білім беру жүйесінен айырмашылығы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын қазіргі қоғам үшін қажеттілік болып табылады. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану - білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Сондықтан да заманауи технологияларды тиімді пайдалану, іріктеу және оны іс - әрекеттік тұрғыда жетілдіру жұмыстары оқушының білім жетістіктерін арттыруға бағытталған.

Оқытудың бүгінгі цифрлық форматы дәстүрлі білім беру жүйесінен айырмашылығы, олардың сұраныстарын қанағаттандыра алатын заманауи қоғам үшін қажеттілік болып табылады. Цифрлық білім беру ортасы мінсіз емес, бірақ прогресс бір орында тұрмайды, үздіксіз трансформация жүріп жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Баршаға қолжетімді сапалы білім" Ұлттық баяндама жобасы.
2. Батыс Қазақстан облысы бойынша "Баршаға қолжетімді сапалы білім" Ұлттық баяндамасын іске асыру Жол картасының жоспары.
3. "2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" Әдістемелік нұсқау хат.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРЕНДТЕР

*Бектлеуова Гультайруз Казығалиевна,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Мұхит атындығы ЖОББМ,
Қаратөбе ауданы,
Қаратөбе ауылы, БҚО*

Аннотация: Бұл мақалада қазіргі білім берудегі халықаралық трендтердің алар орны мен артықшылығы көрсетілген. Оқушының жан-жақты дамуына тікелей әсерін тигізетін, озық ойлы, бәсекеге қабілетті шәкірт тәрбиелеуге бағытталған жаңа технологияның мүмкіндіктері талданып, қазақ тілі сабағын Smart-оқыту арқылы оқыту әдістемесі ұсынылған.

Кілт сөздер: білім берудегі трендтер, жаңартылған білім мазмұны, қарым-қатынас, қабілет, оқушы деңгейі, сөйлеу әрекеттері, әдістер.

Дайын мағлұматты мұғалім айтып беріп, балалар жадағай отырып тыңдағандай болмасын. Мұғалімнің жәрдемімен өмір мәселесін бала өздігінен ойлап, ізденіп шешкендей болсын
Ж. Аймауытов

Қазіргі таңда «тренд» сөзі қоғамның қай саласында болса да кеңінен қолданысқа енген жаңашылдық бағыт, өзгеріс ұғымын білдіретін әлемдік тәжірибеге негізделген тенденция. Мен бұл мақалада білім жүйесінде қалыптасқан «трендке» айналған оқыту бағдарламалары туралы сөз қозғайтын боламын.

Білім беру жүйесіне халықаралық оқыту әдістемесін тарту мен тәжірибе алмасу және білім берудің қазіргі заманғы трендтерін дамыту, жаңашылдық енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі трендтер – ол оқушылардың оқуға, сауатты болуға өз бетінше дағдылану қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін педагогикалық әдістеменің біртұтас кешені. Аталған жүйе бойынша білім беру мүмкіндіктерін қолға алатын болсақ оқушы бойына:

- өз пікіріне сыни көзқараспен қарау;
- берілген тақырып бойынша зерттеу жүргізу;
- нақты дәлелдемелермен тұжырым жасау;
- жеке және топпен бірлесе тапсырма орындау;
- шығармашылық қабілеттерін шыңдау дағдыларын қалыптастыра аламыз.

Сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – қоршаған ортаны танып білуге, қоғамның өзекті мәселелері мен жаңалықтарынан хабардар болуға және оларды тез қабылдауға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушының өз бетінше ізденуіне, жетістікке жетуіне және үздік оң нәтиже көрсетуіне мұғалімнің қолдауы мен бағыт-бағдары өте маңызды. Себебі шығармашыл, ізденімпаз, заманауи ұстаз ғана зияткер, бәсекеге қабілетті шәкірт тәрбиелей алады.

Ушинскийдің сөзімен айтар болсақ: «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Осы ретте жаңартылған білім беру жүйесі ұстаздардың әрдайым ізденісте, цифрлық технологиямен сауаттанған, заман талабына сай болуын талап етеді.

Қазіргі білім беру жүйесіне халықаралық озық трендтерді тартудың негізгі мақсаты – оқыту жүйесін ізгілендіруі және жаһандық өзгерістерге бейімдеу, сонымен қатар елге қызмет ететін білімді де тәрбиелі және ең бастысы жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Аталған технология бойынша оқытудың әдістері өте көп. Оны орынды қолдана білу оқушыны жан-жақты зерттеуге, дамытуға мүмкіндік береді.

Заманауи білім берудің трендінің бірі - Smart-оқыту. Бұл дегеніміз - оқыту процесінде цифрлық-ақпараттық технологияның әлеуетін пайдалану. Smart-оқыту аты айтып тұрғандай 5 бағытты нәтиже алуды көздейді:

S – Self Directed (өзін-өзі оқытуға бағдарланған)

M - Motived – (белсенді танымдық іс-әрекетті негіздейді)

A – Adaptive – (білім беру субъектісіне бейімделген)

R – Resource Free – (білім беру ресурстарына еркін қолжетімділігі бар)

T – Technology Embedded – (технологиялармен қамтамасыз етіледі).

Оқытудың бұл түрінің ерекшелігі «ақылды» технологиялар арқылы электронды түрде кез-келген ғаламтор желісі қолжетімді болған жағдайда қашықтықтан оқытуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқыту қазіргі қоғамның мүмкіндіктеріне сәйкес білімнің жоғарғы деңгейімен қамтамасыз ете отырып, оқушының құбылмалы қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан тыс ақпараттармен қаныға отырып, өз бетінше ізденуіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағында Smart-технология арқылы білім беру оқушының сөйлеу әрекеттерінің тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) жетілдіріп, өзіндік пікірін ойын көпшілік алдында ашық айтуға, нақты дәлелдер арқылы сөйлеуге қалыптастырады. Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өз сабағымда пайдаланатын Smart-оқытудың әдістерімен бөлісемін:

1. Kahoot қосымшасы. Бұл қосымша көмегімен оқылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыру мақсатында тест тапсырмаларын алып, сайыстар ұйымдастыруға болады. Бағдарламамен жұмыс жасау барысында интерактивті тақта және ұялы телефондарды пайдаланады. **Kahoot-те** тапсырмаларға суреттер мен видеоүзінділер қосуға болады. Алдын ала жасалған тапсырмалардың сілтемесін оқушыларға бөлісу арқылы ойынға қосамыз. Аталған қосымшаны қазақ әдебиеті сабағында үйге берілген тапсырманы тексеруге немесе жаңа сабақты меңгертуге қолдануға болады. Мысалы 5-сынып оқушыларына Ы. Алтынсариннің әңгімелерін өту барысында **Kahoot** қосымшасы арқылы викториналық сұрақтар құрастыруға болады:




1. Ыбырайдың әкесінің аты кім?
2. Ыбырай Алтынсариннің шын есімі кім?
3. Сейітқұл кезіп жүріп қай өзеннің бойына тоқтайды?

4. Арпа, бидай егетін алқапты қалай атайды? т.б. сұрақтарды қосымшаға орналастыру арқылы сабақты қорытындылап сайыс өткізуге болады. Бағдарлама жауаптарды қабылдап, дұрыс жауаптар арасынан жеңімпазды өзі анықтайды. Кесте бойынша кім неше жауапқа дұрыс жауап берді қорытындысы экран бетіне шығып тұрады. Бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, есте сақтау қабілеттерін шыңдап, жылдамдыққа және тапқырлыққа баулиды.

2. Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисі. Сабақты қызықты етіп ұйымдастыруға, жаңа тақырыпты жеңіл жылдам түсінуге, бекіту, қорытындылау, талдауға негізделген мүмкіншіліктері шектеусіз білім берудің әдістемелік базасы деуге болады. Бұл сервиске кездейсоқ таңдау арқылы сабаққа жауап беретін оқушыларды таңдауға болады. Арнайы шаблондар арқылы сынып оқушыларының есімдерін тізіп жазып, түймешені басқанда айналма арқылы оқушының есімін таңдап береді. Таңдалған оқушы сұраққа жауап береді. Бір оқушы бір рет қана таңдалады. Жоғарыда атап өткенімдей **Wordwall сервисінің** мүмкіндіктері өте көп.



5- сынып оқушыларына қазақ тілі пәнінен Сапалық және қатыстық сын есімдерді меңгерту барысында «Адасқан әріптер» бөлігі бойынша сын есімдерді жасырамыз. Мысалы суретте көріп тұрғандай **ш, е, е, к, р, н, і** әріптері, бұл әріптерді астыңғы жағына рет-ретімен орналастырғанда «еріншек» сөзі шығады және осы жерден оның сапалық немесе қатыстық сын есім екенін табу тапсырылады.



әріптер» бөлігі бойынша сын есімдерді жасырамыз. Мысалы суретте көріп тұрғандай **ш, е, е, к, р, н, і** әріптері, бұл әріптерді астыңғы жағына рет-ретімен орналастырғанда «еріншек» сөзі шығады және осы жерден оның сапалық немесе қатыстық сын есім екенін табу тапсырылады.



3. LearningApps сервисі. Бұл қосымшаның да қолдануға арналған мүмкіндіктері өте көп. Сервиске видеоүзінділерді, суреттерді жүктеуге болады. Сөйлеу әрекетінің тілдік дағдылары бойынша тақырыпқа қатысты тапсырмаларды орналастырып, сабақты қызықты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Т. Нұрмағанбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесінен үзінділер мазмұнын меңгертуге арналған тапсырмалар үлгісін ұсынайын. Бағдарламада «Бәйге» бөлігіне сұрақтар мен тапсырмалар орналастырамыз. Ойынға екі оқушы қатысып сұрақтарға жауап береді. Сұраққа ең көп дұрыс жауап берген

оқушының аты бәйге сызығына бірінші жетіп жеңімпаз анықталады. Жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың барлығы ғаламтор қолжетімді орындарда жүзеге асады. Бұл жаңа технологиялар мұғалімнің сабақты қызықты ұйымдастыруына көмегін тигізіп, оқушылардың қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді. Заманауи трендтерді оқытуда қолдану мұғалімнің де үнемі ізденісте болып, өз-өзін жетілдіріп, дамытып отыруын талап етеді. Бұл дегеніміз бүгінгі жаһандану дәуірінде адамзат баласының жасына, мамандығына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отырып, заман ағымына ілесе дамып отыруы. Негізгі мақсат мектеп қабырғасынан зияткер, бәсекелеге қабілетті, физикалық және психологиялық тұрғыдан тұрақты дамыған, өз ойын ашық айта алатын, елін, жерін сүйетін «толық адам» феноменіндегі тұлғаны қалыптастыру. Кез-келген пән мұғалімінің осы мақсатқа қол жеткізу жолындағы пәндік әдістемесі әртүрлі болады. Ежелгі Қытай елінің ойшылы Конфуцийдің «Мақсатыңыз қолжетімсіз екеніне көзіңіз жеткен

кезде мақсатыңызды емес, әдісіңізді өзгертіңіз» деген сөзі бар. Бұл кез келген мақсатқа қол жеткізу үшін қолданған әдісіміздің тиімділігі маңызды екенін білдіреді.

XXI ғасыр - жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру үрдісінде жаңа технологияларды тиімді қолдану заман талабына айналды. Біз сандық технология жаңалықтарын жатырқамай қабылдап, тұрмысымызға енгіздік. Демек, заман сұранысын қанағаттандырып, талапқа сай саналы әрекетке көштік. Технология тетіктері адамға жаңаша мүмкіндіктер сыйлады. Бірнеше ғасыр бұрын дала қоңырауы Ы.Алтынсариннің:

«Өнер білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден

Жылдам хабар алғызды» деп озық елдердің мәдениетін таңсық көріп, арман еткен жаңалығы бүгінгі қоғам белесінде жемісін берді. Бір мезетте төрткүл дүниенің жаңалығына куә болып, ақпараттар толқынымен танысу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Ендеше жаңашыл, заманауи шәкірт тәрбиелеудегі еңбегіміз жемісті, нәтижелі болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым.
2. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. PEARSON 2013. – [138 б.]
3. Оразахынова Н. Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2013ж. №2.-18-23 б.
4. Қазақ әдебиеті. Оқулық. Б. Керімбекова, Ә. Қуанышбаев, Алматы. 2017ж.
5. Қазақ тілі. Оқулық. Б. Қапалбек, М. Жолшаева, Т. Мадиева, Алматы, 2017ж.

Интернет ресурстары:

1. <https://massaget.kz/>
2. <https://learningapps.org/>
3. <https://kahoot.com/>

ӘОЖ 530.1

ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКАНЫ ОҚИТУ САПАСЫН АРТТЫРУ

Бердигалиева Бибиғуль Максұтовна,
физика пәнінің мұғалімі,

*Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы,
Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі,
Абай атындағы мектеп-гимназия-интернат КММ*

Аннотация: Оқушылардың ойдағыдай оқуы мен танымдық қызығушылығын дамытудың маңызды шарттарының бірі – олардың өздік жұмысын ұйымдастыру. Бұл мәселені шешу құралдарының бірі дидактикалық материалдар болып табылады. Дидактикалық материалдар оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын, абстрактылы логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етуі тиіс. Олар ойын-сауық элементтерін қамтуы керек (жаңалық, әдеттен тыс, тосын, бұрынғы идеялармен сәйкессіздік, айқындық, контраст). Оқудағы көңіл көтеру адамның танымдық процестерінің жақсы ағымына, оның ойлауының белсендірілуіне және білім пәніне эмоционалдық қатынасының шиеленісуіне сәйкес келеді.

Кілт сөздер: Дидактика, материал, логика, білім беру жүйесі, оқулық.

Аннотация: Одним из важнейших условий правильной учебы и развития познавательного интереса учащихся является продуманная организация собственной работы. Дидактические материалы являются одним из инструментов решения этой проблемы. Дидактические материалы должны способствовать развитию у учащихся познавательного интереса к предмету, абстрактно-логического мышления, творческих способностей. Они должны содержать элементы зрелищности (новизна, необычность, неожиданность, несоответствие предыдущим идеям, ясность, контрастность). Веселье в обучении соответствует хорошему течению познавательных процессов человека, активизации его мышления и напряжению его эмоционального отношения к предмету обучения

Ключевые слова: Ключевые слова: Дидактика, материал, логика, образовательная система, учебник.

Abstract: One of the most important conditions for proper study and development of students' cognitive interest is the thoughtful organization of their own work. Didactic materials are one of the tools for solving this problem.

Didactic materials should contribute to the development of students' cognitive interest in the subject, abstract logical thinking, and creative abilities. They must contain elements of entertainment (novelty, unusualness, surprise, inconsistency with previous ideas, clarity, contrast). Fun in learning corresponds to the good flow of a person's cognitive processes, the activation of his thinking and the tension of his emotional attitude to the subject of study.

Key words: Didactics, material, logic, educational system, textbook.

Студенттердің оқу-танымдық белсенділіктерін сабақта да, үйде де өзіндік жұмыс кезінде арттыру үшін жаңа үлгідегі дидактикалық материалдарды, оның ішінде ойын-сауықтық сипаттағы материалдарды пайдалану оқытудың бастапқы кезеңінде ерекше маңызды.

Физика курсына негізгі оқыту керек деген сұраққа оптика, механика, электромагнитизм, т.б. зерттегіңіз келетін құбылыстарға байланысты нақты жауаптар бар сияқты. Дегенмен, физика дидактика курсына негізгі оқыту керек деп сұраңыз? Мұнда нақты немесе біркелкі жауаптар жоқ сияқты. Бұл зерттеудің мақсаты зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мұғалімдерді оқыту бағдарламасында физика дидактикасының жұмысының үш өлшемді құрылымын ұсыну болып табылады. Біз физика дидактикасын тәртіптік, әлеуметтік-мәдени және өзара әрекеттестік өлшемдері арқылы сипаттадық, демек, әсерді талдау және осы өлшемді ұсынысты растау үшін оқыту әдістемесін әзірлеп, қолданамыз. Деректерді талдау физика дидактикасын негізгі және қалай оқыту керектігін шешу үшін мақсаттарды, мазмұнды және стратегияларды құрылымдау үшін осы көп өлшемді перспективаны пайдалану өте өзекті екенін айтуға мүмкіндік береді. Біз жаңадан келген мұғалімдердің физика сабағына дайындалу олардың физика білімін (тану) қабілеттерін, физиканы оқытудағы есептерді шешумен әртүрлі пәндерді байланыстыру критерийлерін және өзара әрекеттесуді байытудың әртүрлі тәсілдерін кеңірек түсінуді талап ететінін мойындағанының дәлелдерін келтіреміз сыныпта. Бұған дейін бұл ұсыныс әдетте оқыту дидактикасында қарастырылатын техникалық және аспаптық көзқарасты жеңуге маңызды үлес қосты.

Осы саладағы зерттеушілердің физика дидактикасын қалай түсінетінін зерттеу үшін біз ақпаратты үш тұрғыдан талдаймыз: мұғалімдердің білім беру бағдарламаларын жетілдіру мәселесінің перспективалары және оның физика дидактикасымен байланысы, ғылымды оқытудың негізгі білдіретіні туралы көзқарастар және нақты дидактикаға көзқарастар. Мұғалімдерді даярлау бағдарламаларын жетілдіру мәселесіне келсек, соңғы онжылдықтарда оқу бағдарламалары мен олардың дамуының негізінде жатқан идеологияларды өзгерту қажеттілігін көрсететін зерттеулер жүргізіліп жатқанын анықтадық. Мысалы, (Карвальо және Гил-Перес, 1993) бізді оқытудағы жалпы мағынадан шығуға, ғылымды оқыту мен үйренудің негізгі білдіретінін түсінуге, ұжымдық инновациялық күш ретінде педагогикалық тәжірибені басшылыққа алуға және зерттеу мен білім беру тәжірибесін байланыстыруға шақырады. Жай ғана білім беруден тыс. Бұл мағынада, Гарсия-Кармона (2009) физика дидактикасына қатысты зерттеу мен оқыту арасында болуы керек қажетті қарым-қатынасты атап көрсетеді. Қазіргі уақытта мұғалімдер ақпаратты беру негізінде сыныпты жеңуге шақырылады. Оларға күрделі ортада нақты өмірлік оқу мәселелерін шешуге, олардың педагогикалық тәжірибесіне рефлексия жасаудан, студенттермен қарым-қатынас жасаудың дұрыс процестерін дамытудан, контексттік түрде оқытудан дербестікке ие болу талап етіледі. түрде және қоғамның заманауи қажеттіліктерін қанағаттандыру. (Марсело, 1999) сондай-ақ нақты өзгерістерге қол жеткізу үшін, ең алдымен, пәнді толық, объективті, абсолютті түрде беру және негізінен түсіндірме әдістерін қолдана отырып, сабақта жұмыс істеу сияқты мұғалімдерді дайындаудың кейбір парадокстарын жеңу қажет екенін атап өтеді. Әдістер, бірақ болашақ мұғалімдер пәнаралық көзқарас арқылы әртүрлілік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі стратегияларды қолдануды талап етеді. Немесе сыныптағы тәртіпке авторитарлық тәсілді қолданыңыз, бірақ болашақ мұғалімдерден өз оқушыларында тәуелсіздікті дамытуды сұраңыз. Бұл мұғалімдер білімін зерттеуге нақты қиындық тудыратын парадокстар. Әдебиет сыни, көреген, зерттеуші, автономды және интеллектуалды профессорды дамыту бойынша ұсыныстар сияқты қажетті қайта құруларға бағыт-бағдар бере алатын бірқатар мүмкіндіктерді көрсетті деп айта аламыз. Жоғары консенсусты немесе кездесу нүктелерін іздеуді талап ететін көзқарастар.

Осыған байланысты физика дидактикасын оқыту ісін жаңа бастаған мұғалімдердің білімін тереңдетуге көмектесуі керек деп есептейміз. Физикада, бірақ ол басқа контексте белгілі бір мазмұнды көрсететін адамдарды қалай оқыту және түсіну туралы нақты білім жинақтауы керек. Осылайша, бұл зерттеу физика дидактикасының мақсаттары, мазмұны мен оқыту әдістерінің мағынасын көбірек анықтауға бағытталған.

Жаратылыстану ғылымын оқыту саласы үшін мұның негізгі білдіретіні туралы айтатын болсақ, халықаралық контексте жаратылыстану ғылымы білімінің зерттеу саласы ретінде шоғырландырылғанын айта аламыз; дегенмен, көзқарастардың алуан түрлілігімен және әлі де мектептердегі күнделікті оқыту тәжірибесінен өте алыс. Мысалы, Бразилия контекстінде (Автор, 2005) білімнің бұл саласы гегемондық парадигмаға қатысты ұйымдастырудан емес, кейбір ортақ проблемаларды бөлісу тарихының болуынан пайда болғаны көрсетілген. (Astolfi & Develay, 2002) сияқты жұмыстардан кейбір еуропалық және американдық үрдістер; (Карвальо А., 2004); (Качапуз, Прайя және Хорхе, 2002); (Феншам, 2004); (Санмарти, 2002); (Vienneau, 2004) жаратылыстану пәні мұғалімдерінің дайындығы зерттеу нәтижелеріне негізделген өзгерістерді және оқыту мен зерттеу арасындағы маңыздырақ өзара әрекеттесуді талап ететінін көрсетеді. Дегенмен, сонымен бірге олар осы саладағы негізгі оқу пәндерін анықтау сияқты тақырыптардағы айырмашылықтарды көрсетеді. Мысалы, оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге немесе мұғалімнің қажетті біліміне, немесе оқушылардың жорамалдарын шешу жолдарына, немесе жаратылыстану ғылымын оқытудың

мақсаттарына немесе қандай мазмұнда оқытуға немесе не үшін оқытуға назар аударады? Оқыту осы контексте.

Ақырында, нақты дидактикаға қатысты перспективаларға қатысты біз әрбір ғылыми пән үшін оқу мазмұнының нақты дамуына қатысты кейбір консенсус бар екенін анықтадық. (Санмарти, 2002) мысалы, дидактика туралы білім әртүрлі пәндердің синтезі ғана емес, сонымен қатар әрбір ғылыми пәннің проблемалары мен концептуалды құрылымы негізінде тұжырымдалады, бұл педагогикалық тәжірибенің және педагогикалық тәжірибенің ерекшеліктерін жасайды. білімнің құрылысын талап етеді, белгілі бір оқу салаларында.

Сонымен қатар (Astolfi & Develay, 2002) дидактика сыныптағы оқушылардың студенттерді қабылдауы және мұғалімнің араласуы сияқты нақты тақырыптарды зерттейді деген қорытындыға келді. Бірақ бұл сұрақтар пәндік білімге қатысты зерттелуі керек; бұл жағдайда физика. Сондай-ақ олар нақты оқу үдерістеріне бейімделмеген «жалпы дидактикалық тәсіл» немесе білім беру мақсаттарын ұмытып, тек ғылымның өзін оқытуға бағытталған «арнайы дидактикалық тәсіл» туралы ойлаудан сақтандырады. Сондықтан біз «Физика дидактикасының» пәнаралық сала екеніне келісеміз. Гносеологиядан алынған білім перспектива (Хашве, 1996) сияқты концептуалды құрылымдарды түсінуге, оқушылардың тұжырымдамаларын анықтау және олармен жұмыс істеу туралы мұғалімнің сенімін білуге, оқыту стратегияларын жоспарлауға және жақсартуға көмектеседі. Педагогика оқыту үлгілерінің тенденцияларын және олардың сәйкес талдауын зерттеу үшін, мысалы, Клетт, К. (2007) көзқарасы бойынша, оқыту мен оқу үдерісінің және ғылыми мазмұнның инновациялары туралы теориялар арасындағы қашықтықты еңсеру. Оқыту процестерін зерттеуге арналған когнитивті психология, мысалы, Лупу, С. (2013) ғылыми пәннің психологиялық және гносеологиялық құрылымына негізделген оқу әрекетін жобалауды, сондай-ақ баламалы бағалау әдістерін қарастырады. Ғылыми фактілердің парадигмалары мен себептерін талдау үшін ғылым тарихы мен философиясы. Мысалы, Sales, Greca, and Freire (2012) көрсеткендей, студенттердің ғылымның табиғатын түсінуіне қатысты неғұрлым жетілген көзқарастарын дамыту, сондай-ақ басқа пәндермен қатар мұғалімдер мен студенттерде аргументация мен метатанымның сапасын арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аквилева О.В. 4-сыныптың жаратылыстану курсына физикалық элементтерді зерттеу. Diss. . қант пед. ғылым – Л., 1971. -205 б.
2. Акимова М.Қ., Козлова В.Т. Оқушылардың даралығы және жеке көзқарас. М.: Білім, 1992. – 80 б.
3. Анастасова Л.П. Дидактикалық материал берік білім алу құралы ретінде // Биологияны оқытудың дидактикалық құралдарының мәселелері. М.: Білім, 1979. – 41-46 б.
4. Андреева А.А. Сіз экспериментті бастадыңыз. М., 1996. – 82 б.
5. Афанасьев В.Г. Қоғам, жүйе, білім және басқару. М., 1981.-С. 249.
6. Афанасьев В.Г. Жүйе және қоғам. М.: Политиздат, 1980. – 268 б.
7. Бабанский Ю.К. Қазіргі оқу кешендерінің дидактикалық мәселелері // Мектеп оқушыларының мәселелері. V. 8. - М.: Білім, 1980.-Б. 17-33.
8. Бабанский Ю.К. Қазіргі жалпы білім беретін мектепте оқыту принципі // Халық ағарту, 1979. No 2. - 101-111 б.
9. Баянкина З.В. Ұжымдағы танымдық ойындар жасөспірімдердің шығармашылық белсенділігін дамыту құралы ретінде. М.: Педагогика, 1986. – 146 б.
10. Бейлинсон Ю.В.Г. т.б. Білім беру арсеналы: сипаттамасы, дайындау, ғылым құрылысы, басылымдар. М.: Кітап, 1986. – 288 б.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ САЗ ЖЕТЕКШІСІНІҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Бердығалиева Гульназ Мерамовна,
Зайнеденова Камшат Мауленқызы
№34 «Балбұлақ» бөбекжайының саз жетекшілері,
Орал қ.*

***Аннотация:** Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық тәрбиесін дамытуда инновациялық әдістерді қолдану туралы саз жетекшісінің тәжірибесі келтірілген. Авторлар музыка оқу іс әрекетінде пайдаланатын бірнеше әдіс тәсілдерімен бөліседі.*

***Кілт сөздер:** Ақпараттық технология, музыкалық сайттар, нейробум, музыкаграмма, мнемотехнология, жасанды интелект.*

«Музыкалық тәрбиесіз баланың толыққанды психикалық дамуы болмайды.
Музыка – ойдың құдіретті көзі".
(К. Д. Ушинский)

Ағылшын философы Фрэнсис Бэкон айтқандай: "Білім- елі мен халқына пайда әкелгенде ғана үлкен күш болып табылады». Қазақстан серпіліс табалдырығында тұр, экономиканың әрбір саласына жаңашылдық біртіндеп енгізілу үстінде. Сонымен қатар оны дамыту және оны қолдану бойынша әртүрлі бағдарламалар қабылданып жатыр.

Осы орайда балабақшадағы білім беру жүйесі туралы айта кететін болсақ, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың жолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп елбасымыз айтпақшы, жаңа заман баласын қалыптастырып дамыту үшін, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде педагогтардың педагогикалық жаңа технологияларды қолдана білу сауаттылығына байланысты. Яғни педагогикалық жаңа технологияларды қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау- қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі.

Мектепке дейінгі ұйымда саз жетекшілік қызметті атқара отырып, бөбекжайға келген әрбір баланың музыкаға деген қызығушылығын, оның эстетикалық талғампаздығын ояту, музыкалық қабілеттерін жетілдіру біздің сүйікті жұмысымыз болып табылады. Ол үшін саз жетекшіден кәсіби шеберлік талап етіледі. Қазіргі заманғы музыка жетекшісі қандай болуы керек? деген заңды сұрақ туады. Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі әнші, биші, әртіс қана емес, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, түрлі музыкалық аспаптарда ойнай алатын, жаңа заман талабына сай балаларды тәрбиелей алатын жоғары маман болуы тиіс.

Қазіргі заман балаларына әрбір оқу іс әрекетін ұйымдастыру асқан шеберлікті қажет етеді. Себебі заманауи балалар жан-жақты білгісі келіп, қызықты ақпараттарды тез қабылдағыш болып келеді. Соның ішінде музыка оқу іс әрекеті балалар үшін ерекше, бүлдіршіндер ол пәнде билейді, ән айтады, аспапта ойнайды, олар қозғала отырып жан- жақты дамиды.

Ал музыка оқу іс әрекетін өте жақсы ұйымдастыру үшін музыка жетекшілері ақпараттық коммуникативтік, смарт технологияларды пайдалана отырып жүргізсе балаларға түсінікті әрі өте қызықты болары сөзсіз. Қазіргі заманауи технологияларды пайдалана отырып музыка оқу іс әрекетін тиімді өткізуге болады. Мысалы күнделікті оқу іс- әрекетінде өзіміздің пайдаланып жүрген әдістер жиынтығын ұсына кетсек, ғаламтор бетіндегі сайттармен жұмыстану балалар үшін, де педагог үшін де өте тиімді және қызықты болады. Интербелсенді тақтадан балаларға жасанды интеллекті көрсете отырып бірнеше тапсырмаларды орындатуға болады. Жасанды интеллекттерді бірнеше мультфильм кейіпкерлеріне енгізіп сөйлету арқылы балалардың қызығушылықтары оянады. Сонымен қатар оқу іс-әрекетін қызықтыра түсу үшін цифрлық технологияны пайлана отырып, экранда көрсетілген түстерді және дыбыс ұзақтықтарын ажырата отырып музыкалық аспаптарда ойнайды. Экранда көрсетілген түстерді ойнай отырып, балалар өздері кселофон аспабында белгілі бір әннің әуенін ойнап шыға алады. Wordwall сайты пайдаланып, кездейсоқ дөңгелекті айналдыру арқылы әр балаға түскен ертегіні айтқызып, әнін орындатуға болады.

«Мнемотехнология» әдісі арқылы экранда көрсетілген суреттер бойынша әнді орындату ән жаттатудағы өте тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Музыкаграмма әдісі – бұл музыкалық шығармадағы музыкалық дамуды бейнелейтін графикалық диаграммалар. Музыкаграмма дыбыстарды графикалық түрде көрсететін сызбаға негізделген. Бала музыканың ырғағымен саусағын сызбаның бойымен жылжыту арқылы берілген графикалық суреттердің орналасу ретіне сай жүргізіп отырады. Бұл технологияны қолдану шеңбер, түзу, қисық сызық, үшбұрыш т.б математикалық ұғымдарды бекітуге де көмектеседі.

Саз жетекшісі өз жұмысында таптырмайтын құралдардың бірі ол – «Нейробум» ойындары. Нейропсихологиялық ойындар мен жаттығулар баланың ми қызметінің механизмдерін дамытады және түзетеді. Нейро ойындардың артықшылығы, бала ойнай отырып оқиды, эмоционалды көңіл күймен қатысады, тек үстел үсті ойындарын ойнап қана қоймай, қимылдай отырып дамиды, тұрақты мотивация мен ерікті танымдық қызығушылықтары қалыптасады. «Нейробум» әдісімен көрсетілген суреттерді дене мүшелерімізді қозғалту арқылы ырғақты қимыл жаттығуларын жасау барысында балалар әнді айта отырып, денесімен сезінеді.

«Бақа» әдісі арқылы аспаптарды ажырату ойынын ойнатуға болады. Бұл ойында балалар біріншіден интербелсенді тақтамен жұмыс жасауды үйренеді, екіншіден ойлау өрісі кеңейеді.

Балалардың бейнелі ойлауын дамыту технологиялардың тағы бір түрлері ол- музыка тындау. Музыканы тындай отырып, бала композитордың жазып қойған ойын ғана емес, сонымен бірге оның әсерінен оның жан дүниесінде, санасында, яғни өзінің шығармашылық қиялын тудыратын нәрсені де ести алады. Кішкентай балаларға әдетте жарқын, жанды және



музыкалық суреттерді көрсете отырып әуенді тыңдатса, олар қуана тыңдайды және ой қиялы ерекше көрініс табады. Осы әдісте ойналатын ойындардың бірқатарын айта кететін болсақ:

«Жаңғырық» ойыны – жетекші әндегі фразаны айтады, ал балалар оны жаңғырық сияқты қайталайды.

«Қиялдағы аккордеон» ойыны. Аккордеон бейнесін пайдалана отырып, балалар жай және қатты екпінде ән айтуды үйренетін болады. Аспапты ашып қолды кең жайған кезде «О» дыбысын қатты орындап, ал аспапты жапқан кезде, дыбысты төмендетіп орындату керек.

Сонымен қатар музыка оқу іс әрекетінде денсаулықты сақтайтын технологиялар да ерекше орын алады. Солардың бірі – логоритмика әдісі. Логоритмика – бұл балалармен жұмыс жасаудың ойын әдісі. Логоритмдік жаттығулар баланың сөйлеуі мен жылдам дамуына ерекше ықпал етеді және жағымды эмоционалдық қатынасты қалыптастырады, қарым- қатынасқа үйретеді. Ол баланың ырғақты, тембрлік есту қабілетін, тұрақты зейінін, артикуляциялық аппараттың моторын дамытады, дұрыс тыныс алуды, ән айту дағдысын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымда кішкентай бүлдіршіндермен заманауи сабақтар өткізіп, сапалы жұмыс жасасақ - болашақ Қазақстанда дарынды ұрпақтарымыз көбейіп болашағымыздың жарқын болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Боровик Т.А "Педагогикалық шығармашылықтың жолдары", М: "мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу" баспа үйі ЖШҚ, 2004 ж.
2. Белов Г. Г., Горбунова И.И., Горельченко А.В. музыкалық компьютер (музыканттың жаңа құралы). - Санкт-Петербург.: SMIO Press 2010 ж.
3. Буренина А. "балаларға арналған коммуникативті би", Санкт-Петербург, 2004 ж
4. Богодаж О. "Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуындағы инновациялық технологиялар".
5. Радынова, О.П. "Мектепке дейінгі жас: музыкалық мәдениеттің негіздерін қалай қалыптастыру керек" //"музыкалық жетекші" 2005 ж.- №1. –с. 3
6. Тарасова, К. в. "Мектепке дейінгі балалық шақтағы музыкалық қабілеттерді дамыту" //"музыкалық жетекші" 2010 ж. - №1. – с. 10

ӘОЖ 57.08

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Беркалиева Анаргул Сериккалиевна,**
аға оқытушы, жаратылыс ғылымдарының магистрі,
Агадиева Марзия Сарановна,
аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
Қ.Жұбанов атындағы АОУ,
Ақтөбе қ.*

***Аннотация:** Мақалада биология сабақтарында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық моделі берілген және оқу процесінің барлық құрамдас бөліктері (мақсат қою, жобалау және ұйымдастыру, оқу құралдарының мазмұны, педагогикалық шарттар, мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті, диагностика). Биология сабағында оқушыны ізденімпаздыққа баулу, оған зерттеушілік дағды мен дағдыны меңгерту – бүгінгі білім беру саласының ең маңызды міндеті.*

***Кілт сөздер:** биология, сабақ, үлгі, шеберлік, тұлға, педагогика, дизайн.*

Қазіргі заманғы оқушыдан тек оқу үрдісі барысында жекелеген пәндер бойынша алынған білімді ғана емес, бәрінен бұрын шығармашылық зерттеу қызметі барысында алынған тұтас білім мен шынайы өмір тәжірибесі негізінде тұжырымдалған тұтастай дүниені сезіну мен дүниетанымды көптеп талап етеді. Биология — бұл теориялық білімді іс жүзінде бекітуге негізделген ғылым. Бұл оқушылардың бойындағы биологиялық білімге және олардың өмірлік тәжірибесіне және зерттеудің маңыздылығы мен болашағын негіздеуге мотивациялық компонент бола алады [1].

Мазмұндық компонентте зерттеудің білім жүйесінің екі компонентін ажыратуға болады деп санаймыз: біріншісі ғылыми-білім беру зерттеулерінің ерекшеліктері, ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне қатысты арнайы білім, ал екінші компонент белгілі биологиялық процестерді, фактілерді, құбылыстарды зерделеу мен нақтылау үшін тұжырымдамалық негіз болатын пәндік (биологиялық) білім. Зерттеушілік — еркін, белгілі бір сыртқы жағдайлармен шектеусіз жүргізілуі тиіс. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдеріндегі

негізгі күтілетін нәтиже, баланың жаңадан алған білімін шығармашылықпен игеру қабілеті, алынған материалды өңдеу және зерттеушілік әдебінің дағдыларын дамыту [2].

Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекеттерде көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Кітаптағы материалдың шынайылығына көз жеткізу үшін оларды салыстыратын өзіндік пікірі болуы тиіс. Зерттеушілік дағдыларды дамытудың шарттарының бірі кіші мектеп оқушыларын жобалау дағдыларына үйрету (проблематизация, мақсат қоя білу, әрекетті жоспарлау, керек ақпаратты іздеу, білімдерді практикада қолдану, зерттеуді өткізу, өз әрекетінің өнімін ұсыну) [3]. Мұғалім оқушының белсенді оқу қызметін ұйымдастыруда жетекші роль атқарады. Оқытылған материалды түсінуді жүзеге асыратын басты құрал мұғалімнің түсіндіруі болып табылады. Бұл қағида сыныптан-сыныпқа көшкенде күрделеніп отыратын өзіндік жұмыс жүйесін құруды және қолдануды талап етеді. Мұнда оқушылардың өзіндік жұмыстарына маңызды орын беріледі. Білімді жаңарту мен тереңдету жолдарының бірі- өз бетімен білім алу. Зерттеуге қызығушылықты тудырудың маңызды алғышарты ретінде іс-әрекеттің кең әлеуметтік түрткілерін тәрбиелеу, оның мағынасын ұғыну, өз іс-әрекеті үшін зерттеп отырған үрдістерінің маңыздылығын түсіну болады. Қазіргі жас жеткіншектердің негізгі міндеті – білім алу, ғылымды игеру. Білім-ғылымсыз ешбір қоғам алға баспайды, ешбір мемлекет күшеймейді. Зерттеушілік қызметті жүзеге асыру үшін мектеп оқушылары келесі интеллектуалды дағдыларды игеру қажет: атау, сипаттау, негіздеу, анықтау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, негізгі белгілерді оқшаулау, тұжырымдаманың анықтамасын тұжырымдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, зерттеу модельдеу, эксперимент, тәжірибе нәтижелерін жобалау, талдау жасау, біліммен жұмыс жасау, зерттелетін объектінің қасиеттерін дәлелдеу, сипаттау, түсіндіру және т.б [4].

Биология сабағында зерттеу дағдыларын қалыптастыру моделінің процедуралық-белсенділік компоненті осы іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін бірқатар педагогикалық шарттардың сақталуын ескере отырып, оқытушылар мен оқушылардың зерттеу дағдыларын игерудегі іс-әрекетінің құрылымын сипаттайды. Биология сабағында мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың тиімділігі бірқатар педагогикалық шарттардың сақталуына байланысты:

- мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мен мүмкіндіктерін ескеру;
- білім беру тапсырмасын орындау барысында белгілі бір әрекеттерді орындау қажеттілігіне оқушылардың психологиялық қатынасын құру;
- білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі барысында оқушылар шешуге тиісті мақсаттар мен міндеттердің анықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- қалыптасатын зерттеу шеберлігі құрылымының толық және айқын көрінуі, іс-әрекеттерді орындау тәсілдерін нақты көрсету;
- тапсырмалар жүйесін қолдана отырып, оқушылардың жеке әрекеттерін немесе олардың жиынтығын (қабылдауын) игеру бойынша іс-әрекетін ұйымдастыру.

Сонымен, мұғалімнің іс-әрекеті шеберлікті игеруге дайындығын анықтауға, оқушылардың белсенділігін арттыруға, жаттығулар арқылы іс-әрекеттің өз бетінше орындалуын ұйымдастыруға бағытталған [5].

Тәжірибиелі эксперимент жұмыстары оларды ұйымдастыру және жүргізу. Тәжірибелік сабақтарға даярлануда әр тақырып бойынша берілген сұрақтардың мазмұнын ашу керек. Сұрақтардың мазмұнын ашуда нақты мысалдар, фактілер, аргументтер келтіру қажет. Сабаққа даярлануда ұсынылған әдебиеттерден басқа әдебиеттерді, күнделікті басылымдағы материалдарды қолдануға болады. Оқушылардың танымдық өз беттілігін дамытуды арнайы ұйымдастыру- оқу процесін ойдағыдай ұйымдастырудың негізі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру мектепте оқушылардың танымдық белсенділігі мен өз беттілігін ынталандыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді. Биология сабақтарында зерттеу дағдыларын дамыту моделінің ұйымдастырушылық-әдістемелік компоненті сабақтарға міндетті түрде енгізілген оқыту әдістері мен формаларын қарастырады. Оқу-зерттеу қызметі баланың қоршаған ортаны өз бетінше зерттеуге деген табиғи ұмтылысына, яғни зерттеушілік мінез-құлыққа негізделуі керек, бұл оқушылардың зерттеушілік дағдыларының дамуын өзіндік бағалау талдауының нәтижелерімен де расталады [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеев Н. Г. Критерии эффективности обучения учащихся исследовательской деятельности // Развитие исследовательской деятельности учащихся: методический сборник. М.: Народное образование, 2001. 68 с.
2. Брунов Е. П. Самостоятельные работы учащихся по биологии: пособие для учителя. М.: Просвещение, 1984. 160 с.
3. Бухтенков И. С. Организация проектно-исследовательской деятельности учащихся // Эксперимент и инновации в школе. 2011. № 3. С.8–10.
4. Айтқалиева Г. Мектепке дейінгі ересек бүлдіршіндердің зерттеушілік, жобалаушылық дағдыларын дамыту // Білім кілтi Алматы, №4
5. Ақмағанбетова Г. Жобалау- зерттеу қызметіне жетелейтін жол // «Қазақстан мектебі» №4

ӘОЖ 372.8

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Бисекова Камила Ерболатовна,
«Музыка мұғалімдерін және орындаушылық өнер мамандарын дайындау» БББ оқытушысы, магистр
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада болашақ музыка пәні мұғалімдеріне жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім беру әдістерінің тиімділігі қарастырылып, болашақ педагогтардың кәсіби-құзыреттілік дағдыларын қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдер қамтылған.

Кілт сөздер: реформа, парадигма, технология, стратегия, спираль, коммуникация, эстетика, терминология.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп – өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екені даусыз. Еліміздің болашақтағы дамуы, өсіп – өркендеуі, әлемдік кеңістіктегі орны білімнің бағыт – бағдарына, оның тиімділігіне байланысты болмақ.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің реформалануы қоғамның демократиялық бағытта дамуына бет алғанын айқындайды. Осыған орай, білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, жаңа бағыттағы мектептер пайда болып, білім мазмұнының толығымен жаңаруына алып келеді. Күн тәртібінде қойылып отырған күрделі мәселелердің ішінде жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу үлкен орын алады.

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан – жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді.

Бүгін мектеп партасында отырған жас ұрпақ ертең ел тағдырын шешетін азаматтар мен азаматшалар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай ағамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез – келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді қазіргі заманғы жаңартылған педагогикалық технологияларды оқу – тәрбие үдерісінде қолдана алатын музыка пәнінің мұғалімдерін дайындау – оларды кәсіби даярлаудың ең көкейкесті аспектісінің бірі және музыка пәні мұғалімінің жеке тұлғасын қалыптастыру үдерісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару музыка пәні мұғалімінің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Әйгілі зерттеуші Л.С. Выготский: «Дәстүрлі оқыту – бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе», «жаңаша оқыту – дамытуды өзімен бірге ала жүреді», - деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс. Жаңа бағдарламаның өзгешелігі: бағалау жүйесінде, үш тілдік саясат, сабақ жоспарының құрылымы, әр сабақта әртүрлі стратегияларды қолдана отырып, сабақтың сапасын арттыруға болатынын, оқушылардың мүмкіндіктерін шектемеуге, керісінше зерттеп-зерделеуге мүмкіндіктер беру керектігін ұғынды. Сұрақ қою, білім беру спираль бойымен жеңілден

күрделіге қарай өсетінін, тапсырмаларды оқушылардың өздері орындайтындай етіп жоспарлауды үйреніп, түсінді. Музыкант, жоғары оқу орнының оқытушысы Горан Фолкестад «Музыка мұғалімі – музыкадан хабарсыз, музыкаға қызықпайтын және музыкаға бейімі жоқ бала кездестірмейді», - деген екен. Әр оқушының бойында өзіндік музыкалық каталог бар десе болады. Бұны зерттеп таба білу тек мұғалімнің шеберлігі, құзыреттілігі.

Музыка пәні адам өмірінің бөлігі ретінде оқушыларда музыкаға деген құндылықтық қарым-қатынастың қалыптасуына, музыканың базалық білімі, біліктіліктері және музыкалық қызметінің түрлерін меңгеруге, музыкалық қызмет процесінде шығармашылық өз ойын білдіру және коммуникация біліктіліктерін қалыптастыруға, ұлттық және адамзаттық мәдениет құндылықтарына деген көркемдік-эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған.

Мектептегі музыка сабақтары оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп өнегелі істерге баулиды. Музыка сабағы мектептегі басқа пәндерге қарағанда оқушыларға ерекше әсер етіп, олардың ой-өрісінің дамып, шығармашылығының қанаттануына зор ықпал етеді. Музыка сабағы арқылы оқушылар тек қана ән айтып, музыка тыңдап қана қоймайды, ғылым-білімнің әр саласынан мағлұмат алып, бойларындағы қалаған өнердің немесе мамандықтың негізін қалыптастырады. Музыка сабағында оқушылар еркін ойлап, қиялдап, өз қиялдарының нәтижесін баяндауға немесе суреттеуге дағдыланады. Оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігі, өмірге деген құштарлығы, еңбекке, іскерлікке деген ынтасы артып отыруы үшін мұғалімнің әр сабақты сапалы да, жүйелі ұйымдастыруы қажет. Дұрыс ұйымдастырылған музыка сабағы арқылы оқушылардың бойында адамгершіліктің, жоғарғы мәдениеттіліктің негізі қаланып, саналы, тәртіпті, ақылды болып өсуі қалыптасады.

Музыка сабағы бірнеше іс-әрекеттерден тұрады: ән айту, музыка тыңдау, музыка сауаты. Осы негізгі іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қосымша дауыс жаттықтыру, шығармашылық тапсырмалар, музыкалық ойындар қолданылады. Әр іс-әрекетті ұйымдастыру барысында кіріспе әңгімелер, талдау жұмыстарын бір-бірімен тығыз байланыстыра отырып сабақтың негізгі тақырыбына сай біртұтас етіп өткізу керек. Музыка сабағының кәсіби ерекшелігінің өзі осы бірнеше іс-әрекеттердің мазмұнын бір тақырыпқа жинақтауда. Мысалы, сабақтың тақырыбы «Күмбірлеген күміс күй» болса, тыңдатылатын шығарма да, үйретілетін ән де осы тақырыпқа сай болуы керек. Әрине «күй» тақырыбы болған соң күй туралы, күйшілер туралы кіріспе әңгіме арқылы күйші композиторлардың шығармалары тыңдатылатыны белгілі, сондықтан үйретілетін ән де осы тақырыпқа сәйкес келетіндей болғаны дұрыс немесе «Табиғатқа арналған әндер мен күйлер» тақырыбындағы «Саржайлау», «Сарыарқа» күйлері «Алатау» әні немесе оқулықтағы басқа әндер мен күйлерді тандап алатын болсақ та осы тақырыптың мақсатын жүзеге асыруға тиістіміз. Тақырыптың бірізділігі мен жүйелілігі принципін сақтау музыка пәні мұғалімінің міндеті. Музыка сабағы басқа пәндердей емес көбінесе ауызша, практикалық түрде оқушылардың есту, ойлау қабілетінің негізінде өткізіледі.

Қазіргі жаңа бағдарламаға дейін тиянақты оқулықтар болмағандықтан, болған күнде де мектептер оқушыларды оқулықтармен толық қамтамасыз етпегендіктен музыка сабақтарын әр мұғалім өзінің мүмкіндігінше өткізіп жүрді. Осыған байланысты көпшілік жағдайда үйретілетін әндердің сөзін, композиторлар туралы, шығарма туралы мәліметтерді оқушылар арнайы дәптерлеріне жазуға уақыт кетіріп жүрді, ал қазіргі кезде барлық сыныптар, мектептер жаңа оқулықтармен қамтамасыз етіледі, кейбір оқулықтан тыс әндер не күйлер болмаса негізінен бағдарламаға байланысты музыкалық материалдар оқулыққа түгел дерлік енген. Сондықтан оқушылар жазуға көп уақыт жоймайды, сабақтың барысы көбіне тыңдау, айту, ойлау, әңгімелеу тәсілдері арқылы жүргізіледі. Мұғалімнің сұрақтары нақты, жүйелі түсінікті болғанда оқушылардың жауаптары да нақты, толық болады. Осыны ескеріп мұғалімдер әр сабақты мазмұнды біртұтас қойылым тәріздес өткізуге міндетті. Сабақтың түрлерін өзгертіп отыруға болады. Дәстүрлі сабақ, дәстүрден тыс – сайыс сабақ, ойын сабақ, концерт сабақ, кіріккен сабақ (интегрированный), т.б. түрлерде өткізу оқушылардың музыкалық білімін арттырып, білуге, үйренуге деген ынталарын, белсенділіктерін арттырады.

Оқу жоспарында «Музыка» пәнінің басқа пәндермен, атап айтсақ «Көркем еңбек», «Дүниетану», «Жаратылыстану», сонымен қатар тілдік пәндермен пәнаралық байланысы қамтылған. Барлық бөлімдер бойынша дыбыстың жоғарылығын естіп қабылдау және ырғақты сезіну дағдыларына баса назар аударылады. Барлық іс-әрекет түрлері шынайы өмірмен байланысты және дағдылардың бірі тікелей практикада қолданылады, ал басқалары шығармашылық ойлау потенциалын дамытады. Әсіресе, үнемі ырғақты сезінудің сақталуына, мысалы бірдей бастау мен бірдей аяқтауға баса назар аударылады. Мұғалім оқушылардың музыкалық дағдыларының даму деңгейін қалай бағалайтынын бақылайды. Мұғалім тоқсанның /жартыжылдықтың/ оқу жылының соңында музыкалық жоба ретінде келесі іс-әрекеттерді: жеке, ансамбльмен ән салу және аспапта ойнау, оны концерттік, музыкалық қойылым және тағы басқа да формасында ұйымдастырып қолдануына болады. Тиісті терминологиямен ескертулер білімді қолдау үшін үнемі пайдаланылуы тиіс. Мұғалім тапсырманы модельдеу үлгісін өзі көрсетуі маңызды. Мұғалімнің үдерістер мен әдістерді көрсетуі оқушылардың пән мазмұнын түсінуіне және ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Кезеңдерге бөліп түсіндіру, оқушыларға барынша тәуелсіз болуға және зерттеу мен маңызды шешім қабылдауға қолдау көрсетеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының тиімділігі бастауыш сыныптарының барлық пәндері бірдей тақырып негізінде өрби отыра беріледі. Оқытудың небір жаңа әдіс-тәсілдері құндылыққа, тұлғаға, іс-әрекетке бағытталған. Осы білімнің ортақ қорытындысы «Музыка» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізуге, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығы баяндалады. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

Қорытындылай келе, бағдарламаның мәні - баланың функционалды сауаттылығын дамыту. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер елімізде көбейе берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
2. Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. Музыкальное образование в Казахстане: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Вып. II. Алматы, 2006. – 296 с.
3. Р.Ә. Сүлейменова, Ғ.Ғ. Жұмалиева. Музыка пәнін оқыту әдістемесі (бастауыш сыныптарға арналған). Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2008.

УДК 372.891

АКТУАЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

*Галкина Ольга Владимировна,
учитель географии, КГУ ШЛ №35,
г. Уральск*

***Аннотация:** Формирование естественнонаучной грамотности является важной составляющей образовательного процесса в современной казахстанской школе. Перед учителями географии, биологии, химии, физики стоит сложная задача найти доступные методы и формы реализации данной цели.*

Настоящая статья рассматривает актуальные подходы к формированию естественнонаучной грамотности на уроках географии. Приведены возможные стратегии активного обучения, которые учитель может применять на разных этапах урока, приемы применения компетентностных заданий, анализа диаграмм, таблиц, научных данных, т.е. методический инструментарий формирования естественнонаучной грамотности.

***Ключевые слова:** естественнонаучная грамотность, активные стратегии обучения, этапы урока, компетентностные задания*

Одной из целей Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы является повышение глобальной конкурентоспособности казахстанского образования и науки, воспитание и обучение личности на основе общечеловеческих ценностей. С учетом международных оценок и практик, взятых обязательств и достигнутых результатов, Казахстану необходимо в ближайшие годы принять кардинальные меры по улучшению качества образования и науки, для повышения конкурентоспособности и приближения к лучшим практикам стран ОЭСР [1]. Между тем естественнонаучная грамотность определяется как основная цель школьного естественнонаучного образования в большинстве развитых стран мира и отражает способность человека применять естественнонаучные знания и умения в реальных жизненных ситуациях, в том числе в случаях обсуждения общественно значимых вопросов, связанных с практическими применениями достижений естественных наук. Таким образом, перед учителями естественных наук стоит задача найти собственные подходы в реализации вопроса формирования естественнонаучной грамотности.

Базовая модель урока «Вызов – осмысление – рефлексия» предполагает применение активных стратегий обучения, которые играют значимую роль в повышении качества естественнонаучной грамотности школьников. Данные методы побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом. Школьник становится активным, равноправным участником обучения. У него происходит отход от стандартного мышления, стереотипа действий, что способствует

развитию умения формулировать вопросы, обосновывать, доказывать, использовать простейшие приемы исследования, строить развернутые высказывания, анализировать и устанавливать надежность информации. Реализация активных стратегий и приемов обучения возможна на разных стадиях урока. Рассмотрим некоторые из них, способствующие, на мой взгляд, реализации задач по развитию естественнонаучной грамотности.

На стадии «Вызов», применение анализа конкретной ситуации как элемента проблемного обучения, позволяет не только активизировать познавательную деятельность учащихся, но и побуждает учащихся находить причинно-следственные связи. Например, изучение темы «Погода и метеорологические элементы» в 7 классе можно начать с небольшой информации в форме сказки:

«Жил был старый тролль, и всегда ему было холодно на земле. И однажды тролль решил: «Заберусь-ка я на гору и погреюсь». Ползет тролль по горе - холодно, но ничего вот поднимусь повыше и согреюсь, думает он, ведь чем ближе к Солнцу, тем должно быть теплее. Так он думал, полз, пока не замерз». У детей возникает мысль- противоречие: как же так, если чем ближе к солнцу, то должно быть теплее, то почему же замерз тролль? В результате диалога в форме дискуссии, ученики самостоятельно формулируют проблему: «Так ли это, чем ближе к солнцу, тем теплее?» [9].

На стадии «Осмысление», при организации работы в группах или парах, применение приемов «Грозди», «Метод кубика», «SWOT», способствуют развитию умений анализировать текст совместно с другими людьми, вести исследовательскую работу в группе или паре, определять направление изучения темы, прогнозировать развитие [Зс.148-151]. Приемы «Да-Нет» и «Лови ошибку», применяемые на стадии «Рефлексии» формируют навыки связывать разрозненные факты в единую картину; умение систематизировать уже имеющуюся информацию, умение слушать и слышать друг друга. Данные стратегии и приемы активного обучения являются лишь незначительной частью огромного разнообразия методов развития функциональной грамотности, но их применение будет способствовать овладению учащимися необходимыми естественнонаучными компетенциями.

Естественнонаучно-грамотный человек должен уметь научно объяснять явления, оценивать и планировать научные исследования, научно интерпретировать данные и доказательства [бс.82-83]. Поэтому перед учителем стоит несколько задач:

Во-первых, научить ребят работать с незнакомым текстом (извлекать информацию из текста, интерпретировать и применять ее). Например, при изучении темы «Движения вод в океане», ученикам предлагается текст следующего содержания: «Если спустить на воду плот у берегов Перу, через несколько недель он приплывёт в Полинезию. Если сесть в камышовую лодку у берегов Марокко, через некоторое время окажешься у берегов Америки». Какой природный процесс описал знаменитый путешественник Тур Хейердал? [5]

Во-вторых, развивать навык чтения информации, представленной в виде таблиц, графиков, диаграмм. Например, при изучении состава гидросферы можно использовать не сплошной текст: *Доля пресной воды на Земле 2,5%. На какой из диаграмм показано соотношение пресной и соленой воды? (доля соленых вод показана темным цветом) (рис.1).*




Рис.1 Вода гидросферы

В-третьих, формировать умение выполнять определенные логические действия с информацией (сравнивать, структурировать, подводить под понятие и др.). Например, в 10 классе, при изучении темы «Показатели экономического развития стран», учащиеся анализируют карту и дают текстовую интерпретацию содержания карты (рис.2)



Рис.2 Карта «Уровень жизни в странах мира»
(учебник А.П. Кузнецова «География. Базовый уровень. 10 -11 класс»)

В-четвертых, применять знания для решения проблем, связанных с реальными жизненными ситуациями. Например, в весенний период многие территории Казахстана находятся под угрозой затопления паводковыми водами, что особенно актуально для Западно-Казахстанской области, поэтому анализ гидрологического бюллетеня, позволяет обучить ребят оценивать степень риска наводнения для той территории, где они непосредственно проживают. Анализируя таблицу учащиеся определяют на каких реках подъем воды идет особенно быстро, сравнивают с критическими отметками, прогнозируют возможные подтопления для своего дома. (Табл.1)

Таблица 1. Ежедневный гидрологический бюллетень №28 от 28 марта 2024г.

Название гидрологического поста	Опасный уровень воды, см	Уровень воды, см	Изменение уровня воды за сутки, ±см	Состояние водного объекта
р.Урал-с.Январцево	1250	219	+20	Закраины
р.Урал- г.Уральск	850	178	+35	Вода на льду
р.Шаган-с.Чувашиноское	1280-1300	683	+157	Лёд подняло
р.Деркул –с.Белес	600-650	431	+88	Лёд подняло

Развитие естественнонаучной грамотности невозможно без применения заданий, содержащих интегрированные знания и требующих общеучебных умений для их решения. Например, следующее задание на основе местного компонента, позволяет не только интегрировать знания географии, биологии, математики, но и воспитывает экологическую культуру.

Уральск, один из зеленых городов Казахстана. Однако это и быстрорастущий город, а увеличение численности населения влечет за собой и увеличение количества автомобилей, загрязняющих окружающую среду. Известно, что одно дерево поглощает 30 кг углекислого газа, а один автомобиль за этот же период производит около 800 кг углекислого газа. По данным 2023 года в городе насчитывается около 140 тысяч единиц автотранспорта. Вопрос: 1. Определите, сколько деревьев необходимо для очистки атмосферы нашего города? 2. Предложите меры по снижению уровня загрязнения воздуха в нашем городе.

Задача формирования естественнонаучной грамотности предъявляет определенные требования к содержанию учебной деятельности на уроке и необходимым компетенциям учителя. Используя задания по естественнонаучной грамотности в учебном процессе, надо четко понимать с какой целью это делается: используются ли задания с диагностической целью или с целью формирования соответствующих умений [7с 178]. Важно определить место заданий на разных этапах урока. Поскольку заданий по развитию естественнонаучной грамотности множество, практический опыт показывает, что удобно их систематизировать в табличной форме, по классам и в соответствии с целями обучения. Приведу небольшой пример разработанной таблицы (табл.2).

Таблица 2. Место заданий в уроке как основной форме учебной деятельности

Класс	Цели	Задание	Этап урока
77	7.1.1.5 - применяет методы полевых географических исследований, фиксирует, собирает, обрабатывает и анализирует данные	Задание 30. Компас. Сборник задач по подготовке учащихся к международным исследованиям TIMSS и PISA. Астана 2016 С.102	Осмысление
	7.3.1.4 - объясняет причины и следствия, распространение литосферных катаклизмов	Добыча подземных вод и землетрясения. Открытые задания PISA 2015 Стандартные задания С. 17 Задание 655. Элементы функционального чтения- чтение несплошного текста	Осмысление
	7.3.2.1 - характеризует состав атмосферы	Задание 3. «Температура воздуха на Земле». Методические рекомендации и инструкции по решению заданий международных исследований. Практикум по решению заданий международных исследований. НАО им. И. Алтынсарина. Астана. 2014 С.50	Вызов
	7.3.2.6 - составляет графические синоптические материалы на основе показателей отдельных метеорологических элементов (температура, давление, ветер, облачность, осадки, влажность) (на основе местного компонента)	Задание 31. Атмосфера. Сборник задач по подготовке учащихся к международным исследованиям TIMSS и PISA. Астана 2016 С.104	Рефлексия
	7.3.3.1 - характеризует гидросферу и ее составные части	Пример 15. Задание из области «Географии». Методические рекомендации и инструкции по решению заданий международных исследований. Практикум по решению заданий международных исследований. НАО им. И. Алтынсарина. Астана. 2014 С.20	Осмысление
	7.3.3.2 - объясняет важность водных ресурсов	Задание 11. Вода. Сборник задач по подготовке учащихся к международным исследованиям TIMSS и PISA. Астана 2016 С.92	Рефлексия

Исходя из опыта работы, я убеждена, что формирования естественнонаучной грамотности - это необходимое условие повышения глобальной конкурентоспособности не только казахстанского образования, но и каждого члена общества. Задача учителя не в том, чтобы дать определённый объём знаний, а обучить способам деятельности, которые обучаемые будут использовать, внося в их содержание свои личные смыслы.

«Всему, что необходимо знать, научить нельзя, учитель может сделать только одно – указать дорогу»
Ричард Олдингтон

Список использованной литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы
2. Методические рекомендации и инструкции по решению заданий международных исследований. Практикум по решению заданий международных исследований. НАО им. И. Алтынсарина. Астана. 2014 С.20,50
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: Учебное пособие – 7-е изд., доп.- Алматы, 2012. – с.148-151
4. Открытые задания PISA 2015 Стандартные задания. С.17
5. Панасенкова О.А., Ким Э.В Работа с учебным текстом на уроках географии как средство реализации требований ФГОС основного общего образования. Екатеринбург: Центр «Учебная книга», 2019.

6. Пентин А.Ю., Никифоров Г.Г., Никишова Е.А. Основные подходы к оценке естественнонаучной грамотности// Отечественная и зарубежная педагогика.2019. Т.1. №4 (61). С.80-97
7. Пентин А.Ю., Никифоров Г.Г., Никишова Е.А. Формы использования заданий по оцениванию и формированию естественнонаучной грамотности в учебном процессе //Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. Т1. №4 (61) С. 117-195
8. Сборник задач по подготовке учащихся к международным исследованиям TIMSS и PISA. Астана 2016. С 92, 102, 104
9. <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/180404-doklad-na-pedagogicheskij-sovet-po-teme-razvi>

ӘОЖ: 373.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Губайдулниева Фаризат Губайдуллиевна,
БОПжӘ БББ 2-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

***Аннотация:** Мақалада бастауыш мектепте семантикалық ұғымдарды оқытудың әдістемелік жолдары тілші ғалымдардың еңбектеріне сүйеніліп талданылады. Семантикалық ұғымдарды оқыту кезінде балалардың үйренген әр сөзі олардың тілдік қолданысында белсенді бола отырып, ол сөзден сөз тіркесін, сөйлем құрап, сөйлеу тілінде орынды қолданса ғана жемісті болатыны айтылады. Сөз мағынасын дұрыс ұғындыру жұмыстарының бағыттары көрсетіледі.*

***Кілт сөздер:** қазақ тілі, бастауыш мектеп, тіл білімі, семантикалық ұғым, сөз мағынасы, қарым-қатынас, лексикалық ұғымдар.*

Тіл тек қоғамдағы қарым-қатынас жасау құралы емес, адамның ойлау қабілетімен тығыз бірлікте дамиды таным құралы екендігі белгілі. Қазақ тілін дамыту және оны одан әрі жетілдіруге орай, ана тілінің байырғы мағыналарына жаңа мағыналар үстеліп, немесе бұрынғы сөздерді біріктіру, қосымша жалғау, сөзжасам әдістері арқылы жаңа терминдер пайда болып жатқан бүгінгі таңда оқушыларға қазақ тілінің семантикалық жүйесінен толық және дұрыс мағлұмат беру – көкейкесті мәселелердің бірі. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын молайту, олардың сөйлеу тілін дамыту семантикалық ұғымдарды меңгерумен тікелей байланысты.

Тіл мамандарының пікірінше, тіл білімі балаларға, ең алдымен, лексикалық ұғымдар арқылы түсінікті болады. Себебі, тілдегі сөздердің мағыналарын, мағыналық және қолданылу ерекшеліктерін толық меңгермеген оқушылар олардың морфологиялық түрлену заңдылықтарын, синтаксистік тіркесу тәсілдерін, стильдік бояуларын меңгере алмайды. Алайда, оқушыларға тілдің семантикалық жүйесін меңгерту ұғымының қамтитын аясы өте кең. Педагог ғалым А.В. Текучев мектепте тілдің семантикалық жүйесін оқыту туралы былай дейді: «Семантика оқушыларды мектеп қабырғасында оқытудың барлық жылдары барысында меңгертіледі. Оны оқыту төрт кезеңге бөлінеді: бірінші кезеңде бастауышта оқушылар жеке семантикалық ұғымдармен оларды арнайы терминдермен айтпай-ақ танысады; екінші, негізгі, жүйелі кезеңде оқушылардың грамматиканы семантикадан алған білімдеріне сүйеніп үйренуі үшін қажетті мағлұматтарын, сөздік қорларын байытуға жағдай жасау міндеттері көзделеді; үшінші кезеңде лексикалық және грамматикалық мағыналарды біртұтас ала отырып, оқушыларға олардың арасындағы айырмашылықтарды, грамматикалық түрленулердің лексикалық мағынаға тәуелділігін, жаңа сөздердің, сөз формаларының жасалуы кезіндегі сөздердің қолданылуын аңарту мақсаттары көзделеді; төртінші – функционалды-стилистикалық кезеңде семантика әр түрлі функционалдық сөйлеу стильдерін сипаттайтын құрамдас бөлік ретінде қарастырылады» [1].

Бастауыш сыныпта семантикалық ұғымдарды меңгертуге арналған алғашқы іргелі еңбектерге А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ғ. Бегалиев, М. Балақаев, С. Рахметова, Б. Қабатай, Ә. Жұмабаева, Г.Уәйісова т.б. ғалымдардың жұмыстарын атауға болады.

Бастауыш мектеп оқушыларына семантикалық ұғымдарды сапалы беру мәселесін түбегейлі қарастырған еңбектің бірі – әдіскер-ғалым профессор С. Рахметованың еңбегі [6]. Ғалым өз еңбегінде біріншіден, балалардың сөздік қорын молайту керектігін айтып, сөз сапасын бірді-екілі сабақтарда ғана жетілдірмей, мектепке алғаш келген күннен бастап байыту қажет екенін, ол үшін сөз мағынасын түрлі семантикалық тәсілдер арқылы ұғындыру жолдарын айтып, екіншіден, бастауыш мектеп оқушыларының байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді.

С. Рахметова бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың мазмұны нені қамтуы қажет деген сұраққа былай деп жауап береді: «Мұнда біз мына сияқты негізгі мәселелерді үйретуіміз қажет, яғни белгілі

бір тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамытатын сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгеру барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне, сондай-ақ, ойларын ауызша және жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге мақсат етеді.

Ғалым семантикалық ұғымдарды оқыту кезінде балалардың үйренген әр сөзі олардың тілдік қолданысында белсенді бола отырып, ол сөзден сөз тіркесін, сөйлем құрап, сөйлеу тілінде орынды қолданса ғана жемісті болады деп тұжырым айтады. Біріншісі – сөз мағыналарын талдай отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту; екіншісі – оқушылардың меңгерген сөздерін құрастыра отырып, сөз тіркесі мен сөйлем құрауға үйрету; үшіншісі – сөйлеуге үйрету жұмыстары. Ғалым оқушылардың сөз мағыналарын дұрыс түсініп, қолдану жұмыстары олардың тілін дамытудың бір бағыты екендігін дұрыс тұжырымдаған. Яғни, «... сөйлеу тілін байытуды атқарылатын жұмыстардың мақсаты, сайып келгенде, оқушылардың мәтіндегі сөзді дұрыс қабылдап, оның мағыналық реңктері мен ерекшеліктерін ұғынуларын, яғни қажетті жағдайларда дереу естеріне түсетіндей дәрежеде балалардың өз сөздеріне айналуын қамтамасыз ету; оқушылар алуан түрлі жаттығулар арқылы үйренген сөздерінің мағынасын терең түсініп және керекті кезінде мұғалімнің көмегінен өз беттерімен оны дұрыс қолдана алатын дағдыға төселеді. Мұны өзі оқушылардың білім сапасының жоғары болуына жағдай жасайды» [2]. Демек, мұғалім семантикалық ұғымдарды меңгертуде жұмыс тәсілдерін дұрыс пайдалана білсе, бастауыш сынып оқушыларының сөздік қоры байып қана қоймай, оны сөйлеу тілінде орынды пайдалану олардың тілдік қарым-қатынас барысында өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуге, сөйлер сөзінің тілдік нормаларын сақтап, ізетті сөйлеуге үйренетіні анықталады. Сонымен, сөз мағынаны, ұғымды, сезімді, ойды білдіре келіп, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушылардың барлығына аса қажет қатысымдық тұлға болып табылады.

Сөздің осындай ерекшеліктерін ескергендіктен, бастауыш сыныптан бастап оқушыларды сөйлеуге дағдыландыру үшін сөздік қорындағы сөздердің мағыналық реңктерін, мағыналық түрлерін меңгеруге аса көңіл бөлінеді. Бастауыш сыныпта тіл табиғатын, сөз мағынасын оқушыларға дұрыс ұғындыру үшін мынадай жұмыстар ұйымдастырылады:

1. Берілген сурет бойынша әңгіме құрату.
2. Суреттегі әрбір элемент бойынша оқушылардың өз ойларын жеткізуді талап ету.
3. Сыныптасы айтқан ойға оқушылар ой қосуды қадағалау.
4. Оқушыларға өз ойларын дұрыс айтуға дағдыландыру.
5. Оқушылар суретте берілген кейіпкерлерді не істеп жатқанын, не ойлап тұрғанын

айтуға дағдыландыру. Мұндай жұмыстар оқушылардың сөз мағынасына мән беріп, тіл табиғатына деген зейінін арттырып, олардың тілін дамытатыны даусыз. Мұның өзі, біріншіден, оқушылардың сөздік қорын көбейтсе, екіншіден, олардың өз пікірлерін жинақы айтуға дағдыландырады, оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттері артып, сабаққа деген ынтасы артады.

Сөздің мағынасын түсіндіру бойынша оқушыларға әрбір сабақ барысында түсініксіз сөздер түсіндіріліп, оларды белсенді қолдану жолдары үйретіледі. Бастауыш мектепте сөз мағынасын тек қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында ғана түсіндіріп, ұғындырмай, басқа да пәндерде ұғындырылса жөн болады. Себебі оқушы математика және дүниетану сабақтарында тек ғылыми лексика ғана оқып қоймай, сонымен қатар, күнделікті өмірде қолданылатын сөздерді қайталайды, олардың мағынасын меңгереді, түсінеді. Сондықтан, бастауыш мектеп оқушыларына сөз мағынасын түсіндіру, оны меңгертудің мағынасы зор. Бастауыш мектепте сөз мағынасын ұғындыру жұмыстары мынадай бағыттарда жүргізілгені дұрыс: оқушыларға жаңа сөздер үйрету; бастауыш мектеп оқулықтары мәтіндерінде кездескен сөздердің мағыналарын ұғындыру, оқушылардың бұрыннан білетін сөздерінің мағыналарын тереңдету; оқушылардың сөйлеген сөздерінде сөздерді өз мағыналарында қолданылуына дағдыландыру; сөз мағыналарын түрлі семантикалық «синоним, антоним, омоним, сөздің көп мағыналылығы арқылы» және грамматикалық (қосымшалар арқылы сөз мағынасының өзгеруі) тәсілдер арқылы меңгерту.

Существует много нейроигр и упражнений, я поделюсь опытом применения их в режимных моментах:

И так организуя утреннюю гимнастику, мы добавляем 2-3 упражнения из нейробики. Выполняем с ребятами перекрестные шаги и разнонаправленные движения, упражнения «Капитан». Нейробика по праву можно считать аэробикой для человеческого мозга. Для поддержания высокой работоспособности головному мозгу, как и мышцам тела необходима зарядка, и нейробика как раз и призвана стать такой зарядкой. Главный принцип нейробики - постоянно изменять шаблонные действия.

В совместной деятельности также используем игры, в которых задействованы оба полушария мозга. Одним из вариантов игры двумя руками одновременно является «Симметричные рисунки». Дайте ребёнку фломастеры в обе руки и предложите нарисовать симметричные рисунки двумя руками. Не расстраивайтесь, если сразу не получится.

Можно начинать на вертикальной поверхности (мольберт), потом переходить на горизонтальную поверхность.

На прогулке хочется обратить внимание на отличный тренажер нейроскакалка. Одновременно ведется разнонаправленная работа ног. Освоить его не просто. Еще одно очень простое упражнение, которое эффективно используем в нейропсихологии игра "Ладочки".

Так же большое количество нейроигр и упражнений мы используем в индивидуальной работе, организованной деятельности. Работая двумя руками одновременно, активизируются оба полушария мозга. Не нужно ставить перед детьми несколько сложных задач, объем внимания у детей ограничен, и невыполнимая задача может отвлечь интерес к игре. Выполнив 2-3 упражнения, следует заменить их новыми, комбинировать и менять местами. Основная цель применения данных игр с детьми, это развитие нейродинамических процессов головного мозга, отвечающих за речь ребенка. И к тому же, использование нейроигр снижает уровень утомляемости, повышает способность к произвольному контролю и увеличивает продуктивность ребенка в организованной деятельности.

При выполнении пальчиковой гимнастики мы применяем известное упражнение «Кулак, ребро, ладонь». Целью этого упражнения является: развитие мелкой моторики рук ребенка, развитие мышления, внимания, улучшение координации движений, развитие межполушарного взаимодействия, произвольности и самоконтроля.

Прекрасной альтернативой пальчиковой гимнастики является упражнение «Сомни листок». Возьмем в каждую руку по листочку бумаги и одновременно двумя руками нужно смять оба листа, стараясь поместить его в полностью в кулак. Упражнение выполняется на весу. После того, как лист спрятан в кулаке, необходимо его расправить, одновременно работая каждой рукой, без какой-либо помощи. Дети стараются максимально его расправить. Чем быстрее ребенок это делает, тем лучше.

Обоснованием важности регулярного использования нейроигр и упражнений, является положительное влияние на процесс обучения, развития интеллекта, улучшения состояния психического, физического и эмоционального здоровья. Нейроигры так же помогают в развитии и совершенствовании всех высших психических функций.

Из опыта работы мы сделали вывод: что, постоянно используя нейроигры и нейроупражнения в деятельности дошкольников легче происходит развитие межполушарных связей, восприятие учебного материала. Об этом свидетельствуют результаты диагностики формирования познавательной сферы дошкольников, проведенная нами в начале учебного года и в конце, после регулярного включения в игровую деятельность детей нейроигр и нейроупражнений.

На примере группы дошкольной подготовки можно увидеть, как повышается уровень развития навыков дошкольников при использовании инновационных игр по результатам диагностики познавательных процессов конца учебного года, в сравнении с началом учебного года.

Таблица 1

Таблица 2





Таблица 3

Таблица 4






Таблица 5

Результат психологической готовности к обучению в школе детей дошкольной группы "Солнышко"



Вывод: Диагностика в начале учебного года позволила определить общий уровень готовности к школе, включающих в себя личностный, мотивационный и познавательный компонент, выявить сильные и слабые стороны в развитии ребёнка, а также выявить детей, нуждающихся в коррекционно-развивающей работе. Были выявлены основные проблемы в развитии произвольного внимания, словесно-логического мышления, воображения. У большинства детей хорошо развита кратковременная слуховая память и наглядно-образное мышление. В течение года, в результате постоянного применения нейроигр и упражнений, значительно повысились показания результатов развития интеллекта, улучшения состояния психического, физического и эмоционального здоровья дошкольников.

Таким образом, по результатам диагностики в начале учебного года была сформирована коррекционно-развивающая группа детей с недостаточным уровнем развития познавательных процессов. Диагностика в конце учебного года позволила выявить динамику в развитии познавательных процессов и в формировании мотивационной, личностной готовности. Результаты, полученные в конце учебного года, говорят о положительной динамике в развитии познавательных процессов детей дошкольных групп, а также о динамике в мотивационной и личностной готовности.

Представляем вам авторские «нейроигры», используемые нами в работе с дошкольниками.

1. Нейроигра «Бабочка, лети!»

Игра с подгруппой детей 7 – 10 человек.

Возраст: 4 – 6 лет.

Цель: формирование и развитие нейропсихологического пространства ребенка, развитие обоих полушарий головного мозга.

Задачи:

- восстановление процессов нервной деятельности;
- повышение уровня тонуса развитие чувства ритма;
- формирование произвольного компонента деятельности (произвольной регуляции);
- улучшение интеллектуальных способностей.

Материалы, оборудование:

- бабочки на резинке на пальчики обеих рук по количеству участников;
- карточки с цветами и стеблями - зигзагами для обеих рук по количеству участников;
- кубики пластиковые по количеству участников;
- коврики на каждого человека;
- аудиозапись спокойной и веселой музыки.

I. Ход игры

- Здравствуйте мои друзья! *(дети сидя в кругу держатся за руки)*

Всех вас видеть рад я!

Я улыбаюсь вам! *(показывают на себя и на всех)*

А вы улыбнитесь друг другу! *(улыбаются друг другу)*

Раз, два, три! *(хлопают в ладоши)*

Бабочка лети! *(машут пальчиками)*

Хорошее настроение, *(хлопают в ладоши)*

Нам принеси! *(машут пальчикам)*



Рисунок 2

Дети под веселую, ритмичную музыку «Бабочка, летит» А.А. Пряжников и детский оркестр «Великан» выполняют упражнения обеими руками одновременно.

- Два хлопка по правому плечу левой рукой;
- Два хлопка по левому плечу правой рукой; Рисунок 2
- Два хлопка одновременно обеими руками по противоположным плечам;
- Два хлопка в ладоши, указательный палец левой руки на нос, правая рука на левое ухо;
- Два хлопка в ладоши, указательный палец правой руки на нос, левая рука на левое ухо;
- Два хлопка в ладоши, указательный палец левой руки на нос, правая рука на лоб козырьком;
- Два хлопка в ладоши, указательный палец правой руки на нос, левая рука на лоб «козырьком»

II. Работа с нейропсихологическими карточками

«Стебельки – цветочки» и цветными кубиками.



Рисунок 3

Детям предлагаются две карточки для обеих рук с изображением стеблей цветов в виде зигзага, сверху стебля цветков. Выполнение упражнения убыстрется и замедляется.

- Указательными пальцами обеих рук дети ведут по контурам стеблей – зигзагов к цветам и обратно;
- Взяв в руки кубик, дети ставят его поочередно на правое и левое колено и на счет четыре передают соседу справа, взяв следующий кубик, повторяют движение.

1. Нейроигра «Мячики»

Мяч – универсальная игрушка, друг из детства каждого из нас, игра с мячом активизирует весь организм, все анализаторные системы

Цель: эмоциональная разрядка, развитие моторной координации, умение работать с группой, снятие напряжения.

Задачи:

- развитие межполушарных взаимодействий и внимания;
- снятие мышечных зажимов и импульсивности;
- улучшение интеллектуальных способностей.

Материалы, оборудование:

- маленькие мячики по количеству участников;
- карточки со стрелками и фигурами по количеству участников;
- коврики на каждого человека;
- аудиозапись спокойной и веселой музыки.

Ход игры

- Здравствуйте друзья! (дети сидят в кругу держатся за руки)

Каждому из вас рада я! (улыбаются, кружатся вокруг себя)

Улыбнитесь, покружитесь!

За руки возьмитесь и обнимитесь! (берутся за руки, обнимаются)

«У меня, у соседа...»

Дети берут по одному мячу в правую руку, переключают в левую и в правую соседа со словами «у меня, соседа, взял отдал», так повторяют несколько раз, затем начинают с левой руки и повторяют с произнесением слов.

Дети берут по два мяча, под веселую, ритмичную музыку выполняют упражнения обеими руками одновременно.

- Два хлопка мячами;
- Два хлопка по плечам мячами;
- Два хлопка одновременно обоими руками по противоположным плечам;
- Катание мячей по ногам вниз и вверх;
- Катание мячей по ногам вниз и вверх противоположными руками;
- Катание мячей по спине соседа вверх и вниз;
- Дыхательные упражнения дуть поочередно на каждый мяч;
- Зрительные упражнения отводить мяч далеко – близко, высоко – низко, вправо – влево наблюдая глазами за мячом.

Работа с нейропсихологическими карточками

«Стрелки и фигуры»

На столе лежат карточки для обеих рук с изображением стрелок и фигур. Выполнение упражнения убыстрится и замедлится.

С мячиками в обеих руках, дети ведут одновременно по стрелкам и фигурам;

При повторах добавляется произнесение звуков гласных, согласных, мягких, твердых, чистоговорок и стихов.

Ча-ча-ча, чу-чу-чу,
Мячик я кручу, верчу.
Мячик я кручу, верчу,
Поиграть с мячом хочу.

Ча-ча-ча, чу-чу-чу,
Постучу я по мячу.
Постучу я по мячу,
По песочку покачу.

Уч-уч-уч, ач-ач-ач,
Догоню сейчас я мяч.
Догоню сейчас я мяч...
В луже мячик. Плачь, не плачь.

Ча-ча-ча, чу-чу-чу,
Ручки пачкать не хочу.
Ручки пачкать не хочу,
Палкой мячик покачу.

Уч-уч-уч, ач-ач-ач,
Вот и выкатился мяч.
Вот и выкатился мяч,
И помчался снова вскачь!

Мой веселый **мячик**
Прыгает и скачет:
Прыг-скок - в уголок,
А потом обратно.
Вок как мы вечерок
Провели приятно!
Что такое, что за шум?
Скачет **мячик**: бум-бум-бум!
Прыг-прыг-прыг и скок-скок-скок,
Укатился под кусток.

Предлагается детям познакомиться с карточками и выполнить задание вновь, произнося звуки, стихи и чистоговорки.

- Рефлексия: - было ли что ни будь сложным? (ответы детей)
- что показалось веселым? (ответы детей)
- что было самым интересным? (ответы детей)

Ребенок, под руководством взрослого, может выполнять эти упражнения в любое время и в любом месте.

Таким образом, использование нейроигр в практике работы с детьми дошкольного возраста оправдано, и способствует развитию личности дошкольника.

Регулярное использование нейроигр в режимных моментах и самостоятельной деятельности оказывает положительное влияние на процесс обучения, развитие интеллекта, улучшение состояния физического, психического и эмоционального здоровья и социальной адаптации детей. Огромная польза и привлекательность нейроигр состоит в их простоте и практичности.

Список использованной литературы и ссылки:

1. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. — Москва. — Издательский центр Академия 2013 г., 384 стр.
2. Хомская Е. Д. Нейропсихология. — Издательство Питер. — 2018 г., 496 стр.
3. Визель Т. Г. Основы нейропсихологии: учебник для студентов ВУЗов., Москва. — АСТ Астрель Транзиткнига, 2005, 384 стр.
4. <http://www.myshared.ru/slide/1344762/>
5. <https://pandia.ru/text/86/111/49485.php>
6. <https://infourok.ru/>
7. https://vk.com/wall-165852117_46825
8. https://uolbt.yanao.ru/cdn/documents/2022/06/sborik-statej-vesennej-mezhmunitsipalnoj-sessii-dlya-rabotnikov_p40704.pdf
9. <https://logportal.ru/statya-18172.html>

ӘОЖ 510.51.01

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

*Дүйсенбаева Арнагул Имангазиевна,
математика пәнінің мұғалімі
Казталовка ауданы Қарасу ЖОББМ, БҚО*

Аннотация: егер әр педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей алатын болса, жаңашыл педагогтар шеберлігі арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан әрі артатыны сөзсіз. Баланы таңқалдыруды ұмытпай, өзін өзі дамытуға жол ашу керек, өйткені логика таңқалудан басталып, даналыққа ұмтылдырады. Жеке тұлғаның логикалық қабілетін дамытуда білім трендтерін қолдану арқылы орта буын оқушыларын ойын элементтері арқылы ұлттық құндылықтарды тиімді дамыту.

Бұл мақалада оқушылардың дербестігін дамытудың бірнеше әдістері мен тәсілдері бар. Алған білімдерін өз бетінше өмірде тиімді пайдаланып, алгоритм модельін дамыту мәселесі қарастырылған. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу арқылы оқу сауаттылық дағдылары дамиды, оқушылардың бойында коммуникативті және тілдік, адами құндылық қалыптасады, сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас дағдылары дамиды.

Кілт сөздер: математика, әдіс-тәсілде, ауызша есептер, өз бетінше жұмыс істеу, өзіндік жұмыс, функционалдық сауаттылық, шығармашылық өзіндік жұмыс.

Математика – адамның өмір сүруіне қажетті және сонымен бірге ең қиын пән. Осыған байланысты оны зерттеу кезінде көптеген қиындықтар туындайды. Математика сабағында өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту – менің басты мақсатым. Сабақтың оқу нәтижесі мен оқушының үлгерімі, сабақтың сапасы мен ұйымдастырылуына байланысты. Сократ философиясының мақсаты адамды ізгілікке тәрбиелеу деп түсінді және адам оған өзін тану және өзін сынау арқылы жете алады деп сенді, «Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңдер» деген екен.

Сабақта өзіндік жұмысты ойдағыдай ұйымдастыру үшін мұғалімнің әртүрлі әдістемелік ұсыныстар мен ескертулерді қолдануы маңызды. Әртүрлі тапсырмаларды орындау немесе орындалған

тапсырмаларды талдау кезінде оқушылардың назары үнемі ескертулерге, ұсыныстарға және алгоритмдерге аударылады. Бұл оларға қажетті дағдыларды тез меңгеруге, белгілі бір іс-әрекетті және өз қызметін ұйымдастырудың кейбір жалпы тәсілдерін үйренуге көмектеседі. [3, 16 б.]

Өзіндік жұмыстың орындалуын бақылау өте маңызды. Әрбір өздік жұмысты тексеріп, қорытындылап, анықтау керек: не жақсы орындалды және неге ерекше назар аудару керек. Қателердің себебін анықтау және оны түзетудің дұрыс жолын табу қажет. Өздік жұмысты орындау кезінде қатенің себебін білуге мүмкіндік бар. Демек, біз білім алушылардың біліктілігін арттыруға, тиянақты білімге қол жеткізуге, оқу уақытын тиімді пайдалануға байланысты өздік жұмыстарын дұрыс жоспарлауға мүмкіндік аламыз. Өзіндік жұмыс нәтижелері оқушыға өзінің оқу іс-әрекетінің нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Өзіндік жұмыстың ең тиімді түрі – шығармашылық сипаттағы өзіндік жұмыс. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. [4, 20б.]

Оқушының өз бетімен жұмыс істей алмауының басты себебі – баланы өз бетінше жұмыс істеуді үйретпегендіктен. Көбінесе балалар өз қабілеттерін үлкендердің көмегінсіз көрсете алмайды. Ол үшін, біріншіден, психологиялық дайындық керек. Ол психологиялық жайлылық жағдайында болу керек, яғни көңіл күйі жақсы, жұмыс орны ыңғайлы болу керек. Екіншіден, балада өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалаудың қарапайым дағдылары болуы керек. Үшіншіден, балада өзінің тәрбиелік іс-әрекетінің барысы мен жалпы нәтижесін болжай білу қабілеті болуы керек. Төртіншіден, тапсырманың барлық кезеңдерінде ой пікірі мен шығармашылық қабілеті болуы қажет. [5, 3-10 б.]

Білім алушылардың өз бетінше оқу әрекетін тиімді басқару үшін өзіндік жұмыстың белгілерін анықтау маңызды:

- мұғалімнің тапсырмаларының болуы;
- мұғалімнің нұсқауы;
- оқушының дербестігі;
- мұғалімнің тікелей қатысуынсыз тапсырманы орындау;
- оқушының белсенділігі.

Өзіндік жұмыстың сипаты оқу пәнінің мазмұнын құрайтын білім құрамына байланысты.

Өзіндік жұмыстың келесі түрлері бар:

- 1) үлгі бойынша өзіндік жұмыс;
- 2) реконструктивтік өзіндік жұмыс;
- 3) ғылыми ұғымдарды қолдану бойынша вариативті өзіндік жұмыс;
- 4) шығармашылық өзіндік жұмыс.

Менің педагогикалық іс-әрекетімнің мақсаты – балаларды өз бетінше ойлауға, мәліметтерді салыстыруға және ақпаратты өздігінен іздеуге үйрету, балалардың шығармашылық қабілеттерін ашуға және дамытуға көмектесу, өзін және басқаларды сүйуге үйрету.

Өмірлік ұстанынымым

Рухани азығым-білімім мен өнерімді шәкірттеріме үйретіп, жүректеріне жол табуды мақсат еттім.

- Сыныпта әр балаға жеке дара тұлға ретінде қарау;
- Балаларды кемсітпеу, әдепті болу;
- Балалардың ақыл-кеңесін және олардың пікірін жиі сұрау;
- Бала басқаша ойласа да, кез келген пікірді құрметтеу;
- Бастаманы ынталандыру.

- Балаға «қысым жасамау», бірақ ол өз ойын білдіруге шешім қабылдағанша шыдамдылықпен күту.

«Жоқ!», «Болмайды!», «Бұзасың», «Сындырасың» деген сияқты тек тыйым немесе «Бәрі болады», «Өзің біл» деген сияқты немқұрайлылықпен қарамай, сұрақ қойса, сабырмен жауап беруге және онымен сырлас болу. [1, 25 б.]

Білім алушылардың сабақта өз бетінше жұмыс істеуі, топтық жұмыстарда қолдануға болады.

1. 5 сынып «Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту» тақырыбына топтық жұмыс

I топқа балаларға тік бұрышты параллелепипед тәріздес каропка беріледі. Каропканың енін, ұзындығын, биіктігін сызғышпен өлшемін алып, каропканың көлемін табады. $V=abc$

II топқа балаларға крушка беріледі, шеңбердің ұзындығын табу. Крушканың шеңбер дәріздес бетін сызғышпен диаметрін тауып одан кейін, шеңбердің ұзындығын табады $C=\pi \cdot D$, $\pi=3,14$




1-сурет

III топқа ауданын табу. Тиынның ауданын табады $S=\pi \cdot R^2$. 1-сурет

2. 6 сынып «Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері» тақырыбына топтық жұмыс. Әр топқа берілген заттарды өлшеп теңсіздік құрастырып шығарады.

I топқа алма, банан және электронды таразы беріледі. Балалар электронды таразымен алма мен бананның салмақтарын өлшеп, шыққан ондық бөлшекті салыстырып және 2-суреттегі берілген қарбыздың бөліктерін салыстырып $0,4 < 0,6$. Теңсіздіктерді бірін астына бірін жазып, қосып, көбейтеді.



2-сурет

II топқа домбыра мен сылдырмақ және сызғыш керек, балалар сызғышпен домбыра мен сылдырмақтың ұзындығын өлшеп, шыққан ондық бөлшектерді салыстырып және 3-суреттегі берілген апельсиннің бөліктерін салыстырып $0,25 < 0,75$. Теңсіздіктерді бірін астына бірін жазып, қосып, көбейтеді.



3-сурет

III топқа білезік пен жүзік керек, балалар сызғышпен білезік пен жүзіктің диаметрін өлшеп, шыққан ондық бөлшектерді салыстырып және 4-суреттегі берілген жасыл фигураның бөліктерін салыстырып $0,3 < 0,7$. Теңсіздіктерді бірін астына бірін жазып, қосып, көбейтеді.




4-сурет

3. 7 сынып «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» тақырыбына топтық жұмыс

Әр топқа берілген заттарды өлшеп қысқаша көбейту формуласына қойып есептейді

I топқа Өлшемдері әр түрлі екі квадрат ою суретімен беріледі, балалар екі квадраттың қабырғасын есептеп, $a^2 - b^2 = (a-b)(a+b)$ формуласына қойып есептейді. 5-сурет, 6-сурет.




5-сурет

6-сурет

II топқа Өлшемдері әр түрлі екі куб беріледі, балалар сызғышпен кубтардың өлшемдерін алып, екі өрнектің кубтарының қосындысын табады. $a^3 - b^3 = (a-b)(a^2 + ab + b^2)$. 7-сурет, 8-сурет.



7-сурет



8-сурет

III топқа Өлшемдері әр түрлі екі куб беріледі, балалар сызғышпен кубтардың өлшемдерін алып, екі өрнектің кубтарының қосындысын табады. $a^3 + b^3 = (a+b)(a^2 - ab + b^2)$. 7-сурет, 8-сурет.

4. Сыныптастарыңа қандай сұрақ қоя аласыңдар? Сурет бойынша Пайыз тақырыбына есеп құрастырыңдар? 9-сурет, 10-сурет.



9-сурет

			$\frac{2}{10}$	0,2	20%

10-сурет

Оқу сауаттылығын дамытатын тапсырмалар.

5. 4 адамды дөңгелек үстелді айнала неше тәсілмен отырғызуға болады? Алдымен 4 оқушыны ұзын орындыққа отырғызудың қанша тәсілі бар екенін анықтап алайық: 11-сурет, 12-сурет.

$$4! = 1 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 4 = 24$$




11-сурет

ABCD	BACD	CABD	DABC
ABDC	BADC	CADB	DACB
ACBD	BCAD	CBAD	DBAC
ACDB	BCDA	CBDA	DBCA
ADBC	BDAC	CDAB	DCAB
ADCB	BDCA	CDBA	DCBA

12-сурет

$$4!/4 = 3! \cdot 4/4 = 6 \quad \text{Жауабы: } 6$$

Жалпы алғанда n адамды дөңгелек үстелді айналдыра отырғызудың (n-1)! тәсілі бар екен. 13-сурет



13-сурет

6. Балалар 3 рет тиынды жылжыту арқылы үшбұрыш тәріздес тиындарды керісінше төменгі жағын жоғары қою керек. 14-сурет.



14-сурет

7. Ойды дамыту үшін (Қазақ халқының ауызша есеп) «Тоғызтораудағы кездесу»

Талас өзенінің төменгі бойындағы көкмайса жерге тұс-тұстан тоғыз жолдың торабы Тоғызторау деп аталады. Әйтеуір бір жылы сондағы құдық басына тоғыз аңшы келіп, бірімен-бірі түгел қол берісіп амандасып шығады.

-Бәріміз қанша рет қол алыстық?-дейді сонда жолаушылардың бірі.

-Кім білсін, ал мен өзім сегіз адаммен амандастым,-дейді екінші жолаушы.

Тоғыз жолаушы біріне бірі қанша рет қол берісті? [2, 11 б.]

Жауабы: Барлық қол алысулар саны 36

$8+7+6+5+4+3+2+1=36$

Қорытынды:

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Өзін өзі тану» пәнінің мұғаліміне арналған әдістемелік құрал, Алматы қаласы: ҰҒПББСО «Бөбек», 2010 ж.- 25 б.
2. Әкбарбек Доспамбетов, Ғұсман Жандыбаев, Изат Кенжалин «Қырық қазына» Қазақ халқының ауызша есептері. Алматы «Мектеп», 1987ж. -11 б.
3. Мағжан Жұмабаев «Жалпы педагогика»1922 жыл, 15 сентябрь, Қызылжар.-16 б.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.Астана,2012г. - 20 б.
5. Қаниева Г. Оқушының ойлау қабілетін дамыту / Г.Қаниева // Қазақстан мектебі.- 1991.-№ 5.- 3-10 бет.

ӘОЖ 374.3

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРЕНДТЕР

Дуйсенғалиева Гулмаржан Габлғазизовна,

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,

Бәйтерек ауданы Мичурин МББ «мектеп – бөбекжай –

балабақша» кеішені, БҚО

Аннотация: Қазіргі уақытта білім берудегі негізгі әлемдік тренд соңғы технологияларды пайдаланатын жекелендірілген және бейімделген оқыту тәжірибесіне ауысу болып табылады. Бұл тенденция білім берудегі дәстүрлі бір өлшемді тәсілдер арқашан жеке оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра бермейтінін және технологияның неғұрлым бейімделген және тиімді оқу тәжірибесін қамтамасыз ету мүмкіндігі бар екенін мойындаумен негізделген.

Кілт сөздер: трендтер, жаңа технология, бәсекеге қабілеттілігі, үрдісінде, жаңа идеяны, зерделеу; инновациялық

Қоғамның назарын педагогикалық білім берудің заманауи трендтеріне аудару, республикадағы білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін жетекші халықаралық инновациялық технологияларды таратуға мақсат еткен.

Заманауи білім беру мәселелерін бірлесіп талқылауға әлемдік зерттеу орталықтары бірден - бір көмек көрсетіп отыр. Қазақстандағы білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін педагогикалық білім берудің қазіргі заманғы трендтерін дамытуға жәрдемдесуді, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін қазіргі заманғы халықаралық білім беру технологияларымен тәжірибе алмасу,

кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың жаңа түрлерін дамытуды және де республикада педагогикалық білім беру трендтерін дамыту бойынша тиімді шешімдер іздеу және ұсыныстар әзірлеу мен инновациялық білім беру технологиялары және оқыту әдістері болып табылады. Елбасының Жолдауында: « Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген болатын, яғни оқытушы жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже екендігін дәлелдеу. «Балаға білім берудің жұмысы ширақ, жігерлі, қарқынды болған дұрыс» -деп, Ж.Аймауытов айтқандай «Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе жан жақты білім беру, ғылымды дамыту» болатын. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін қарқынды түрде технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Оқу -тәрбие үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу 4 кезеңнен тұрады:

- жаңа идеяны, жаңалықтарды іздестіру, зерделеу;
- жаңалықтарды ұйымдастыру;
- жаңалықтарды енгізу (оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану);
- қорытындылау.

Қазіргі замандағы білім берудігі трендтері ең бірінші мұғалімнің ұстанымы мықты болу керек. Өз жұмысын қазіргі заманның жаңашылдықтарын да қамтуы тиіс. Мұғалім оқу- тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс- тәсілдерді өз сабағына енгізу арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, жол салады. Қазіргі заманда педагогикалық білімнің рөлі мен белсенділігі басымдықта болып отыр.

Екіншіден ұстаздардың өз қызметінде деген жаңалықты игеруі болса, үшіншіден білім беру ұйымдарының нарықтық қатынастарға енуі, бәсекелестік ахуалды туғызады.

Осындай жаңа заман талабына сай білім беру жүйесінің жан жақты өзгеруінің өзі білім алушылардың ізденуіне жол ашып, биіктен көрінуіне көмектеседі.

Мен өзімнің әр бір сабағымда жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушылардың оқу дағдыларын, ойлау қабілеттерінің дамуына үлкен үлес қосып отырмын деп ойлаймын. Себебі қазіргі уақыттағы сабақ беріп отырған сыныбымның оқушылары әрдайым қазақ тілі мен әдебиет сабағында сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салып, әр сабақта жаңаша өткізуге, шығармашылық әрекеттерімен белсенді қатысады.

Ұстаз, өз шәкірттерінің қазақ тілін дұрыс, заман талабына сай меңгеріп шығуы үшін жасаған барлық әдіс-тәсілдері бұл жерде орынды жасалса, қазақ тілін дамытуда және өз шәкірттеріміздің білімді азамат болып шығуына өз үлесімізді қосқаным деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. «Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы» Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
- 2.Қабдықайыров Қ.«Инновациялық технологияларды диагностикалау». – 2015
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. /Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру»

УДК 37.01

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Дусекенова Райгуль Болатовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Ш.Уәлиханов ат. ЖББОМ КММ,
БҚО, Бәйтерек, Шалғай ауылы*

Аннотация: Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Оқушылар жұмыс жасау барысында бір – біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш – қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушыны өз пікірлерін еркін жеткізуге жағдайлар жасайды.

Кілт сөздер: Жаңа технология, инновация, әдіс, меңгеру, тәжірибе.

Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін,
ең алдымен азаматтық бен білім керек.

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаматтық пен білім керек» деп Шоқан Уәлиханов көрегендікпен айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға – әрбір ұстаз міндетті. Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі де еліміз бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру, олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интеллектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз.

Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады». «Сабақ беру - жай ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», - деп.

В. Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр.

«Жүз рет істігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этно педагогикалық тәрбие береді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Мультимедиялық проекторды пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

- барлық баланы оқыту;
- оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- оқушының жеке қабілетінің қызығуына, ізденуіне.

Яғни, әр қазақ тілі сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз.

Әр саланың өз жаңалық-жасампаздығы болса, біздің тіліміздегі тілдік талдауларға қажетті жаңалықтың бірі – сатылай оқыту технологиясы. Тіл білімінің қай саласы болмасын сатылап талдауға бағынады. Сатылай комплексті талдаудың маңыздысы деп ойлаймын:

- оқушы материалды қалай меңгергендігі байқалады;
- оқушы білімін тұрақтандыруға көмектеседі;
- ізденуге жетелейді, қызықтырады;
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады;
- өзіндік пікірі қалыптасады.

Біз ұстаздар қауымы қандай да болса сын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз анық. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ойтолғаныс.

Мұнда әр оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек.

«Қызығушылығын ояту» кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушының білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесіп отырып, жай сөздермен емес, тақырыппен байланыстыра жаңа сабақтың атауын шығарамыз.

«Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап бере отырып, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылған немесе сұрақтардың өзін сұрыптауда «Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясын оқытушы жүзіге асырады.

Осы кезеңде «Түртіп алу кестесі» бойынша да жұмыстану арқылы қорытынды шығаруға болады.

Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой-толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады.

Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «Дебат» яғни, пікір-сайыс өткізуге немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

«Технология» гректің «techné»- өнер, шеберлік және «logos» - ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Инновациялық тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. «Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер» деген халқымыздың қанатты сөзі сындарлы тәсіл теориясымен астасып жатқандығы.

Технология мен әдіс-тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады. Қазіргі оқытудың басты талабы – сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу.

Осы мақсатта сабақ өту әдістерін толықтырып, әр уақытта ізденісте боламын.

Қазіргі уақыт талабына сай біз де өз сабақтарымызда жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге отырамыз.

Сабақ өткізу барысында оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеп, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдаланып келемін.

Біз қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнын, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы саяхат сабақ, ертегі сайыс сабақ, ойын, жарыс сабағы, аралас сабағы, тест әдісімен өткізіліп келеді.

Қазақ тілі пәні сабақтарын ойын түрлері арқылы оқушыларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, ой белсенділігін арттыруға бағыттаймын. Мәселен, қазақ халқының киелі сандарымен таныстыру: 3, 5, 7, 9, 12, 30, 40. Бұл сабақта 7 санының қасиетті екенін түсіндіріп, ұқыптылыққа, сыпайылыққа, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу көзделеді. Сабақ көрнекілігіне 7 басты жылан, аты жазылған көртішкелер, 7 жолақ, ғажайып алау барабаны, жануарлар суреті пайдаланылады.

Алдымен сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндіріледі және бұл әдеттен тыс ойын сабақ болатынын, септіктерді қайталау, пысықтау керек екенін айтамын.

1. 7-ге байланысты: жеті жетім, жеті қазына, жеті жұт, жеті ата, жеті теңге беру туралы әңгімелеу.

2. Поэзия минуты. Өлеңдер оқылып, кімнің өлеңі екенін айтады. Асты сызылған бір сөзді 7 деп есептейді.

3. Сергіту сәті. 7 күнді атау. Сол күнді септеу.

4. «Жеті жолақ» ойыны арқылы жаттығулар орындалады

5. «Ғажайып алаң» ойыны. Үй жануарларын септеу.

6. «Адаққан септіктер» ойыны. Септік атаулары жазылған 7 бала тақтаға шығады. Сөздеріне қарай оқушылар қай септік екенін табады.

Күнделікті жоспардағы сабақтан гөрі мұндай сабақтар оқушының есінде ұзақ сақталады, ой-өрісі кеңейеді. Ойлау қабілеті дамиды, сабаққа қызығуы, белсенділігі артады. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту барысында ауызша, жазба дағдыларын меңгерту көзделеді.

Бұл сабақта көрнекіліктерді көру арқылы балалардың есте сақтау қабілеті артады, әрі көп бала сабақта белсенділік танытады. Сабақты кестеде жазылған септіктерді оқыту арқылы қорытындылаймыз. Әрине, әр жылдың мезгілдеріне байланысты ойындарды өзгертіп түрлендіруге болады. Үндемес бағдаршам, оң қол, сол қол ойындары. Бұл ойындардың балалардың пәнге деген ынтасын арттыратыны даусыз.

Біріншіден, үздіксіз білім алуға жағдай жасап оқыта отырып дамытуға, екіншіден, өз бетінше білім жинақтауға шығармашылықпен жұмыс істеп өмірге бейімделуіне ықпал жасаудамын.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №5, 14-22-б
2. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі. 2014, №9, 17-19-б
3. Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №3. 11-14-б

ӘОЖ 373.3

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Дюсембева Валентина Муратовна,

*Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі БББ магистранты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.*

Аннотация: Мақалада бастауыш сыныптың әдебиеттік оқу сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың дидактикалық негіздері ғылыми тұрғыдан талданады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктері білім беру саласында кеңінен қолданылып, оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі екендігіне тоқталады. Бастауыш мектептің білім беру үдерісінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолданудың ғылыми-әдістемелік, технологиялық негіздерін айқындау бастауыш мектепте әдебиеттік оқу әдістемесінің өзекті мәселесі негізінде қарастырылады.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технология, бастауыш мектеп, білім беру үдерісі, дыбыс-бейнелік құралдары, әдебиеттік оқу.

Жаһандану кезеңінде оқу әрекетіне белсенді қатысатын, өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, өздігінен шешім шығара алатын коммуникативті дағдылары дамыған, білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білетін сауатты тұлға қалыптасуы тиіс. Мұндағы басты мақсат – оқушыларды біліммен қаруландырып, олардың жалпы оқу білігі мен дағдысын, құзыреттіліктерін қалыптастыру ғана емес, оқушы тұлғасының жан-жақты, үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Бұл туралы «Қазақстан Республикасы білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы» Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту міндетінде көрсетілген. Ел Президенті Қ.К.Тоқаев білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші екендігіне, әлемдік білім саласының даму көшінен қалмай ілгерілеудің қажеттігіне, ал сол көшке ілесе алмау мемлекет үшін үлкен сын болатындығына назар аударады. Аталған стратегиялық тұжырымдар республикамыздың мектептеріне енгізілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [1] мен бағдарламаларының, оның ішінде «Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында» коммуникативті дағдыны дамыту туралы «Бастауыш мектепте «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану» [2] – деп берілуі бағдарламаның негізі болып табылатындығын дәлелдей түседі. Білім беру үдерісі сын тұрғысынан ойлайтын, ақпаратты саналы түрде меңгеріп, ойын жетік жеткізе алатын, қарым-қатынасқа еркін түсетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталып отыр. Осыған орай, заманауи бастауыш сынып мұғалімінен оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту, сабаққа деген ынтасын арттыру мақсатында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары мен тиімді әдістерін үйлестіре отырып қолдану талап етіледі.

Әдістеменің заман дамуымен бірге әрдайым жаңаша келбетте келіп, жетіліп отыратын бір аспектісі – оқытуда дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану. Бұл – білім беру мазмұнының жаңаруымен, заман талаптарының қажеттіліктерін өтеуден туындаған заңдылық. Осымен байланысты ақпараттық-

коммуникациялық технологиялардың жетістіктері білім беру саласында кең ауқымда қолданыла бастады. Осы тұрғысынан бастауыш мектептің білім беру үдерісінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану – оқушының білім сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі. Сондықтан оның ғылыми-әдістемелік, технологиялық негіздерін айқындау бастауыш мектепте әдебиеттік оқу әдістемесінің өзекті мәселесі негізінде қарастырылады.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану арқылы білім беруді ақпараттандыруды жүзеге асыру мәселесі Г.Қ.Нұрғалиева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдиқова, Б.Ж.Құрманова еңбектерінің негізіне арқау болған.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа оқытудың дыбыс-бейнелік қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез-келген сабақта электрондық оқулық, бағдарламаларды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электронды нұсқасына айналдыруға, жазбаша мәтінді бейнефильм арқылы түсіндіруге болады. Дыбыс-бейнелік құралдарды көру және бейнеграммалар деп бөле отырып, біріншісіне сурет, кесте, сызба, өнер туындылары репродукциялары т.б., ал екіншісіне фонограммалар, дыбыстық жазбалар, радиохабарлар, бейнефонограммалар – кино, диафильмдер, компьютерлік бағдарламалар т.б. жатқызылады. Аталған оқу құралдарын жүзеге асыратын экранды-дыбыстық құрылғылар мыналар: мультимедиа-проектор, интербелсенді тақта, лазер нұсқаушылығы, теледидар, микрофон, сканер, принтер, сандық фотоаппараттар мен сандық бейнекамералар т.б.

Әдебиеттік оқу сабағында анимациялық фильмдер арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыруға байланысты қолданылатын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының мақсаты – оқушының оқу-танымдық қызығушылығын тудыра отырып, білім сапасын арттыру. *Қызығушылық*, әдетте, оқу материалының оқушының өзіне пайдалы екенін сезінгенде, білімді көрнекі етіп игергенде тұрақталатыны белгілі. Қызығушылық оқушы оқу әрекетіне өзі субъекті ретінде қатысқанда, проблемалық мәселелерді өз бетінше шешіп әрекеттенгенде, шығармашылық жұмыстар орындағанда (бейнежазбалар, аудиомәтіндермен жұмыс, дидактикалық ойындар, оқу жобалары, оқу тренингтері, бейнеүзінділер көрсету т.б.) қалыптасады. Айталық, бұлардың басқа дәстүрлі оқыту құралдарынан ерекшелігі бейнежазбалар тез арада жазылған бейнені көрсетуге, оны қажетінше қайталатуға мүмкіндік туғызады.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін жетілдіруді жүйелі тиімді жүзеге асыру үшін оның моделін құру қажеттілігі туындайды. «Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін анимациялық фильмдер арқылы жетілдірудің» мазмұндық-құрылымдық моделін құрастыруда Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар мен бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивтерін жетілдіру мәселелерін қарастырған К.Бозжанова, С.Рахметова, Қ.Молдабек, А.Рысқұлбекова, М.Дүйсенова т.б. зерттеушілердің теориялық тұжырымдары негізге алынды.

Модельде дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін жетілдірудің өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды. Модель оқушының өз ынтасымен орындаған әрекетін реттеп, түсінуге, талдап-сараптауға, деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұлар оқу мотивтерін жетілдіру деңгейін бағалауға арналған және әзірленген модельдің тиімділігін көрсетуге мүмкіндік береді. *Модельдің теориялық-әдіснамалық компоненті* бастауыш сыныпта оқушылардың оқу мотивтерін жетілдірудің әдіснамалық жүйесінің әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық негіздерін анықтаумен сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін жетілдіру мәселесін зерттеудің *әдіснамалық тұғырлары* – зерттеу мақсаты анықталған міндеттерді шешудің негізгі жолы, ол осы шешімдердің стратегиялары мен бағыт-бағдарларын айқындайды. Тұғыр – зерттеу міндеттері анықтаған міндеттерді шешудің негізгі жолы, ол осы шешімнің стратегиясы мен бағытын айқындайды. Тұлғалық тұғыр – жеке тұлғаны зерттеу психологиясынан негіз алады. Жеке тұлғаның құндылығын зерттеушінің талдамасына сәйкес технологияны және оқу әдістемесін жасаудың негізгі бағыттарын анықтайды. Жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты – әрбір жеке тұлғаның мүмкіндіктерін танып, дамыту. Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонентті міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық [3].

Іс-әрекеттік тұғыр – жүйенің даму заңдылықтарын түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады. Дамудың заңдарын білу негізінде объектіні жетілдіру, өзгерту, жаңғырту операциялары іске қосылады, әрекет жасалады.

Жүйелілік тұғыр – танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. Олай болатын себебі, кез келген құбылыс жүйе ретінде қарастырылады. Жүйе дегеніміз – біртұтас бүтінді құрайтын өзара байланысты бөлшектердің ретке келтірілген жиынтығы мен олардың арасындағы қатынасы.

Мәдениеттанымдық тұғыр – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізінде іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін,

этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу, сондай-ақ, адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Мәдениеттанымдық амалдың қазіргі педагогикадағы түйткілді мәселелерді шешудегі рөлі зор. Өйткені, тәрбие мен білім «мәдениет» ұғымына өте жақын жатыр.

Акмеологиялық тұғыр – зерттеу жұмысының табыстылығын қамтамасыз етеді, оларға қатысушы субъектілердің педагогикалық әсер ету барысында биіктерге бағытталуын нәтижелі етеді. Кәсіби шеберліктің шыңына шығу туралы ғылымның «акмеология» деген атауы грек тілінен аударғанда «шың», «биіктік» деген мағынаны береді. Оқыту тәжірибесін жүзеге асыру жүйесінде оқушының оқу мотивтерін оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамытудың тілбілімдік, педагогикалық негіздері, дидактикалық қағидаттары мен психологиялық заңдылықтары негіз болды.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын жетілдіруде әдебиеттік оқу пәнін оқыту үдерісінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолданудың маңызы ерекше екені анықталды. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары жалпы алғанда, оқытудың көрнекі құралдарының бірі және оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді әдісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2015.
2. Әдебиеттік оқу. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2017.
3. Бондаревская, Е.В. Теория и практика личностно-ориентированного образования. – Ростов н/Д., 2000. – 351с.

ӘОЖ 372.851

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒЫТЫ

*Елекенова Ардак Бекмирасовна,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Математика педагогтерін даярлау I-курс магистранты,
Орал қ.*

Аннотация: мақалада мектеп оқушыларына математиканы оқытудың қолданбалы бағытын дамыту жолдары қамтылған. Бәсекелестік заманында сапалы білім беру жолындағы математиканы оқытудың қолданбалы бағытының білім кеңістігіндегі бағыттары белгіленеді. Қолданбалы бағыт пен тәжірибелік бағыт түсініктеріне тоқтала келіп, қолданбалы бағыттың мектеп бағдарламасында жүзеге асырылу ерекшеліктері айтылып, жолдары көрсетіледі. Білім беру процесіндегі жүйелілік бағытымен, сапалы білім беру мен болашақ түрлі сала мамандарына кәсіби бағдар беру жолында математиканың қолданбалы бағытын жандандырудың амал-тәсілдері айшықталады.

Кілт сөздер: қолданбалы бағыт, тәжірибелік бағыт, білім беру, кәсіби бағдар беру, мектеп бағдарламасы, сапалы білім

Математика ғылымы өзінің дамуын сонау ерте ғасырларда алып, талай тарихи дамуы мен өрлеуін бастан кешіріп келе жатқан іргелі ғылым екені ақиқат. Ең басында шаруашылықта іс-жүргізуде есеп-қисаптарды есептеу қажеттігінен туындаса, бүгін – 21-ғасырда қай саланы алмасаңыз да, математикалық есептеулер мен ережелерден асып өте алмайды.

Әлемнің, ғарыштың дамуын математика ғылымынсыз елестете алмайтынымыз тағы бар. Математика атты қойнауы кең ғылымның алғаш үйретіле бастауы балабақша мен мектеп қабырғасында математика пәні ретінде қарастырылады. Түрлі формула мен есеп-қисапқа толы қызықты әлемнің есігін ашатын математика пәнінің мектеп бағдарламасы бойыншы оқытылуы да заман сұранысына қарай түрлі өзгерістерді қабылдап, білім көшінен қалмай келеді. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы және қазіргі оқу бағдарламаларынан да өзгерістерді байқамай өтпейсіз. Бұндай өзгерістер алдағы уақыттарда да толассыз бола беретіні анық. Математиканы ғылыми ретінде дамытып келе жетқан ғалымдарға да жаңалық әкелу жолында талай еңбек күтіп тұрғаны тағы бар.

Біз математика пәнінің жоғары сынып оқушыларына оқытуы аясында назарға алатын бірнеше пікірімізді айтып, ұсынысымызды ұсынғымыз келеді. Ұсыныстарымыз математика пәнін оқытуда көмекші нұсқаулық ретінде қосымша факультатив сабақтарда қолданылса, оқушыларды математика пәні емес, кеңсалалы математика ғылымына деген құлшыныстары артып, пәннің оқытылу сапасы да арта түсер еді деген ойдамыз. Төменде біз бақылай алған жағдайларды бірнеше мысалдарға тізіп көрсеткіміз келеді:

1-жағдай. Мектеп оқушылары көп жағдайда математика пәнін физика, химия, информатика пәндерін оқыған кезде, математика пәнінде үйренген есептеу дағдыларын қолданып, математика пәнінің басқа пәндермен байланысы туралы айтқан кезде математика пәнінің қолданылу аясы туралы аз ақпарат беруі ықтимал.

2-жағдай. Оқу процесінде қолданатын формулалар, теоремалар күнделікті өмірде қарапайым жағдайлар түрінде күнде көріп жүруі де мүмкін. Мысалы, тригонометрия бөлімінің оқытылып бастауы мектеп бағдарламасында орта сыныптарда басталады да, 10-11 сыныптарда күрделеніп, мектеп оқушылары үшін көптеген формулаларды меңгеру арқылы, есептер шығарып көп машықтану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізетін ауқымды тақырыптардың бірі болып есептеледі. Оқу бағдарламасы бойынша тригонометрия бөліміне қатысты теорема, формулалар түсіндіріліп, есептер шығарылып жатқан кезде факультатив сабақтарда сол өткен формула немесе теореманың күнделікті өмірмен байланысы түрлі заманауи әдіс-тәсілдер арқылы қосымша сабақтарда оқушының санасына ұмытылмастай әсер ететіндей көрнекі түрде көрсетілсе, оқушының санасында жаңалық туғызып, мазалаған сұрақтарына жауап алады деген ойдамыз.

Математиканы оқыту барысында қолданбалы бағытты жүзеге асырудың, қолданбалы есептерді пайдалану мүмкіндіктері шетел практикасында да кеңінен талқыланып, түрлі ізденістерді қажет етіп келе жатқан мәселе болып табылады. Ғалымдар зерттеулерін жүргізе келе, математиканы оқытудың қолданбалы бағытын іске асырудың төмендегідей жолдары мен құралдарын ұсынған:

- оқушыларға математикалық аппаратты қолдану аясы туралы ауызша түрде хабарлау, баяндау, түсіндіру;

- өндірістік бағыттағы түрлі зерттеулер, лабораториялық жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларды қызықтыру мәселесі;

- оқушыларын санасына әсер ететіндей түрлі тақырыптағы ақпараттардың эскиздерін, макет-модельдерін, өлшемді суреттерін, сұлбаларын жинақтап, сабақтар барысында қолданып отыру;

- баспа түрінде басылып шыққан немесе жинақ ретінде қолданылып жүрген оқыту құралдарына сабақтарда сілтеме жасау (оларға өндіріс процесінде қолданылып жүрген өндірістік-техникалық құжаттар, басылымдар, жинақтар, сәйкес келетін құжаттамалар, т.б. болуы мүмкін);

- анықтамалық, техникалық бағыттағы әдебиет көздерімен жұмыс жасау кезеңдері; т.б.

Математика пәнін оқытуда қолданбалы бағытты оқыту, іске асыру қажеттілігіне кеңестік математиктер мен педагог-мұғалімдер де өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ұсынған. Атап айтқанда, Колмогоров А.Н. мен Гнеденко Б.В. мектеп жасындағы оқушылардың математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында мектеп бағдарламасы оқулықтарына математикалық модельдерді құрастыру қажеттілігі, математика қосымшаларын зерттеу, сабақ барысында зерттеліп отырған теорияның іс жүзінде немесе тәжірибеде қолданылуының түрлі жолдарын, жаңа ақпаратты өмірде пайдалана алудың әр алуандығын анық көрсетудің қажеттіліктері туралы да өз пікірлерін білдіріп өткен

Математика әрі педагог В.В. Фирсов өткен ғасырдың жетпісінші жылдары шамасында математика пәнін оқытудағы “қолданбалы бағыт” ұғымына анықтама берген болатын [1-3].

“Қолданбалы бағыт” ұғымын зерттеген көптеген ғалымдардың да берген анықтамалары да бұл түсініктің қолданылу масштабын анықтай түсіп, “оқытудың қолданбалы бағыты” атты жаңа терминнің мен оның түрлі анықтамаларының пайда болуына, “қолданбалық бағыт” пен “тәжірибелік бағыт” атты ұқсас болып көрінген ұғымдардың арасын ашып, әр түсінікке түрлі ғалымдар анықтама берумен жұмыстанған еді. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек;

Шапиро И.М. қос ұғым көрінген “қолданбалы бағыттылық” және “тәжірибелік бағыттылық” терминдерінің ара-жігін ажыратып, өзінің анықтамасын ұсынған еді. Олар мыналар:

“Математиканы оқытудағы қолданбалы бағытқа сәйкес, оның мазмұны мен әдістерін күнделікті өмірмен, басқа ғылымдардың негізгі ұғымдарымен тығыз байланыста болып, мектеп оқушыларын алдағы кәсіби іс-әрекеті барысында математикалық білімдерін қолдануға дайындауға және заманауи электронды компьютерлерді қолдануға бағыттайды” десе, “математика пәнін оқытудың тәжірибелік бағыты оқушылардың өзіндік іс-әрекеті дағдыларын, өзінің іс-әрекетін жоспарлау мен тиімділігін арттырудың мазмұны мен әдістерінің бағыты түрінде болады” деп топшылаған еді. Тағы бір мысал келтірсек, көрнекті ғалымдар Колягин Ю.М. мен Пикан В.В. бағыттардың қолданбалығы мен тәжірибелігі туралы да анықтамаларын ұсынған болатын. Дәлірек айтқанда: “Математиканы оқытудың қолданбалы бағыты - оқыту мазмұны мен әдістерін математика және аралас ғылымдарда, кәсіби қызмет, ауыл шаруашылығы және күнделікті өмірде математикадан алған білімдерін пайдалана алу үшін бағдарлау” деп, ал “Математиканы оқытудың тәжірибелік бағыты - оқытудың мазмұны мен әдістерінің есептер мен жаттығуларды орындай білуге, оқушылардың бойындағы математикалық сипаттағы басқа да жеке іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы” деген тұжырымдарын ұсынған [1, 17 б.]. Ғалымдардың анықтама беруде жүргізген ұсыныстарын топшылай келе, математиканы оқытудың қолданбалы және тәжірибелік бағыттары бір-біріне парапар немесе ұқсас көрінгенмен, жоғарыдағы ғалымдар екі бағыттың арасын ажыратып, болашақ зерттеуші ғалымдарға салмақты бағыт-бағдарларын ұсынған деп есептейміз. Біз қарастырып отырған математиканы оқытудың қолданбалы бағытын ұсынуда да осы сала бойынша зерттеулер көп көмегін тигізеді деген ойдамыз.

Математиканы оқытудың қолданбалы бағытын оқушыларға дұрыс ұсынып, түсіндіру жұмыстары болашақ бір саланың білікті мамандарына кәсіби бағдар, бағыт беруде де жетекші орын алады.

1. Мектеп оқушыларына математиканы оқытудың қолданбалы бағытын оқыту оқушыға жаңа математикалық термин мен анықтама, формулалар сабақ процесінде түсіндіріліп бастаған сәттен бастап басында ауызша сипатта, кейін нақты қолданыстағы дәйекті мысалдармен түсіндіріліп, толықтырылуы керек.

2. Математиканы оқытудың қолданбалы бағытын ұсынуды жүйелі немесе циклді бағдарламасын дайындауды ұсынамыз. Әр тақырып бойынша ұсынылған эпизодты көріністегі қолданбалы бағыттың оқушыға пайдасы төмен болмақ.

3. “Қарапайымнан күрделіге” принципі қатаң сақтай отырып, қолданбалы бағыттағы есептер есептің өмірдегі қолданысын түсіндіру кезеңінен бастап, техникалық салалардағы қолданысын анықтаған кезге дейін күрделі көтерілу алгоритмдері барынша сақталғаны жөн.

4. Сабақты тек математика пәні мұғалімі емес, тақырыптың қолданбалы бағытына сәйкес пән мұғалімдері (физика, химия, информатика, технология, сызу, т.б. пән мұғалімдері) мен мүмкін болған жағдайларда арнайы сала мамандары да қатыстырылып, өмірде, өндіріс процесінде математикалық ұғымның немесе формула бойынша есептің шығарылу жолдары жан-жақты талқыланып, көрсетілсе, оқушыға оң әсер берері сөзсіз.

5. Сабақта өткен тақырып бойынша сынып оқушыларымен сұрақ-жауап алмасып, оқушылардың сыныптағы ізденістеріне үй тапсырмасы ретінде қосымша мәліметтер табу, жаңа ақпараттарды анықтауды жүктеу арқылы, жаңа тақырып бойынша математиканы оқытудың қолданбалы бағыты оқушы санасында өмірдегі қолданыспен ұштастырылған танымды сабақ болады деп есептейміз.

Мысал ретінде, мектеп бағдарламасы курсына 9-сыныпта оқытылатын “Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері” тақырыбы бойынша қосымша сабақты ұсынамыз.

Қосымша сабақ тақырыбы: “Тригонометриялық функциялардың өмірде қолданылуы”.

Сабақтың мақсаты: тригонометриялық функциялардың қоршаған дүние құбылыстарымен байланысын ашып, бұл функциялардың өмірде кеңінен қолданылатынын көрсету.

Сабақтың түрі: білім-білік дағдысын жетілдіру.


Сабақтың әдісі: блум таксономиясы.

Сабақтың көрнекілігі: слайдтар пайдалану, тербелмелі процестердің, дыбыс толқындарының, электромагниттік және радиотолқындардың, жарықтың сынуы, кемпірқосақ теориялары, биологиялық ырғақтардың, үш ырғақ теориясының, т.б. суреттері, кестелері.

Пәнаралық байланыс: физика, биология, сурет пәндерінің мұғалімдері шақырылады.

Мұғалім оқушыларды сабақ мақсатымен, әдісімен таныстырып алады. Интерактивті тақтада түрлі тербелмелі процестердің, дыбыс толқындарының, электромагниттік және радиотолқындардың, жарықтың сынуы, кемпірқосақ теориялары, биологиялық ырғақтардың суреттері көрсетіледі. Экранда көрсетілген суреттерге қатысы бар пән мұғалімдері құбылыстарға толық ақпарат беріп өтеді. Тақтаға қажетті формулалары жазылады. Одан соң математика пәні мұғалімі аталған процестердің қозғалыс сызықтарын тригонометриялық функциялардың кескінделуі түрінде координаталық жазықтықта сызып көрсетеді.

Толқын ұзындығы толқын тербелісінің толық циклінің (периодының) ұзындығы. Оптикалық байланыста, әдетте, үш толқын ұзындығы 0,85; 1,3 және 1,55 мкм пайдаланылады.



1-сурет. Толқын ұзындығы

Толқын ұзындығы - T периодқа тең уақыт аралығында толқын таралатын арақашықтық. Формуласы:

$$\lambda = vT = \frac{v}{f} = \frac{2\pi v}{\omega}.$$

Бұл жерде v тербеліс жиілігі T тербеліс периоды лямбдада яғни толқын ұзындығы.

Берілген формула бойынша оқушылар есептер шығарып, кескіні $y = \sin x$ (синусоид) болатынын анықтап, толқынның ұзындығын табады.

Есеп: Механикалық толқынның көршілес төрт өркешінің арасы 6 м. Толқынның ұзындығын табыңыз.

Шешуі: Бұл есепті шығарған кезде міндетті түрде толқынның 4 рет қайталанатын суретін салып шығару ұсынылады. Сурет бойынша толқынның төрт өркешін белгілеп аламыз. 1-4 өркеш аралығы 6 м

деп берілген. 1-4 өркеш аралығында 3λ (лямбда) - толқын ұзындығын барын анықтаймыз. Әр толқынның ұзындығын табу үшін $6\text{ м}/3=2\text{ м}$ болатынын анықтаймыз.

Жауабы: $\lambda=2\text{ м}$

Яғни, бір ғана есеп мысалында физика пәнінің есептерін шығару үшін де тригонометриялық функциялар тақырыбын жетік білу керек деген тұжырымға келеміз.

Сабақтың тақырыбы бойынша оқушылардың қосымша сұрақтарына мұғалімдер жауап береді. Математика мұғалімі тарапынан сабақты қорытындылау мақсатында бекіту сұрақтары жолданады. Жана тақырып бойынша үй тапсырмасы ретінде “Тригонометриялық функциялардың медицинада, өнерде қолданылуы” тақырыбында реферат жазу, ақпарат жинақтауға беріледі.

Қорыта келгенде, мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын арттыруда, кәсіби бағдар беру қызметінде математиканы оқытудың қолданбалы бағытын оқыту маңызды болып табылады. Оқушы белгілі бір тақырыптар бойынша қолданбалы есептерді шығару арқылы өз білімін практикамен ұштастырып, пәннен алған білімін өмірде қолдануға үйренеді, оқушының шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері дамиды. Математиканың пән ретінде маңыздылығы артып, жоғары оқу орны мен мектеп бағдарламасы арасында мазмұн сабақтастығы жүзеге асады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тойбазаров, Д.Б. Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда қолданбалы есептерді пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері // Философия докторы (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация //

“Жансүгіров атындағы Жетісу университеті” КеАҚ, – Талдықорған: 2022. – 16 б.

2. Игнатьева, Т.В. Конструирование задач-компактов прикладной направленности и их использование в качестве средства совершенствования обучения математике в технических вузах: автореф.дисс. канд. пед. наук. Арзамасский государственный педагогический институт им А.П. Гайдара. –Нижний Новгород: 2009. – 22 с.

3. Фирсов, В.В. О прикладной ориентации курса математика // Углубленное изучение алгебры и анализа: Пособие для учителей (Из опыта работы) / Сост. С.И. Шварцбург, А.О. Боковнев. – Москва: Просвещение, 1977. – 215-239 с.

ӘОЖ 37.014

БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елекешева Альфия Калешевна,

«педагог» біліктілік санатты бастауыш сынып мұғалімі,

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының,

Сырым ауданы білім беру бөлімінің,

«Көздігара негізгі орта мектебі» КММ, БҚО

***Аннотация:** Бұл мақала бастауыш сыныптарда оқу сауаттылығын қалыптастыру жөнінде қамтылған. Бастауыш мектепте мұғалімнің бірінші кезектегі міндеті-оқушылардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру. Ол үшін оқу сабақтарын интерактивті түрде өткізу, мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін қолдану және әр оқушының пікіріне деген сенім мен құрмет атмосферасын құру қажет.*

***Кілт сөздер:**Мәтінмен жұмыс, тиімді әдіс-дауыстап оқу,әріптер мен дыбыстармен жұмыс жасау.*

Жаңа ғасырда мұғалімнің жаңа ұрпағының білім деңгейі әрдайым саналып келгендей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Бұл уақыт талабы. Оқушы өз заманының көшбасшысы болуы керек. Бұл, әрине, оның жетекшісіне, жөн сілтеушісіне байланысты. Әр мұғалім алдында отырған ұл-қыздардың тағдырын «маған сеніп тапсырылған» дегенді естен шығармаса, бүгінгі ұрпақ ертең мәуелі бәйтеректей биік өседі.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел болуы мұғалімнің шығармашылық еңбегіне көптеген өзгеріс енгізді.

Мұғалімнің мектептегі негізгі қаруы сабақ болса, сол сабақты озық педагогикалық технология элементтерін тиімді пайдалана отырып өткізуге мүмкіндік туды.

XXI ғасырда білім беру өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс. «Ұлт болам десен, бесігіңді түзе» - деген қанатты сөз бар. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы оның тіліне, дініне, біліміне байланысты.

Жас ұрпақ – ел болашағы, ел тірегі, ертеңіміздің кепілі. Президенттің халыққа Жолдауында айтқандай, мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, шығармашылыққа, қыл-ойын жан-жақты дамытуға,

саналы білім бере отырып тәрбиелеу және қазіргі нарық қатынасының талабына сай адам етіп шығару міндеті көзделген.

Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артты. Адамның болашағы оның қазіргі білімінің сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты.

Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары.

«Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» деп айтқан ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сөзі әрбір ұстаздың санасында болуға тиіс, және ол өзінің қиын да қызық шығармашылық еңбегінде серпіліс жасауын уақыт талап етеді.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру бастауыш сыныптардағы білім берудің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Бұл процесс балаларға мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдерін үйренуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың танымдық және коммуникативті дағдыларын дамытады.

Бастауыш мектептің білім беру кеңістігінде оқу сауаттылығын қалыптастырудың негізгі принциптері оқытуға кешенді көзқарасты, білім беру процесін дараландыруды және әртүрлі әдістер мен технологияларды қолдануды қамтиды.

Бастауыш мектепте мұғалімінің бірінші кезектегі міндеті-оқушылардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру. Ол үшін оқу сабақтарын интерактивті түрде өткізу, мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін қолдану және әр оқушының пікіріне деген сенім мен құрмет атмосферасын құру қажет.

Оқу сауаттылығын қалыптастырудың маңызды элементі балаларда әр түрлі мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылар мәтіндердің әртүрлі жанрлары мен стильдерін талдап, түсіндіре білуі керек, сонымен қатар негізгі ойды бөліп көрсетіп, мәтіннен ақпарат ала білуі керек.

Бастауыш мектепте оқу сауаттылығын тиімді қалыптастыру үшін интерактивті сабақтар, компьютерлік бағдарламалар және онлайн ресурстар сияқты заманауи білім беру технологияларын пайдалану қажет. Бұл оқуды балалар үшін қызықты әрі тартымды етеді.

Сауатты оқу балалардың білім алуында шешуші рөл атқарады, сондықтан бастауыш сыныптарда бұл дағдыны қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Балалардың сауатты оқуды сәтті игеруі үшін ережелер мен оқу дағдыларын игеруге көмектесетін әртүрлі әдістер мен әдістерді қолдану қажет.

Оқу сауаттылығын қалыптастырудың негізгі әдістерінің бірі-әріптер мен дыбыстармен жұмыс жасау. Бастауыш сыныптарда балалар алфавитті үйренеді, әріптерді тануды және дұрыс айтуды үйренеді, сөздердегі дыбыстарды ажырата білуге үйренеді. Ол үшін алынған білімді нығайтуға көмектесетін түрлі оқулықтар, ойындар, жаттығулар қолданылады.

Тағы бір тиімді әдіс-дауыстап оқу. Бастауыш сыныптарда балалар сөздерді дұрыс айту, мәтіннің мағынасын түсіну, есте сақтау мен зейінді дамыту дағдыларын дамытуға көмектесетін мәтіндерді дауыстап оқиды. Дауыстап оқу балаларға мәнерлеп оқу дағдыларын игеруге көмектеседі, бұл сөйлеуді одан әрі дамыту үшін маңызды.

Оқу сауаттылығын қалыптастырудың маңызды әдісі-әдеби шығармалармен жұмыс. Бастауыш сыныптарда балалар көркем әдебиетпен таныса бастайды, әртүрлі жанрлар мен авторлардың шығармаларын оқиды. Бұл олардың қиялын, есте сақтау қабілетін дамытуға, сөздік қорын байытуға және оқуды түсінуді дамытуға көмектеседі.

Сондай-ақ сауатты оқуды дамыту үшін ойындар мен қызықты тапсырмаларды пайдалану маңызды. Олар балаларға сөздерді дыбыстарға дұрыс бөлуді, сөйлемдер құруды, мәтіннің мағынасын түсінуді үйренуге көмектеседі. Ойындар оқу ережелері мен дағдыларын игеруге ықпал етеді, оқу процесін қызықты әрі қызықты етеді.

Қазіргі таңда бала біліміне мониторинг жасауға арналған түрлі халықаралық зерттеулер бастауыш сынып мұғалімдеріне білім беру жолында жаңаша бағыт, жаңаша көзқарас таңдауды талап етеді. Қатар жүретін төрт дағды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) баланың қоршаған әлемді танып меңгеруіне үлкен септігін тигізери анық. Ал енді сол танымдық үрдістердің қалыптасуында, ең алдымен, тілді меңгеру турады.

Бастауыш сыныпта барлық пәндерден теориялық материалды оқыту барысында қолайлы педагогикалық технология элементтерін тиімді пайдалануды, мемлекеттік стандарт талаптарына сай оқушыларда теориялық білімнің негізін қалыптастыруды, шығармашылық қабілеттерін арттыруды және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді бүгінгі педагогикалық оқуларға негізгі мақсат етіп қойдым.

Оқу сауаттылығының негізі - мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпаратты алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі.

Қазіргі таңда оқу сауаттылығы заманауи қоғамдағы өмірге деген дайындықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік маңыздылығы мен күтілетін нәтижесі болады. Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау - менің әр сабағымның негізгі қағидасы. Теорияны

дұрыс меңгермеген оқушыда тиянақты, жүйелі білімнің болмайтыныны анық. Оқушы білімінің негізі теориялық білімде болғандықтан, сабақ барысында баланың теорияны дұрыс меңгеруіне үлкен көңіл бөлемін. Оқушылардың жүйелі білім алуына мен 1-сыныптан бастап үлкен назар аудардым.

1-сыныпта Ана тілінен оқылымға берілген мәтінді бала өз бетінше оқып, мазмұнын талдау негізінде түсінеді. Әрине, мазмұнын түсінген оқушы кез-келген тапсырманы өз бетінше алып шығады, өз бетінше тақырыпты ашады. Әрбір жұмыс түрі жүйелі алгоритмді, реттілікті талап етеді.

1-сынып. 21 сабақ. «Алматы метросы. Буын» тақырыбын өту барысында оқушылардың оқу сауаттылығын тексеру мақсатында төмендегідей тапсырма ұсындым.

1.	Мәтін не туралы?	А. Алматы метросы туралы В. еліміздің рәміздері туралы
2.	Метро неше бекеттен тұрады?	А. 8 В. 9
3.	Метродағы Мәскеу бекеті ненің белгісі? Жаз. _____	

1-сынып. 20 сабақ. «Еліміздің астанасы. Буын» тақырыбын өту барысында оқушылардың оқу сауаттылығын тексеру мақсатында төмендегідей тапсырма ұсындым

1.	Мәтін не туралы?	А. еліміздің астанасы туралы В. еліміздің мұражайлары туралы
2.	Қаланың ортасымен қандай өзен ағады?	А. Ертіс өзені В. Есіл өзені
3.	Қалада қандай ғимараттар бар? Жаз. _____	

Өліпшені жақсы меңгеріп, Ана тілін қолға алған оқушылар мұндай тапсырмалар орындауда 70% көрсеткішті берді.

Келесі сабақта тапсырма түрін өзгертіп, үйде мәтінді неше қайтара оқып, мазмұнын біліп келген оқушыларға жазба жұмыстары дәптерлеріне еске сақтаған мәтін мазмұнын жазып беруді тапсырдым. Бұл тапсырманы да жақсы алып шықты.

Оқу сауаттылығын дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы - сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқушылардың тақырыпты сыни тұрғыда меңгеруі ұтымды таңдалған жұмыс түрін талап етеді. Сабақтарда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер:

«Елестету көрінісі»

Мәтіннің басты мәнін мүмкін болса, елестетуге тырысу керек. Егер мүмкіндік болса, сурет, сызба, тірек сызба т.б ретінде қағазға түсіріп, суреттерді қорғау.

«Даналық ағашы»

Оқушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, оқушылар сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен берілген жауап бағаланады.

«Данышпан үкілер»

1. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

2. Маңызды өмірлік даналық.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.

3. Таныс және таныс емес.

Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

4. Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.

5. Үлгі боларлық қорытынды.

Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

6. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.

Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табындар.

«Әдебиет лотосы»

Мақсаты: оқыған әдеби шығармалар кейіпкерлері туралы кестені толтыру. Белгілі бір уақыт ішінде кесте толтырылуы керек. Хрестоматиядан оқыған шығармаларды да пайдалануға болады.

Шығарма атауы

Авторы

Кейіпкері

Қандай?

Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?

Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір.

Білім беру кеңістігінде оқу сауаттылығын қалыптастырды күтілетін нәтиже:

1. Оқушы пән бойынша Мемлекеттік білім беру стандарт талаптарын орындайды.

2. Бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығы артады.

3. Оқушының негізгі орта мектепке даярлығы жоғарылайды,

5-сыныпқа үлкен дайындықпен келеді.

4. Оқушының сөйлеу мәдениеті қалыптасады, дәлелді сөйлеуге үйренеді.

5. Мемлекеттік тілге құрмет күшейеді.

6. Баланың көптеген психикалық үрдістері жақсарады (ойлау, еске сақтау, еске түсіру, елестету, салыстыру, өзін бағалау т.т.)

7. Білім алуда оқушының жауапкершілігі артады.

Бастауыш сыныптардағы білім беру кеңістігінде балалардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін әртүрлі әдістер мен әдістерді біріктіру маңызды. Әріптер мен дыбыстармен жұмыс істеу, дауыстап оқу, әдеби шығармалармен жұмыс істеу, ойындар мен қызықты тапсырмалар балаларға сауатты оқу дағдыларын сәтті игеруге және әдеби қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Осылайша, бастауыш мектептің білім беру кеңістігінде оқу сауаттылығын қалыптастыру оқушылардың дамуында шешуші рөл атқарады. Бұл процесс балаларда қазіргі ақпараттық қоғамда сәтті бейімделу және даму үшін қажетті дағдылар жиынтығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Қ.Елеулаев. Оқушылардың дарындылығын дамыту мәселесі. Бастауыш мектеп. 2003ж. №1.

2. PIRLS - бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын бағалау. Алматы, 2016.

3. А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢ ЖҰМЫСЫ

Елешова Алмаш Исламбековна,
№34 «Балбұлақ» бөбекжайы МКҚК,
әдіскер,
БҚО, Орал қ.

Аннотация: Мақалада заманауи мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысын ұйымдастыру, педагогтердің АКТ құзыреттілігін дамыту жұмыстары баяндалған.

Кілт сөздер: Тәжірибелік алаң, интеллектуал, инновациялық технология.

Заманауи мектепке дейінгі ұйым – бұл дамуға ұмтылған, жаңа мүмкіндіктерді іздеген, баланың, жанұяның, қоғамның сұраныстарын қанағаттардыруға қажетті жағдайларды жасайтын, педагогтардың шығармашылық және кәсіби жұмыстарын жағдаймен қамтамасыз ететін, заманауи талаптарға жауап беретін күрделі ағза. Демек осы мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жандандыруда инновациялық технологиялар мен әдістердің маңызы өте жоғары.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бірқатар шешуге болатын қиындықтарды туындатады. Олар жасалатын жұмыс ауқымының артуы, лауазымдық міндеттер шеңберінің кеңеюі, инновациялық технологиялар мен әдістердің жеткіліксіз ресурстық қамтамасыз етілуі, материалдық және моралдық ынталандырудың әлсіздігі, ал балалар үшін оқу жүктемесінің артуы орын алып отыр. Бірақ осы қиындықтармен қатар екінші жағымды жақтарын да

байқауға болады. Олар педагогтар үшін – кәсіби шеберлігінің артуы, зерттеу әрекетін жүзеге асыра білуі, ал балалар үшін – оқу сапасының артуы болып отыр.

Тәрбиелеу мен оқытудағы инновациялық үдерістердің негізгі міндеті – педагогикалық және әлеуметтік ұйымның ерекше жүйесі ретінде мектепке дейінгі ұйымды дамыту, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа, жоғарғы нәтижелеріне жету, мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Инновациялық технологияларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне енгізу – балалармен жұмыстың тиімді түрлерін шығармашылықпен іздеудегі сәнге арналған жұмыс емес, бұл нақты уақыт талабы.

Заманауи балабақшаны кез-келген заманауи мектепке дейінгі ұйым ретінде инновациялық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ал енді осы инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымның жұмысына жүйелі түрде, талапқа сай енгізуді ұйымдастыру жүйесі енгізуге тікелей байланысты. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық үдерістерді ұйымдастыру- тәрбиелеу мен оқыту үдерісін оңтайландыруға, тәрбиелеу мен оқытудан алынған нәтижелерді арттыруға бағытталған басқарушы мен педагогтардың, балалардың және ата-аналардың бірі-бірімен тығыз ықпалдастықта ұйымдастырылатын әрекеті. Демек мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық технологияларды енгізу осы әрекетке қатысушы жауапты тұлғалардың өз жұмыстарын алдын-ала жоспарлап алып реттілікпен, сабақтастықпен, үздіксіздікпен атқаратын әрекеттерінің жиынтығы болып табылады.

Тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде бүлдіршіндерге инновациялық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, жаңа заман талабына сай интеллектуалды дамыған, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің: танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы №34 «Балбұлақ» бөбекжайында 2021-2022 оқу жылынан бастап үш жылға арналған «Инновациялық технологиялар – интеллектуалдық дамыту» тақырыбында эксперименттік алаң жұмысы ұйымдастырылуда. Тәжірибелік алаң жұмыс жоспары бойынша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде интеллектуалдық ойындар арқылы балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық, денсаулық білім салаларында құзыреттілік дағдыларын қалыптастыру көзделді.

Тәжірибелік алаң жұмысының мазмұны баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі педагогика мен жас ерекшеліктері психологиясының негізгі ережелеріне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріле отырып жоспарланды.

Тәжірибе алаңының мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды инновациялық технологиялардың көмегі арқылы интеллектуалдық дамыту, ойлау қабілеттерін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, ойы жүйрік, жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Балаларды интеллектуалдық дамыту барысында жаңа инновациялық технологияларды қолдану. Отбасындағы қарым-қатынас үндестігі және оның бала тәрбиесіне ықпалын арттыру. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі интеллектуалдық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, зияткерлік деңгейін көтеру.

Міндеттері:

✓ Жаңа технологияның тиімділігін пайдаланып баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білімқұмарлыққа үйретеді. Білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру.

✓ Танымдық, білімдік, іскерлік қасиеттерімен бірге, интеллектуалдық ойлау қабілеттері жан-жақты дамыған еркін ойлы, ерікті-жігерлі, өзіне сенімді балдырғанды келесі білім сатысына - мектепке дайындау;

✓ Баланың интеллектуалдық қабілетін дамыту жұмысының қаншалықты маңызды екенін ата-аналарға түсіндіре, жеткізе отырып, оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына ата-аналарды қатыстыру;

✓ Баланың интеллектуалдық ойлауын дамыту бағытында тәжірибеде жүргізілетін жұмыстар: оқыту мен тәрбиелеу жұмысын баланың жас ерекшелігі мен өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дайындау, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламасы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты талаптары негізінде ұйымдастыру;

✓ Білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Жаңа технология бойынша білімді бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отыру.

✓ Бүлдіршіндердің қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үдерісіне енгізу.

✓ Білімді интерактивті әдіс арқылы қабылдау дағдыларын меңгертіп, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдалану дағдысын қалыптастыру.

✓ Балалардың бір орнында ұзақ уақыт отырып қалмауын, жалығып кетпеуін ескеріп ұйымдастырылған оқу іс-қызметтерін логикалық, танымдық, интелектуалдық ойындар түрінде ұйымдастыру (қимылды-әуенді ойын-жаттығулар, қимылды-қозғалыс барысындағы тапсырмалар, шағын топтар жұмысы, тапсырмаларды алма-кезек ауыстырып орындату, эстафеталық ойын барысындағы тапсырмалар және т.б. ;

✓ Интелектуалдық дамуына арналған тапсырмаларды (жұмбақ суреттер, ситуациялық тапсырмалар, тест тапсырмалары, ертегі негізіндегі тапсырмалар және т.б.) түрлендіре қолдану;

✓ Балалардың өздерінің талаптануы, өзіндік қалауы еркіндігіне жағдай жасап өзіндік іс-әрекеттерді орындау, бастаған жұмысты аяқтау іскерліктеріне, өз ойларын еркін жеткізуге бейімдеу;

✓ Көмекті қажет ететін балалармен жеке жұмыс түрлерін жүргізу;

✓ Психологиялық ойындар, жаттығулар қолдану арқылы балаларға жан-жақты жағдай жасау, жағымды микро ахуал туғызу;

✓ Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне, күн тәртібі бойынша жүргізілетін тәрбиелік шараларға, ойын сауықтарға, т.с.с. басқа шараларға тек бақылаушы ретінде ғана емес, білімдік, танымдық жұмыстарда үлес қоса отырып, балаларына білікті көмек көрсете алатындай жағдайда қатыстыру;

✓ Балаларды мектепке педагогикалық және психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында бастауыш сынып ұстаздарымен қарым-қатынаста болу болып табылады.

Тәжірибе алаңын оқу-әдістемемен қамтамасыз етуде:

✓ нормативті-құқықтық құжаттар (бұйрықтар, бағдарламалар, жоспарлар және т.б.);

✓ авторлық бағдарламалар, әдістемелер, әзірлемелер және т.б.;

✓ электронды форматта оқу-әдістемелік материалдары (CD, DVD және т.б.);

✓ оқу қызметтері мен шаралардың жоспарлары, технологиялық карталар;

✓ көрнекі-құралдар (плакаттар, суреттер, карталар және т.б.);

✓ үлестірмелі логикалық ойындар материалдары;

✓ мониторинг нәтижелері бойынша аналитикалық есептер;

✓ оқу-әдістемелік, ойын, жеке тұлғалық-дамытушылық жиынтықтар, «Фребель сыйы»

ойын технологиясы, М.Монтессори, М.Ибука, П.Никитиндердің технологиялары мен әдістерінің элементтері, денсаулық сақтау технологиясы, интерактивті танымдық-оқыту кешендері «Фантазеры Мультитворчество», «Лего» «Крошка-кролик», «Ақылды балапан», электронды қазақ үйі, интелектуалдық ойындар және т.б.кеінен қолданылуда.

«Инновациялық технологиялар- интелектуалдық дамыту» тәжірибе алаңын іске асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізіледі:

✓ Интелектуалдық ойындар арқылы балалардың интеллектісі, ақыл-ойлары, танымдық қабілеттері дамиды;

✓ Білім берудің барысында жаңа инновациялық технологияны қолданып, білімді меңгереді

✓ Жас ерекшеліктеріне сай, қарапайым, күнделікті қолданыстағы сөздік қорлары молаяды;

✓ Қосымша жүргізілетін үйірмелер арқылы жан-жақты болып әлемді таниды, елімізді басқа қырынан біле түсуге мүмкіндік алады;

✓ ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдалану дағдысы қалыптасады

✓ Ұжымдық сезім әрекеттері қалыптасып, бірігіп іс-әрекет етуге тәрбиеленеді;

✓ Күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде интелектуалдық тапсырмаларды шешуге, жаңа инновациялық технологиялармен жұмыстануға дағдыланып, түрлі жағдайлардан шығу жолдарын өз бетінше қарастырады;

✓ Өзіндік «Мені» қалыптасып, адамгершілік қасиеттері, сүйіспеншілік, достық сезімдері нығаяды;

✓ Интеллектісі дамыған бөбекжай түлектері мектепке баруға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан да дайын болады.

Тәжірибелік алаң жұмысы аясында ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстың түрлері педагогтердің функционалдық сауаттылығын дамытуға, тәрбиеленушілерді дамытуға бағытталған кәсіби міндеттерді шешуде АКТ-ды түсінуге және қолдануға ықпал етуі тиіс деп білеміз. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін арттыру педагог құзыреттілігінің барлық құрамдас компоненттеріне ықпал ететін әдістемелік жұмыстың топтық, сондай-ақ жеке түрлері арқылы жүзеге асырылады, соның нәтижесінде педагогтің АКТ-ды қолдану саласында кәсіби деңгейі жетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы заңнама» Заң актілерінің жиынтығы -Алматы: ЮРИСТ,2009ж.;

2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты;ҚР Оқу-ағарту министрі 2022ж. 3 тамыз №348 бұйрығы;

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; ҚР Оқу-ағарту министрі 2022ж. 14 қазан №422 бұйрығы;

4. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің икт-құзыреттіліктерін арттыру» әдістемелік ұсынымдары; Нұр-сұлтан 2019ж.

5. Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша бағдарлама «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО; Астана 2015ж.

ӘӨЖ: 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

*Ерекешова Гулнур Алибековна,
М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты,
Орал қ.*

***Аннотация:** бастауыш сынып оқушыларының оқу қызметіндегі шығармашылық әлеуетін дамытудағы ғылыми теориялық көзқарастарға сипаттама беріліп, бастауыш сынып оқушысының бойында шығармашылық әлеуетін дамытудың ғылыми негіздері нақтыланған. Шығармашылық әлеует тұлға бойындағы өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамытуға мүмкіндік туғызады. Бала бойында ақпараттарды талдау, жүйелі байланыс жасау, тиімді шешім қабылдау жолдарын болжау, жоғары дәрежеде шешім қабылдауға жол ашады.*

***Кілт сөздер:** бастауыш сынып, тұлға, шығармашылық, қабілет, дағды, түпнұсқа, жаңаны құру, ойлап табу, талдау, тиімді шешім т.б.*

Теориялық бағытта ғалымдар зерттеулерінде шығармашылық әлеует ұғымы түрлі бағыттарды қамтиды. Барлығының жалпы көзқарасы бойынша шығармашылық әлеует дегеніміз жаңаны құру, түпнұсқаны ойлап табу. Осыған орай, шығармашылық әлеуетті мақсатты арнайы бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жолдарында ұйымдастыру қажеттілігі туындап отырғандығын көруге болады. Егер оқыту барысында шығармашылық әлеуетті арнайы ұйымдастыру үдерісі жүргізбеген уақытта бала шығармашылығы сол табиғатынан жаратылысынан пайда болған алғашқы деңгейде дамымай қалатындығы барлық ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Психологиялық педагогикалық зерттеулерден бастауыш сынып жасындағы балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту мүмкіндіктерін ашу үшін оқушының барлық мінез қалыптасуының соның ішінде ғылыми, шығармашылық қабылдауына жол ашу қажет деп көрсетілгендігін байқаймыз. Шығармашылық әлеует тұлға бойындағы өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамытуға мүмкіндік туғызады. Бала бойында ақпараттарды талдау, жүйелі байланыс жасау, тиімді шешім қабылдау жолдарын болжау, жоғары дәрежеде шешім қабылдауға жол ашады. Даму процесі жеке ерекшеліктер мен бала табиғатының қалыптасу ерекшеліктерін есепке алу арқылы жүргізілгенде ғана нәтиже беретіндігі дәлелденген. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық — тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», — деп түсіндіріледі.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Бұл жөнінде Н.В. Уварина білім беру үдерісінде шығармашылық әлеуетті өзектендіру заңдылықтарын былай бөліп көрсетеді[1]:

1. Атрибутивті заңдылық: шығармашылық қабілетті дамыту үшін тұлғаны оқыту барысында түрлі өнімді іс-әрекетке тарту қажет;

2. Сыртқы заңдылықтар шарттылығы: шығармашылық іс-әрекет уақытында тұлғаның еркіндігін сақтау, тұлғаның өзін-өзі өзектендіруге мүмкіндік туғызу ғана шығармашылық нәтижеге қол жеткізеді.

3. Ішкі заңдылықтар шарттылығы: тұлға өзінде екі түрлі тенденцияның әсерін сезінеді: өзін-өзі өзектендіру қажеттілігі жағынан жаңалық ашуға ұмтылысы

4. Тиімділік заңдылығы: педагогикалық процесті жетілдірумен байланысты – шығындарды азайту, оның тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындығын қалыптастыруды педагогикалық қамтамасыз ету оқу іс-әрекеті процесінде өзінің шығармашылық әлеуетін дамыту мотивациялық, ақпараттық, технологиялық функцияларды қамтиды және келесі бірқатар педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту қажеттілігін өзектендіру, оны іске асыру үшін жағдайлар жасау;

- оқушылардың өзінің шығармашылық әлеуетінің дамуына түрткі жасау, бағдарлау;

- өзін-өзі дамыту тәсілі мен шығармашылық қызмет тәсілдері туралы білімді тарату;

- шығармашылық өзін-өзі дамыту дағдылары мен дағдыларын үйрету.

Америкалық психолог Дж.Гилфорд шығармашыл адамдарға дивергенттік ойлау тән деп есептеді[2].

Демек, бастауыш сынып оқушыларын тұлғалық шығармашылыққа тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн. Бұл типтегі адамдар кез-келген мәселені шешуде өзінің барлық күшін салып бір ғана шешу жолын көздемейді, олар мәселені шешу бағытында бірнеше бағыттағы мүмкіндіктерді іздеп оның шешу жолын іздестіруге тырысады. Бұндай адамдар бар нәрселерді біріктіріп жаңа элементтерді құруға қабілетті. Дивергентті ойлауға қабілетті адамдар шығармашыл адамдар, оларға мына параметрлер тән: жылдамдық, икемділік, өзіндік ерекшелік, толықтық.

Шетел зерттеушісі К.Тэкэкс зерттеулерінде бұндай балалар әртүрлі облыстарда жетістікке жетуге қабілетті және шығармашылықпен ойлайды, келесі қабілеттерге ие: жалпы интеллектуальды, нақты академиялық, суретшілік, психомоторлық, көшбасшылық [3].

Т.Любарт және Р.Стенберг шығармашылық теориясын жасақтады. Бұл теория бойынша шығармашыл әлеуетті тұлға бойынша келесі көздерден орын алуы тиіс деп есептеді: қабілеттілік, білім, ойлау, тұлғалық сапалары, мотивация, қоршаған орта[4].

Ресейлік зерттеушілер ОТСМ, ТРИЗ (күшті ойлаудың жалпы теориясы – өнертапқыштық есептерді шешу теориясы) Г.С. Альтшуллер, Н.Н. Хоменко қабілетті тұлға бойындағы шығармашыл әлеует компоненттеріне дивергентті ойлау, тәуекел ету мүмкіндігі, іс-әрекеттегі және ойлаудағы икемділік, ойлау жылдамдығы, ерекше идеяларды айтуға қабілетті, жаңаларды ойлап табуға икемді, қиялға бай, заттар мен құбылыстарды айқындау, жоғары эстетикалық құндылықтарға ие, түйсігі жоғары дамыған деп есептейді[5].

О.И. Мотков өз зерттеулерінде тұлғаның шығармашылық негізіне: батылдық, өзіндік ерекшелік, стихиялылық, өзін - өзі қабылдау, өз күштері мен қабілеттеріне деген сенімділік, мәселелерді шешуде табандылық, интроспекцияға бейімділік және т.б. бөліп көрсетеді [6]

А.А. Первалова тұлғаның шығармашылық әлеуетін шығармашылық ойлауды, танымдық тәуелсіздікті және танымдық қызығушылықты дамытуды қамтитын интегративті сапа ретінде қарастырады[7].

Осылайша, теориялық тұрғыда зерттеуші ғалымдар еңбектерінде шығармашылық әлеует деңгейі адамның белсенді өмірлік ұстанымға ие, өзіндік ойлау, жаңа идеяларды құруда үнемі шығармашылық ізденісте, стандартты емес шешімде бастама көтеретіндігі, көптеген салаларда жоғары терең білімі бар, түйсігі мен шығармашылық қиялы дамыған –деп сипаттайтындығы анықталды.

Ұсынылған шығармашылық әлеуеттің құрылымын талдауда шығармашылық әлеует жеке тұлғаның моральдық дамуын және қоғамның үдемелі дамуын қамтамасыз ететін қасиеттер, қабілеттер мен мүмкіндіктердің өзара байланысты жиынтығы болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейі тұрақты шама емес. Ол даму жағдайларына және оның жекелеген компоненттеріне әсер ету тәсілдеріне байланысты өзгеріп отыратындығы байқалады.

Бастауыш мектеп жасы, бір жағынан, қатаң стереотиптердің болмауымен сипатталады, бұл шығармашылық пен фантазияны көрсетуге мүмкіндік береді, екінші жағынан, күрделі мәселелерді шешуге көмектесетін әмбебап оқу әрекеттері білімнің, дағдылардың біртіндеп жинақталуымен сипатталады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетінің мәні оқу міндеттерін шешудің жаңа тәсілдерін табуға ұмтылу, өмірлік ұстанымнан, шығармашылық және зияткерлік бастамадан тұрады.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық әлеуетінің құрылымында біз келесі өзара байланысты компоненттерді бөліп көрсетеміз:

1. Мотивациялық компонент. Шығармашылық әлеует тек бастауыш сынып оқушысы жаңа нәрсені үйренуге, өзі үшін маңызды нәрсе жасауға деген құштарлықпен оқыған кезде ғана дамиды.

2. Танымдық және белсенді компонент. Танымдық белсенділік және танымдық қызығушылық, белсенді өмірлік ұстаным бастауыш сынып оқушысының шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға, шығармашылық әлеуетті табысты дамытуға ықпал ететін болады.

3. Әр түрлі ойлаумен және шығармашылық сипаттағы мәселелерді тәуелсіз шешумен сипатталатын шығармашылық компонент. Жалпы білім беретін стандартқа сай оқитын бастауыш сынып

оқушысы үшін дайын алгоритм бойынша тапсырмаларды орындауды ғана емес, ең бастысы-оны шешудің жаңа тәсілдерін табу, белгілі құралдар мен әдістерді стандартты емес қолдануға ұмтылысы дамиды.

4. Интеллектуалды компонент. Зияткерліктің жоғары деңгейде

дамуы шығармашылықтың жаңаға айналуына ықпал етеді бастауыш сынып оқушысы интуитивті түрде ойлап таппайтын кезеңнен өтеді, жаңаны ойлап табу оның түйсігін жетілдірумен қатар, жоғары білім базасымен және дағдыларды, иррационалды қағидаттарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Мотивациондық компонент (оқу әрекетіне мотивацияның қалыптасуы, ілімдердің танымдық мотивтері)		Танымдық іс-әрекеттік компонент (оөу-танымдық қызығушылықтың қалыптасуы)
Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық әлеуеті		
Креативті компонент (өзіндік шығармашылық ойлаудың қалыптасуы)		Интеллектуалды Компонент (интеллектуалды дамудың жоғары деңгейінің қалыптасуы)

1-ші кесте. Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық әлеует құрлымдық компоненттері.

Шығармашылық әлеуетті дамытуға және ашуға болады. Бұл келесі даму жағдайларына байланысты болады: сыртқы (қоғамның, білім беру институтының, экономиканың, отбасының әлеуметтік ықпалына) және ішкі (жеке тұлғаның белсенділігіне байланысты) болады. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалып тастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет[43]

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниенімен қарым-қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды нәтижелі ететіні нақтыланды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уварина, Н.В. Актуализация творческого потенциала младших школьников в образовательном процессе / Н.В. Уварина. – Челябинск: Изд. центр «Взгляд», 2007. – 298 с.
2. Гилфорд (Guilford) Джой Пол Источник: https://forpsy.ru/works/gilford-model-intellekta/The_nature_of_human_intelligence, N. Y., 1967; в рус. пер. — Три стороны интеллекта, в сборнике: Психология мышления, пер. с нем. и англ., М., 1965. Источник: <https://forpsy.ru/works/gilford-model-intellekta/>
3. Тэкэкс, К. Счастливые родители одарённых детей [Текст] / К. Тэкэкс // Одарённые дети. / Под общ. ред. Г.В. Бурменской и В.М. Слуцкого. - М: Прогресс, 1991. – С. 15-146.
4. Любарт, Т. Психология креативности [Текст] / Т. Любарт, К. Муширу, С. Торджман, Ф. Зенасни - М.: «Когито-Центр», 2009. – 216 с.
5. Альтшуллер Г.С. Найти идею: Введение в ТРИЗ – теорию решения изобретательских задач [Текст] / Г.С. Альтшуллер - М.: Альпина Бизнес Букс, 2007. - 400 с.
6. Мотков О.И. Природа и гармония личности: от теории к исследованию [Текст] / О.И. Мотков - Саарбрюкен: LAP Lambert Academic Publishing, 2014. – 285 с.
7. Перевалова, А. А. Формирование творческого потенциала студентов вуза (на начальном этапе обучения) [Текст]: диссертация на соискание учёной степени кандидата педагогических наук / А.А. Перевалова – Кемерово: 2004. - 210 с.

ПРАВА РЕБЕНКА В ОБЛАСТИ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ерекешева Агилаш Дюсенбаевна,

педагог-эксперт

воспитатель ГККП «Ясли-сад №19 «Золотой петушок»,

Сергеева Марина Владимировна,

педагог-эксперт

воспитатель ГККП «Ясли-сад №4 «Беорезка»,

ЗКО, г.Уральск

Аннотация: Экологическое воспитание дошкольников является начальным и значимым звеном в системе непрерывного экологического образования. В экологическом образовании и воспитании дошкольные учреждения ставят следующие задачи: формирование экологических знаний, развитие познавательных умений, овладение умениями ухода за живыми существами, накопление опыта гуманного отношения к объектам природы, развитие экологически правильного поведения в природе. Для решения задач экологического воспитания и образования в детских садах организуется система взаимосвязанных компонентов: организация различных видов деятельности, развивающая предметная среда, экологическое просвещение родителей, оценка окружающей среды, координация работы с другими учреждениями.

Ключевые слова: экологическая культура, эколого-краеведческие представления, права ребенка, любовь к природе.

«Новое поколение должно уметь справляться с решением крупных проблем, уметь, как адаптироваться к изменившимся экологическим и технологическим обстоятельствам, так и использовать эти условия в свою пользу, предчувствуя глобальные тренды на два шага вперед».

Дошкольный период – это время, когда закладываются основы успешности социализации личности. Дошкольный период – это и время полной зависимости ребенка от окружающих его взрослых. От того, насколько правильным и благотворным будет воспитание маленького гражданина, зависит и то, каким станет в будущем наше общество. Экологическую культуру детей дошкольного возраста мы рассматриваем как специфическую субкультуру определенной социальной группы [1].

Поэтому, в своей работе педагоги должны сделать акцент на «необходимости детализированного соблюдения конституционных основ правовой обеспеченности детства, в части в области экологического образования, базирующихся на совместном, заинтересованном, систематическом участии родителей – педагогов – обществу».

Вопросам полноценной реализации прав детей, гарантируемых Конституцией, уделяется особое внимание. Государством принята и действует государственная программа «Дети Казахстана», которая направлена на защиту прав и законных интересов, а также на обеспечение полноценного психического, физического и нравственного развития детей.

Стремительно развивающееся движение за охрану природы охватило весь мир. В современной науке понятие "экология" характеризуется единством биологического, социального, экономического, технического, гигиенического факторов жизни людей.

В соответствии с этим содержание экологического образования должно обеспечить следующие ступени:

-первой ступени (семейное и дошкольное воспитание) - формирование первоначальных навыков поведения в природе, умение видеть красоту природы и элементарные знания о ней, вести здоровый образ жизни, экологическую культуру и т.д.;

-второй ступени (экологическое образование в общеобразовательной школе, начальных и средних профессиональных учебных заведениях) - формирование знаний о целостной организации жизни на планете Земля; усвоение, накопление и умение, использование первичных экологических знаний; ответственное отношение к окружающей среде; система интеллектуальных способностей.

-ступени высшего образования (направление общей экологической подготовки в вузах) - подготовка эрудированных специалистов с высоким потенциалом, имеющих знания об устройстве мира, об основах устойчивого развития, владеющих умениями и навыками практических действий.

Білім алушылардың өзіндік жұмысын бақылау ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты ең тиімдісі – тәуелсіз қызмет түрлері бойынша баллды қамтитын рейтингтік бақылау жүйесі. Физика мұғалімдерінің кәсіби дайындығының қалыптасу динамикасын талдау, оқушылардың репродуктивті және шығармашылық іс-әрекеттерінің өзара байланысы олардың кәсіби қабілеттерін дамытудың тиімді және тиімді технологияларын анықтауға мүмкіндік берді. Біз, білімалушылардың кәсіби дайындығының деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер (даму деңгейі, нақты кәсіби міндеттер мен мәселелерді сәтті шеше білу, ЖОО-да оқу кезінде кәсіби дербестікке жету, болашақ кәсіби қызметке бейімделу процесі және т.б.), болжауға болатындай, болашақ физика мұғалімін кәсіби даярлаудың сапасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ивахнова М.Л., Есенова М.И., Ильясов Н.И. Арнайы пәндерді оқу процесінде мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. Әдістемелік құрал. – Алматы: КазПи им. Абай, 1989. – 102 б.
2. Стукаленко Н.М., Ермакова Ж.К. Болашақ мұғалімдерді физика мысалында іргелі ғылымдарды оқыту кезінде оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға дайындау туралы // Халықаралық эксперименталды білім беру журналы. – №11. – 2011. – 28-33б.
- 3 Лапаник О.Ф. Техникалық ЖОО студенттері арасында кәсіби күзiреттiлiктi қалыптастыру (жаратылыстану пәндерiн оқыту үлгiсiн пайдалану). // Білім және ғылым – №10 (67). – 2009. – .33-39б.

ӘОЖ 37.026.1

МЕКТЕПТЕ ТӘЖІРИБЕНІ ЖАҚСARTУДЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛЫ

Жумағалиева Алтын Гинятовна,
магистр, педагог-зерттеуші
«№37 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК директоры
Орал қ.

Аннотация Бұл мақалада мектептің әдістемелік қызметін жетілдірудегі Іс-әрекетті зерттеу үдерісі туралы айтылған. Мектептегі көшбасшылар мұғалімдерге зерттеудің мазмұнын, ұйымдастырылуын, нысандары мен әдістерін жетілдіруге, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайда мектеп алдына қойылған аса күрделі міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін меңгеруге байланысты мектеп тәжірибесінен алынған негізгі мәліметтер қамтылған.

Кілт сөздер: Сабақты зерттеу, инновациялық қызмет, іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу, жобалау әдісі, үздік тандем

Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол - ғылыми әдістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді. Хүтвс педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде мектеп директорын, педагог-зерттеуші мұғалімдер мен тәрбиешілерді атап көрсетіп отыр. Оқыту үдерісінің көптүрлілігіне қарамастан - дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа – жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады. Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. [білім берудегі инновациялық процестер-bilim/kz]

Жоғарыда айтылып кеткен инновациялық үрдіс те осы білім мекемесі – мектептегі жаңалықты жасау, игеру, қолдану және тарату болып отыр. Олай болса, бүгінгі таңда сөз еткелі отырған Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісінің негізгі идеясы - осы үрдісті жаңаша негізде құрып, жоспарлауға бағыт-бағдар беру болып отыр. Өйткені қазіргі заманғы білім беру трендтерінде білім беру мазмұнының өзгеруіне әсер ететін негізгі фактілерді анықтау қажеттігі жатыр. Олай болса, білім беру парадигмасының негізі болып

табылатын оқытудың жаңа шарттары мен белсенді әдістемелерінің бірі деп іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу жұмысын атауға болады. Ал іс-әрекеттегі зерттеу өзгеріс енгізуге түрткі болатын проблемаларды қалыптастырып, оны шешуді қамтитын әлеуметтік жағдайлардағы оқыту үдерісі болып табылады.

Осыған орай мектебімізде қараша-қаңтар айларын қамтитын мектепішілік жоспарға сай жүргізілген мектеп мұғалімдерінің оқушылардың материалды игеруіне көмектесуде өз пәнін оқыту жолдары, әдістері және нысандары туралы кәсіби ойлауының қалыптасуына бағытталған зерттеу жұмысын жүргіздік. Ол жұмыстың тақырыбы **«Үздік тандем: зерттеуші мектеп, Action Research іс-әрекетті тәжірибеде зерттеу»** деп алынды. Аталмыш жоба мектепте бірлескен кәсіби қауымдастықты жетілдіру жұмысын жүргізуге бағытталған әрекеттің бастамасы болуға және орта жасауға мүмкіндік беретін тиімді тәсілдер мен әдістер жиынтығын ұсынды. Мұнда әдістер мен формалардың тиімді іріктелуі сияқты, өз бетімен іздену әдістері мен тәсілдерінің де іріктелуі маңызды рөл атқарды. Бұл жобаны мектептің педагог-зерттеуші мамандарымен бірлесе отырып жүзеге асырдық. Жобаның негізінде **Үздік тандем: зерттеуші мектеп, Action Research іс-әрекетті тәжірибеде зерттеу** мұғалімдер арасында ашық, кең диалогке түсу дағдыларды дамытуға, қызығушылықты қолдауға және оқушы қызығушылығы мен бағдарын түсіну деңгейлерін көтеруге мүмкіндік берді.

Мектепте сабақты зерттеу басымдықтары оқу үдерісі мен оның нәтижесіне бағытталған мұғалім тәжірибесі арқылы жүзеге асырылды. Сондықтан да бұл жоба ізденістегі зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Жобаның негізгі мақсаты - сындарлы оқыту әдісі аясында оқушылардың алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін және оны тәжірибеде ұштастыра алуын қамтамасыз ету жолдарын көрсету, ал **міндеттері:** оқушы бойындағы ерекше қабілетті дамыту мен жетілдіруде белсенді тәсілдердің озық үлгілерін тиімді пайдалану; оқушылар бойында ізденімпаздық дағдыларды қалыптастыру; оқушы білімін жүйелеу, бірізділік ұстанымын дамыту. Жеке тұлғаға жету үшін әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, шыңдап, жөн сілтеп отыруда алған білімдерін өмірде қолдануға үйрету – іс-әрекеттегі зерттеуге бағытталған жобаның *өзегі* болып табылады. Өйткені алдымыздағы оқушының ішкі құндылығын тану – қай кезде де өзекті болмақ. **Жобадан күтетін нәтиже:** оқушы бойында ізденімпаздық дағды қалыптастыруға бағытталған шаралар жүргізіледі; мектепішілік шаралар арқылы мектеп оқушылары өзінше пайымдаулар жасайды; жас мамандар мен тәжірибелі ұстаздар арасында біріккен іс-әрекет жүзеге асады. **Жобаның ерекшелігі:** мұғалімдер арасында ашық, кең диалогке түсу дағдыларын жетілдіру үшін педагог-зерттеуші мұғалім мен жас маманның біріккен ізденісін көрсету мақсатында жұптық жұмыс жүргіздік.

Жобалау әдісі – қандай да бір түрде безендірілген, нақты, айтарлықтай тәжірибелік нәтижемен аяқталуы тиіс мәселені толық өңдеу арқылы дидактикалық мақсаттарға жетудің тәсілі. Жобалар әдісінің негізі - «жоба» ұғымының мәні, оның қандай да бір тәжірибелік немесе теориялық мәнді мәселені шешу арқылы алуға болатын нәтижеге деген прагматикалық бағыт. Бұл нәтижені нақты тәжірибелік іс-әрекетте көру, түсіну, қолдану болып табылады.

Сол себепті де бұл жобада тәжірибедегі іс-әрекетті зерттеу әдісі арқылы сыныптағы жеке балалармен жүргізілетін жұмыстың негізгі аспектілері туралы ақпарат және мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ететін жұмысты жоспарлау үлгісі және белсенді әдістерді қолдану бойынша ақпаратты қамтуға тырыстық, мектептегі шынайы тәжірибені жақсартудың жұптық жұмыс жолдары арқылы әдістемелік көмек көрсетуді де қарастырған болатынбыз.

Педагог-зерттеушілер болып **«Үздік тандем: зерттеуші мектеп, Action Research іс-әрекетті тәжірибеде зерттеу» жобасын жүргізуде** зерттеу үдерісін мынадай үш кезеңге бөліп қарастырдық:

I. Нақтылау кезеңі. Бұл кезеңнің негізгі қызметі-іс-әрекеттегі зерттеуге қатысты бастамаларды тиімді іске асыру үшін толғандырып жүрген мәселені анықтай отырып, пән мұғалімдерінің ерікті әрі шығармашылық дамуын қамтамасыз ету. Нақтылау кезеңінің **міндеті**-зерттеу қадамдарының әрі қарай даму стратегиясын жобалай отырып, кездескен проблемаларды демократиялық жолмен шешу. Зерттеу жүргізетін жұпты бекіту. Анықталған проблеманың теориялық негіздерін тәжірибеде қарастыруды жүзеге асыру үдерісін жоспарлау; проблеманы тұжырымдау, зерттеу әдістерін тандау, зерттеу нәтижелерін өңдеуге болжам жасау.

Бұл қадамда мектеп бойынша 12 зерттеуші жұпты анықтап, әр жұпқа өздерін толғандырып жүрген мәселе аясында Іс-әрекетті зерттеу тақырыбын таңдатып, тапсырмалар бердік.

II. Қалыптастыру кезеңі. Екінші кезеңнің негізгі қызметі және әрі қарай жүзеге асатын әрекеттің жоспарын бекіту деп алдық және зерттеудің нақты қажеттіліктеріне сәйкес, зерттеу әрекетінің жолдары мен тетіктерін іздетіру дедік.

Міндеті-жоспардың орындалуына талдау жасау, орындалу барысы мен жүргізілген зерттеулердің мерзімі мен нәтижелерін бақылау, зерттеуші жұптың қызметін үйлестіру.

Мазмұны: іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу барысында зерттеу әрекеттерінің тиімді және тиімсіз тұстарын, проблеманы шешуге бағытталған әдістер бойынша ұсыныстарды енгізу.

Іс-әрекеттегі зерттеудің бұл кезеңінде нақты зерттеу жұмыстарына тиімді әдістер мен тәсілдер, оларды тәжірибеде қолдану бағытындағы жұмыстар қамтылды. Мысалы, зерттеуге алынған сыныптарда

іздену, талдау, саралау, зерттеу әдістері қолданылды. Іс-әрекеттегі тәжірибе мектебіміздегі нақты проблеманы анықтауға көмектесті.

III. Жүзеге асыру кезеңі. Бұл ең маңызды кезеңдердің бірі болып есептеледі. Зерттеліп жатқан сыныпқа қатысты алынған проблеманың өзектілігін тәжірибеде бақылау және сол проблеманы шешетін тетіктерді жан-жақты қарастыру-бұл кезеңнің негізгі **міндеті** болып табылады. Зерттеу барысында жинақталған деректерді өңдеу, барлық нәтижелерді талдай отырып салыстыру, іс-әрекеттегі зерттеу барысы мен қадамдарына сипаттама беру және қорытындылау-жүзеге асыру кезеңінің **мазмұны** болып есептеледі.

Бұл-қорытынды кезең. Бұл кезеңде зерттеу жұмыстары аяқталып, деректер жинақталды, тандалған тақырыптың тиімділігі талданды.

Мектеп қызметін жетілдірудегі Іс-әрекеттегі зерттеудің нәтижесі зерттеуші жұп таңдаған проблеманы шешу мақсатында мұғалімдер арасында ынтымақтастық аясын кеңейтіп, оларды бірлесіп жұмыс жасауға, инновациялық және тиімді идеялармен алмасуға жетелеу және сол арқылы күнделікті қолданатын оқыту мен оқудағы тәсілдердің ықпалын күшейту.

Демек, Іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын жүйелі жүргізу - мектепке ғылыми дәлелдемелерді енгізу және зерттеу жүргізу жөніндегі міндеттеме алу, өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.Ж.Бұзаубақова. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
2. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006 ж.
3. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. - Астана 2012ж.
4. Интернет мәліметтері.

ӘОЖ 374.3

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

***Жүсіпова Ұлман Жайылханқызы,**
Биология пәнінің оқытушысы,
Қармақшы аграрлы-техникалық колледжі,
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы*

Жаңа трендтер оқу-білім айналымына қосылып қана қоймай, ақпарат көзін іздеу, жаңа білімдерді жедел әрі тиімді түрде үйрену қажеттілігі туындағанда барша ұстаз қауымы үшін кәсіби дамуға ұмтылыстың жаңа бір білім алу жолы болды. Білім берудегі мобильділік оқытуда педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара әрекеті мынадай бірізді, өзара байланысты әрекеттер мен қызметтердің тізбегінен тұрады, олар: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу және түзету. Ең бастысы, оқу сізге ыңғайлы уақытта және негізгі қызметіңізге кедергі келтірместен өте береді. Бүгінгі таңда білім ошақтары инновациялық қызметтің біздің әрі қарай дамуымызға ой салып, шығармашылық тұрғыда ойлануға үйрететін қашықтан үйретуші бағдарламалар да, қашықтан білім беру курстары, тренингтер, семинарлар, шеберлік-сыныптары, вебинарлар мен конференциялар, жаңа әдіс-тәсілдер т.б. толассыз артып келе жатыр. Оқушылар мен мұғалімдердің бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Бұндай оқыту оқу үрдісіндегі құралдар, әдістер, формалар арқылы педагогикалық қарым-қатынас мұғалім мен оқушы арасында жүргізілетінімен ерекшеленеді.

Заманауи ақпараттық технологиялар ғасырында әр ұстаз өзіне қажетті және қызықты нәрселермен шығармашылық тұрғыда айналыса алады. Оқытуда ұстаз бен оқушы арасы қашық демесеңіз, ұстаз бен оқушы арасы бір-ақ қадам. Бірінші кезекте әр оқушыны, тәрбиеленушіні ойлаймыз. Байқағанымыз білімалушылардың виртуалды байланысып, қашықтық олимпиадалар мен байқауларға белсене қатысып, оқуға деген мотивациясын, берілген тапсырмаларды шығармашылықпен орындап, жоғарлағанын көре алдық. Ақпараттық технологиялар оқушылар үшін білім, білік, дағдыны игерудегі қажетті ресурс болып отыр. Сонымен қатар, түрлі платформаларда жұмыс жасаудағы сандық-мультимедиялық құралдары оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы. Бір сөзбен айтқанда оқушы-ұстаз-ата-ананың компьютерлік және ақпараттық сауаттылық білігі артады.

Қазіргі таңда қазақстандық білім саласына жаңа трендтер көптеп еніп жатыр. Соның бірі – STEAM білім беру әдісі. Ғылым, технология, инженерия, өнер мен математиканы біріктіретін бұл әдіс алғаш АҚШ-

та пайда болған. Елдің ғылыми және технологиялық әлеуетін арттыру үшін 1990 жылдары америкалық мектептерге STEM әдісі енгізіле бастаған болатын. Уақыт өте келе бұл әдіс өз тиімдігін көрсетіп, оқушылардың ғылыми және инженерлік ойлау машығы едәуір артқаны байқалған. Ал ХХІ ғасырдың басында STEM-ге өнер бағыты (А – Art) қосылған.

Жалпы алғанда, STEAM әдісі балалардың ғылыми және инженерлік машығын, креативті көзқарасын дамыту арқылы елдің бәсекеге қабілеттігін арттыруды көздейді. Бұл мақсат Қазақстанның да алдында тұр. Кейінгі 10 жыл көлемінде еліміздің мектептеріне STEAM білім беру әдісі кіріктіріліп, осы салаға маманданған педагогтар саны артып келеді.

Педагог балалардың креативтік қабілетін сақтай отырып, олардың өз қолымен бірдеңе жасап шығаруына мүмкіндік беретін болсақ, көп нәрсеге қол жеткізуге болатынын айтады. Айдын Тусубжанов STEAM жобалардың көмегімен балаларды шынайы өмірге дайындап, ал жалпы алғанда Қазақстанды сапалы адами капиталға ие елге айналдыра аламыз деп сенеді.

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды сабақта қолдану арқылы дәріптеудеміз. Ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын жақсы білетін, тілін сүйетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу колледжімізде «Ұлттық құндылықтарды сабақта тиімді қолдану» тақырыбында шебер сынып өткізілді.

Бабадан мирас болған ұлттық құндылықтарымызды қолдау мақсатында, әр пән мұғалімі өз сабақтарында ұлттық құндылық элементтерін тиімді пайдалану керектігі іс-тәжірибе жүзінде көрсетілді. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жиі дәріптеліп отырғаны абзал. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру шараларының ауқымы озық тәжірибеге айналады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://qaztest.kz/material/download/8766>
2. <https://informburo.kz/kaz/kogam/bilim-berudegi-zana-trend-balalardyn-inzenerlik-oilau-masygyn-qalai-arttyrug-a-bolady>
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж.

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МНЕМО ӨЛЕҢДЕРДІ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.

*Жұманова Нургуль Сайлаубаевна,
ағылшын тілі мұғалімі,
ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балбақшасы» РМК,
Астана қ.*

Аннотация: бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтерге мнемотехника тәсілінің - тіл дамытуда тиімді есте сақтау құралы ретінде баяндалынған.

Кілтсөздер: көрнекілік-бейнелік есте сақтауы, түрлі түсті суреттерді мнемокестеде орналастыру, интерактивті жүйеде белсенділікпен қайталау.

Мнемотехника - тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр.

Мнемокесте мынадай бағыттар үшін қолданылады:

1. Сөздік қорларын байыту
2. Сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету
3. Сөйлем, әңгіме құрастыру
4. Әңгімені құрастыру
5. Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу
6. Тақпақтарды жаттау

Құрылған кесте балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерің байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі. Балалардың сөздік қорын байытады.

Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнеленген суретіміз балаға түсінікті болу қажет.

Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

1. Кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау
2. Жалпы символдардан бейнелерді жаңғырту, мысалы: Үй – шатыр, қоян – ұзын құлақтар т.б
3. Қайта кодтаудан кейін құрастырған символдар бейнелер бойынша әңгімені, ертегіні, тақпақтарды мазмұндап бер.

Мнемокестелерді баланың деңгейіне байланысты беруге болады. Мнемокестеде символдарды бейнеге аударамыз. Сонда балаға қонымды болады.

Жоғарыда айтып кеткен топтық, жұптық, ұжымдық оқытуларда мнемокестелерді тақырыпқа байланысты өткізуге болады. Мысалы: жұптық оқытуда, балаларға жеке символдармен бейнеленген кестелерді беріп, балалар сол кестені пайдалана отырып диалог түрінде сөйлесе алады. Ал негізі монологтарды ең алғашқысында ұжымдық оқытуда пайдаланып, содан соң жеке – дара сол тақырыпта әңгіме жүргізе алады. Осы ең тиімдісі деп ойлаймын.

Балалардың ойын дамытуда тағы бір әдістің түрі бұл - үстел үстіндегі мнемокестені ұйымдастыру. Адам мәдениеті ойын арқылы дамиды, демек балалық шақтан бастап, қартайған кезге дейін адамды ойын жетелеп отырады.

Үстел үсті мнекесте басқа кестелерден ерекшелігі бала бұл кестені қолмен ұстап, көбен көреді, жан – жақты таниды. Балаға өзі білген сөздерден және де өткен сабақтардан меңгерген сөздермен кесте бойынша сөз тіркестерін, сөйлемді құрастыруға қызықты. Олар мұны шын көңілдермен орындайды. Мысалы: «Отбасы» тақырыбын өткен кезде ата, ана, әже, әке сөздерін меңгеретін болсақ, өткен сабақта білетін, әдемі, таза сөздері тағы бар, осыдан бала «әдемі ана» деген сөз тіркесін лезде орындай алады, ал келесі сабақта басқа тақырыпты өткенде, мысалы: «Тағамды» алатын болсақ, «анада нан бар» тағы сол сияқты сөз тіркестерін құрай алады. Осы аталған әдістердің барлығын айналып келгенде бүлдіршіндерге ойын түрінде жеткіземіз.

Мнемокестелер жинағына әдістемелік нұсқау

Мектепке дейінгі жастағы балаларға түрлі-түсті мнемокесте беру керек, өйткені балалардың есінде тек бөлшек бейнелер ғана есте қалады: шырша-жасыл, жидек- қызыл. Кейіннен суретті кішкене қиындатып немесе басқа суретпен ауыстырылады

Бастысы - бала өзі әңгіме құрамайды, алдындағы әңгімені қайталайды. Жалығып отырған балаларға жиі көңіл бөлу керек. Айтарымыз, мнемокестені қолдану кезінде балалардың есте сақтау қабілеті, байланыстырып сөйлеуі және қызығушылығы артып, жүргізілген жұмыс оң нәтиже береді.

Мнемокестені құрған кезде суреттер түрлі түсті болуы тиіс, өйткені түстерді балалар тез қабылдап есте сақтауға мүмкіндік береді.

Алдын-ала балалармен жұмыс жүргізу барысында кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау қажет.

Осылайша балаларға мнемоместелердің көмегімен тапқақтарды, жұмбақтарды жаттап, ертгілерді әңгімелеп беруге біршама жеңіл және қолайлы болып келеді.

Мнемокестені пайдалану арқылы баланың жеке қабілеті, білім деңгейі, өздігінен жұмыс істеуге дағдысы анықталады.

Әсіресе, балабақшада ағылшын тілін үйретуде мнемо өлеңдерді қолданудың маңыздылығы, қандай озық тәжірибелер бар деген сұрақтар мазалады. Шет тілін ерте жастан үйретуде кездесетін тіл кедергілерін мнемотехника әдісі арқылы жою, сөздік қорын дамытуда, байланыстыра сөйлеу мүмкіндіктерін ашуда маңыздылығы байқалды.

Мнемотехника мүмкіндіктері, яғни баланың көрнекілік-бейнелік есте сақтауын дамыту арқылы, баланың қызыға жаттауына, әрі қайталауында еш қиындықсыз есте сақтауында тиімді тәсілі болып саналады. Мнемотехника әдісінің өзектілігі: заманауи технологияларды қолдану, яғни түрлі түсті суреттерді мнемокестеде орналастыру арқылы интерактивті жүйеде белсенділікпен қайталау, тілдік жаттығулардың баланың есінде оңай қалуы және сөздік қорының кеңеюіне зор ықпалын тигізуінде. Жаңашылдығы - мектеп жасына дейінгі баланы ерте жастан мнемотехника жинағы арқылы үйрету. Балалардың тілін дамытуда келесі кедергілердің болуы бәрімізге белгілі: сөздік қорының кемдігі, сөздерді байланыстыра сөйлемеуі, дыбыстау кемшілігі, тыңдап түсіне алмауы. Бұл себепте балаға қандай көмек беру қажет? Бұл кемшіліктің жоюдың бірден-бір жолы – мнемотехниканы қолдану. Яғни, тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Балабақша жасында көрнекілік-бейнелік есте сақтау және есту, суретін көру арқылы баланың есінде нақты қалады. Соның бірі және тиімдісі- мнемотехника әдісі деп ойлаймын.

Қойылған мақсатты нәтижелі ету үшін көрнекіліктің, яғни суреттің балаға түсінікті әрі қызықты болуы. Тақырыпқа сай өлеңдерді таңдау, өлеңдердің тілге оңай әрі оған қойылатын бейне суреттің түсінікті болуы ең маңызды шарт болып табылады.

Мнемокесте арқылы тапқақ, әңгіме құрауға болады. Жинақталған мнемо өлеңдер әлеуметтік, танымдық және коммуникативтік негізінен құрылған мәдениет аралық құзіреттілікті қалыптастыру мақсатында балалардың келесі дағдыларын дамытуға бағытталған:

- сөздік қорын байыту;
- әңгіме құрастыру;
- тіл кедергісін жою;
- коммуникативтік мүмкіндіктерін ашу;
- тілдік жаттығуларды ауызша айту;
- дыбыстық және көру қабілеттерін дамыту;
- түрлі тақырыпта өлең жаттау.

Яғни, баланың коммуникативтік тілдік дағдысы мен танымдыққызығушылықтарын арттыруда маңызды болып отыр.

Қорыта айтқанда, құрылған схема балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерін байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі, яғни мнемотехникалық әдіс балалардың сөйлеу тілін дамытады, есте сақтау дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, осындай қорытындыға келуге болады.

Мнемотехника - балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әңгіме барысын тиімді есте сақтауға, әңгімені айтып беруге және тілін дамытуда маңызды және тілдік орта құруда, ерте жастан ағылшын тілін үйретудегі басты мақсаттың орындалуының бірден-бір тиімді тәсілі деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Полянская Т. Б. Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста.-М.:Детство-пресс, 2010-64с.
2. Большева Т. В. Учимся по сказке. Развитие мышления дошкольников с помощью мнемотехники: Учебно-методическое пособие. 2-е изд.испр.- СПб: Светлячок, 2001.
3. Барсукова Е.Л..Автоматизация звуков с использованием мнемодорожек// Логопед.- 2009.-№ 5.-С 18-23.
4. Гурьева Н.А. Упражнения по мнемотехнике.-СПб: Светлячок, 2000.

ӘОЖ 372.881.111.1

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Ибадулла Күмісай Қайбуллақызы,

4 курс студенті

ғылыми жетекші: Утеғалиева Бибиғұл Бурхановна,

М.Өтемісов отындағы БҚУ,

Орал қ.

***Аңдатпа.** Білім берудегі инновацияларды ескере отырып, 2000 жылдардан бастап оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері жасалды. Жазбаша нұсқау негізінен оқулыққа негізделгендіктен, бұл оқушылардың сабаққа мотивациясына кері әсерін тигізді. Көп жағдайда білім беру саласында технология қол жетімсіз. Оқушылардың дағдыларын дамыту үшін тиімді технологиялар мен әдістер пайдаланылмайды. Сондықтан оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіру үшін жеткілікті тәжірибе беру өте маңызды. Біз өз жұмысымызда оқушыларды жазу дағдыларын тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да тәжірибеге баулуда қолданылған әртүрлі сәтті деп табылатын әдістер мен тәсілдерді қарастырдық, сондай-ақ оқушылардың жазуға деген көзқарасын және оқушылардың интернет технологияларын пайдалана отыра жазу дағдысын арттыру мәселелеріне назар аудардық.*

***Кілт сөздер.** жазу құзыреттілігі, дамыту, таңдау, қажетті,ағылшын тілі, сабақ, оқушылар, бәсекеге қабілетті маман, интернет.*

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», деп елбасымыз айтқандай жаңа ХХІ ғасыр заман ағымына қарай ізденудің бірден – бір жолы. Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де зерделі, жанжақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі. Білім берудің маңызды шарты оқу процесінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, өздігінен білім алу құштарлығын дамыту болып табылады. Сондықтан да, осы мақсатқа жету үшін білім алушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған интернет технологиясын ағылшын тілі пәнінде қолдану маңызды. Білім алушыларды қазіргі заман талабына сай технологиямен оқыту әрбір ұстаздың басты міндеттерінің бірі деп есептеймін. Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы білім беру жүйесінде түрлі интернет ресурстарын қолдану, қоғамның алдында тұрған ең басты міндет білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты бәсекеге қабілетті маман дайындау.[1]

Жазу-адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды аспектісі; ол сонымен қатар шет тілдерін оқытудың маңызды элементі болып табылады. Дегенмен, сөйлеу, оқу және тыңдау сияқты басқа тілдік дағдыларды үйрету сияқты, жазуды үйрену кезінде белгілі бір қиындықтар туындайды. Мысалы, жазудың

нәтижелі сипатына байланысты оқушыларға нақты коммуникативті атмосфера және сабақта көп уақыт қажет. Өздеріңіз білетіндей, жазу дағдыларын дамыту басқа тілдік дағдыларды үйренумен салыстырғанда көп уақытты қажет етеді.

Осыған байланысты интернет желісі ұсынатын интерактивті технологиялар мен құралдар кеңінен таралып, оқу үрдісінде өз орнын алды. Бүгінгі таңда әлемдегі адамдардың көпшілігі интернетті қарым-қатынас жасау үшін пайдаланады. Лансьен атап өткендей, интернеттің бұрынғы технологиялардан айырмашылығы, интернет адам мен машина арасындағы өзара әрекеттесу құралын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, интернет шетел тілін үйренушілердің оқу, жазу және тіпті тыңдау сияқты дағдыларын жетілдіру мақсатында коммуникативті атмосфераны құру үшін қолданылады.

Интернет бүкіл әлемде адамдар үшін кең таралған және қол жетімді болған сайын, ол мұғалімдер үшін маңызды және шексіз ресурс ретінде қарастырылуда. Мысалы, ағылшын тілі мұғалімдері интернет қосымшаларын коммуникативті мақсатта пайдаланады; қаламдас достардың орнына оқушылар көбінесе ана тілінде сөйлейтіндермен электрондық пошта немесе хабар алмасу қызметтері арқылы хат алмасады. Осылайша, интернетке негізделген оқу материалдары қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу тұрғысынан тиісінше пайдалы.

Бірде-бір мұғалім оқушылардың ынтықсын қалыптастыру және қолдау үшін қызықты құралдарды пайдаланбай, ағылшын тілін оқыту мақсатына жете алмайды. Қарапайым тілмен айтқанда, технология, әсіресе онлайн платформалар білім беру саласында, әсіресе ағылшын тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде үйренуде жаңа мүмкіндіктер туғызады. Басқа тілдік дағдылардың ішінде жазу ең нәтижелі дағды болып табылады. Көптеген ағылшын тілін үйренушілердің сөйлеу дағдыларын дамытатыны, бірақ жазу кезінде қиындықтарға тап болатыны байқалды.[2]

Жазу дағдысы оқушылар үшін ағылшын тілін оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі цифрлық дәуірде ағылшын тілі сабақтарында интернет-технологияларды қолдану оқушылардың жазу құзыреттілігінің дамуын едәуір жақсартып алады.

Ақпараттық технологияларды шет тілдер саласындағы біліммен және дағдылармен ұштастыра отырып пайдалану оқушыларға елдегі және әлемдегі қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайдың шындықтары туралы түсінік алуға мүмкіндік береді, табысты әлеуметтік бейімделуге ықпал етеді. Интернет оқушылардың да, оқытушының да өзіндік зерттеу жұмысы үшін ағылшын тілі сабағында пайдалануға болатын шексіз ресурстарды ұсынады. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, интернеттің дәстүрлі оқыту құралдарынан артықшылығы-шынайы материалдардың қол жетімділігі мен өзектілігі, сондай-ақ мәдениетаралық байланысты қамтамасыз ету.

Шет тілін оқытуда интернет-технологияларды қолдану келесідей нақты практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- сөздік қорын заманауи шет тілдік лексикамен байыту;
- жазбаша қарым-қатынас мәдениетін дамыту және жетілдіру;
- жобалау жұмысы шеңберінде әртүрлі ақпараттық материалдарды іздеу және өңдеу дағдыларын дамыту;
- сөйлеу дағдылары мен біліктіліктерін жетілдіру;
- мәдениетаралық диалог негізінде әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамыту;
- ана тілінде сөйлейтіндермен тікелей байланыс арқылы шет тілін үйренуде мотивацияны арттыру;
- интернетті пайдалану арқылы шет тілін үйрену дағдыларын дамыту;

Оқушыларды интернет көмегімен жазуға үйрету:

Виртуалды шындықтағы сөйлесім электронды пошта арқылы жүзеге асады. Мәдениетаралық құзыреттілікті меңгеру келесідей амалда қолданылады:

1. Достық хат-хабарларды орнату

Хатпен хабарлама алысуды қай сыныпта және тілді білудің қай деңгейінде болсын жүзеге асыруға болады. Оқып жатқан тілді мақсатты бағытталған қолданыстан басқа, достық қарым-қатынасты ұйымдастыру және сол арқылы мәдениетпен танысуға болады. Сонымен қоса айта кететін жайт, электрондық сөйлесімнің қағаз баспадан өзіндік артықшылығы: ол жылдамырақ, тиімдірек және арзан.

Оқушыларға хат-хабарламаларды жазысу үшін серіктес табуда келесідей интернет сайттарын ұсына аламыз: TESL-L (computer-assisted language learning sub-branch listserv@cunyvm.cuny.edu) немесе TESLK-12 сайттарын қолдануға болады.

2. Жазу арқылы байланысты түрлі мақсатта орнататын: белгілі бір бірлескен жоба жасау, мәселелерді талқылау, толық сынып арасында дискуссия жүргізу сияқты мәдениетаралық қатынасты орнату үшін International Email Classroom Connections сайтына қолдана аламыз (<http://www.svolaf.edu/network/iecc>) [3]

Жазылым дағдысы – бұл «коммуникативтік құзыреттілікпен» тығыз байланысты. Бұл ұғым оқушылардың ана тілінде сөйлейтіндермен шет тіліндегі тұлғааралық және интеркулярылық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін жеткілікті білімді игеруін білдіреді [4, 105].

Жазу дағдысы желіде ақпарат іздеу, шетелдік мамандармен қарым-қатынас және кәсіби өсу құралы ретінде қажет.

Жазу дағдыларына мыналар жатады: тезистік баяндау, реферат, эссе, мақала жазу, электрондық пошта арқылы іскерлік хат алмасу, екі жақты жазбаша аударма. Оқушылардың жазбаша шығармаларының әр түрлі формалары бар. Мысалы, құттықтау хаттары, жазбалар, жарнамалық ұрандар, суреттерге жазулар, хабарландырулар, шағымдар, өтініштер, жеке күнделіктер, очерктер, өлеңдер және басқалар. Оқушыларды шынайы қарым-қатынасқа негізделген ағылшын тіліне үйретуде жазу дағдыларының құзыреттілік дамытудың орны айрықша [5,1026].

Оқу-үйрету әдістерінің ішіндегі жазу – үйренушілердің және мамандардың баяндауы бойынша академиялық және мансаптағы жетістікке жету жолындағы ең қажетті дағды. Қазіргі таңдағы екінші тілде академиялық жазылымды үйрету туралы әдебиеттерде жазылымның қоғамдық аспектісіне назар аударылады. Алайда үйренушілер осы тақырыпта білімге ие болғанымен, жазу үдерісінде сол білімдерін қолдануда қиындыққа тап болады.

Орта сынып оқушыларының жазба жұмыстарын зерттей келе жиі кездесетін қателердің келесі түрлері анықталды:

1. Сөйлем құрылымындағы қателіктер
2. Сөйлемдерді өзара байланыстыра білмеу
3. Абзацтарды дұрыс байланыстыра алмауы.
4. Ағылшын тіліндегі артикльдердің дұрыс қолданылмауы.

Джон Фостердің «Кел жазайық» атты кітабы оқушыларға жазу дағдысын дамыту жолында пайдалы құрал болды. Үйретуде оқушылар қандай жазу жұмысын жазса да, жазу үдерісінің бір екенін білдіру маңызды болып табылады. Онда жазудың бес сатысын ұсынады және сол кеңесті біз шет елдік әріптес мұғаліммен бірге сабақта қолдандық. Олар:

1. Идеяларды жинау
2. Идеяларды таңдау және жұмыстың алғашқы нұсқасын жазу
3. Қайта жазу
4. Қарап шығу (тексеру)
5. Басып шығару

Ал жазуды үйретуде мынадай сатылар қолданылды.

- Сөйлемнің құрылымын үйрену
- Абзац жазу (абзацтағы тақырыптық, дамытушы және қорытындылау сөйлемдерін қамту)
- Абзацтарды байланыстырушы сөздермен байланыстыру
- Жұмысты қарап шығу
- Өңдеу
- Бірін-бірі тексеру
- Өзін-өзі тексеру
- Соңғы нұсқасын жазу [6]

Оқушылардың жазу дағдыларын дамыту үшін интернет ресурстарын қолдану тәсілдері:

1) Ағылшын алфавиті мен әріптердің дұрыс жазылуы оқытудың бастапқы кезеңінде оқушыларға қиынға соғуы мүмкін. Бұл әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына қатысты. Бұл мәселені шешуде оптикалық қалам мен интерактивті тақталарды қолдануға болады. Берілген бұл әдіс оқушыларды бастапқы кезеңнен бастап сабаққа ынтасын арттырады.

2) Жазылым дағдысында емле мен грамматикаға қатысты мәселелер жиі кездеседі. Оқушылар жазуда сөздерді дұрыс есте сақтамайды, қателіктер жиі ұшырасады, бұл коммуникативті петицияның дамуына кедергі келтіреді. Емле мен грамматиканы үйрену үшін мәтінді түзету жүйесі бар Write & Improve, Grammarly сияқты мобильді және компьютерлік қосымшаларды пайдалану пайдалы.

3) Кейбір оқушылар мәтінді құрастыруда қиындықтарға тап болады. Бұл дағдыны үйрету үшін біз эссе, хат, мақала және басқа да жазу жұмыстарының шаблондарын немесе мәтінді автоматты түрде өңдеу функциясы бар samples-help.org.uk ресурсы пайдалана аламыз.

4) Жазу дағдыларын дамыту үшін *postcrossing* халықаралық бағдарламасын қолдануға болады, ол әр түрлі елдердің адамдары арасында ашық хаттар алмасады. Сондай – ақ шет елдік азаматтармен қарым-қатынас құруда Tandem, HelloTalk, Hi Native, Speaker, Te Mixxer, InterPals, Cambly, Italki сияқты қосымшалар пайдалы болуы мүмкін [7,1116].

1. Сауатты жазу үшін ағылшын тілінде үнемі оқу және сөздік қорын арттыру қажет. Интернет-ресурстар кез-келген қиындық деңгейіндегі ағылшын тіліндегі әдебиеттерді тез және ақысыз табуға мүмкіндік береді.

2. Академиялық жазудың сапасын арттыру үшін эссе жазу барысында AutoLex, InterAct және autoTutor сияқты қосымшалар пайдалы.

Жазу дағдыларын дамыту кезінде интернет-технологияларды қолдана отырып, бірқатар оқу-дидактикалық тапсырмаларды тиімді шешуге болады, атап айтқанда тұрақты мотивацияны қалыптастыруға, оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендіруге, оқу процесін жаңа шынайы материалдармен қамтамасыз етуге болады. Мұндай оқу процесінде оқушылар материалдармен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, оқу процесі қарқындалады, оқуға коммуникативті, тұлғалық-бағдарланған және сараланған тәсілді жүзеге асыруға болады.

Сонымен, ағылшын тілі сабағында интернет-технологияларды қолдану оқушылардың жазбаша күзiреттiлiктерiн дамытуға ықпал етедi деген қорытынды жасауға болады. Әртүрлi желiлiк ресурстар мен қосымшалар арқылы оқушылар жазу дағдыларын жетiлдiре алады, сөздiк қорын кеңейтедi, мәтiндердi қалай құрылымдау керектiгiн және жазбаша жұмысты дұрыс пiшiмдеудi үйренедi. Сонымен қатар, интернет-технологиялар оқушыларға ағылшын тiлiн нақты жағдайларда жаттықтыруға, ана тiлiнде сөйлейтiндермен сөйлесуге және жазба жұмыстары бойынша керi байланыс алуға мүмкiндiк бередi. Олай болса, ағылшын тiлi сабағында интернет-технологияларды қолдану оқу үдерiсiн қызықты әрi ынталы етiп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың жазу дағдыларын тиiмдiрек дамытуға ықпал етедi.

Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:

1. Ағылшын тiлi сабағында интернет технологияларды қолданудың тиiмдiлiгi.– сайт.– URL: https://znanio.ru/media/aylshyn_tl_sabaynda_internet_tehnologiyalardy_oldanudy_timdlg-140309 .
2. Intakhab A.K. Utilization Of Different Technologies And Media In Learning Writing Skill In English: A Case Study// European Journal of Education Studies, 2016, №2.
3. Интернеттi ағылшын тiлiн оқытуда пайдаланудың тиiмдiлiгi.– сайт.– URL: <https://stud.kz/referat/show/84819> .
4. Щеглова Н.В. Формирование коммуникативной компетенции в процессе обучения иностранным языкам // Историческая и социально-образовательная мысль. 2011. № 4. С. 105–107.
5. Смирнова Е.В. Актуальные аспекты совершенствования иноязычной письменной речи при использовании средств информационных и коммуникационных технологий // Балтийский гуманитарный журнал. 2015. № 4 (13). С. 102–105.
6. Ағылшын тiлi сабақтарында оқушылардың жазылым дағдыларын жақсарту жолдары.– сайт.– URL: <https://www.azbyka.kz/agylshyn-tili-sabaktarynda-okushylardyn-zhazylym-dagdyлары-zhaksartu-zholdary>
7. Окатьева А.А. Методы организации учебного процесса по изучению английского языка с использованием образовательных онлайн-технологий // Наукосфера. 2022. № 10 (2). С. 109–112.

ӘОЖ 37.01

МАКОТО ШИЧИДА ӘДІСТЕМЕСІ

*Ибраева Айгерим Буранбаевна,
тәрбиеші,
ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақша РМК,
Астана қ.*

Аннотация: мектепке дейiнгi бiлiм және тәрбие беру барысында қолданылатын әдiс.

Кiлт сөздер: ESP (экстрасенсорлық қабылдау) қабiлеттерiн жетiлдiру, мидың оң және сол жақ жарты шарының қызметi.

Макото Шичида жапон профессоры, ғылым докторы, 40 жылдан астам уақыт балалар психологиясын, адамның миын, оны ынталандыру, бiрегей және шексiз мүмкiндiктер саласындағы әзiрлемелер мен зерттеулермен айналысты.

1997 ж. еңбегi үшiн дүниежүзiлiк ғылым кеңесiнiң ең жоғары құрмет сыйлығымен, бiр жылдан кейiн Дүниежүзiлiк бейбiтшiлiк сыйлығымен марапатталды.

Макато Шичида әдiсi мектепке дейiнгi тәрбиеде кеңiнен қолданылады: Жапонияда 500-ге жуық Шичида орталықтары бар, мамандандырылған бiлiм беру ұйымдары Канада, Қытай, Сингапур және басқа елдерде жұмыс iстейдi.

Макото Шичида әдiстемесiнiң принциптерi

- Барлық жаңа туған нәрестелер данышпан болып туылады;
- Баланың дұрыс және органикалық дамуы үшін ата ана мен бала арасындағы байланыс маңызды;
- Мидың оң жарты шарының белсенділігі баланың тез интеллектуалды дамуына ықпал етеді (6 жасқа дейінгі балаларда миының оң жарты шары басым болады, ал 6 жастан кейін оның қабілеттері әлсірейді).
- Баланың даму процесінде сол жақ ми жарты шары жұмыс істеу үшін оның сенсорлық жүйесінің қатысуы қажет;
- Баланың табысты оқуы үшін маңызды фактор болып табылады

➤ Жүйелілік және әрекеттер реттілігі баланың сәтті оқуы үшін маңызды фактор болып табылады.

Мидың оң және сол жақ жарты шарының қызметі

Мидың оң және сол жақ жарты шарларының қызметі тең емес, сол жақ жарты шардың оң жақ жарты шарға қарағанда қызметі жоғары деп саналады. Бірақ, бала ана құрсағында жатқанда оның миының оң жақ жарты шаыр бірініші толығымен қалыптасқаннан кейін ғана, сол жақ жарты шар қалыптасады.

Бала үш жасқа толған кезде, керісінше, сол жақ жарты шар үстемдік ете бастайды. Сондықтан, Макото Шичидоның айтуынша бала өмірінің үш жылын жіберіп алмау маңызды.

Профессор Шичиданың зерттеулері бойынша мидың оң жақ жарты шарының қабілеттері келесідей:

✓ Бірінші және өте маңызды бөлігі бес сезімге қатысты - көру, есту, сезіну, дәм және иіс сезу мүмкіндігі.

✓ Бейнелерді слайд ретінде көруі.

✓ Дайын математикалық нәтижелерді жылдам беру.

✓ Фотосурет жады

✓ Бейнелерді сөздерге, цифрларға, символдарға және кері аудару білу (яғни бейнелерді шифрлау және шифрларын шешу)

✓ Шет тілдерін еркін меңгеру.

✓ Шығармашылыққа көзге көрінбейтін серпіні салу және осы шығармашылық серпінісін жүзеге асыру.

✓ Жылдам фотографиялық оқу.

✓ Ақпаратты интуитивті алу және осы интуитивті ақпаратты оңай қолдану.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды Шичидо әдістемесі бойынша оқыту

1. Мүмкіндігі шектеулі баланың миының оң жарты шарын дамытуға баса назар аударатын білім алса, ақылды бала бола алады.

2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейнелеу қабілетінен жоғары

3. Ата-аналар мүмкіндігі шектеулі баланы ақылды балаға қалай айналдыра алады:

- ең бастысы, ата-аналар балаларға ешқашан теріс көзқарас танытпауы керек.

- өз баласын қатты құшақтап, сүйіспеншілігін білдіруі керек.

Ата-аналардың махаббаты мүмкіндігі шектеулі балалардың жабық жүректерін ашады.

Сабақ ерекшеліктері:

• Сабақтар бала үшін неғұрлым табиғи және түсінікті нысанда – ойын түрінде өтеді .

• Бір сабақтың ұзақтығы - шамамен 30-40 минут.

• Барлық сабақтар өте серпінді және мазмұнды болуы керек: кез келген тапсырманы орындауға шамамен 2-5 минут бөлінеді. Бір сабақ кезінде балалар 15-тен астам түрлі ойындарға қатысады, сондықтан, олар зерігіп үлгермейді және әрқашан жақсы жағдайда болады.

• Сабақтар баламен үнемі ынтымақтасатын және оған көмектесетін ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Ересектермен тығыз қарым-қатынас жасауы - балалардың өздерін қорғайтыныны сезінуіне және өз күштеріне көбірек сенуіне мүмкіндік береді.

• Кез келген сабақ баланың барлық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды қамтиды: зияткерлік, дене шынықтыру және шығармашылық.

• Әр топта 5-6 адамнан артық емес, педагогтар барлық балаларға уақыт бөле алады.

Мидың оң жарты шарын дамытуға арналған сабақтар кезеңдері:

1. Сабаққа дайындалу

Әдістеме бала сүйіспеншілік, қуаныш, босаңсыған жағдайда әрекет етеді. Ми қызметін неғұрлым тиімді жандандыру үшін фонмен кез келген тыныштандыратын музыканы қосу. Мысалы, Джефри Томпсонның музыкасын тыңдағанда кезде - альфа-толқындар пайда болады.

Және тыныс алу жаттығуын жасаған дұрыс. Тыныс алу жаттығуларын орындау Шичида әдісі бойынша сабақтарға дайындықтың бір бөлігі болып табылады. Терең тыныс алу және дем шығару демалуға көмектеседі, бұл мидың оң жарты шарының жұмысы үшін өте маңызды. Тыныс алу жаттығуларын орындау уақыты - 5 минут.

Баламен бірге жаттығу орындау:

- түтік арқылы бір стақан суға үрлеңіз;

- сабын көпіршіктерін жіберіңіз;

- шамдарды үрлеу;

- арқанға ілінген жеңіл заттарды (қауырсындар, қағаз фигуралары, помпондар) үрлеп, оларды ұшып кетуге, айналдыруға және серпуге мәжбүр етеді;

2. Елестету

Бейнелерді жаттықтыру тапсырмалары

Бейнелерге арналған тапсырмалар Шичиданың пікірінше ең маңыздылардың бірі болып табылады.

Бейнелер, естеліктер.

Тапсырманың мәні - қандай да бір оқиғаларды еске түсіп, қайта жаңғырту қажет.

Біз балаларға бір нәрсені еске түсіруді ұсынамыз (кешегі оқиғалар, мысалы, музыкалық сабаққа қалай барғанымыз, бірдеңе жасағанымыз және т.б.). Жай ғана естелікті дауыстап сипаттаймыз. Балаларға естелік туралы сұрақтар қойылады. Үлкендердің өздері олар туралы айтады.

Суреттер. Қиял.

Өздеріңізді басқа бірдеме деп елестетуді ұсынамын. Өзіңізді көбелек, қоңыз және т.б. бірдеме ретінде елестетіңіз.

Бұл көбелек аспанда қалай ұшады немесе қоңыз ағаштың үстінде қалай... Біздің қиялдарымызды тыңдау ғана емес, баланың қиялын іске қосу өте маңызды.

Жағымды ұстаныммен аяқтаймыз. Балаларға «Сен ерекшесің» деген сөздерді айтамыз; «Сен бәрін істей аласың»; «Біз сені өте жақсы көреміз». Сіз бұл сөздерді өз қалауыңызша өзгерте аласыз, ең бастысы - балаларыңызға жағымды көңіл-күй, оптимизм және өз сүйіспеншілігіңізді жеткізе аласыз.

3. *ESP (экстрасенсорлық қабылдау) қабілеттері* экстрасенсорикамен байланысты және интуицияны, телепатияны, көрегендікті қамтиды.

4. *Фотосурет жадын дамыту*

5. «Қайсысын бірінші көрсеттің?»

Бұл ойын айырмашылықтарды табу ойындарына ұқсайды, тек айырмашылығы «Айырмашылықтарды табу» ойыны кезінде біз сол жақ жарты шарды пайдаланамыз.

Біз алдымен бір суретті көрсетеміз, алып тастадық, содан кейін екі және бала

5. «*Жады торы*» ойыны

Тор үлкен тордағы дәптердің бетін кішкентай суретке сыйдыратындай етіп еске салады. Онда суреттер орналастырылады және балаларға көрсетіледі. Балалар оларға 3-5 секунд қарап, есте сақтауға тырысады. Содан кейін карточкаларды болашақ гендер өз орындарына орналастыратындай етіп араластыру керек.

6. «*Жад торы*» ойыны

Тор үлкен тор дәптердің бетіндей, кішкентай сурет сыйятындай болады. Онда суреттер орналастырылады және балаларға көрсетіледі. Балалар оларға 3-5 секунд қарап, есте сақтауға тырысады.

7. «Не пайда болды?», «Не жоғалды?»

Бұл жылдам ойын. Суреттер балаларға 30 секунд ішінде көрсетіледі, содан кейін жиналады, жаңасы қосылса, қайтадан орналастырылады. Бала жаңасын анықтауы тиіс.

8. *Жады тізбегі немесе қисынсыз оқиғалар*

Жаттығудың мәні - ерікті түрде таңдалған және бірқатар карточкаларға қисынсыз әңгіме құрастыру.

Есте сақтау тізбегі әдіс ретінде баланың оң жарты шары мен фотографиялық жадының дамуы үшін өте маңызды.

Жады тізбегі - әдіс ретінде баланың оң жарты шары мен фотографиялық жадының дамуы үшін өте маңызды.

9. *Флеш-карточкалар. Қажетті шарттары:*

- Күніне кемінде 100 дана суретті қарау. Өлшемі - А4 пішіміндегі парақтың жартысы. Суреттерді мәтінмен және мәтінсіз жасауға болады. Кез келген және әртүрлі тақырып: азық-түлік, көлік, сандар, әліпби, ақша, жеміс-жидек және т.б.

- Бейнеленген сөздің атауын дауыстап айтамыз. Карточкаларды атау мидың жарты шарының жұмысын синхрондау үшін қажет.

Атауларды жылдам қарқынмен көрсетеміз және айтамыз.

Неге жылдам көрсету керек? Оң жақ жарты шар компьютердің шапшаңдығымен әрекет етеді және оны жандандыру үшін біз жоғары жылдамдықпен әрекет етеміз, сонда сол жақ жарты шар өз қызмет қарқынын баяулататды. .

Карточкаларды жылдамдықпен көрсету миды - спорттағы сияқты, бұлшық еттерді дамытатын.

9. Танграмдар, пазлдар, мозаикалар, конструкторлар, Деньеш блоктары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.shichida.co.jp - Макото Шичиданың ресми сайты
2. <https://ncuxolog.ru/metodika-makoto-shichidy> - Отбасылық сайт

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ӨНЕГЕСІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

*Ильясова Гулбаршын Шарафудинова,
Бастауышта оқыту педагогикасы
және әдістемесі БББ магистранты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада бастауыш мектеп оқушыларының аксиологиялық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда ұлттық құндылықтар шеңберіндегі рөл атқаратыны айтылады. Бастауыш оқыту үрдісінде оқушыларды ұлы тұлғалар өнегесі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеуде, аксиологиялық мәдениетін қалыптастыруда көркем шығармалардың мүмкіндігі талданады.

Кілт сөздер: бастауыш мектеп, аксиология, педагогикалық үдеріс, ұлттық құндылықтар, аксиологиялық мәдениет, тәрбие.

Бүгінгі білім беру инновациялық бағыты оқушы тұлғасын дамытуға бағыттталып, оқушылардың мәдени дағдылары мен аксиологиялық құндылықтарын қалыптастыруға негізделеді. Еліміздің «Тәлім - тәрбие тұжырымдамасында» [1] қоғамдық-әлеуметтік даму үрдісіне байланысты тәрбиеге құндылық тұрғысынан қарап, тәрбие жүйесінің бүгінгі талапқа сай жаңа тұрпатта берілу жүйесі қарастырылуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» негізінде құру керектігі көрсетілген [2]. Алайда, бүгінгі нарықтық экономика жағдайындағы қоғам талаптарын қанағаттандыратын, өсіп келе жатқан жас буындарды тәрбиелеуде ұстанатын бағыт-бағдар мен елжандылықтың тұғырнамасы әлі толық айқындала қойған жоқ. «Қазақстан – 2030 бағдарламасына қатысты жолдауда «Оқушыларды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет делінген. Бүгіннен бастап ұлттық мінез – құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - делінген [3].

Соңғы жылдардағы ғылыми еңбектерде оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің аксиологиялық негіздері кеңінен зерттелуде. Бастауыш мектеп оқушыларын елін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік аспектілері, мақсат-міндеттері, мазмұны Ю.К.Бабанский, Н.И.Болдырев, В.А.Сухомлинский т.б. зерттеулерінде дәлелденген. Қазақстанда халықтық педагогиканы жастар тәрбиесінде тиімді пайдалану, патриотизмге тәрбиелеу мәселелері Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдыев, т.б. еңбектерінен орын алған. Бірақ, бұл еңбектерде мектеп оқушыларының аксиологиялық мәдениетін қалыптастырудың кейбір тұстары мен кезеңдері ашылғанымен, бастауыш мектепте оқушылардың аксиологиялық мәдениетін ұлы тұлғалар өнегесі арқылы тәрбиелеудің әлі де болса зерттелмеген тұстары көп.

Аксиология ұғымына ғылыми тұрғыдан түсінік беретін болсақ, мәселен, философия ғылымының аксиология саласы қоғамға тән құндылықтар жүйесін қарастырады. Құндылық дегеніміз белгілі бір ұлт өкілдері арасында қабылданған ортақ әлеуметтік-психологиялық ойлар мен көзқарастар болып табылады [4]. Ал тіл білімінде аксиологиялық құндылықтарды аксиологиялық лингвистика ғылымы зерттейді. Ғалым В.И. Карасик еңбектерінде аксиологиялық құндылықтар ұлттық танымда жинақталған ұлттың әлем туралы білім қоры – концепт ретінде қарастырылады [5]. Демек, ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда аксиологиялық құндылықтар жүйесін бастауыш оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану заманында өте маңызды және өзекті болып табылады.

Оқушылардың аксиологиялық мәдениетін қалыптастыру бастауыш мектепте әдеби мәтіндерді оқу негізінде құрылады. Оқушылар ұлттық құндылықтарға негізделген әдеби мәтіндерді оқу арқылы туған елінің тарихы, әдебиеті, мәдениетімен, т.б. танысады. Бастауыш мектепте «Атақты тұлғалар» бөлімін оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасау арқылы бастауыш сынып оқушыларын атақты тұлғалардың еңбектері арқылы аксиологиялық мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жақтары сараланды. Бұл бөлімде берілген материалдар қазақ өнеріндегі атақты тұлғаларға қатысты таңдалынған. Оқушылар қазақ билері, ақын-жазушылары мен күйшілері жайлы мәліметпен таныса келе, мәтін мазмұнын түсінуге, болжам жасауға және пікір білдіруге дағдыланады. Бірінші сабақта берілген тақырып пен суреттер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау жұмысы жүргізіледі. Мәселен, 1-мәтін. «Күй атасы» мәтінін оқу.

Қазақ халқының классик сазгері Құрманғазы есімі көп ұлтты халықтар арасына кеңінен тараған. Ұлы күйші қазақтың аспапты музыкасын өркендетуге, оның дамуына шексіз үлес қосты. Сазгердің үздік

туындылары көршілес халықтар арасында да танымал. Сондықтан оны «Күй атасы» деп атайды. Қайталанбас өнер иесі, ірі тұлға, күйші Құрманғазы – қазақ елінің мақтанышы.

Оқушылар оқылған мәтін мен жасалған болжамның сәйкестігін тексереді. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырып, жауап береді. Оқушылардың мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтарды қоюына мұғалім басшылық жасайды: «Неге Құрманғазыны «күй атасы» деп атайды?», «Құрманғазыны неге қайталанбас өнер иесі дейді?» т.б.

Келесі мәтінмен жұмыстануда, алдымен, берілген тапсырма бойынша «Қажымұқан» деректі фильмін көре отырып, бейнежазбадағы жас Қажымұқанның сөйлеу мазмұнына өз пікірін білдіреді. Мұғалім алдымен деректі фильмінің 0:25 – 1:01 аралығындағы үзіндісін көрсетеді. Қажымұқанмен аттас жас баланың сөйлеу мәнеріне «Мына ескерткішке кірейікші» деп назар аудартады. Оның сөйлеу мәнеріне оқушылардың өз пікірлерін білдіруіне мүмкіндік береді. Мұғалім деректі фильмінің 2:03 – 3:25 аралығындағы үзіндісін көрсетеді. «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы мұражай», «Оңтүстік Қазақстан облысы», «өмірі мен спорттағы жеткен жетістігі», «тұрмыста қолданған заттары», «ерлігін дәріптейтін экспонаттар», «майы бар кеспек», «жалғыз өзі», «шанаға салу» тірек сөздер қатары анықталады.

Осыдан кейін «Қажымұқан Мұңайтпасов» мәтіні оқытылады.

Қажымұқан Мұңайтпасов – ХХ ғасырда әлемге танымал болған тұңғыш қазақ палуаны. Ол өзінің спорттық жолын Петербургте бастады. Қажымұқан Франция, Германия, Бельгия, Түркия, Америка сияқты ірі мемлекеттерде өткен белдесулерде жеңіске жетті. Ол барлығы 26 мемлекетте болды. Осы сындарда Қажымұқан 48 алтын, күміс және қола медальдарға ие болған. 1927 жылы оған «Қазақ даласының батыры» атағы берілді.

Мәтін бойынша кемінде 6-7 тірек сөздер мен сөз тіркестерін белгілетеді. Сөздер мен сөз тіркестерін топта талқылап, тізімін жасайды. Мұғалімнің алдын-ала дайындаған тізіміндегі сөздер мен сөз тіркестерімен сәйкестігін анықтау мақсатында әр топ кезекпен бір сөз тіркесінен атайды, топ ұсынысын негіздейді. Тірек сөздер мен сөз тіркестерінің үлгісі: танымал, тұңғыш қазақ палуаны, белдесу, жеңіс, 26 мемлекет, 48 медаль, Петербург, Франция, Германия, бельгия, Түркия, Америка.

Мұғалімнің алдын-ала дайындаған тізіміндегі сөздер мен сөз тіркестері сәйкес болған жағдайда тақтаға жазады. Барлық сөздер мен сөз тіркестерді тапқанша жалғасады. Тақтадағы тірек сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтауға 40-60 секунд уақыт беру. Өз бетінше жазуы мен тексеруін қадағалау. Жіберілген қателермен жұмыс ұйымдастыру. Мұғалім мәтінді оқып береді. Мәтін мазмұны бойынша ашық сұрақтар қойылады:

- Қажымұқан Мұңайтпасов кім?
- Ол спорттық жолын қайда бастады?
- Қай мемлекеттерде өткен белдесулердің жеңімпазы атанды?
- Ол қанша мемлекетте болды?
- Қажымұқанның қанша алтын, күміс және қола медальдары бар?
- 1927 жылы ол қандай атаққа ие болды?

Жабық сұрақтар:

Қажымұқанның әлемге танымал болуының сыры неде? т.с.с Оқушыларға ашық сұрақтардағы сұраулы мағына білдіретін сөздердің қатары тірек сөздерді құрайтындығын таныту жұмыстары мұғалім тарапынан ескертіледі.

Оқулықтағы келесі мәтінді оқып, екі мәтінді салыстыру жұмысы жүргізіледі. Оқушылар екі мәтіннің ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтайды.

«Құлын мінген бала» мәтіні (Ө. Нұршайықов)

Бауыржан да ауылда өсті. Бала күнінде құлынды жақсы көретін. Оның боз құлыны бар еді. Оған өз қолынан көк шөп жегізіп, шелекпен биенің сүтін ішкізетін. Тақияға салып жем әкеліп беретін. Боз құлын ноқтадан босаса, Бауыржанның қасынан қалмайтын. Бауыржан «құру-құру» деп шақырса-ақ шауып келетін. Ол құлынның үстіне секіріп мініп, шаба жөнелетін. Құрдастары құлын мінген баланың соңынан жүгіріп, таң қалатын. Сонда Бауыржан құлынның кекілінен сипап:

- Бұл - Тайбурыл, мен – Қобыланды батырмын! – дейтін құрбыларына мақтанып.

Боз құлын ақ боз ат болды, бала Бауыржан ержетті. Ол фашистерден Отанын қорғаған атақты батыр атанды. Бір қызығы ол майданда командир болған кезінде үнемі ақ боз арғымаққа мінетін. Бәлкім, баяғы боз құлынын сағынғаннан болар.

Бастауыш сыныпта «Атақты тұлғалар» бөлімін оқыту арқылы оқушылардың аксиологиялық мәдениетін қалыптастыру тапсырмалары беріледі. Атақты адамдар туралы қызықты ақпараттар көмегімен, атақты адамдардың суреттерін көрсете отырып, олардың еліне жасаған қызметтері мен мұраларымен таныстырып, отаншыл сезімдерін тудыруға, сондай ақ, олардан үлгі алып, Отан үшін не істеуге болатыны жөнінде ойлар, пікірлер айтылады. Сабақтан тыс жұмыстарда еліміздің атақты тұлғалары туралы, олардың шығармаларымен терең таныстырып, елжанды азамат болуға тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді.

Қорыта келе, бастауыш оқыту үрдісінде оқушыларды ұлы тұлғалар өнегесі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеуде, аксиологиялық мәдениетін қалыптастыруда көркем шығармалардың мүмкіндігі мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасының ҚР «Білім туралы» заңы. – Астана, 2000.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақста н– 2030 .– Алматы: Білім ,1997. – 256 б.
4. Нысанбаев А. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі // ҚР БҒМ ҒК Философия және Саясаттану Институты. – 2011. – 271 б.
5. Карасик В.И. Языковые ключи. – М.: Генезис, 2009. – С. 520

ӘОЖ 371.1.02

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДАҒЫ КОМАНДАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МОДЕЛІ

*Иргалиева Баян Женисмуратовна,
Ақтау МББМ директоры,
Тасқала ауданы, БҚО*

Аннотация: Бұл мақалада мектепті тиімді басқарудағы командалық жұмысты ұйымдастыру мәселесі қарастырылған. Команда қалыптастыруда мектеп басшысының ең алғашқы қадамдары қандай болу керек? - деген сұраққа жауап аласыздар. Мақалада ұжым мәдениеті мен құндылықтарды қалыптастыру, көшбасшылықты дамыту, мектепті басқару туралы білім мен түсінік қалыптастыру туралы мәлімет берілген.

Мақаланың мақсаты: Заманауи педагогикалық тәсілдер мен басқару тәжірибесі негізінде мектеп басшыларына инновациялық басқаруда кәсіби қолдау көрсету, мектепті басқаруда табысты нәтижеге қол жеткізу үшін ынтымақтастық ортада бірлескен жұмысты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Мақаланың өзектілігі: Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде жүріп жатқан өзгерістер педагогтардың ғана емес, білім беру ұйымдары ба шыларыныңда үздіксіз кәсіби дамуы қажеттігін айқындап отыр. Мектепке өзгеріс енгізіп, оны басқаруда инновациялық қадам жасау үшін жаңа мәдениет құру қажеттігін түсіндіру.

Кілт сөздер: команда, басқару, мектепті дамыту, нәтиже, бағыт, көшбасшы

«Дарынды, бірақ өзімшіл
адамдардың орнына топтық жұмысқа
берілген адам алсақ, қай кезде де жеңіске жетеміз»
Джон Макконелл

Мектеп - қоғам аясында түрлі құрылымдармен біріктірілген ұйым дегенмен, қызметі тиімді және табысты болу үшін ол жалпы ереже мен дәстүрлер арқылы біріктірілген, ортақ ұстаным ұстанатын кәсіби қоғамдастық болуы тиіс. Кәсіби қоғамдастықты дамыту, қоғамдастықтың қызметінің тиімділігін арттыру тұрғысынан ең маңызды ресурс болып командалық ресурс табылады.

Команданың маңызды сипаты – үйлесім. Үйлесім – топ мүшелерінің ұйым қызметіне ниеттестігі мен қаншалықты берілгенін көрсететін топ ішіндегі өзара тартымдылық деңгейі. Үйлесімі жоғары командаларда оның мүшелері бірге жақсы жұмыс істейді, бір-біріне қолдау көрсетіп, сенім артады және өздерінің қойған мақсаттарына жетуде тиімді жұмыс атқарады. Ал үйлесімі төмен командаларда ауыз біршілігі төмен, мүшелері бір-бірін толық қолдамайды және өз мақсаттарына жету жолында көптеген қиындықтарға тап болады. Жалпы командалардың үйлесімі артқан сайын, олардың мүшелері арасында байланыс орнатылып, олар әдетке айналып, команданың жұмысына көңілі тола бастайды. Үйлесім жұмыс нәтижесіне үлкен әсер етеді.

Үйлесімді, табысты команда құру келесі шарттарға негізделеді:

- қажеттіліктерге байланысты нақты, қол жетімді мақсаттардың болуы, күтілетін нәтиженің айқын болуы;

- команда мүшелері мен басшы команданың тиімді жұмысына қызығушылық танытады және қамтамасыз етеді,

- команда мүшелері бір-бірінің жеке басымдықтарын түсінеді және құрметтейді және күтпеген жағдайлар, проблемалар туындаған кезде көмектеседі немесе қолдайды;

- жаңа идеялар, жаңа әдістер, жаңа проблемаларды қою және шешу және қабылданады;

- команданың барлық қатысушыларының кәсіби құзыреттері, тәжірибесі мен дағдылары пайдаланылады;

-команда мүшелерінің өз мүмкіндіктерін, идеялары мен ойларын іске асыруы қолданылады;
- команда мүшелері ұйымшыл қызметтің маңыздылығын түсінеді және ортақ міндеттерді шешу үшін команданы біріктіруге тырысады.

Команда қалыптастырудағы әрекеттерді осындай кезеңдерге бөлуге болады:

I кезең. "Бір бірін тану"

Бұл кезеңнен сәтті өту үшін мектеп басшысы:

1. Ұжым мүшелеріне бір-бірін жақынырақ білуге жағдай туғызу, көмектесу;
2. Ұжымның алдына нақты мақсат қою, күтілетін нәтижені нақты белгілеу;
3. Мектептің әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін мониторинг жүргізу, ұжымға мәлімет беру;
4. Команда мүшелерімен бірге талдау жүргізу, бірге жоспарлау, бірігіп жұмыстану үшін міндеттерді бөлу;
5. Командамен жиі кездесулер ұйымдастырып, команда мүшелерінің көз қарастарын, жеке пікірлерін, жаңа идеяларын тыңдау керек;
6. Жұмыстан тыс жерде қарым-қатынас құру, неформалдық жағдайда жүздесу, бірігіп демалыс ұйымдастыру т.б

Алғашқы кезеңде мектеп басшысы көшбасшы екенін дәлелдеп, команда мүшелеріне мектепті дамытатын бағыттарын, күтілетін нәтижелерді, мақсаттары айқын белгілеп көрсету керек. Осы кезеңде ол бүкіл командаға үлгі болып, басқарушылық шешім қабылдай алатын, өз өзіне сенімді басшы екенің білдіру керек.

II кезең. "Бір біріне үйрену"

Бұл кезеңде мектептің проблемалары команда мүшелерінің аса назарында болады. Әр түрлі көзқарастар пайда болады, команда мүшелері пікірлеріне байланысты бір бірімен жақындасады. Сонымен қатар келіспеуші пікірлер, даудамайлар пайда боуы мүмкін. Осы кезеңде басшының міндеті даулы мәсілені шешуге көмектесу, пікір алмасу алаңдарын ұйымдастырып, бір бірін тыңдау, бірінің пікірін бірі сыйлауға шақыру, үйрету. Бұл жағдайда даулы мәселелер команданың әр мүшесінің өзін-өзі танытуына және жалпы көзқарас пен құндылықтарды, командадағы мінез-құлық ережелері мен нормаларын қалыптастыруға ықпал ететін жағымды құбылыс ретінде қарастырылуы керек. Бұл кезең команданы қалыптастырудағы маңызды сәттердің бірі болып табылады. Бұл кезеңдегі көшбасшы жаңа нормалар команданың өмір сүруіне ықпал ететінін және оған пайдалы екенін нақты және дәлелді түрде көрсетуі керек.

III кезең. "Ортақ іс". Тұлғааралық проблемалардың екінші кезеңінде шешілгеннен кейін команда мүшелері арасындағы өзара сенім артады. Бірлескен шығармашылық жұмыстар команда мүшелеріне жаңа мәселелер мен жағдайларға сәтті бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде команда қатысушылары біртұтас, бір команда екенін түсінеді. Олар өз қызметінің нәтижелері үшін ортақ жауапкершілікті өз мойнына алады.

IV кезең. "Жетілу". Бұл кезеңде команданың барлық қатысушылары жұмысты сапалы орындайды, олардың ортақ ұжымдық мақсаттары мен мүдделері бар. Команда үшін бұл ең жоғары еңбек өнімділігінің уақыты.

Қалыптасқан мектеп командасының келесі негізгі белгілері:

1. Ұжымдағы атмосфера бейресми, ыңғайлы, психологиялық ахуал қалыптасқан;
2. Адамдар команданың міндеттері мен мақсаттарын жақсы түсінеді және қабылдайды;
3. Жаңа идеяларымен бөліседі, еркін сөйлеуге, пікіріп айтып, көзқарасын жеткізуге қорықпайды;
4. Оппозициялық пікірлер тыңдалады;
5. Сындарлы сын айтылады
6. Команда мүшелеріне жұмысты кім басқарады маңызды емес, жұмыс қалай жүзеге асырылып жатқаны маңызды.
7. Икемділік, тез шешім қабылдау беру мүмкіндігі
8. Өз өздерін дамытуға, үнемі білімдерін жетілдіруге дайындықтары
9. Команда мүшелері бір-бірінің пікірін мұқият тыңдайды, кері байланысқа дайын
10. Өз өздеріне сенімді және басқаны сендіре алады
11. Жұмыстарын нәтижеге бағыттап ұйымдастырады
12. Жаңашылдыққа ұмтылу, креативті ойлар, инновация енгізуге дайын
13. Құзыреттеріне байланысты тиімді шешім қабылдай алады
14. Уақытты тиімді пайдалану біледі
15. Бірігіп, бір командада жұмыс жасай алады

Командалық әрекет ұжымның жетістігінің негізі. Команда сенім мен ынтымақтастықтан тұрады. Команданың басты қағидаттары «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» болуы тиіс. Сонда ғана көздегеніне жетесін. Командада жұмыс істер кезінде, міндетті түрде бір жұдырықтай үйлесімді түрде жұмыс атқару керек, себебі олардың мақсаттары бір, істейтін істері ортақ, ойлары да бір жерден шығу керек. Идеялар ортаға салынып, сараланып, атқару кезінде барлық істі бірігіп жасап, жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде орындап, істелген ісіне жауапты бола отырып, өзгелерге де көмек қолын созу керек. Мектеп командасында директор міндетті түрде көшбасшы болуы шарт. Оның рөлі - үйлестіруші,

жетекшілік жасау, ұйымдастырушы. Жақсы басшы өз командасын құрметтейді және әрбір қызметкерімен ақылдасады.

Команданың негізгі сипаттамасы

көрсеткіш	көрсеткіш мазмұны
Ұжымның әр мүшесі өзінің орнын біледі, командадағы өз маңыздылығын түсінеді	- команда мүшелері жалпы командалық мақсаттар мен міндеттер, даму перспективалары туралы бірыңғай түсінікке ие. - команда мүшелері жеке мақсаттарын орындауына емес, жалпы командалық нәтижеге бағыттап өз жұмыстарын ұйымдастырады.
Жұмыс нәтижесіне қызығушылық	- командалық мақсаттарға қол жеткізуге қызығушылық танытады - рухани тартылымдылық, команда мүшелерінің жағымды эмоциялары - жауапкершіліктері жоғары
Тәртіпті талап ету және ынталандыру	- жұмысқа қойылатын талаптар нақты белгіленеді - команда мүшелерін ынталандыру жүйесі қарастырылған
Команда құрылымы, міндеттерді бөлу	- команданың әр мүшесінің жауапкершілік аясы нақты анықталған. - функционалдық міндеттер дұрыс бөлінген - міндеттерін орындаумен қатар команда мүшелері жеке үлес қосуға дайын
Команда мүшелерін дамыту, тұлғалық өсу	тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер жасалған мектепшілік кәсіби өсу қарастырылады, тәлімгерлік үдерісі ұйымдастырылады әр команда мүшесі дамытатын тұстарын біледі, жеке даму жоспары құрастырады білім жетілдіру курстарына қатыстырылады курстан келген соң өз білімімен бөліседі, презентация жасайды
Серіктестік, ынтымақтастық, өзара әрекеттесу	- команда жылдам жиналады, ешкім кешікпейді - үнемі бір бірімен байланыста болады, тиісті информация жылдам таратылады - команда жылдам және дұрыс шешім қабылдайды, бір бірімен жылдам келіседі - адамдар бір-бірін жиі көрген сайын олардың тұлғааралық тартымдылығы арта түседі. көзқарастары, мінездері, жағдайлары ұқсас адамдар арасында да дәл солай болады.

Команда қалыптасқаннан кейін мектеп басшысы өзі мектептің дамуына қаншалықты үлес қосып жатқанын және қаншалықты тиімді жұмыс істеп жатқанын бақылап, өз іс әрекетіне эвалюация жасап отыруы тиіс. Ең үздік деген жағдайда басқарып отырған ұжымы мәдениеті қалыптасқан өте ұйымшыл командаға айналады. Сондай деңгейге жету үшін мектеп басшысы ұйымшылдықты арттыруға септігін тигізетін технологияларды зерттеп, үйреніп, өз өзін көшбасшы ретінде дамытып отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Инновациялық менеджмент» курсы бағдарламасы, НЗМ ДББҰ, 2022ж.
2. Мескон М. Л., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента: пер. с англ. М.: Дело, 1992.

ӘОЖ 373.3

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР

*Ихсанова Айдана Бериковна,
БОПжӘ БББ- ның магистранты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Бұл мақалада әдебиеттік оқу сабағында қолданылатын мультимедиялық ресурстар жайында сөз болады. Білім беру үдерісін цифрлық дәуірдің талаптарына бейімдеу қажеттілігіне

байланысты әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолданудың өзектілігі баяндалады. Мультимедиялық ресурстардың оқушылардың оқуы мен дамуына әсерінің әртүрлі аспектілерін, мотивация беруге, әдеби шығармаларды түсінуге және талдауға, мультимедиялық сауаттылықты дамытуға және оқытуды дараландыруға әсері талқыланады.

Кілт сөздер: мультимедиялық ресурстар, әдебиеттік оқу, мотивация, мәтінді түсіну, әдеби шығармаларды талдау, мультимедиялық сауаттылық, инновациялық технология.

Білім беру үдерісін цифрлық дәуірдің талаптарына бейімдеу қажеттілігіне байланысты оқу үдерісінде мультимедиялық ресурстарды пайдалану маңызды орын алады. Мультимедиялық ресурстарды әдебиеттік оқу сабақтарында пайдалану оқушылардың білімге құштарлығын оятып, тақырыпты жеңіл түсінуге ықпал етеді. Тақырыпты түсіндіруде оқушылардың назарын аударуға, оқу үдерісін қызықты әрі қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Әдебиет сабақтарындағы мультимедиялық ресурстарға аудио және бейне материалдар, интерактивті презентациялар, электронды кітаптар, веб-ресурстар және т.б. жатады. Оқу үдерісінде мультимедиялық технологияларды тиімді қолдану оқушылардың әдеби сауаттылығын қалыптастырып, сыни ойлауын дамытады. Шетел, отандық ғалымдардың еңбектерінде әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау, оқытудың тиімділігін арттыру және оқушылардың оқу қызметін жандандыру мақсатында оларды оқу үдерісіне біріктірудің оңтайлы тәсілдерін іздестіру мәселелері қарастырылады. Мәселен, әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың кейбір артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталсақ, артықшылықтары:

1. Қызықтыру және мотивация: мультимедиялық ресурстар сабақтарды оқушылар үшін қызықты әрі тартымды ете алады, бұл олардың әдебиетті оқуға деген ынтасын арттырады.
2. Ақпаратты визуализациялау: мультимедиялық ресурстар мәтіндерді, кейіпкерлерді және оқиғаларды визуализациялауға мүмкіндік береді, бұл оқушыларға ақпаратты жақсырақ түсінуге және есте сақтауға көмектеседі.
3. Мультимедиялық сауаттылық дағдыларын дамыту: әдебиет сабақтарында мультимедиялық ресурстарды пайдалану оқушыларға мультимедиялық технологияның әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.
4. Оқытуды даралау: мультимедиялық ресурстар мұғалімге материалды әртүрлі оқу стильдері мен оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.
5. Ақпараттың қолжетімділігі: мультимедиялық ресурстар әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл ой-өрісті кеңейтуге және әдеби шығармаларды тереңірек зерттеуге көмектеседі [1].

Кемшіліктеріне:

1. Техникалық мәселелер: техникалық қамтамасыз етудегі кемшіліктер немесе мультимедиялық құрылғылардағы ақаулар оқу үдерісінің үзілуіне әкелуі мүмкін.
2. Мәтіннен алшақтау: кейде мультимедиялық ресурстар оқушыларды назарын негізгі мәтіннен немесе тапсырмадан алшақтатып, зейінін жоғалтуы мүмкін.
3. Мазмұн сапасының түсініксіздігі: сапасыз немесе жеткіліксіз мультимедиялық ресурстар жұмыстың мазмұнын бұрмалауы немесе ақпаратты дұрыс түсіндірмеуі мүмкін.
4. Опциялардың шектеулілігі: әр әдеби шығармаға немесе тапсырмаға сәйкес мультимедиялық ресурстарды табу әрдайым мүмкін емес.
5. Өзара әрекеттесудің болмауы: мультимедиялық ресурстарды пайдалану кейде мұғалім мен оқушы арасындағы немесе оқушылардың арасындағы өзара әрекеттесу деңгейін төмендетуі мүмкін. Әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық ресурстардың осындай әлеуетін барынша пайдалану үшін әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізуге, әдістерді қолдануға болады. Әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың бірнеше жолдары:

1. Интерактивті талқылаулар: оқушыларды мультимедиялық презентациялар немесе бейнелер арқылы мәтіндерді талқылауға ынталандыру. Бұл оларға шығармадағы көріністерді елестетуге және оны талдауға тереңірек енгуге мүмкіндік береді.
2. Мәтінді визуализациялау: мәтіндегі ақпаратты құрылымдауға, сондай-ақ, негізгі ойлар мен кейіпкерлерді бөлектеуге көмектесетін визуалды карталар немесе графиктер жасау үшін мультимедиялық құралдарды пайдаланады.
3. Аудио кітаптар: оқушыларға әдеби шығармалардың аудио нұсқалары ұсынылады. Бұл сюжет пен кейіпкерлерді елестетуге, тыңдау және айту дағдыларын дамытуға көмектеседі.
4. Интерактивті жаттығулар: викториналар, сөзжұмбақ немесе әдеби шығармаларға негізделген ойындар сияқты интерактивті тапсырмаларды жасау. Бұл оқушыларға білімді нығайтуға және мәтінді талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі.
5. Мультимедиялық жобаларды құру: оқушыларды оқылған шығармалар

негізінде мультимедиялық презентациялар, бейнелер немесе аудио сюжеттер жасауға шақыру. Бұл шығармашылық ойлауды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар, оқушыларға материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді.

6. Виртуалды экскурсиялар: оқушыларға әдеби шығармалардың орындарын көрсету үшін виртуалды турларды немесе анимацияларды пайдалану. Бұл оларға шығарманың мазмұнын жақсы елестетуге көмектеседі. Бұл әдістер оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді, олардың әдеби шығармаларды оқуға және талдауға деген қызығушылығын оятады.

7. Веб-ресурстар және онлайн платформалар: интерактивті веб-сайттарды немесе әдеби шығармаларға қосымша материалдарды, мәтіндердің бейімделген нұсқаларын, оқу бейнелерін және т.б. ұсынатын онлайн платформаларды пайдалану.

8. Шығармалардың мультимедиялық бейімделуін талдау: Фильмдер, аудиокітаптар, ойындар және т.б. сияқты әдеби шығармалардың мультимедиялық бейімделуін қарастыру.

9. Ақпарат алмасу: ойын барысында оқушылар өзара қарым-қатынас жасайды, мәселелерді талқылайды және оларды шешудің жолдарын табады. Бұл өз ойларын нақты білдіруді, тыңдауды және басқа қатысушылардың көзқарастарын түсінуді талап етеді.

10. Кері байланыс және рефлексия: ойын аяқталғаннан кейін оқушылар өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін талқылай алады, сонымен қатар, өздерінің және басқа қатысушылардың жұмысын бағалай алады. Бұл сындарлы кері байланыс пен өзін-өзі көрсету дағдыларын дамытуға ықпал етеді [2].

Бастауыш сыныптың әдебиеттік оқу сабағында мультимедиялық әдісті қолдану әр түрлі форматтарда жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, интерактивті бейне сабақ:

1. Тақырыпты таныстыру: Бастапқы бөлімде мұғалім оқушыларға сабақтың негізгі тақырыбын таныстырады. Мысалы, егер сабақтың тақырыбы «Абай Құнанбаевтың өлеңдері» болса, мұғалім Абай Құнанбаев туралы қысқаша мәлімет беретін бейне көрсете алады.

2. Мәтінмен жұмыс: Содан кейін оқушылар Абайдың өлеңдерін оқып, талдайды. Мұнда мультимедиялық құрал ретінде интерактивті тақтаны пайдалануға болады, онда өлең мәтіні көрсетіліп, маңызды сөздер немесе тіркестер белгіленіп, талқылау үшін негіз болады.

3. Аудио және бейне материалдар: Абай қазақтың ұлы ақыны болғандықтан, оның өлеңдерін оқығанда, өлеңдердің аудио немесе бейне нұсқаларын тыңдау оқушылардың түсінігін тереңдетеді. Мұғалімдер YouTube немесе басқа платформалардан Абайдың өлеңдерін орындаған әртістердің бейнелерін көрсете алады.

4. Интерактивті тапсырмалар: Оқушыларға Абай өлеңдерінің мазмұнын талдауға, өз ойларын білдіруге және өлең шумақтарын мектептің интерактивті тақтасында немесе планшеттерде бейнелеуге мүмкіндік беретін тапсырмалар беріледі.

5. Шығармашылық жоба: Сабақтың соңында, оқушылардан Абай Құнанбаевтың өлеңдеріне негізделген өздерінің шағын бейне немесе слайд-шоуларын жасау сұралады. Бұл жоба үшін оқушылар өлеңдердің мағынасын ашатын суреттер, музыка және өз дауыстарын қоса алады. Бұл әдіс оқушылардың әдеби шығармаларды тереңірек түсінуіне, сондай-ақ, креативті және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мультимедиялық құралдарды пайдалану оқу үдерісін қызықтырақ және тартымды етеді [3].

Сонымен, әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың әсерін зерттеуде бірқатар маңызды нәтижелері анықталды. Біріншіден, мультимедиялық ресурстарды пайдалану оқушылардың әдеби шығармаларды оқуға деген ынтасы мен қызығушылығына оң әсер етеді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысады және мәтіндерді талқылауға қызығушылық танытады.

Екіншіден, мультимедиялық ресурстар әдеби шығармаларды түсіну мен талдауды жақсартуға ықпал етеді. Мәтіндерді, кейіпкерлерді және оқиғаларды визуализациялау оқушыларға ақпаратты жақсы қабылдауға және сюжеттің және шығарманың символизмінің қыр-сырын түсінуге көмектеседі.

Үшінші маңызды аспект оқушылардың мультимедиялық сауаттылығын дамытумен байланысты. Бейнероликтер және интерактивті жаттығулар сияқты әртүрлі мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу барысында оқушылар заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын және оларды қолдануға деген сенімділікті алады. Мұғалімдер оқу материалын оқушылардың әртүрлі стильдері мен қажеттіліктеріне бейімдей алады, бұл оқуға және оқу үлгерімін арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық ресурстарды қолданудың әсерін зерттеу оқу үдерісін жоспарлау кезінде ескеру қажет бірқатар маңызды аспектілерді анықтауға әкелді. Зерттеу нәтижелері мультимедиялық ресурстарды пайдалану оқушылардың тиімді оқуы мен дамуына ықпал ететінін растайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Керімбекова Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана, 2017. – 160 б.
2. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан: [оқу құралы] /құраст.: Есбосын Н. Қ. – Қызылорда: Полиграфкомбинат, 2017. – 127 б.

УДК 1
И X 740

«ФИТНЕС МОЗГА» – НЕЙРОГИМНАСТИКА

Хасанова Нурбекеш Кайриденовна,
педагог-психолог,
Ихсанова Кадиша Базарбаевна,
педагог-ассистент,
ГККП «Ясли - сад № 5 «Ертегі»
ЗКО, г.Ақсай

Аннотация: *нейропсихологические упражнения представляют собой комплекс телесно-ориентированных упражнений, позволяющих через тело мягко воздействовать на мозговые структуры. В результате ребенок лучше адаптируется к изменениям, начинает легче учиться и усваивать информацию через гимнастику и игры. Актуальность нейропсихологии заключается в том, что становится вопрос о внедрении в практику нейропсихологической работы с детьми инновационных образовательных технологий. Нейропсихология направлена на развитие отстающих в формировании психических и моторных функций ребёнка, напрямую влияющих на развитие познавательных навыков и преодоления трудностей обучения. Может с успешностью применяться при работе с детьми с ООП.*

Ключевые слова: *нейропсихология, кинезиология, личность, инновация, психика, головной мозг, межполушарное взаимодействие.*

Использование нейрогимнастики в дошкольном возрасте очень актуально, так как в последние годы значительно увеличилось количество детей с нарушениями речи, и развитие детей в целом, такими как: - нарушение координации движений - гиподинамия - дефицит внимания - гиперактивность - агрессия - общее снижение иммунитета. Причина этих расстройств – нарушение в работе головного мозга, поэтому в период от 3 до 7 лет, когда кора больших полушарий головного мозга ещё окончательно не сформирована, важно уделить внимание развитию познавательных процессов и двигательной деятельности. Современное поколение ведут малоподвижный образ жизни, сидят возле гаджетов, в телефонах, у компьютера. Да сейчас время цифровых технологий, и от этого никуда не деться, дети больше нас разбираются в технике и это здорово. Но мы идем с вами к тому, что современное поколение – с каждым годом становится физически, психически, соматически ослаблено. Ведь бегая и прыгая, а также играя по правилам, у нас развивалась координация движений, ориентировка в пространстве, общая моторика, ловкость, гибкость, контроль над собой, переключаемость движений. Таким образом, недостаточность физической активности ведет наших детей к плохому снабжению головного мозга кислородом, несформированной координации движений, не развитой ориентировки в пространстве, не развитого чувства ритма, а также дисгармоничному развитию межполушарных связей.

Нейрогимнастика – это комплекс телесно-ориентированных упражнений, позволяющих через тело мягко воздействовать на мозговые структуры, с помощью физических упражнений, объединение движения и мысли.

Благодаря нейрогимнастике оптимизируются интеллектуальные процессы, повышается работоспособность, улучшается мыслительная деятельность, синхронизируется работа полушарий головного мозга, снижается утомляемость, восстанавливается речевая функция, повышается иммунная система, улучшается память, внимание, мышление. Улучшаются подкорковые структуры головного мозга и т. д. Гимнастика для мозга в педагогике называется также кинезиологическими упражнениями.

Нейродинамическая гимнастика для дошкольников дает возможность решить массу конкретных задач, а не только усилить межполушарное взаимодействие и когнитивные способности. Польза ее в следующем: 1) стимулирует развитие памяти и мыслительной деятельности; 2) помогает получить энергию, необходимую для обучения; снижает утомляемость; 3) улучшает моторику, как мелкую, так и крупную; 4) благоприятно сказывается на процессе письма и чтения; 5) повышает продуктивную работоспособность; 6) формирует уверенность в себе при публичных выступлениях, что непременно потребуется в школе, когда ребенку нужно будет читать доклад перед аудиторией, а также сдавать экзамены.

Регулярные занятия помогут улучшить ряд физических навыков, в частности выполнение симметричных и асимметричных движений, соблюдение равновесия, подвижность плечевого пояса, ловкость рук и кистей. Дошкольники учатся сидеть прямо и не испытывать при этом дискомфорт, становятся более ловкими. Также такие тренировки позволяют усовершенствовать эмоциональные

навыки, сделать ребенка менее подверженным стрессу и более общительным, научат его проявлять свои творческие способности в процессе игры, а затем – и в учебной деятельности. Кроме того, гимнастика для мозга – это еще и способ предотвратить появление дислексии, то есть нарушения навыков чтения. Развивать мозг необходимо с дошкольного возраста, тогда в школе и во взрослой жизни ребенку удастся избежать массы проблем, связанных с работой на компьютере, управлением автомобилем, каким-либо иным сложным устройством; он сможет полностью раскрыть свой внутренний потенциал и стать успешным. Гимнастика учитывает пластичность мозга дошкольников и помогает «настроить» его таким образом, чтобы оба полушария работали активно и продуктивно.

Приступать к выполнению гимнастики для мозга необходимо в среднем дошкольном возрасте, то есть в 3 - 4 лет. В 5-6 лет ребенку можно предложить более сложные упражнения, которые учитывают специфику его возрастного развития. Это станет важнейшей частью подготовки детей к школе, ведь для успешной учебной деятельности необходимо нормальное развитие мозолистого тела, чего и позволяет добиться нейродинамическая гимнастика.

Нейрогимнастика включает 4 группы упражнений:

- ✓ Пересекающие среднюю линию тела;
- ✓ Энергетические;
- ✓ Растягивающие;
- ✓ Повышающие позитивное отношение.

Пересекающие среднюю линию тела: направлены на одновременную работу двух рук, ног, глаз, то есть на интеграцию деятельности сразу двух полушарий. Улучшение координации движений, навыков чтения, письма. Получение дополнительной энергии. При постоянных занятиях человек развивает навык пространственного ориентирования.

Упражнение: «Перекрестное марширование» - Любим мы маршировать, Руки, ноги поднимать.

Энергетические: направлены на обеспечение определенной скорости нервных процессов. Улучшают эмоции и саморегуляцию. Регулярные тренировки помогают улучшить мышление, способствует повышению скорости осознанного чтения, улучшают внимание. Упражнение «Качание головой»- исходное положение: сидя или стоя расправить плечи, голову опустить вперед и закрыть глаза. Затем ребенок начинает покачивать головой в разные стороны и глубоко, как только может, дышать.

Растягивающие: помогают избавиться от мышечного напряжения и расслабить сухожилия. Снимают стресс. Способствуют улучшению внимания, концентрации, полезны для письменной работы. Упражнение «Дерево» - исходное положение – сидя на корточках. Спрятать голову в колени, обхватить их руками. Представьте, что вы - семечко, которое постепенно прорастает и превращается в дерево. Медленно поднимитесь на ноги, затем распрямите туловище, вытяните руки вверх. Затем напрягите тело и вытнитесь. Подул ветер – вы раскачиваетесь, как дерево.

Повышающие позитивное отношение: направлены на стабилизацию нервных процессов. Позволяют в стрессовой ситуации сохранять спокойствие. Перед важными событиями (публичными выступлениями, контрольными) ребенок перестанет нервничать, его память и внимание будут активны. Сюда относятся методы самомассажа, упражнение «Пошел дождик» - легонько постукиваем пальцами по лицу, как будто играя на пианино.

Нейрогимнастикой полезно заниматься и взрослым для улучшения работоспособности, профилактики болезни Альцгеймера.

Практическая часть. «Нейрогимнастика для детей – упражнения для мозга»

Нам бы хотелось с вами провести несколько упражнений по нейрогимнастике, которые помогут зарядить наш мозг, развить межполушарные взаимодействия. Так как сегодня мы очень напряжены, предлагаю настроить наш мозг на активность. За 30 секунд попробуйте назвать 30 животных (можно птиц, насекомых...). Можно называть как вслух, так и про себя. Приступили (звук таймера)

1. Если вы видите, что дети не собраны на занятии, отвлекаемы, заметили не хватку сил у детей, это значит, что мозг испытывает кислородное голодание. Есть отличное упражнение простое, но не простое упражнение из серии «Фитнес мозга». Оно активизирует детский мозг, улучшает балансировку его, улучшают межполушарные связи и положительно сказывается на когнитивных способностях.

«Красавица и чудовище» - одна рука плотно сжимает пальцы – это «зеркало», другая рука – «лапа с когтями», по сигналу руки должны сменить положение. Детям очень нравится это упражнение. Давайте и мы попробуем.

Это упражнение заставит шевелиться ваш мозг. «Зайчик – класс». Можно усложнить упражнение при помощи хлопка.

2. Следующее упражнение – тест, который показывает как развита внимательность и способность мозга быстро адаптироваться к непривычным заданиям. Сейчас перед вами появятся слова, написанные разными цветами. Ваша задача – максимально быстро вслух называть цвета, которыми написаны слова. Если вам удастся назвать цвета всех слов, не совершив ошибку за 15 секунд, то это значит ваш мозг в отличной форме, не утратил свою нейропластичность, отлично работает переключаемость. Ну, а кто совершил ошибки, следовательно, нужно заряжать систематически свой мозг.

3. «Как подзарядить свой мозг?» - нужно улучшить кровоснабжение мозга. При помощи упражнения «Сова» - руку правую - на левое плечо, голова вправо – максимальный вдох, голова вниз вперед - выдох и наоборот. Циклы повторяем по 5 раз в каждую сторону, вы заметите ясность в голове и вам станет лучше.

4. Упражнение «Сминаем и разминаем листочки».

В заключении, нам бы хотелось еще раз обратить ваше внимание на то, что любая двигательная активность будет стимулировать развитие мозга, но особенно если это координированные движения. Сейчас появилось очень много музыкальных игр и разминок, в которых присутствуют элементы нейрогимнастики, например «Жило на свете чудо-юдо...», «Эй, эй, эй – хлопаем дружней...» и многие другие.

Помните, что нейрогимнастические упражнения тонизируют наш мозг, повышают когнитивные способности и делают эффективным любую интеллектуальную работу. Ценное в нейрогимнастике – простота и доступность.

Список используемой литературы:

1. Семенович А.В. «Нейропсихологическая коррекция в детском возрасте. Метод замещающего онтогенеза: Учебное пособие. М.: Генезис, 2007 – 474 с.
2. Кравченко Л. Как развивать у детей межполушарное взаимодействие//Справочник педагога-психолога. Детский сад. – 2019. - №6. – с.43-50
3. Нейропсихология. Игры и упражнения/Ирина Праведникова. -М. : АЙРИСпресс, 2018. - 112с.: или. +вклейка 8 с. - (Популярная нейропсихология)
4. Интернет-ресурсы: <https://www.instagram.com/shamil.ahmadullin?igsh=NXI2eDhydXMzeDji>
<https://t.me/shamilahmadullin>

UDC 811.111

USING OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE LESSONS

Kabassova Kanziya Aitpayevna
Master of foreign languages, Teacher of English,
Sapargaliyeva Meiramgul Yergaliyevna
Master of Pedagogical sciences, Teacher of English,
M.Utemisov WKU, Uralsk

Abstract: *The article is concerned the modern innovative technologies such as cooperative learning, project methodology, use of new information technologies, Internet resources. Internet resources help to implement a personality-oriented approach in teaching a foreign language. In English lessons, with the help of innovative technologies, it is possible to solve a number of didactic tasks: the formation of students' writing skills and improving reading skills using the materials of the global network; replenishment of students' vocabulary; the formation of motivation for learning English.*

Key words: *modern, innovative, technology, activities, internet resources, multimedia*

Innovations in education are the driving factor for modernizing the educational process. Innovative technologies are widely used in the field of modern education. Innovative technologies are a set of psychological and pedagogical methods, methods with their help, tools, reception and teaching methods are selected. The concept of innovation is new to any service means introducing standards. The transition of education to a qualitatively new level affects all political, economic, social and human life due to innovations in spiritual fields. Education related to changes in the life of society changes are taking place in the field, it is more communication, cognitive activity from students and requires a large amount of information. For that, new ways of teaching are needed. If we talk about work with students, among educational technologies the following can be highlighted:

- aimed at strengthening the student's health, forming a healthy lifestyle for him healthcare technologies;
- technology of project work carried out by the student at the university together with the teacher, the goal is to work with problems, as a result of which students can get answers to their questions;
- technologies of the research activity to determine the actual problem and a number of actions helps to solve, and the learner conducts research and experiments like a scientist;
- information and communication technologies - computers are more than classical lessons has important advantages; animated images flashing on the screen will interest the students, allows concentration; in real situations with the help of computer programs it becomes possible to simulate various life situations that cannot be reconstructed;

- person-oriented technologies that create conditions for the development of the student's individuality;
- game technologies are the basis of all school education. [1, p.16-17]

In order to qualitatively introduce any innovation into educational processes, this innovation it is necessary to have a skilled specialist. The modern teacher is mobile, constantly developing, self-educating, should have an active lifestyle and creativity. Project English teacher must master innovations such as learning technology, collaborative learning technologies. The teacher should also use different methods as part of these technologies, for example: case studies method, problem method, business and intercultural communication method. English language modern tools are needed to effectively use technology in classes. One of the modern tools is the use of computers and the Internet. With computer training, the material is learned much more, it is learned with great interest. Also, the computer provides not only the process of mastering the material, but also comprehensive control of the learning process provides. Computer-aided observation can cover a large audience of students, one manages the entire group at the same time, and also saves time when checking learning tasks. The computer helps students to organize their own work in the English language class, as well as creative tasks, design on the topics of program material and allows to organize research works. Collaborative learning method, project methodology, use of new information technologies, Internet [2, p.33-41] resources such as modern pedagogical technologies to implement a student-oriented teaching method helps to implement, taking into account the abilities of students, their level of education, teaching provides individualization and differentiation. Forms of working with computer training programs in foreign language classes:

- learn vocabulary;
- pronunciation training;
- teaching dialogue and monologue speech;
- writing teach; including working out grammar.

The possibilities of using Internet resources are enormous. Global Internet is the age of the world students and teachers at the point of arrival to get any information they need makes: ethnographic materials, news in the life of young people, articles from newspapers and magazines.

The most significant influence on the educational process in the world in recent decades and one of the revolutionary achievements was the creation of the World Wide Web, called the Internet was, which literally means "international network" (English international net).

A series of didactics with the help of innovative technologies in English language classes tasks [3, p.75] can be solved: students' writing using global network materials formation of skills and improvement of study skills; supplementing students' vocabulary; formation of motivation to learn English.

Expanding students' thinking, English establishing business contacts and maintaining relationships with peers in countries where the language is spoken [4, p.25]. Students take tests, quizzes, contests, Olympiads held on the Internet, to chats, video conferences, etc

The content of education in a modern comprehensive school remains unilateral; state standards based on an objective approach are morally outdated. Many modern teachers point to the lack of a competent approach, focused on the individuality of the student. Education at school does not give students a clearly expressed positive motivation to choose a life path, interests and prospects. Now, in the 21st century, the role of international education is growing. To raise own culture, to develop and to go forward is a vital necessity of our century and the young state. The same vital necessity is the study of foreign languages in order to keep pace with the times. Today, knowledge of English opens a window into a large global world with its wide flow of information and innovations. At the present stage of the development of the society, the modernization of the content of education in Kazakhstan is connected with the innovation processes in the organization of teaching foreign languages. Therefore, the main goal of the modern teacher is to choose the methods and forms of organizing the learning activity of trainees, which optimally meet the goal. In recent years, the usage of new information technologies in educational organizations has been raised increasingly. Since the main goal of teaching foreign languages is the formation and development of a communicative culture of students, the training of practical mastering a foreign language, the use of computer technology, Internet resources is the best approach in teaching. It's been quite a few years since a computer entered our life, and we no longer imagine a modern lesson without the use of information technology. ICT becomes an integral tool in increasing students' interest and developing visual-figurative thinking. Everyone understood that the use of ICT in the learning process has the potential to activate cognitive, intellectual and independent activities of students. Information technology makes it is possible to change significantly the forms and methods of academic work. In the education system ICT can be divided into two types: hardware (computer, printer, scanner, camera, video camera, audio and video tape recorder, etc.) and software (electronic textbooks, simulators, test environments, information sites, search systems Internet, etc.). [5] Nowadays the computer is an effective assistant and integral part of everyone, which allows to improve the quality of training and the effectiveness of control. Currently, the use of computers in the educational process is very important. I want to focus on the use of computer presentations in the educational process.

Today, new methods of using Internet resources are opposed to traditional teaching foreign languages. To teach communication in a foreign language, you need to create real life situations that will stimulate the study of the material and develop adequate behavior. Now everyone understand that the Internet has tremendous information capabilities and no less impressive services. Whichever way we relate to the Internet, we have to

recognize the fact that the worldwide network has become an integral part of modern reality. Many students have long appreciated all the advantages of the Internet and use its services actively in their educational process, while for teachers the space of this world web remains mostly unknown, unfamiliar and to some extent frightening. What kind of help the Internet can provide depends on how we use it for solving didactic tasks. These days every modern teacher uses widely the resources of the global Internet. Preparing messages, students filter a lot of information, if they need to listen to music, and most often view photos. Such tasks for students can use the preparatory stage for the lesson, for example, in combination with the project method, allowing students to apply practically for their knowledge and skills. This is one of the forms of research organization and cognitive activity, in which group activity is successfully realized that allows to increase the motivation for learning a foreign language. In the center of such a work process stands the student himself, with the opportunity to freely express his opinion and practical usage of foreign speech. Thus, without the use of ICT in the teaching process, it is difficult to imagine modern English lessons. Their use expands the scope of the educational process, increases its practical focus. The use of ICT and Internet resources in the English lesson allows me to more fully implement a whole range of methodological, pedagogical and psychological principles. The usage of computers in English educational programs increases the effectiveness of solving communicative problems, develops different types of speech activity of students, and forms a stable motivation for students to learn foreign language activities in class.

In the 21st century, the society makes ever higher demands on the practical knowledge of English in everyday communication and in the professional sphere. The volumes of information are growing, and often routine ways of its transfer, storage and processing are ineffective. The use of information technology reveals the enormous capabilities of the computer as a means of learning. But we must not forget that the use of multimedia technologies can not provide a significant pedagogical effect without a teacher, since these technologies are only ways of teaching. The computer in the educational process is not a mechanical teacher, a tool that enhances and expands the possibilities of its teaching activity.

LITERATURE:

1. Kushcheva T.V. Use of innovative technologies in English lessons // Science through the prism of time. -2018. – p.16.
2. Vladimirova L.P. Internet in foreign language lessons. Institute of Nuclear Sciences, No. 3, 2002. pp. 33-41
3. Nelunova E.D. On the problem of computerization of teaching foreign languages. Yakutsk, 2004. p.75
4. Nelunova E.D. Information and communication technologies in foreign language teaching language at school. Yakutsk, 2006, p.25
5. Sajan Kumar Karn. Current trends in ELT around the globe// Journal of NELTA. – 2007. – No. 1 & 2.
6. <http://www.ehow.com/info>.
7. <http://www.ncrel.org/sdrs/areas/issues/methods/technlgy/te600.htm>. Tim Barry. Strategy for using Podcasts for Teaching and Learning in the Biosciences//
8. <http://www.bioscience.heacademy.ac.uk/ftp/tdf/barrystrategy.pdf>.
9. <http://news.bbc.co.uk/2/hi/technology/4504256.stm>.

ӘОЖ 373

ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫ ЖӘНЕ ҚҰМДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ОЙЫНДАР

*Каирғалиева Гаухар Гумаровна,
мұғалім-дефектолог,
«№5 «Ертегі» бөбекжай» МКҚК,
БҚО, Ақсай қ.*

Аннотация: Бұл мақалада құм терапиясы және құммен ойнау арқылы бала бойында жасырын жатқан қиял мен шығармашылық қабілеттерді дамытуға болатындығы жайында жазылған теориялық және практикалық тұрғыда талданады.

Құм терапиясы – бұл емдеу ғана емес, шығармашылық пен креативтіліктің, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігін, кез келген жағдайды шешуге көмектесе алатын арттерапияның бір түрі. Бала құммен қандай да бір туынды жасай отырып, өзінің ішкі нышандары мен бағдарларын сыртқа шығарып, керісінше қажет болмаған дүниені өңдеуге мүмкіндік алады. Демек, құм терапиясы бала өз-өзіне шығармашылықпен қарауға мүмкіндік беретін шығармашылық акт, яғни құм алаңында композиция жасай отырып, ол өзін қалыптастырады. Соның нәтижесінде баланын тұлғалық қасиеттерімен шығармашылық қабілеттері бірге ашылатындығы туралы жан-жақты баяндалады.

Кілт сөздер: құм терапиясы, қиял, шығармашылық, танымдық, интеллектуалдық, қарым-қатынас қабілеттер, «Мен» қасиеті, миниатюрлі фигуралар.

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттердің бірі – ол бала тәрбиесі. Ел тізгінін берік ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу – біздің борышымыз. Еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Максаты: Осы мақсатта құм терапиясы балаға: -мен концепциясын дамытуға; -өз іс-әрекеттері мен жасағандарына жауапты болуға; -өз-өзін түсіну қабілетін қалыптастыруға; -өз-өзіне сенуге; -сезімдерін басқаруға; - ауыр жағдайларды бастан өткеруге; -өзіне деген сезімін арттырып, өз құндылығын түсінуге септігін тигізеді. Құм терапиясының түрі мен нұсқасы баланың жекелігіне негізделіп, жұмыстың мақсаты мен оның ұзақтылығы анықталады. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.

Құм терапиясы – адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менің», өзін танытуға, өзіне өте маңызды, жан тебіренерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі.

«Құм терапиясы» қағидасы аналитикалық терапияның негізін салушы Карл Густав Юнгпен ұсынылған. Мүмкін ұлы Юнгке адамның құммен «электенуінің» қажеттілігі, оның құрылысы осы идеяны ұсынуға себепші болған шығар. Себебі көптеген психологтар жекелеген құм түйіршіктерінде жеке тұлғаның нышандық айқындамасын, ал құм массасында – жаһандағы өмірді көреді. Құм – миллион жыл бұрын пайда болған. Ол бүкіл әлем бойы жайылған. Құм – өте ұсақ ақ түсті, сары, қоңыр, сұр және қызғылт түсті болады. Құм бала үшін магнит сияқты өзіне тартымды зат. Бала құмды не екенін сезінгенше қолдары сарай, қоршау т.б. жасай бастайды. Ал оған ойыншықтар, кішігірім пішіндерді қосса, онда баламен түрлі ертегілерді драмалау, ойын процесіне кіреді.

Очень важным для учителя является включение в урок активных методов выяснения целей, ожиданий, опасений. Такие методы, как «Дерево ожиданий», «Поляна снежинок», «Разноцветные листья», «Фруктовый сад», «Ковер идей», «Пазл» позволяют учителю лучше понять класс и каждого ученика, а полученные материалы в дальнейшем использовать для осуществления личностно-ориентированного подхода к обучающимся. Методы заключаются в следующем. Учащимся раздаются заранее вырезанные из бумаги снежинки, яблоки, лимоны, разноцветные листья и предлагается попробовать более четко

определить, что они ожидают (хотели бы получить) от сегодняшнего урока, обучения в целом и чего опасаются, записав и прикрепив на определенную поляну, дерево и т.д. После выполнения систематизируются сформулированные цели, пожелания, опасения и подводятся итоги.

Одно из интересных заданий, по моему мнению, «Ящик вопросов». Заранее давала названия тем на завтра, предлагала ребятам записать вопросы, что хотят знать по этой теме. На следующий день в конце урока ребята отвечали на свои вопросы. Эти вопросы носили не только образовательный характер, но вызывали положительные эмоции в классе - ребятам очень нравилось слушать свои вопросы.

В процессе урока новый материал помогут представить следующие методы презентации учебного материала, как «Кластер», «Инфо-угадайка», «Продолжи ряд», «Найди закономерность», «Сравнение», «Обобщение», «Найди лишнее», «Классификация», «Словесная характеристика», «Разбиение на группы» и др.

Сюжетно-ролевые игры - определение цели воображаемой ситуации, распределение ролей, представление своей роли. Учащиеся показывают умения пользоваться имеющимися знаниями.

Технология «Аквариум» 2-3 ученика разыгрывают в кругу ситуацию по определённой теме, а остальные анализируют, задавая вопросы.

«Внутренний и внешний круг» Учащиеся образуют два круга. Внутренний стоит на месте, а внешний идёт по часовой стрелке и останавливаясь на 2 минуты задавая вопросы по теме. Потом внешний и внутренний круг меняются местами.

Для представления материала самостоятельной работы детей очень интересны такие методы, как «Автобусная остановка», «Метод кейсов», «Экспрес портрет», «Лабиринт», «Творческая мастерская», «Горячий стул».

Метод «Автобусная остановка».

Цель: научиться обсуждать и анализировать заданную тему в малых группах.

Учитель определяет количество обсуждаемых вопросов новой темы (оптимально 4-5). Участники разбиваются на группы по числу вопросов (4-5 человек в каждой).

Группы распределяются по автобусным остановкам. На каждой остановке (на стене или на столе) расположен лист большого формата с записанным на нем вопросом по теме. Учитель ставит задачу группам – записать на листе основные моменты новой темы, относящиеся к вопросу. В течение 5 минут в группах обсуждаются поставленные вопросы и записываются ключевые моменты. Затем по команде учителя группы переходят по часовой стрелке к следующей автобусной остановке. Знакомятся с имеющимися записями и, при необходимости, дополняют их в течение 3 минут. Исправлять существующие записи, сделанные предыдущей группой нельзя. Затем следующий переход к новой автобусной остановке и еще 3 минуты на знакомство, обсуждение и добавление своих записей. Когда группа возвращается к своей первой остановке, она в течение 3 минут знакомится со всеми записями и определяет участника группы, который будет представлять материал. После этого каждая группа презентует результаты работы по своему вопросу. В завершении учитель резюмирует сказанное всеми группами, при необходимости вносит коррективы и подводит итоги работы.

«Метод кейсов» Группе предлагается информация, основанная на реальных или вымышленных фактах. Группа должна посоветоваться проанализировать и выбрать правильное решение, обосновав его.

«Экспрес портрет» Каждый ученик в группе получает карточку с названием животного или растения. Перед группой стоит коробочка с набором картинок с изображением животных и растений. В течение 3 минут на листочке должен написать «портрет» этого животного (растения), сказочного героя, полезного ископаемого. Затем каждый в группе представляет свою работу, начиная со слов: «Я хочу представить вам зверя (птицу, насекомое, героя, полезное ископаемое...), он выглядит так...» и зачитывает «портрет». Ученики в группе отгадывают, чей «портрет» описан, доказывают почему, находят в коробочке картинку с изображением.

Метод «Творческая мастерская» с большим успехом применяется мною на обобщающих уроках литературного чтения и окружающего мира. К уроку дети готовят рисунки, иллюстрации на заданную тему, пишут сочинения, стихи, рассказы. Дается задание разделиться на группы, создать и презентовать групповой проект на заданную тему. Предварительно необходимо составить план размещения принесенного на урок материала, оформления титульного листа. На работу отводится 20 – 25 минут. По истечении этого времени каждая группа или ее представитель должны презентовать свой проект. В ходе практической деятельности учеников учебный кабинет превращается в настоящую творческую мастерскую. В конце урока появляются замечательные творения. Каждое решение уникально, выразительно. Научиться дружно, работать в группах, прислушиваться к мнению товарищей, коллективно создавать замечательные работы (картины, газеты, книги) из собранных вместе материалов - главная цель этого урока.

«Интервью». По пройденной теме один ученик из группы задаёт вопросы, используя микрофон каждому участнику группы. А остальные отвечают.

«Горячий стул». Эта стратегия интересна тем, что может использоваться на разных этапах урока, на разных предметных дисциплинах. Сначала ребята отвечали односложно, будто боясь ответить неправильно. Выходили только самые смелые. По мере адаптации этой стратегии в классе, желающих

было очень много. Я применяла данную стратегию, как на закреплении изученного материала, так и на выявлении- что знает ученик по данной теме. Конечно, ответы не всегда уверенные, но процесс мышления пошел. Ребята уже не являются сторонними наблюдателями, а являются активными участниками

Не стоит забывать о восстанавливающей силе релаксации на уроке. Ведь иногда нескольких минут достаточно, чтобы встряхнуться, весело и активно расслабиться, восстановить энергию. Активные методы - «физминутки» позволят сделать это, не выходя из класса.

Если учитель сам принимает участие в этом упражнении, помимо пользы для себя, он поможет также и неуверенным и стеснительным ученикам активнее участвовать в упражнении.

«Коктейльные палочки» используется при работе в паре. Два ученика берут в руки палочку за концы и начинают задавать вопросы до тех пор, пока вдвоём не дойдут до середины.

«Ромашка» - 1. Дети отрывают лепестки ромашки, по кругу передают разноцветные листы и т.д. и отвечают на главные вопросы или анализирую картинку, относящиеся к теме урока, мероприятия, записанные на обратной стороне.

«Куб» понадобится обычный куб, на гранях которого написаны слова

почему, объясни, предложи, придумай. Выпавшая грань укажет какого типа вопрос следует задать.

«Я работаю волшебником». Игра не только пробуждает интерес к работе, но и формирует умение применять полученные знания в новых ситуациях. Например: превратить существительные в прилагательные (стол-столовый, хлеб-хлебный, солнце-солнечный), нарицательные в собственные город-Уральск, магазин «Водолей», река Ишим)

«Итоговый круг» - Учитель дает минуту! Подготовленные представители группы встают в круг, задают вопросы детям других групп, те в свою очередь отвечают (работают по кругу).

«Пометки на полях» +знал, -новая информация? -непонятно, !-успешно усвоили.

Эти методы помогают эффективно, грамотно и интересно подвести итоги урока. Для учителя этот этап очень важен, поскольку позволяет выяснить, что ребята усвоили хорошо, а на что необходимо обратить внимание на следующем уроке. Кроме того, обратная связь от учеников позволяет мне скорректировать урок на будущее.

«Моделирование» - из подручных средств строится представленное понятие.

Как и у каждой методики есть свои плюсы и минусы.

+ Активные методы обучения помогают - развивают мотивацию к обучению и наилучшие стороны ученика, учить учащихся самостоятельно добывать знания, развивают интерес к предмету, позволяют активизировать процесс развития у учащихся коммуникативных навыков, учебно-информационных и учебно-организационных умений.

- Уроки с использованием активных методов обучения интересны не только для учащихся, но и для учителей. Дети начальной школы имеют свои особенности, поэтому - не могут совладать со своими эмоциями, поэтому на уроках создаётся вполне допустимый рабочий шум при обсуждении проблем; методы лучше вводить постепенно, воспитывая у учащихся культуру дискуссии и сотрудничества; применять данные методики не обязательно все на каждом и на одном уроке.

Таким образом, использование активных методов обучения позволяет обеспечить эффективную организацию учебного процесса, но и как в любой методике есть особенности. А применять ее или нет, это уже дело учителя и его творчества.

Список использованной литературы:

1. Зельдович, Б. З. Активные методы обучения: учебное пособие для вузов / Б. З. Зельдович, Н. М. Сперанская. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2023. — 201 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-11754-7. — Текст: электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]

ЭОЖ 37473

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Калмурзаева Айнуր Жолайхановна,

жалпы пән оқытушысы,

Қармақшы аграрлы-техникалық колледжі,

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы

Аннотация: Бұл мақалада білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңашылдықтар жайлы айтылады. Әсіресе қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде мектептегі білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісін технологияландыру мәселесі қозғалады.

Кілт сөз: білім беру жүйесі, жаңашылдық, элективті сабақ, таным, үрдіс.

Қазіргі таңда білім беру саласында күрделі өзгерістер мен жаңашылдықтар болып жатыр. Бұндай өзгерістер болашақ ұрпаққа сапалы білім берумен байланысты. Еліміздің болашағы жастарда екені біздерге мәлім. Осы ұрпақты саналы да сапалы етіп тәрбиелеу ұстаздардың еншісінде. Мұғалім оқушыға білім беру мен қатар тәрбиелеп, сауатты тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімдейді. Сондықтан мұғалімдер білім беру жүйесінде, қоғамда, әлемде болып жатқан өзгерістер мен жаңашылдықтардан тыс қалмауы қажет. Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, уақыт өткен сайын күрделенеді. Қай кезде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Заман өзгерістеріне қарай білім беру жүйесіне қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгереді.

Сондықтан мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі болып отыр. Қазақтың кемел, талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - дегені бүгінде барлық ұстаздың жадында сақталып, ұранына айналып кеткен.

Міне, мемлекеттік бұл саясат әлі күнге күн тәртібінен түспей, білім мен ғылымды жан-жақты дамытып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелудің ерекше үлгісін қарастырып, осы сала төңірегінде түрлі реформалар жасалып келеді.

Бүгінгі таңда балалардың қабілеттерін жоғарғы деңгейде қанағаттандыратындай білім беру көптеген өркениетті елдерде саралап оқыту принципінің негізінде одан әрі дамытылуда. Ол Франция, Америка, Германия, Англия, Жапония т.б. елдердің білім беру жүйесінде қазір жоғарғы деңгейде жүргізілуде. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осындай табиғи сұраныстарға орай, оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Мәселен, академик В.И. Монаховтың технологиясы, В.К. Дьяченконың ұжымдық оқыту әдісі, М.М. Жанпейсованың оқытудың модульді технологиясы және Ж.А. Қараевтың білім беру жүйесін ақпараттандырумен қатар оқушылардың өскелең оқу тәрбие үрдісін түгелдей терең дараландырып жаңаша білім алуына, өздігінен іздену сезімін ояту, дарындылық пен талапқа жол ашуға бағытталған технологияларын атап көрсетуге болады. Олай болса, оқытушы педагогикалық ізденіспен озық технологиялардың әдіс-тәсілдерін аса жоғары талғаммен қолдана білуі тиіс. Оқушылар алған білімдерімен келешекте белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін, яғни тез бейімделе алуы арқылы функционалдық сауаттылыққа қол жеткізеді. Әрбір сабақты өту барысында шынайы өмірмен ұштастыру оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын және келешекте өз мамандықтарын дұрыс таңдауына әсер етеді.

Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда.

Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; соңғысы, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Білім беру мекемелерін оңтайландыру бағыты бойынша мемлекеттік бағдарлама негізінде жасалып жатқан шаралар аз емес. Алдымен, оған «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұрғызылған білім ордаларын айтуға болады. Аталған бағдарлама аясында 2009-2010 жылдары республикада 219 мектеп, 2010 жылы 93 мектеп салынып, пайдалануға берілген екен. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, бағдарламаның негізгі жоспары - жыл сайын 100 мектеп салу. Осы бағдарламаның аясында еліміздегі әр облыстардағы көптеген елді мекендерде жаңа заманауи білім беру ошақтары ашылды. Әр облыста бой көтерген Назарбаев зияткерлік мектептері осы бағыт негізінде қолға алынған болатын. Жоғары оқу орындарына қатысты айтар болса, қазір жұмыс істеп тұрған барлық ЖОО-ларды тексерістен өткізіп, қорытындысы бойынша олардың санын біріктіру немесе жекелеген мекемелерді тарату қолға алынып жатыр. Бұл да білім беру мекемелерін оңтайландыру бағытында қарастырылатын мәселелердің бірі.

Екінші бағыт - оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту. Бұл бағыттың үдерістері біздегі білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі - академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті сабақтар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейту жоспарланған. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта оқытуды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынды.

Үшінші бағыт - білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Бұған инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерді пайдалану, интерактивті білім беру,

қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқалар жатады. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияны енгізу, оқушының жеке интеллектуалдық қабілеттерін арттыру бағытында жұмыстанып жатыр. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін ЖОО-лары да түрлі инновациялық методикаларды пайдалана басталады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастыруда.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу».

Кеше тұлғаның «миы», «басы», «ақылы», «интеллекті» бірінші орында еді, ал бүгінде адамды бағалауда біз бірінші кезекте оның ішкі дүниесін, рухани ахуалын, адамгершілік қасиеттерін ескереміз. Абайдың «Адам бол» деген рухани қағидасы бүгінде білім игеру жүйесінің басты қағидасына айналып отыр. Білім беру реформаларын сапалы жүзеге асыру жолдарын қарастыруда әлем елдерінің, соның ішінде, Жапонияны алатын болсақ, біздің балаларымыздың білім сапасы Жапония елінің білім сапасынан айтарлықтай төмен екендігі анықталған. Олар біздің оқушыларымызға қарағанда едәуір аз пән оқиды. Жапонияда жеке тұлғаның эмоционалдық бет-бейнесін қалыптастыратын пәндер 70%-ды құрайды. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіне айтарлықтай көп уақыт бөлінеді. Мұғалім мен тұлға арасындағы қарым-қатынаста рухани-адамгершілік байланыс орнатып, ынтымақтастыққа қол жеткізуде Ш. Аманашвили мұғалімдерге мынадай кеңес береді: «Педагогикалық үдерісте баламен тіл табыса білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңілдегісін айтуға рұқсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысымен ынтымақтастық тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұласып кетеді. Мұндай жағдайда мұғалім мен оқушы арасында тұтастық пайда болады» – деп рухани-адамгершілік қай кезде орнығатынын пайымдайды. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамына әсер етуші әлеуметтік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана, басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейтінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
2. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері, Алматы.1991.
3. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990.
4. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдыстыру. Алматы : Мектеп.- 1981.

ӘОЖ 355.291

ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫ КҮШТЕРІ - ДАМУ ТАРИХЫ, ҚАРУ-ЖАРАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК МҮМКІНДІКТЕРІН НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Карабалаев Кошгар Айладырович,

Сейтқасым Айбек Максимович,

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері,

алғашқы әскери дайындық кафедрасы,

М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ-і,

Тараз қ.

Аннотация: ҚР ҚК Әуе қорғаныс күштері даму тарихы, оның жауынгерлік мүмкіндіктері жастарды Отансүйгіштікке баулу арқылы тәрбиелеу.

Кілт сөздер: Отан, Авиация, КСРО, Әуе қорғанысы күштері, ядролық қару, авиабаза, Зенитті зымыран әскерлері, Радиотехникалық әскерлер, НАТО, Президент.

Қазақстан Республикасының әуе қорғанысы күштері - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бір түрі. 1998 жылы 1 маусымда құрылды. Олардың міндеттері:

* Қазақстан Республикасының әуе шептерін қорғауды қамтамасыз ету.

* Мемлекеттік, әкімшілік және әскери нысандарды әуе шабуылынан қорғау

* Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа түрлері мен тектерін авиациялық қолдау бойынша жауынгерлік міндеттерді орындау.

ӘҚК - Құрылымы.

Әуе қорғанысы күштерінің құрамы:

• әскери әуе күштері (авиация) - ВВС

• әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері - ПВО

• әуе қозғалысын басқару органдары – ОУВД

Авиация – әуедегі қарсыластың соққыларынан маңызды бағыттарды, аудандарды және объектілерді қалқалауға арналған Әуе қорғанысы күштерінің негізгі маневрлік әскер түрі. Қалқалайтын объектілерден барынша көп қашықтықтағы кез-келген дерлік әуе нысаналарын жоюға қабілетті. ҚР ӘӘК-ВВС қарулануында зымырандармен және пушкамен қаруланған жылдамдығы дыбыстан жоғары жойғыш ұшақтары: МиГ–31 жойғыш ұшағы, МиГ – 29 майдан жойғыш ұшағы, МиГ – 27 мен Су – 27 бомбалаушы-жойғыш ұшақтары бар.

Кеңес әскерінен мұра болып қалды.

КСРО-(СССР) ыдыраған кезде Қазақ КСР аумағында Түркістан әскери округында – (ТуркВО) 73-ші әуе армиясының, КСРО КГБ Шекара әскерлерінің Шығыс шекара округінің және 14-ші жеке Әуе шабуылына қарсы қорғаныс - (ПВО) армиясының авиациялық бөлімдері мен құрамалары орналасқан болатын. Бұл ретте Қазақстан әскери әуе күштерінде – (ВВС) стратегиялық қару - жарақ қалды - олар; 13 Ту-95МС-16 ұшағы, 27 Ту-95МС-6 ұшағы және оларға ядролық оқтұмсықтары бар 370 қанатты зымырандар[6].

Ал, 1992 жылы Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, стратегиялық қару-жарақты Ресейге шығару туралы шешім қабылданды. 1994 жылдың ақпанында барлық ядролық оқтұмсық зымырандары мен Ту-95МС бомбалаушы ұшақтары Ресейге көшірілді.

1995 жылы 23 наурызда халықаралық сараптама комиссиясы Шаған әуесайлағының ангарынан 7 бөлшектелген және жөндеуге келмейтін Ту-95 ұшақтарын тапты [7]. Инспекциялық топтың басшысы Джеймс Фаулер (James M. Fowler) бұл ұшақтардың Қазақстан аумағында болуы келісімді бұзушылық ретінде қабылданды. Кейін барлық 7 бомбалаушы ұшақтары бөлшектеніп, осылайша, 33 бомбалаушы ұшақтары Ресейге жеткізіліп, барлығы толығымен жойылды.

Әскери әуе күштерін құру – (ВВС). Авиациялық қосылыстар.

* Жойғыш - бомбалаушы авиация полкі МиГ-27 ұшақтары Жетісу облысы мен Абай облысында шоғырланған.

* гвардиялық бомбалаушы авиация полкі Су-24 ұшақтары Алматы облысының Николаевка елді мекенінде орналасқан болатын.

Жеке авиациялық полктер мен эскадрильялар

* гвардиялық Қызыл Ту жауынгерлік авиациялық полкі МиГ-21 және МиГ-23 ұшақтары Талдықорған облысының Үшарал елді мекенінде болған.

* жеке барлау авиациялық полкі Қарағанды облысында МиГ-25РБ және Як-28р ұшақтары орналасқан.

* авиациялық полкі МиГ-29, L-39 ұшақтары Жамбыл облысы Луговой елді мекенінде шоғырланған.

* жеке аралас авиациялық полк Ан-12, Ан-26 ұшақтары Алма-Аты қаласында.

* жеке көліктік-жауынгерлік тікұшақ полкі Ми-6, Ми-26 және Ми-8. Тараз қаласында кезінде шоғырланған болатын.

Авиация-маңызды бағыттарды, аудандар мен объектілерді әуе жауының соққыларынан жабуға арналған әуе қорғанысы күштері әскерлерінің негізгі атыс маневрлік тобы.

Қазақстан әуе күштері ТМД елдері арасында дайындық деңгейі бойынша үздіктердің бірі болып табылады. ҚР Әскери-әуе күштері ұшқыштарының ауада өткізген орташа уақыты 100 сағаттан асады, ал авиабазаларда бір ұшқышқа шаққандағы орташа ұшу сағаты шамамен 150 сағатты құрайды, бұл ТМД-дағы жақсы көрсеткіш және НАТО-ға мүше елдердің авиация ұшу сағатымен салыстыруға болады, тіпті сағаттардың шарттары мен сапасы сәл өзгеше[13].

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері - ПВО

1. Зениттік зымыран әскерлері - (ЗРВ) зениттік зымыран қорғанысын жүзеге асыруға және мемлекеттік және әскери басқару объектілерін жабуға арналған.

2. Радиотехникалық әскерлер - (РТВ)

Радиотехникалық әскерлер (РТВ) әуе жауының радиолокациялық барлауын жүргізуге, оның шабуылының басталғаны туралы ескерту ақпаратын, зениттік зымыран әскерлері мен ӘҚК авиациясына

жауынгерлік ақпарат беруге, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуын бақылауға арналған, әскер түрі.

Қазақстан Республикасының Әскери-әуе күштері посткеңестік кеңістіктегі саны бойынша Ресей әскери-әуе күштерінен кейінгі екінші орында бізге аян.

Авиабазалар бойынша орналасу тәртібі.

* авиабаза (Шымкент)-2 Су-30 СМ, 12 МиГ-29, 2 МиГ-29УБ, 12 Су-25СМ, 2 Су-25УБМ, 4 Ми-35М, 4 Ми-171Ш

* авиабаза (Талдықорған) - 12 Су-30СМ

* авиабаза (Ақтау)-10 Су-27, 4 Ми-17, 4 Ми-35М

* авиабаза (Балқаш)-17 L-39 NG

* авиабаза (Қарағанды)-20 МиГ-31Б/МиГ-31бсм/МиГ-31ДЗ, 8 Су-30СМ

* әуе базасы (Тараз) — 3 Anka-s UAV, 4 Wing Loong UAV

* авиаполк (Астана) - жоғары лауазымды тұлғаларды тасымалдау үшін.

* 218-ші көліктік авиаэскадрилья (Алматы)-1 Көліктік Ан-12, 8 casa C-295, жоғары лауазымды тұлғаларды тасымалдауға арналған ұшақтар мен тікұшақтар шоғырланған.

Екі мәрте батыр Т.Бегелдинов атындағы Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштері Әскери институтының МиГ-29 және L-39 оқу ұшақтары Ақтөбе әуежайында. Институт 1996 жылы бұрынғы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшу училищесінің (АВЛУГА) негізінде құрылды. Ақтөбе әуежайында 10 Як-42 ұшағы, Ми-17 тікұшақтары орналасқан.

Республика Қарулы Күштеріне бейбіт кезеңде мынандай негізгі міндеттерді орындау жүктелген:

- әскери күшті, жауынгерлік даярлықты қамтамасыз етіп, басқару органдары мен әскерлерді ел ішіндегі қақтығыстарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында немесе аумағының шегінде туған кез келген заңсыз қарулы күш көрсетуді тұмшалап, тойтара алатын деңгейде ұстау;

- әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ, мемлекеттік шекараның жедел-стратегиялық тұрғыда маңызды өңірлерін жабу;

- маңызды әскери нысандарды күзету;

- елдің кез келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі батыл іс-қимылға әзір болу;

- халықаралық міндеттемелерге сәйкес бітімгершілік және өзге де операцияларға қатысу.

Бұл міндеттерді орындауды Қарулы Күштер ҚР-ның басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарымен өзара тығыз іс-қимылда жүзеге асырады. Бұл ретте ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне құрлықта, теңізде, көлдерде және өзге де су айдындарында мемлекет шекараны күзету мен қорғау, сондай-ақ, лаңкестікке (террорға), қару мен есірткі саудасына қарсы күреске қатысу жүктеледі.

Қазақстан армиясы - Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне кепілдік болып табылады.

Жыл сайын 25 қазанда Республика күнін атап өтеді. Бұл күн еліміздің егемендігін білдіреді. Бұл Қазақстан өзінің сыртқы және ішкі саясатын өзі бақылайтын тәуелсіз, өзін-өзі қамтамасыз ететін ел екенін білдіреді. Бұл құқықты тек саясаткерлер ғана емес, әскери қызметкерлер де қорғайды: мемлекеттің шекарасын күзететін шекара әскерлері, армияны басқаратын офицерлер және қарапайым сарбаздар. 30 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандық армия өзінің даму тарихын таза барақтан бастап, күрделі жолдан өтті. Осы уақыт ішінде офицерлердің тұтас бір тобы тәрбиеленді, мемлекеттің әскери ұйымын кешенді дамыту шаралары іске асырылды, бұл біздің еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға үлкен мүмкіндік берді. Қазақстанның қазіргі армиясы қойылған міндеттерді кез келген жағдайда орындауға қабілетті және республика қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.

Айбынды армиямыз еліміздің қауіпсіздік кепілі

Президент Қасымжомарт Тоқаевтың біздің Республикамыздың қазіргі тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуындағы көрнекті рөлі даусыз. Бірақ Қ.Тоқаев қорғаныс қабілетін қалыптастыруда және нығайтуда да елеулі еңбегі бар. ҚР Президенті-Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы ұлттық қауіпсіздіктің басымдықтарын нақты белгілеп, қазіргі кезеңде Қазақстан армиясының даму перспективаларын айқындады.

Президенттің Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі

Одақ ыдырағаннан кейін бірден қалыптасқан Қазақстанның әскери саласындағы жағдай күрделі болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ел алдында маңызды міндет – жас мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ете алатын өз Қарулы Күштерін құру болды. Армияның жаңа түрін құру үшін армия құрылысының заңнамалық негізін, тұжырымдамасы мен тетіктерін әзірлеу қажет болды. Бұл жолдағы алғашқы қадам 1991 жылы 25 қазанда Президенттің мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы Жарлыққа қол қоюы болды, ол кейінірек ҚР Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. Әскери қауіпсіздік жүйесін құру үшін келесі шешуші құқықтық акт Президенттің 1992 жылғы жетінші мамырдағы ҚР Қарулы Күштерін құру туралы Жарлығы болды. Дәл осы құжатта Қазақстан аумағында орналасқан Қарулы күштер мен олардың мүлкі республиканың юрисдикциясына өтетіндігі анықталды. Отан қорғаушылар күнін жыл сайын жетінші мамырда атап өту кездейсоқ емес.

Біздің еліміздің кең аумағында көптеген әскери бөлімдер, базалар, әскери-зерттеу нысандары мен полигондар, соның ішінде ғарыштық зерттеулер мен әуе қорғанысымен байланысты. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде әскери техника мен қару-жарақ қабылданды.

Қазақстан аумағында үлкен ядролық әлеуеттің болуы әлемде белгілі бір алаңдаушылық тудырғаны белгілі. Республиканың әлемдегі төртінші қуатты ядролық және зымырандық арсеналдан түбегейлі бас тартуын әлемдік қауымдастық лайықты бағалады. Семей ядролық полигонының жабылуы, шахталар мен ядролық қару базаларының жойылуы Қазақстанның бейбітшілік мемлекет және жаһандық қауіпсіздікті нығайту саласындағы сенімді әріптес ретінде танылуына ықпал етті. Бірақ бұл шешім қиын жағдайда қабылданды. 1991 жылы америкалық телевидениеге берген сұхбатында Президентіміз Қазақстанның ядролық қару бойынша ұстанымын білдірді: "Біз басқа республикаларға, тіпті ең күшті республикаларға да біздің аумағымыздағы ядролық қаруды бақылауға алуға мүмкіндік бере алмаймыз". АҚШ-тың Қазақстаннан қарапайым ядролық қарусыз мәртебеге қол жеткізуге тырысқанына қарамастан, біздің еліміз алдымен ұлы державалар тарапынан қауіпсіздік кепілдігін алды. 1992 жылы республика шабуыл қаруын қысқарту туралы шартқа, ал 1993 жылы ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды. Президенттің ядролық күштер жақтастарының дәлелдеріне қарсы жасаған бұл қадамы оған Қазақстандықтар мен басқа елдердің азаматтарының лайықты құрметіне ие болды, халықаралық аренада біздің жас мемлекетімізге деген сенімді нығайтты.

Өңірде тыныштық пен тұрақтылықты сақтау үшін біздің республика халықаралық шарттар негізінде мемлекеттік шекара сызықтарын айқындады. Осы маңызды мәселені шешуге ұмтыла отырып, Президент шекараларды заңды түрде рәсімдеу біздің қоршаған әлемнен "қоршауымызды" білдірмейді, керісінше, ол көршілермен көп қырлы ынтымақтастықты ынталандырады және реттейді деп аталып өтті.

Өзінің Қарулы Күштерін құру әскери кадрларды даярлау жүйесінде де үлкен өзгерістерді қажет етті. Президенттің тұрақты назарының арқасында тәуелсіздік жылдарында әскери оқу орындары да, дер кезінде құрылды, олар біздің Қарулы Күштерімізді кадрлармен қамтамасыз ете алды. Әскери жоғары оқу орындарының қатарында Құрлық әскерлерінің Әскери институты ерекше орын алады, оның тарихы И.С.Конов атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесінен бастау алады.

1997 жылы офицерлік кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру және әскери ғылымды дамыту мақсатында И.Конов атындағы Алматы жоғары әскери командалық училищесін Әскери академияға айналдыру қажеттілігі туындады. Президент әр бөлшекті зерттеп, профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру шарттарына, оның ішінде Ресей Федерациясынан әскери мамандарды шақыру, адъюнктура құру және диссертациялық кеңес ашу мүмкіндігіне қызығушылық танытты. Мемлекет басшысы Академияның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне ерекше назар аударды. Осы мәселелердің барлығын егжей-тегжейлі қарастырғаннан кейін ғана Президент біздің идеяларымызды мақұлдады. Осы жылдың он бірінші ақпанында ол Алматы жоғары әскери училищесін Әскери академияға айналдыру туралы Жарлыққа қол қойды.

2003 жылы Президенттің Жарлығымен әскери академия Ұлттық қорғаныс университеті болып қайта құрылды.

Республиканың әскери кадрларын даярлау мәселелерін шеше отырып, армияның кіші командалық құрамын-кәсіби сержанттар институтын қалыптастыру міндетін айналып өту мүмкін болмады. Осылайша Мемлекет басшысының тағы бір идеясы іске асырылды — 1996 жылдың шілдесінде Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет Корпусының кіші командир-кәсіпқойларын даярлауға кірісті.

Президент генерал С.Нұрмағамбетов атындағы "Жас ұлан" мектебінің тәрбиеленушілерін де әке қамқорлығымен қоршап алды. 1999 жылы оның бастамасымен құрылған мектеп оқушыларды әскери оқу орындарына түсуге дайындайды, жас ұландарды патриотизм, Отанға адалдық және әскери борыш рухында тәрбиелейді.

Тәуелсіздік жылдарында Мемлекет басшысының қолдауымен елімізде Құрлық әскерлерінің Әскери институты, ҰҚК Әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институты- (ВИИРЭС), Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты, Шет тілдері әскери институты, ПМ Ішкі әскерлерінің Әскери институты, Әскери-теңіз институты, әскери спорт колледжі кіретін әскери жоғары оқу орындарының қуатты желісі қалыптасты.

Тәуелсіз Қазақстан армиясының жыл сайынғы даму барысы елдің әскери-саяси бағытының дәйектілігі мен дұрыстығын растайды.

Қарулы күштер, Республикалық Ұлан және басқа да әскери құралымдар өздерінің қызметтік-жауынгерлік міндеттерін сәтті орындай отырып, қажетті тәжірибе жинақтады.

1993 жылғы 11 ақпанда Президент бекіткен мемлекетіміздің алғашқы әскери доктринасы Қазақстанның соғыс және бейбітшілік, басқа мемлекеттердің мүдделері мен қауіпсіздігін ескере отырып, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жаңа көзқарастарын айқындады. 1993 жылғы тоғызыншы сәуірдегі осы доктрина аясында "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" заң қабылданды, ол мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көптеген басқа құжаттарды әзірлеу үшін іргелі негіз болды.

Ғасырлар мен мыңжылдықтардың басында жаңа қауіптер мен сын-қатерлердің пайда болуымен әлемдегі жағдай айтарлықтай өзгерді. Осыған сәйкес 2005 жылғы жетінші қаңтарда "Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы" жаңа заң қабылданды, ол қорғаныс пен қарулы күштерді ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды, мемлекеттік органдардың елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі функциялары мен өкілеттіктерін, азаматтар мен ұйымдардың қорғаныс

саласындағы құқықтары мен міндеттерін реттейді. 2005 жылғы сегізінші шілдеде Мемлекет басшысы "әскери міндет және әскери қызмет туралы" Заңға қол қойды. Бұл құжаттар Қазақстандық әскери саясаттың әлемдік шындыққа сәйкестігін қамтамасыз етті.

Қазақстан көшбасшысы ұжымдық қауіпсіздікті дәйекті түрде қолдайды

ҚР Президентінің Ұжымдық қауіпсіздік, сенім мен әріптестік шараларын нығайту туралы идеялары көптеген мемлекеттерден, біздің жақын және алыс көршілерімізден қолдау тапты.

2007 жылғы 21 наурызда Президент бекіткен жаңа Әскери доктринада Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың өңірлік ұйымына басым орын берілді. Атап айтқанда, Президент Ұлттық Қарулы Күштердің жалпы өзара іс-қимылы үшін жағдайларды қолдауды көздейтін осы Ұжымдық қауіпсіздік ұйымын таңдады. Қазіргі Қазақстан армиясын жаңғырту ҰҚШҰ-ның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүргізілетін болады.

Қазақстанның қатысуымен өтетін өңірлік құрылымдардың ішінде ең перспективалы және пәрменді құрылымдардың бірі Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып табылады. ШЫҰ-ға мүшелік бізге халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, ұлттық сепаратизммен, есірткінің, қарудың заңсыз айналымымен және заңсыз көші-қонмен бірлесіп күресу арқылы өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Біздің ел басқа халықаралық қауіпсіздік құрылымдарымен, соның ішінде НАТО-мен тікелей байланыс орнатты. Мысалы, "бейбітшілік жолындағы Серіктестік" бағдарламасы аясында кадрлар даярлау және әскери құрылыс бойынша ынтымақтастық жолға қойылған. Қазақстанның бірнеше жүздеген әскери қызметшілері түрлі халықаралық оқу-жаттығуларға қатысты. "Жоспарлау және талдау процесі" бағдарламасына қатысу НАТО-мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты түзетуге мүмкіндік берді.

Қазақстандық Президентінің 2007 жылғы қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында сөйлеген сөзі дәстүрлі түрде әлемдік жұртшылықтың назарын аударды. Халықаралық қауіпсіздік жүйесінің мәселелерін қозғай отырып, ол ядролық қаруды таратпау туралы шартты жаңа шындыққа бейімдеуді ұсынды және ірі ядролық державаларды өзінің атом арсеналынан өз еркімен бас тартқан Қазақстанның үлгісін ұстануға шақырды.

Бүгінде республиканың Қарулы Күштері жақсы жабдықталған және дайындалған. Президент елдің әскери әлеуетін одан әрі жетілдіру мәселелерін тұрақты бақылауда ұстайды, ауқымды әскери жаттығуларға жеке өзі қатысады. Мысалы, "Батыс-2003" стратегиялық оқу-жаттығуларының өткізілуін бақылай отырып, Мемлекет басшысы оқу-жаттығуларға тартылған Қарулы Күштердің бөлімшелері мен бөлімшелеріне жоғары баға берді, әскери қызметшілердің шеберлігі мен кәсібилігін атап өтті. Президент біздің армияны заманауи жауынгерлік техникамен және жоғары дәлдіктегі қарумен қамтамасыз етуге әлі де көп көңіл бөлінетінін айтты.

Ауқымды оқу-жаттығуларды өткізу тәжірибесі Қазақстанға халықаралық деңгейдегі осындай көптеген іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді. 2007 жылғы тамызда ШЫҰ-ға қатысушы елдер қарулы күштерінің "Бейбіт миссия — 2007" терроризмге қарсы командалық-штабтық жаттығуларының соңғы кезеңін бақылай отырып, Біздің Президент Қазақстанның өз аумағында осындай жаттығуларды өткізуге дайын екендігі туралы хабарлады.

Жаңартылған Қазақстанның армиясы жыл сайын өз күшін арттырып, жауынгерлік дайындығын арттыруда. Қазақстандық жауынгерлердің жас буыны жаңа техника мен қару-жарақты меңгеріп, тәжірибе мен шеберлікке ие болады. Қазақстандық Қарулы Күштердің жетістіктері — бұл біздің мемлекет басшысының Үлкен жеке еңбегі, оның әскери құрылыс саласындағы ақылға қонымды және көреген саясатының, Қазақстанның Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына үнемі қамқорлығының нәтижесі екенін атап өткім келеді.

Әуе қорғанысы күштерінің әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің 90% ҚР әуе кеңістігін қорғау және күзету үшін тәулік бойы жауынгерлік кезекшілік атқарады.

2024жылы Әуе қорғанысы күштерінің құрылғанына 26-жыл толады. Елімізде халқымыздың ерлік дәстүрінің лайықты мұрагеріне айналған Қарулы Күштеріміздің заманауи жауынгерлік қабілеті қалыптастырылды және табысты дамып келе жатыр. ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінің Бас қолбасшысы авиация генерал-майоры Дәурен Қосанов осылайша мәлім етті.

Ол Әуе қорғанысы күштері Қарулы Күштердің жоғары технологиялық саласы екенін және оған құрылымдық жағынан әскери-әуе күштері және әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің байланыс, материалдық және техникалық қамтамасыз ету бөлімдері, сондай ақ жоғары оқу орындары кіретінін нақтылады.

«Біздің басты міндетіміз – еліміздің әуе шекарасын күзету және қорғау, мемлекеттік, әкімшілік және әскери нысандарды әуе шабуылынан қорғау. Сонымен қатар, бізге, Қарулы Күштердің басқа түрлері мен Қарулы Күштердің бөлімшелерін әуеден қамтамасыз ету, арнайы және антитеррорлық операцияларға қатысу бойынша жауынгерлік тапсырмаларды орындау жүктелген», - деп атап өтті генерал-майор.

Міне, ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштері – әрдайым жауынгерлік дайындықтағы әскер ретінде, жауынгерлік дайындығы мен жауынгерлік кезекшілікте жеткен жетістіктерін насихаттау арқылы жастарымызды армия қатарына дайындау, және патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан 2023жыл 01 қыркүйек.
2. Н.Назарбаев «Сындарлы он жыл»- 2003жыл.
3. Дүйсенбаев, А.Қ. Тәрбие теориясы мен әдістемесі [Электрондық ресурс]: Оқулық /А.Қ. Дүйсенбаев, 2015. - 213 МБ. <http://e-lib.dulaty.kz/viewer/?doc=3106156>
4. Мемлекеттік-дайындық құқықтары оқу әдістемелік құралы – 2009жыл.
5. Жалпы тактика. Ұрыста жауынгердің іс-қимылы және ұрысты ұйымдастырубойынша бөлімше мен взвод командирінің атқаратын жұмысы [Мәтін]: оқу құралы/ О.В. Ажимов, О.Ю. Скоков, К.Е. Суондииков және т.б. Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 70 б.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
7. Алғашқы әскери дайындық: Оқулық. 10-11 сынып. Авторлары: К.Аманжолов, А.Тасболатов, Д.Майхиев, Б.Аманжолова.-Алматы «Мектеп баспасы». 2015
8. Бекбосунов А.Қ. Әскери патриоттық тәрбие негіздері [Мәтін]: Оқу құралы /А.Қ.Бекбосунов, А.Қ. Демеев, Н.А. Бектаев. - Алматы : Эверо, 2016. - 112б. - ISBN 978-601- 310-374-7

ӘОЖ 378.14

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

*Карасаева Акмарал Шапагатовна,
Б.Момышұлы атындағы №46 ЖОББМ,
Куанаева Рысханым Сагынбаевна,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «БҚО бойынша Кәсіби даму институты» филиалы
педагогика және пәндік әдістер кафедрасының аға оқытушысы, г.г.м.
БҚО, Орал қ.*

Аннотация: Бұл мақалада білім беру трендтері, соның ішінде 4 к моделі мен икемді дағдылар туралы баяндалады. Сонымен қатар оқушылардың бойында дағды қалыптастырудың жолдары мен инновациялық әдіс-тәсілдер қарастырылған. Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдеріне арналған тапсырмалар, тілдік дағдылар туралы жалпы түсініктемелер берілген. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларының түрлері, қолдануға болатын әдіс-тәсілдер көрсетілді. Оқушылар төрт дағдыға байланысты тапсырмаларды орындай отырып, танымдық көкжиегін кеңейтіп, ұлттық тәрбие үлгісін бойына сіңіреді, коммуникативті дағдыларды басымылыққа алып, функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік алады. Тіл мәдениеті жетілген құзыретті тұлға қалыптастыруға қызмет етеді. Оқушылар тапсырмаларды жан-жақты талдап, ізденіс жұмыстарымен де айналысады.

Кілт сөздер: *Soft Skills, Hard Skills, 4K жүйесі, айтылым, оқылым, жазылым, (Scanning), Экстенсивті оқылым, Интенсивті оқылым, үйлесімділік пен жүйелілік.*

«Бірге жиналу – бұл бастама,
Бірге қалу – бұл алға жылжу»

Ал бірге ұмтылу – бұл жетістік» деп, Генри Форд дегендей, білім беру жүйесіндегі инновациялар оқушылардың қажеттіліктеріне неғұрлым тиімді, қолжетімді және бейімделген білім беру бағдарламаларын құруда маңызды рөл атқарады. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының оқушылар санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі – еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім.

Ендеше білім беру сапасын бағалау жүйелерін жетілдірудің басым бағыттарына тиімді платформаларды дайындап, жандандырып алған дұрыс деп есептейміз. Теорияға тоқталсақ, 2016 жылы бүкіләлемдік экономикалық форум президенті Давос Клаус Шваб төртінші технологиялық революция басталды деп жариялаған болатын. 2020 жылға қарай әр жұмысшы төмендегілерді білу тиіс деп көрсеткен болатын. 2015жылы 4 және 10 орында болған тұлғаның сыни ойлау мен шығармашылық дағдылары 2020жылға қарай, ең қажетті үштіктің санына енеді. Бұл икемділіктерді Soft Skills (икеменді дағдылар, кәсіби құзыреттілік), ал оған Hard Skills – «қатаң» кәсіби дағдылар деп атау шешілген екен. Елімізде білім беру

саласының мамандары Давостың алғашқы ондығын төрт заңды жүйесіне қысқартты, сосын оған «4К» жүйесі» деген атау берді.

Сыни ойлау – зияткерлік, топта пікірталасты өткізу, коммуникативтілік – өз идеясын жүзеге асыруға көмектесу, командамен жұмыс – балалармен бірлескен жұмыс үшін жасалған өзара әрекет, дағдыларды шынықтырады, креативтілік – баланы өзін еркін бос ұстауға, қарым-қатынас жасауға, сәтсіздік туғанда қорықпауға үйретеді. Сабақ беру процесінде оқушыны сын тұрғысынан дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта осындай әртүрлі сипаттағы сұрақтарды қою үшін оқушыны оған үйретіп қана қоймай, сонымен бірге сол ортаны жасау қажет. Мысалы: «Интервью», «Сұрақтар шеңбері» әдісін қолдануға болады. Шеңбер ішінде отырған оқушы өлең жолдарын оқиды не қойылған сұрақтарға жауап береді, мазмұнын талдайды, т.б. Бұл әдіс айтылым, тыңдалым дағдысын қалыптастырады. Жан-жақты жауаптарды талап ететін сұрақтар қою арқылы оқушының жауабын сынамай, қарсыласпай, өз пікірін айтуға мүмкіндік беру керек деп ойлаймыз. Сабағымызда үнемі сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістерін қолданып отырамыз. Әсіресе Блум таксономиясының 6 бағыты оқушының танымдық, зияткерлік қабілеттерімен қоса, сыни ойлау, қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіретіні сөзсіз.

Қазіргі заманғы көптеген жаңа тәсілдер ақпараттық-үдерістік модельге негізделеді. Левелт (1989) төрт үдерісті ұсынған болатын. Оқу мақсаты барлық төрт үдерістің болуын көздейді. Айтылым дегеніміз не? Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады, яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Мысалы: айтылымды сыныпта қолдану. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігін олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Айтылым – оқушының сөйлеу дағдысын, сөздік қорын дамытады. Мысалы: интонация, флуенттілік, сөздерді қолдана білу, т.б. Бастапқы уақыттарда айтылым дағдыларының көп бөлігін жаттықтыру барысында бақылауға алынған практика әдісі қолданылады. Ол жаттығуларға сөздерді дауыстап айту, қайталау және сөздерді жаттап айту (есте сақтау) сияқты әдістер жатады. Бұл оқушыларға сөздерді, олардың дыбысталуын, грамматиканы айтылым барысында сауатты қолдануға көмегін тигізеді. Сонымен қатар қолданып тұрған сөздерінің дұрыс екенін білу оларға сенім ұялатады. Бұл әдістен басқа жартылай бақылауға алынған практика және еркін практика сияқты әдістер бар. Мен сабақтарымда «Бір мезетте сөйлеу» (тиімсіз тыңдалымның зиянын ұғындыру мақсатында), «Жылдам дебат» (бір сызықтың бойымен тұрып, «қарсымын», «қолдаймын» деп екі жақты пікірталастырады) «Ресми дебат» (ойын барысында қорытынды анализ жасайды, өздері ұсынған механизмдердің ұтымды тұстарын айтады) секілді әдістерді қолданып жүрмін. Сонымен қатар «Интернет клуб операторы», «ТВ шоу» секілді рөлдік ойындар ойнатудың да маңызы зор. 5-сынып оқушыларына айтылым дағдысы бойынша төмендегідей тапсырма беруге болады.

Менің бос уақытым

Тілдік деңгейі	*
Тілдік мақсат	Нақ осы шақ, қалып етістіктері
Дағды	Айтылым
Ойлау әрекеті	Анықтау және есте сақтау
Оқыту әдісі	Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету
Қарым-қатынас түрі	Үлкен сыныптарға сай шағын топ жұмысы

Жүргізілу барысы

1. Сыныпты үш-үштен топқа бөліңіз. Әр топ бос уақытында айналысатын іс-әрекеттер туралы талқылай отырып, әр оқушы хобби түрлері ішінен үшеуін таңдап алуы қажет.

2. Әр топтан бір оқушыдан шығып, бос уақытында айналысатын хоббиді қимыл, мимикамен көрсетеді. «Мен не істеп жатырмын?» деп сұрақояды, ал оқушылар оның қандай хобби екенін табады.

3. Оқушылар хоббидің немесе іс-әрекеттің қай түрі екен анықтай отырып, қалып етістіктерді нақ осы шақта дұрыс қолдана білуі керек. Оқушылар қимылмен көрсетіп жатқанда, әрбір топты аралап, қалып етістіктерді дұрыс қолдануына назар аударыңыз.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Сонымен қатар мәтінде берілген ақпараттарды түсіну үшін ғалам туралы білімімізді қолданамыз. Оқылымның ішкі дағдылары: мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (Scanning) – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу. Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды

түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз. Сөз мағынасын контекстен ажырату - мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару. Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім. Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б. Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу. Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат – оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Оқылым дағдыларын сыныпта қолдану • Егерде оқушы жоғарыда аталған дағдыларды (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) өз ана тілінде меңгерген болса, онда оқушыға ол дағдыларды екінші тілде қолдану оңайға түседі. Оларды екінші тілде қалыптастыру көп жағдайларда қиынға түседі. Сол себепті төрт тілдік дағдыны әуелі ана тілінде қалыптастырған дұрыс. • Мәтінді түсіну үшін оқушыларға өз білімдерін пайдаландыру мақсатында сабақтың кіріспе бөлімінде жаттығулар ұйымдастыруға болады. Жаттығулар мәтіндегі суретпен немесе тақырып мазмұнын болжаумен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар миға шабуыл жаттығуын да қолдануға болады, яғни тақырыпқа байланысты идеялар, сөздер немесе оқушылардың тәжірибесін тақтаға жазу, кейін оқып болған соң салыстыру. • Сонымен қатар мәтін оқушылардың жасына, тілдік деңгейіне сай дұрыс таңдалуы қажет. Мазмұны қызықты етіп алынған мәтін оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер мәтіндегі сөйлем құрылысы тым күрделі болса, онда ол оқушыларға түсінуге тым қиын болуы мүмкін. • Оқылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей: Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. Оқылым дағдысын жетілдіретін (кейбір оқушы ойын жазбаша жеткізгенді ұнатады).

Жазылым дағдысы. Жазылым дағдысына тән ерекшеліктер: ойлау негізінде жүзеге асады-ойлау процесі арқылы жинақтау, талдау-мазмұн мен құрылымды үйлестіру жүргізіледі стильдік ерекшелік ескеріледі – тілдік нормаға сәйкестігі. Жазылымның: нанымды (эссе, комментарий, жарнама, ашық хат); дербес (өмірбаян, күнделік, монолог); ақпараттық (ақпарат көздерін негізге алу); шығармашылық (әңгіме, өлең, т.б.) түрлерін қолдану арқылы да оқушылардың дағдысын арттыра аламыз. «Сауаттылық ашатын хаттар» әдісі, «Тақырып таңдау», «РАФТ», «Қабырғаға қарап оқу», «Нобайын жазу» сияқты әдістерді қолдану арқылы жазылым дағдысынан айтылым дағдысына біртіндеп көшіре аламыз. Жазылымда қарастырылатын тағы да бір екі аспект- үйлесімділік пен жүйелілік. Үйлесімділік дегеніміз сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің логикалық үйлесімде болуы. Ал үйлесімділік құралдарына үстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктер (ол, сол, бұл); шылаулар (дегенмен, әйткенмен, себебі), т.б. жатқыза аламыз. Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы. Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады: 1. Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр). 2. Ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау. 3. Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру. 4. Түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру). 5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу). 6. Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу. Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым. Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым мәтіні, оның мазмұны, лексикасы, стилі және құрылымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді. Ал егер де мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесс жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге, соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастырту. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалайды, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал тұстары туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Тағамдар


Тамақтану диаграммасын сипаттау

Тілдік деңгейі	*
Тілдік мақсат	<i>Салыстырмалы және күшейтпелі шырай, диаграмманы сипаттау.</i>
Дағды	<i>Жазылым</i>
Ойлау әрекеті	<i>Талдау</i>
Оқыту әдісі	<i>Шығармашылыққа ынталандыру – қателерді қабылдау</i>
Қарым-қатынас түрі	<i>Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс</i>
Дайындық	<i>39-кестедегі диаграмма мен сөйлем үлгілерін тақтаға жазып қою қажет.</i>

Жүргізілу барысы

1. Оқушыларға 39-кестедегі диаграмма беріледі. Оқушылар *Арман, Анар және Дәуреннің* бір күнгі тамақтану ерекшелігін анықтайды.
2. Оқушылар жұпта диаграммадағы ақпаратты зерттейді, салыстырады. Сыныптастарымен ауызша ой бөліседі. Тақтада көрсетілген сөйлем үлгілерін қолдана алады.
3. Оқушыларға түсінікті болу үшін мұғалім олармен бірлесе отырып, ауызша сөйлем құрастырып көреді. Мысалы, *бұл диаграммада үш оқушының бір күннің ішінде тамақтың қай түрлерін қолданатыны көрсетілген. Арман Анарға қарағанда жемістер, көкөністермен көбірек тамақтанады.*
4. Талқылап болған соң, оқушылар жұпта диаграммадағы ақпарат бойынша мәтін құрастырады.
5. Оқушылар бірінші абзацта диаграмма туралы жалпы мәлімет жазады. Екінші және үшінші абзацтарда ұсынылған мәліметтерді салыстырып, талдап жазады.

35- кесте. Бір күнгі тамақтану диаграммасы



Үлгі сөйлемдер:

Анар мен Арман етті тағамдарды өзге тамақ түрлеріне қарағанда аз қолданады. Ал Дәурен өз құрбыларымен салыстырғанда етті тағамдарды көбіректейтін болып шықты.

Тамақтану пирамидасы

Тілдік деңгейі	*
Тілдік мақсат	<i>Диаграмма құрастыру, тамақ түрлерінің атаулары</i>
Дағды	<i>Детальді тыңдалым, дұрыс жазу</i>
Ойлау әрекеті	<i>Ақпаратты сұрыптау</i>
Оқыту әдісі	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету</i>
Қарым-қатынас түрі	<i>Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс</i>
Дайындық	<i>Тақтаға тамақ пирамидасын сызыңыз. 40-кестені қараңыз.</i>

Жүргізілу барысы

1. Оқушыларды тамақтану пирамидасымен және оның әр бөлігінде орналасқан тамақ түрлерімен таныстырыңыз. Кейбір тамақ түрлеріне мысалдар беруге болады.
2. Оқушылар тамақтану пирамидасын көшіріп жазып алады және тамақ түрлерін жазуға бос орындар қалдырады.
3. 40-кестедегі әр категория бойынша тамақ түрлерін бір-бірден араластырып оқисыз. Ал

оқушылар оқылған сөздерді тамақ категориясы бойынша пирамида бөліктеріне жазады.

4. Тапсырманы аяқтаған соң оқушылар бір-бірінің жауаптарын тексереді.

35-кесте. Диаграмма: тамақтану пирамидасы

Тамақтану пирамидасы	Тамақ түрлері мен категориялары
<p>Тәтті тағамдар</p> <p>Сүт, ет өнімдері, жұмыртқа</p> <p>Жеміс және көкөністер</p> <p>Дәнді дақыл өнімдері</p>	<p>Тәтті тағамдар: Печенье, бәліш, шоколад, джем, лимонад, кәмпит. Сүт, ет өнімдері, жұмыртқа: Май, ірімшік, тауық, балық, сүт, шұжық, жұмыртқа. Жеміс және көкөністер: Алма, банан, сәбіз, лимон, манго, пияз, апельсин, бұршақ, алмұрт, ананас, картоп, қызанақ, қарбыз, қырыққабат. Дәнді дақыл өнімдері: Нан, ұн, паста, күріш, астық, тары.</p>

Қосымша

- Оқушылар тамақтану диетасына байланысты немесе өз қалауы бойынша тамақтану пирамидасын құрастыра алады.
- Кестеде көрсетілген тамақ түрлерінің қатарын толықтыруға болады.
- Сонымен қатар пирамидада көрсетілген тағамдардың адам ағзасына пайдасы жөнінде оқушылармен зерттеу жүргізуге болады және өздері ең пайдалы, дұрыс деп санайтын тамақтану пирамидасын жасай алады. Тамақтану пирамидасын қолдана отырып, оқушыларға тағамға байланысты жаңа сөздер үйретуге болады.

А. Байтұрсынұлы білім беруде оқыту әдістеріне ерекше мән беру керектігін айтқан болатын. Әдіс-керекшіліктен шығатын нәрсе. Ж. Аймауытовтың мына пікірмен қорытсам: «...Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бұл-мағынасыз әдеттендіру. Сөз, сөйлем, әңгіме дегеніміз – жазушы не ауызша кісінің өзі айтқан ойы, ақылымыздағы жасырын ой» Біреудің ойын ұқпай, өз ойын айта білмей, ешбір білім табуы мүмкін емес. Ендеше, ойға төселмеген жас баланың тіл ережелерін дағдыландыру, машықтандыру жұмыстарын ұғуы да қиын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің оқу бағдарламасы. 2019-2020 оқу жылы
2. А. Құлмағанбетова. «Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары» әдістемелік оқу құрал. Астана, 2014. 5-20 б.б.
3. Ұлан. №9, 2016.
4. К. Ермекова, С. Қадыр «Танымгер» 2-деңгей, Алматы «Мектеп баспасы», 2011
5. Сужикова А.Ү., Лекерова Ф. С., Солтангазина М.К. «Менің алғашқы энциклопедиям.» Алматы кітап- 2012 ж
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж, 2017ж
7. С. Мирсеитова «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» 2011ж
8. А.Ш. Карасаева «6-7 сыныптарға арналған тілдік дағды бойынша тапсырмалар жинағы» 2019ж (әдістемелік көмекші құрал)

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН САПАЛЫ МЕНГЕРТУДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ

*Карткужакова Мирагул Урынбековна,
Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі БББ магистранты
М. Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада қазақ тілін саналы жүргізуде жаттығулардың маңызы айтылады. Жаттығулардың білім сапасын арттырудағы әдістемелік бағыттары сөз болады. Жаттығулар жүйесі грамматиканы оқыту барысында нәтижелі болуы оқушының теориялық ойлауы мен тілін дамытуға негізделуі керектігі айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамытуда тапсырма, жаттығулар жұмысының мәні қарастырылады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, жаттығу, грамматика, сана, бастауыш мектеп, білім бағдарламасы, сөйлеу әрекеті.

Оқыту әдістемесінде жаттығулар жүйесі ең маңызды орын алады. Себебі тілді меңгертудегі жаттығулар жүйесі – теориялық тілдік білімді практика жүзінде бекіту, ойды жүйелі жеткізу, жағымды қарым-қатынас орнату, тілді меңгеруде тиімді нәтижеге жету, ой қабілетін дамытуда және т.б. таптырмас құрал. Жаттығу дегеніміз – тілдік материалдарды байланыстырушы және оқытудың алға қойған мақсаттарын жүзеге асырушы нысан. Басқаша айтсақ, жаттығулар тек тілдік материалдарды меңгерту құралы ғана емес, сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) игеру құралы да болып табылады. «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында пәнді оқыту мақсаты «... оқушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгертуге және оны күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік жасау» [1] деп көрсетілген.

Қазіргі бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамыту жұмыстарында бірқатар олқылықтар бар екені байқалады. Демек, оқушының алған білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алуға мүмкіндік беретін сөйлеу дағдыларын дамыту – қазіргі бастауыш білім берудегі негізгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр деуге болады. Бастауыш сынып оқушыларына арналған жаттығулар туралы профессор С. Рахметова былай дейді: «Балалардың тілі дамыған сайын мұғалімнің жетекшілігі азайып, жаттығуларды балалар өз бетімен орындайды. Алғашында мұғалім балаларға бақылау үлгісі көрсетіп, ойын жетектеп, тиісті сөздерді ауыздарына салып, басшылық етеді. Жаттығу балалардың ойын дамытатындай болуы тиіс» [2].

Н.Ж. Құрманова тілдік тапсырмалар туралы былай дейді: «Жаттығулар оқушының білім меңгеруі барысында маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды. Осындай маңызды қызметі бар жаттығу оқушының теориялық» білім алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін, оларды тиімділікпен жасау, нәтижелі орындау шарттарын ғылыми негізде анықтау керек [3].

Егер жасалған жаттығулар жүйесі тіл бірлігін дамыта оқыту барысында тиімді және оң нәтижелі болсын десек, онда жаттығулардың оқушының теориялық ойлауы мен тілін дамытуға үлесін қосуына саналы түрде бет бұруымыз керек. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамытуда тапсырма, жаттығулар жұмысының мәні зор. Оқушылар грамматикалық материалды оқулық пен бағдарламаға сай білгендерімен (терминдерді меңгереді, анықтамаларды индуктивтік жолмен есте қалдырады), жаттығу жұмыстары жүргізілмесе, ол ұзаққа бармайды, ұмытылып қалады.

Тақырып түсіндірілгеннен кейін жаттығу, тапсырма жұмыстары орындалады. Жаттығу нәтижесінде оқушылар алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады:

Біріншіден, оқушының білімін нақтылайды, әрі нығайтады.

Екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой қабілетін арттырады. Шәкірттердің алған білімдерін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларды мынадай талаптар қамтылуы тиіс:

1. Белгілі бір жаттығуларды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуларды орындай алатындай білімі болуы шарт.

2. Жаттығу оқушының тілге қызығуын, ынтасын арттыруы тиіс.

3. Жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен келуі, ұсынылуы керек.

4. Өз беттерінше жұмыс істеуге дағдыландыру.

5. Шығармашылықты талап ететін жаттығулар көбірек болуы керек [3].

Тапсырмалар арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Берілген тапсырмаларды орындау негізінде оқушылардың оқыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасады, дамытылады. Бұл жаттығулар оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруға мүмкіндік береді. Білім алушының өзін көрсетуіне, жолдасының пікірін ескеруіне, қарым-қатынас жасауына, стандартты емес жағдайда өз білімін қолдана білуіне ықпал етеді. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың өз бетімен стандартты емес, шығармашылық тапсырмалардың қабілеттерін қалыптастыруды, жаңа амал-тәсілдерді практикалық бағыттағы тапсырмаларды орындауды көздейді.

Оқулықта берілген жаттығулар, тапсырмалар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығулар жүйесін түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына жіктей келе, Н.Ж. Құрманова жаттығуларды негізінен «тілдік» және «сөйлеу» жаттығулары деп топтастырады және жаттығулардың қазіргі кезде 30 шақты түрі бар дейді [3].

Грамматикалық жаттығулар, оқушылардың қандай тілдік материалмен жұмыс жасауына қарай, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық болып бөлінеді. Фонетикалық

жаттығулардың міндеті – балалардың айтылған буындар мен дыбыстарды жақсы айыра алуын және оларды балалар дұрыс, анық, айтып берулерін қамтамасыз ету. Фонетикалық жаттығулар арқылы кейбір балалардың тілін тістеп сөйлеу, сақауланып сөйлеу, қайсыбір дыбысты қалдырып кетіп сөйлеу немесе "с" мен "ш", "р" мен "л", "ж" мен "з" сияқты дыбыстарды шатастырып айту кемшіліктері жойылады.

Морфологиялық жаттығулардың мақсаты – ана тілінің морфологиялық құрылысын оқушыларға саналы түрде меңгерту. Мазмұны жағынан морфологиялық жаттығулар екі түрлі болады: 1) сөз түлғасын оқу барысындағы жаттығулар, 2) сөз таптарын оқу барысындағы жаттығулар. Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар: 1) мәтіннен керекті сөздерді тапқызу, 2) керекті сөздерді қосып, өздіктерінен сөйлемдер немесе әңгіме құрастыру, 3) сөздің мағынасын түсініп, сөйлемдегі қызметін байқату.

Жаттығу, тапсырмалар арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері қалыптасып, ақыл-ой қызметінің белсенділігі дамытылады. Жаттығулар оқушының білім меңгеруі үдерісінде маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды. Осындай маңызды қызметі бар жаттығу оқушының теориялық білім алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін, оларды тиімділікпен жасау, нәтижелі орындау шарттарын ғылыми негізде анықтау керек.

Сонымен бірге, әсіресе, берілген бағдарламадағы тақырыптардың мазмұнының ашылу логикасына терең мән бере қарауы тиіс. Тақырыптардың мазмұны көп жағдайда, дәстүрлі оқытудағыдай параграфтың мазмұнында мәтін арқылы беріле салмайды.

Оқушы орындайтын грамматикалық-тілдік жаттығулардан кейбір үлгілер көрсетейік.

1-жаттығу. Төменде берілген сөздердің мағыналарын түсіндірме сөздікті қолдана отырып анықта, дәптеріңе жаз.

Үй, бала, ағаш, көше, білім, ұзын, үлкен, көк, жақсы, жүгір, отыр.

2-жаттығу. 1-жаттығуда берілген сөздерді мағыналарына тағы бір назар салып, олардың ішінде өзара ортақ белгілері бар сөздер бар не жоқ екендігін анықтаңдар. Егер бірнеше сөздің ортақ бір ұқсас мағынасы бар деп ойласаңдар, онда соларды топ-топқа бөліп дәптерге жазыңдар.

Үй, бала, ағаш, көше, білім, ұзын, үлкен, көк, жақсы, жүгір, отыр.

3-жаттығу. 1-жаттығудағы сөздердің біреуне көптік, біріне септік, тағы біріне тәуелдік, басқасына жіктік жалғауларын жалғап, одан соң жалғауларға қарай отырып тағы да бір топтаңдар.

Үй, бала, ағаш, көше, білім, ұзын, үлкен, көк, жақсы, жүгір, отыр.

Осы жаттығулардан кейін мұғалім оқушыларға мынадай сұрақ қояды:

- Балалар, назар аударыңдар. Неліктен барлық сөздерге бірдей барлық жалғаулар жалғанбайды? Бұл неге байланысты деп ойлайсыңдар?

Әрине, оқушылардың жауабы біркелкі болмайды. Бірақ, ең негізгісі, мұғалім дамыта оқыту технологиясы сабағындағы яғни «Бағдарлау-мотивациялық кезеңді» дұрыс ұйымдастырып, оқушыларды бұрын мүлде естімеген құбылысты шешуге проблемалық ситуацияға алып келді.

Мұғалім оқушыларға алдында берілген сөздердің лексикалық мағыналары жағынан өзара еш жақындығы болмағанымен, жалғаулар жалғануы жағынан олар енді жекелеп емес, топтап бөліне бастағанына міндетті түрде назар аудартады.

Қазақ тілі оқулығындағы жаттығуларға талдау жасау барысында грамматикалық жаттығулар түрлендіріліп, ребус, сөзжұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, сурет бойынша беріліп, оқушылардың танымдық, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін дамыта отырып, грамматикалық ұғымдарды саналы түрде меңгеруге бағытталады.

Жаттығу жұмыстары қазақ тілі пәнінен жинақтаған теориялық білімді игеруде, бекітуде, дұрыс жазу емлесі мен дұрыс сөйлеу өлшемдерін қалыптастыруда, оқушылардың тілін ұстарту, байланыстырып сөйлеуге үйретуде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен зерттеу жұмыстары барысында қол жеткен нәтижелер бойынша қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады:

1. Жаттығу жұмыстарын түрлендіріп жүргізу – сауатты жазуға, ал сауатты жазу – сапалы білім алуға жетелейді.

2. Қазақ тілі пәнінен сөйлеу әрекетін дамытуға ықпал ететін жаттығулар – білімді берік меңгерудің негізі.

3. Сауатты жаза білу – орфографиядан берілетін білімнің қорытынды нәтижесі, орфографиялық дағдыны тексеру құралы

4. Жаттығу жұмыстары оқушылардың емлесілік сауаттылығын арттырып қана қоймай, оқушылардың психологиялық таным үдерістері мен шығармашылық қабілеттерін дамытады, түптеп келгенде, функционалдық сауаттылығын қалыптастырады.

5. Жаттығу жұмыстары – оқушы мен мұғалім жұмысының негізгі көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі оқу бағдарламасы. (2 - 4 сынып) – Астана, 2015.
2. Рахметова С. Бастауышта қазақ тілін оқытудың технологиясы. – Алматы, 2007.
3. Құрманова Н.Ж. Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. – Ақтөбе, 1999.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАР МЕН СТРАТЕГИЯЛАР

*Кенжебаева Галия Закарияевна,
Мичурин «мектеп-бөбекжай-балабақша-кешенінің»,
орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Бәйтерек ауданы, БҚО*

Аннотация: Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқытудың келесі ерекшелігі, яғни тілді төрт дағды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) арқылы меңгерту – кез келген тілді үйретудің тиімді жолдары. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Кез келген сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Өз сабымда сөйлеу әрекетінің төрт дағдысын меңгеруді қалай жүзеге асырып жүргенім туралы бір сабақ үлгісі туралы ой бөлісуді ұйғардым.

Кілт сөздер: Тілдік дағдылар, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, әдіс-тәсілдер, қазақ тілі, әдебиет, талдау, пікір алмасу.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің пәндік білім саласында, инклюзивті оқу ортасын құру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге қалай ықпал етуге болады? .

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқытудың басты ерекшеліктерінің бірі – тілді білу деңгейлерін ескеру. Көптеген ғалымдар екінші тілді сөйлеу әрекетінің төрт дағдысы арқылы меңгерту, өте дұрыс шешім екендігін дәлелдеп келеді. Себебі оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Ал бұл – оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқытудың келесі ерекшелігі, яғни тілді төрт дағды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) арқылы меңгерту – кез келген тілді үйретудің тиімді жолдары. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Кез келген сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Өз сабымда сөйлеу әрекетінің төрт дағдысын меңгеруді қалай жүзеге асырып жүргенім туралы бір сабақ үлгісіне толғым келіп отыр.

Бөлім атауы: Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

Сабақтың тақырыбы: Пәтер жалдасаң.

Оқу мақсаттары бағдарламаның ұзақ мерзімді жоспарында көрсетілген «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі бөліміне сәйкес алынды:

11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру.

11.2.5.1. көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу.

Оқу мақсатына сәйкес сабақ мақсаты жазылды. Оқу мақсатын жүзеге асыра отырып, менің оқушыларым сабақ процесінде мына әрекеттерді жүзеге асырады:

Оқыған мәтін мазмұны бойынша оқиға желісін «Уақыт тізбегі» әдісі арқылы, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлейді.

«9 Ромб», «SWOT» талдау, «Венн диаграммасы» әдістері арқылы шығарма мазмұнын талдап, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады.

Ерекше білім беру қажеттігі бар оқушы: Оқыған мәтіннің мазмұнын түсініп, оқиға желісін «Уақыт тізбегі» әдісі арқылы, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлейді.

«Венн диаграммасы» әдісін қолдану арқылы әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады

Оқу мақсатына сәйкес, ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары ойлау дағдылары (талдау, жинақтау, бағалау).

Сабақ мақсаты SMART форматында, ойлау дағдысы деңгейлеріне сәйкес тұжырымдалды. Сабақ барысында оқу мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту әдістері қолданылды. Бұл әдістер оқушыларды жеке немесе ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес жұптық, жеке п жұмыс түрлерін жүргізу арқылы барлық білім алушыларды оқу процесіне тартуға ықпал етеді.

1-тапсырма. «Ойлан. Жұптас. Бөліс.» әдісі арқылы оқылым алды тапсырмалары орындалады, бұл тапсырмада тізімнен пәтер берушілердің пәтер жалдаушыларға қоюы мүмкін талаптарды анықтап, қалған талаптарды таңдамауының себебін түсіндіреді.

Бұл тапсырманы орындау нәтижесінде оқушы ақпаратты анықтау және табу дағдысы қалыптасып, қарым-қатынасқа түсу қабілеттілігі, ынтымақтастық, топта жұмыс жасау күзiреттілігі қалыптасады.

Графикалық органайзер-сөздер тұжырымдамалық картасы әдісі» арқылы жұмыстанады. Осы әдіс арқылы оқушылар сөздердің мағынасын анықтап, синоним, антонимдерін тауып, сөйлемдер құрастыру арқылы оқушылардың ақпаратты табу және анықтау дағдылары қалыптасады.

Келесі тапсырма, мәтіннен жоғарыда орындаған тапсырмадағы өздері таңдаған пәтер берушілердің пәтер жалдаушыларға қоюы мүмкін талаптардың қайсысы мәтінде кездесетінін айтады.

Сабақ жоспарын жасағанда басты назарда ұстайтыным – барлық білім алушыларды оқу процесіне тарту болғандықтан, бұл сабақта да сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыға сабақтың мақсатына жету үшін тапсырмаларды қарапайым түрде беру көзделген.

Тапсырмаларым оқушылардың жеке және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жалпы сыныпта отырған барлық оқушыларға оқудың қол жетімділігін қамтамасыз етуді мақсат ететін оқытудың әмбебап дизайны тәсілдемесіне сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қарапайым сынып жағдайында оқуға тарту басты міндетім.

Сондықтан бұл сабақта ЕБҚ яғни сөйлеу тілінде кедергілер мен қиындықтар бар оқушының тапсырманы жазбаша орындауды қалайтыны қажеттілігіне байланысты сұрақтарға жауапты жазбаша беруіне мүмкіндік беріледі.

Бұл әдіс балаға не береді, бала бойында қандай күзiреттілік қалыптасады? Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ақпаратты анықтау және табу дағдысы қалыптасады, оқыған шығарманың идеясын, көтерген мәселесін анықтай білу күзiреттіліктері дамиды.

III. Оқылымнан кейінгі кезең. Келесі тапсырма топтық жұмысқа негізделген.

1-топ. «Уақыт тізбегі» әдісі арқылы бұл тапсырманы орындауда мәтін мазмұны бойынша тірек сөздерді кестеге түсіріп, оқиға мазмұнын өз сөздерімен баяндау, қойылған қосымша сұрақтарға жауап беру арқылы оқудың хабарламаны кіріктіру және интерпретация жасау дағдысы қалыптасады.

ЕБҚ оқушы: бірлескен оқуға негізделген оқыту мен оқу әдістерін қолдана отырып топпен бірлесіп жұмыстанады. 2.3-ресурс. СДО

2-топ. «9-Ромб» әдісі арқылы тапсырмаға сәйкес білім алушы өз іс-әрекеттерін маңыздылығына қарай орналастырып, талқылап, өз көзқарастарын дәлелдеу арқылы хабарламаны кіріктіру және интерпретациялау дағдылары қалыптасып, қоғамда басқа адамдардың көзқарасын ескере отырып іс-әрекет ете білу күзiреттілігі дамиды.

3-топ. «Қазіргі қоғамдағы пәтер мәселесі» тақырыбына «SWOT» талдау жасай отырып ішкі және сыртқы факторларды анықтау, салыстыру арқылы оқудың хабарламаны түсіну және бағалау дағдысы, мәселелердің шешу жолдарын табу, тез шешім қабылдай білу, сыни ойлау күзiреттіліктері дамиды.

Бұл әдістерді орындау барысында оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асатын оқыту мақсатым 11.2.5.1. көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік(вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу.

Жеке жұмыс. «Венн диаграммасы» әдісі арқылы шығарманы әлем әдебиеті үлгісімен салыстыру.

Үй тапсырмасы ретінде оқушыларға ғаламтордан Антон Павлович Чеховтың «Жуан мен жіңішке» немесе Фёдор Михайлович Достоевский «Қылмыс пен жаза» шығармалары мазмұнының қысқаша сипаттамасын тауып оқып келу берілді.

Тапсырма:

Аталған шығармалардың бірін Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесімен «Венн диаграммасында» салыстырып, талдайды және әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді.

ЕБҚ. Сөйлеу тілінде қиындығы бар оқушының қажеттілігі ескеріліп, тапсырманы жазбаша орындайды.

Бұл әдіс арқылы яғни екі шығарманың идеясы мен оқиға желісіне салыстырмалы талдау жасау арқылы хабарламаны біріктіру және интерпретациялау дағдылары қалыптасады. Қоғамда әділетті қарым-қатынас жасау, еңбек етуге ұмтылу күзiреттіліктері дамиды.

Бұл тапсырманы орындау нәтижесінде оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асатын оқыту мақсатым: 11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруда неге басты назар аударуымыз керек?

Біріншіден, сабақ мақсаттарын смарт форматында құру;

екіншіден, сабақта берілетін тапсырмаларды бағалау критерийлеріне және сөйлеу дағдыларын дамыту деңгейіне сәйкес құрастыру;

үшіншіден, сабақ процесінде жүргізілетін тапсырма білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытудың қай деңгейіне сәйкес екенін ажыратуды үйрену;

төртіншіден, тапсырмаларды әзірлеуде білім алушылардың жеке және ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеріп, барлық оқушыны оқу үдерісіне тартатындай етіп сабақ жоспарын жасау басты міндетіміз екенін түсінуіміз маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тыңдаушыға арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2022 жыл.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті оқулығы. Көкжиек-Горизонт баспасы 2017жыл (28-29-беттер)
3. «Оқу сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар» (9-11 сыныптарға арналған) (22.03.2022ж, Хаттама №3), мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құрал.

ӘӨЖ: 373.3(043.3)

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Кожсахметова Нургуль Нурмухановна,
магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

***Аннотация:** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру жолдары берілген. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекет субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.*

***Кілт сөздер:** бастауыш сынып, оқушы, сыныптан тыс жұмыстар, шығармашылық, ой, сана, зейін, ынта, қабілет, оқушы,*

XXI ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуіне байланысты күрделі тапсырмаларды шешуге қабілетті, өнімді ойлау мен белсенді қиялдауға бейім шығармашыл тұлға дамыту талабы өсе түсуде. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, әрбір адам бұл өзгерістерді дұрыс қабылдап, тиісінше, өз шығармашылық әлеуетін үнемі белсендіріп отыруы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған рөлі атап көрсетілсе, осы Заңның 41-бабында: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауға міндетті» делінген [1].

Ұзақ жылдар бойы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту проблемасы түрлі ғылым салалары – философия, педагогика, психология, лингвистика т.б. өкілдерінің назарын аударып келеді. Бұл қазіргі қоғамның жаңа проблемаларды қоя білетін, сапалы шешімдер қабылдауға қабілетті, игерген білімін үнемі іске асыруға ұмтылатын белсенді тұлғаларға мұқтаждығының күн санап өсуіне байланысты. Себебі бүгінгі күні талант пен шығармашылық дарындылық – экономикалық өркендеу кепілі.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, оқушылардың жеке басының шығармашылық жақтарына терең үңіле бермейміз.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекет субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жүйесінен дағдарыс кезеңдерін көруге болады. Мұның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі немесе мектеп өмірін басқаша ұйымдастыру емес. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Бастауыш сынып оқушыларында әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық

қабілетті) ұрпақты тәрбиелеп оқыту педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз. Әрбір жеке адамның шығармашылық қабілетінің дамуының жоғары жетістігі тек сол адамның ғана жеке басының даму көрсеткішіне ғана емес, бұл қоғам дамуына да, өркендеуіне де едәуір әсер етеді.

Бастауыш мектеп кезеңі – тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуына ең қолайлы жас кезеңі. Бұл жас кезеңіне мыналар тән:

-барлық үдерістердің өту белсенділігі;

-рефлексия мен сынның аз көрінуі, баланың жаңа әлеуметтік топтарға енуі, мотивация мен өзін-өзі танудың дамуы;

-ересек адамның бағалауының қажеттілігі;

-қиял еркіндігі, сезімталдық;

-жаңа әсер алуға ұмтылу[2].

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысын дұрыс ұйымдастырумен байланысты. Мектеп мұғалімдері көп жағдайда оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалды дұрыс меңгеріп, сабақ үлгерімінің жақсы көрсеткіштеріне қанағаттанып қояды да, олардың дәстүрлі емес шешім қабылдауына, шығармашылық белсенділігіне жағдай жасай бермейді.

Бастауыш мектеп оқушыларының қызығушылықтары заттық әлеммен байланысты. Оларға тән жағдай - үлкендерге бағдарлану, яғни оларға еліктеу, үлкендерді үлгі тұту ерекшеліктері педагог үшін күшті дамыту құралы болып табылады. Соның негізінде балалардың шығармашылық және интеллектуалды даму деңгейлері жоғарылап қана қоймайды, әрі олардың мінез-құлқындағы жағымды өзгерістер де жүзеге асырылады[3].

Адамның шығармашылық іс-әрекетінің бүкіл тіршілік көзі ретінде адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі екендігі, әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізудегі орны философия, психология, педагогика ғылымдарында қарастырылған: Шығыс ойшылдары әл-Фараби, Ж.Баласағұн және қазақ ойшылы А.Құнанбаев, философтар Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, М.Орынбеков еңбектерінен кең орын алған. Сонымен бірге шетел философтары Платон, Гегель, И.Фихте, Декарт, Д.Дьюи, И.Кант, Г.Лейбниц, Б.С.Гершунский және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданған.

Педагогика және әдістеме саласы бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін Ж.А.Қараев, С.Қ.Қалиев, Ш.Т.Таубаева, К.Ж.Қожахметова, К.Оразыханова, Б.А.Тұрғынбаева, М.М.Жанпейісова, Ә.С.Әмірова, К.М.Нағымжанова, Д.Н.Исабаева және т.б. зерттеген.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуы қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық —тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн.

Бірінші—адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрлымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді [4].

Екінші – адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әр түрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін оындай алу мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», – деп түсіндіріледі.

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу

әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы—ол баланың өзін-өзі қалып тастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет[5]

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестіккебаулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады[6].

Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздене отырып, былпй тұжырымға келдік:

«Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау». Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі». Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес - алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді. Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін. Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым және күрделі шығармашылық т. б. белсенділік түрлері болады. Соңғысы оқушының логикалық ойлау қабілеті мен дербестігін керек етеді. Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін - өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т. б. белсенділіктер. Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі.

Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Теориялық зерттеулерді қорытындылай келе келесі тұжырымдар жасауға болады.

1. Шығармашылық іс-әрекет - деп біз оның нәтижесінде жаңа нәрсе жасалатын іс-әрекетті түсінеміз.

2. Педагогтардың практикалық тәжірибесін, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және шығармашылық іс-әрекетін белсендіру үшін бастауыш мектептегі жүргізілетін пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстардың мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді.

3. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін сыныптан тыс сабақтарда дамыту оқу үдерісінде шығармашылық оқу міндеттерін қою және шығармашылық сипаттағы педагогикалық жағдаяттарды құру, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық жұмысын ұйымдастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Алматы, - Изд. Дом «Дастан», 2007-322 б.
2. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития [Текст] / В.И. Андреев – Казань: Центр инновационных технологий, 2012. – 608 с.
3. Ахметжанова Г.В. Технология рефлексивной деятельности учащихся в начальной школе [Текст] / Г.В. Ахметжанова, Т.Г. Воробьева // Вектор науки ТГУ. - 2013. - № 1 (23). - С. 302-304.
4. Баулина Н. А. Формирование инновационного мышления школьников - задача современной школы [Текст] / Н.А. Баулина // Педагогика. - 2011. - № 9. - С. 116-121
5. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии [Текст] / М.Н. Гуслова – М.: Академия, 2011. – 288 с.
6. Даринская, Л.А. Технологии педагогического мастерства [Текст]: учебно-методическое пособие / Л.А. Даринская – СПб: НОУ Экспресс. 2010. – 116 с. 12. Даутова О. Современные педагогические технологии. Основная школа. [Текст] / О. Даутова, Е. Иваньшина, О. Ивашедкина, Т. Казачкова, О. Крылова, И. Муштавинская. – М.: КАРО, 2015. – 176 с.

УДК 68

ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

***Козловская Анастасия Сергеевна,**
Учитель истории, КГУ сош им Т Бигелдинова
Байтерекский р-н, с Янайкино, ЗКО*

***Аннотация:** одной из важнейших задач современной школы является формирование и оценка читательской грамотности обучающихся. В данном докладе представлен опыт работы по формированию читательской грамотности, развитию навыков смыслового чтения на уроках истории. Описаны эффективные приемы работы с текстом учебника, историческими документами, научными статьями.*

***Ключевые слова:** функциональная грамотность, читательская грамотность, технология развития критического мышления, инновации, тренд.*

В современном мире владение функциональной грамотностью становится одним из важнейших навыков, необходимых для успешной адаптации в обществе и профессиональном развитии. Функциональная грамотность помогает людям использовать запас имеющейся информации, применять ее на практике и решать сложные жизненные задачи. Она основывается на реальной грамотности людей и широте их знаний о мире, помогает мыслить независимо от массовой культуры.

«Читательская грамотность – способность человека понимать, использовать и оценивать тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни» [1]

Современное образование сталкивается с рядом вызовов в области формирования читательской грамотности. Разнообразие информации, насыщенность учебных программ и необходимость адаптации к быстро меняющимся условиям требуют от педагогов разработки инновационных подходов к обучению чтению. Обучение истории, как одному из фундаментальных предметов, предоставляет отличные возможности для формирования этого навыка у школьников. Однако исторический материал имеет свои особенности: сложная структура, включающая в себя факты, события, процессы. Учитывая разнообразие

культурных, языковых и индивидуальных особенностей учащихся, важно создать на уроке истории атмосферу включения и поддержки. Инновационные подходы к учебному процессу могут включать в себя использование многоязычных ресурсов, адаптацию материалов к разным уровням сложности и предоставление дополнительной поддержки для учащихся с особыми образовательными потребностями. Использование инновационных подходов и учет трендов в образовании может помочь создать более эффективное и привлекательное учебное окружение для формирования читательской грамотности у учащихся на уроке истории.

Таким образом, для повышения качества воспринимаемой информации, способности вступать в отношения с внешней средой, максимально быстрая адаптация в повседневной жизни требует систематическое использование в учебном процессе методов и приемов развития читательской грамотности.

Читательская грамотность является ключевым элементом успешного функционирования в информационном обществе. У развитого читателя сформированы следующие навыки: способность получать из текста информацию и строить на ее основе суждения; умение построения логических выводов и оценки на основе личных знаний. При оценке читательской грамотности анализу подвергаются читательские действия:

- найти и извлечь;
- интегрировать и интерпретировать;
- осмыслить и оценить;

- использовать информацию. Эти навыки позволяют эффективно понимать, анализировать и использовать тексты в различных сферах жизни.

Обучение истории предоставляет уникальные возможности для формирования читательской грамотности учащихся. Исторические тексты, источники и документы требуют внимательного анализа, понимания и критической оценки, что способствует развитию данного навыка. Используются разнообразные методы и приемы работы с текстами. Наиболее эффективными приемами работы с текстом я выделила следующие:

1. Прием **«Корзина идей, понятий, имен»**. Этот прием организации учащихся на начальной стадии урока, когда идет актуализация опыта и знаний.

Пример приема на уроке истории в 5 классе. Тема «Почему Александр Македонский не смог покорить скифов»: причины и последствия, привести примеры, имена, термины.

2. Прием **«Синквейн»** Это стихотворение из пяти строк, в котором автор высказывает свое отношение к проблеме. 1 строка - 1 существительное, 2 строка - 2 прилагательных, 3 строка - 3 глагола, 4 строка - короткое предложение, 5 строка - одно слово, в котором автор высказывает свои чувства, ассоциации.

3. Прием **«До-После»** (в таблице из двух столбцов заполняется часть «До», в которой обучающийся записывает свои предположения о теме урока, о решении задачи, может записать гипотезу. Часть «После» заполняется в течение или в конце урока, после работы с учебным текстом. После чего идет сравнение двух колонок в таблице и делается вывод.

Пример приема «До-после» на уроке истории в 6 классе. Тема «Крестовые походы»: в первом столбце «До» обучающийся описывает причины крестовых походов (Я думаю, что причины крестовых походов заключаются...), а во втором столбце «После» перечисляет все причины и делает вывод.

4. Прием **«Инсерт»** (во время чтения учебного материала делаются пометки). Например, следующие значки: (V) я это знаю; (+) это новая информация для меня; (—) я думал по-другому, это противоречит тому, что я знал; (?) это мне непонятно, нужны объяснения, уточнения.

Пример: Прочитайте текст «Афины» и примените к нему прием «Инсерт».

Рабский труд в Афинах широко использовался в домашних работах, в сельском хозяйстве, строительстве и т.п. Именно пленные иностранцы составляли подавляющее большинство рабов. Другим источником рабства служила долговая зависимость, поскольку несостоятельные должники отвечали перед кредиторами не только своим имуществом, но и личной свободой членов своей семьи. Рабы в Афинах разделялись на рабов, принадлежавших частным лицам, и рабов, принадлежавших государству. Рабы частных лиц занимали положение вещи, поэтому не могли иметь собственности. За государственными рабами признавалось право приобретать собственность и распоряжаться ею.

5. Прием **«Хорошо - плохо»** - направленный на активизацию мыслительной деятельности учащихся на уроке, формирующий представление о том, как устроено противоречие. Учащиеся находят положительные и отрицательные стороны в любом объекте, ситуации; умеют разрешать противоречия (убирать «минусы», «сохраняя плюсы»); умеют оценивать объект, ситуацию с разных позиций, учитывая разные роли. Этот прием использую при изучении темы «Царские реформы 1822-1824гг.», «движение Кенесары Касымұлы».

6. Прием **«Силовой анализ»** Универсальный прием, который может быть использован для проведения анализа конкретной ситуации, проблемы, произошедшего события. Удобнее всего заполнять таблицу:

Сегодняшняя ситуация	Желательная ситуация
Противодействующие факторы	Действия по уничтожению или ослаблению
Поддерживающие силы и факторы (на что можно опереться)	Действия по усилению

7. Прием «Своя опора» - умение выделять главную мысль; умение устанавливать связи между объектами, умение представлять информацию в свернутом виде. Например, составление опорного плана, ответ по плану соседа.

При изучении темы «Материальная культура казахов». Проблема, стоящая перед учащимися, звучит следующим образом: почему юрта считается высоким образцом материальной культуры кочевников?

Творческие задачи, решаемые учениками, основывались на ранее полученных знаниях в ряде курсов на уроках казахского языка, истории Казахстана. Но требовали более высокий уровень выполнения. Рассказ об убранстве юрты, узорах в различных деталях, предметах, находящихся в юрте, предназначен был для зарубежных гостей. Итогом было доказательство, что юрта удобное жилище в любой сезон года для ведения хозяйства.

8. Прием «Кластер» («гроздь») – выделение смысловых единиц текста и графическое их оформление в определенном порядке в виде грозди винограда.

9. SWOT-анализ (заполнение матрицы, состоящей из четырех блоков, в центре матрицы записываем факт, явление, проблему, требующую исследования, а по блокам матрицы)

S – сильные стороны изучаемого явления (англ. strengths – сильный)

W – слабые стороны изучаемого явления (англ. weaknesses – слабый)

O – возможности применения (англ. opportunities – возможности)

T – угрозы применения (англ. threats – угрозы)

10. Стратегия «Вопросительные слова». Учащимся предлагается таблица вопросов и терминов по изученной теме. Необходимо составить как можно больше вопросов, используя вопросы и термины. В новых учебниках выделены опорные слова в рамку, их можно использовать при подготовке данного задания

Вопросительные слова	термины
Как? Что? Где? Почему? Сколько? Откуда?	Тауке хан, сепаратизм, джунгары, Цеван Радан, «Елім-ай»

11. Прием «Оценка текста» (предлагается не читать текст абзац за абзацем, а оценить содержание изучаемого параграфа).

12. Прием «Лови ошибку!»- ученикам раздаются тексты с ошибками, которые они ищут группой. Задание такого вида эффективно при первичном повторении и закреплении нового материала, его систематизации и обобщении и при проверке знаний.

При работе с историческими источниками на уроках истории учащийся акцентирует внимание на формирование умений: отделять позицию автора от фактического материала, изложенного в тексте документа; находить в тексте фактический материал в виде известных исторических событий, имен, географических объектов и так далее; применять для определения источника знания не только из изучаемой эпохи, но и из других периодов, предметов, опираясь на межпредметные связи; развивать проектно-исследовательские умения, обогащается личностный опыт подростка; при работе с картой видеть за условными обозначениями исторические явления и процессы.

Следовательно, учащиеся знакомясь с новыми источниками знаний, совершенствуют умения смыслового чтения в процессе формирования читательской грамотности.

Необходимые навыки читательской грамотности в соответствии с возрастом ученика: 1-6 классы – выделение главной мысли в тексте, способность найти в нем ответ на вопрос, пересказ прочитанного;

7-8 классы – разработка плана и воспроизведение по нему прочитанного текста, решение задач по предложенному образцу, способность запоминать формулы и термины;

9-11 классы – конспектирование и тезисное изложение изученного материала, применение новой теоретической информации в других учебных ситуациях, подтверждение научных фактов. [2]

Реализация проектов по формированию читательской грамотности на уроках истории уже дало свои первые положительные результаты. Участие в олимпиадах и конкурсах становится более успешным благодаря повышению общего уровня подготовки и уверенности в собственных знаниях. Однако, есть еще много возможностей для улучшения данного процесса. Перспективы включают в себя дальнейшее совершенствование методического арсенала, такие как виртуальные экскурсии и интерактивные карты, которые могут помочь лучше понять контекст исторических событий и местоположение различных регионов, а электронные библиотеки и базы данных предоставят доступ к большому количеству исторических источников и литературы, что так же стимулирует интерес к чтению.

В заключении хочется сказать, что формирование читательской грамотности на уроках истории играет важную роль в подготовке учащихся к современной жизни и будущей профессиональной деятельности. Это задача, требующая системного подхода и внимания со стороны образовательных учреждений и педагогов. Посредством эффективного обучения и использования инновационных методов работы с текстами можно обеспечить успешное развитие читательской грамотности учащихся и подготовить их к вызовам современного мира.

Применение инноваций и следование трендам в образовании может значительно обогатить процесс формирования читательской грамотности и подготовить будущее поколение к вызовам современного мира.

Список использованной литературы:

1. <https://www.oecd.org/pisa/data/PISA-2018-draft-frameworks.pdf>
2. PIRLS (Международное исследование качества чтения и понимания текста) URL: <https://fioco.ru/pirls/> -Текст: электронный
3. «Формирование читательской грамотности у обучающихся на уроках истории» Гречушкин А Н, Нижневартовск, 2022 г, 32 стр

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

*Копжасарова Гүлдаурен Берікқалиқызы,
бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығының I курс магистранті,
Орал қ.*

Аннотация: Бұл мақалада STEAM технологиясы жалпы түсінігі, артықшылықтары және бастауыш сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын steam технологиясы арқылы арттыру туралы айтылған. STEAM технологиясы балаларда ойлаудың жаңа түрін дамытады және мектептегі дәстүрлі сабақ өту ережелерінен шығармашылық және аналитикалық дағдыларды дамытуға негізделгенімен ерекшеленетіндігін. Сонымен қатар, оқушылардың оқуға қызығушылықтарын дамыта отырып жетістікке жету мүмкіндігін арттындығын. Пәнаралық қолданбалы тәсілді қолдана отырып, жобалық және оқу-зерттеу қызметін іске асыру арт - технологиялар саласындағы маңызды пәндерді игеру үшін ең жақсы негіз жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: STEAM технологиясы, қызығушылы, пайдалану, дағды, маңызды. Оқу, зерттеу.

Бүгінгі біз тәрбиелеп отырған ұрпақ біліммен қатар, елін сүйетін, ұлтының тарихы мен мәдениетін қастерлейтін рухани кемел азамат болып өсуі керек. Осыған байланысты жаңа білім беру стандартында білім берудің негізгі, жеке құрамдас бөліктерін дамыту тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасының негізгі қадамы болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын STEAM технологиясын пайдалану арқылы болашақ өскелең ұрпақты жан-жақты дамытуға болады [1]. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүріп жатқан жаңару процестері инновациялық білімнің қалыптасуына әкелгені белгілі. Білім беру саласының инновациялық бағытта дамуы ең алдымен, оқушылардың өз бетінше білім алып, сол арқылы өз бойындағы жеке тұлғалық қабілеттерін, біліктілігі мен танымын жетілдіруді басты нысан етіп қарастыруға бағыт берді. Басқаша айтқанда, оқушының танымдық, оқу-зерттеу, ғылымишығармашылық қабілеттері пәнді меңгеру барысында басты компонент ретінде қаралып, осы қабілеттерінің дұрыс және тиімді қалыптастырылуы сапалы білім беру мен білім алудың негізгі шарты болды. Қазіргі педагогика ғылымының негізгі проблемаларының бірі болып отырған оқушылардың танымдық қызығушылығының сипаты және оны қалыптастыру мен дамыту дағдылары. Ғасырлар бойы философтар, ағартушылар, психологтар мен педагогтар бұл мәселені басты нысан етіп қарап, өз назарларынан тыс қалдырмаған. Жалпы қызығушылық ұғымына тоқталатын болсақ, қазіргі зерттеушілердің пікірінше, жеке тұлғаның белгілі заттар мен әрекет түрлеріне бағытталған ерекше психологиялық ниеттену қабілетін айтамыз. Психология және педагогика саласының түсіндірме сөздігінде қызығушылық ұғымына мынадай теориялық анықтама берілген: қызығушылық - дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі. Қызығу дегеніміз - жеке адамның объектіге, оның өмірлік мәні мен эмоциялық тартымдылық күшіне қарай таңдамалы қатынасы [2]. «Қызығу - әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым, адамның белгілі бір объектіні ұнатып, білуге ұмтылған іс-әрекетін қуаттандыратын психикалық ерекшелік» деген пікір айтады ғалымдар М.Беляев, Н.Морозова, С.Рубинштейн. Қызығу адамды жаңаны білуге, әрекеттің жаңа әдістерін

іздіструге құмарландырады. Сондықтан адамның қызығуы бір іспен шұғылданғанда, түрлі әрекеттерде көрініс табады [3]. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін білім алушыларды белсендіретін әдістерді жиі қолдану қажет. Білім алушы бойынан қызығушылықты ояту - ой қозғау және назар аудару үшін қажетті құрал. Бастауыш сыныптардағы пәндерді оқыту кезіндегі негізгі және бастапқы міндеттердің бірі балалардың бойынан терең ойлай білу дағдысын қалыптастыра білу болып табылады. Қазіргі таңда IT мамандарына, инженерлерге және жоғары технологиялық салалардағы мамандарға деген қажеттілік артып келеді, бұл сұраныстар әрбір оқушыдан мета-пәндік дайындықты талап етеді, өз кезегінде бұл адамның мансапқа дайындығы, қазіргі әлемнің өзгермелі сын-қатерлеріне дайын болуы бастауыш мектеп қабырғасынан бастап қалануы тиіс. Заман талабына сай STEAM-білім беру білім алушылардың бойынан сыни ойлау, проблемаларды шешу, ұшқыр ойлау, жобалау және ойлап табу секілді дағдыларды ғана емес, сонымен қатар табандылық, бейімділік, ынтымақтастық, ұйымдастыру және жауапкершілік сияқты құзыреттіліктерін де дамытады. Бастауыш сыныпта STEAM арқылы оқытудың маңыздылығын айтатын болсақ, ең алдымен оқушылардың сауаттылық деңгейін, білімін кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға үлкен мүмкіндік туғызады. Егер дәстүрлі сабақ пен STEAM арқылы ұйымдастырылған сабақты салыстыратын болсақ, дәстүрлі сабақ оқушыларды біліммен қаруландыруға және негізінен түсіндіру - көрнекілік әдісінде құрылатын жалпы білім беру міндеттерін шешуге бағытталған болса, ал кіріктірілген сабақтар оқытудың түрлі әдістерінің және құралдарының үйлесуі негізінде құрылып, сонымен қатар ғылыми - жаратылыстану пәндері сабақтың көптеген міндеттерін шешеді. Сабақ барысында түсіндіру - көрнекілік, іздеу зерттеу әдістері, пікірталас, білімнің түрлі дереккөздері, теледидар бағдарламалары, кино үзінділері, мультимедиа курстары, интернет - технологиялары, оқыту мен бақылаудың басқа да техникалық құралдары қолданылады. Сонымен қатар сабақта топтық, ұжымдық, жұптық, жеке жұмыс түрлері кеңінен қолданылады. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімі сабақта да және сыныптан тыс жұмыс процесінде де ұсынатын тапсырмаларды қызығушылық танытудың жаңа құралдары мен тәсілдері ретінде үнемі іздестіру міндеті тұр.

Сондықтан да, әр тақырыпты оқушыға қызықты да көңілді түсіндіре білу, заман талабына сай оқыту технологияларын қолдануға, теориялық білімді қолданбалы есептермен ұштастыра беру пән мұғалімінің міндеті. Бұл міндетті шешуде оқытудың жаңа инновациялық әдістері, соның бірі Stem технологиясы көмектесері сөзсіз.

STEAM технологиясы балаларда ойлаудың жаңа түрін дамытады және мектептегі дәстүрлі сабақ өту ережелерінен шығармашылық және аналитикалық дағдыларды дамытуға негізделгенімен ерекшеленеді.

Оқушылардың оқуға қызығушылықтарын дамыта отырып жетістікке жету мүмкіндігін едәуір арттырамыз. Пәнаралық қолданбалы тәсілді қолдана отырып, жобалық және оқу-зерттеу қызметін іске асыру арт - технологиялар саласындағы маңызды пәндерді игеру үшін ең жақсы негіз жасауға мүмкіндік береді.

STEAM білімінің тиімділігі:

- Пәндер өзара емес, тақырыптардың мазмұнымен интеграцияланған білім беру.
- Сабақ барысында, білім беру процесінде ғылыми техниканы пайдалану.
- Сыни ойлау және мәселелердің шешімін табу дағдыларын жетілдіру.
- Өзіне деген сенімділігін арттыру.
- Белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс.
- Техникалық ғылымдарға қызығушылығын дамыту.
- Барлық оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың техникалық шығармашылығын және зерттеуге қызығушылығын дамыту [4].

Негізден бастауыш мектепте STEAM білімін енгізу қажет?

- Математикаға, ғылымға деген қызығушылықты арттырады.
- Техника, робототехника, құрастыру сияқты іс - әрекеттер білім алуға ықпал етеді. Шығармашылық қабілеттер мен қарым - қатынас дағдыларын дамытуға зор әсерін тигізеді.

- Оқушының әлеуетін бастауыш сыныптан бастап айқындауға және оның кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді.

- Зерттеу және пәндік - практикалық іс-әрекеттерді қамтитын интеграцияланған оқу процесі балаларға жаратылыстану саласындағы жансыз табиғат объектілерімен жақсы танысуға мүмкіндік береді және модельдерді жобалау мен бағдарламалаудың алғашқы дағдыларын игеруге ықпал етеді. Бұл біздің балаларымыздың болашағы үшін жақсы негіз жасайды.

STEAM технологиясын оқыту қандай дағдыларды дамытады?

Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары пайда болады. Машиналар мен әртүрлі құрылғыларды салу кезінде балалар өздерінің дизайнерлерін жанартуға итермелейтін түрлі проблемаларға тап болады. Болашақта бұл оларға қиын жағдайларда шешім табуға үйретеді.

Ағылшын тілін үйрену. Көптеген технологияларды меңгеру ағылшын тілін білмеу мүмкін емес. Бала ойын түрінде шет тілін меңгере бастайды.

Кәсіби дағдыларды игереді. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып мамандандырылған оқыту өсу деңгейін жандандырады және болашақта мамандықты айқындауға көмектеседі.

Stem технологиясын оқытуда біріктіру оқушыларға шындықпен үйлесімді білім алуға мүмкіндік береді. Бұл кез келген нәрсені істей алатын аз білімді мамандардан гөрі, кәсіби мансабында стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті шығармашылық тұлғалардың пайда болуына көмектеседі. Интеграциялық үдеріс білім сапасын арттыруға көмектеседі, ынта мен танымдық белсенділікті арттырады. Бұл икемділікті, логиканы дамыту үшін оңтайлы жағдай жасайды және нәтижесінде жеке тұлғаны үйлестіруге ықпал етеді [5].

STEAM білім беру - бұл біздің балаларымызға өз дағдыларын дамудың жаңа деңгейіне шығаруға мүмкіндік беретін инновациялық тәсіл. Оның көмегімен біз экономикалық тәуелсіз және бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін озық кадрлық база жасай аламыз.

STEAM – сыни ойлауды, зерттеушілік құзыреттіліктерді және топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту құралы ретінде бірнеше пәндерді біріктіретін жаңа білім беру технологиясы.

STEM оқу бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларын пәнаралық және практикалық тәсілдер арқылы оқыту идеясына негізделген. Бес ұғымның әрқайсысын бөлек оқудың орнына, STEAM оларды бір оқыту схемасына біріктіреді[6].

Оқытудағы прогрессивті тәсіл көбірек білім алуға көмектеседі, пәнаралық байланыстарды кеңейтеді және тереңдетеді, бағдарламалау, модельдеу және дизайн негіздерін жақсы меңгеруге ықпал етеді. Бала суретті тұтастай көруді үйренеді. Кейіннен осының барлығы балаға командада жұмыс істей отырып, өзінің бірегей өнімін жасауға және таныстыруға мүмкіндік береді.

Бір сөзбен айтқанда, STEAM - бұл ойлау мен оқу жолымызды өзгертетін тәсіл. Бұл тәсіл уақыт талабына сай. Бұл тәсілдің негізгі идеясы теориялық және практикалық білімнің маңыздылығы болып табылады. STEAM технологиясы кез келген идеяға ие болуды ғана емес, сонымен қатар оларды пайдалануды және жүзеге асыруды үйретеді. Осылайша мектептерде топтық немесе жеке жұмыс істеуге, қарым-қатынас жасауға, ойлаудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға үйренуге мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сейтенова С.С. Использование инновационных методов в повышении познавательной активности учащихся. Научный журнал "Апробация" N 2 (5) 2013 ж 91-94 б. Москва
2. Семенова, Р.И. STEAM-образование и занятость в информационных технологиях как факторы адаптации к цифровой трансформации экономики в регионах России / Р.И.Семенова, С.П.Земцов, П.Н.Полякова // Инновации. - 2019. - №10.
3. Психологиялық-педагогикалық сөздік, Алматы, 2017 Автор-құрастырушылар: Б. А . Молдағалиев, Л. М. Маденова Ж.Ж.Жароллаева, Қ.Р. Қажымова
4. Ахметова Г.К., Мурзалинова А. STEM образование как направление обновления содержания образования в республике Казахстан// Методист. – 2018. – №4. – С. 2-5.
5. Ожибаева З.М., Нурмуханбетова Н.Н. Использование stem-технологий как способ повышения мотивации учащихся на уроках химии в условиях обновления образования Республики Казахстан, Scientific Atlas, 2021 №4. – С.52-59
6. Хачатурьянц, В.Е. Использование элементов STEAM-образования в межпредметной интеграции биологических знаний школьников на базе создаваемой в России сети Кванториумов / В.Е.Хачатурьянц, А.В.Теремов // Европейский союз ученых. - 2021. - № 1.

ӘОЖ 004.8

АДАПТИВТІ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Көшкінбаева Фариза Қонайқызы,
магистрант,
Ерекешова Меруерт Мынтуғановна,
"Информатика және ақпараттық технологиялар"
кафедрасының доценті,
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ,
Ақтөбе қ.,

Аннотация: Соңғы жылдары жасанды интеллект (AI) көптеген салаларға, соның ішінде білім саласына да көптеген жаңашылдықтар әкелді. AI-дің білім берудегі басты артықшылықтарының бірі-адаптивті оқыту. Бұл мақалада адаптивті оқыту процесінде жасанды интеллектті (AI) қолданудың

заманауи әдістері зерттеледі. Жұмыс AI қолданудың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде машиналық оқыту алгоритмдерін, нейрондық желілерді және табиғи тілді өңдеу әдістерін қарастырады. Әр оқушының қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, білім беру процесін даралау үшін AI қолдануға ерекше назар аударылады. Бұл жұмыс қазіргі білім беру ортасы үшін осы технологиялардың маңыздылығы мен әлеуетін түсінуді қамтамасыз ете отырып, адаптивті оқытуда AI қолдану саласындағы заманауи тенденциялар мен зерттеу бағыттарына шолу жасайды.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, машиналық оқыту, адаптивті оқыту, білім беру процесі, AI.

Жасанды интеллект (AI) – бұл біздің өміріміздің барлық салаларына енетін технологиялық жетістік, ал білім саласы ерекшелік емес. Жасанды интеллекттің пайда болуы мен дамуымен білім беру жүйесінің жаңа көкжиектері ашылып, оқу процесін жақсартуға және білім сапасын жаңартуға бірегей мүмкіндіктер беріледі.[1]

Жасанды интеллектті (AI) дамыту және оны білім беру саласына енгізу кең таралған сипатқа ие болды. Сарапшылар жасанды интеллект білім беруді қамтитын зияткерлік қызметпен байланысты салаларда айтарлықтай өзгерістерге әкеледі деп тұжырымдайды. Заманауи білім беру әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес келетін оқытуға қол жетімділікті қамтамасыз етудің алдында тұр. Осы тапсырманы ескере отырып, жасанды интеллект (AI) технологиялары оқу процесін жекелендіруге және оның нәтижелерін оңтайландыруға қабілетті бейімделген білім беру орталарын құрудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады.

Адаптивті оқыту - білім алушымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру және әрбір оқушының бірегей қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қарастырылған ресурстар мен оқу әрекеттерін қамтамасыз ету үшін компьютерлік алгоритмдерді, сондай-ақ жасанды интеллектті пайдаланатын білім беру әдісі.[2] Компьютерлер оқу материалын ұсынуды оқушылардың оқу қажеттіліктеріне сәйкес бейімдейді, бұл олардың сұрақтарға, тапсырмалар мен тәжірибелерге берген жауаптарынан көрінеді. Технология информатика, жасанды интеллект, психометрия, білім беру, психология және ми туралы ғылымдарды қоса алғанда, әртүрлі зерттеу салаларынан алынған аспектілерді қамтиды.

Адаптивті оқыту ішінара дәстүрлі, бейімделмейтін тәсілдерді қолдана отырып, жеке оқытуға кең ауқымда қол жеткізу үшін негізделген. Адаптивті оқыту жүйелері білім алушыны ақпараттың пассивті рецепторынан оқу үдерісіндегі серіктеске айналдыруға тырысады.[3]

Қазіргі білімге, балалардың қалай оқытынына, сондай-ақ қоғам оқытушымен тікелей байланысыз оқуға дайын болмаған кезде тап болған мәселелерге қарап, дәстүрлі оқыту әдісінің айқын кемшіліктерін жоққа шығаратындар аз. Сондықтан білім алудың жаңа тәсілдерін және жалпы оқыту тәсілдерін қарастыру бұрынғыдан да маңызды. Перспективалы және өнімді тәсілдердің бірі-адаптивті оқыту .

Адаптивті оқыту кезінде ақпараттық және педагогикалық технологиялар өзара әрекеттеседі, бұл білім алушының жеке қабілеттерін ескере отырып, оқытудың интерактивті мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ақпараттық технологиялардың дамуымен электронды оқыту құралдары мұндай оқытуды іс жүзінде жүзеге асыру үшін көбірек мүмкіндіктерге ие.[4]

Балаларға әсер ететін дәстүрлі оқыту мәселелерінне; мұғалімнің өзі жұмыс істейтін барлық балалар аудиториясын толық қамти алмауы жатады, өйткені мұғалім әр оқушыға жеке бейімделе алмайды, бұл мұғалімнің тек оқу қабілеттерін көрсететіндермен жұмыс істеуге мәжбүр етеді, осылайша артта қалғандар білімге тиісті қол жеткізе алмайды, бұл балалардың оқу үлгерімін төмендетуге әкеліп соғады..

Бұдан басқа да, көптеген мәселелер бар, олар негізінен сабақта көрінеді:

- жекелеген оқушылармен жұмыс кезінде қалған оқушылар сабаққа әрең қатысады;
- оқушылар сабақта жалқау болып, өздерін солай етіп көрсетеді
- оқушының мұғаліммен кері байланысы нашарлайды;
- сабақ барысында барлық оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделуге мүмкіндік жоқ;
- оқушыларды бағалау субъективті және нақты білім деңгейімен байланысты емес;
- оқытушылардың артта қалған оқушылармен жұмыс істегісі келмеуі;

Мұндай мәселенің шешімі AI мәліметтер базасына адам туралы психологиялық деректерді жүктеу және олардың көрінісіне жауап беру болып табылады. Жасанды интеллект жазу тәсілімен, жауаптарымен, сыртқы және сөйлеу белгілерімен баланың жағдайын анықтай алуы керек. Егер ол белгілердің біріне күмәнданса, онда жасанды интеллект балаға жетекші сұрақтар қойып, оның реакциясын байқап бастайды. Осылайша ол психологиялық тұрғыдан баланың тепе-теңдігі түзете алады. Яғни, психологиялық күдік анықталған кезде, жасанды интеллект жетекші сұрақтар қояды немесе тестілеу жүргізеді, содан кейін ол нәтижелерге қарайды. Анықталған кезде ол көңіл-күйді жақсартатын немесе оқудан біраз уақыт тың тапсырмаларды ұсынады. Сыншылдықты бағалай отырып, мұндай жасанды интеллект баланың көңілін көтереді.

Оқу басталғанға дейін AI баланың күшті және әлсіз жақтарын анықтауы керек. Оқу деңгейін біліп, оған дайын оқу бағдарламасын бермейді, бірақ оның қабілеттеріне бейімделіп, үлгеріміне қарай түзетіп, жаңасын жасап береді. Білім алушыны білім беру процесіне тарту үшін, тапсырмаларды ойын түрінде беру тиімдірек болып келеді. Балалар ойын түрінде ұсынылған, жарқын көрнекі құралдармен немесе бейнелер - естеліктермен байланысты оқу материалын қызығушылықпен есте сақтайды. Балалардың қазіргі


тенденциялары мен қызығушылықтарын бақылаудан кейін тәжірибені жинақтау, жаңа деңгейлерді алу және жетістіктерді ашу арқылы көрінетін оқу үлгерімі де білім алушының жаңа білім алу процесіне енуіне ықпал етеді. Және оқушының нені жақсы көретінін және оқуға деген құлшынысыарын көрсетеді. Бірақ барлық жаттығулар ойынға айналмауы керек. Яғни, оқушы неғұрлым жетілген болса, соғұрлым қиын және ойынға жатпайтын тапсырмалар болады. Адамды стресстік жағдайларға дайындау қиын міндеттермен, жедел шешуді қажет ететін мәселелермен жүзеге асырылуы керек, онда "сәтсіздік" кез-келген бонустың жоғалуына әкеледі. Адам жасанды интеллектпен байланыста болмауы керек. Оқыту процесінде оқытушыға әлеуметтік дағдылар қосылуы керек. Ол үшін топтар арасындағы жұмыс қажет, онда мәселені шешу топтардың өзара әрекеттесуіне байланысты болады. Оқу процесінде адамның өз қателіктерін түзетуге, оқушыда сыни ойлауды қалыптастыруға мүмкіндігі болуы керек.[5]

Адаптивті оқыту тұжырымдама (оқыту моделі) ретінде анықталады, оның жеке ерекшеліктерін (эмоционалды жағдайы, жынысы, ақпараттың әртүрлі түрлерін қабылдау қабілеті, оқу дағдыларының деңгейі) ескере отырып, білім алушының білім деңгейін жақсартуға арналған жаңа технологиялар. Оқу процесі білім алушыға "бейімделіп", оның білім көлемін анықтап, оқытудың жеке траекториясын құруы керек. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, мұндай оқыту моделі шетелдік білім беру жүйесінде мемлекеттік қолдаумен және заңнамалық базада бекітумен қолданылады. Адаптивті платформаларға 2U, Wiley, Canvas, LoudCloud, Blackboard, Knewton, Realize it, Adapt courseware, Anewspring, Geekie, Smart Sparrow платформаларын жатқызуға болады.[6]

AI сонымен қатар студенттерге олардың қызығушылықтары мен бұрынғы білімдеріне негізделген тиісті оқу материалдарын ұсына алатын интеллектуалды ұсыныс жүйелерін әзірлеу үшін қолданылады. Мысалы, KNEWTON (<https://www.knewton.com/>) студенттің оқу тарихын талдайтын және оқу процесін жақсарту үшін арнайы ұсыныстар беретін жүйені ұсынады. Knewton-басқаларға бейімделген оқыту қолданбаларын жасауға мүмкіндік беретін адаптивті оқыту технологиясының провайдері. 2016 жылы компания білім беру компанияларының мазмұны мен ашық білім беру ресурстарын қолдана отырып, жоғары білім беру сыныптарына арналған оқу бағдарламаларын жасай бастады. Newton технологиясы компанияға "нақты уақыт режимінде оқушылардың үлгерімі туралы көптеген деректерді күрделі талдауға" мүмкіндік береді. Knewton әр оқушының күшті және әлсіз жақтарын анықтау үшін адаптивті оқыту технологиясын қолданады. Тұжырымдамалар өте нақты деңгейлерде белгіленеді, бұл платформаға білім деңгейіне және оқушылардың қажеттіліктеріне негізделген жеке ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Knewton әдістемесі екі негізгі ұғымның айналасында құрылған: білім беру траекториясын жоспарлау технологиясы және студентті бағалаудың күрделі моделі. Бұл тәсіл студенттердің білімі өлшенетін жалғыз нүктеге бейімделу тәсілін қолданатын көптеген "адаптивті қосымшалардан" түбегейлі ерекшеленеді. Мұндай "нашар бейімделу" тәсілінің мысалы диагностикалық емтихан болып табылады, оның нәтижелері бойынша компьютер болашақта студентке қандай мазмұн көрсетілетінін анықтайды. Data mining және жекелендіру технологиялары мұнда аз қолданылады немесе мүлдем қолданылмайды.[7]

Knewtonды түсінудегі адаптивті оқыту жеке студенттің нәтижелеріне және оның жүйедегі әрекеттеріне нақты уақыт режимінде жауап беруі керек. Бұл тәсіл студенттің қажетті уақытта дұрыс білім беру мазмұнын алу және алға қойған мақсаттарына жету ықтималдығын арттырады. Мысалы, егер студент белгілі бір сұрақтар жиынтығымен жақсы жұмыс істемесе, онда Knewton осы сұрақтар тізімінде қарастырылған тақырыптардың қайсысы түсініксіз болып шыққанын болжай алады және оған осы тақырыптарды түсіну деңгейін арттыруға көмектесетін мазмұн ұсына алады (1 суретте екі студенттің салыстырмалы білім беру траекториясы көрсетілген).



Сурет 1: Екі студенттің жеке білім беру траекториясы

Knewton өзін деректерді талдайтын білім беру қосымшасының қосымша қабаты деп атайды. Сондықтан кез-келген білім беру мекемесі немесе жоба Knewton-мен жұмыс істей алады. Пайдаланатын деректер адаптивті платформа білім беру қосымшасының өзі жинайды және API көмегімен Knewton серверіне жіберіледі. Белгілі бір деректер түрін жинауды бастау үшін, мысалы, студент бейнені немесе сұраққа жауап беру нәтижесін көре бастағанда, осы Knewton деректерін жіберетін кодтың бір жолын қосу жеткілікті.

АҚШ – та адаптивті оқытуды жүзеге асырудың тағы бір мысалы-Dreambox Learning Math-мектепке арналған адаптивті онлайн математикалық бағдарлама. Intelligent Adaptive Learning (<https://www.dreambox.com/>), технологиясы әрбір оқушының әрекетін бақылайды және мәселелерді шешу үшін қолданылатын стратегияларды бағалайды. Содан кейін бағдарлама сабақ материалын және қиындық деңгейін, анықтамалар санын, тақырыптар мен оқу қарқынын реттейді.

Dreambox AI-бұл оқушыларға жеке математика бойынша оқытуды қамтамасыз етуге арналған бұлға негізделген, жауап беретін оқыту платформасы. Платформа оқу процесін әрбір жеке оқушының қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімдеу үшін жасанды интеллект пен Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдаланады. Dreambox AI оқушыларды тарту және тереңірек оқуды ынталандыру үшін визуалды және интерактивті элементтердің тіркесімін пайдаланады. Ол сонымен қатар нақты уақыт режимінде оқушылармен және оқытушылармен кері байланысты қамтамасыз етеді, бұл ағымдағы бағалауға және оқу мақсаттарын реттеуге мүмкіндік береді.

Платформа әртүрлі мемлекеттік және ұлттық стандарттарға сәйкес келетін 2000-нан астам сабақтар мен іс-шараларды қамтиды және сандар мен операцияларды, алгебраны, геометрияны, өлшемдерді және деректерді талдауды қамтитын тақырыптардың кең ауқымын қамтиды. Dreambox AI-ді Dreambox Learning, Inc компаниясы жасаған., 2006 жылы оқытушылар, математиктер және инженерлер тобы құрған компания. Платформаны бүкіл әлем бойынша миллиондаған студенттер мен оқытушылар пайдаланады және жекелеңдірілген оқытуға инновациялық көзқарасы үшін көптеген марапаттар мен марапаттарға ие болды[8].

DreamBox Learning үлкен деректерді талдайды және сабақтарды түзету үшін жасанды интеллект алгоритмдерін қолданады. Ол әр сабақты жеке оқушылардың оқу стиліне сәйкес реттейді. Құрал тарихи көрсеткіштерге негізделген түзетулер енгізеді. Ол сонымен қатар оқудың қалауы мен оқушының қатысу стилін ескереді. Содан кейін мұғалім жеке сабақты оқу бағдарламасының қажеттіліктеріне сәйкес реттей алады.

Әр сыныпта оқушылардың көп болуына байланысты оқушылардың үлгерімі қиын болуы мүмкін. Оқытушыларға жеке нұсқаулар беру үшін көбірек уақыт қажет. Жасанды интеллект технологиясының көмегімен мұғалім баяу оқыту мәселесін шеше алады. Студент компьютерде сындарлы уақыт өткізе алады. Содан кейін бағдарламалық жасақтама студенттің оқу стиліне егжей-тегжейлі талдау жібереді. Олар оқу жылдамдығын арттыратын арнайы нұсқаулар алады.

Осылайша, білім беруде жасанды интеллект пен бейімделген оқытуды енгізу жоғары оқу орындарындағы білім беру процестерін жетілдіру үшін жаңа перспективалар ашады. Бұл білім беру технологиялары студенттердің білімі мен дағдыларының сапасын арттыруға ықпал ете отырып, тиімдірек және жекелеңдірілген оқыту жолдарын жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Искусственный интеллект в образовании: революция в учебном процессе URL:<https://vc.ru/education/878125-iskusstvennyy-intellekt-v-obrazovanii-revolyuciya-v-uchebnom-processe>
2. Andreas Kaplan (2021). [Higher Education at the Crossroads of Disruption, The University of the 21st century](#). Emerald Publishers. ISBN 9781800715042.
3. Адаптивное обучение — Adaptive learning URL:https://en.wikipedia.org/wiki/Adaptive_learning
4. Царев, П.Ю., Тынченко С.В., Гриценко С.Н. Адаптивное обучение с использованием ресурсов информационно-образовательной среды // Современные проблемы науки и образования. — 2016. — № 5.; URL: <http://scienceeducation.ru/ru/article/view?id=25227>
5. Искусственный интеллект для образования. Адаптивная система обучения Кириллов Павел Андреевич; “Young Scientist” . # 27 (317) . July 2020
6. Применение интеллектуальной адаптивной платформы в образовании ©2019 в. П. Добраца, е. И. Горюшкин
7. Адаптивное обучение, или несколько слов о Knewton URL:<https://habr.com/ru/companies/newprolab/articles/244539/>
8. DreamBox Learning на базе искусственного интеллекта революционизирует персонализированное обучение учащихся URL:<https://googiehost.com/ru/Блог/Обучение-Dreambox-на-базе-искусственного-интеллекта-совершает-революцию-в-персонализированном-обучении/>

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ НЕЙРОПЕДАГОГИКА

*Кубиева Амангул Тлековна,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы,
М-С.Бабажанов ЖОББМ,
БҚО, Бөкей Ордасы ауданы*

Аннотация: Еліміздің ХХІ ғасыр баспалдағын жаңашылдықпен қарыштап басып, өркениетке бағдар алуы әр адамның шығармашылық болмысының нәтижесі деп бағалауға болады. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі шығармашыл тұлға - қазіргі білім беру стратегиясының мақсаты мен мұраты.

Шығармашылық іс-әрекеттегі жеке тұлғалық ерекшеліктердің белгілері мен факторларын зерттеген ғалым Г.Саймон шығармашылық қабілетке әлеуметтік факторлар, жеке ерекшеліктер, таным процесі, жүйке жүйелерінің сапалары мен қасиеттерінің маңызын ашып көрсетуге ұмтылған. Нәтижеде ол физиологиялық параметрлердің шығармашылыққа ықпалы мол екенін айтқан.

Менің зерттеу жұмысымның да басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың шығармашылық, креативті ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Жүйке жүйелерінің сапалары, нейробайланыс шығармашыл тұлғаны дамытудың маңызды шарты екендігін дәлелдей келе, төмендегідей ұсыныс беремін – шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың маңызды шарты ретінде нейропедагогикалық тәсіл оқу үдерісінде, баланы дамытуда кеңінен қолданылса.

Кілт сөздер: Білім беру процесінің ең сәтті моделі – нейропедагогика баланың білім мен дағдылардың жоғары деңгейіне жетуін қамтамасыз етеді. Баланың танымдық және жеке дамуына бағытталған нейропедагогикалық жұмыстар арқылы шығармашыл тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Оқу үрдісінде нейропедагогикалық жұмыстарды қолдану арқылы оқушылардың креативті ойлау дағдыларын дамыту үшін келесідей жоспар құрдым:

1. Әр балаға диагностика жасау;
2. Жеңілден күрделі нейрожаттығуларға көшіп, үнемі орындау арқылы сабаққа қызықтыру.
3. Әр баланың өзіндік қабілеттерін ашу.



Айдос 9 жаста. Айдостың негізгі мәселесі:

- баяу оқиды;
- диктант жазуда көп қателеседі;
- есеп шығаруда қиналады;
- түсінгенін жеткізе алмайды;
- жазуы нашар;
- оқығанын түсінбейді.


Оқу процессіндегі бұндай қиындықтарды шешуге көмектесетін, ең күшті тәсіл – бұл **нейропедагогикалық тәсіл**. Себебі, баланың миын оятып, бүкіл нейрондарын іске қосқаннан кейін біз оқытатын болсақ, жаздыратын болсақ, балалар сөзсіз кез келген тапсырманы игереді.

Менің жалпы нейропедагогикаға келуіме себепші болған - бұл менің шәкірттерім. Алдыма келеді, сабақты түсіндіремін, бірақ түсінбейді. Қабылдауы қиын, естеу сақтауы төмен. Сол себептен әр түрлі тәсілдерді қолдандым. Ең тиімдісі бұл – нейропедагогикалық тәсіл. Яғни нейропедагогика арқылы біз балаларды стрессіз оқытуға, кез келген ақпаратты жеңіл қабылдауға, жоғарғы психологиялық функцияларын оятуға мүмкіндік аламыз. Оларды ең бірінші қызықтыру керек, қабілеттерін ашу керек, одан кейін сабақты беру керек. Мен дәл солай жасадым. Нәтижесінде миын ояту арқылы кез келген ақпаратты игеру жеңіл.

Біз оң қолмен жұмыс жасасақ, сол жақ миымыздың жұмысы дамиды, ал сол қолмен жұмыс жасасақ, оң жақ миымыз дамиды. Ал екі қолмен қатар жұмыс жасасақ, екі мидың арасында нейробайланыстар түзіледі. Нейробайланыс дегеніміз біздің есте сақтау қабілетіміз дамып жатыр деген сөз. Жылдам оқу

қабілетіміз одан әрі дамиды деген сөз. Оң және сол жақ ми жартышарларын үйлесімді бірдей дамыту үшін нейрогимнастикалық жаттығулар жасау қажет. Баланы жылдам оқуға үйрету үшін алдымен бір мезетте екі қолмен сурет салу жұмысын қолданыңыз дегім келеді.

Бір мезетте екі қолмен сурет салу жаттығуы.




Мақсаты: баланың оң жақ және сол жақ ми қыртыстарын дамыта отырып, жылдам оқу, есте сақтау қабілетін арттыру.

Біз білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында сабақты ең алдымен ширатудан бастаймыз ғой. Міне, сол ширатуда нейрогимнастикалық жаттығуларды қолданысқа енгізсеңіз, сол сабақта берілетін білімді баланың қабылдауына жол ашар едіңіз, миды жаттықтырасыз, жағымды атмосфера қалыптастырасыз және баланың қызығушылығын оятасыз. Ми жаттығуларын жасау арқылы мидың жұмыс өнімділігі әрдайым артып отырады.

Өзімнің тәжірибемде ширатуда қолданып жүрген нейрогимнастикалық жаттығудың бірнеше түрлерін назарларыңызға ұсынамын.

Қоян-сақина жаттығуы.

Мақсаты: білім алушылардың эмоционалды көңіл-күйін орнықтыру, шығармашылық дамуды жетілдіру, зейін тұрақтылығы мен есте сақтауды дамыту.




Нейрогимнастикалық жаттығуларды сергіту сәтіне де қолдансаңыз болады. Музыка ырғағымен билеп жүріп, екі қолмен қатар сурет салу. Бұл жаттығуды барлық сабақта, әсіресе, музыка, көркем еңбек сабақтарында қолданса жақсы.

Мақсаты: оқушыларды сергіте отырып, екі мидың арасында нейробайланыстар түзу.



Ал математика сабағында бала 1 - ден 10 - ға дейінгі сандар қатарымен танысқаннан кейін, өткен білімдерін қайталату мақсатында нейропедагогикалық жұмыс жүргізуді ұсынар едім. Аталған санды бағанның екі жағынан қатар тауып, белгілеу қажет.

Мақсаты: алған білімдерін бекіте отырып, екі мидың арасында нейробайланыстар түзу.



Балаларды оқытатын мектеп әдістемелері ең бастысы сол жақ жартышарды жаттықтырып, балалардың ақыл-ой мүмкіндіктерінің жартысын еленбейді. Ал шығармашылық ойлау мен түйсіктің дамуы нақ осы оң жақ жартышармен байланысты екені мәлім.

Оқу үрдісін нейропедагогика тұрғысынан мынадай сабақтастықта көрсетуге болады:

- оқушыны оқу міндеттерін шешуге дайындау (ынталандыру кезеңі);
- оқу міндеттерінің табыспен шешілуіне жағдай жасау (ұйымдастыру кезеңі);
- өзінің оқудағы еңбек нәтижелеріне саналы қарым-қатынас (нәтижелік кезең).

Білім мазмұнын прогрессивті ғылыми-педагогикалық, психологиялық қағидалар негізінде құрудың бір мысалына тоқталайын.

АҚШ-та «Ми картасы» атты президенттік бағдарлама қабылданған. «Ми картасы» жобасы өзінің маңыздылығы бойынша ғарышты зерттеумен бәсекелеседі деп бағаланған.

Нейропедагогика – ми жұмысының табиғи заңдылықтары, жоғары психикалық функциялары туралы білімді педагогикада қолдану жолдарын анықтайтын ғылым.

Нейропедагогиканың білім мазмұнын құруда басшылыққа алатын басты қағидаттарының бірі:

Еркіндік, шығармашылық жағдайында ми жұмысының белсенділігі, эвристикалық (грек. heuresko – табу) әлеуеті артады, ал қысым, мәжбүрлеу, шектеу жағдайында бұғатталады. Демек, білім мазмұнын құруда, оқу процесін ұйымдастырғанда оқушыларды белгілі бір шаблон, сырттан таңылған тақырыптар аясында шектеу, мәжбүрлеу зиянды.

Ұсыныс:

- оқу мақсаттарының жүйесін білу – түсіну – таныс жағдайда қолдану – жаңа жағдайда қолдану – шығармашылықпен/жасампаздықпен (creating) қолдану таксономиясына ауыстыру керек.

Нейропедагогика – табысты оқытудың инновациялық тәсілі. Менің ойымша, нейропедагогика – әр мұғалімге өзінің педагогикалық міндеттерін оңтайлы және шығармашылықпен шешуге көмектеседі. Бұл ғылым - біздің балаларымызды сәтті оқытудың кілті деп есептеймін. Қазір қолданысқа еніп жатқан нейрожаттығулардың білім алушыға пайдасы:

- мидың оң және сол жақ бөліктерінің үйлесімділігін арттырады;
- оқыған ақпаратты тез қабылдайды, оған тез қорытынды жасап отырады;
- ұсақ және ірі моторикасы дамиды;
- зейіні шоғырланады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- ақпаратты өте тез қабылдайды;
- жазу, оқу процестері жүйелі дамып отырады екен.

Қорытындылай келе, оқушылардың физиологиялық, психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі әртүрлі дәрежеде. Әрине, әр ата-ана өз баласының қатарынан кем қалмауына барынша көңіл қойып, қолынан келгендерін аямайды. Дегенмен оқушылардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілері байқалып, сабақ үлгерімі төмен деңгейде қалып қоятын оқушылар жоқ емес.

Бұндай жағдайда қол қусырып қарап отырмай, оның алдын алу қажеттігі анық. Сонау XII ғасырдың өзінде Жүсіп Баласағұн «Әр бала жұлдыз, оның жарқырауына көмек ет», - деген екен.

Нәтиже: Нейропедагогикалық жұмыстар нәтижесінде креативті ойлау дағдысы дамыған, шығармашыл тұлғаны ғылыми жобаларға, зерттеу жұмыстарына, олимпиадаларға, шығармашылық

жұмыстарға дайындауға болады. Егемен еліміздің елдігін ұлықтаған, қыраны биікке самғаған, шәкірттерін жетелеуге еш талмаған құрметті ұстаздар, әр баланың жұлдыздай жарқырауына себепші болайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сағымбекова Г. «Ойыннан - оқуға». «Бастауыш мектеп» №3 2002ж
2. Жораева Г.Б. Оқыту үрдісінде дидактикалық ойын түрлерінің жіктелуі. «Бастауыш мектеп» 2019ж.
3. Бала тәрбиесіндегі ойын /әдістемелік құрал/ 2021ж.
4. Қазақстандағы білім берудегі трансформациялау//Білімді ел.2019 ж

УДК 373.2

РАЗВИТИЕ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ РУК У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

*Кунжарикова Гульсим Чапаевна,
Кушанова Ботагоз Биршинбаевна,
воспитатели,
ГККП ясли-сад №45 «Алтын бала»,
г.Актобе*

***Аннотация:** Работа по развитию движения рук должна проводиться регулярно, только тогда будет достигнут наибольший эффект от упражнений для развития мелкой моторики рук. Задания должны приносить ребенку радость, не допускайте скуки и переутомления. А теперь не только словестно познакомимся с данной темой, но и практически освоим некоторые игры и упражнения, которые помогут организовать интересное общение с ребенком дома, развить мелкую моторику дошкольников.*

***Ключевые слова:** мозаичные аппликации, конструирование и рисование. пластилинография, наклеивание, прикладывание, раскатывание, прищипывание, сгибание, вырезание, пластилин, глина, песок*

«...Чем больше мастерства в детской руке, тем умнее ребёнок». В. А. Сухомлинский. В детском саду современные дети дошкольного возраста проводят большую часть своего сознательного времени. Поэтому задачей воспитателя является создание таких условий, при которых ребёнок развивался бы всесторонне и активно. Немаловажную роль в успешном интеллектуальном и психофизическом развитии играет мелкая моторика рук. Дело в том, что основную информацию об окружающем мире ребёнок получает через прикосновение. Именно через него происходит основное обогащение и накопление опыта, поэтому детям так необходимо все трогать, гладить, хватать и пробовать на вкус окружающие предметы. В эпоху Просвещения немецкий философ Иммануил Кант говорил о том, что «Рука – это своего рода внешний мозг!». Действительно, на кончиках пальцев располагаются множество рецепторов, которые посылают в центральную нервную систему человека импульсы. А воздействие на акупунктурные точки, расположенные на кистях рук, позволяет влиять на внутренние органы с целью регулирования их работы.

«Ум ребенка находится на кончиках пальцев» – эта известная фраза в полной мере характеризует развитие мелкой моторики. Мелкая моторика – это совокупность скоординированных действий нервной, мышечной и костной систем, часто в сочетании со зрительной системой в выполнении мелких и точных движений кистями рук и ног. В применении к моторным навыкам руки и пальцев часто используется термин «ловкость». Из определения можно понять, что развитие мелкой моторики, в соответствии с возрастом, является необходимым и важным этапом в жизни каждого ребенка. При рождении мелкая моторика развита на примитивном уровне – разглядывание пальцев и рук, затем развивается такой навык как удерживание вложенного предмета, но постепенно мелкая моторика ребенка совершенствуется и к школе он уже может управлять своими руками, держать карандаши, рисовать, а некоторые дети и писать.

Под продуктивной деятельностью мы понимаем – деятельность, в результате которой получается продукт: придуманные детьми рассказ или стихотворение, рисунок или поделка, поставленный спектакль или разыгранная сценка и многое другое. В детском саду к продуктивным видам деятельности относятся: рисование, конструирование, лепка, изготовление поделок, они развивают мелкую моторику пальцев.

При выполнении лепки, аппликации, оригами дети овладевают мелкими операциями: наклеивание, прикладывание, раскатывание, прищипывание, сгибание, вырезание, также у ребенка развивается эстетический вкус, дети учатся аккуратности и терпению, без которых в школе не обойтись.

Учеными давно доказано, чем больше продуктивных видов деятельности задействовано в жизни дошкольника, тем более развита его мелкая моторика и, соответственно, психические процессы. С самого

рождения ребенка родители используют всевозможные потешки, например, «Сорока-белобока», «Ладушки», но тем самым, они преследуют развлекательную функцию этих пальчиковых игр, не догадываясь, что таким образом, уже с рождения начинает развиваться мелкая моторика малышей. Как уже упоминалось выше, продуктивная деятельность одна из важнейших в развитии дошкольника. В практике с детьми можно использовать следующие виды продуктивной деятельности: лепка, аппликация, рисование и многие другие. Одним из наиболее эффективных средств является лепка. При лепке ребенок упражняет и развивает свои руки и пальцы. Здесь можно выделить разнообразие материалов: пластилин, глина, песок, и конечно соленое тесто.

При использовании любого из вышеперечисленных материалов для лепки массируются активные точки пальцев и, соответственно, улучшается работа всей нервной системы. Начинать использовать лепку для развития мелкой моторики необходимо с раннего возраста дошкольника и совершенствовать путем усложнения приемов и лепки мелких деталей. Затронув тему лепки, нельзя не упомянуть о пластилинографии. Создавая картины в этой технике, дети не только развивают мелкую моторику, которая способствует формированию речи, но также происходит обогащение сенсорного опыта ребенка, он может ощутить пластику, форму и вес. Картина, выполненная пластилинографией, помогает ребенку выразить эмоции, свое видение окружающего мира, сформировать эстетический вкус и развить координацию движений. Несомненно, с раннего возраста дошкольника можно начинать нанизывать бусины на нити, создавая всевозможные украшения, усложняя этот вид деятельности, необходимо перейти с бусин на бисер, а вместо ниток использовать леску. Использование этих материалов потребует определенного уровня мелкой моторики дошкольника.

Еще одним важным средством развития является бумага. Здесь ее использование безгранично: это и создание кукол для теневого театра, игрушки в технике оригами, обрывные и мозаичные аппликации, конструирование и рисование. Сравнительно новым видом продуктивной деятельности стали ниткопись и аппликация из нарезанных ниток. Эта работа очень кропотлива и требует усердия и усидчивости. Ниткопись также является прекрасным подспорьем для развития мелкой моторики у дошкольников.

Таким образом, можно сделать вывод, что для успешного формирования и развития мелкой моторики существует достаточное количество разнообразных видов деятельности. Педагог может варьировать использование методов совершенствования управления пальчиками, в зависимости от возраста ребенка. Лепка может иметь место быть с самого раннего возраста ребенка, затем необходимо вводить аппликацию, позже уже добавляются усложненные виды продуктивной деятельности, оригами, ниткопись, нанизывание бус и шитье. Продуктивные виды деятельности являются неотъемлемой частью при развитии мелкой моторики. А ее формирование, в свою очередь развивает речь, логическое мышление, память, произвольное внимание.

Для развития движений руки детей используются традиционные для массовых садов формы работы продуктивными видами деятельности такие как:

- мозаики;
- шнуровки;
- застёгивание и расстегивание пуговиц;
- штриховки;
- раскраски;
- работа с пластилином и т.д.

Все занятия с ребёнком должны приносить радость. Только в этом случае они принесут пользу и приучат всё исследовать и изучать.

Список используемой литературы:

1. Александра Артемьева: Развитие мелкой моторики у детей 3-5 лет. Методическое пособие, Сфера, 2017 г.
2. Багрянская А. Е. Развитие мелкой моторики у дошкольников через продуктивные виды деятельности // Вопросы дошкольной педагогики. — 2017. — №2.1. — С. 2-3.
3. Разунова Ю.В. Развитие моторики рук у дошкольников в нетрадиционной изобразительной деятельности., СПб-Каро, 2007г.
4. Амиралиев Ш. духовное богатство-от жизни. - Казахстанская школа, № 11-12, 1992.
5. Утебаева А. духовно – нравственное воспитание-главная цель. - Ж. Б. Коянбаев, Р. М. Коянбаев. Педагогика. - Алматы, 2004

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН БАСТАМАЛАР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

*Купеева Гулсара Амангелдиевна,
арнайы фармацевтикалық пән оқытушысы,
сарапшы-педагог,
Қызылорда медициналық жоғары колледжі,
Қызылорда қ.*

***Аңдатпа:** Мақалада білім беру сапасын жақсарту және жалпы білім беру жүйесінің дамуына ықпал ету үшін жасалған әртүрлі жобалар мен бағдарламалар сипатталған. Технологиялық және педагогикалық инновациялар туралы, сондай-ақ олардың оқу процесіне сәтті интеграциялану жолдары туралы егжей-тегжейлі баяндалады.*

Мақала іске асырылған бастамалардың нәтижелері мен тиімділігін талдайды, оқытудың дәстүрлі әдістерімен және оларды болашақта қолдану перспективаларымен салыстырады. Мұндай бастамалардың білім беру жүйесі, білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақтың мансаптық жолын дайындау үшін маңыздылығын атап көрсетеді.

Сондай-ақ, мақалада осындай жобалардың бастамашылары мен іске асырушылары кездесетін қиындықтар мен проблемалар талданады және оларды жеңудің мүмкін стратегиялары мен тәсілдері қарастырылады.

***Кілт сөздер:** білім, заман, жаңа технология, инновация, болашақ, даму*

Білім қоғамның дамуы мен болашақтың қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Бұл өсу мен прогресті қамтамасыз ететін іргелі элемент, сондықтан білім беру саласында жүзеге асырылған инновациялар мен бастамалардың маңызы зор.

Қазіргі уақытта білім берудің бірқатар жаңа және қызықты тенденциялары бар. Осындай инновациялық тәсілдердің бірі-цифрлық білімге көшу. Заманауи технологиялар мен онлайн-платформаларды пайдалану білім берудің қолжетімділігін кеңейтуге және неғұрлым интерактивті және серпінді оқу бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді. Бұл студенттерге қашықтықтан оқыту, өз бетінше оқу және жаңа педагогикалық тәсілдерді қолдану саласында жаңа мүмкіндіктер ашады. Мұндай платформалар оқу процесін жақсартуға, оны интерактивті және қолжетімді етуге көмектесетін әртүрлі құралдар мен ресурстарды ұсынады.[1, 45 б].

Білім беруде платформаларды пайдаланудың негізгі артықшылықтарының бірі-оқытуды даралау мүмкіндігі. Осындай платформалардың көмегімен студенттер өздерінің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын курстарды немесе бағдарламаларды таңдай алады, осылайша олардың нәтижелерін жақсартады. Мысалы, eLearning платформалары әр түрлі пәндер мен мамандықтар бойынша онлайн курстардың кең таңдауын ұсынады, бұл әр студентке өз қарқынымен дамуға және олардың білім деңгейіне сәйкес материалдарды таңдауға мүмкіндік береді.

Мұндай платформалардың тағы бір маңызды артықшылығы-барлығына білім беру мүмкіндігі. Олар орналасқан жеріне немесе уақытына қарамастан білім алуға және оқуға мүмкіндік береді. Онлайн курстар мен басқа да электрондық ресурстардың арқасында студенттер әлемнің кез келген жерінен білім ала алады, бұл әсіресе шалғай немесе халқы аз аймақтардың тұрғындары үшін маңызды.

Сонымен қатар, білім беру платформаларын пайдалану өзін-өзі оқыту және өзін-өзі дамыту дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Барлық материалдар электронды форматта қол жетімді болғандықтан, студенттер өз уақыттарын өз бетінше ұйымдастырып, өз бетінше оқуы керек. Бұл олардың жоспарлау, өзін-өзі тәрбиелеу және жауапкершілік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Сонымен, білім беру сапасын жақсартуға арналған платформалар интерактивті оқыту мүмкіндігін ұсынады. Мұндай платформалар көбінесе тапсырмаларды, тестілерді және студенттермен белсенді қарым-қатынастың басқа түрлерін қамтиды. Осының арқасында оқыту қызықты әрі есте қаларлық болады, бұл алынған білімнің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Жалпы, білім беру сапасын жақсарту үшін платформаларды пайдалану студенттерге көптеген артықшылықтар ұсынады. Олар өздерінің оқуын жекелендіре алады, әлемнің кез келген уақытында және кез келген жерінен білімге қол жеткізе алады, өзін-өзі оқыту дағдыларын дамыта алады және оқытудың интерактивті түрлерінен ләззат алады. Осылайша, платформалар қазіргі білім беру процесінде маңызды құралға айналады.

Білім беру саласындағы тағы бір маңызды бастама-практикалық оқытуға көбірек көңіл бөлу. Тек фактілерді оқу мен есте сақтаудан тұратын дәстүрлі оқу бағдарламасы студенттердің белсенділігі мен шығармашылық ойлауын әрдайым ынталандырмайды. Оның орнына, студенттердің болашақ кәсіби өмірінде кездесетін нақты жағдайлар мен қиындықтарға негізделген оқытудың практикалық тәсілі қажет.

Бұл тәсіл студенттердің проблемаларды шешу, топтық жұмыс және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.[2, 78 б].

Бүгінгі таңда практикалық оқыту жаңа дағдыларды игеру және кәсіби құзыреттілікті дамыту процесінде жетекші рөл атқаратыны бұрынғыдан да айқын. Осы өсіп келе жатқан түсініктің арқасында студенттердің практикалық білімін дамытуға бағытталған бастамаларға көбірек көңіл бөлетін білім беруде жаңа тәсілдерді енгізу қажеттілігі туындайды.

Практикалық оқытудың маңыздылығын бағаламауға болмайды. Бұл студенттерге өз білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға, сыни ойлауды дамытуға, жаңа идеяларды қалыптастыруға және шығармашылық шешімдер табуға мүмкіндік береді. Өздерін нақты жағдайларда сезіну арқылы студенттер құнды тәжірибе жинақтайды және өздерінің күшті және әлсіз жақтарын біледі. Бұл оларға өз салаларында тәуелсіз және сенімді маман болуға мүмкіндік береді.

Практикалық оқытуға бағытталған бастамаларды белсенді түрде тарату қажет. Мұндай бастамаларды көтермелеудің негізгі тәсілдерінің бірі оқу орындары мен кәсіпорындар арасында ынтымақтастық орнату болып табылады. Бұған студенттерге нақты тәжірибе алуға мүмкіндік беретін білім мен ресурстармен алмасу арқылы серіктестік бағдарламаларды әзірлеу арқылы қол жеткізуге болады. Мұндай бағдарламалар студенттерге өз білімдерін іс жүзінде қолдануға, кәсіби мамандардан кері байланыс алуға және болашақ жұмысқа дайындалуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, практикалық оқыту білім берудің барлық деңгейлерінде оқу жоспарларында болуы керек екенін түсіну қажет. Балабақшалардағы тәрбиешілердің белсенді рөлінен бастап жоғары деңгейдегі кәсіптік білімге дейін әр адам өз білімін іс жүзінде қолдана білуі және олардың тиімділігін бағалай білуі керек. Бұл қазіргі заманғы қиындықтарды сәтті жеңе алатын сенімді және сауатты жұмыс күшін құруға көмектеседі.

Білім берудегі практикалық оқыту белсенді түрде таратылуы және ынталандырылуы керек маңызды бастама болып табылады. Бұл студенттерге практикалық дағдыларды игеруге, сыни ойлауды дамытуға және нақты қиындықтарға дайын болуға мүмкіндік береді. Бұл бастаманы білім беруде іске асыру қазіргі қоғамның дамуына және еліміздің болашақ өркендеуіне ықпал ететін болады.[3, 69 б].

Білім берудегі инновациялардың тағы бір қызықты бағыты-студенттердің жетістіктерін бағалау мен түсінудің дәстүрлі жүйесін қайта қарау. Бағаларды қатаң жіктеудің орнына студенттердің жетістіктері туралы икемді түсінік қабылданады. Студенттердің портфолиосын, жобаларын және жеке дамуын пайдалану, сондай-ақ практикалық тапсырмалар мен міндеттерге бағалау жүргізу олардың білімі мен дағдыларын неғұрлым объективті анықтауға ықпал етеді.

Сандық көрсеткіштерге және студенттер арасындағы салыстыруға негізделген дәстүрлі бағалау жүйесінің шектеулері бар. Ол әрдайым әр баланың ерекше қабілеттері мен әлеуетін дұрыс көрсете алмайды. Сонымен қатар, ол бәсекелестік пен стресстің атмосферасын құра алады, бұл жалпы мотивация мен оқуға деген ұмтылысқа кері әсер етеді.

Технологияның дамуымен және білім берудегі жаңа тәсілдермен бұл жағдайды өзгертуге көбірек мүмкіндіктер пайда болатыны қуантады. Студенттердің жетістіктерін бағалау мен түсінудің жаңа әдістері әр баланың жеке ерекшеліктеріне назар аударады және түпкілікті нәтижеге емес, оның дамуы мен дамуына назар аударады.

Бағалау жүйесіне өзгерістер әкелетін инновациялардың бірі-формативті бағалау тәжірибесі. Бұл студенттерге оқудың әр кезеңінде кері байланыс беру, осылайша олар өздерінің жетістіктері мен жетістіктері туралы қорытынды жасай алады. Формативті бағалау оқу процесін жақсартуға мүмкіндік береді және әр студентке жеке дамудың негізін құра отырып, олардың күшті және әлсіз жақтарын жақсы түсінуге көмектеседі.

Бағалау жүйесін өзгертетін тағы бір қызықты идея-портфолионы пайдалану. Студенттер өздерінің маңызды жұмыстарын, жетістіктері мен жобаларын сақтайтын электрондық немесе қағаз портфолиоларын қолдай алады. Бұл тәсіл студенттердің қатысуы мен тәуелсіздігін ынталандырады, сонымен қатар олардың оқу процесінде өз жетістіктерін көруге көмектеседі.

Білім беруге көбірек енгізіліп жатқан дамып келе жатқан технологиялар туралы да ұмытпау керек. Виртуалды және кеңейтілген шындықты пайдалану, машиналық оқыту және деректерді талдау сияқты инновациялық бағалау әдістері студенттердің жетістіктерін дәлірек бағалауға және жекелендірілген кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.[4, 103 б].

Студенттердің жетістіктерін бағалау мен түсінудің дәстүрлі жүйесін қайта қарау білім берудегі маңызды және қажетті жаңалық болып табылады. Жеке дамуға негізделген және дағдылар мен білімді қалыптастыруға баса назар аударатын жаңа тәсілдер әр студенттің әлеуетін барынша тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл білім беру процесін жақсартуға ғана емес, сонымен қатар әр баланың дамуы мен өсуіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, білім беру саласында іске асырылған бастамалар мен инновациялар тиімді және заманауи білім беру жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар оқуды қол жетімді және қызықты етуге, сондай-ақ студенттердің қазіргі әлемде сәтті бейімделуі үшін қажетті дағдылар мен білімді дамытуға мүмкіндік береді. Осы инновацияларға сүйене отырып, біз болашаққа сенімді түрде қарап, барлығына қолайлы білім беру ортасын жасай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Обновленное содержание образования – веление времени. Анохина Е.Л.
2. Қазбекова Н.Т. “Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану”. // 12 жылдық білім, 2006-№1.
3. Обновленная программа – новое содержание образования. Пиржанов А.З.
4. Сербин В.В. Технология создания электронных учебно-методических комплексов средствами мультимедиа. — Алматы: Мектеп, 2004. — 260 с.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

Куракаева Жарқынай Ермековна,

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
№23 ЖББМ КММ,
Орал қ.*

***Аннотация:** Қазақ тілі сабақтарында тыңдата білу, сөйлесу үшін тыңдай білу, тыңдалған ақпаратты қолдана білуге үйрету және тыңдалған ақпараттың меңгерілуі өте маңызды. Тыңдалым әрекетін меңгерту үшін тіл үйренушілерге қойылатын талаптар ақпаратты таңдау, тыңдатуға арналған құрал-жабдықтар, сонымен қатар тіл үйренушінің тыңдалған ақпаратты қабылдауы керек. Тыңдалым дағдысы - ең күрделі дағдылардың бірі болып табылады. Тыңдалымды меңгеру тәрбиелік, ой-өрісін дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөйлеу тілін есту арқылы түсінудің тәрбиелік маңызы баланың жадының дамуына, есту жадының қазақ тілін үйрену үшін оң әсерін тигізеді.*

***Кілт сөздер:** жаңартылған білім беру мазмұны, ақпараттық технология, ізденімпаз мұғалім, тыңдалым дағдысы, тыңдау, сөйлеу.*

Білім беру жүйесін жаңғырту – бүгінгі заманның басты талабы. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңа ақпараттық технологиялар жүйелі енгізіліп келеді. «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз» - деген К.Д.Ушинский. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Жаңартылған білім беру мазмұны мен оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыруда және оқушының белсенділігін арттыруда пән мұғалімдеріне өздерінің сабақтарында оқытудың әр түрлі тәсілдерді тиімді қолдану ұсынылып келеді. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай кеңінен қолдануға ұсынылатын технологиялар мен әдістер: жобалық оқыту, проблемалық оқыту, топтық оқыту жүйесі, саралап оқыту, зерттеу әдісі, сыни ойлауды дамыту, модульдік оқыту. Көрсетілген технологиялар мен әдістер, сондай-ақ басқа да тәсілдер мұғалімнің сабаққа белгілі бір дәрежеде дайындығын талап етеді. Білім мамұнынада төрт дағды оқушының сөйлеу әрекетін, тілін қалыптастырады. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі оқушыларға қазақ тілін үйретуде айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдылары арқылы оқу мазмұнын меңгертуді және оларды күнделікті өмірде тиімді қолдана білуге үйренеді.

Адамдар күнделікті өмірде бір-бірімен қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал қарым-қатынас сөйлесуден тұрады. Өзге тілді аудиторияда қазақ тіліндегі ақпаратты тыңдап, оны түсіне білуге үйрену – жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижелі болуынан. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында тыңдата білу, сөйлесу үшін тыңдай білу, тыңдалған ақпаратты қолдана білуге үйрету және тыңдалған ақпараттың меңгерілуі өте маңызды. Тыңдалым әрекетін меңгерту үшін тіл үйренушілерге қойылатын талаптар, ақпаратты таңдау, тыңдатуға арналған техникалар, сонымен қатар тіл үйренушінің тыңдалған ақпаратты қабылдауы, есте сақтауына байланысты сұрақтар туындайтыны белгілі. Тыңдалым дегеніміз – тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым дағдысы- әлеуметтік маңызы бар және сонымен бірге ең күрделі дағдылардың бірі. Тыңдалымды меңгеру тәрбиелік, ой-өрісін дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөйлеу тілін есту арқылы түсінудің тәрбиелік маңызы баланың жадының дамуына, ең алдымен, есту жадының қазақ тілін үйрену үшін ғана емес, сонымен қатар басқа да кез келген пәнге де оң әсерін тигізеді. Тыңдалымның басты критерийі - естігенді жеткілікті дәрежеде түсіну.

Тыңдалым мәтінін түсіну деңгейлері:

1. Мәтінді фрагментарлы (үстіртін) түсіну деңгейі тыңдаушының тыңдап-түсіну дағдысының қалыптаспағандығын көрсетеді.

2. Мәтінді жалпы (ауқымды) түсіну деңгейі, ең алдымен, тақырыпты түсіну мәтін мағынасын және оның негізін құрайтын – кілт сөздер арқылы түсінуге негізделеді.
3. Мәтінді толық (детальді) түсіну деңгейі тыңдалым барысында қарапайым мнемоникалық және логикалық-мағыналық іс-әрекеттерді біріктіру дағдыларының болуымен сипатталады.
4. Сыни түсіну деңгейі аудиомәтінді бағалаумен, қабылданған ақпарат мазмұнына интерпретация жасау және мағыналық өңдеумен байланысты болады.
- Тыңдалым мәтінімен жұмыс барысында оқушылардың мәтінді жалпы түсіну деңгейі, толық түсіну деңгейі, сыни түсіну деңгейі бағаланады.
- Тыңдалым дағдысы бірнеше ішкі дағдылардан тұрады:
1. Мазмұнын түсіну үшін тыңдау – жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін тыңдау.
 2. Нақты ақпараттарды алу үшін тыңдау - тыңдалымдағы қажетті ақпараттарды алу үшін тыңдау. Мысалы, теміржол вокзалында өзіңізге қажет уақытты немесе пойызды білу үшін сол ақпаратты ғана тыңдайсыз, басқа ақпаратты қажет қылмайсыз.
 3. Детальді түрде тыңдау- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін әрбір сөзін зер салып тыңдау, түсіну. Мысалы, маңызды жаңалықтар айтылғанда, оны дұрыс түсіну үшін әрбір сөзін мұқият тыңдап шығасыз.
 4. Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау – сөйлеушінің көңіл-күйін, не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.
 5. Интенсивті тыңдалым – сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат – оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Мысалы, белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өткен кезде тыңдалымды пайдалану, бірақ бұл жерде басқа дағдыларды араластыруға болмайды.
 6. Экстенсивті тыңдалым - үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды тыңдау.
- Мәтінді тыңдату саны және көлемі оқушының ауызша сөйлеуді қабылдау жылдамдығына сай болады. Осыған байланысты мұғалім тыңдалымды алдын ала мұқият жоспарлап, тапсырмаларды бірте-бірте күрделендіруге назар аудару керек. Тыңдалым мақсатына, тапсырма түріне, тілді меңгеру деңгейіне, мәтіннің ерекшеліктеріне және тақырыптың күрделілігіне байланысты мәтін бірнеше рет тыңдатылады. Мысалы, бір мәтінді екі рет тыңдату тыңдалымнан кейінгі мазмұндау немесе талқылау жоспарланғанда жүргізіледі. Тыңдалым дағдысын дамытуда қалыптастырушы тапсырмаларды орындау барысында да мәтін бірнеше рет қайталанып тыңдатылады. Мәтін көлемі дыбысталу барысында оқушылардың ақпаратты қабылдау және есте сақтау мүмкіндіктерін ескере отырып беріледі және ол өз кезегінде мәтінді терең түсінуді анықтайды. Оқушының қазақ тілін тыңдалым арқылы қабылдап, түсінуінің нәтижелі болуын анықтайтын факторлар:
1. Тілдік хабарламаның қарқыны тілдік материалды нақты және жылдам түсінуді ғана емес, есте сақтау қабілетін де анықтайды.
 2. Тыңдалымның нәтижелі болуы тілдік хабарламаның көлемі және оны тыңдау уақытына да байланысты.
 3. Мәтін көлемі оқушының тілді қаншалықты меңгеруіне қатысты, егер мәтіннің көлемі үш минуттан артық болмаса, оқушының оны қабылдап, қорытындылауы жеңіл болады.
- Тыңдалым бойынша оқу мақсаттары келесі тыңдалым дағдысын дамытуға бағытталған:
1. Болжау. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтайды, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады. Мәтін алды тапсырма түріне жатады: оқушыларға алдын-ала мәтін тақырыбы, тірек сөздер, суреттер ұсынылады. Оқушылар ұсынылған материал бойынша мәтін мазмұнына болжам жасайды. Мәтінді тыңдап болған соң салыстырады.
 2. Назарын шоғырландырып тыңдау. Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектiлеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді, берілген ақпаратты жүйелейді.
 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну. Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
 4. Көркем шығармаларды тыңдау. Драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені анықтайды, көркем шығарманы тыңдап, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды.
 5. Негізгі ойды анықтау. Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды, мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтайды.
 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру. Оқушы көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдап және салыстырып, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеп, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізе білуі тиіс. Тыңдалған мәтін негізінде оқушылар ашық сұрақтарға жауап бере отырып, шынайы өмірмен байланыс орнатады. Өз ойын дәлелді жеткізу, өзгенің пікірімен салыстыру, сыни баға беру тапсырмалары беріледі

Тыңдалым тапсырмаларын әзірлеуде тыңдалымды ұйымдастыру кезеңдерін есте сақтау керек. Аудиомәтінмен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

1. Тыңдалым алдындағы жұмыс
2. Тыңдалым жұмысы.
3. Тыңдалымнан кейінгі жұмыс.

Тыңдалым дағдысының негізгі кезеңі – бұл тыңдалым алдындағы жұмыс, яғни мәтінді тыңдатпай тұрып берілетін тапсырмалар. Бейне/аудио материалдарды бірден қосып, тыңдатып, тапсырмаларды беруге болмайды. Тыңдалымға дейін тақырыпты хабарлап, тақырыпқа болжау жасайды. Тақырып бойынша оқушылардан не білетіндерін сұрауға, мәтінде кездесетін кейбір жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру жұмыстарын жүргізуге болады. Келесі кезең – тыңдалым және түрлі тапсырмаларды орындау кезеңі. Мұғалім алдын ала оқушылардың назарын мәтінді мұқият тыңдауға аударады. Ол үшін оқушылар мәтінді не үшін, қандай мақсатпен тыңдау керектігін білуі тиіс. Тыңдалымнан кейінгі жұмыс кезеңінде тыңдалған аудио/бейне материал негізінде «Бес минуттық эссе» жазу, монолог дайындау, диалогқа қатысу, өзіңіз болжаған оқиғаны мәтін қорытындысымен салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын табу; мәтін үзіндісін тыңдап, сұрақтарға жауап беру; тыңдалған мәтінді бір сөйлеммен тұжырымдау; «келісемін, келіспеймін» ұстанымының бірін таңдап, пікірін білдіру т.б. жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Күнделікті сабақ барысында тыңдалым дағдысы арқылы оқушыларға мемлекеттік тілді меңгертіп келеміз. Сабақ үрдісінде мұғалім тыңдалым дағдысын жаңа техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырады. Қазақ тілі сабақтарында оқушының тыңдап-түсіну арқылы қазақ тілінде ойларын жеткізудің бірден-бір тиімді әдісі.

Қорыта айтқанда, білім беру жүйесінде мұғалім өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Өйткені, бүгінгі білім алушы - ертеңгі маман иесі. Сондықтан, білім беру саласына мемлекет тарапынан жасалып жатқан түрлі жаңалықтарды меңгеріп, толығымен жүзеге асырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Құлмағамбетова «Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2014ж.55б
2. Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020ж.

УДК 372.857

АКТУАЛЬНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ КОГНИТИВНОЙ ВИЗУАЛИЗАЦИИ ДЛЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ В ВУЗАХ

Куркина Мария Валерьевна,

магистрант,

научный руководитель: Жузбаева Гульмира Окебаевна,

к.б.н., ассоциированный профессор,

профессор кафедры зоологии,

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,

г. Караганда

Аннотация: В данной статье изучается актуальность и потенциал применения когнитивной визуализации при обучении биологии в рамках высшей школы. Приводится обоснование её значимости для современного образования как пути преодоления недостатков феномена «клипового мышления», что, в свою очередь, является необходимым условием для непрерывного образования. Анализируется опыт применения приёмов когнитивной визуализации зарубежными коллегами при обучении будущих специалистов естественнонаучным дисциплинам, в том числе биологии.

Ключевые слова: когнитивная визуализация, учебно-познавательная деятельность, клиповое мышление, естественнонаучное образование, биология, высшая школа.

В современном мире люди, которые обладают высокоразвитым логическим мышлением и способны осуществлять критический анализ окружающей действительности, играют важную роль для общества. Они способствуют развитию конкурентоспособности организаций, стран и регионов. В связи с этим наблюдается возрастание требований к подготовке специалистов в системе высшего образования. На сегодняшний день выпускники вузов должны не только обладать профессиональными знаниями и умениями, но и демонстрировать способность к анализу и систематизации информации, выделению существенных характеристик объектов и явлений, выстраиванию абстрактных связей, аргументации своей точки зрения – другими словами, обладать высокоразвитым логическим мышлением.

Одной из ключевых задач высших учебных заведений является развитие логического мышления у студентов. Суть этого процесса заключается в способности делать обоснованные выводы из имеющихся предпосылок, выявлять причинно-следственные связи и отношения между объектами и явлениями в окружающей действительности. Критерием логического мышления является умение отделять существенное от второстепенного, критически оценивать как собственные, так и чужие мысли, обнаруживать взаимосвязи, подводить итоги, формулировать выводы и использовать научный стиль изложения. Неотъемлемой частью логического мышления является его абстрактная вербальная форма реализации, которая осуществляется при помощи логических операций с понятиями и функционирует на основе языковых средств и символов. Таким образом, логическое мышление тесно связано с речью, в которой мысль обретает форму и развивается. [1].

В процессе обучения в вузе студенты часто сталкиваются с трудностями в усвоении учебного материала, понимании терминологии и определений, а также при построении умозаключений и формулировании выводов. В свете этих сложностей возникает необходимость в разработке и внедрении инновационных педагогических технологий, которые выдвигают в качестве ключевых концептуальных положений следующие:

- опережающую роль обучения в развитии личности;
- субъектность обучающегося в учебном процессе;
- акцент на формирование способов умственных действий;
- ведущую роль мышления в овладении основами наук [2].

Внешняя среда значительно ускорила и усложнилась. Для того чтобы соответствовать требованиям этого времени и оставаться конкурентоспособным в современном мире, необходимо ускорение темпа взаимодействия с окружающей действительностью. Это подразумевает сокращение времени между восприятием, обработкой и передачей информации, то есть требуется увеличение скорости и объема этих процессов. Как отмечено П.А. Левачевым, «скорость мировосприятия становится критическим фактором успеха». Изменился также характер передаваемой и воспринимаемой информации: от привычных знаков и линейных текстов произошёл переход к синтетическим формам (информация, звук, видеоизображение, образ). Эти изменения не могут не оказывать воздействие на современное мышление, способствуя его развитию от формального к образному [3].

В условиях, где происходит ускоренное развитие и увеличение информационных операций, а текстовые источники постепенно уступают место мультимедийным и цифровым форматам, наблюдается тенденция в развитии современного массового типа мышления. Эта тенденция представляет собой новый когнитивный стиль, известный как «клиповое мышление», который, по всей видимости, является защитным или адаптационным механизмом к сложившимся агрессивным информационным условиям [4,5]. Т.В. Семеновских рассматривает особенности и свойства данного типа мышления на междисциплинарном уровне и, в особенности, применительно к высшим учебным заведениям. В своих работах автор определяет данный феномен как «процесс отражения множества разнообразных свойств объектов, без учета связей между ними, характеризующийся фрагментарностью информационного потока, алогичностью, полной разнородностью поступающей информации, высокой скоростью переключения между фрагментами информации, отсутствием целостной картины восприятия окружающего мира» [5, с. 1-2].

Распространенность технологии визуализации учебной информации при изучении естественнонаучных дисциплин объясняется, прежде всего, обилием научных терминов и понятий, вызывающих затруднения при запоминании и их усвоении. Теоретический когнитивный процесс визуализации и этапы визуализации в естественнонаучном образовании рассматривается в трудах ряда зарубежных авторов, таких как Шенборн К.Дж., Андерсон Т.Р. и Мнгуни Л.Е. [6-7]

Важно различать термины «наглядность» и «визуализация»: «Если понятие «наглядность» связано с демонстрацией конкретных моделей, вещей, предметов, процессов, явлений, опытов, то есть какого-либо уже существующего образа, заданного заранее, то визуализация предполагает процесс формирования мыслеобраза и вынесение его из внутреннего плана деятельности человека. Это своего рода проекция несуществующего образа. Визуализация является сложным психологическим процессом, который оказывает влияние на развитие зрительной памяти, ассоциативного, образного и логического мышления обучающихся» [8]. Продукты когнитивной визуализации представляют собой интеллект-карты, схемы, графики, таблицы матрицы, иерархии, сценарии, структурные блок-схемы, опорные конспекты, и многое другое.

Приемы когнитивной визуализации информации могут повысить эффективность и качество подготовки будущих специалистов. Так Колмаковой Л.А. выявлена положительная динамика сформированности мотивационного, операционно-содержательного и рефлексивного компонентов учебно-познавательной деятельности обучающихся техникума на занятиях химии и биологии [9].

Результаты использования приёмов когнитивной визуализации также отмечены и в вузах. Согласно итогам опытно-практической работы, проведённой Лев Я.Б. и Яскиной О.А., при применении когнитивной визуализации наблюдается значительное повышение уровня активизации деятельности студентов и уровня обученности по сравнению с контрольной группой. Студенты самостоятельно осваивают

положения, раскрываемые на занятиях, легко переносят знания в новые ситуации, за короткое время достигают высокого уровня знаний и методов их получения, овладевают знаниями и способами действий. При проведении эксперимента авторами использовались такие приёмы когнитивной визуализации как: таблица, график, схема, «Кольца Венна», интеллект-карты, скрипты.

Для актуализации знаний авторы рекомендуют использовать «Кольца Венна», поскольку данный приём позволяет выявить у обучающихся умение воспроизводить ранее изученный материал. Интеллект-карты предлагается применять на этапе закрепления изученного материала для создания условий, при которых обучающиеся могут оценить свою работу, выявить имеющиеся пробелы в знаниях и определить направление своей работы для устранения данных пробелов [10].

Таким образом, благодаря использованию когнитивной визуализации при обучении биологии создается новая образовательная среда, которая стимулирует навыки сбора и анализа информации, структурирования знаний и их усвоения. На наш взгляд, изучение применения когнитивной визуализации в высшей школе можно считать одним из перспективных направлений современной дидактики.

Список использованной литературы:

1. Струк Е.Н. Использование приемов когнитивной визуализации (на примере кроссенс) для развития логического мышления студентов вуза // Социальная компетентность. 2019. Т. 4. № 4. С. 363–369.
2. Селевко Г.К. Руководство по организации самовоспитания школьников. М.: Народное образование. 2000. 112 с.
3. Левачев П.А. Особенности мышления и научного познания в современном мироустройстве // Интеграция образования. 2005. №1-2. С. 84-89.
4. Фрумкин К.Г. Откуда исходит угроза книге // Знамя. 2010. № 9. URL: <http://magazines.russ.ru/znamia/2010/9/fr.html> (дата обращения: 01.02.2024).
5. Семеновских Т.В. Феномен «клипового мышления» в образовательной вузовской среде // Науковедение. 2014. № 5(24). С 134.
6. Schönborn KJ, Anderson TR: Bridging the educational research-teaching practice gap – foundations for assessing and developing biochemistry students' visual literacy. Biochem Mol Biol Educ 2010, 38(5):347-354. 10.1002/bmb.20436 (дата обращения: 02.04.2024).
7. Mnguni, L.E. The theoretical cognitive process of visualization for science education. SpringerPlus 3, 184 (2014). <https://doi.org/10.1186/2193-1801-3-184> (дата обращения: 02.04.2024).
8. Дочкин С.А., Мичурина Е. С. Технологии визуализации знаний как необходимый аспект подготовки преподавателей университета // Профессиональное образование в России и за рубежом. 2014. № 3 (15). С. 56–60.
9. Колмакова Л.А. Практика применения когнитивной визуализации учебной информации для совершенствования учебно-познавательной деятельности обучающихся профессиональных образовательных организаций // Письма в Эмиссия.Оффлайн. 2015. № 11. URL: <http://www.emissia.org/offline/2015/2429.htm> (дата обращения: 03.02.2024).
10. Лев Я.Б., Яскина О.А. Применение приемов визуализации информации как средство формирования естественнонаучной грамотности // Проблемы современного педагогического образования. 2021. №72-4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-priemov-vizualizatsii-informatsii-kak-sredstvo-formirovaniya-estestvennonauchnoy-gramotnosti> (дата обращения: 01.02.2024).

ЭОЖ 373.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЖАҢА МАТЕРИАЛДЫ МЕҢГЕРТУ САБАҚТАРЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ-ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Куспанова Гулбар Кайрбековна,

Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі БББ

магистранты

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

Орал қ.

Аннотация: Мақалада бастауыш мектепте жаңа материалды меңгерту сабақтарында проблемалық диалогтық оқыту технологиясын қолданудың ғылыми негіздеріне тоқталып, әдістемелік бағыттары сөз болады. Қазақ тілі сабағында жаңа материалды зерттеушілік әңгіме әдісі арқылы меңгерудің әдістемелік жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: проблемалық-диалогтік оқыту, бастауыш мектеп, жаңа сабақ, зерттеушілік әңгіме, таным, қызығушылық, шығармашылық.

Білімнің бастауы – бастауыш. Бастауыш білім – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қалыптаса бастайтын, жаңа білімді игеруге қызығушылығы оянатын кезең. Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан бастауыш буында оқытылатын материал, берілетін ресурс зерттелген, тиімді әрі пайдалы болу керек. Әсіресе, бастауыш сыныпта жаңа білімді игеруге үлкен мән берілу керек. Бұл кезеңде жаңа материалды меңгертуде мұғалімнің алатын орны зор. Себебі бұл кезеңде оқушылардың өзбетімен жұмыстану, білімді өздіктерінен меңгеру дағдылары қалыптаса қоймайды.

Бастауыш сынып оқушыларының білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда сабақтың тиімді өтуіне негіз боларлық барлық мүмкіндіктер бар. Білім сапасы оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасына байланысты. Жаңа білім алу үдерісі мұғалім мен оқушыны шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді. Білім беру үдерісінде сабақтың әр кезеңін сапалы, нәтижелі ұйымдастыра білу мұғалімнің шеберлігіне тікелей байланысты. Тақырыпты болжау, қызығушылық ояту, жаңа материалды меңгерту, бекіту кезеңдерінде берілетін әдіс-тәсілдер мен ресурстар арасында логикалық бірізділік, байланыс болуы маңызды. Табысты білімге бағдарланған оқу үдерісі тиынақты білім беруді көздейді. Мұндай үдерісте оқушылар жетекші сұрақтар қояды, өз идеялары мен жолдастарының идеяларын талдай отырып, проблемаларды шешу жолдарын іздестіреді, дегенмен, жаңа материалды меңгертуде мұғалімнің әдістемелік жұмысында бірқатар олқылықтар бар екені байқалады. Сол себептен қазақ тілі сабағында жаңа материалды меңгертуде оқушыларды жаңаны білу жолындағы ақпараттарды ойлауға, бағалауға, талдауға, қарсы немесе баламалы пікірлер айтуға дағдыландыру мәселелері өзекті мәселелердің біріне айналып отыру деуге болады.

Проблемалық-диалогтік оқыту технологиясы оқушылардың танымдық қабілетінің дамуына ықпал етіп, оқушыны өз бетінше шешім табуға дайындайды. Бұл технологияның басты ерекшелігі – жаңа білім дайын түрде берілмейді. Балалар өз бетінше зерттеу әрекеті барысында оларды өздері ашады: балалар өздері ашқан және өзінше ұсынған нәрселерді жақсы меңгереді. Мұғалім бұл әрекетті тек бағыттап, соңында қорытындылайды. Мұндай сабақтарда оқушылар көбірек ойлайды, жиі сөйлейді, ойлауы мен сөйлеуі белсенді түрде қалыптасады. Олар өздерін қорғауға, тәуекелге баруға, бастама көтеруге және нәтижесінде мінез құлқын дамытуға үйренеді.

Проблемалық диалогтік оқыту – бұл мұғалім арнайы ұйымдастырған диалог арқылы оқушылардың шығармашылық білім алуын қамтамасыз ететін оқыту. Проблемалық-диалогтық технология оқушылар оқу проблемасын қойып, шешуі үшін қалай оқыту керек деген сұраққа толық жауап береді. «Проблемалық диалог» тіркесіндегі бірінші сөз жаңа материалды оқып-үйрену сабағында екі бөлікті пысықтау керектігін білдіреді: оқу мәселесін қою және оның шешімін табу. Проблеманы құрастыру – сабақ тақырыбын немесе зерттеу сұрағын құрастыру кезеңі. Шешімін табу – жаңа білімді тұжырымдау кезеңі. «Диалог» сөзі мұғалімнің арнайы құрастырған диалогы барысында оқушылардың проблема қойып, оның шешімін іздеуін білдіреді [1].

Жаңа материал – оқу мақсатына сай берілетін негізгі білім. Жаңа материал бастауыш сыныпта мұғалімнің тікелей басшылығы, түсіндіруі, қолдауы арқылы беріледі. Бастауыш сыныпта жаңа тақырыпты меңгертуде проблемалық-диалогтік оқытудың бір түрі ретінде зерттеушілік әңгіме немесе зерттеушілік сұрақтың рөлі маңызды. Жалпы сабақтың өн бойында диалог, сұрақ-жауап үздіксіз жүріп отырады. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасар болсақ, зерттеу жұмыстарын талдау барысында оқушылардың білім алуы, тыңдауы және сөйлеуі арасындағы байланыс анықталады. Барнс (1976) пен Мерсердің (2000) айтуынша, зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп көрсетеді. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема, яғни мәселе болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады; идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді; ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. Дұрысында, оқушылар бірге ойланады. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйеніп отырады. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетуде. Зерттеулерде интерактивті қарым-қатынас бағытындағы жұмыстың балалардың оқуына және дамуына оң әсер ететіндігі айтылған. Сабақ барысындағы зерттеушілік әңгіменің тиімді жақтары көп:

1. Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді.
2. Басқаларда түрлі идеялардың болатындығын түсінулеріне көмектеседі.
3. Оқушылардың өз идеяларын жарыққа шығаруға көмектеседі.
4. Мұғалімдерге білім беру барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін анықтауға көмектеседі.

Білім берудегі зерттеушілік әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының нәтижесінде білім алу үдерісі алға жылжиды. Зерттеушілік әңгіме жүргізу үстінде:

- әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;

- әркімнің идеясы бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
- қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді;
- оқушылар келісімге келуге тырысады.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушылардың тақырып бойынша және сындары сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және бекітуге көмектеседі;
- оқушылардың сыни ойлауына ықпал етеді;
- ойын жинақтауға және зейін шоғырландыруға көмектеседі [2].

Жаңа сабақты диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгімесі бойынша оқушыларға сұрақ қою арқылы үйрете отырып, оқушылардың пәндік шығармашылық қабілетін арттыратын, сыни ойлай білетін тұлға даярлау бағытындағы жұмыстарды алға қою керек. Сонда ғана оқушылар өз ойларын дәлелдеуге, еркін жеткізуге дағдыланады. Диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгімесі арқылы оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығы артады, ашық сұрақ қоюға дағдыланады, шығармашылық қабілеттері ашылады. Бұл әдісті қолдану тиянақты болуға, барлық көзқарастарға көңіл бөлуге тәрбиелейді. Тәжірибемізге диалогтік оқытудың зерттеушілік сұрақ тәсілін жаңа материалды меңгерту үшін тиімді енгізе алдық. Ең алдымен, оқушылардың жаңа тақырыпты болжауы үшін зерттеушілік сұрақтарды жеке жұмыс үшін ұсынуға болады.

Мысалы, 3-сыныптағы қазақ тілі пәнінен «Тіл және сөйлесу» бөлімі аясында тақырыпқа кіріспе үшін мынадай зерттеушілік сұрақтар ұсындық:

1. Сөйлеу не үшін керек?
2. Сөйлеуге қандай дене мүшелері қатысады?
3. Сөйлеу үшін өкпенің қызметі қандай?
4. Сөйлеу тілі қалай пайда болды деп ойлайсың?
5. Сөйлеу тілі болмаса, адамдар бір-бірімен қалай сөйлесер еді?
6. «Хайуанттардың өз тілі бар» дегенді қалай түсіндірер едің?

Зерттеушілік сұрақтарды жеке немесе жұпқа ұсынуға болады. Бұл сұрақтарға оқушылар жаратылыстану ғылымдарынан алған білімдерін қолданып жауап береді. Сонымен қатар, бұл сұрақтарға жауап берген кезде шағын зерттеу жасайды.

Бастауыш сыныпта жаңа тақырыпты меңгеруде сурет бойынша берілетін зерттеушілік сұрақтар әдісі оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін арттыратыны сөзсіз. Бір ескеретіні зерттеуге ұсынылатын суреттің астарлы ойы немесе сюжеті болуы керек. Сурет те, сұрақ та оқушыны сыни ойлауға, зерттеуге жетелеуі керек. Мысалы, 3-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінен «Су – тіршілік көзі» тарауы аясында баланың гүлге су құйып тұрғаны; қыздың су ішіп отырғаны; баланың суға шомылып жатқаны сияқты суреттер ұсынып, мынадай зерттеушілік сұрақтарды беруге болады:

1. Берілген суреттерде ортақ не бар? Ата.
2. Суретке қандай мақал-мәтел айтуға болады?
3. Сурет бойынша қандай қорытынды шығаруға болады?

Бұл тапсырмада оқушылар суреттерге назар сала қарап, шағын зерттеу жасайды. Суреттегі әр детальға мән береді. Сұрақ пен суреттің арасындағы байланысты анықтайды. Суретті зерттеуге бағытталған сұрақтар негізінде жаңа тақырыпты болжайды. Суреттің орнына бейнеролик, ән т.б. өнер туындыларын ұсынуға болады. Ең бастысы, ұсынылған объектілер жасырын ойы немесе сюжеті болуы керек.

Зерттеушілік сұрақты көркем мәтін негізінде берсек, оқушыларда зерттеу нысаны болады. Зерттеушілік сұрақ арқылы мәтіннің мазмұнына, сөздік қолданысына, сөздердің мағынасы мен орынды жұмсалуына баса назар аударады. Мұғалімдер үшін топтық жұмыс кезінде диалогтік оқытудың маңызды зор. Себебі оқушылар өз ойларын белігілі бір мәтінге, фактіге сүйеніп, дәлелдей алмайды, бір-бірімен пікірталасқа түсе алмайды, бір-біріне ашық сұрақ қоя алмайды. Топтық жұмыста зерттеушілік сұрақтарды беру арқылы оқушылардың зерттеушілік әңгіме жүргізе алатын ортада оқу сапасы көтеріп, топтық талқылауға қатысуға, пікір таластыруға, өз ойын дәлелдей білуге үйрете аламыз. Топтық зерттеуде пайымдары айқындала түседі, әрі мұғалімдері мен сыныптастарының көмегімен олар одан әрі ашыла түседі. Зерттеушілік сұрақ оқушыны жаңа білімді іздеуге, өз бетінше меңгеруге, өзінің және өзгенің жауабына сыни көзқараспен қарауына мүмкіндік береді. Бастауыш буыннан қарапайым зерттеушілік сұрақтарды сабаққа енгізу арқылы оқушыны үлкен ғылыми зерттеулерге жетелеуге әбден болады. Ең бастысы, берілетін сұрақ оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне сай болуы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабанский Ю.К. Проблемное обучение как средство повышения эффективности учения школьников. – Ростов-на-Дону, 1970.

ӘОЖ-517.2

D_c ОПЕРАТОРЫ МЕН ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Қабдешова Әлия Тоқтарқызы,
2-курс магистранты
М. Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.

Аннотация. Мақалада қарапайым дифференциалдық теңдеу мен дербес туындылы дифференциалдық теңдеу байланысы, сонымен қатар күрделі дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешуде жиі қолданылатын оператор мен оның қасиеттеріне кеңінен тоқталып өтеміз. Әрбір қасиеттің келтірілуі мен толық дәлелдеуі көрсетілді.

Кілт сөздер: қарапайым, дифференциалдық, дербес туындылы, оператор, теңдеу, қасиет.

Жәй дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің квазипериодты шешімдері проблемаларына байланысты, дербес туындылы D операторлы теңдеулер жүйелерінің көппериодты шешімдерін зерттеу мәселелері алғаш В.Х.Харасахал еңбектерінде арнайы қарастырылған. Сол мәселелердің бірі тұрақты вектор бағытындағы дифференциалдау операторы мен оның қасиеттері мәселесі болып табылады. Оның зерттеулері монографиялық [1] еңбегінде қортындыланған. Сонымен қатар, В.Х.Харасахалдың шәкірттерінің Д.У. Умбетжанов, Ж.А. Сартабанов, А.Б. Бержанов, Г.А.Абдикаликова және олардың ізбасарларының еңбектерінде кеңінен қолданылуда [2-6]. Біздің диссертациялық зерттеулерімізде осы еңбектерден бастау алатын болғандықтан оның осы бағыттағы негізгі нәтижелеріне тоқтала кетейік.

Бірнеше тәуелсіз айнымалылардан тәуелді функция дербес туындылы дифференциалдық теңдеудің шешімі сияқты, ал бір тәуелсіз айнымалыдан тәуелді функция қарапайым дифференциалдық теңдеулердің шешімі сияқты қарастырыла алады. Сондықтан, мақсатты түрде қарапайым дифференциалдық теңдеудің шешімін кейбір дербес туындылы дифференциалдық теңдеулермен байланыстыру беріледі.

Біздің мақсатымыз берілген қарапайым дифференциалдық теңдеулер бойынша қажетті дербес туындылы дифференциалдық теңдеуді тұрғызу. Және осы мақсатта X функциясы әсер ететін D_c операторын келесі түрде қарастырамыз:

$$D_c = \frac{\partial}{\partial \tau} + c \frac{\partial}{\partial t}.$$

Көрсетілген оператор төмендегідей қасиеттерге ие болады. Олардың әрқайсысын тексеріп көрсетеміз:

$$D_c = \frac{\partial}{\partial \tau} + c \frac{\partial}{\partial t} \text{ операторының кейбір қасиеттері:}$$

1. Егер $D_c(kx) = kD_c x$, мұндағы k - диагональда тұрақты функция немесе тұрақты.
Дәлелдеуі:

$$D_c(kx) = \frac{\partial(kx)}{\partial \tau} + c \frac{\partial(kx)}{\partial t};$$

$$D_c(kx) = \frac{k \partial x}{\partial \tau} + c \frac{k \partial x}{\partial t};$$

$$D_c(kx) = k \left(\frac{\partial x}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t} \right);$$

$$D_c(kx) = kD_c x.$$

$$2. \quad D_c(x+y) = D_c x + D_c y.$$

Дәлелдеуі:

$$D_c(x+y) = \frac{\partial(x+y)}{\partial \tau} + c \frac{\partial(x+y)}{\partial t};$$

$$D_c(x+y) = \frac{\partial x}{\partial \tau} + \frac{\partial y}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t} + c \frac{\partial y}{\partial t};$$

$$D_c(x+y) = \frac{\partial x}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t} + \frac{\partial y}{\partial \tau} + c \frac{\partial y}{\partial t};$$

$$D_c(x+y) = \left(\frac{\partial x}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t} \right) + \left(\frac{\partial y}{\partial \tau} + c \frac{\partial y}{\partial t} \right);$$

$$D_c(x+y) = D_c x + D_c y;$$

$$D_c x = \frac{\partial x}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t}; \quad D_c y = \frac{\partial y}{\partial \tau} + c \frac{\partial y}{\partial t}.$$

$$3. \quad D_c(xy) = (D_c x)y + x(D_c y).$$

Дәлелдеуі:

$$D_c(xy) = \frac{\partial(xy)}{\partial \tau} + c \frac{\partial(xy)}{\partial t};$$

$$D_c(xy) = \frac{\partial x}{\partial \tau} y + x \frac{\partial y}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t} y + cx \frac{\partial y}{\partial t};$$

$$D_c(xy) = \left(\frac{\partial x}{\partial \tau} y + c \frac{\partial x}{\partial t} y \right) + \left(x \frac{\partial y}{\partial \tau} + cx \frac{\partial y}{\partial t} \right);$$

$$D_c(xy) = \left(\frac{\partial x}{\partial \tau} + c \frac{\partial x}{\partial t} \right) y + x \left(\frac{\partial y}{\partial \tau} + c \frac{\partial y}{\partial t} \right);$$

$$D_c(xy) = (D_c x)y + x(D_c y).$$

$$4. \quad D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{yD_c x - xD_c y}{y^2} \quad (y \neq 0).$$

Дәлелдеуі:

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\partial \left(\frac{x}{y} \right)}{\partial \tau} + c \frac{\partial \left(\frac{x}{y} \right)}{\partial t};$$

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\frac{\partial x}{\partial \tau} y - x \frac{\partial y}{\partial \tau}}{y^2} + c \left(\frac{\frac{\partial x}{\partial t} y - x \frac{\partial y}{\partial t}}{y^2} \right);$$

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\frac{\partial x}{\partial \tau} y}{y^2} - \frac{x \frac{\partial y}{\partial \tau}}{y^2} + c \left(\frac{\frac{\partial x}{\partial t} y}{y^2} - \frac{x \frac{\partial y}{\partial t}}{y^2} \right);$$

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\frac{\partial x}{\partial \tau} y}{y^2} - \frac{x \frac{\partial y}{\partial \tau}}{y^2} + c \frac{\frac{\partial x}{\partial t} y}{y^2} - c \frac{x \frac{\partial y}{\partial t}}{y^2};$$

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\frac{\partial x}{\partial \tau} y}{y^2} - \frac{x \frac{\partial y}{\partial \tau}}{y^2} + c \left(\frac{\frac{\partial x}{\partial t} y}{y^2} - \frac{x \frac{\partial y}{\partial t}}{y^2} \right);$$

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\frac{\partial x}{\partial \tau} y - x \frac{\partial y}{\partial \tau}}{y^2} + c \left(\frac{\frac{\partial x}{\partial t} y - x \frac{\partial y}{\partial t}}{y^2} \right);$$

$$D_c \left(\frac{x}{y} \right) = \frac{\partial \left(\frac{x}{y} \right)}{\partial \tau} + c \frac{\partial \left(\frac{x}{y} \right)}{\partial t}.$$

5. Егер $x = (x_1, \dots, x_n)$ вектор-функция болса, онда

$$D_c(x) = (D_c x_1, D_c x_2, \dots, D_c x_n).$$

Сонымен, мақалада дербес туындылы дифференциалдық теңдеудің шешімін табуға кеңінен қолданылатын D_c операторы мен оның қасиеттерін келтірілді. Әр қасиеттің дәлелдеуін толық келтіріп өттік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Харасахал В.Х. Почти-периодические решения обыкновенных дифференциальных уравнений. - Алма-Ата: Наука, 1970. - 200 с. 33
2. Умбетжанов Д.У. Почти многопериодические решения дифференциальных уравнений в частных производных. - Алма-Ата: Наука, 1979. - 211 с. 34
3. Умбетжанов Д.У. Почти периодические решения эволюционных уравнений. - Алма-Ата: Наука, 1990. - 184 с. 35
4. Сартабанов Ж. Многопериодические колебания в некоторых дифференциальных и функционально-разностных системах: Автореферат докт. дис. - Алматы, 1996. - 31 с.
5. Бержанов А.Б. Исследование многопериодических по части переменных решений некоторых систем дифференциальных уравнений в частных производных: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора физ.-мат.наук: 01.01.02. - Астана, ЕНУ, 2010.- 34 с.

6.SartabanovZh.A., AitenovaG.M., AbdikalikovaG.A.. Multiperiodic solutions of quasilinear system of integro-differential equations with D_c -operator and \mathcal{E} -period of heredity // Eurasian Mathematical Journal, – 2022, – Vol. 13. – Number 1.– P. 86-100.

ӘОЖ 376.01

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Қазбаева Айгул Сатбайқызы,
Тарих пәні мұғалімі,
Мұхит атындағы ЖОББМ,
БҚО, Қаратөбе ауданы*

Аннотация: Бұл мақалада ақпараттық білім беру ортасын жасаудың маңыздылығы талқыланады, инклюзивті білім беру үшін ақпараттық білім беру ортасын жасаудың пайдасы, инклюзивті білім беру үшін ақпараттық білім беру ортасын жасауда кездесетін негізгі қиындықтар мен оны шешу жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, интеграция, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық білім беру ортасы.

Инклюзив деген сөзі ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді екен, ал латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыптастыру балалармен бірге білім беру. Яғни оқушының жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болады. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір түрі. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формалары шетте қалмайды.[1.]

Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын.

3. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану. <http://tagilim.kz/news/132-blm-beru-zhyesndeg-innovaciyalы-pedagogikalы-tehnologiyalardy-paydalanu.html>
4. БҮГІНГІ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ ҚАНДАЙ? <https://ult.kz/post/bugingi-bilim-zhuyesinin-zhanashyldygy-kanday>
5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек « Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі».

ӨОЖ 373.3

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Нажмиддинова Дина Рахматиллоқызы,
БОПжӘ БББ-ның 1-курс магистранты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада қазақ тілі сабағында білім берудің мақсаттарының бірі тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруы жайында айтылады. Ғаламдану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрін сақтау жолындағы күрес ұлттың сананы сақтау күресі екені түсіндіріледі.

Кілт сөздер: құндылық, ұлттық сана, қазақ тілі, бастауыш мектеп, ана тілі, ата тарихы, салт-дәстүр, бағыт-бағдар.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақтың бойына қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Тұлғаның рухани өлшемі ұлттық құндылықтармен анықталады және ол адам тұлғасының даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ – егемен еліміздің болашағы. Ал сол ұрпаққа әлемдік деңгейде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды сіңіру ғаламдық мәні бар мәселеге айналып отыр. Ғаламдану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрін сақтау жолындағы күрес ұлттың сананы сақтау күресі екенін түсіну, яғни, ұлттық сана-сезімі мен мінез құлқының ана тілінде, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрді меңгеруі негізінде қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу міндетін айтамыз.

«Негізгі ұлттық құндылықтар» терминінің негізін «құндылық» және «ұлт» ұғымдары құрайды. Құндылық – бір нәрсенің маңыздылығы, пайдалылығы, ол сыртқы тұрғыдан қарағанда, құбылыстың немесе заттың қасиеті ретінде көрінеді. Ұлт – жалпы саяси, тарихи, мәдени, рухани-құндылық белгілері мен өзіндік сана-сезімінің ортақтығы негізінде өмір сүретін мемлекеттік-территориялық және саяси-құқықтық қауымдастық.

Сонымен, негізгі ұлттық құндылықтар - бұл Қазақстан Республикасының көп ұлтты халқының мәдени, отбасылық, әлеуметтік-тарихи, діни дәстүрлерінде бар, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және олардың

табысты дамуын қамтамасыз ететін негізгі адамгершілік құндылықтар. Рухани-адамгершілік даму тұжырымдамасы негізгі ұлттық құндылықтар туралы жалпы түсінік береді. Адамгершіліктің дәстүрлі көздеріне ҚР, Қазақстан Республикасының көп ұлтты халқы, азаматтық қоғам, отбасы, еңбек, өнер, ғылым, дін, табиғат, адамзат жатады. Еліміздің көпұлтты халқына тән тарихи моральдық көзқарастар мен моральдық құндылықтардың негізі негізгі ұлттық құндылықтар болып табылады. Отбасылық, аймақтық, мәдени, әлеуметтік, діни дәстүрлер ұрпақтардың нормаларын, құндылықтарын және тәжірибесін сақтауға мүмкіндік беретін белгілер болып табылады. Бұл өз кезегінде елдің қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық жағдайында тиімді дамуын қамтамасыз етеді.

«Құндылық» дегеніміз – адамның өмірін мәнді, сәнді ететін түсініктер жүйесі. Адам баласының тарихында қандай қиындықтар болса да адамды адам етіп қалдыратын рухани тіректер қалыптасты. Осы рухани тіректер бірте-бірте құндылықтарға айналды. Құндылықтар шындықты реттейді, оған мән, мағына, маңыз береді. Адам өмірінің мәні – құндылықтар жүйесінің тұлғалық интеграциясы. Құндылықтар жүйесін орыс ғалымдары А.Т. Москаленко мен В.Ф. Сержантов былай түсіндіреді: «Құндылық дегеніміз – адам қажеттілігінің бейнесі. Ол зат немесе идея болуы мүмкін. Сондықтан құндылықтар материалдық немесе идеалдық деп екіге бөлінеді. Материалдық құндылықтар – еңбек құралдары мен тікелей тұтынатын заттар. Рухани құндылықтар – философиялық, діни, эстетикалық, моральдық, құқықтық, саяси, идеялар». Құндылық бағдары – (француз тілінен orientation):

1) субъектінің қоршаған шындық дүниені идеологиялық және онда бағдар алуы, бейімделуі;

2) индивидтің объектілерді олардың маңыздылығына жіктеу тәсілі. Құндылық бағдар әлеуметтік тәжірибені меңгеруде және мақсаттарда, мұрат-армандарда, сенімдерде, қызығушылықтарда және жеке адамдардың басқа да көріністерінде байқалады. Адамның іс-әрекет құрылысында құндылық бағдар оның танымдық және еріктік жақтарымен тығыз байланысты [1].

Құндылық дегеніміз белгілі бір ұлт өкілдері арасында қабылданған ортақ әлеуметтік-психологиялық ойлар мен көзқарастар болып табылады [2]. Құндылық бағдар жүйесі оның шындық дүниеге қатынасының мазмұндық жағын қалыптастырады. Адамдардың топтағы қарым-қатынасын анықтайтын біріккен іс-әрекет процесінде топтың құндылық бағдары қалыптасады.

Құндылықтар өзіне тән ерекшеліктерге ие. Олардың кейбірі тарихтың қай кезеңінде де өз маңызын жоймайды. Мысалы, ортағасырлық ағарту дәуіріндегі гуманистік, демократиялық идеялар бүгінгі заман қызметіне жарауда.

Қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі – құндылықты бағыт-бағдар. Құндылықты бағыт-бағдар – бұл стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғы шарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі. Қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет-қылқ және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағыт тұлға сеп-түртікілеріне (мотивтеріне) себепші, реттеуші маңызды жағдаят (фактор) ретінде іске қосылады. Құндылықты бағыт-бағдарлардың негізгі мазмұны – адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, қылық-әрекет, мінез принциптері. Осыдан, қай қоғамда да тұлғаның құндылықты бағыт-бағдары тәрбие және мақсатты ықпал жасау нысаны ретінде қарастырылады [2]. Олар арқылы еріктік күш салу, зейін, ой-өріс бағдарлары анықталады. Құндылықты бағдардың дамуы – тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себепші болады:

- тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі;
- белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық;
- осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік;
- өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік;
- мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік.

Бастауыш сынып оқушысы үшін оқу әрекеті жетекші рөл атқаратындықтан, сабақ мазмұнындағы оқушыларға берілетін құндылық бағдардың әсері мол. Әлеуметтік мәні зор ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, оны баланың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Оқушылар бастауыш сыныптан бастап халқымыздың әлеуметтік, тұрмыстық дәстүрлерін танып білу арқылы туған елінің, ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін, халқымыздың мәдени мұраларын қастерлеп сақтай білуге оқып үйренеді. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық мәдени құндылықтарды дарытуда халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін, асыл азаматтардың, кемеңгер би-шешендердің, ғұлама оқымыстылардың таңдаулы даналық, ғибратты сөздерін біртіндеп күрделенуіне қарай таңдап алуға болады. Яғни, бастауыш сынып оқушыларын қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, жыраулық қисса-дастандар, шешендік және нақыл сөздермен, мақал-мәтелдер арқылы тәрбиелеуге болады. Осынау ақылға кең, ойға даңғыл, сөзге ұста бабалардан жеткен мұрамызды бала тәрбиесіне тиімді пайдалана отырып жаратсақ, саналы ұрпақ қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. Бастауыш мектепте балалардың негізгі ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың келесі принциптерін бөліп көрсетуге болады: мұғалімнің өнегелі үлгісі; жеке – тұлғалық даму; рухани-адамгершілік білім беру бағдарламаларының интеграциялық болуы; білімге деген

әлеуметтік сұраныс. Ғалымдардың еңбектерінде оқушыларда негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың келесі ережелермен айқындалатын ерекшеліктері көрсетіледі:

- жетекші қызмет түрінің өзгеруі (ойын әрекеті оқу әрекетімен ауыстырылады);
- жаңа әлеуметтік рөлді меңгеру – оқушы;
- танымдық саланы дамыту;
- шексіз ақпарат пен үлкен әлеуметтік кеңістікте болу;

- баланың мектептегі білім мен құндылықтарды меңгеру сипаты (жүйелі, дәстүрлі және т.б.) және мектептен тыс (үйлеспеушілік, жоғары мәдениет пен күнделікті мәдениетті араластыру) уақыт арасындағы қайшылық.

Ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады. Оқушылардың ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Осы аталған құндылықтарды қалыптастыру үшін оқу үдерісіне өзгеріс енгізуіміз керек. Ғалымдар бастауыш сынып оқушыларының негізгі ұлттық құндылықтарын қалыптастыру жұмысының жалпы мақсаты адамгершілігі жоғары, жауапты, шығармашыл, белсенді, құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету болуы керек деп санайды. Бұл жөнінде Парламент Сенатының төрағасы М.Әшімбаев ұлттық құндылықтарды дәріптейтін сабақтарды оқу бағдарламасына енгізуді ұсынды. Ол «Ұлттық құндылықтарды, әсіресе, өскелең ұрпақ арасында насихаттаудың оңтайлы жолын табуымыз керек. Сондықтан ұлттық құндылықтарды дәріптеу сабақтарын оқу бағдарламасына енгізіп, жаңаша көзқараспен тұжырымдау керектігін айтады. «... Мектептегі білім тек оқу бағдарламасын оқытумен шектелмеуі керек. Біздің қоғамда тарихи тұрғыдан алғанда білім қашанда тәрбиемен қатар жүреді. Сондықтан мектеп балаларда дұрыс құндылықтар жүйесін қалыптастыруға үлес қосуы қажет», - дейді.

Әрине, үлкен жауапкершілік білім беру саласына түседі. Бастауыш сынып оқушысының рухани-адамгершілік дамуы мен тұлғалық тәрбиесінің құрамдас бөлігі ретінде негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – бастауыш сынып оқушыларының сыныптағы, сыныптан және мектептен тыс жұмысының мазмұнын анықтайтын күрделі, көп қырлы процесс. Ол оқушыға ең маңызды құндылықтар туралы білім береді, танымдық тұрғыдан ой елегінен өткізеді, олардың маңызын түсінеді, содан кейін оны меңгереді. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру барысында барлық факторлар ескеріледі. Қалыптасу процесінде жас ерекшеліктерін ескеру қажет, әртүрлі әлеуметтік әсерлерге бейімділіктің жоғарылауы оларға адамға тән барлық нәрсені (мінез-құлық, қарым-қатынас әдістері, қарым-қатынас және т.б.) сіңіруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вежбицкая А. Семантические универсалии «примитивное мышление // Язык. Культура. Познание. – 1996. – С. 291-325.
2. Нысанбаев А. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі // ҚР БҒМ ҒК Философия және Саясаттану Институты. – 2011. – 271 б.

ӘОЖ 373

МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ӨЗГЕРІС, ЖАҢА ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Наубекова Анар Нурғалиевна,
бастауыш сынып мұғалімі
№42 «Ақ ниет» – гимназиясы,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, саналы шешім қабылдауға, сабақтарда жаңа әдіс- тәсілдерді үйретуге, әрбір мұғалімнің жаңаша жұмыс істеуінің қалыптасуы өзара байланыста қаралады.

Аннотация: В данной статье даны основные положения работы с учащимися в разных критических содержаниях наиболее приемлемые новые методы проведения уроков руководство по обновлению содержания работы.

Abstract: In this article were given the main positions of the work with the students in different critical contents, the most reasonable and new methods of lessons, the upgrade guide of the contents of the work.

Елімізде оқыту мазмұны жаңартылып 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу мақсатында жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, оқушыны қызықтырып оқыту керек екені сөзсіз. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының негізіне айналуы тиіс. Бұл мәселе мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толық қанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген баладан, яғни оқушыдан шығары анық, өйткені, ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы. Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. [1,б.25]

Жаңа педагогикалық технологиялар педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялық үрдістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» яғни «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады. Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, еңбегін жеңілдетіп, белгілі бір нәтижеге жету-педагогиканың ең асыл заты негізгі ойды түсіну болып табылады. Негізгі ойды түсініп шығармашылық көзқараспен қараған мұғалім технология бойынша жұмыс атқара алады. [2,б.13]

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді. Қазіргі таңдағы мұғалім оқушы үшін «дайын» білім көзі болмай, керісінше мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білуі қажет. [4.б-24] Бастауыш сынып оқушыларының негізгі ерекшелігі – білімді қызығушылықпен алуы. Бүгінгі таңда өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғамға шығармашылық әрекет ететін шығармашыл тұлға мұқтаж екендігі дәлелденуде. Қазіргі заманның талабына сай сабақта қолданылып жатқан жаңашыл әдіс- тәсілдер көп.

1. Білім сапасын арттырудағы жаңашыл әдіс -тәсілдердің мүмкіндіктері.

Бастауыш сынып оқушыларын көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана балада ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы білімінің тереңдігін көрсетеді. [5.б-53] Олар оқушының ой-санасын дамытып ойлануды үйретеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелденіз», «жинақтаңыз», деген тапсырмаларды ұсынуды қажет етеді.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Мен үшін ең негізгі мақсат – әр сабағымды түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Мұны жүзеге асыру үшін түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану. Сабақта пайдаланып жүрген жаңа әдіс тәсілдеріммен бөліскім келеді.

Мысалы сабақтың бірінші кезеңіне тоқталатын болсам қызығушылықты ояту кезеңінде оқушының тақырып туралы не білетіндігі анықталады, белсенділігі артады, оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын ояту стратегияларының бірін қолданып, оқушыларды сабаққа тарту мақсатында алдымен «Өзің таңда» әдісімен топқа бөлу, мұғалім өзі үш оқушы таңдайды, ол топ басшысы болады, әр топ басшылары өздерінің қалауымен тобына оқушы жинайды. Мысал: Аліді шақырамын, неге? ол ақылды, білімді, досым т.б. яғни оқушының таңдауына мүмкіндік беру арқылы топқа бөлуге болады.

Үй тапсырмасын «стикердегі диалог» әдісімен бекіту яғни сұрақ және басқа сұрақтың жауабын бір оқушыға беріледі. (сұрақтың жауабын табу керек) бұл әдістен оқушының үй тапсырманы қаншалықты түсінгенін толық тексеріледі. Жаңа сабаққа көпір салу кезеңінде «Видео ролик» көрсету арқылы, немесе жаңа сабаққа байланысты суреттерді жасыру арқылы, зерттеушілік әңгіме жүргізіледі: -не байқадыңыздар? -Қандай ой түйдіңіздер? т.б. сұрақтардың жауабын ала келе сабақтың тақырыбы оқушылармен бірге ашылады. (Видео роликті мұғалімдерге арналған (I.Mekten) электронный почтасынан алуға болады)

«Бүгінгі сабақта не істейміз деп ойлайсыздар?» деп ой тастау арқылы оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты мен міндетін шығарады.(өз ойларын стикерге жазып карзинкіге жапсырады, мысалы: қызықты есептер шығарамыз, ойнаймыз, логикалық есептер шығарамыз т.б.) Бүгінгі сабақта критерий арқылы өздерінді бағалайсындар, маршруттық картаға аты жөндерінді жазып, әр тапсырма сайын өздерінді бағалап отырасыздар және сабақ соңында мақсатыңа жеттің бе? Әлде талпынасың ба? Соны анықтайтын боламыз деп ескертіп маршруттық карта үлестіру. Осы тәсілдерді қолдану кезеңінде ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, өзін-өзі өзектендіру, танымдық қабілеттерінің даму, шығармашылық

іс-әрекетінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. «Мазайка» әдісі арқылы «Геометриялық конструктор құрастыру» (топпен жұмыс)

1 топ: «Сиқырлы сопақша» (қызықты математикалық тапсырма)

2 топ: «Қызықты шаршы» (әзіл есептер)

3 топ: «Жапырақ» (сөз жұмбақ, санды ребустар шешу) немесе әртүрлі теңдеулер, мазмұнды есептер құрастыруға болады.

Мысалы: Дүниетану пәнінен «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісімен оқулықтағы «Орман-тоғай өсімдіктері мен жануарлары» тақырыбын талқылауды ұйымдастыруға болады. Топтарға тапсырма берілді, жана тақырыпты жеке жұмыс, топтық жұмыс арқылы талқылайды.

«Қоралтағы сұрақтарға жауап бер» әдісін рефлексия -ой толғаныс білім алудың қорытындылау кезеңіне жүргізуге болады.

-Бүгін не қиын болды?

-Қалай жұмыс істедің?

-Бүгінгі білім қайда керек болады?

-Бүгін не қызықты болды?

-Бүгін не білдім? деген сұрақтарға жауап береді, яғни оқушылар сабақ бойы алған білімдерін, түсініктерін өз сөздерімен баяндап бере алатын, жаңа білімдерін көрсете алатын кезең.

2. Жаңа әдіс-тәсілдер бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі.

Оқушы бойында функционалдық сауаттылықтары қалыптасады. Атап айтсақ,

-Берілген тапсырмаларды өмірмен байланыстыра алады.

-Берілген тапсырмалардың қажеттісі мен қажетсізін іріктеп, саралай алуы

-Қажетті ақпаратты негіздей және жүйелей алуы

-Қорытындылар жасай алуы. Яғни осындай іс-әрекетке қалыптасқан оқушы болашақта айналадағы құбылыстар мен жағдаяттардан өзіне қажеттісін түйіп, өмірде пайдалана білуге үйренеді.

Оқушы бойында коммуникативтік күзиреттілік бұл:

-оқу міндеттерін шешу үшін тиісті қарым-қатынас тәсілдерін игеруі

-өз әрекетіне өзіндік баға беруі және түзетулер мен толықтырулар жасай алуы

-өз жұмысының нәтижесін көрсете және жариялай алуы

-өз ойын жеткізе алуы және ойының дұрыстығын дәлелді түрде негіздей алуы.

Демек, оқушы осы арқылы түрлі жағдайларда өз пікірін жеткілікті түрде негіздеуге, өз ойын еркін жеткізуге, өзінің және өзгелердің әрекетіне баға беруге, өзін дамытуға үйренеді. Оқушы бойында проблеманың шешімін табу және өзіндік басқару күзиреттілігінің қалыптасуы ол оқушының:

-мәселені айқындау және іс-әрекет мақсаттарын белгілеуі

-қабылданған шешімді жүзеге асыруға қажетті жағдайларды анықтауы

-іс-әрекеттер қадамдарын жоспарлай алуы

-қойылған мақсат пен міндетке сәйкес іс-әрекетті ұйымдастыруы

-өзінің іс-әрекетін бақылай алуы. Осы аталған дағдылары қалыптасқан оқушы өмірде де жоспарлы түрде әрекет етуге, мәселелер туындағанда жедел және дұрыс шешім қабылдауға, тығырықтан жол табуға, өзін-өзі басқаруға үйренеді.

3. Жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі

-Оқу үлгерім 100%, білім сапасының көрсеткіші 70% жетті;

- Оқушының пәнге деген қызығушылығы оянды;

-Оқушының ойлау қабілеті мен белсенділігі артты;

-Өз бетімен жұмыстануға құлшыныстары көтерілді;

-Оқушылардың базалық білім, білік, дағдылары жетілді;

-Белгілі бір мәселе шешуде оқушылардың ынтымақтастығы мен серіктестігі қалыптасты.

Білім сапаларының көрсеткіштері:

№	Жылдары	Білім сапасы	Үлгерім
1	2021-2022	65%	100%
2	2022-2023	75%	100%
3	2023-2024	80%	100%

4. Жобаның жетістігі

Осы үздіксіз жүргізілген жұмыстың нәтижесінде оқушыларым 3-жыл көлемінде мектепішіліктен қалалық деңгейге дейін өз мүмкіндіктерін көрсете білді. Өзімнің де осы 3 жыл ішінде жеткен жетістіктерім бар. «Жас ғалым» атты бағдарламамды осы сындарлы оқытудың түйіні ретінде қалалық білім бөліміне дарынды балалармен жұмыс түрлерін көрсетіп, ұсынып отырдым. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиемізбен көз жеткізе аламыз. Кусаинова Ясмينا қалалық кіші пәндік олимпиада 3-орын, халқаралық математика сайысынан 1-орын, Республикалық «Кенгуру-математика для всех» конкурсында Суханкулова Дильназ 3-орын, «Жас ғалым» ғылыми-конференция Суханкулова Дильназ мектепішілік ғылыми жобалар сайысы 2-орын және Қуанғали Бибі 3-орын, «Жас ғалым» ғылыми-

конференция Суханкулова Дильназ 1-орын, Бисенов Ислам мектепшілік ғылыми жобалар сайысы 3 -орын Суханкулова Дильназ қалалық ғылыми жоба сайысында «Солақай оқушылардың ерекшеліктері» атты тақырыбын қорғап 1-орын, иеленіп үлкен жетістікке жетті. Әр оқушы –дарынды бола алады. Ол үшін оқушыға сену қажет.

Адам өзін өзгерту үшін оның білім алуы керек. Ол біріншіден өзінің білімді меңгеру шегін білуі қажет. Екіншіден өз мүмкіндіктерінің шекараларына өте алуы қажет. Қүзіретті жеке тұлға қалыптастыру үшін дамытатын кешенді, танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерін жаңа технологиялар арқылы қамтып отырамын деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқыту –тәрбиелеу технологиясы журналы-2011
2. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері
3. Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі. Әдістемелік құрал, Орал қаласы 2017ж
4. Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары. Қазақстан мектебі журналы, №9 2011ж
5. Ғылыми әдістемелік журнал «Ұстаз» (қосымша) 1 (41) 2016. «Өзгеріс Тәжірибе. Ойтолғау»

ӘОЖ 372.857

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

***Наурыз Ертілек Еркінұлы,**
МБ-11 тобының магистранты,
М. Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

***Аннотация:** Бұл мақалада биологияны оқытудың заманауи әдістері талқыланды. Мақалада биологияны тиімді оқытудың негізіне жататын қазіргі заманғы теориялық тұжырымдамаларды, сондай-ақ осы пән бойынша оқу бағдарламалары мен әдістемелерді әзірлеу және іске асыру кезінде ескерілуі тиіс негізгі дидактикалық қағидастарды анықтайды. Мақалада биологияны оқытудың негізгі тәсілдері, олардың қазіргі заманғы білім беру контексіндегі артықшылықтары бағаланды. Оқыту әдістерін оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімдеуге, белсенді оқу қызметін ынталандыру және сыни ойлауды дамыту үшін қазіргі заманғы білім беру технологиялары туралы айтылды. Білімді тиімді меңгеруге және оқушылардың ғылыми құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін қазіргі заманғы теориялық және әдіснамалық тәсілдерді ескере отырып, биологияны оқытуды оңтайландыру бойынша ұсынымдар берілді.*

***Кілт сөздер:** әдістеме, дидактика, белсенді оқыту, қағида, негіз.*

Нақты тақырыпты оқытуды жоспарлай отырып және нақты сабақты өткізуге дайындала отырып, педагог бірінші кезекте оқыту әдістерін таңдау мәселелерін шешеді. Бұл таңдаудың қаншалықты ұтымды, ойластырылған және ғылыми негізделген болуына барлық жұмыстың нәтижесі тікелей байланысты - оқушылардың оқытылатын курстың материалын қаншалықты терең, берік және саналы игеретіні, оның дамыту және тәрбиелеу әлеуетінің қаншалықты тиімді іске асырылатыны көзделген. Дидактикадағы әдіс ұзақ уақыт бойы мұғалімнің білімі мен іскерлігін беру тәсілі және сонымен бірге оқушылардың оларды меңгеру тәсілі ретінде айқындалды. Алайда, білім берудің қазіргі заманғы тұжырымдамалары тұрғысынан оқытудың мұндай әдісін айқындауды шамадан тыс артылған, толық емес деп санаған жөн.

Қазіргі заманғы дидактикада кеңінен таралған анықтамаға сәйкес, оқыту әдісі - бұл білім беру мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ететін мұғалімдер мен оқушылардың дәйекті өзара байланысты іс-қимылдарының жүйесі. Алайда, әдістің мұндай анықтамасы бүгінгі күні ішінара ескірген болып табылады, өйткені білім берудің қазіргі заманғы технологияларына, ішінара мұғалімді ауыстыра отырып, оқыту процесінің осы құрамдас бөлігінің жұмыс істеуінің дербестігінің жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін оның оқыту бағдарламалары бар компьютер жиі қосылады [1].

Биологияны оқытудың қазіргі заманғы әдістемесі - бұл көптеген ғалымдар, мұғалімдер мен оқушылар жинаған шығармашылық тәжірибе. Оның пайда болуы мен дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихымен, биологиялық және педагогикалық ғылымның, орта және жоғары мектептің дамуымен тығыз байланысты. «Әдістеме» сөзі грек тілінен шыққан «methodos» - қандай да бір нәрсеге апаратын жол, зерттеу жолы немесе таным тәсілі. Оның мәні әрдайым бірдей болған жоқ, ол әдістеменің ғылым ретінде дамуымен, оның ғылыми негіздерінің қалыптасуымен өзгеріп отырды. Биологияны оқыту әдістемесінің қалыптасуын ежелден байқауға болады. Бұл қоршаған орта жағдайларын игеруге, ботаника мен зоологияны дамытуға, ғасырлар бойы жинақталған табиғатты практикалық білуге

және бақылауға байланысты. Табиғи құбылыстарға қатысты мәселелер бұрыннан білім беру мазмұнына енгізілген. Бұған мектептегі жаратылыстану тарихы дәлел [2].

Оқыту әдісінің кез келген анықтамасында онда өзара байланысты екі тарап туралы түсінік білдіріледі: әсер ететін, білім мен дағдыны беретін (мұғалім немесе оқудың қандай да бір құралы, мысалы компьютер) және қабылдаушы (оқушы). Бұл өзара іс-қимылдың сипаты оқу материалының мазмұнына және қойылған дидактикалық міндеттерге, ал тиімділігі - оқушы мен мұғалімнің нақты мүмкіндіктеріне байланысты. Сондықтан оқыту әдісін таңдау кезінде мұғалім келесі бес шартқа сүйенуі тиіс:

1. Нақты тақырыпты зерделеу кезінде тұрған дидактикалық міндеттер. Егер, мысалы, дидактикалық міндеттердің бірі ретінде оқушыларда микроскоппен жұмыс істеудің белгілі бір дағдыларын қалыптастыру тұрса, онда мұғалім материалды теориялық зерделеумен ғана айналыса алмайды және оқытудың практикалық әдістерін қолдануға мәжбүр болады.

2. Оқытылатын оқу материалы мазмұнының сипаты (абстрактілі, теориялық немесе нақты, фактологиялық; күрделі немесе жеңіл және т.б.).

3. Мұғалім айналысатын оқушылардың нақты тобының ерекшеліктері (дайындық деңгейі, біртектілік дәрежесі, ойлау сипаты, дағдылар және өз бетінше жұмыс істеуге бейімділік және т.б.).

4. Мұғалімнің жеке ерекшеліктері (тиісті әдістерді тиімді меңгеру деңгейі, таңдаулы жұмыс түрлері, жұмыс қарқыны және т.б.).

5. Объективті жағдайлар кешені (осы материалды зерделеуге бөлінетін уақыт; нақты дидактикалық құралдардың болуы). Әдіс ұғымымен қатар, дидактикада әдістемелік қабылдау ұғымымен жұмыс істейді. Бұл ұғымдарды нақты ажырату керек. Әдістемелік тәсілдер - бұл мұғалім мен оқушының оқу процесіндегі жекелеген іс-қимылдарын білдіретін қандай да бір әдістің элементтері [3].

Белсенді оқыту барлық оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы кезінде оқытудың қолайлы жағдайларын ұйымдастыруды мақсат етеді. Мұғалімнің өз сабақтарында белсенді әдістерді қолдануы оның инновациялық қызметі туралы айтады. Белсенді оқытуды ұйымдастыру өмірлік жағдайларды модельдеуді, рөлдік ойындарды пайдалануды, мән-жайлар мен жағдайды талдау негізінде мәселелерді жалпы шешуді, ақпараттық ағымдардың санаға енуін болжайды, бұл оның белсенді қызметін тудырады. Белсенді технологияларды қолданумен сабақтың құрылымы қарапайым сабақтан өзгеше болатыны түсінікті, бұл мұғалімнің кәсібилігі мен тәжірибесін талап етеді. Сондықтан сабақтың құрылымына тек оқытудың белсенді моделінің элементтері - белсенді технологиялар, яғни сабақты ерекше және анағұрлым мазмұнды әрі қызықты етуге мүмкіндік беретін нақты әдістер енгізіледі [4].

Биология сабақтарында белсенді оқытудың көптеген нысандары мен әдістері әзірлеуге болады. Бұл шағын топтардағы жұмыс, пікірталастар, турнирлер, пікірталастар, «шағын сабақтар», брейнсторминг (ми шабуылы), іскерлік ойындар, имитациялық ойындар, жағдаяттық жаттығулар, тапсырмалар, проблемалар, «Puzzle» және т.б. Бұл нысандар мен әдістерді биология сабақтарында оқыту, жаңа материалды меңгеру үшін де, білімді тексеру үшін де қолдануға болады.

Метафорикалық ойлау көмегімен проблемаларды топтап шешу моделі «синектика» деп аталады. Бұл 1960-шы жылдардан бері шетелдік педагогикада әзірленіп келе жатқан топтық шығармашылық қызмет пен оқу зерттеуінің моделі Синектика (Synectics) «миға шабуылы» немесе «ми шабуылы» (Brainstorming) деп аталатын идеяларды топтық генерациялаудың белгілі әдісін қолдану тәжірибесін қамтиды. Синектика жорамалдарды, батыл болжамдарды, «қате идеялар» мен интуитивті шешімдерді пайдалана отырып, сарапшылар тобының проблемаларын шешудегі жалпы іздестіру қызметі ретінде дамыды.

Оқу пікірталасында мұғалімнің сұрағы мен оқушылардың жауабы болады. Сондықтан пікірталас барысында мұғалімнің басты рөлі, оның сұрақ қоя білуі, диалог жүргізе білуі, жауап күтуде үзіліс жасай білуі. Пікірталас барысында мұғалімнің рөлі директивалық репликаларға немесе жеке пікірлер айтуға жатпауы тиіс.

Осылайша, белсенді оқытудың нысандары мен әдістерін пайдалану негізінде арнайы ұйымдастырылған оқу-танымдық қызмет оқушылардың сапалы білімін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Оқыту қағидаттары - бұл оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін айқындайтын негізгі ережелер.

Дидактика - оқытудың принциптерін, нысандары мен әдістерін, оқыту теориясын зерттейтін педагогика бөлімі. Негіз қалаушы ретінде мынадай дидактикалық қағидаттарды бөліп көрсетуге болады:

- Оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың біртұтастығы қағидаты
- Оқытудың беріктігі, саналылығы және белсенділігі қағидаттары
- Көрнекілік;
- Жүйелілік және бірізділік;
- Ғылыми;
- Қол жетімділік;
- Теория мен практиканың бірлігі қағидаты

Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды

тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру; - қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады [5].

Биологияны оқытудың қазіргі заманғы әдістерінің теориялық негіздері мен дидактикалық қағидаты туралы мақаланың қорытындысында мынадай түйінді тұстарды атап өтуге болады: Теориялық негіздердің маңыздылығы: Биологияның іргелі тұжырымдамалары мен қағидаттарын түсіну неғұрлым күрделі биологиялық құбылыстарды тиімді оқыту және түсіну үшін қажетті шарт болып табылады.

Оқытудың қазіргі заманғы әдістері: Биологияны оқытудың қазіргі заманғы әдістерін талдау және жүйелеу материалды тиімді меңгеруге ықпал ететін бірқатар түйінді тәсілдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай әдістердің ішінде белсенді оқыту, проблемалық оқыту, жобалық оқыту, интерактивті технологиялар мен визуализацияларды пайдалану, сондай-ақ аудиториядан оқытуды қосу.

Дидактикалық қағидат: Оқу материалдарын әзірлеу және сабақтарды өткізу кезінде дидактикалық қағидатты қолданудың маңыздылығын баса көрсету. Бұл оқу материалын оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімдеуді, оқытудың әртүрлі әдістері мен нысандарын пайдалануды, сондай-ақ оқу процесін түзету мақсатында оқыту нәтижелерін бағалауды қамтиды.

Практикалық құрамдас бөліктің маңыздылығы: Зертханалық жұмыстар, далалық зерттеулер, сондай-ақ қазіргі заманғы биологиялық технологиялар мен әдістемелерді пайдалану сияқты биологияны оқытудың практикалық аспектілеріне ерекше назар аударған жөн. Бұл оқушыларға теориялық материалды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар практикалық дағдылар мен ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Даму перспективалары: Мақаланы қорытындыла келе, жаңа технологияларды пайдалануды, пәнаралық тәсілдерді интеграциялауды, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен әдістемелік қамтамасыз етуді ұдайы жетілдіруді қоса алғанда, биологияны оқыту әдістерін дамыту перспективаларын белгілеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Орлова Л.Г. Методика преподавания биологии / Л.Г Орлова // Учебно - методическое пособие. Костанай: КГУ имени А. Байтурсынова, 2019 – 37 с.
2. Абдрасулова Ж.Т, Пернебек Қ.А. Биологияны оқытуда заманауи техникалық құралдарды кешенді қолдану / Ж.Т. Абдрасулова, Қ.А. Пернебек // Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №1 (62) 2020. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ: 2020 – 138 б.
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану / А.Қ.Әлімов // Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 – 137 б.
4. Хотулёва О.В., Ющенко Ю.А., Кочетова Е.Р. Использование игровых технологий в обучении биологии в старших классах средней школы // Проблемы современного педагогического образования. – 2021. – №72-3. – С. 345-348.
5. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013 – 54 б.

ӘОЖ 374.3

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

*Нахметова Акгул Максатовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі,
№7 ЖББОМ,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада қазіргі таңдағы білім беру саласындағы өзгерістеру туралы айтыла келіп, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, мектептегі білім беру мазмұнының сипаттамалары, сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсілдер туралы мәліметтер берілген.

Кілт сөздер: сындарлы оқыту, деңгейлі оқыту бағдарламасы, диалогтық оқыту, Lesson Study

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, уақыт өткен сайын күрделенеді. Қай кезде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Заман өзгерістеріне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгереді.

«XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар». Білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсынуы да маңызды.

Ақпарат көзі артып, уақыт өткен сайын кез келген саланың даму үрдісі шарықтап отырғаны белгілі. Соның бірі білім беру саласындағы етек алып отырған бағдарлама, ол **сындарлы оқыту**. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында **сындарлы оқыту** теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Оқытудың сындарлы теориясы оқушылардың ойлауы олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерден, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен атастырыла дамиды деген тұжырымға негізделеді. Осы тұрғыда жаңашылдыққа бетбұрыс деп айтқанымызда, бұрынғы білім беру, яғни «дәстүрлі» тиімсіз болып қалғаны ма? деген сұрақ туындайды. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Дәстүрлі білім арқылы берілген білім мағынасы мәліметтерді жаттанды есте сақтау арқылы қабылдап, оны, мысалы емтихан, тест кезінде падалана алады, бірақ мағынасы терең меңгерілмей, тақырып аяқталып, емтихан тапсырған соң керексіз болып қалады және оны оқушы өмірде тиімді пайдала алмайды.

Деңгейлі оқыту бағдарламасының мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Үшінші деңгей бағдарламасының негізгі міндеті – Қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіріп, бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мәтінмен өзара мәтінмен өзара байланысты қарастырылады. Деңгейлі бағдарламаның негізгі қағидасы тәжірибелік қызметі нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады.

Осы теорияда нәтижелі білім алу үрдісі мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім мен амал көрсетілген. Бұл бағдарлама оқушының сабақта белсенділік танытып қатысуын, оқушы өз ойын толық әрі ашық айтуын, мұғалім оқушы үнін тыңдай білуін міндет етіп қойған. Сонымен қоса, бағдарламада оқушы сабақта өзін еркін ұстап, мейлінше сабақ тақырыбын оқушы өз бетімен түсуді, мұғалім тек соған бағыт-бағдар беруші болуды көздейді. Бұған дейін сабақта оқушы өзі ғана ойын айтып қоятын еді, бүгінгі күні сабақта оқушылар топқа бөлінеді, берілген тапсырма топқа беріледі. Тапсырманы оқушылар топ болып орындайды, бір-бірін қолдайды, бір-бірінің пікірін тыңдайды, білмегенін құрбысынан сұрайды, тақырып аясындағы мәлімет оқулықпен шектелмейді, тақырып кеңінен талқыланады. Әр оқушы өз ойын ашық айтуға дағдаланады. Топтағы жұмыстың тиімді тұстары өте көп, олар: сыныпта ұйымшылдық орын алады, оқушылар белсенді бола бастайды, пікір талас пайда болған жерде оқушы өз сыныптасынан озып түсуді көздеп көбірек білім алуға ұмтылады, оқулықтан басқа дереккөздер АКТ қолдана отырып, білімін кеңейте түседі. Сыныптағы бірлескен жұмыс оқытылатын пәннің мазмұнын берумен ғана шектеліп қоймай, тақырып мазмұнын кеңінен қарастыру мүмкіндігі болады. Деңгейлеп оқытуда оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызы төмендегідей көрсетілген:

Дәріс оқу – 10 %, аудио-визуалды қабылдау - 20%, көрсетілім - 30%, талқылау - 50%, тәжірибеде жасау - 75%, өзгелерді оқыту - 90%. Топтық жұмыс барысында оқушы тақырыпты талқылайды, тәжірибе жасайды, сыныптасын оқытады, демек алған білімдерін түсініп меңгереді.

Біздің мектебімізде мұғалімдердің басым көпшілігі деңгейлі оқыту курсы тәмамдаған. Ол мұғалімдер өздері оқып қана қоймай, мектептегі мұғалімдермен тәжірибе алмасу мақсатында, алған білімдерімен бөлісіп отырады. Әр пән бойынша мұғалімдер зерттеу тобын құрып Lesson Study әдісін ұтымды жоспарлап, тиімді қолдануда.

Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study –ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және талдауын көздейді.

1970 жылдан бастап «Lesson Study» барлық жапон мектептерінде мұғалімдердің біліктілігін арттырудың негізгі тұғыры болып есептеле бастады.

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл.

Lesson Study – ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study -дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп отырады.

Lesson Study мұғалімге әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға, сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдерге инновациялық педагогикалық тәсілді жетілдіруге немесе оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Lesson Study тәсілі кәсіби дамудың тиімді тәсілі, мұғалімнің кәсіби қоғамдастығын құру болып табылады, бұл үдерісті жеделдетуге көмектеседі. Оқушының терең ойлануына, оқушыны тыңдау керектігін, не ойлағанын тыңдай білуге бағытталуы керек. Демек, бұл тәсілдің оқытуда мен оқуда ілгерлеушілік болдыра алатындай екендігіне ешқандай күмәніміз жоқ екенін растаймыз.

Өткізіліп жатқан коучинг сабақтары барысында мұғалімдер деңгейлі оқыту бағдарламасының негізгі идеясымен танысып, көптеген жаңа әдіс-тәсілдерді біледі, білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтары туралы ақпарат алып, өздері осы жаңа әдіс-тәсілдерді сабақтарына қолдана отырып, оның тиімді тұстарын өз қоржындарына алып отырады, жаңалықтармен бөліседі, сұрақтарына жауап алады т.б. Әсіресе, мектептегі жас мамандар үшін бұл коучинг сабақтарының берері көп көмек болып табылады, өйткені олар тек сабақ өтіп қана қоюмен шектелмей білмеген тұстарын үйреніп жатыр. Олар: орта мерзімді жоспарды, қысқа мерзімді жоспар жазуды, сабақ жоспарына нақты мақсат қоюды, топқа бөлуді, оқушы үнін тыңдауды, деңгейлі тапсырманың берілу мақсатын, жаңа тақырыпты оқушылардың өздері ашуда қолданылатын әдістерді, оқушыларды белсенді болуға шақыруды үйреніп білді. Бұл бағдарламада жеті модуль қарастырылады. Сабақ барысында жеті модульдің барлығы да жаңа әдіс-тәсілдер арқылы ықпалдасады. Әрбір модульдің сабақта көрініс табуы орынды, өйткені осы жеті модуль сабақта орын алатын болса, мұғалімнің берген білімі өте тиімді болары сөзсіз. Деңгейлі оқыту бағдарламасы табысты оқыту мен құзырлы мұғалімді бірге қарастырады. Бұл тұста мұғалімнің алдына ең алдымен оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сапалы оқытудың басты факторлары мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Осылай оқушыға тапсырма жүктелсе, ол өзіне жауапты бола бастайды, жауапкершілікке дағдыланады. Бағалауды «дәстүрлі» оқыту жүйесінде мұғалім өзі ғана жүргізсе, қазіргі білім беруде оқушы өзін-өзі бағалайды, бір-бірін бағалайды, топ болып бағалайды. Оқушы өзіне өзі баға қойған сәтте өзінің қандай дайындықпен келгенін, немесе салыстырмалы түрде басқа оқушының жауап беруіне қарай өзіне әділ бағасын өзі қойып береді. оқушы жауапкершілікті мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды.

Мұғалімдер – өз мамандығын сүйетін, балаға білім беру құнды қызмет екенін түсініп, осыған қатысты нақты ұстанымдары қалыптасқан жандар, олардың бұл ұстанымдарын осы мамандықтың басқа иелері де бөліседі [Мұғалімге арналған нұсқаулық]

Диалогтық оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды Алексардер (2008). Диалогтық оқыту оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауына және түсінбеушілікті жеңе білуіне көмектесе алады. Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім диалог арқылы беріледі, оқушылардың сыныптағы өзара байланыс пен келісушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланыста болады. Мұғаліммен және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал.

Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын алатын болсақ, олардың тілін дамыту мақсатында диалогтың маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Диалогты бастауыш сынып оқушыларына барлық пән барысында қолдануға болады. Айтсақ, қазақ тілі пәнінен мәтінді оқу барысында мазмұнын жетік түсуі үшін диалог құрылса, оқушы мәтінді жеңіл түсінеді. Диалогтық оқыту сабақтың әр кезеңінде әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы көрініс табады. Мысалы, үй тапсырмасын тексеруде топтық жұмыс барысында тақырыпты жан-жақты талқылау кезінде диалог құрылады. Сабақтың негізгі кезеңінде жаңа тақырыпты ашу барысында «миға шабуыл», «ой - қозғау», «ассоциация» әдістерін қолданғанда диалог жүргізіледі.

Қорыта келе, осы деңгейлі оқыту бағдарламасының идеясы білім беру ісінде ұтымды, қол жетімді нысан болып табылады. Өйткені қазіргі ақпараттың дамып, саны артқан сайын біз білім беру ісінде бір орнымызда қалып қоймай жаңалықтарды ала отырып, оларды ұтымды қолдануымыз қажет. Қорыта келе, оқу материалына, тақырыпқа оқушылардың қызығушылығын үнемі оятып отыру, тану, білу қажеттігін қалыптастыру. Сабақ барысында жағымды эмоциялық жағдай болуына назар аудару, яғни сабақты тыныштық сәтінен жағымды ойлаудан бастау. Бүгінгі таңда әрбір сабақты білім берудің инновациялық мақсатымен педагогикалық ынтымақтастық негізінде өткізу.

Өскелең ұрпақ жас болса да талапшыл, біз сол талапқа төтеп берерліктей деңгейде тұруымыз керек. Білім негізі мектепте, дегендей орта білімде алған білімімен жастарымыз өмірде өз орнын тауып, биік белестерден көрініп, қиындықтарға бой алдырмай өссе, сол біздің жетістігіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізі:

1. Білім туралы. - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Литера, 2000. - 96 б.

2. Г.Қ. Нұрғалиева, С.Мусин. Салыстырмалы педагогика. -Алматы: Ғылым, 1999.
3. [Мұғалімге арналған нұсқаулық]

УДК 81

СТОРИТЕЛЛИНГ – КАК ИННОВАЦИЯ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Нурғалиева Гулвира Шынболатовна
магистр филологии,
учитель английского языка КГУ ОШ № 9,
г.Уральск

Аннотация: в статье рассматривается инновационный метод «сторителлинг» - как один из методов обучения английскому языку. Использование данного метода дает возможность расширить словарный запас ученика, высказать свое мнение и делиться своими мыслями.

Ключевые слова: сторителлинг, словарный запас, мотивация, инновация, обучение.

Обучение английскому языку характеризуется своей спецификой, и одной из существенных черт этой специфики является постоянная необходимость активизации учебной деятельности группы в целом и каждого ученика индивидуально.

Специфика обучения английскому языку требует постоянного контакта учителя с учениками, постоянного общения. Индивидуализация обучения английскому языку требует учета возможностей учеников, следовательно, такой организации занятий, при которой, каждый принимает участие в индивидуально групповой работе и может справиться с предложенным заданием. [1,с.24]

Существует много методов обучения, но, чтобы разнообразить, учебный процесс нужен креативный и актуальный метод обучения, который поможет ученику овладеть новым запасом слов и послужит мотивацией к обучению. Сторителлинг–это тот самый инновационный метод обучения, который может разрешить ключевую проблему развития мотивации.

Этот метод создает прочную эмоциональную связь между учителем и обучающимися, в результате ученики чувствуют поддержку, в то время как учитель, управляя эмоциональным состоянием, направляет обучающихся на активное запоминание рассказа.

Storytelling– технология обучения иностранному языку, которая заключается в использовании в обучении увлекательных историй.

Создание, слушание и рассказывание историй развивает воображение, словарный запас, мотивирует, служит мостиком между фантазией и реальностью.

Преимущества этого метода:

1. Можно быстро увеличить словарный запас школьника
2. Запоминаются фразы, а не отдельные слова.
3. Сторителлинг можно использовать с разными возрастными группами.
4. Взять огромное количество учебного материала.

Сам сторителлинг можно разделить на несколько этапов работы:

- 1) Подготовительный(lead-in)
- 2) до прослушивания истории (prereading)
- 3) вовремя прослушивания (while reading)
- 4) после прослушивания (post reading)
- 5) заключительный этап(production)[2, с.32].

Как можно применить сторителлинг на уроках английского языка?!

Для работы над текстом или рассказом можно выбрать Storywheel. Для начала учителю следует дать четкие инструкции по использованию колеса истории. Попросить учеников самим разбить колесо истории на те, сегменты, которые они считают нужным добавить в своем пересказе. Можно пронумеровать эти сегменты цифрами. В начале, учитель может помочь ученикам начать свой рассказ, постепенно перекладывая ответственность за колесо истории на самого ученика.

Например, вы можете указать на первый сегмент колеса истории и сказать: «Я начну с этой части, потому что здесь стоит цифра 1» [3, с.14].

It is winter on the picture. I see white snow everywhere. I see the man on a horse I think he is AldarKose.

После демонстрации того, как пересказать первые два или три события на колесе, предложите разным ученикам попробовать пересказать следующие сегменты. Когда учащиеся пересказывают события, предложите немедленную поддержку и обратную связь.

Вы можете указать на изображения в колесе историй и задать учащимся такие вопросы, как:

What kind of coat had AldarKose? Had Aldar money to buy a new coat? Aldar'shorsewasyoungorold?

Как только учащиеся поймут, как использовать колесо историй, они смогут попрактиковаться в пересказе друг с другом. Чтобы стимулировать сотрудничество, учителя могут формировать группы по три или четыре ученика. Каждая группа вместе пересказывает историю, при этом учащиеся по очереди рассказывают разные части или изображают разных персонажей. Учителю нужно направлять учащихся в этом процессе. Небольшие группы хорошо подходят для больших классов, поскольку все учащиеся могут говорить одновременно. Учитель переходит от группы к группе, чтобы контролировать, давать обратную связь и давать вербальные оценки того, как учащиеся используют колесо.

Колесо историй также может расширить использование английского языка за пределами класса. Колесо истории можно задать как самостоятельное домашнее задание после прочтения сказки или истории в учебнике.

Помимо этой версии можно также придумать разнообразные задания для колеса истории:

Например: составить самим колесо истории, используя текст, в котором параграфы идут не по порядку повествования. Прослушав, рассказ или сказку ученик должен в правильной последовательности собрать колесо истории. Например: по Englishplus 5 Student's book Module 3 Ex 5 p.36 (Рис.1).




Рисунок 1. Storywheel "The Magic Coat 1"

Источник: авторский рисунок

Таким образом, конкурентоспособность педагогов напрямую связано с наличием у него практических и «гибких» навыков. Технология «обучения через развертывание сюжетных линий на основе бинарных тематических оппозиций» подразумевает изучение материала путем его представления в форме истории или рассказа, где происходит определение эмоционально-личностной значимости.

Высокая конкурентоспособность педагогов строится на основе профориентированных программ. В процессе развития «гибких» технологий многие ученые выделяют самоактуализацию как ведущий фактор достижения вершин профессионализма, включающий категории воодушевленности, мотивированности «изнутри», сопричастности, которые в свою очередь также являются необходимыми в процессе развития softskills.

Актуализация роли softskills предполагает установление степени их понимания и освоения обучающимися, а также определения основных направлений формирования как в учебном процессе, включая изменение структуры учебных планов, так и во внеучебной деятельности. Быть конкурентоспособным значит соответствовать актуальным профессиональным требованиям, быть востребованным для работодателей, соответствовать ценностям. Рынок труда требует универсальных педагогов с развитыми «гибкими» навыками, к которым относятся: критическое мышление, универсальность, ответственность, коммуникативность, управленческие способности и т.д.

Список использованной литературы:

1. Бацунов С.Н, Дереча И.И., Кунгурова И.М., Слизкова Е.В. Современные детерминанты развития softskills // Научно-методический электронный журнал «Концепт». 2018. № 4. С. 198-207.
2. Беркович М.И., Кофанова Т.А. Тихонова С.С., Softskills (мягкие компетенции) бакалавра: оценка состояния и направления формирования // Вестник Воронежского государственного университета Серия: Экономика и управление. 2018. № 4. С. 63-68.
3. Быстрова Н.В., Коняева Е.А., Царапкина Ю.М., Цыплакова С.А. Инновационная деятельность при формировании профессионально-педагогической компетентности студентов вуза // Проблемы современного педагогического образования. 2018. № 61-4. С. 48-51.
4. Быстрова Н.В., Хижная А.В., Емелина А.В., Сундеева М.О. Основные принципы функционирования и развития воспитательной системы общеобразовательной организации // Карельский научный журнал. 2017. Т. 6. № 4 (21). С. 25-28. етошкина Т.А., Полянок О.В. Роль «жестких» (hardskills) и «мягких» (softskills) компетенций в профессиональной деятельности // Агропродовольственная политика России. 2017. № 12(72). С. 58-62.
5. Волкова М.Э. Формирование soft-skills у студентов педагогических специальностей: теоретический анализ // Студенческая наука и XXI век. 2017. № 15. С. 224-226.
6. Иволина А.И., Чуланова О.Л., Давлетшина Ю. М. Современные направления теоретических и методических разработок в области управления: роль soft-skills и hardskills в профессиональном и карьерном развитии сотрудников // Интернет-журнал Науковедение. 2017. Том 9 № 1. С. 90.

UDC 877.111

USE OF SONGS, POEMS AND RHYMES IN ENGLISH LESSONS

*Ramazanova Nurgul Ersainovna,
English teacher of school №10,
Uralsk*

Abstract. This article shows the effectiveness when using poems and songs in English lessons. Undoubtedly, various forms of using poetry and songs contribute to increasing the effectiveness of teaching, if modern methods of teaching a foreign language, the psychological and pedagogical characteristics of students, and the amount of grammatical and lexical material studied in class are taken into account.

Keywords : songs, poems, rhymes, effective ways of teaching

One of the effective teaching methods is the use of poetic and song materials in foreign language lessons. The use of poetic and song materials in foreign language lessons is one of such effective teaching techniques. There are many teaching aids with poetic texts that make the teacher's work easier. I.L. Sholpo gives the following reasons for the use of poetic works.

Firstly, poems and songs are the textual material that children love and are interested in, and therefore, working with them is positively emotionally charged for the student, which, as already said, greatly facilitates the learning of the material.

Secondly, authentic literary or folklore material contributes to the comprehension of language in the context of cultures.

Thirdly, poetic texts and songs are excellent material for practicing rhythm, intonation of foreign language speech, and improving pronunciation.

Fourthly, when working with poems and songs, we solve the problem of repeated repetition of statements according to the same model or perception of the same word. Repeated playback of a song or poem is not perceived as artificial.

Poems and songs bring pleasure when learning a foreign language and instill a love of poetry in children from an early age, and also increase the efficiency of the educational process.

In his article Dyachenko N.P. [1; pp. 30-33] notes that the methods of working on a poetic text can be different and depend both on the stage of training and on the goal that the teacher sets for himself. At the same time, many tasks can be implemented simultaneously, such as teaching grammar, phonetics, vocabulary and translation. Reading poems, reciting them and translating them make foreign language classes more meaningful, motivationally oriented and increase interest in learning the subject. It is necessary to determine the approximate sequence of working with the poem; it can be divided into several stages:

- a) phonetic presentation of the text;
- b) lexical presentation of the text;
- c) grammatical presentation of the text.

To learn and reinforce songs, you can use the following exercises:

- “Chain”. Students take turns pronouncing one line of the verse and so on until the end.
- “Snowball”. Each subsequent student repeats the phrase of the previous one and adds his own.
- “Complete the phrase.” The teacher pronounces the beginning of the phrase, the students finish.
- “Complete the missing words.” Students listen to the song and fill in the blanks.
- “Put the lines in the correct order”. Students listen to the song and put the lines in the correct order.

The formation of pronunciation skills is carried out at all stages of learning a foreign language. At the same time, students work with great desire and diligence on individual sounds, difficult to pronounce words and intonation, if they are presented in rhymed form. [3; p.4]

Working with poetic works and tongue twisters in foreign language lessons allows you to improve your pronunciation skills in a non-linguistic environment. This is a simple, not boring and at the same time effective method that allows you to avoid many mistakes when learning, practicing and consolidating new sounds. Often a lesson begins with phonetic exercises, and specially selected poems and rhymes can be used as phonetic exercises. In the next two or three lessons, N.P. Dyachenko advises repeating a poem or rhyme and correcting the pronunciation of sounds. This type of work can be included in the lesson at different stages; it serves as a kind of relaxation for children. [2; p.30-31]

Singing tongue twisters to rhythmic music is very effective for practicing pronunciation techniques. You can successfully use such well-known tongue twisters as “Fuzzy Wuzzy was a bear,” “Peter Piper picked a peck of pickled peppers,” and others. At the stage of learning pronunciation, correct intonation is also important. It is easier for students to perceive the intonation structure of English sentences by listening and reproducing the intonations of poems and songs. For example, ‘Why do you cry, Willy?’ can be used not only to practice the [w] sound, but also to practice intonation. To develop pronunciation skills when learning the plural, you can learn the following rhyme, while focusing on the correct pronunciation of the ending: [s], [z], [iz]:

A cat – cats, a hat – hats,	A bus – buses, a glass – glasses.
A sock – socks, a clock – clocks.	A lady – ladies, a baby – babies,
A pen - pens, a hen - hens,	A cherry – cherries, and berry – berries.
A bee – bees, a tree – trees.	A shelf – shelves, a wolf – wolves,
A fox – foxes, a box – boxes,	A wife – wives, a knife – knives.[5; c. 36]

You can do this exercise in writing and evaluate your knowledge of spelling rules: y - ies; f - ves. Songs and rhymes help introduce or reinforce lexical material in a lively and emotional form. Memorizing songs and playing them in class, first in chorus, and later individually or in pairs, develops speaking skills in a foreign language. Rhymed speech is more familiar and natural for children than simple speech, because it is easier to remember information in rhymed form. At the initial stage of learning, children perceive, remember and reproduce ready-made lexical structures well, especially if they rhyme or are introduced to music or rhythm. For example, the famous song “Good morning!” is a ready-made dialogue with the help of which children learn to say hello, ask how things are going and say goodbye. And the song “Who’s afraid of big black spiders?” teaches question-answer dialogical communication, the ability to give short answers, which are widely used in everyday conversation. When studying vocabulary on the topic “Animals,” you can introduce the verb “have got” - “to have” and learn the following rap song with your children:

Have you got a dog?	Have you got a cat?
No, I haven’t got a dog.	No, I haven’t got a cat.

Have you got a bird?
No, I haven't got a bird.

But I've got a little mouse and it's got a little house.
[6; p.50]

This song helps reinforce interrogative, negative and affirmative sentences. In subsequent lessons, you can invite students to compose their own rap verse in its likeness.

Exercises accompanied by music or a song are a necessary element of a modern health-saving lesson. A huge selection of English children's songs that can be accompanied by movements and linked thematically to the lesson. For example, when studying a part of the human body, you can always do exercises "Head and shoulders, knees and toes..." or "Put your finger on your nose, on your nose..."

Formation of grammatical skills when working with poetic material. Often the word "grammar" is associated with something boring and tedious. Teaching grammar and the correct form of statements, as well as recognizing grammatical forms in speech and writing occurs through the formation of grammatical skills, which is an integral part of all types of speech activity.

Of course, when children hear that they need to learn grammar, it seems to them that it is very difficult and boring, they will not be able to figure it out, and they often lose motivation and desire to continue learning the language. And the teacher is faced with the question: "How can I diversify my lessons and bring into them something fun, but at the same time useful?" You can structure the process of familiarization with grammatical material and its training in different ways. One way is to select interesting material. Songs and rhymes in foreign language lessons - all this is associated with non-boring learning. Students of all ages love to sing, and this can be done actively use when studying "non-boring" grammar. Grammatical structures, language activity, and listening skills are better absorbed and activated in songs, and interest in learning a foreign language also increases.

Let's look at techniques for working with songs and rhymes. For example, at the stage of introducing a new grammatical topic, students are asked to read a poem and try to explain the use of articles:

I know a doctor. – The doctor is nice.

I know a teacher. – The teacher is wise.

I know a girl. – The girl is pretty.

I know a boy. – The boy is witty. [5;c. 70]

If your foreign language classroom has an interactive board that allows you to move images, you can ask students to match the pictures to the poem.

Do you like pizza, do you like cheese?

Do you like oranges, do you like peas?

Do you like football, do you like TV?

I like you, do you like me?

Do you like English, do you like gym?

Do you like her, do you like him?

Do you like the mountains, do you like the sea?

I like you, do you like me? [6; p.58]

You can also play "What do you like?" Children have pictures with illustrations for the song and when a question is asked, for example, "Do you like pizza?", if the child likes pizza, then he picks up a picture with this illustration. And, of course, these are micro-dialogues "question-answer", using questions from the song.

In conclusion, I would like to note that the use of poems, rhymes and songs creates a psychologically favorable climate and a comfortable atmosphere in the classroom. Techniques for working with poems, songs and rhymes are combined with other techniques and make the lesson easy, interesting and memorable and brings a lively spirit to the course of the lesson, creating the effect of novelty. Any song-based material is remembered more easily and quickly, more firmly and is stored in the long-term memory of students. But music is not an end in itself and not entertainment in the lesson, but a natural part of it, which should be woven into the plot of the lesson and have a beneficial effect on the motivational sphere of students. And most importantly, the teacher must strive to ensure that the learning process is not a monotonous mechanical reproduction of the material being studied; the teacher must captivate his students, which is greatly facilitated by working over rhymes, poems and songs.

Bibliography

1. Gebel S.F. Using songs in foreign language lessons/S.F. Gebel//Foreign languages at school. – 2009. - No. 5. – p.28-31.
2. Dyachenko N.P. Poems, rhymes and songs as a means of increasing the effectiveness of an English lesson./N.P.Dyachenko// Pedagogical Bulletin. – 2004. - No. 3. - With. 30-33.
3. Non-standard English lessons at school / [A.S. Lyubchenko [and others]; under general ed. S. N. Smolensky]. – Rostov n/d.: Phoenix, 2007. – 301 p.: ill.
4. Nekhorosheva A.V. RhymeyourEnglish: Collection of poems, rhymes and songs in English: Practical guide - M: ARKTI, 2006. - 80 p.
5. Fursenko S.V. Grammar in verse: St. Petersburg: KARO, 2006. – p. 11, 36, 70.
6. M. Vince, D. West "Smart" (Beginner) Macmillan, 2001. p.50, 58.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ «ӘДЕП» ҰҒЫМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Рауова Әлия Нұрболатқызы,
М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты,
Орал қ*

Аннотация: Бұл мақалада қазақ әдеп ұғымының қалыптасуының ғылыми теориялық аспектілері берілген. Этика – адам мінезіне қойылатын этикалық талаптардың жиынтығы. Қоғамдағы этиканың негізгі қызметі – тұлғалық қатынастардың адамгершілік талаптарына сәйкестігін реттеу. Қоғамда этика жоғары болса, оның беделі биік, пайдасы мол болады. Этика қоғамның рухани қажеттілігіне негізделеді және адамдарды өзіне тән белгілері мен ерекшеліктеріне қарай біріктірудің қуатты құралы қызметін атқарады.

Кілт сөздер: *Этикет, Қазақ этикасы, құндылық, мінез-құлық, мораль, «әдеп», «әдепті әулеттің қызы», «әдепті бала», «тәртіпті адам»*

Қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы күтілетін нәтижеде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарау, өз әрекетін бағдарлай, дұрыс ұйымдастырып, оны қайтадан ой елегінен өткізіп саралай білетін, өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру мақсатын көздейді. Оған қоса Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «қоғамдық сананы дамытудың» нәтижелі жүзеге асырылуы бүгінгі жас ұрпақты саналы тәрбиелеуден бастауды қажет етеді [5].

Ұлт мәдениетінің жеке тұлғаның дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, т.б. шығармалары мен халықтық педагогиканың ұлттық тәрбие мәселесінде алатын орнын зерттеуде А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М.Дулатов, т.б. еңбектерінің қосқан үлесі зор. Олар өз еңбектерінде жас ұрпақтардың тәрбиесінің өзекті мәселелеріне байланысты өте құнды пікірлер айтқан.

Р.Қ.Дүйсенбінова мектептің оқу-тәрбие үрдісіне қазақ этнопедагогикасын ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздерін жүйелесе, Қ.Бөлесев қазақ этнопедагогикасы оқушыларға ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді дайындауда теориялық негіз болатындығын дәлелдейді.

«Этика» ұғымының мәні ғылыми айналымда адамдар арасындағы қарым-қатынастағы адамгершілік нормалары ретінде ерте заманнан бастап енгізіле бастағандығын көруге болады. Этика (гректің “ethos” – дәстүр, мораль сөзінен шыққан) – мораль мен мораль туралы ілім. Алғаш рет «этика» сөзін термин ретінде Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) практикалық философияның анықтамаларында, оның ішінде адамдардың іс-әрекеті дұрыс болуы үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап іздеуде қолданған. Ұлттық және жалпыадамзаттық қағидалардан туындайтын этикалық процестердің тарихы сонау көне дәуірден бастау алады. Алғашқы қауымдық жүйеден басталып, адамдар арасындағы адами адамгершілік қарым-қатынастар отбасылық, қоғамдық, діни және дәстүрлі міндеттерді орындаумен байланысты дамыған. Ежелгі Египетте, Грецияда, Үндістанда, Қытайда және ортағасырлық Еуропада қоғамдық сананың, көзқарастың және мінез-құлықтың ерекше маңызды түрі ретінде этика туралы көптеген әдеби-дидактикалық еңбектер пайда болды. Мысалы, Скандинавияның ежелгі дәуірдегі Эддес деп аталатын кітабында дастархандағы әдептілікке баса назар аударылады, ал 1204 жылы испандық Петрус Альфонс мінез-құлық бойынша Discipline Clericalis деп аталатын алғашқы нұсқаулықты жазды.

Шығыста этика, мінез-құлық, мораль туралы көптеген трактаттар жасалды. Мысал ретінде үнді жерінде пайда болған «Ману бақтары» (б.з.б. 2 ғасыр) (үйдегі күтімді, тазалықты, дене күтімін және сыпайылық негіздерін сипаттайды) деп аталатын этика кодексін келтіруге болады. Этикалық нормалар көне дәуірден бастау алады. Біріншіден, олар қоғамның өмір сүру жағдайлары мен пайда болуын сипаттайды. Екіншіден, олар адамдардың татулық пен бірлікте өмір сүру қабілетінің көрсеткіші болып табылады. Әдетте әрқайсымыз әдепті адамдармен кездескенде «әдепті әулеттің қызы», «әдепті бала», «тәртіпті адам» деп айтамыз.

Этика – адам мінезіне қойылатын этикалық талаптардың жиынтығы. Қоғамдағы этиканың негізгі қызметі – тұлғалық қатынастардың адамгершілік талаптарына сәйкестігін реттеу.

Бұл мағынада этика мәдениеттің құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасуы барысында адамгершілік мінез-құлық белгілері этикалық талаптарға айналды. Этикалық шаралар арнайы ережелермен жарияланбайды және ұлы адамдардың құндылықтары болып табылмайды. Этика ережелері өркениет пен мәдениеттен таңдалады. Сондықтан этика арнайы заңсыз жасалады. Мысалы, дәмханаға қалай кіру керек, шанышқы, пышақты қалай ұстау керектігі туралы заң шығару керек пе? Жоқ. Мұның бәрі адамның белгілі бір ортаға бейімделуінің және әдептілік ережелерінің нәтижесінде қалыптасатын

жазылмаған үлгілер, тәрбие нормалары. Осылайша, этикалық ережелер кез келген адамның күнделікті өмірінде қажеттілігін тағы бір рет дәлелдейді.

Қазақ халық педагогикасындағы идеялық этика. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісіне қарамастан, әр ұлт өзінің тарихымен, тілі мен мәдениетімен, ұлттық ерекшелігімен ерекшеленіп келеді.

Әл-Фараби этикалық мәдениет негізін ғылым ретінде қарастырған. Этиканың жақсылық пен жамандық сұрақтарын зерттейтін ғылым ретіндегі он түсіндірмесінің негізін берген. Оның пайымдауынша, адам табиғаттағы ең асыл жаратылыс, сондықтан оған үлкен құрметпен қарау керек. Әл-Фараби «Мықты қала тұрғындары» атты трактатында жер бетінде өмір сүретін барлық халықтардың билеушісі, ұлы қаланың басшысы 12 адамгершілік қасиетке ие адамгершілігі мол адам болуы керек: «1) адамның денсаулығы мінсіз болуы керек; бастаған ісін аяғына дейін аяқтай білу, кез келген тапсырманы оңай жеңе білу, нақты ойлау, істің мәнін анық түсіну үшін; 2) білгенін, көргенін, естігенін, байқағанын ешқашан ұмытпауы керек; 3) кез келген білімді ұшқыр игеріп, шешен, өз ойын анық жеткізе білуі керек; өнерге, білімге құштар болу, үнемі ғылыммен айналысу және мақсатқа оңай жете білу; 4) тамаққа, сусынға және әңгімеге қанағаттануға, құмар ойындардан аулақ болуға; 5) адал адамдарды жақсы көріп, өтірікші, екіжүзді адамдарды жек көруі керек; 6) адамгершілігі жоғары және рухы биік болуы керек; жаратылысынан жаман істерден жоғары болып, жақсылық жасауға құштарлықпен жану керек; 7) жалған дүниені және барлық жамандықты жек көрушілікпен қабылдауы керек; 8) табиғатынан әділдікті сүю және әділетсіз адамдар мен зорлық-зомбылықты жек көру; 9) жақындарымен және бейтаныс адамдармен әділ әрекет етуге, әділетсіздік құрбандарын қорғауға, барлық адамдарға адамгершілік көзқарасын білдіруге; 10) шыншыл болуы керек, бірақ капризді болмауы керек; 11) этикалық болуы керек; 12) адам өз ісін қорықпай және сенімсіздіксіз жүзеге асыруда шешуші, батыл және жігерлі болуы керек...» [1].

Әл-Фараби бойынша этиканың негізі болып табылатын жоғарыда аталған 12 адамгершілік қасиет мемлекеттің «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасында ойлау қабілеттерін дамытудың басымдығы туралы айтылған тұжырымдамаға үн қосады. Онда зияткерлік ұлтқа айналу жолында атап айтқанда: 1) терең білім алу; 2) кәсіби шеберлік; 3) жоғары біліктілік; 4) ұлттық мүдделерге қызмет ету; 5) халық алдындағы борыш ұғымына сүйенеді; 6) игі істер үшін марапаттауды ұмытпау; 7) кәсіби құзыреттілікте рухани құндылықтарды пайдалануға; 8) шығармашылық; 9) заманауи озық технологияларды пайдалану; 10) өнеркәсіптік өркендеудің ақпараттық прогрессі; 11) жаңа философиялық толғаулар; 12) адамгершілігі жоғары және жақсылыққа ұмтылу-деп келтірілген. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарынан орын алуға мүмкіндік беретін жоғарыда аталған 12 сапа көрсеткіштері функционалды сауаттылықтың қайнар көзі болып табылады.

Қарахан мемлекеті тұсында халық көсемінің бейнесін суреттеген бұл ойдың дамуына ұлы данышпан Жүсіп Баласағұни зор үлес қосты. Оның «Құтты білік» шығармасы – бақытты, бай, рақымды өмірге жол көрсетуші. Дастанның (поэтикалық шығарманың) негізгі идеясы – әрбір адамның бойында әділдік сияқты адамгершілік қасиеттердің болуы. Бұл ішкі және сыртқы заңдылықтарды ажырататын бірінші ілім. Ішкі үлгі – әр отбасының ішкі әдебі болса, сыртқы үлгі – мемлекеттік әдеп. Бұл екі үлгі тұрақты үйлесім мен өзара әрекетте болуы керек. Екінші ілім – әл-ауқат. Ол сондай-ақ ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Әрбір жеке тұлғаның ішкі әл-ауқаты - бұл ішкі интеллектуалдық әлеуеттің жиынтығы. Сыртқы әл-ауқат – ішкі әл-ауқаттың көрсеткіші ретіндегі объективті байлық. Үшінші ілім – ішкі білімнен жинақталған сана. Төртінші ілім – қанағаттану, ішкі және сыртқы. Ішкі қанағат – отбасының мүмкіндіктеріне қанағаттану, ал сыртқы қанағат – қоғамның саяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Баласағұни іліміне негізделген бұл ұлттық идея қазіргі Қазақстан жастарының қалыптасу процесіне үлкен үлес қосуда[4].

Қазақ халқының этикасының лексикалық қорын құруда ортағасырлық ұлы ғалым Махмұд Қашқари ерекше орын алады. Сөздік қорында әділдікке, ар-намысқа, имандылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үндеген. Ахмет Жүйнеки (12 ғ.) қазақ топырағында этикалық тәрбиенің дамуына орасан зор үлес қосты. Ол өзінің дастандарында дүниедегі ең үлкен құндылық – адам өмірі екенін айтып, оны тұлғаның қалыптасуындағы этикалық мәселелермен байланыстырады. Педагогикадағы этика идеясының негізін салушылардың бірі – Қожа Ахмет Яссауи. Замандастарының өміріндегі әділетсіздікті, адамдардың өзіншілдігін көріп, ағартушылық жолында адам тазалығының маңыздылығын ұғынып, «Бұл өте қиын заман» деген өсиетін ұрпаққа аманат етіп қалдырды [5]. Ежелгі грек ойшылы Демокрит: «Жақсы адам болу үшін табиғаттың рөлі емес, өмірлік сабақтардың рөлі маңызды» деген. Демек, тәрбие арқылы әдепке жетуге болады.

Қоғамдағы ең құнды адам – әдепті адам. Өнегелі адамдар – қоғамның баға жетпес байлығы және оның даңқы. Қоғамда этика жоғары болса, оның беделі биік, пайдасы мол болады. Этика қоғамның рухани қажеттілігіне негізделеді және адамдарды өзіне тән белгілері мен ерекшеліктеріне қарай біріктірудің қуатты құралы қызметін атқарады. Демек, этика – адамдарды адамгершілік негізінде біріктіретін қоғамдық құрал- деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 190 б.

2. Баласұғын Ж. Құт негізі білік/ көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсінігін жазған А.Егеубаева/, Алматы: Мұратас, 1993, 301 б.

3. Йассауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет. Алматы, 1993, 21-24 б.

ӘОЖ 37.026

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН МЕНТАЛЬДІ КАРТАНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Рахымғалиева Алия,
Қ.Сағырбаев атындағы
мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің мұғалімі
БҚО, Саралжын ауылы*

Аннотация: мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру үшін тиімді ментальді карталар мен графикалық органайзерлердің тиімділігі сөз болады. Ментальді карталар оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды түсінуге, жинақтауға, қорытуға тиімді болып саналады. 4-сыныптағы «әдебиеттік оқу» пәнінде берілген көркем мәтіндерді түсініп, талдау оқу үшін тиімді графикалық органайзерлер мен ментальді карталар тәжірибе негізінде ұсынылады. Мақала бастауыш сынып мұғалімдеріне, жас мамандарға пайдалы болады.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, бастауыш буын, мәтін, ментальді карта, әдебиеттік оқу, талдау, сыни баға

Оқу сауаттылығы – оқушылардың түрлі формадағы (тұтас, тұтас емес) мәтіндерді түсінуі, мәтіндерден алған ақпараттарды талдауы әрі өмірде қолдана алу дағдысы. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту, қалыптастыру – қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе. Қазақстан 2012 жылдан бері PISA халықаралық емтиханына қатысып жүр. Бұл емтиханның басты мақсаты - оқушылардың функционалдық сауаттылығын анықтау. Функционалдық сауаттылық оқушылардың әртүрлі өмірлік жағдаяттармен бетпе-бет кездескенде академиялық ортада алған білімдері мен дағдыларын пайдалану дәрежесін – олардың қоғамдағы өз бетінше өмір сүруге дайындығын білдіреді.[2] Жоғарыда аталған PISA, TIMSS сияқты халықаралық зерттеу жұмыстары оқушылардың алған білімдерін өмірде қолданып, оның түрлі аяларымен ұштастыра алуын бағалауға тікелей бағытталған. Олардың барысында білім алушылардың функционалды сауаттылықтарының көбінесі негізгі үш аясы бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық және ғылымижаратылыстану сауаттылықтары. Осындағы бастапқы әрі негіз салушы дағды оқу сауаттылығы болып табылады. Қазіргі уақытта ақпаратпен жұмыс істей алу (бірінші кезекте оны оқып, түсіне алу) табысқа апарудың бірден-бір жолы, іргетасы болып саналады.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру бастауыш білім беруден басталады. Бастауыш білім – баланың алғашқы мәтінді оқу, түсіну, мәтінді мазмұндау сынды негізгі дағдылары қалыптасатын кезең. Бастауышта мәтінді оқу, түсіну, мазмұндау дағдысы толық қалыптаспаған оқушы орта буында мәтінге жан-жақты талдау жасап, сыни тапсырмаларға тиісті жауап бере алмайды. Сондықтан да бастауыш буында баланың оқу сауаттылығының негізгі баспалдағының дұрыс қалыптасуына мән берілуі керек.

Баланың оқу сауаттылығын қалыптастыру барлық пәндерде де көрініс табады. Дегенмен қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде бұл жұмыс қарқынды әрі үздіксіз жүргізіледі. Себебі қазақ әдебиеті пәніндегі оқу әрекеті барысында оқырман өзін қоршаған әлемнің өткені, бүгінгі мен болашағы туралы біліп қана қоймай, ойлап, талдау жүргізіп үйренеді, шығармашылық тұрғыда дамиды, оның тұлға ретіндегі адамгершілік және мәдени негізі қаланады. Оқу «біріншіден, адамның дамытып, оны анық, түсінікті, бейнелі әрі әдемі етеді; екіншіден, оның ішкі жан дүниесін дамытып, біреудің қайғысына ортақтасу, қайырымды болу, өзгенің қиыншылығын түсініп, жетістігіне қуануға үйретеді; үшіншіден, шығармашылық нұрға бөленіп, шабыттануға, жаңа көркем туындыларға негіз болады; төртіншіден, ақпаратты пайдаланып, оны зерттей алу дағдыларын қалыптастырады» [4].

Қазақ әдебиеті пәнінде оқылатын көркем мәтіндерді оқып, меңгеруге, оған сыни анализ жасауға сол арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыруға тиімді тәсілдердің бірі – бұл ментальді карталарды, графикалық органайзерлерді қолдану. “Ментальді карта” терминін ағылшын психологы Тони Бьюзен енгізген болатын және де ағылшын тілінен тікелей аудармасы “ақыл-ой картасы” деген мағынаны білдіреді. Ментальді карталар (майндмэппинг, mindmapping) – бұл ойлау қабілетін қалыптастырудың қарапайым әдісі, ақпараттың үлкен көлемін есте сақтауға мүмкіндік беретін ойлау қабілетін дамытудың ыңғайлы әрі тиімді техникасы. Ментальді карталар тек идеяны тудыру, визуализациялау, [құрылымдау](#), саралау үшін ғана емес, сондай-ақ қандай да бір тапсырмаларды орындауды, ұйымдастыруды үйрену, шешімдерді қабылдау құралы ретінде де қолданылады. Тіпті біздің эрамыздың үшінші ғасырының ойшылдары Аристотельдің

тұжырымдамаларын суреттеу үшін ақпараттарды жазудың осындай тәсілдерін қолданған. Кейбір европалық елдерде ментальді карталар бастауыш сынып оқушыларын оқыту үшін де пайдаланылады. Тармақшалары және түсініктемелері бар ұзыннан ұзақ жазбалар, тақырыптары, кестелері және де сызбалары бар тексттер біздің ойымызды жинақтауға және тиянақтап зейін қоюымызға мүмкіндік бермейді, себебі бұл жағдайда біз тек сол жақ жартышарымызға ғана жұмыс істетеміз. Ал [ментальді картаның қолдана](#), біз сондай-ақ суреттер мен бейнеге жауап беретін оң жақ жартышарымызды да жұмыс істетеміз.

1. Сабақта ментальді картаны қолданасыз ба?

[Дополнительные сведения](#) [Аналитика](#)

● иә 9
● жоқ 2



2. Ментальді карталарды қай пәнде қолданған ыңғайлы?

[Дополнительные сведения](#) [Аналитика](#)

● әдебиеттік оқу 3
● математика 2
● қазақ тілі 5
● жаратылыстану 1



3. Ментальді карталар оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін тиімді ме?

[Дополнительные сведения](#)

● иә 9
● жоқ 0
● нақты айта алмаймын 2



Мақаламызда бастауыш пәні мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнама нәтижесін ұсына отырып, ментальді карталарды сабақта әлі қолданбайтын мұғалімдер бар екенін байқай алдық. Ментальді карталардың оқу сауаттылығын арттырудағы маңызында толық бағалай алмайтын да оқытушылардың бар екенін анықтадық. Осы зерттеу жұмысы нәтижесінде мұғалімдерге ментальді карталардың әдебиеттік оқу пәнінде оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға тиімділігі дәлелденеді.

4-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған мынадай оқу мақсаттарын [1] атап көрсетуге болады:

2.1 Оқу түрлерін қолдану	4.2.1.2 шығарманы іштей көз жүгіртіп/шолып/ түртіп алып/ сұрақтар қоя отырып/ қажетті ақпаратты тауып/ белгі қойып оқу/ талдау жасап оқу/ сын тұрғысынан бағалап оқу
2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің/кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау

Іріктелген оқу мақсаттарын сабақта тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырып оқушылардың мәтіндерді түсіну, детальдарды анықтау, көтерілген мәселеге сын тұрғысынан баға беру, салыстыру сынды дағдыларын дамытуға болады. Аталған оқу мақсаттарын жүзеге асыруда ментальді карталарды, графиктік органайзерлерді тиімді үйлестіруге болады. Мысалы, 4-сыныптағы «Ғарышқа саяхат» тарауы аясындағы «Аман қайтып кел, Звездочка!» шығармасын оқытуда «Оқиға кестесі» ментальді картасын қолдануға болады.

Оқиға кестесі

Басты кейіпкер: Әңгіме қим туралы?

Оқиға орны: Әңгіме оқиға қайда орын алады?

Басталуы: Кейіпкердің басынан қандай аяқ етті?

Әсер ету: Жағдайдың бұлай болуы кейіпкерге қалай әсер етті? (көңіл күйі, арман-тілегі, мақсаты, ойы)

Жоспар: Кейіпкер әрі қарай не істейді? Оқиғаның басталуындағы кейіпкердің ішкі жан-дүниесімен байланыс орнату керек.

Әрекеті: Кейіпкер мәселені қалай шешеді?

Шешім: Кейіпкердің бұл әрекеті қандай нәтиже береді? Мәселені шешуде қандай қиындықтарға тап болады?

Сөзім: Кейіпкер қандай сөздерді бастан кешті?

«Оқиға кестесін» толықтыру үшін оқушылар шығарманы мұқият оқиды. Оқу үшін «іштей көз жүгіртіп оқу» тәсілін қолданып, қажетті ақпараттарды түріп алуға дағдыландырамыз. Бұл тапсырмада оқушы шығармадағы кейіпкерлерді анықтауы тиіс. Бір шығармада бірнеше кейіпкер болуы мүмкін, сондықтан да нақты қай кейіпкерді талдайтынымызды оқушыларға анықтап айтамыз. «Оқиға кестесін» толтыру арқылы оқушылар мәтіндегі детальді ақпараттарға, кейіпкердің көңіл-күйіне, эмоциясына мән бере отырып, оның мәтіндегі оқиғаның өрбуіне қатысына баға бере алады. Ментальді карта оқушының дайын ақпараттарды тек орналастыруға ғана емес, сонымен бірге өзіндік қорытынды шығарып, ой түюіне де қызмет етуі керек. Ментальді карталарды жеке, жұпқа, топқада ұсынуға болады. Оқушыларды жұптастырып, топтастырып оқытқан кезде олардың қабілетін де ескеріледі. Мысалы, «Құндылықтар» тарауы

аясында берілген «Ғажайып бақ» шығармасының кейіпкерлерінің образын ашу үшін, мәтіннен кейіпкерлердің бейнесін ашуға негіз болып тұрған ақпараттарды табу үшін «Кейіпкер бейнесін талдау» графикалық органайзерін ұсынып көрдім.

Шығармада екі кейіпкер болғандықтан, жұпқа екі кейіпкерді бөліп беріп, жеке жұмыстандырдым. Жұптар екі кейіпкердің образын мәтіннен анықтап, кестені толтырады. Жұмыстарын салыстырып, бір-бірін толықтырады. Бұл тапсырмада оқушылардың оқыған мәтіннен қорытынды шығару, кейіпкерлер әрекеттеріне сыни баға беру дағдылары дамиды. Себебі мәтіндерде кейіпкерлердің образы, мінезі олардың әрекеті арқылы берілген.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыруда сабақта көмекші құралдардың, соның ішінде ментальді карта мен графикалық органайзерлердің рөлі маңызды.

Сабақтарда оқушылардың ұсынылған ментальді карталар мен графикалық органайзерлермен жұмысын бақылай отырып, оқу сауаттылығын арттырудағы мынадай артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

- пәнге деген қызығушылығы, сабақтағы белсенділігі артады;
- қажет, нақты ақпаратты іріктей алады;
- ақпаратқа, мәселеге сыни көзбен қарай алады;
- идеяны, білімді жинақтап қолданады;
- өз-өзіне баға бере алады;

Бастауыш сыныпта ментальді карталарды бере отырып, оқушыларға оқылым мәтінімен жүйелі жұмыс жасауды үйрете аламыз. Сабақ барысында оқылым бойынша сұрақтар берілгенде ойларын жүйесіз, жалпылама жеткізетін оқушылар, ментальді карталар мен графикалық органайзерлермен жұмыстанғанда, нақытлыққа, жинақылыққа, жүйелілікке дағдыланғаны байқалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша үлігілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
2. Болысбекова З. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту //Scientific Collection «InterConf». – 2022. – №. 130. – С. 68-71.
3. Нұржанова Б. Т. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАДАҒЫ НЕГІЗДЕРІ. – 2023.
4. Тоқан А. Б. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА АЛАТЫН ОРНЫ //ББК 74.42 О-23. – 2019. – С. 74.

Кейіпкер бейнесін талдау

Кейіпкерің аты және оқиға орны	Кейіпкерің басты қасиеттері
Кейіпкер бейнесі қалай көрініс табады?	
Кейіпкерің сөзінен не байқауға болады?	
Кейіпкерің іс-әрекетінен не айтаруға болады?	
Оған басқалардың көзқарасы қандай?	
Қорытынды	

5. Ыбыраимжанов К., Кыдырбаева Г. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру //Scientific Collection «InterConf». – 2024. – №. 186. – С. 135-140.

6. Спаналиева Г. Т., Абдукаримова А. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ. – 2023.

ӘОЖ 721.01

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫН ҚҰРАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР МЕН ПРИНЦИПТЕР

Ромашева Айнагул Рашитовна,

МБ-11 тобының магистранты,

М. Өтемісов атындағы БҚУ,

Орал қ.

Аннотация: Қазіргі таңда жұмыс оқу жоспарын құрастырудың негізгі ерекшеліктері мен маңыздылығы қарастырылады. Сондай-ақ, қазіргі таңда дамып келе жатқан әдістер жайлы шолу жасалып, негізгі принциптері баяндалады. "Жұмыс оқу жоспарын құрудың маңызы неде, және қандай пайдасы бар?" деген секілді сұрақтардың жауабы қамтылады. Жұмыс оқу жоспарын құрастырудағы нақты құрылымы жоқ, бірақ оның әрекетінің мәнін көрсететін бірнеше ережелерді анықтауға болады. Сол ережелердің сипаттамасын жан-жақты қарастырылып, анықталады.

Кілт сөздер: *силлабус, студент, оқытушы, іс-әрекет жоспар, дағды, технологиялық карта, ақпараттық мазмұн, бағдарлама және т.б.*

Оқытушы өзі студенттерге берілген пән бойынша не істеу керектігі туралы ақпарат беретін арнайы жұмыс жоспарын беруге немесе веб-сайтта орналастыруға құқылы. Бұл силлабус деп аталады. Силлабус оқытушылар мен студенттерді байланыстырушы құралы болып табылады.

Силлабус – оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға көмектесу мақсатында арнайы студентке арналған оқу пәнінің өзіндік жобасы бола алатын арналған «іс-әрекет жоспары» немесе пәнді оқу жоспары. Силлабус студентке қандай дағдыларды меңгеруі қажет екендігі туралы хабарлауы керек. Бұл құжат студентке кез келген пән бойынша сабақ уақытын өз бетінше қарастыруға мүмкіндік береді. Силлабус – оқытылатын пәннің негізгі сипаттамаларын қамтитын құжат – оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас құралы болып табылады және оқу пәнінің қысқаша конспектісін, оны оқу мақсатын, тақырыптар кестесін, табысты жұмыс істеу шарттарын қамтиды.

Анықтамадан көрініп тұрғандай, силлабус пәннің мақсаты мен міндеттерін, технологиялық картаны (қажетті ақпараттардың тізбесін, орындауға арналған нұсқауларды қамтуы керек), тапсырмалардың өзін (ағымдағы) және олардың сипаттамасын қамтуы керек. Бақылау тапсырмалары ретінде (қорытынды), жұмысты бағалау критерийлері және қажетті әдебиеттер тізімі көрсетілуі қажет. Сондай-ақ оқытушы туралы мәліметтерді, оның толық аты-жөнін, ғылыми дәрежесін, ғылыми атағын, лауазымын және байланыс деректерін көрсету қажет [1].

Оқытушы жүргізетін белгілі бір іс-әрекеті үшін студентке берілетін ұпайларды нақты көрсету қажет. Тапсырмаларды сипаттауда бағалау парақтарын енгізуде дұрыс. Студенттер нақты пайдаланатын, оқитын әдебиеттер тізімін және курс барысында оқытушының нақты нені пайдаланатынын көре алу қажет. Бұл ретте силлабусты шамадан тыс мәтінменде толтыруға болмайды. Оқытушы силлабусқа конференцияларға, конкурстарға немесе олимпиадаларға қатысқаны, іскерлік ойындарға қатысқаны және әртүрлі мақалалар шығарғаны үшін, жалпы ғылыми қызметке қатысқаны үшін ынталандыру ұпайларын енгізе алады, немесе сабаққа қатысқаны үшін ынталандыру ұпайлары берілуі мүмкін. Жұмыс оқу жоспарын құрастыруда студенттер игеретін нақты құзыреттер көрсетілуі керек. Әрбір оқытушы студенттерге қойылатын талаптардың өзіндік жүйесін, мысалы, өзін-өзі ұстау ережелері, оқытушымен және басқаларға қарым-қатынасын ұсынуға құқылы. Силлабустар әр семестрдің басында әр пән бойынша университет сайтында орналастырылуы тиіс екенін ескеру қажет. Бұл оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекетін, оның ішінде қашықтықтан оқытуды оңтайландырады, сонымен бірге ақпараттың қолжетімділігі есебінен курсты меңгеру деңгейін арттырады [2].

Жұмыс оқу жоспары немесе силлабус маңызды тапсырманы орындайды – студенттің оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етеді. Сондықтан пәнді оқып бітірген сайын студенттерге «Силлабус жақсы әзірленді ме?», «Түсінді ме?» деген сұрақтарды әр оқытушы өзіне қойылуы керек. Силлабус студенттерге арналған ақпаратты білдіреді, сондықтан студент осы пәнді оқу мақсаттарын анық түсінуі үшін ол қолжетімді тілде жазылуы керек. Оқытушы құжатты құрастыруда терең ғылыми тілді қолдана бастағанда, силлабус өзінің ақпараттық мазмұнын жоғалтады және мақсатты аудитория өзгерген сайын тек есеп

берушілікке айналады. Ақырында, жай ғана дағдыларды меңгерген студент үшін мұндай ақпаратты қабылдау өте қиын.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұтымды жоспарлау және ұйымдастыру оның нәтижелі болуының маңызды шарты болып табылады. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру деңгейі мен білім беру ортасының сапасы студенттің өзіндік жұмысының тиімділігіне және оның білім беру бағдарламасын меңгеру табысына тікелей байланысты. Өзіндік жұмысты жоспарлау логикалық құрылымды, ашық, түсінікті, қол жетімді және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді жүйесін құруға бағытталған [3].

Студенттердің өздік жұмысын дұрыс ұйымдастыру – алған білімдерін меңгеру, зерделеу және жүйелеу дағдыларын қалыптастырудың, оқу процесінде оқу үлгерімінің жоғары деңгейін қамтамасыз етудің кепілі. Студенттің өзіндік жұмысы – оқытушы ұйымдастырған арнайы шарттар жүйесі. Ал силлабус оқу процесінің тұтастығын және студент пен студент арасындағы жақсы қарым-қатынасты сақтайтын, сонымен қатар өзіндік жұмыс сапасын қамтамасыз ететін қажетті құрал. Студент үшін келешегі зор оқу бағдарламасын анықтап, оны силлабус түрінде ұсыну арқылы оқытушы бағалаушы немесе қатал төреші емес, тәлімгер қызметін атқарады [4].

Каллен Р. және Харрис М. "Курс арқылы білім алушыға бағдарлануды бағалау" еңбегі бойынша студенттерге оқу пәндерін меңгеруге көмектесу, олардың құзыреттілік деңгейін бақылау және жақсарту үшін жағдай жасау деп санайды. Сонымен қатар, оқу іс-әрекетінің оңтайлы шешімдері мен өнімдерінің бағалау критерийлері мен үлгілерін (нұсқаларын) нақты көрсету қажет. Силлабус адамның оқу жетістіктерін тиімді бейнелеу құралы ғана емес, сонымен қатар маңызды пайдалы ресурс және кәсіби даму жолындағы өзіндік бағдар болып табылады. Перспективті оқу жоспарларымен жұмыс істеу мұғалімдерден мұқият талдау жұмысын қажет етеді [5].

Бірнеше маңызды сұрақтарға жауап беру керек, мысалы:

- Оқытудың минималды талаптары қандай? Студенттердің ұмтылысының деңгейін қалай оңтайландыруға болады?

- Курста қолданылатын бағалау құралдарының жинағы қаншалықты дұрыс және тиімді?

- Оқытудың формалары мен құралдары қаншалықты жан- жақты және тиімді? Студенттермен өзара әрекеттесу процесі қаншалықты ұйымдасқан және жүйелі?

Силлабустарда көрсетілген ұзақ мерзімді оқу бағдарламаларының негізгі практикалық мақсаттарының бірі ретінде студенттердің курс мақсаттарын анықтау және оған жету үшін өз күштерін өз бетінше құрылымдау мүмкіндігі деп санаймыз. Сонымен қатар, білім беру нәтижелерін қалыптастырудың логикасы мен әдістерін, сондай- ақ оқу жетістіктерін бағалау құралдарын түсіну маңызды. Оқыту курсының бағдарламаларын (модульдерін) құрастыру кезінде білім беру үдерісі субъектілерінің білім мазмұнын өз бетінше анықтау үшін оларға берілген өкілеттіктерінің жиынтығы ретінде академиялық еркіндік принципі ескеру қажет екенін атап өткен жөн [6].

В.А.Кудрявцевтың: Жаһандық білім беру күн тәртібі контекстіндегі педагогикалық білім беруді жаңғырту және кәсіптік модуль пәнінің мазмұнын жобалаудағы жүйелік-белсенді көзқарас атты еңбегінде, студенттерге оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын құруға негізделген тәсіл танымдық белсенділікті ынталандырады, жаңа мүмкіндіктер ашады, өз іс-әрекетінен қанағаттану сезімін тудырады және табысқа жету үшін тұрақты мотивацияны тудырады, бұл одан әрі оқу тиімділігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сонымен, силлабус – оқытылатын пән шеңберінде студенттің өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құжат. Онда негізгі мақсаттар мен міндеттер, тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптар, тапсырмалардың өздері қамтылып, дұрыс құрастырылғанда студенттердің өздік жұмысын орындауға көмектесетін негізгі құралдардың бірі болып табылады [7].

Жалпы силлабустар қазірдің өзінде модульдік бағдарламаларға енгізіліп жатқанын және жақын арада олар жаңа білім беру платформасында дербес бөлімшелер ретінде орналастырылатынын атап өткім келеді. Силлабустардың ұйымдастырушылық және мазмұндық мазмұны ЖОО оқытушысының жұмысын бағалаудың байыпты критерийі бола алады. Модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу кезінде силлабустарды белсенді пайдалану тәжірибесі белгілі бір бағытта және профилде студенттердің академиялық тәлімгері функцияларын жүзеге асыратын оқытушының эдвайзерінің рөлдік лауазымын енгізу қажеттілігін растайтынын атап өткіміз келеді.

Сапалы және тиімді силлабусты әзірлеу – элеуметтік жағдайлар мен еңбек нарығының талаптарының динамикалық өзгерістері жағдайында белгілі бір позицияларды тұрақты рефлексиялық талдауды және қайта қарауды талап ететін ұзақ процесс. Студенттерге арналған тереңдетілген оқу бағдарламаларының үлгісі барлық оқытушыларға сәйкес келмейтінін және болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі барлық сәтсіздіктерге қарсы ем бола алмайтынын мойындауымыз керек. Дегенмен, силлабустар оқыту мен оқу процесінің ажырамас бөлігі болып қала береді [8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ваганова О.И., Хижная А.В., Трутанова А.В., Гладкова М.Н., Лунева Ю.Б. СИЛЛАБУС КАК СРЕДСТВО ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 11-5. – С. 968-970;

2. Болотов В.А., Рубцов В.В., Фрумин И.Д., Марголис А.А., Каспржак А.Г., Сафронова М.А., Калашников С.П. «Педагогикалық білім беруді жаңғырту» жобасының бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша ақпараттық-сараптамалық материалдар // Психология ғылымы және білім. 2015. 20 том, No 5. 13-28 б.
3. Воронин Д.И., Каштанова С.Н. Жаңа білім беру өнімін құру механизмі // Жаһандық білім беру күн тәртібі контекстіндегі педагогикалық білім беруді жаңғырту. Нижний Новгород, 2015. 262-264 беттер.
3. Карпушкина Н.В., Конева И.А. Қорытынды аттестаттаудағы инновациялық тәсілдер әсіби модуль // Ғылымның қазіргі мәселелері және ілім беру. 2015 ж. № 2;
4. Каштанова С.Н., Кудрявцев В.А. Диссеминация опыта проектирования профессиональных модулей в педагогическом вузе / С.Н. Каштанова, // Вестник МГПУ. Серия «Педагогика и психология». 2015. №3 (33). С. 31-44.
5. Cullen, R., & Harris, M. Assessing learner-centredness through course syllabi. Assessment & Evaluation in Higher Education. 34(1). 2009. Pp. 115-125.
6. Кудрявцев В.А. Системно-деятельностный подход к проектированию содержания дисциплины профессионального модуля «Специальная педагогика и психология семейных систем» // Модернизация педагогического образования в контексте глобальной образовательной повестки. Нижний Новгород, 2015. С. 50-54.
7. Нурманбетова Д.Н., Нефедова Л.В. Методические рекомендации по разработке синлабусов. Издание третье, переработанное и дополненное. Астана: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2011. 40 с.
8. Keengwe, J., Onchwari, G., & Onchwari, J. Technology and student learning: Toward a learner-centered teaching model. AACE Journal. 17(1). 2009. Pp. 11-22. 18. Matthew, A. Ludwig, Amy E. Bentz, Herb Fynewever. Your Syllabus Should Set the Stage for Assessment for Learning SOURCE: J CollSci Teach 40 no. 4. Mr/Ap 2011. Pp. 65-76

ӨОЖ 373.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

*Сағымбаева Индира Бакытовна,
мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі,
ҚР ПІБ МО “Қарлығаш” балабақшасы РМК
Астана қ.*

***Аннотация:** бұл мақалада ойын бала жүрегіне тікелей жол табатын бағыт, балаларға әлемді ашып, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін ашу туралы жазылған. Ойын барысында балалар алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге және оны әртүрлі жағдайларда қолдануға үйренеді.*

***Кілт сөздер:** балалардың дамуы үшін еркін немесе тәуелсіз ойын, үстел-үсті ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлді ойындар, қоғалмалы ойындар, ұлттық ойындар.*

«Ойын – бұл баланың рухани дүниесіне оны қоршаған ортасы туралы ұғымдардың және түсініктердің жандандыратын ағыны енетін үлкен жарық терезе сияқты», деп Сухомлинский В.А. айтқандай бала жүрегіне тікелей жол табатын бағыт болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларының қазіргі дамуы жаңа мемлекеттік стандарт мектепке дейінгі білім беру қызметінің негізі болып базистік оқу жоспары анықтайтынын педагогтың іс-әрекеті емес, бала — педагогикалық процестің субъекті ретінде болатынын көрсетеді. Ойынның қай жерде болатынын толығырақ қарастырайық: баланың өмірінде, ойын - ең маңызды мәселе. Ойын - балаларға әлемді ашып, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін ашады. Оларсыз толық психикалық даму болмайды және болуы да мүмкін емес. Ойын - үлкен жарық терезе, ол арқылы өмір беру баланың рухани әлеміне түседі бізді қоршаған әлем туралы идеялар мен тұжырымдамалар ағыны. Ойын - ізденімпаздық пен құмарлықтың алауын тұтандыратын ұштасқан орын. Ойын барысында балалар алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге және оны әртүрлі жағдайларда қолдануға үйренеді. Шығармашылық ойындар өнертабыстар мен эксперименттерге кең мүмкіндіктер ашады. Ережелері бар ойындар білімді жұмылдыруды және берілген мәселенің шешімін өз бетінше таңдауды талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда кең тараған ойын түрлері өте көп.

Олар: үстел-үсті ойындары, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлді ойындар, қоғалмалы ойындар, ұлттық ойындар т. б. Әр ойын балалардың жас ерекшелігіне қарай ойнатылады.

Танымдық және зияткерлік бағыт бойынша дидактикалық ойындар:

Тақырыбы: Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.

Ойын барысы: Бала топқа карап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.

Тақырыбы: Заттың санның цифрмен белгіле?

Мақсаты: Зейіннің аударылуы бөліну қасиеттерін дамыту. Баланың сан туралы түсініктерін дамыту

Тақырыбы: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта»

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.

Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын — қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді

Шығармашылық бағыт бойынша дидактикалық ойындар:

Тақырыбы: «Музыкалық жұмбақ»

Мақсаты: Қатты,ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру. Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.

Шарты: Бір бала сыртқа шығады, екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды.

Бала ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береміз, жасырылған жерден алыс жүрсе ақырын шапалақтаймыз.

Тақырыбы : «Ою құрастыру»

Мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: Бірнеше бөліктерге бөлінген ою элементтері.

Ойынның барысы: Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.

Ойынды басқару кешенді әдісі бір-бірімен байланысты компоненттерді қамтиды; балалардың белсенді іс-әрекетте айналамен танысуы; үйретуші ойындар; заттық-дамытушы органы ұйымдастыру; ойын процесіндегі ересек пен баланың қарым-қатынасы. Балаларды біліммен, әсер алумен байыту. Түсініктерді қалыптастыру; бақылау; экскурсиялар (алғашқы,екінші,қорытынды); шығармашыл мамандық өкілдерімен кездесу;көркем әдебиет оқу; тәрбиешінің әңгімесі; сұхбат-әңгіме; белгіленген тақырыптар бойынша балалардың әңгіме құруы;балалармен жеке әңгімелесу; әдеби туындылар бойынша сахналау (сюжет бойынша, туындының басын немесе сонын өзгертіп); қиял-ойын; эстетикалық тәрбиеге баулу.

Сюжеттік - рөлдік ойын «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!»

Мақсаты:Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.

1. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің
2. белгілерімен таныстыру.
3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, жолақ сызықты жол, буклет.

Сюжетті-рөлді ойын «Аурухана»

Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу.

Балалар ойынды игеріп, ойын іс-әрекетінен жеткілікті тәжірибе алған соң, ойын өз бетінше істелетін әрекетке айналады, олардың өздерінің ұйымдасуына негізделеді. Балалардың іс-әрекетін ойын арқылы дамытудың маңыздылығы – ақыл ойының дамуы, баланын ойнай жүріп ойлануына, «лемді танып-білуі мен қабілетінің дамуына жетелейді. Әр ойынның өзіндік даму ерекшеліктеріне қарай мақсаты құрылады. Мысалы; сюжетті-рөлді ойын баланың жан-жақты дамуына, өзіндік қиялының қозғап, өз бетінше әлем құрып, тілдік қарым-қатынастың жетілуіне бағытталады. “Баланың қиялы, әсіресе ойында жарыққа шығады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, оны істейді. Ойын ойнағанда балалар жанындағы нәрселерді пайдаланады”, – дейді Мағжан Жұмабаев. Балалардың ойыны әр кез өзгеріп отырады. Себебі, баланың зейіні тез аударылады, қызығушылығы үнемі артып отырады. Балалар топтасып ойнап отырған сәтте де, балаларды жеке-жеке бақылап, олардың ойын әрекеті арқылы мінез-құлқы мен қызығушылығын анықтап алуға болады. Қиялдың күшімен балалар ойын жасайды, сондықтан балаларға ойын ұйымдастырған сәтте, қаншалықты әсер етуін, балалардың жан-жақты дамуына пайдасы бар ойын дайындаған дұрыс. Қазіргі таңда заманауи ойындарды пайдаланып, іске асыру балалардың назарын аударуда. Әртүрлі аудио, бейне жазбалар арқылы қимылдық ойындар ойнау, мобильді кітапхана арқылы ертегілер тыңдау т.б

Балалардың дамуы үшін еркін немесе тәуелсіз ойын маңызды. Мұндай ойынға тәрбиелік мәні жоқ, практикалық есептерді шешуге бағытталмаған және баланың өз қалауы бойынша құрылыс жинақтары бар

ойындар, машиналар, қуыршақ және т.б. ойындарды ойнағанды жақсы көреді. Ойын - бұл балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасайтын дербес әрекеті. Оларды ортақ мақсат, оған жету жолындағы бірлескен күш-жігер, ортақ тәжірибе біріктіреді. Ойын тәжірибесі баланың санасында терең із қалдырып, жақсы сезімдердің, асыл мұраттардың, ұжымдық өмірлік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Мұғалімнің міндеті – әр баланы ойын тобының белсенді мүшесі ету, балалар арасында достыққа, әділдікке және жолдастарының алдындағы жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас орнату. Қызықты ойын баланың ақыл-ой белсенділігін арттырады және ол ересектер баланың тілін ойын арқылы таба алады. Оқыту әр түрлі әдістерді қолдануды талап етеді. Ойын солардың бірі болып табылады және ол басқа әдістермен: бақылау, әңгімелесу, тәжірибелік т.б. үйлестіру арқылы ғана жақсы нәтиже береді. Ойын ойнау арқылы балалар алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге, әртүрлі жағдайда қолдануға үйренеді. Шығармашылық ойындар өнертабыстар мен эксперименттерге кең мүмкіндіктер ашады. Ережелері бар ойындар білімді жұмылдыруды және берілген мәселенің шешімін өз бетінше таңдауды талап етеді.

Ойын - бұл балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасайтын дербес әрекеті. Оларды ортақ мақсат, оған жету жолындағы бірлескен күш-жігер, ортақ тәжірибе біріктіреді. Ойын тәжірибесі баланың санасында терең із қалдырып, жақсы сезімдердің, асыл мұраттардың, ұжымдық өмірлік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбиешінің міндеті – әр баланы ойын тобының белсенді мүшесі ету, балалар арасында достыққа, әділдікке және жолдастарының алдындағы жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас орнату. Ойын үлкендердің еңбегіне деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелейді: балалар әртүрлі мамандық иелерін бейнелейді және сонымен бірге олардың іс-әрекетіне ғана емес, еңбекке, адамдарға деген көзқарасына да еліктейді. Көбінесе ойын жұмыс істеуге ынталандыру қызметін атқарады: қажетті атрибуттарды жасау, жобалау. Ойын мектеп жасына дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады, өйткені бұл әрекетте шығармашылық қиял, бейнелеу қабілеті, қозғалыс ырғағы мен сұлулығы көрінеді және дамиды. Ойыншықтарды мұқият таңдау көркемдік талғамды дамытуға көмектеседі. Дамытушы ойындар мыналарға ықпал етеді:

– танымдық және ақыл-ой қабілеттерін дамыту: жаңа білімді меңгеру, оны жалпылау және бекіту; заттар мен табиғат құбылыстары, өсімдіктер, жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; есте сақтау, зейін, бақылауды дамыту; өз пікірін білдіру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;

– балалардың сөйлеуін дамыту: сөздік қорын толықтыру және белсендіру;

– мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-адамгершілік дамуы:

Ойынның нәтижесі бойынша оның тиімділігін және оны балалар өз бетінше ойын әрекетінде қолдана ма, жоқ па, соны бағалауға болады. Ойынды талдау балалардың мінез-құлқы мен мінезіндегі жеке қабілеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл олармен жеке жұмысты дұрыс ұйымдастыру деген сөз. Бала өміріндегі ойын түріндегі білім беру баланың ойдан шығарылған жағдайға түсуге және оның заңдылықтары бойынша әрекет етуге ұмтылуына негізделген, яғни мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі жастағы баланың іс-әрекетінің жетекші түрі ойын болғандықтан, оның әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, сіз мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің барлық аспектілерінің қалыптасуына тиімді әсер ете аласыз. Ата-аналардың белгілі бір ынтасымен сіз үйдегі ойындарды балаңыздың білім беретін, дамытатын және ең қалаулы ойындарына айналдыра аласыз. Ойын - балалардың психикалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді: зейін, есте сақтау, бақылау, зерделік. Олар балаларға бар білімдерін әртүрлі ойын жағдайында қолдануға үйретеді, әртүрлі психикалық процестерді белсендіреді және балаларға эмоционалды қуаныш сыйлайды. Сондықтан ойын ұжымшылықты тәрбиелеудің тамаша құралы болып табылады. Мектепке жасына дейінгі балалардың іс-әрекетін ойын арқылы көркемдік тәрбиеге, қимыл-қозғалыстарды жетілдіруге, сөйлеу мәнеріне, шығармашылық қиялын дамытуға, бейнені жарқын, жүрекпен бейнелеуге ықпал етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғаламтор көзінен, А.Ш. Балапанова, «Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ойындары арқылы ұлттық мәдениет көздеріне тарту» презентациясы, 2015 жыл.
2. Ғаламтор көзінен, Бекен Қайратұлы, «Асық ату» ойыны, «Асық түрлері».
3. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл, 209 б.
4. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 жыл, 198 б.
5. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.
6. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», «Алматы» 1995 жыл, 98 б.
7. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев. Алматы «Қайнар» баспасы 1994ж.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ STEM» ЖОБАСЫ НЕГІЗІНДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

*Сағынғалиева Гулжанат Амантаевна,
әдіскер,
Бөрлі аудандық білім беру бөлімі,
Бөрлі ауданы, Ақсай қ.*

Аннотация: Мақалада әдіскер биология, химия, география пәндерінде STEM білім берудің ерекшелігі, қолданылуы мен мүмкіндіктері аудан мұғалімдерінің тәжірибесінен мысал келтіре отырып, аудандық «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы STEM» жобасы аясындағы өткізіліп жатырған шаралар мен пән мұғалімдерге әдістемелік көмек ұйымдастыру тәжірибесімен бөліседі.

Кілт сөздер: STEM, STEM білім беру, жоба.

Бүгінгі өзгермелі заманда цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе болып отыр. Сол үшін **стандартты емес ойлаудың жаңа креативті тәсілдері, жеделділік, функционалдық сауаттылық қажет.** Білім саласы бойынша білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту ерекше назар аударуды талап етеді.

STEM білім беру – бұл білім беруде жаңа технологиялар қолдану. Бұл нақты ғылымдардың негізгі принциптерін бір уақытта зерттеуді қамтитын жан-жақты оқыту. Оларға жаратылыстану ғылымдары, инженерия, математика, технология жатады.[3]

«STEM» -білім алушылардың жаратылыстану пәндері бойынша проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылар оқиғалардың өзара байланысын көруге үйренеді, логика принциптерін жақсы түсінеді және өз модельдерін жасау барысында жаңа және ерекше нәрсені табады. Кешенді тәсіл олардың білім құмарлығын дамытуға және білім беру процесіне тартылуына ықпал етеді.

STEM білімінің артықшылықтары:

- Пәндер бойынша емес, тақырыптар бойынша интеграцияланған оқыту;
- Нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану;
- Сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;
- Өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыру;
- Белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс;
- Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту;
- Жобаларға креативті және инновациялық тәсілдер;
- Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген ынтаны дамыту;
- Ерте кәсіптік бағдарлау;
- Балаларды өмірдің технологиялық инновацияларына дайындау; [2]

Заман ағымына қарай STEM білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін оқушыларға үйрету, зерттеу, оқушылармен бір арнада болу, **тиісті білім, білік, дағдыларды беру** мұғалімге қойылған бүгінгі күннің талабы. Ал мұғалімдерге **әдістемелік көмек беру, идеялармен бөлісу, тәжірибе алмасу бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыруда әдіскердің қызметінің маңызы зор.**

Ауданымызда жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы STEM» жобасы 2021 жылдан бастап жұмыс жасап келеді.

Жоба мақсаты:

- 1.Жаратылыстану бағытындағы пәндерде STEM технологиясының тиімді қолдану мүмкіндіктерін анықтау, мұғалімдердің шығармашылығын дамытуда әдістемелік сүйемелдеу;
- 2.Сапалы, заманауи сабақтар дайындау, жас мамандарды өз сабақтарында STEM технологиясын тиімді қолдануға баулу.

Күтілетін нәтижесі:

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білім сапасын арттыратын, білімдегі олқылықтарды STEM технологиясының мүмкіндіктері арқылы оқушымен бірлесе отырып, шеше алатын мұғалім тұлғасы қалыптасады.

Жоба аясында пән мұғалімдерімен бірге тәжірибе алмасу семинарлары, семинар – практикумдар ұйымдастырылды. «STEM технологиясын қолдану арқылы жаратылыстану пәндерінде сабақтарды шебер ұйымдастыру», «Ғылыми-жаратылыстану ұғымдарын дамытудағы STEM технологиялар», «STEM-технологиясын қолдану арқылы жаратылыстану пәндері бойынша сабақтарды тиімді ұйымдастыру» (география пәні мұғалімдеріне арналған семинар-практикум), «STEM-мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренді» (биология пәні мұғалімдеріне арналған шебер сынып), «Химия пәнінде зертханалық, сарамандық сабақтарды оқытуда STEM технологиясын қолдану» (химия пәні мұғалімдеріне арналған шебер сынып), «STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі», «STEAM-экологиялық білім берудегі технологиялар», «Жаратылыстанудағы STEM оқыту жобасының мүмкіндіктері мен жетістіктері» (конференция) тақырыптарында семинарлар ұйымдастырылды.



(Сурет 1. Семинар-практикумдар)

Мұғалімдер STEM жобасы аясында инженерия, модельдеу, «COLORADO», «OLABS», «PHET» платформалары, Roqed тақтасымен жұмыстанды. Мұғалімдер өз сабақтарында макроәлемде өтіп жатқан табиғи құбылыстарды зерттеу, шындық өмірдегі әртүрлі нысандардың, құрылыстардың, құралдар мен жабдықтардың түрлерін жасап шығару, құрылымдау, технологиялық модельдеу сынды түрлерін қолданады.

Зертханалық практикумдар география, химия, биология т.б. басқа пәндерді STEM оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. STEM зертханаларының мақсаты — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту. [4]

Химия, биология пәндерінде мұғалімдер виртуалды зертханалармен жұмыстануда.

Виртуалды зертханалар және симуляторлар – бұл нақты зертханалық қондырғылар мен құрылғыларды тікелей пайдаланбай эксперименттер жүргізуге және нәтиже алуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалар. [4]

Сонымен бірге мұғалімдер www.olabs.edu.in, www.phet.colorado.edu платформаларын (ақысыз) зертханалық эксперименттерді интернетті қолдана отырып, өткізуде.

STEM білім беру жүйесінде модельдеу әдістері, әсіресе биология, география пәндерінде эксперименттік зерттеулер мен теориялық ізденістерде, логикалық схемалар құруда қолданылып жүр. Модельдеу әдісінің тиімділігі оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, ғылыми еңбек дағдысын арттыру, шығармашылық дағдыларын дамыту, құбылыстарды, заттарды модельдеу арқылы теориялық алған білімдерін практикамен ұштастыру, эксперименттер жүргізуге мүмкіндік беру.

STEM сабақтарды жоспарлаудағы 5 E құрылымы өте маңызды. Аудан мұғалімдері өз сабақтарын 5E (кезең) құрылымына сәйкес оқушының зерттеу, талдау дағдыларын дамыту бағытында жоспарлайды. Сабақтың 5E құрылымы төмендегі кезеңдерден тұрады.

Әрекеттестік кезеңінде оқушыларды жаңа тақырыпқа дайындау.

Зерттеу кезеңінде зертханалық жұмыс жасау арқылы тәжірибе жүзінде зерттеді.

Түсіндіру кезеңінде топтар тәжірибелерінің нәтижесін қорытындылап, бір біріне түсіндіріп, тұжырымдайды.

Толықтыру кезеңінде толықтырады, болжайды.

Бағалау кезеңінде, әрекеттестік кезеңінде қойылған проблемалық сұрақтарға қайта оралып, болжамдардың дұрыс бұрыстығы талданады. Оқушылар тақырыпты меңгерудегі жетістік деңгейлерін бағалау парағын қолдана отырып, өздерін бағалайды.

Сабақты 5E құрылымына сәйкес жоспарлап өткізудің тиімділігі оқушылар нақты сұрақтар қойып, гипотеза жасайды. Тақырыптағы негізгі ұғымдар анықталып, зерттеу жүргізіледі. Оқушылар өз идеяларын тексеру үшін қажетті дағдыларды дамытады.



(Сурет 2, 5E құрылымымен құрылған сабақтар)

Жоба аясында STEM технологиясын оқу үрдісінде тиімді де шебер қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын артып, мұғалімдерге жаңа идеяға шабыт сыйлайды. Идеялар мен тәжірибені аудан мұғалімдерінің арасында таратуға, талдауға, ізденуге мүмкіндік жасау, ұйымдастыру, бағыттау әдіскердің міндеті деп есептеймін. Ауданның биология, география, химия пәні мұғалімдері жоба аясында нәтижелі жұмыстана отырып, облыс көлемінде STEM бағыты бойынша ұйымдастырылған байқаулардан жүлдемен оралуда. Облыстық «Roqed-марафон» байқауының, «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығымен ұйымдастырылған «Үздік STEM сабақ» облыстық байқауының ІІ, ІІІ орын жүлдегерлері.

Мұғалімдердің құзіреттілігіне қол жеткізіп, білім беру мен тәрбиені барынша сапалы етіп беруде әдістемелік қызметті ұйымдастыру өте маңызды. Әдістемелік қызмет – бұл ғылым мен озат педагогикалық тәжірибеге және нақты оқу - тәрбие процесіне негізделген біртұтас жүйе, әр мұғалім өз кәсіби біліктілігін жан – жақты дамытуға, шығармашылық мүмкіндігін арттырып, өз білімін үздіксіз жетілдіруге жүйелі жұмыстану қажет. Осы орайда ауданымыздағы «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы STEM» жобасының болашағы зор. Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білім сапасын арттыруда, білімдегі олқылықтарды STEM технологиясының мүмкіндіктері арқылы оқушымен бірлесе отырып, шеше алатын мұғалім тұлғасын қалыптастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Г. Ногайбаева. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане». 2016г
2. <https://tilmedia.kz/kk/info/134>
3. <https://bilimainasy.kz/stem>

4. <https://edunews.kz/1529-zharatylystanu-pndern-zerthanaly-sabataryn-stem-tehnologiyasy-aryly-oytu.html>
5. Білім беру ұйымының әдіскері, №4,7 2020 ж

ӘОЖ 371.3

НЕЙРОПЕДАГОГИКА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ КІЛТІ

*Самратова Дана Муратовна,
магистрант, 1 курс
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ,
Ақтөбе қ.*

Аннотация: Бұл мақалада нейропедагогиканың негізгі принциптері, соның ішінде оқытуды дараландыру және оқушылардың эмоционалдық күйі талқыланады. Цифрлық дәуірдің келуі білім беру саласына елеулі өзгерістер әкеліп, мұғалімдерден жаңа әдістер мен технологияларға бейімделуді талап етті. Осы тұрғыда нейропедагогика педагогика мен неврологияның өзара әрекеттесуіне негізделген сала ретінде ерекшеленеді.

Кілт сөздер: нейропедагогика, ми асимметриясы, тиімді оқыту, психология.

Заманауи сабақ ғылыми ортада да, қоғамдық ортада да талқылануда. Қоғам дамып келе жатқанда жалпы білімге, оның ішінде сабаққа жаңа талаптар қояды. Білім берудің мақсаты мен мазмұны, оның нәтижесіне қойылатын талаптар да өзгеруде. Жаңа техникалық құралдар мен оқыту әдістері пайда болуда. Сонымен қатар, сабақ негізгі дидактикалық бірлік ретінде қазіргі қоғам талабына сай түлектерге қажетті қасиеттерді дамытуды жалғастырады. Оқу процесін ұйымдастырудың ғылыми көзқарасы үнемі дамып отырады және егер бұрын мидың асимметриясы тек академиялық контексте қарастырылса, бүгінгі күні ол заманауи сабақты құрастыру кезінде негізгі аспектілердің біріне айналды. Мидың функционалдық асимметриясы - оның оң және сол жарты шарлары арасындағы нейробиологиялық функциялардың таралуындағы айырмашылықты көрсететін мидың күрделі қасиеті [1]. Сабақтың кез келген кезеңінде мұғалімнің бірдей маңызды міндеті – әрбір оқушыға оның психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеретін және оны орындау барысында жайлылықты қамтамасыз ететін тапсырма беруін қамтамасыз ету. Оқу процесінің қай құрамдас бөліктері оқытудың табыстылығына және оқушылардың білімді меңгеруіне әсер ететіндігі туралы сұрақтар педагогтар да, психологтар тарапынан да қызу талқыланып, ғылыми-практикалық зерттеу объектісі болып табылады. Нейропедагогика термині алғаш рет 20 ғасырдың аяғында АҚШ-та қолданылған және бүгінгі таңда Батыс Еуропада, Америкада және Азияда дамып келе жатқан өзекті және танымал ғылыми және практикалық сала болып табылады. Нейропедагогиканың негізгі принциптері бойынша баланың жеке когнитивтік стратегияларын, оның дамуындағы күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ жоғары психикалық функциялардың жағдайын тиімді оқу процесін ұйымдастыруда ескеру қажеттілігі туралы айтылған. Посткеңестік кеңістіктегі елдерде нейропедагогика тұқымы әлі көктеп үлгерген жоқ, ал Батыс елдері бұл бағытта сенімді түрде алға жылжуда. Нейропедагогиканың маңызды мақсаты – шығармашылық есептерді тәжірибеде оңтайлы шеше білу. Сонымен бірге мидағы жоғары психикалық функцияларды ұйымдастырудың жеке ерекшеліктерін түсіну маңызды. Бүгінгі таңда нейропедагогика – бұл неврология ғылымының жетістіктеріне негізделген тәрбие мен оқытудың кешенді білім беру жүйесі. Ол нейропедагогикалық жүйелерді, олардың қасиеттері мен процестерін зерттеуді қамтиды. Бұл ғылым саласына нейродидактика, нейропедагогикалық диагностика, білім берудің нейропедагогикасы, нейропедагогикалық түзету және бейімдеу, сонымен қатар оқу процесін нейропедагогикалық ұйымдастыру сияқты салалар кіреді [2]. 2018 жылы Астана қаласында «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Жаңа оқулық үлгісін жасаудың тиімді технологиялары» тақырыбында өткен семинарда заманауи оқулықтарды әзірлеуде нейропедагогикалық технологияларды пайдалану қажеттігі айқындалды. Көптеген зерттеушілер нейропедагогиканың келесі ережелерін есепке алуды ұсынды:

Мидың дамуы белгілі бір жағдайларда, мысалы, шығармашылық еркіндікте жүреді. Дегенмен, басып-жаншу, мәжбүрлеу және қорқыту оның дамуына кедергі келтіруі мүмкін [3]. Нейропедагогика когнитивті неврология, дифференциалды психофизиология, нейробиология сияқты білімнің әртүрлі салаларын, сонымен қатар зерттелетін материалдың әртүрлі типтерінің когнитивтік процестерінің ми ұйымдары туралы мәліметтерді пайдаланады. Студент пен мұғалім, студент пен мұғалім үшін жеке латерализация профилінің нұсқаларының үйлесімділігін ескеру маңызды. Жеке және фронтальды сауалнамалар процесінде білімді тексеру кезінде мұғалім негізінен мидың сол жақ жарты шарының дамуына ықпал ететін әдістердің көп бөлігін қолданады. Бұл әдістемелер объектілер мен процестердің егжей-тегжейлерін талдауды, сондай-ақ олардың сыртқы және ішкі құрылымының ерекшеліктерін қоса

алғанда, объектілер мен процестердің айырмашылықтары мен ортақ белгілерін анықтауды қамтитын танымдық әмбебап білім беру қызметін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқытушы білім алушының оң жақ жарты шарының мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ететін әдістемелік әдістердің тек аз ғана бөлігін қолданатыны белгілі. Адам ақпаратты визуалды кеңістіктік жады жүйесі арқылы ұсынылғанда және іс-әрекеттер орындаған кезде жақсы түсінеді және есте сақтайды. Бұл жүйе нейропедагогиканың негізгі ережелерінің біріне сәйкес келетін контекстті ескере отырып, ақпарат кітапханадағы каталогқа ұқсас сақталатындай етіп ұйымдастырылған [4]. Нейропедагогика принциптеріне сәйкес келетін сол жақ және оң жарты шарда оқитын оқушылардың жеке жұмыс стилін ескере отырып, қабылдау ерекшеліктерін пайдалану тиімдірек болады. Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, ойлауы оң жарты шарға негізделген студенттер көбінесе жұппен және топпен табысты жұмыс істейді, ал сол жақ мида оқушылармен жұмыс істеу кезінде жеке тәсіл тиімдірек болуы мүмкін.

Когнитивтік психология саласындағы даму адамдардың ақпаратты қабылдауы, оған жауап беруі, өңдеуі және есте сақтауы әртүрлі екенін көрсетеді. Осыған байланысты О.Л. Подлинная пен Қ.А. Морнов оқу процесін ұйымдастыру кезінде келесі аспектілерді ескеру қажет екенін атап өтті:

- а) Мидың функционалдық асимметриясы;
- ә) Гендерлік айырмашылықтар;
- б) Темперамент түрі;
- в) Тәжірибені сенсорлық-перцептивті ұйымдастыру түрі (қабылдау мен ақпаратты өңдеудің жетекші арнасын есепке алу);

г) Жоғары психикалық функциялардың даму деңгейі [5]. О.Л. Подлинная пен Қ.А. Морнов нейропедагогиканың негізгі мақсаты адамның миы мен психикасының құрылымдарында болатын заңдылықтар туралы нақты деректерге негізделген оқыту мен тәрбиелеу жүйесін дамыту екенін атап өтті. Бұл жүйе студенттердің жеке жүйке-психикалық ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған және жеке тұлғаның оңтайлы физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, рухани-адамгершілік және кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның білім беру қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға арналған. Басқаша айтқанда, нейропедагогика адам миының қызмет ету заңдылықтарын негізге ала отырып, тиімді оқыту мен білім алуға, тұлғаның өсуіне және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді [6]. Жалпы айтқанда, нейропедагогика да білім беруде заманауи технологияларды қолдануға ықпал етеді. Оқытудың тиімді және интерактивті құралдарын әзірлеу үшін оқу процесіне виртуалды шындықты, бейімделген оқыту бағдарламаларын және мобильді қосымшаларды енгізуге болады. Оқытудың тиімділігіне оқу ортасының айтарлықтай әсер ететінін атап өткен жөн. Нейропедагогика бұл ортаны оқушылардың миының белсенділігіне және шоғырлануына әсерін ескере отырып оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл оқу кеңістігін ұйымдастыруды өзгертуді, белгілі бір түс схемаларын немесе жарықтандыруды пайдалануды және оқыту тәжірибесін жақсарту үшін технологияны біріктіруді қамтуы мүмкін.

Қорытындылай келе, тұлғаға бағытталған әдістер қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізін негізді түрде құрайды. Сонымен бірге, адамзат тарихындағы жаһандық өзгерістер көптеген ұлттық-мәдени, діни, отбасылық және басқа да құндылықтарды, сондай-ақ адамның электронды автоматика және телемеханика әлемімен қарым-қатынасын қайта қарауды талап ететін маңызды әлеуметтік проблемаларды тудырады. Бұл жағдайлар әлеуметтік педагогика мен психологияға ерекше мән береді. Осы мәселелерді шешуге арналған ең тиімді инновациялық әдістердің қатарында когнитивті және басқа да нейропедагогикалық технологиялар бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хомская, Е. Д. Нейропсихология [Текст] / Е. Д. Хомская. – М., 1987. – 275 с.
2. Т. В. Яковенко, С. В. Фаттахова. Дифференцированный подход к организации образовательного пространства урока. 2016
3. Чурило Н.В. Нейропедагогика как основа эффективного образовательного процесса. 2019
4. Генке Е.А.. Активные методы обучения: новый подход. М.: Национальный книжный центр, ИФ «Сентябрь», 2014. - 176 с.
5. Мамбеталина А.С., Рыскулова М.М., Жумагалиева З.Н. Применение нейропедагогического подхода в процессе обучения в Казахстане и в зарубежных странах. Педагогика: история, перспективы. 2019. Том. 2. No 5. С.99-107
6. Подлинная, О.Л. Актуальные проблемы нейропедагогики / О.Л. Подлинная, К.А. Морнов // Вестник КемГУ. – 2015. – №3-1 (63). – С. 126-129.

БАЛАБАҚШАДА ПЕДАГОГТЕРГЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖАСАУ

*Сарсебаева Жұлдыз Мухтарқызы,
бірінші санатты әдіскер,
ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақша РМК,
Астана қ.*

Аннотация: бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтерге педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жасау, тұлғалық бағытталған қарым-қатынас моделін жетілдіру қарастырылды. Балалардың тең құқығын және оқу іс-әрекетінде түзете-дамыта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері көрсетілді.

Кілт сөздер: күйзеліске қарсы тұру, балаларды табысты тәрбиелеу, - тұлғалық бағытталған қарым-қатынас моделін жетілдіру

Мектепке дейінгі тәрбие бүкіл қоғамдық, жалпы халықтық іс болып отыр, себебі қоғам өміріндегі өзгерістер – жан-жақты дамыған, білімді, парасатты жаңа адам тәрбиелеп, өсіруді талап етеді.

Психологиялық сүйемелдеу – бұл балаларды табысты тәрбиелеуде және оқытуда әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға және өзара-әрекет жасау жағдайында баланың психологиялық дамуына бағытталған психологтың кәсіби әрекетінің жүйесі.

Психологиялық сүйемелдеудің міндеттері:

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың ынтасын қалыптастыру;
- педагогтардың ішкі ресурстарын белсендіру, тұлғалық және шығармашылық мүмкіндігін дамыту;
- тұлғалық бағытталған қарым-қатынас моделін жетілдіру (балалармен, ата-аналармен, әріптестерімен);
- мағлұмат беру;
- үйрету;
- педагогикалық ұжым ішінде оңтайлы психологиялық жағдайды ұстау;

Балабақшада педагогикалық ұжым ішінде қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдайдың қалыптасуы - білім беру мекеменің табысты дамуына ұзақ мерзімді даму перспективасын береді. Бұл тақырыптың көкейкестілігі, педагогтардың еңбек әрекетіне психологиялық іліктілігінің деңгейіне өскен талаптарға байланысты. Ал, бұл білім беру үрдіс құрылымының әлеуметтік факторларының өсу перспективасымен байланысты.

Педагогтарды педагогикалық және психологиялық сүйемелдеу – тұтас және үздіксіз шаралар кешені, педагогтардың өзара-әрекеттіліктерінің тәсілдер түрі, әдістері, оған әр түрлі жұмыс түрлері кіреді: психологиялық кеңес беру, ағарту жұмыстары, семинар-практикумдар, психологиялық-педагогикалық консилиумдар, тренингтік сабақтар және басқалары.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында педагогтармен ата-аналар – баланың дүниеге алғаш келген күнненбастап жанында болатын адамдар. Баланың психологиялық жағдайы және денсаулығы көбінесе педагогикалық позицияға, психологиялық мәдениет деңгейіне және педагогтың сауаттылығына байланысты болады. Екінші жағынан, педагогикалық мамандығы ауыр еңбекке айналып, педагогтың өзі психологиялық көмекке немесе қолдауды қажет етеді.

Педагогикалық әрекет жоғары эмоцияда әрекет етуді талап ететін әр түрлі ауыр жағдайлармен және факторлармен толы болады. Тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығын сақтау міндеттерден, балаға педагогикалық көмек беру жауапкершілігін уайымдағаннан, ол стресс жағдайына ене бастайды.

Менде «стресс» дегенді қазіргі өмірде жиі естуге болады. Ал, стресс деген не?

«Күйзелу» (стресс) деген мағынаны алғаш енгізген медицина және химия ғылымдарының докторы Ганс Селье. Алғашқыда күйзелуді «Сыртқы тітіркеніштердіңағзаға физиологиялық әсері» деп белгілейді. Артынан оны нақтылап «тән емес бейімделу синдромы»деп атады. Қарапайым сөзбен айтқанда күнделікті өмір ырғағын бұзатын оқиға болған жағдайда, біз өзіміз оны жеңуге тырысамыз – осыны күйзеліс деп атайды.

Күйзелу үш фазадан тұрады. Біріншісі – жоспарланбаған жағдайға үрейлік пайда болады, ағза соған жұмылдырылады.

Екінші фаза – жағымсыз жағдайды жеңу үшін бар күшті қолданған кезде, ағзаның қарсыласуы.

Үшінші фаза –не болса да, тәуекелге бару. Кейбір адамдар күйзелістен бастарын жоғары көтеріп шығады, ал, кейбіреулері уайымға бата береді, ағзасы жұқарып, депрессияға әкеледі.

Күйзеліске қарсы тұру бойынша адамдар төртке бөлінеді:

1.Күйзеліске қарсы тұра алатын адам қандай да болсын өзгерістерге дайын болады, оларды жеңіл қабылдайды. Дағдарыс жағдайында қиыншылықты жеңілдікпен жеңе алады

2.Күйзеліске қарсы тұра алмайтын адам қандай да болсын өзгерістерге бейімделу керек, оларға өздерінің мінез-құлығын, мақсатын, көзқарасын өзгерту қиын. Ойлағандай шықпаса олар күйзелісте болады.

3.Күйзеліске дағдыланатын адамдар өзгерістерге дайын, бірақ тез және ғаламдық емес.

4.Күйзелісті тежегіш адамдар сыртқы уақиғалардың әсерінен өзгермейді, олардың нақты ұстанымы және өзінің дүниеге көзқарасы бар.

Балабақшада педагогтар қандай қиын жағдайларға тап болуы мүмкін:

-еңбек жолынжаңа бастаушы педагогтың жұмыс ерекшелігі – бірінші күннен бастап көп жыл еңбек өтілі бар педагогпен тең міндеттер мен жауапкершілікті алып жүреді, ал ата-аналар мен әкімшілік олардан мінсіз кәсіби іс күтеді;

-педагогтың балалармен өзара-әрекеттестік жағдайларда (балалардың тәртібінің бұзылуы, эмоциясының бұзылуы, тіл кемістіктері бар балалардың психологиялық ерекшеліктері, күтпеген дау-жанжал жағдайы, ата-аналардың педагогтың талабын елемейшілігі);

-қызметкермен әкімшілік арасында туындайтын түсінбеушілік (көзқарастарының келіспеушілігі, жұмыс мөлшерінің жүктемесін бөлген кезде туындайтын дау, тапсырмалармен жұмыс басты болуы);

-педагогпен ата-ананың баланы бағалауда көзқарасының келіспеушілігі.

Күйзелістен қорғайтын тәсілдер:

Бір нәрсемен алдану: таза ауада бес минуттік серуен; ойыңызды басқа жаққа аудару; қоршаған әлеміне мұқият қара, әр ұсақ бөлшектерге көңіліңді бөл және ішіңнен өзіңе өзің айт «қоңыр үстел, жасыл перде

Жағдайдың маңыздылығын төмендетіңіз: есте болсын, күйзелістің нақты себебі адамдар емес, көңіл қалу, қателік емес, осы жағдайға сіздің қарауыңыз.

Әрекет жасаңыз: қандай да болмасын әрекет, әсіресе дене жұмысы – күйзеліс жағдайында найзағай тартқыштың рөлін орындайды.

Ойлап шығару: қандай да болмасын шығармашылық жұмыс уайымнан жазады - сурет салыңыз, өлең айтыңыз, құрастырыңыз, іс тігіңіз.

Эмоцияңызды шығарыңыз:

Эмоционы шығару денсаулықты сақтауға қажет (физикалық және психикалық), ол үшін, эмоцияны ым, мимика, дауыс арқылы көрсетіңіз; қағазды умаждаңыз және жыртыңыз; қабырғадағы нысанаға заттарды лақтырыңыз; өзіңіздің сезіміңізді бейнелеп, оны бояңыз, қызық қылыңыз немесе жыртыңыз; біреумен сөйлесіңіз, сөйлескен кезде сезіміңізге көңіл бөліп («Мен ренжулімін...»), «Бұл мені қынжылтады...»)

Жас мамандарға қандай психологиялық сүйемелдеу жасау қажет:

1. Жас маманға балабақша жағдайында бейімделуде эмоционалды қолдау көрсету, өзіне деген сенімділігін арттыру.

2. Жас маманның қателігі: балалармен қарым-қатынас жасауда көбінесе бұйрық түрінде береді, екпінмен сөйлейді. Бұл жағдайда психолог кеңестер беріп, әдіскермен және тәжірибелі педагогтармен жас маманның сабағын қарап, талқылау қажет және балалармен тұлғалық-бағытталған қарым-қатынас жасауға үйрету мақсатымен тренинг жүргізу.

3. Кәсіби әрекетінің маңыздылығын жоғарлату мақсатымен тұлғалық өсу тренингісін жүргізу және жеке кеңестер беру.

4. Тәрбиешінің бірінші жыл педагогикалық еңбегінде педагог-психологтың негізгі жұмыс бағыты психологиялық көмек көрсетуге бағытталған болу керек. Бірінші жыл жас маман бейімделу кезеңін өтеді- ол педагогтың жаңа жұмыс ережелері мен әріптестеріне және балаларға үйрену кезеңі.

Еңбек жолын жаңа бастаушы педагогпен жұмыс екі бағытта іске асырылады: әдістемелік және психологиялық-педагогикалық. Сонымен қатар, педагог-психолог психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін жоғарлату бойынша жұмыстарды жоспарлап, және алдын алу жұмыстарды іске асырады. Психологтың міндеті – педагогтарға өздерінің эмоционалды саулығын сақтауға көмек көрсету, дау-жанжалсыз ата-аналармен, әкімшілікпен, ұжыммен жұмыс жасау. Балалармен және олардың ата-аналарымен өзара-әрекет жасауға көмек көрсету.

Педагогикалық ұжыммен жұмыс жасауда тиімді психологиялық сүйемелдеу жасауда ең бірінші – диагностикалық құралды анықтау қажет.

Психолог өз жұмысында келесі әдістемелерді қолдануы мүмкін:

- Р.В.Овчаровтың кешендік экспресс-диагностикасын;

- В.В.Бойконың эмоционалды күйюі;

- Сауалнама-тесті «Педагогтың тұлғалық кәсіби бағытын анықтау»;

- Ю.В.Щербатыхтың стресс көрінісіне кешендік баға беру жән т.б.

Психологтың жас мамандармен өзара-әрекеттестігі көбінесе кеңес беру-ағартушылық жұмыс бағытына жатады. Бұл жұмыстың мақсаты балалардың даму мәселесі, қарым-қатынас, тәрбиелеу және диагностика нәтижесі негізінде жұмыс жасау. Жас мамандарға психологиялық ағартушылық әңгімелесу, педагогикалық кеңестерде, дәрігерлік-педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу, топтық және жеке кеңестер,

сауалнамалар, психологиялық гимнастика, педагогикалық жағдаяттар, рөлдік ойындар кіретін- іскер ойындар, тренингтер жүргізу.

Топтық кеңестерде тәжірибелік ұсыныстар, өзіндік идеялар болу қажет және өздерін еркін ұстайтындай қарым-қатынас тудыру, қарастырылатын сұрақ бойынша «ми шабуылы» әдістемесінің элементін қолданған жақсы.

Кәсіби әрекеттің басында жас мамандарға балаға деген тұлғалық-бағытталған позициясын қалыптастыруды бастау өте маңызды.

Кәсіби әрекеті орташа еңбек өтілі бар педагогтармен өзара-әрекет жасауда негізгі бағыт – жеке кеңес беру. Психологиялық кеңес беруде өз проблемасын шешуде жаңа мүмкіндіктерді басынан өткізуге жағдай жасау.

Ауыр жағдайларда көмек көрсетуде келесі жұмыс түрлерін қолдануға болады:

- ✓ релаксация тәсілдері,
- ✓ арнайы физикалық жаттығуларды қолдану,
- ✓ кинезиологиялық жаттығуларды қолдану,
- ✓ бұлшық етке түскен күшті жою тәсілдерін қолдану.

Көп жыл еңбек өтілі бар педагогтармен кәсіби әрекетінің стереотиптенбеуінің алдын алуға бағытталған жұмыстың негізгісі - психолог әдіскерге шығармашылық топтар жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетеді және әдістемелік тренингтер (мысалы арт немесе ойын терапевтік техникаларды балалармен жұмыс жасауда қолдану бойынша) көмек көрсету.

Педагогикалық кадрлардың аттестаттаудан өтуі – өте маңызды үрдіс, себебі балабақшада жоғары кәсіби кадрлар құрамы қалыптасады. Ең бірінші көмек, ол аттестация деген не, қалай өтеді, кім жүргізеді, қандай құжаттар дайындау керек - әдістемелік-психологиялық ақпарат беру қажет. Екінші көмек педагогқа қорқынышын жеңуге көмек көрсету, тек сонда ғана аттестаттау үрдісі түсінікті, анықталған болады, олай болса, педагог өз күшіне өзі сенетін болады. Педагогтың тәрбиеленушілерінің тәрбиешісі болу қабілетінен, балалардың жеке қабілеттерін және икемділігін ескере білуі, іскерлігінен ұжымда қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай құруынан - тәрбиелеу, білім беру әрекетінің тиімділігінің байланысы. Балабақша психологының әрекеті тиімді педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруға бағытталған. Психолог, тәрбиешілер және мамандардың бір-бірінің кәсіби тұлғалық ерекшеліктерін білгендері өзара-түсіністікті жақсартуға ықпал етеді және педагогтардың ынтымақтастығын құрылымдық негізде құруға мүмкіндік береді. Педагогтардың қорытынды мақсаты әр баланың үйлесімді тұлғалық дамуы.

Психологиялық сүйемелдеу педагогтың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін жоғарлатуға ықпал етеді. Ал, бұл, балабақша ішіндегі психологиялық қолайлы жағдайдың тиімді факторы болып табылады.

Балалардың ата-аналарымен жеке кеңес ұйымдастыру бойынша педагогтарға арналған ескертпе.

1. Кеңесті түрегеліп тұрып жүргізбеңіз, отыруды ұсыныңыз (отыру мүмкін болмаса, жоғары шығуға).

2. Ата-анаға аты-жөнін айтып, қарым-қатынас жасаңыз (білмесеңіз, бірінші секундтарда әдептілікті сақтап, біліп алыңыз).

3. Кеңес беру барысында өзіңізді ұстау мәнерін сақтаңыз: әбігерленбеңіз, қолыңызды қалтаңызда ұстамаңыз, т.б. Сұхбаттасушымен оның баласының және өзінің де ісіне және мәселесіне өзіңіздің жылы шырайлыңызды білдіріңіз.

4. Ата-аналармен әңгімелескенде өзіңізді «тең» ұстаңыз, қамқорсынып және жағымпазданбай сөйлесіңіз.

5. Қорғануға тырыспаңыз (сұхбаттасушы сізді бір нәрсеге кінәлі болып қалғандай әсер қалдырады). Бірақ, ата-ананы кінәлап, сіздікі дұрыс емес деп, «шабуыл жасамаңыз».

6. Сұхбаттасушыға жағымды көңіл-күймен қараңыз, оның түрінен, мінез-құлығынан жақсы бірдеңе табуға тырысыңыз.

7. Бала жөнінде пікіріңізді былай бастаңыз: «Сізден көмек сұрайын деп, едім...», «Маған сіздің көмегіңіз керек...» деп.

8. Егерде ата-ана агрессивті түрде бірден өз наразылығын білдіріп жатса, бірден оған жауап беруге тырыспаңыз. Ең алдымен әңгімені жағымды арнаға бұрыңыз.

9. Мәселе байыпты болса, онда оны бірлесіп шешуге тырысыңыз, ата-ананы конструктивтік, серіктестік қарым-қатынасқа тартыңыз.

10. Ата-аналардың кеңестері мен тілектерін сізге құнды ақпарат ретінде қабылданыз.

11. Ата-анамен кеңестің ақыры қалай аяқталса да, тату әңгімелесумен аяқтаңыз, уақыт тауып келгеніне ризашылығыңызды білдіріңіз, әрі қарай сіздердің ынтымақтастығыңыз табысты болатынын сенімді білдіріңіз

12. Бала туралы жақсы бірдеңе айтыңыз (тек шын ниетпен айтылу керек).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру туралы» ҚР Заңы, 2007 жыл.
2. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жыл.

3. «Ғылым туралы» ҚР Заңы, 2011 жыл.
4. Абдыманапов С.А., Нефедова Л.В., Ахметкаримов Г.С., Соколова М.Г. Тесты: теория и практика. – Астана, 2001 жыл.
5. Бухвалов В.А. Методики и технологии образования – Рига, 1994 ж. 6. Көмекбаева Л. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру, Алматы: 2003 жыл.
6. Варга А.Я. Психолог в обществе и профессиональное сообщество // Журнал практического психолога. № 9, 1999 жыл.
7. Мардер Л. Тренинг педагогической осознанности. Рабочая программа формирования у педагогов личностно-ориентированной позиции по отношению к детям // Школьный психолог, 2003 г. - №22.
8. Щербатых Ю.В. Психология стресса и методы коррекции. - СПб.: Питер, 2006 г.

УДК 51275

STEM ТЕХНОЛОГИИ В ДУ: СИСТЕМА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ МОДУЛЕЙ

*Сарсенғалиева Ажар Батырбаевна,
заведующая кафедры «Дошкольное воспитание и обучение»,
преподаватель дошкольных дисциплин, категории «исследователь»
высший педагогический колледж им.Ж.Досмухамедова*

***Аннотация:** Данная статья посвящена раскрытию значения и содержания использования STEM технологий в ДУ, системы образовательных модулей. Автор указывает на важность изучения данной темы в контексте необходимости подготовки детей к жизни в быстро меняющемся мире.*

В докладе подробно рассматривается содержание системы образовательных модулей, представляет направления где они практически используются педагогами и обучающимися на специальности «Дошкольное воспитание и обучение». Автор приводит конкретные примеры внедрения данных образовательных модулей STEM технологий, описывает шаги в будущем.

***Ключевые слова:** дошкольное образование, STEM технологи, система образовательных модулей, интеграция, математическое развитие, обучение детей, система Фребеля, Робототехника, LEGO-конструирование, мультфильм.*

Источник знания неистощим: какие успехи ни приобретаешь человечество на этом пути, творческой личности всегда будет повод - искать, открывать и познавать.
И.А.Гончаров

Дошкольники очень восприимчивы к новой информации, их психика податлива, пластична, поэтому знания усваиваются быстрее, умения и навыки формируются без особого сопротивления. Такой хороший багаж на самом старте будет весомым преимуществом, дополнительным плюсом в копилку компетенций, гарантом высокой конкурентоспособности специалиста в будущем. В связи с этим в современном дошкольном образовании внедряются STEM-технологии. Изначально они были разработаны для совершенствования и обновления процесса подготовки профессиональных исследователей и инженеров в высших учебных заведениях.

Однако практика показывает, что гораздо большего эффекта можно добиться, если внедрять элементы междисциплинарного интегративного подхода уже начиная с детского сада. Что такое STEM? Термин STEM представляет собой аббревиатуру, которую образуют первые буквы английских слов Science (наука), Technology (технология), Engineering (инженерия) и Mathematics (математика). Этим акронимом обозначают набирающий популярность подход к образованию – его содержанию, структуре, организации учебно-воспитательного процесса. Его суть в ориентации на практическое применение получаемых знаний, в выстраивании тесных связей между учебными дисциплинами, в визуализации научных явлений, дающей наглядное представление всего, что происходит, и облегчающей более глубокое понимание закономерностей, которые объясняет теория. Идея такого подхода возникла в 2001 году: ученые Национального научного фонда США (в ведении NSF – фундаментальные исследования и образование во всех научных сферах за исключением медицины) предложили таким образом обновить существовавшую в то время систему вузовской подготовки исследователей и инженеров.

Постепенно география «присутствия» STEM-технологии расширялась, а элементы такого подхода распространялись за пределы высшего образования – на школу и дошкольные учебные заведения. Аббревиатура STEM дополнялась другими элементами и видоизменялась. Например, в акроним добавили букву А, которая обозначает Art – искусство, и получился STEAM-подход, в котором появилась эстетическая составляющая, являющаяся неотъемлемой частью технического прогресса (взять хотя бы эргономичный дизайн новых гаджетов или комфортные условия, необходимые для эффективной работы).

STEAM в свою очередь превратился в STREAM – когда к исходной версии добавили R – Research (исследования) или Robotics (робототехника). По такому же принципу возникла масса других комбинаций дисциплин – расширился вариативный ряд STEM-подхода, в который, помимо исходных естественных наук, инженерного искусства, технологий и математики, стали входить медицина, экология, инновации, экономика и т. д. Применение анализа данных и использование цифровых технологий приносит пользу любому бизнесу, поэтому сейчас STEM-специалисты – самые востребованные кадры в разных странах мира. STEM-обучение строится с опорой на следующие принципы: 1. Образовательный процесс организуется в формате проектов. Для работы над каждым таким проектом ребята объединяются в группы (команды) и решают учебные задачи сообща. 2. Обучение имеет практическую направленность. Реализация проектов дает результаты, которые уже готовы к использованию – в учебе (например, для усовершенствования учебно-воспитательного процесса), в быту (для нужд семьи), к внедрению на производстве (на уровне предприятия или города) и т. д. 3. Интегративный междисциплинарный характер обучения. Предметы изучаются не по отдельности, как в традиционной школе (когда фрагментарные знания из разных областей науки вроде есть, а как их применять и зачем, непонятно), а рассматриваются в тесной связке друг с другом. Педагог так строит учебные задачи, что для их решения нужно использовать знания, умения и навыки сразу из нескольких дисциплин – из разных отраслей науки. 4. Основой образовательного процесса становятся дисциплины, имеющие первостепенное значение при подготовке исследователей и инженеров, а это естественные науки (биология, география, физика, астрономия, химия) и технические (инженерные) дисциплины (геометрия, информатика, компьютерная графика). Таким образом, в учебно-воспитательном процессе достаточно внимания уделяется и формированию жестких навыков (hardskills), и развитию гибких навыков (softskills).

В чем преимущества STEM-образования? STEM-технология – новая ступень в дошкольном образовании. По мнению экспертов, у STEM-подхода есть ряд существенных плюсов: интегративный подход – когда предметы изучаются не изолированно друг от друга, а в тесной связке. практическая направленность – полученные знания готовы к применению в реальной жизни. Каждое усилие приносит конкретный результат, учащиеся понимают, что и для чего они делают, поэтому педагогам не приходится никого ни к чему принуждать. Каждое занятие по программе STEM представляет собой поиск решений какой-либо проблемы, развивает навыки критического мышления. Поэтому затруднительные ситуации в жизни перестают вызывать сильный стресс, а лишь помогают мобилизоваться и найти выход. Умение находить нестандартные решения самых разных вопросов укрепляет уверенность в себе. Командная работа развивает коммуникативные навыки, учит искать компромиссные решения, высказывать свою точку зрения и спокойно относиться к мнению других. Вовлечение в техническое творчество (и последующая увлеченность им) может стать важным шагом на пути к профессиональному самоопределению. Умение мыслить системно, ставить задачи, находить их решения, получать результат – ценный опыт, который к тому же способствует развитию креативного мышления. STEM-подход учит быстро разбираться в новой теме, в непонятной сфере, что очень актуально сегодня – когда изменения происходят каждый день: повсеместно внедряются инновационные технологии, появляются навороченные гаджеты с огромным количеством функций. Того, кто прошел обучение в формате STEM, ничто не испугает, даже если человек выберет для себя сферу, далекую от науки и техники. Внедрение STEAM - технологии в ДО - помогает детям научиться быстро ориентироваться в потоке информации и реализовывать полученные знания на практике. - приобретают дополнительные практические навыки и умения, которые достаточно востребованы в современной - увлекательные занятия в виде игр позволяют раскрыть творческий потенциал ребенка - комплексный подход способствует развитию их любознательности и вовлечению в образовательный процесс. STEAM – технология имеет целый спектр применения в системе дошкольного образования и является великолепным средством развития дошкольников позволяет детям проявлять инициативность и самостоятельность в разных видах деятельности объединяет игру с экспериментально-исследовательской деятельностью, предоставляя ребенку возможность творить, познавать, проявлять инициативу позволяя сочетать образование, воспитание и развитие детей в режиме учиться и обучаться в игре.

STEAM - технология – это интеграция технического и художественно-эстетического развития, которая направлена на увеличение потенциала мыслительно-интеллектуального и личностного развития детей. Важным условием обучения STEAM - технологии является парная или групповая деятельность детей. Именно в таком формате общения им будет легче и интереснее аккумулировать идеи и размышлять. «STEAM -образование детей дошкольного возраста» **включает 6 модулей**, содержание которых направлено на развитие интеллектуальных способностей детей. Использование этих модулей в комплексе способствует развитию интеллектуальных способностей и вовлекает детей в исследовательскую деятельность, приобщает к научно-техническому творчеству.



Рассмотрим более подробно каждый из модулей.

Математическое развитие. Основная задача этого модуля – познакомить детей со сложением и вычитанием, научить их сравнивать и сортировать предметы – раскладывать их по определенным признакам, находить лишнее. Для этих целей используют различные раздаточные материалы, наборы геометрических фигур, объемные геометрические тела, логические блоки и головоломки, приспособления для сортировки, счеты и шнуровки, пособия для сенсорного развития, круги Луллия, математические конструкторы и др.

Полученные теоретические знания будущие специалисты «дошкольного воспитания и обучения» закрепляют в таких видах деятельности, как практические занятия, где студенты практически изготавливают наглядные пособия для использования в работе по формированию элементарных математических понятий; проведение организованной деятельности по основам математики при участии в профессиональном Чемпионате «WorldSkills», на педагогической практике в режимных моментах, проведение дидактических игр по математике как в групповой, так и в индивидуальной форме «Найди соседа», «Найди пару», «Подбери по величине», «Чудесный мешочек», «Живые числа» и т.д.

Эксперименты с живой и неживой природой. В рамках этого модуля ребята в увлекательной форме приобщаются к исследовательской деятельности: узнают, что такое научная лаборатория, зачем проводят научные эксперименты и при помощи какого оборудования это делают, кто такие ученые и чем они занимаются; знакомятся с приборами, без которых опыты вряд ли получатся – с лупой и микроскопом. Дети учатся наблюдать за явлениями и объектами живой и неживой природы (растениями, животными, атмосферными осадками) и фиксировать то, что им удалось увидеть, например, в специальном дневнике наблюдений или календаре погоды. Ребята узнают о свойствах воздуха и воды, учатся классифицировать (есть животные, а есть птицы или насекомые; птицы бывают перелетные и те, кто остается зимовать дома; животные могут быть домашними или дикими и т. д.).

Жобаның тағы бір міндеті оқушылардың бейін алды сауаттылығын арттыру болатын. Мектеп психологы Говард Гарднердің "Зият тақтасы" сауалнамасымен жұмыс, кәсіби бағдар педагогы мамандықтар әлемі туралы іс-шаралар өткізді. Қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы, жаратылыстану пәндеріне мектеп директоры, оқу ісінің және ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасарлары сабақтарға қатысып, балалардың сабақ барысындағы жауаптарын зерделеп, бейін таңдаудағы бағытымен сәйкестендіріп отырды.

Мақсатқа қол жеткізудің тағы бір мүмкіндігі оқушылармен жеке сұхбаттасудың тиімділігін көрсетті. Бізді қуантқаны әрі таң қалдырғаны- балалардың басым көпшілігі қазірден бастап армандарын ашық айтып, болашақ мамандықтарын таңдап қоюы. Мысалы: көп ашыла сөйлемейтін, бірақ бастаған ісін тиянақты орындауға тырысып жүретін Ерназар деген оқушы хирург боламын деп жауап берді. Психолог сауалнамасы бойынша оның бейімі жаратылыстану бағыты екен. Осындай әр баламен жеке сөйлесу, психолог сауалнамасының нәтижесі, пән мұғалімінің болжамы, сабақтарға кіріп зерделеу қорытындысы және ата-анамен сұхбат барысында балалардың басым көпшілігінің бейін алды бағыты анықталды.

Кейбір оқушылардың бейіні әлі де анықталмады. Сабақта үнемі жыбырлап отыратын Әлихан болашақта атақты футболист боламын деп армандайды екен, ал оның бағыты қоғамдық-гуманитарлық бағытқа сәйкес, ата-анасы оны болашақта грантқа аз балмен болса да түсе алатын мамандықтарға беретінін айтты. Ал Нұршат деген оқушының бейімі барлық зерделеу бойынша гуманитарлық бағытты көрсетсе, өзі аспан әлеміне қызығатынын айтып, астролог болғысы келетінін айтты.

Жобаның қойылған міндетін іске асыруда оқушының бейінінің нақты анықталмауы сынды тұстарының жүзеге аспауы алдағы жұмысқа тағы түрткі болды.

Жобаның сәтті жүзеге асуына команда мүшелерімен қатар ата-атаның да ықпалы зор болды. Кейбір ата-аналардың өз баласының қызығушылығы туралы айтқаны мен мектепте жасалған сауалнаманың бір тұстан шығуы- жұмыстың ілгерілеуіне оң әсер берді. Атап айтсақ, Әсияның әкесі оның есептеу шапшаңдығына қызығушылығы туралы айтқаны мен психолог сауалнамасы нәтижесіндегі Әсияның математикалық бағыты сәйкес келді.

Басында мәселе таңдағанда кәсіби бағдар педагогына күш түсетін болар деп ойлаған болатынбыз. Жобаның командалық рөлдері бойынша жұмыс жасап қалғанда, ешкімге де ауыртпалық түспегенін байқадық. Мысалы екі 6-сыныптың класс жетекшілері оқушыларды шараларға уақытында жинау, ұйымдастыру, сабаққа қатысушыларға хабарлауды іске асырса, логопед маманы барлық жұмыстарды фото, видеоға түсіру, ата-аналарға шақыруды ұйымдастыру, кабинетті дөңгелек үстелдерге дайындау секілді істермен жұмыстанды. Интернат тәрбиеленушілерінің ата-аналарына хабарлау, олардың келуін ұйымдастыруды команда мүшесіндегі тәрбиеші атқарды. Психологтың өткізген сауалнама қорытындысы, оқушы сұхбатының нәтижесін жинақтауды оқу ісінің меңгерушісі атқарды. Яғни командалық жұмыстың жүзеге асуына тікелей педагогикалық ортаның әсері мен әлеуметтік ортасы ата-ананың ықпалы зор болды.

Жобаның жүзеге асырылуы алтыншы сыныптың пән мұғалімдерінің жобаға ынтасын арттырды. Олар өздері сабақ беретін оқушылардың бағдарын пәнге бейімін, басқа зерделеулермен үндесе ме деп қызығушылық танытты.

Сонымен қатар кәсіби бағдар педагогының жұмысы осы уақытқа дейін шашыраңқы болып келгендігі байқалып жүрді. Ол тек анда-санда ғана мамандық иелерімен кездесу кештерін өткізіп қана қоятын. Осы жоба аясында кәсіби бағдар педагогының әдістемелік қоржыны толықты, жұмыс жүйесі артты. Ол енді 6-сынып оқушыларының кәсіби танымдық қабілетін арттыру мақсатында кездесу кештерімен қоса, жеке сұхбаттар, ата-анамен дөңгелек үстелдер секілді жұмыс формаларымен қоса, психологпен бірлескен сауалнама түрлерін де өткізеді.

Жобаның басты мүддесі – оқушының болмысы. Оқушының ішкі үнін тыңдап, оның бейімін анықтау бағдарындағы негізгі буындағы сең қозғалып, мектепте де тың жоба басталды, сара жол салынды.

Іске асыру барысында команда мүшелері әркім өз қызметін жауапкершілікпен орындауға тырысып бақты. Оған бір себеп - жобаны ұйымдастырушылардың "Канбан" тақтасы арқылы әр команда мүшесінің жұмысын саралау жүргізіп отыруы. Әркім өз жоспарлаған іс-әрекеті мен жүзеге асқан жұмысына талдау жасау арқылы жобаның алға жылжуына өз үлестерін қосып отырды.

Жобаны жоспарлауда біз көбіне ата-ананың кері ықпалы көп болатын шығар деп ойладық. Өйткені баласы мектепке 5–сыныпқа қабылданғаннан кейін «Пән мұғаліміне, сыныбына үйреніп қалды, енді кім сабақ береді?» деген секілді түсініспеушіліктер орын алады деп ойлап, жоспарлағанда көп нәрсені ашып жоспарлай алмадық. Жалпылама жазылған тұстары да болды. Жобаны іске асырғанда ата-аналармен жүздесу, команда мүшелерімен дөңгелек үстел барысында, жоспар бағыттары өзгеріп отырды. Мысалы біз жоспарлағанда пән мұғалімдерінің сабағына кіруді ойламағанбыз. Іште элеуметтік рөлдерді бөлу барысында, оқу ісінің меңгерушісі Ж.Жұмабаева «Қазақ тілі, тарих, математика, жаратылыстану сабақтарына кіріп, сабақтағы баланың жауабына, тапсырманы орындағанына қарап, пәнге қызығушылығына қарап, та бейімін нақтылай аламыз» деген ұсынысына келісіп, жоспарға «Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу» деген бөлімді қостық. Сондай –ақ жоспарға тек Говард Гарднердің «Зияттың қырлары» сауалнамасы оқушыларға өткізілетіндігін ғана жазсақ, практикалық кезеңде психолог ата-аналарға да баласына қатысты сауалнама өткізетіндігін қосты. Міне, осындай тәжірибе жинау барысында алдағы қадамдарды да анықтадық. Атап айтсақ, команда мүшелерінің бойындағы «Эмоциялық зият» қабілеттерін арттыру және «Кері дизайн» әдісін қолданып, жобаны жоспарламас бұрын, мәселеге еніп, күтілетін нәтижені болжау сынды қырларын арттыруға басымдық беруді көздейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аветова Т.Ю. Школьные команды – инновации, творчество, качество. Методическое пособие по материалам международных проектов. — СПб.: «Скифия-принт», 2010. — 152 б.
2. «Қазіргі білім беру трендтері» - Алматы: «Bilim Media Group» ЖШС, 2017 жыл — 326б.
<https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1015153.pdf> By Barbara Bray and Kathleen McClaskey
3. A STEP-BY-STEP GUIDE TOPERSONALIZE LEARNING. 12 Learning & Leading with Technology | May 2013

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тажбенова Зульфия Шектибаевна,

тәрбиеші,

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы,

Ақтөбе қ.

Аннотация: Тәуелсіз елдің негізгі тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Қай елдің болмасын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру- бүгінгі күннің басты талабы.

Кілт сөздер: логика, авторлық бағдарлама, рухани-адамгершілік құндылықтар, дәстүр, графикалық тапсырма, әдіс-тәсілдер, жаңашыл, жаңар тылған білім беру үдерісі, үйлесімді, ұлттық тәрбие, жас ерекшелігі.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Қай елдің болмасын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр

болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру- бүгінгі күннің басты талабы. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің алдында бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беруде үлкен жауапкершілік тұр. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде тәрбиеші жаңашыл болуы керек. Тәрбиеші қазіргі заман көшінен қалмай өз біліктілігін арттыру мақсатымен оқудағы жаңа әдіс- тәсілдерді меңгеру арқылы оқу қызметті қызықтыруы тиіс. Дәстүрлі оқу қызметінде бала тыныш отырып, оқу қызметті тыңдап тәрбиешінің түсіндірмесін қабылдап жұмыс жасап келді. Балалар бағалау жүйесіне қатыспайтын. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі көптеген жаңалыққа толы. Балалар өзін-өзі бағалауды, қасындағы құрдастарын бағалауды үйренді, оқу қызметті меңгерген, меңгермегінін кері байланыс арқылы бере біледі. Оқу қызметінің соңында рефлексия жасауды меңгереді. Мектепке дейінгі білім беру процесін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарына және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырады. Балалардың білімін, дағдыларын, ептілігін, логикалық ойлауын дамыту мақсатында «Мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту» тақырыбында бірнеше жыл шығармашылық жұмыстар жасауымыздың нәтижесінде оқу жоспарының бір бөлігі вариативтік компонентке мектепке дейінгі баланың жасына лайықтап Логикадан авторлық бағдарлама жасадым. Авторлық бағдарлама ауданда үздік деп танылып облысқа ұсынылды. Бағдарлама а) әдістемелік нұсқау; ә) жұмыс дәптерінен тұрады. Мектепке дейінгі мекемелердегі мектепалды даярлық топтар мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныбына арналған логика балалардың логикалық қабілеттерін дамытып, дүние танымын қалыптастыруға көмектеседі. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған бағдарлама әр баланың бейімділігін, қабілеттілігін іске асыруға, оның даму ерекшеліктері негізінде бастауыш білім беру бағдарламасын меңгеруге, даярлауға бағдарланады. Баланың ойлау және сөйлеу қабілетінің дамуы, саусақтарының бұлшық еттері мен қолдарының қимыл үйлесімділігімен тығыз байланысты. Қарындашпен сурет салу, үзік сызық сызудың мәні зор. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындай отырып, балалар қолдарының қимыл үйлесімділігі мен саусақтарының бұлшық еттерін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге ерікті зейінін, есте сақтау, көру және ойлау қабілеттерін дамытады.

5-жасқа қараған бала логикалық ойлауға үйренуі керек. Баланың ойлауы заттармен нақты іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындауда баланың сөздік қоры, тіл байлығы, шағын әңгімелер қолдануды, өз пікірін айтуды, қарапайым заңдылықтарды анықтауды, ойлануды үйренеді. Материалдар мазмұны балалардың жас ерекшелігіне сәйкес, жекеден жалпыға, қарапайымнан күрделіге қарай құрылған. Графикалық тапсырмаларды орындау барысында балаға үзік сызық сызу мен сурет салуға қойылатын талаптарды қатаң сақтау және үзік сызықты көрсетілген бағытта ғана сызуды, олардың арасында бірдей қашықтық сақтауға, сурет жиегінен шығып кетпедуді ескерту керек. Мұндай тапсырмаларды орындау үшін балаға жақсы ұшталған түрлі-түсті қарындаштар қажет. Бала тапсырманы орындап болған соң, өз жұмысына баға береді. Егер жұмысын өте жақсы орындаса, қызыл түспен, егер жақсы орындаса, жасыл түспен, орташа орындаса, көк түспен бояйды. Күтілетін нәтижелер: заттардың кеңістікте орналасуын ажырата алады, баланың танымдық қабілеті қалыптасады, қарапайым математикалық ұғымдар туралы меңгереді, өз бетінше жұмыс істеді, тапсырманы орындауды үйренеді, билингвистикалық компаненттер арқылы баланың коммуникативтік – тілдік құзыреттілігі қалыптасады, басқатырғыштар, ребустар арқылы балалардың логикалық ой-өрісі, қиялы, зейіні дамиды, логикалық есептер шығару, құрастыру, санның құрамын анықтау, көршісін табу арқылы балалардың дүниетанымы, тіл байлығы, байланыстырып сөйлеуі қалыптасады. Мектепке дейінгі рухани- адамгершілік тәрбие балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез- құлқын қалыптастырады. «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған дана халқымыз. Міне, сондықтан да баланың бойына адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік сияқты жақсы қасиеттерді дарыта отырып, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу үшін ақылды да білімді, жаһандану заманында тәуелсіз елін, туған жерін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын жаңашыл «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеуіміз қажет. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басып, білімнің салтанат құрып, ұлттық санамыз жаңғырып жатқанда біздің де ұжым біраз жұмыстар атқарды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын іске асыру мақсатында гимназияның мектепке дейінгі тәрбиешілері жоспар бойынша ата-аналармен бірлесе «Тәуелсіздік – баға жетпес байлығым» ертеңгілігі, «Қазақстанның табиғаты» тақырыбында суреттер көрмесі, «Туған жер деп жырлаймын» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы, «Менің сүйікті қалам» тақырыбында ашық оқу қызметтері сияқты бірнеше іс- шаралар өткізді. Әрбір іс- шараны өткізудегі мақсатымыз өскелең ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қасиеттерді, ата- бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық арманын, үлән байтақ жерін қорғап, осындай тыныш, бейбіт өмірге жеткізген бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттау, түсіндіру болып табылады. Сонымен қатар тарихи тұлғаларға еліктеуге, Абай атамыз айтқандай «болмаса да ұқсап бағуға» бағыттау, салт- дәстүрін қастерлеуге, отбасын, отбасылық дәстүрін, Отанын, елін, жерін, оның әрбір сайы мен тасын, тауы мен өзенін, туған қаласын оның тарихын, көрікті жерлерін білуге, оның табиғатын сүйуге, оны қорғап, аялауға яғни туған жерге деген сүйіспеншілік патриоттық сезімге тәрбиелеу біздің парызымыз. Әрбір ауыл, қала мектептерінде өткізіліп отырған осындай мағыналы да мәнді іс шаралардың ұйытқысы болып жүрген жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз

тәрбиешілердің «Мәңгілік Ел», «Жаңартылған білім мазмұны» «Рухани жаңғыру» ұғымдарын өскелең ұрпақ санасына сіңіріп, «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеуде еңбектері зор. Сөзімді қорытындылай келе, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай Мәңгілік Ел болашағы- білімді ұрпақ, саналы жастар. Болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз- егеменділігімізді сақтап, мұратымызға айналған, «Мәңгілік Ел» болу идеясын жүзеге асыруда болашақта да атқарар істеріміз мол. Ұлттық рухани- адамгершілік құндылықтар арқылы жаңартылған білім мазмұнын бойына сіңірген, тәрбиелі, білімді, еңбекқор, патриот ұрпақ тәрбиелейік.. Ұрпақ тәрбиесі- ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұра. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»- деп ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асады. Мәңгілік Ел болашағы – өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміздің қолында, сондықтан да олардың бойына жаңартылған білім мазмұны мен бірге ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытып, қазақ халқының бай мұраларын бойларына сіңіре тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі заманауи оқу- тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017.
2. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Н.Ә.Назарбаев жолдау
3. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н.Ә.Назарбаев мақаласы
4. «Мәңгілік ел» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу бойынша ұлттық идея мәнмәтінінде әдістемелік ұсынымдар. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. Астана. 2016
5. Логика 5-7 жастағы балаларға арналған Т.И. Идилова 2009ж. Алматы кітап.
6. Логика Текесбаева А.М. 2009 ж. Алматы ПВ.

ӨОЖ 372.857

МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Талапова Ляззат Дархановна,
МБ-11 тобының магистранты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Қазіргі заманғы білім беруде виртуалды зертханалар танымал оқу құралына айналууда. Мақалада мектеп жағдайында биологияны оқытуда виртуалды зертханаларды қолданудың мүмкіндіктеріне шолу жасалды. Технологияға шектеулі қолжетімділік сияқты негізгі қиындықтарды талқылаудан, мақала оқу тәжірибесін жақсартуда виртуалды зертханалардың әлеуетін талдауға ауысады. Аталған мақалада технологияны жетілдірудің, қолжетімділікті арттырудың және виртуалды зертханаларды пайдалана отырып оқыту әдістемесін дамытудың артықшылықтары баяндалды. BioDigital Human, Virtual Labs Project, Labster және Foldit сияқты виртуалды зертханаларды тиімді қолданудың нақты мысалдары олардың оқыту үдерісіндегі тиімділігі мен мүмкіндіктері талданды. Оқыту әдістемесін дамытуда педагогтердің біліктілігін арттыруды және оқу процесінде виртуалды зертханаларды тиімді пайдалануды ескере отырып, арнайы оқу материалдарын әзірлеу бойынша ұсынымдар берілді. Білім алушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз етуде виртуалды зертханаларды оқу үдерісіне одан әрі дамыта енгізу және интеграциялаудың маңызы көрсетілген.

Кілт сөздер: виртуалды, зертханалар, биологияны оқыту, білім беру технологиялары, мектептегі білім, электронды оқыту, онлайн, білім беру, білім берудегі инновациялар, мектеп.

Ақпараттық технологиялардың дамып, білім беруді цифрландыруға байланысты дәстүрлі оқыту әдістері қайта қарап, заман талабына сай бейімделуді қажет ететіні белгілі болды. Бұл саладағы ең перспективалы жаңалықтардың бірі – мектептерде биологияны оқытудың бірегей мүмкіндіктерін беретін виртуалды зертханалар.

Виртуалды зертханалар – білім алушыларға нақты зертханалық жағдайларды имитациялайтын виртуалды ортада эксперименттер мен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін құралдар болып табылады. Мектепте биологияны оқытуда мұндай технологияларды қолдану тірі ағзалар мен биологиялық процестердің табиғатын түсінудің жаңа көзжиектерін ашады. Дегенмен, әлеуетті артықшылықтарға қарамастан, виртуалды зертханаларды оқу процесіне кеңінен енгізуге кедергі келтіретін мәселелер аз емес.

Технологиялық шектеулер, техникалық қиындықтар және білім беру сапасындағы кемшіліктер, білім беру шешімдерін әзірлеу және енгізу кезінде ескерілетін маңызды аспектілер болып қала береді.

Виртуалды зертханаларды биологияны оқытуда пайдалану оқу үдерісін айтарлықтай байыта алатын инновациялық әдіс болып табылады. Дегенмен, осы тұжырымдаманы толық жүзеге асыру жолында білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу кезінде ескеру қажет маңызды мәселелер бар[1].

Бірінші, ең айқын мәселе - виртуалды зертхана технологиясының шектеулері. Виртуалды модельдеу олардың дәлдігі мен шынайылығымен шектелуі мүмкін, әсіресе тактильді тәжірибені жеткізуде. Оқушылар нақты биологиялық материалдармен және құрал-жабдықтармен жұмыс істегендегідей белсенділік пен түсіну деңгейіне ие болмауы мүмкін. Мысалы, жасушаның құрылымын физикалық түрде сезінбеу немесе ерітінділердің реакциясын сезіну оқу сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ виртуалды зертханалар білім алушыларды нұсқаушылармен және білім алушылардың өзара әрекеттесу жолын шектеуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Нақты уақытта сұрақтар қоя алмау немесе жобаларда бірлесіп жұмыс істей алмау оқшаулану сезіміне және мұғалімнің қолдауының болмауына әкелуі мүмкін.

Тағы бір маңызды мәселе – виртуалды зертханаларды пайдаланудың техникалық аспектілері. Барлық мектептер виртуалды эксперименттер жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтармен және тиісті бағдарламалық жүйелерме қамтамасыз ете алмайды. Бұл білім алу мүмкіндіктерінің теңдігінің негізгі принциптеріне қайшы келетін әртүрлі мектептердің немесе әлеуметтік топтардың оқушылары арасында білімге қол жеткізуде теңсіздікті тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар, мектепте қажетті құрал-жабдықтар болса да, оны ұстау мен жаңартуда қиындықтар туындайды. Техникалық ақаулар, бағдарламалық жасақтаманың үйлесімсіздігі немесе қызметкерлердің жеткіліксіз дайындығы виртуалды зертханаларды пайдаланып сабақтарды оқытуды қиындатады [2].

Қалыптасқан проблемаларға қарамастан, мектептегі биологияны оқытуда виртуалды зертханаларды пайдалану оқу үдерісін жетілдірудің айтарлықтай болашағы мен әлеуетіне ие. Технологиялардағы жетістіктер мен оқыту әдістерінің өзгеруі білім берудің болашағына айтарлықтай әсер ететін сала үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Технологияның жетістіктері виртуалды зертханаларды жетілдіруде және олардың биологияны оқытуда тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары виртуалды және толықтырылған шындық саласында айтарлықтай ілгерілеушілік байқалды, бұл зертханалық эксперименттердің шынайы және интерактивті модельдеулерін жасау үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Бұл саладағы ең маңызды жетістіктердің бірі виртуалды және толықтырылған шындықты дамыту болып табылады. Бұл технологиялар визуалды және сенсорлық тұрғыдан нақты зертханалық жағдайларға барынша жақын виртуалды орталарды құруға мүмкіндік береді. VR және AR технологияларын қолданудың арқасында оқушылар виртуалды құралдарды пайдалана отырып, эксперименттер жүргізіп, биологиялық объектілерді зерттеп, өздерін зертхана ішінде жүргендей сезіне алады [3].

Виртуалды зертханалық технологияны жетілдірудің маңызды аспектісі сенсорлық технологияларды біріктіру болып табылады. Виртуалды сенсорлар мен басқару элементтері студенттерге виртуалды орталармен өзара әрекеттесуге, деректерді талдауға және эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді, бұл оқуды практикалық және интерактивті етеді. Мысалы, виртуалды датчиктер көмегімен ерітінділердің температурасын немесе рН деңгейін өлшеуге, сондай-ақ нақты уақытта биологиялық параметрлердің өзгеруін бақылауға болады.

Виртуалды зертхана технологиясын жетілдірудің бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, анағұрлым шынайы модельдеу білім алушылар үшін неғұрлым айқын тәжірибе жасайды, олардың өздері оқып жатқан пәндерге деген қызығушылықтары мен ынтасын арттырады. Екіншіден, сенсорлық технологияларды қолдану оқуды практикалық және тиімді етеді, студенттерге биологиялық объектілер мен құбылыстармен шынайы өмір тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды аспект – виртуалды зертханаларды барлық білім алушыларға қолжетімді ету. Виртуалды зертханаларды оқу үдерісіне табысты енгізу үшін барлық оқушылардың білім беру ресурстарына бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет. Виртуалды зертханалардың қолжетімділігін арттыру білім берудегі олқылықтарды азайтатын және олардың орналасқан жеріне және мектептің техникалық мүмкіндіктеріне қарамастан барлық оқушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін негізгі аспект болып табылады.

Виртуалды зертханалардың қолжетімділігін арттыру жолдарының бірі интернет арқылы білім беру ресурстарына сапалы қолжеткізуді қамтамасыз ететін онлайн платформалар мен қосымшаларды әзірлеу болып табылады. Мұндай платформаларға интернет қосылымы бар кез келген жерден қол жеткізуге болады, бұл оқушылар үшін оқуды икемді және ыңғайлы етеді. Онлайн форматтың арқасында оқушылар мектептен тыс уақытта да виртуалды зертханаларға қол жеткізе алады, бұл олардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді [4].

Виртуалды зертханалардың қолжетімділігін арттыру әртүрлі аймақтардағы, әлеуметтік топтардағы және экономикалық санаттағы білім алушылардың білімге сапалы қолжеткізудегі алшақтықтарды азайтуға көмектеседі. Бұл, әсіресе, заманауи білім беру технологияларына қолжетімділік шектелуі мүмкін шалғайдағы немесе аз қамтылған аймақтардағы мектептер үшін өте маңызды. Онлайн платформалар

географиялық және әлеуметтік кедергілерді жояды, барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Виртуалды зертханалардың қолжетімділігін арттыру барлық білім алушыларға сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Онлайн формат ресурстары шектеулі мектептердің өзі оқушыларына заманауи білім беру технологияларына қолжетімділікті қамтамасыз ете алады. Бұл білім берудегі теңсіздікті азайтуға және әрбір оқушының өз қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға мүмкіндігі бар неғұрлым тең құқықты білім беру жүйесін құруға көмектеседі.

Білім беруде виртуалды зертханаларды пайдалану оқыту үдерісін интерактивті, қызықты және тиімді ететін оқытудың жаңа әдістемелерін әзірлеуді ынталандырады. Белсенді және практикалық оқыту принциптеріне негізделген тиімді білім беру бағдарламаларын құру осы түрлендірудің негізгі элементі болып табылады.

Виртуалды зертханалар оқушыларға материалдармен әрекеттесу және практикалық әрекеттерді орындау арқылы оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Бұл материалды тереңірек түсінуге жол ашып, оқуға деген қызығушылығын арттырады. Зертханалық сабақтарда білім алушылар өз бетінше эксперименттер жүргізіп, мәліметтерді талдап, қорытынды жасай алады, бұл сыни ойлауға және мәселені шешуге ғылыми көзқарасқа ықпал етеді.

Дегенмен, виртуалды зертханалардың әлеуетін толық іске асыру үшін мұғалімдерді тиісті оқытуды қамтамасыз ету маңызды. Мұғалімдерді виртуалды зертханаларды пайдалануға үйрету және олардың әдістемелік дағдыларын дамыту оларға осы технологияларды оқыту үдерісіне тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Мұғалімдерге оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыратын тартымды және интерактивті сабақтарды құру құқығы берілген.

Сонымен қатар, виртуалды зертханаларды қолдануға бейімделген арнайы оқу материалдарын әзірлеу маңызды. Бұл эксперименттерді орындауға арналған нұсқаулар, жағдайлық есептер, өзіндік жұмысқа тапсырмалар және т.б. Мұндай материалдар мұғалімдерге оқу үдерісін құрылымдауға және білім беру мақсаттарына жету үшін виртуалды зертханалардың мүмкіндіктерін барынша пайдалануға көмектеседі.

Виртуалды зертханаларды пайдалана отырып оқыту әдістемесін әзірлеудің көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл оқушылар үшін оқуды қызықты етеді, бұл олардың оқу процесіндегі ынтасы мен белсенділігін арттыруға көмектеседі. Екіншіден, мұғалімдердің әдістемелік арсеналын байытады, олардың сабақтарын жан-жақты және тиімді өткізуге септігін тигізеді. Ақырында, оқыту әдістемесінің дамуы білім беру процесін заманауи оқытудың қажеттіліктеріне жақсырақ бейімдеуге және студенттерді заманауи әлемнің қиындықтарына дайындауға мүмкіндік береді.

Биологияны оқытуда білім берудегі виртуалды зертханалар оқу үдерісін байытудың және оқушылардың дағдыларын дамытудың тиімді құралы ретінде өз мүмкіндіктерін көрсетеді. Төменде білім беру мақсатында виртуалды зертханаларды сәтті пайдаланудың кейбір мысалдары берілген:

1. BioDigital Human – оқушыларға адам ағзасын молекулалық, жасушалық және мүшелік деңгейде зерттеуге мүмкіндік беретін виртуалды платформа. Бұл платформаны пайдалана отырып, оқушылар интерактивті 3D модельдер, симуляциялар және анимациялар арқылы дененің анатомиясын, физиологиясын және биохимиясын біле алады. Бұл тәсіл күрделі биологиялық процестерді елестетуге және ағзаның құрылымы мен қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

2. Виртуалды зертханалар жобасы білім алушыларды биология және басқа ғылымдар саласында оқыту үшін Үндістан технологиялық институты әзірлеген бастама болып табылады. Бұл жоба виртуалды биология зертханаларына, соның ішінде генетика, молекулалық биология, биохимия және экология зертханаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушылар виртуалды ортада әртүрлі эксперименттер жүргізе алады, реакциялар мен өзара әрекеттесулерді зерттей алады, бұл олардың дағдыларын шыңдауға және білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

3. Labster - бұл оқу орындарында және биология және басқа жаратылыстану ғылымдары бойынша онлайн курстарда пайдалануға арналған виртуалды зертханалық платформа. Labster оқушыларға теориялық білімді нақты өмір сценарийінде қолдануға мүмкіндік беретін виртуалды эксперименттер мен модельдеулердің кең ауқымын ұсынады. Labster көмегімен оқушылар, мысалы, генетикалық зерттеулер жүргізе алады, жасушалық процестерді зерттей алады немесе тіпті молекулалық модельдеумен тәжірибе жасай алады.

4. Foldit – пайдаланушыларға ақуыз құрылымдарын іс жүзінде бүктеп, талдауға мүмкіндік беретін ойын платформасы. Ойыншылар биохимия және молекулалық биология туралы білімдерін пайдалана отырып, әртүрлі биологиялық тапсырмаларды шеше алады. Foldit виртуалды зертханаларды ойынға негізделген оқыту түріне қалай біріктіруге болатындығын көрсетеді, бұл оқу процесін қызықты өткізуге септігін тигізеді және ынталандырады [5].

Бұл мысалдар биологияны оқытуда сәтті қолданылған виртуалды зертханалардың әртүрлілігін көрсетеді. Олар заманауи технологияларды қолданудың оқу үдерісінде қалай тиімді қолдайтынын және оқушылардың биологияны оқуға деген қызығушылығын оятатынын көрсетеді.

Мектеп биологиясын оқытуда виртуалды зертханаларды пайдалану – оқу үдерісін жетілдіруде айтарлықтай әлеуеті бар инновациялық әдіс. Виртуалды зертханаларды енгізу кезінде жиі кездесетін негізгі мәселелердің бірі – технологиялық ресурстардың және тиісті жабдықтарға қолжетімділіктің болмауы. Дегенмен, заманауи технологиялардың дамуы мен интернетке қолжетімділіктің жақсаруының арқасында бұл мәселе біртіндеп шешілуде.

Виртуалды зертханаларды биологияны оқытуда қолданудың келешегі орасан зор. Олар оқушыларға сыныптан шықпай-ақ шынайы симуляцияларға, эксперименттерге және барлауға кірісуге мүмкіндік береді. Бұл оқу процесін барлық оқушылар үшін қызықты, тартымды және қолжетімді етеді. BioDigital Human, Virtual Labs Project, Labster және Foldit сияқты виртуалды зертханаларды сәтті пайдалану мысалдары бұл технологияларды оқу үдерісіне қалай тиімді түрде біріктіруге, оны байытуға және білім беру нәтижелерін жақсартуға болатындығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, виртуалды зертханаларды дамыту және пайдалану заманауи білім беруде басты рөл атқарады. Бұл білім сапасын арттыруға көмектесіп қана қоймай, оқушыларды заманауи әлемнің қиындықтары мен мүмкіндіктеріне дайындайды. Мектеп оқушыларының сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін виртуалды зертханаларды оқу үдерісіне кіріктіру және интеграциялау жалғастырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә.Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.
2. А.Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000 ж.
3. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістеме журналы, № 2, 3, 2011 ж.
4. Оқыту –тәрбиелеу технологиясы Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №3, 2010ж.
- 5 С.Т. Мұхамбетжанова. Ғ.Н. Толықбаева, Ж.Ә.Жартынова Электрондық оқыту бойынша мониторингінің жүргізу әдістемелік құралы. Алматы, 2011ж.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

*Ташаева Наталья Қазығұлқызы,
№34 «Балбұлақ» бөбекжайы МКҚК тәрбиешісі
БҚО, Орал қ.*

Аннотация: мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы жаңа технологияларды қолдану аясы, маңызы берілген. Автордың тәжірибесі бойынша, балалармен ұйымдастырылатын тәрбиелеу мен оқыту үрдісіндегі бірнеше инновациялық тәсілдер мен әдістерді қолдану барысы баяндалған.

Кілт сөздер: технология, педагог, STEAM, модуль.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – нақты нәтиже алуға бағытталған түрлі ақпараттық деректер (электронды, баспа, құралды) мен бірлескен әрекеттің құралдарына қолжеткізу үшін арнайы бағдарламалық және техникалық құралдар қолданылатын педагогикалық технология.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің білім беру әрекетіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді жүзеге асыруы өзекті және қажетті болып табылады.

Инновациялық технологияларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне енгізу – балалармен жұмыстың тиімді түрлерін шығармашылықпен іздеудегі сәнге арналған жұмыс емес, бұл нақты уақыт талабы.

Мен қызмет ететін Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы №34 «Балбұлақ» бөбекжайында «Инновациялық технологиялар – интеллектуалды дамыту» тақырыбындағы облыстық тәжірибе алаңы жұмысы жүзеге асуда. Тәжірибе алаңы тақырыбына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері бойынша барлық топта инновациялық технологияларды күн тәртібі бойынша барлық жұмыстарға енгізіліп, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуда жұмыстанып келеміз.

Тәжірибе алаңы аясында бөбекжайымызда түрлі педагогикалық технолоиялыр бойынша әр топта жоба жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы жоба жұмыстарына сәйкес, ойын-сауықө, іс-шаралар тиімді жоспарланып ұйымдастырылып отыр.

Бөбекжайымыздағы оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық технологияларға тоқтала кетсем: олар АКТ (ақпараттық коммуникативтік технологиялар), дамытушы технологиялар, жобалау технологиялары, денсаулық сақтау технологиялары. Сонымен қатар, инновациялық әдістер мен тәсілдерді атауға болады.

Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері мен технологияларын енгізуде тәрбиелеу-оқыту үдерісіндегі педагогтың әрекеті:

I кезең: Жаңа идеяларды іздеу: мәселені (мақсатты), міндетті құрастыру, мақсатқа жету үшін жоспар әзірлеу (педагог басқа педагогтармен және атааналармен жоспарды талқылайды), жоспарды жүзеге асыру үшін педагогтар мен ата-аналарды тарту.

II кезең: Жаңа енгізімді қалыптастыру: өзекті міндетті анықтау, әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру, жұмыс жоспарын жасау, материалды жинақтау.

III кезең: Жаңа енгізімді іске асыру: практикалық көмек (қажеттілігіне қарай) беру, жоспарды іске асыруға бағыт беру және бақылау, жоспарға ұйымдастырған оқу іс-әрекеттерін, ойындар және балалармен басқа да іс-әрекеттерді қосу, өзбетінше орындау үшін түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындау.

IV кезең: Жаңалықты бекіту: тұсау кесерге, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық жасау.

Әдістемелік тақырыбым бойынша STEAM тәсілі арқылы тобымдағы балаларды креативті ойлауға, математикалық нақты шешім қабылдауға, инженерлік шығармашылыққа қызығуға, тәжірибе жасауға баулудамын. Сыни тұрғыдан ойлай алатын, креативті, шығармашыл, жаңа заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеуді өзіміздің басты мақсатым етіп алдым. STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі: яғни: S – science, ғылым [сайнс]; T – technology, технология [технология]; E – engineering, инженер [инжиниринг]; A – art, шығармашылық [арт]; M – mathematics, математика [математика].

STEM білім беру аймағында балалар бірлесіп жұмыс істеуді, үйренгендерін тәжірибеде қолдана білуді үйренеді, бұл оларға басқалармен келіссөздер жүргізу немесе топтық мақсатқа жету үшін өз ұстанымдарын бейімдеу сияқты әлеуметтік дағдыларда нақты тәжірибе береді. Балалар ойнай отырып, айнала қоршаған орта туралы білімді бойларына сіңіреді, алдарына нақты мақсат қояды үйренеді. STEM - барлық жастағы балалар үшін қарапайым әрі өте қызықты. Бұл тәсілді балалар тек ақпарат алу арқылы үйренбейді. Олар тәжірибе жасау арқылы үйренеді. Олар нақты әлемге қолданылатын білімді қолдануды үйренеді. Біздің зертханамызда бүлдіршіндер жанды, жансыз табиғатпен тәжірибелерді қызыға жасайды. Тәжірибе жасаудың басты артықшылығы - балаларға қоршаған орта туралы нақты білім алуға көмектеседі. зерттеу арқылы заттардың құрылымы мен пайда болуы, бір бірімен байланысы қоршаған ортаға әсері туралы білетін болады.

Тобымдағы балалардың танымдық қабілеттерін, инженерлік ойлауын дамыту үшін төмендегідей жұмыс түрлерін жүзеге асырудамын.

ТҰЗДЫ ҚАМЫР

Тұзды қамыр 3 жастан бастап балалар ойынына өте жақсы келеді. Тұзды қамырдан жасалған қолөнер - бұл ойыншықтар, оны бала алдымен үш өлшемге бөледі: биіктігі, ені және ұзындығы. Сонымен қатар, сіз осындай материалды үйде балалардың көңілді демалысы үшін жасай аласыз, тек ұн, су және тұзды қолдана аласыз.

МОДЕЛЬДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЕРМЕКСАЗ

Пластилинмен модельдеу балалардың моторикасын және қиялын дамытады, сонымен қатар өнердің модельдеумен қалай үйлесетінін көрсетеді.

КОНСТРУКТОР

Картоннан жасалған түрлі-түсті геометриялық фигуралар сіздің балаңызға пішіндер мен түстерді қалай тануға болатындығын білуге көмектеседі, сонымен қатар дизайн жасау үшін де жақсы идея болады.

«ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ» ДАМЫТУШЫ ТАҚТА

Геометриялық фигураларды құрастырып үйренеді. Жоғарғы топ балаларымен резеңке жолақтармен тоқып, жануарлар мен заттардың фигураларын, әріптер мен сандарды, түрлі өрнектерді тоқуға болады. Мұндай ойыншықтар балалардың қиялын оятады және балаларға қашықта жақсы жүруге көмектеседі.

СПИРОГРАФ

Спирографтар 1965 жылдан бастап танымал болды, себебі олар күрделі фигураларды жасауды өте оңай әрі қызықты етеді.

Бұған қоса, «Фребель сыйы» ойын жинағы, жанды және жансыз табиғатпен тәжірибе жасау, яғни зерттеу жұмыстары, «Математикалық даму» оқу модулі, «LEGO» құрылыс ойындары, робототехника элементтерін пайдалана отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жүргіземін. Осы әрекеттердің барлығымен балалар өз жолында тұрған кедергілерді жеңе отырып, жаңа өнертабыстарды ойлап табу және жасау үшін инновация мен шығармашылық әдістерін үйренеді.

Қазіргі заманда әлемде робототехника ғылымы кеңінен қолданыс табуда. Ғылыми техникалық прогрестің осы бір маңызды бағыты біздің балабақшамызда қолға алынған. Бұл ортада балалардың танымдық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттері дамуда. Балалар өздері құрастыруды, программалауды үйренген.

Робототехника модулі оқу үдерісіндегі ең танымал модульдердің бірі болып табылады. Бұл ортада балалардың танымдық және интеллектуалдық қабілеттері дамиды. Мұнда балалар өздері алгоритмдер құрастыруды, программалауды және іске қосуды үйренеді. Бағдарламаудың негізі – алгоритмика. Алгоритмика – бұл балаларды алгоритмдік, есептік ойлаудың дамуына ықпал ететін ғылым, бұл балаларға өз ойларынан құруға, басқаның құрған алгоритмдерін түсінуге мүмкіндік береді. «Ботлидің алгоритмикасы», «Ара алгоритмикасы», «Робо тышқан алгоритмикасы» мектепке дейінгі балаларға

арналған оқу кешендері компьютерсіз бағдарламалауға арналған. Бұл құралдар арқылы балалар кеңістікті бағдарлай отырып, алгоритмдер құрады, бағдарламалайды.

Балалардың болашағы жарқын болу үшін, бөбекжай, ата- ана болып бірлесіп ынтымақта жұмыс атқарудамыз. Бөбекжайда ұйымдастырылған әрбір іс- шараға ата- аналар белсене атсалысады.

Ұлы тұлға, дана Абай атамыз: **Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан** деп айтқандай, біздің тәрбиеленушілеріміздің балабақшада алған білім мен тәрбиелерінің жемісін көріп, заман талабына сай білімді де білікті, елін сүйер патриот тұлға боп, өмірден өз орындарын табатынына сенімдіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ИКТ-ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ» «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО 2019ж
2. Білімді ел- Образованная страна *№20(57) 2016ж
3. Бабаев С, Қазиева К, Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар талапшаң мұғалім еншісі// Бастауыш мектеп.-2011.-№4.-25-б
4. Кервенова М.М., Абенова К.М. Білім беру жүйесі Білім беру Технологиясы Қарағанды университетінің хабаршысы
5. <http://rptica.ru/Stati/Chto-takoe-STEAM-obrazovanie/>
6. <https://ulymedia.kz/news/20041-steam-obrazovanie-v-kazakhstan-perspektivy-i-osobnosti/>
7. <https://bilimainasy.kz/label/%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D2%9B%D1%88%D0%B0%D0%BC%D1%8B%D0%B7%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-stem-%D1%82%D0%B5%D1%85%D0%BD%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B/>
8. <https://bilimdiler.kz/tehnologia/31171-stem-bilim-beru-bagdarlamasy-nyn-zhana-trendi.html>

ӘОЖ 511.147

КОМПЛЕКС САНДАРДЫҢ ГЕОМЕТРИЯДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Темирбаева Карлығаш Булатовна,
М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты,
Орал қ.*

Аннотация: Мақала комплекс сан ұғымының пайда болуы мен оның қалыптасуына ықпал еткен бірегей ғалымдардың зерттеулеріне арналған. Комплекс сандарының әртүрлі салаларда қолданылуы және оларға амалдар қолдануы қарастырылады. Комплекс сандарды қолдана отырып, үшбұрыштар тақырыбындағы геометрия есептерін шешудің мысалдары көрсетілген.

Кілт сөздер: Математика, физика, квадрат теңдеу, нақты сан, бірлік, коэффициент, есептеу, қосу, көбейту, түбір, комплекс сан.

Квадрат теңдеулерді шешуде кейде түбірі теріс нәтиже болатыны, яғни квадрат теңдеудің дискриминанты теріс сан болатыны белгілі:

$$D = b^2 - 4ac < 0$$

Бұл жағдайда берілген квадрат теңдеудің түбірлері болмаса, түбірден нақты санды шығару мүмкін емес. Осы уақытқа дейін квадрат түбір тек оң нақты сандар үшін табылғандығы зерттелді. Түбір нақты сандар түбір болуы маңызды емес, яғни теріс нақты санның түбірі нақты сан болмауы мүмкін.

Теріс бүтін санның дискриминантының квадрат теңдеуін шешу үшін сандар туралы түсінікті кеңейту қажет. Бұл жағдайда бүтін санның квадраты -1 мәніне орнатылған жаңа i санын қосқан жөн. Бұл сан жорамал бірлік деп аталады. Сонда келесі теңдеу орындалады:

$$i^2 = -1$$

i екі өлшемді $a + bi$ сандық қосындысын қосуға мүмкіндік береді.

$a + bi$ бүтін саны комплекс санның бүтін бөлігі, ал көбейтіндісі жорамал бөлік, bi жорамал бөліктің коэффициент қосындысы деп аталады.

Мысалы, $5 + 2i$ комплекс саны үшін 5 бүтін саны нақты бөлігі, $2i$ жорамал бөлігі, ал оның коэффициенті 2 ; Санның нақты бөлігі $0 + 7i$, жорамал бөлігі $7i$, жорамал бөлігінің коэффициенті 7 ; санның нақты бөлігі $6 - 0i$, жорамал бөлігі 0 , жорамал бөлігінің коэффициенті 0 .

Комплекс сандарды анықтағаннан кейін алгебрада, сұйықтық динамикасы теориясында, бөлшектер теориясында және т.б. ойлар мен түсініктер жеңілдетілді.

Егер екі бүтін санның нақты сандары тең болса және жорамал бөліктердің коэффициенттері тең болса, онда бұл сандар бірдей, яғни $a = s$ және $v = d$ болса, келесі теңдеу орынды болады:

$$a + bi = s + di$$

Екі комплекс сандарының арасында «үлкен» немесе «кіші» қатынас жоқ.

Комплекс сандарға келесі амалдар қолданылады:

1. $a + bi = s + di$ (егер $a = bi$, $s = d$).
2. $(a \pm bi) + (s \pm di) = (a \pm s) + (b \pm d)i$ (комплекс сандарды қосу және көбейту).
3. $(a \pm bi)(s \pm di) = (as - bd) + (ad \pm bs)i$ (комплекс сандарды көбейту).
4. $(a + bi)(a - bi) = a^2 + b^2$ (комплекс сандарды өзара көбейту).
5. $a + 0i = a$ (Нақты сандардың комплекс саны және жорамал коэффициент 0).
6. $0 + 0i = 0$ (кез-келген комплекс санды 0-ге көбейту).

Алғаш рет комплекс сандарды теңдеулерді шешуде Лейбниц пен Бернулли қолданған. Лейбниц комплекс сан теріс санның логарифмінен басқа ештеңе емес деп есептейді. Эйлер мен Даламбер комплекс сандар түсінігін дамытып, оларды сабақтас пәндерде кеңінен қолдана бастады. Олар комплекс сандардың бірнеше пайдалы қасиеттерін анықтап, олардың геодезия, картография және гидродинамика есептерін шешудегі қолайлылығын айтты.

Дегенмен, барлық жетістіктерге қарамастан, математиктер комплекс сандарды күнделікті тәжірибеде кеңінен қолдануға қорықты, оларды шындыққа жанаспайтын және фантастикалық деп санады. «Жорамал бірлік» тіркесінің өзі шатастырып жіберді. Математиктерде мынандай сұрақ туындады: қабырғасы минус бірге тең шаршы жоқ емес пе? Бірақ неліктен мұндай шынайы емес сандармен есептеулер толығымен нақты және дұрыс нәтижеге әкеледі?

Сондықтан ол кездегі математиканың негізгі міндеті не комплекс сандарды белгілі бір жорамал ретінде қабылдау, не олардың бар екенін түсіндіру болды. Комплекс сандарды зерттеуге елеулі үлес қосқан неміс математигі Гаусс олардың арифметика тұрғысынан негіздемесін келтіріп, геометриялық түрде жазудың жолын тапты.

Қазіргі таңда комплекс сандар математика мен физиканың әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Олар:

Алгебра, теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешуде;

- Геометрия, қисықтарды және беттерді сипаттауда;
- Талдау, интегралдар мен туындыларды есептеуде;
- Физика, толқындарды, тербелістерді және электромагниттік өрістерді сипаттауда.

Сонымен қатар комплекс сандар әртүрлі қолданбалы салаларда да қолданылады, мысалы:


Электрлік инженерия, электр тізбектерін сипаттау үшін;

- Радиотехника, радиотолқындарды сипаттау;
- Суреттер жасауға арналған компьютерлік графика;
- Қаржы, тәуекел мен пайданы бағалау.

Комплекс сан әдісі геометрияның планиметрия бөліміндегі дайын формулаларды пайдаланып есептерді шығаруға мүмкіндік береді. Векторлық және координаталық әдістерден айырмашылығы бұл әдістің қарапайымдылығы. Мысалдармен қарастырайық.

Есеп №1

ABC тікбұрышты үшбұрышында AD медианасынан А нүктесінен 4-ке тең қашықтықта орналасқан Е нүктесі таңдалды. BC = 6, AC = 4 екені белгілі. BCE үшбұрышының ауданын табыңыз.



Берілгені:


Үшбұрыш ABC.

AD-медиана.

AE=4, BC=6, AC=4.

Табу керек:

$$S_{CBE} = ?$$



Сурет 1

Шешуі:

I жағдай. (E нүктесі D мен A арасында жатыр)

1. D нүктесі CB ортасы болғандықтан, $CD=3$. $CA=4$, онда $AD=5$, демек, $DE=1$.

2. Комплекс жазықтықты енгіземіз (Сурет 1):

C – координата басы;

CA – нақты ось;

CB – жорамал ось;

Онда A нүктесіне $4 + 0i$ комплекс саны сәйкес келеді, A(4) арқылы белгілейміз;

B нүктесіне $0 + 6i$ комплекс саны сәйкес келеді, B(6i) арқылы белгілейміз;

D нүктесіне $0 + 3i$ комплекс саны сәйкес келеді, D(3i) арқылы белгілейміз;

C нүктесіне $0 + 0i$ комплекс саны сәйкес келеді, C(0) арқылы белгілейміз;

E нүктесіне e комплекс саны сәйкес келеді, E(e) арқылы белгілейміз;

3. A, E және D нүктелері коллинеар, онда


$$\frac{e-4}{3i-e} = 4, \text{ яғни } e = \frac{12i+4}{5}.$$

4. Егер комплекс жазықтықта үшбұрыштың төбелері a, b, c түрінде болса, онда үшбұрыштың ауданын формула бойынша есептейміз:

$$S = \frac{i}{4} (a(\bar{b} - \bar{c}) + b(\bar{c} - \bar{a}) + c(\bar{a} - \bar{b})), \text{ онда,}$$

$$\frac{i}{4} (0(-6i + e) + 6i(-e - 0) + e(0 - 6i))$$

$$S_{CBE} = \left[\frac{i}{4} (e6\bar{i} + 6i(-\bar{e})) \right] = \left[\frac{6i^2}{4} (e - \bar{e}) \right] = 2.4$$



Сурет 2

Шешуі:

II жағдай. (Е нүктесі D мен A арасында жатыр)

1. D нүктесі CB ортасы болғандықтан, $CD=3$. $CA=4$, онда $AD=5$, демек, $AE=4$.

2. Комплекс жазықтықты енгіземіз (Сурет 2):

C – координата басы;

CA – нақты ось;

CB – жорамал ось;

Онда A нүктесіне $4 + 0i$ комплекс саны сәйкес келеді, A(4) арқылы белгілейміз;

B нүктесіне $0 + 6i$ комплекс саны сәйкес келеді, B(6i) арқылы белгілейміз;

D нүктесіне $0 + 3i$ комплекс саны сәйкес келеді, D(3i) арқылы белгілейміз;

C нүктесіне $0 + 0i$ комплекс саны сәйкес келеді, C(0) арқылы белгілейміз;

E нүктесіне e комплекс саны сәйкес келеді, E(e) арқылы белгілейміз;

3. A, E және D нүктелері коллинеар, онда

$$\frac{4 - e}{3i - 4} = \frac{4}{5}, \text{ яғни } e = \frac{36 - 12i}{5}.$$

4. Егер комплекс жазықтықта үшбұрыштың төбелері a, b, c түрінде болса, онда үшбұрыштың ауданын формула бойынша есептейміз:


$$S = \frac{i}{4} (a(\bar{b} - \bar{c}) + b(\bar{c} - \bar{a}) + c(\bar{a} - \bar{b})), \text{ онда,}$$

$$S_{CBE} = \left[\frac{3i^2}{2} \left(\frac{36 - 12i}{5} - \frac{-36 - 12i}{5} \right) \right] = 21.6$$

$$\text{Жауабы: } S_{CBE} = 2.4; S_{CBE} = 21.6$$

Есеп №2

Шеңбердің AB диаметрінде M және C нүктелері белгіленген. C нүктесі A, M және B нүктелерінен сәйкесінше 20, 14 және 15 қашықтықта орналасқан. CBM үшбұрышының ауданын табыңыз.



Сурет 3

Берілгені:

Үшбұрыш ABC.

AB-шеңбердің диаметрі

AC=20, BC=15, MC=14.

Табу керек:

$$S_{CBM} = ?$$

Шешуі:

Комплекс жазықтықты енгіземіз (Сурет 3):

С нүктесі – координата басы;

СА – нақты ось;

СВ – жорамал ось;

Онда А нүктесіне $0 + 20i$ комплекс саны сәйкес келеді, А(20i) арқылы белгілейміз;

В нүктесіне $15 + 0i$ комплекс саны сәйкес келеді, В(15) арқылы белгілейміз;

С нүктесіне $0 + 0i$ комплекс саны сәйкес келеді, С(0) арқылы белгілейміз;

М нүктесіне z комплекс саны сәйкес келеді, М(z) арқылы белгілейміз;

А және В нүктелерін бекітеміз, ал М нүктесін айнымалы деп санаймыз. Оның координатасын z арқылы белгілейміз.

Егер комплекс жазықтықта нүктелер a, b, z түрінде болса, онда түзудің теңдеуін формула бойынша табамыз:

$$(\bar{a} - \bar{b})z + (b - a)\bar{z} + a\bar{b} - b\bar{a} = 0$$

Онда АВ түзуінің теңдеуі мына түрде болады:

$$(-20i - 15)z + (15 - 20i)\bar{z} + 20i * 15 - 15(-20i) = 0$$

$$-20iz - 15z + 15\bar{z} - 20i\bar{z} + 20i * 15 + 15 * 20i = 15(z + 20i) + 20i(15 - z) + z(-20i - 15) = 0$$

$$z = \frac{196}{z} \text{ ауыстырсак:}$$

$$15\left(\frac{196}{z} + 20i\right) + 20i\left(15 - \frac{196}{z}\right) + z(-20i - 15) = 0$$

$$\frac{15(196 + 20iz) + 20i * 15 * z - 196 * 20i + z^2(-20i - 15)}{z} = 0$$

$$15 * 196 + 15 * 20i * z + 15 * 20i * z + 20i * 196 - 20iz^2 - 15z^2 = 0$$

$$15 * 196 + 30 * 20i * z - 5z^2(4i + 3) - 20i * 196 = 0$$

$$-20i * 196 - 5z^2(4i + 3) + 600iz + 14^2 * 15 = 0$$

$$-4i * 196 - z^2(4i + 3) + 120iz + \frac{14^2 * 3}{5} = 0$$

$$-z^2(4i + 3) + 120iz - 14^2(4i - 3) = 0$$

$$25z^2 - 120iz(4i - 3) + 14^2(4i - 3)^2 = 0$$

$$120i^2(4i - 3)^2 - 4 * 25 * 14^2(4i - 3)^2 = (4i - 3)^2 16 * 25(-36 + 49(4i - 3)^2)$$

$$z_{1,2} = \frac{120i(4 - 3i) \pm (4i - 3) * 4 * 5 \sqrt{-36 + 49(4i - 3)^2}}{50} = \frac{10 * 2(4 - 3i)(6i \pm \sqrt{13})}{50} = \frac{2(4i - 3)(6i \pm \sqrt{13})}{5}$$

Үшбұрыштың аудан формуласы келесідей:

$$S = \frac{i}{4}(a(\bar{b} - \bar{c}) + b(\bar{c} - \bar{a}) + c(\bar{a} - \bar{b}))$$

Үшбұрыштың төбелерінің координаталарын А(20i), В(15),

$$M\left(\frac{2(4i - 3)(6i + \sqrt{13})}{5}\right) \text{ алмастырайық}$$

$$\text{Онда } S_{CBM} = 54 \pm 12\sqrt{13}$$

$$\text{Жауабы: } S_{CBM} = 54 \pm 12\sqrt{13} \text{ бірлік шаршы}$$

Комплекс сандар – әртүрлі салалардағы әртүрлі есептерді шешу үшін кеңінен қолданылатын құрал.

Бұл мақалада комплекс сандардың геометрияда қолданысын көрсетудегі негізгі мақсатымыз, қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде сағат санының басым көпшілігі математиканың алгебра бөліміне арналғандықтан, қосымша берілетін, яғни сабақтан тыс факультатив сабақтарының белгі бір сағатын геометрияға арнаса дұрыс болар еді. Өйткені геометриялық, логикалық ойы жақсы қалыптасқан оқушы әрдайым жақсы нәтиже көрсетеді. Осы орайда оқушыларға геометриялық есептерді қарапайым, әдеттегідей дәстүрлі бағытта емес, өзге әдіспен шығарып көрсететін болсақ, оның пәнге деген қызығушылығы, ынтасы одан әрі артатыны сөзсіз. Қазіргі таңда комплекс сандардың геометриядағы қолданысы математика ғылымының дамуына өзіндік зор үлесін қосуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сергиенко, Л. Ю. Методические указания по изучению тем "Комплексные числа" в курсе математики. УМК по ССО Минвуза РСФСР. – Москва, 1979.
2. Дорофеев, Г. В. 0 некоторых вопросах, связанных с формальным определением комплексного числа. Сборник "Углубленное изучение алгебры и анализа". Москва: "Просвещение", 1977.
3. Маркушевич, А. И. Комплексные числа и конформные отображения – Москва: Государственное издательство технико-теоретической литературы, 1954. – 52 с.
4. Понарин, Я. П. Алгебра комплексных чисел в геометрических задачах: Книга для учащихся математических классов школ, учителей и студентов педагогических вузов – Москва: МЦНМО, 2004. – 160 с.
5. Яглом, И. М. Комплексные числа и их применение в геометрии – Москва: Физматгиз, 1963. – 192 с.

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШТА ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Темирболатова Гауһар Бастауышта,

оқыту педагогикасы және әдістемесі БББ 4-курс студенті

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

Орал қ.

Аннотация: Мақалада бастауышта фонетиканы оқытуда кездесетін мәселелер ғылыми тұрғыдан талданады. Дыбыстарды оқытудың жолдары көрсетіліп, тапсырмалар беріледі. Тіл дыбыстарын үйретудің маңызы баяндалады. Бастауыш оқу бағдарламасында берілген фонетикалық білім сипатталады.

Кілт сөздер: фонетика, бастауыш мектеп, дыбыстық талдау, сауатты жазу, тіл дыбыстары.

Фонетика – тіл білімінің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол кез келген дыбыстардың барлығын тексермейді, тек тіл дыбыстарын ғана тексереді. Өмірде кездесетін дыбыстар көп. Жел соқса да, дыбыс шығады, бормен тақтаға жазсақ та, дыбыс шығады. Бұлар бір зат пен екінші заттың соқтығысуынан болып жатқан физикалық дыбыстар. Ал фонетиканың зерттейтіні – тіл дыбыстары, сөйлеу дыбыстары. Мектеп оқушылары бастауыш сыныптарда фонетиканы оқу арқылы әдеби тіліміздің дыбыстық жүйесінің білумен қатар, көптеген дағдыларды игереді. Бастауыш сыныпта тіл дыбыстарының құрамы, олардың жіктелуі жөнінен ең алғашқы мағлұмат алады. Тілдің дыбыстық жүйесінен алғашқы мағлұмат алуымен қатар, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу нормаларына жаттығып, ол заңдылықтарды күнделікті пайдалануға дағдыланады, тілдің дыбыстық жүйесін саналы түрде меңгереді.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін өткенде дыбыстардың пайда болу жолдары, дыбыстау мүшелері, олардың сөйлеу кезіндегі қызметті меңгеріледі. Дыбыс деген ұғымға назар аударылып, оның айтылу, естілу жағдайына бақылау жасалынады. Сондай-ақ, сөздегі әр дыбыстың саны мен мәні әр түрлі болса, сөздің мағынасы да өзгеше болатыны туралы мәлімет беріледі. Мысалы, ал-әл, сан-сән, құндыз-күндіз, т.б. Осылайша сөздің басында, ортасында, аяғында дыбыстардың өзгеріске түскенін байқаған оқушы сөз мағынасын түсінуге тырысады. Фонетиканы оқытудағы басты мақсат – тек дыбыстарды меңгерту ғана емес, тыңдаушыны түсінікті сөйлеуге, яғни айтар ойын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Фонетиканы оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық күзiреттiлiктерiн дамытуға, ең алдымен, олардың тiлдiк қатынасқа негiз болатын ойлау қабiлеттерiн дамытуға жағдай жасау қажет. Себебi, адам ойын бiреуге жеткiзу үшiн сөйлем құрастыра бiлуi керек. Сөйлем дыбыстардан құралған сөзден және сөз тiркестерiнен тұратыны дәлелдеудi қажет етпейдi. Ойлау қабiлетi күштi дамыған адамның сөйлеу қабiлетi де ерекше болады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен, яғни фонетикадан бағдарлама бойынша берілетін білім мазмұнына тоқталып өтейік. 2-сыныпта 1-сыныпта өткен материалдарды қайталау; «У» дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатыны, кейде жуан, кейде жіңішке болып келуі; «У»

әрпінің емлесі, дауыссыз дыбыстан кейін келген «У» - дың алдында ү, ұ дыбытары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына «У» - дың өзі ғана жазылуы; дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; «И»-дің дауысты дыбыс екені бірде жуан бірде жіңішке болатыны; «Й»-ді дауыссыз «й» дыбысымен салыстыру; И, й әріптерінің емлесі; Я әрпінің жазылуы; Ю әрпінің жазылуы; Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары. Б және п әріптерінің емлесі; Қ-г, к-г дыбыстары. Қ-г, к-г әріптерінің емлесі; Л, р дыбыстары. Л, р дыбыстарының үнді дауыссыз екені; Л, р әріптерінің емлесі; Ң дыбысы. Ң, н дыбыстарының үнді дауыссыздар екені мәселелері қамтылған.

3-сыныпта 2 – сыныпта өтілген материалдарды қайталау: и, у дыбыстары; я, ю әріптері; дауыссыз дыбыстардың түрлері, емлесі; Э, ф, в, ц дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері, салыстыру; Ч, щ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері; Х, һ дыбыстары мен әріптері, олардың айтылу ерекшеліктері; Х, һ қатысты сөздердің емлесі берілген. 4-сыныпта дыбысқа байланысты берілген білімді жинақтап, бекіту: дыбыстың түрлері, алфавит, буын, тасымал; Буын үндестігі туралы ұғым қалыптастыру: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкегіне қарай үндесіп жазылуы; Дыбыс үндестігі туралы түсінік (Түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымғаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі. Дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі) қарастырылған [1].

Дыбыс пен әріп бір нәрсе емес, дыбыс айтылады, естіледі, ал әріп – сол дыбыстың жазудағы шартты белгісі, таңбасы, сондықтан әріп көзге көрінеді, бірақ құлаққа естілмейді. Әріп пен дыбысты шатастырмау керек. Әріп дыбыссыз белгі ретінде де қолданылады, ь, ы дыбысты таңбалауы да мүмкін а, ә, б, т, д, бір әріппен екі дыбыс та таңбаланады, я – й + а, ю – й + у, дыбыс пен әріптің айырмасы оқушыларға осылайша ажыратып ұғындырылады. Қазақ тілінде у дыбысы қосарлы дыбысты таңбалайды (ұу, уу, уу, іу). Қазақ тілі оқулығында у дыбысын әрі дауысты, әрі дауыссыз орнына жүреді. Мысалы: тау, бау (у-дауыссыз), себебі дауыстыдан кейін, ал қосу, бөлу, оқу (у-дауысты), себебі дауыссыздан кейін келіп тұр. Бірақ бұлай оқыту арқылы дыбыстық талдауды қате үйретеміз, өйткені бұл жерде әріптік талдау жасалып тұр. Ғылыми тұжырымға сүйенсек, фонетика тіл дыбыстарын зерттейді, сондықтан сөздерге дыбыстық талдау жасалады. Мысалы, қосу деген сөзде 4 әріп, 5 дыбыс бар. Қосу дегенде у дыбысы дауыстыдан кейін келіп дауыссыз болады. Бастауыш сынып оқушыларына осылай түсіндіруіміз керек, алайда бастауыш сынып мұғалімдері ережені жалаң түсіндіріп, оны дыбыстық талдау жүргізу арқылы түсіндіруге талпынбайды. Осы сияқты қиындықтар фонетиканы оқытуда қиындық тудырып жатады. Ерін үндестігіне талдау да екіұшты жүргізіледі.

Тіл дыбыстары туралы жалпы ұғым бергенде дыбыстарды жасайтын сөйлеу мүшелері жөнінде де түсінік берілуге тиіс. Сөйлеу мүшелеріне тіл, ерін, тіс, таңдай, мұрын қуысы, ауыз қуысы, көмей, өкпе жататынын айтып, бұлардың оқулықтағы суреті көрсетіледі. Оның үстіне күні бұрын әзірленген сөйлеу мүшелерін көрсететін сурет көрнекі жерге ілініп, оған түсінік берілуге тиіс. Әсіресе, көмейдің құрылысына көңіл бөле айту керек. Тіл дыбыстары дауыс пен салдардың қатысуынан болатыны нақты мысалдармен дәлелденеді: дауысты дыбыстар дауыстан жасалса, дауыссыз дыбыстар дауыс пен салдырдың қатысуынан жасалатыны түсіндіріледі.

Фонетиканы оқу арқылы оқушы әдеби тіліміздің дыбыстық жүйесін білумен қатар, көптеген дағдыларды игереді. Фонетиканы оқып біткеннен кейін оқушылар мынадай дағдыларды игерулері тиіс:

- тіл дыбыстарының тілдің негізгі құрылысы материалы екенін;
- дыбыстың акустикалық, артикуляциялық ерекшеліктерін түсіне алуы;
- дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстардың негізгі белгілерін, құрамын;
- сөздің айтылуындағы және жазылудағы буындық ерекшелігін ажырата алуы;
- кейбір сөздердің айтылуы және жазылуындағы ұқсастықтары мен өзгешеліктерін ажыратып, өз ойын дәлелдеуге шама-шарқы жететіндей болуы;
- буын мен тасымалдың ара қатынасын білуі және оны жазу барысында ескере алуы;
- әліпби тәртібін дұрыс меңгеру арқылы түрлі сөздіктер мен анықтағыштарды пайдалану мүмкіндігінің болуы [1].

Адамның сөйлеу мәдениеті жазбаша сауаттылықтан көрінеді. Ал сауаттылық білім, білік, дағдыларды игерумен тікелей байланысты болғандықтан, қазақ тілі сабағында оқушылардың орфографиялық дағдысын дамытудың өзіндік маңызы бар. Бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдысын дамыту үшін фонетиканы оқытудағы қиындықтармен, оқытудың тиімді жолдарын анықтап алу қажет. Фонетиканы тиімді оқыту үшін, фонетикалық жаттығу жұмыстарын түрлендіріп, дыбыстық талдаудың түрлерін жиі жүргізуіміз керек деп есептейміз. Мәселен, сөз құрамына дыбыстық-әріптік және морфемдік талдау жасау, орфографиялық ережені шығару, сұрақтарға жауап беру, шығарма жазу сияқты және т.б. жазылым жұмыстарын жатқызуға болады. Сондай-ақ, орфография бойынша теориялық материалды игеру кезінде жалпылама ереже шығару әдісінің маңызы үлкен, бұл кезде оқушылар берілген мысалдар, схемалар, кластер т.б. арқылы ережені өзі шығарып, орфографияны жүйе ретінде түсінуіне мүмкіндік жасалады. Орфографиялық ережені игеру кезінде жұмыстың білім алушылардың өздері жалпылама ереже шығаруы, ережеге қоса, оны қолдану тәсілдерінің алгоритмін беруі, қолдану тәсілін практикалық түрде орындауы, жаңа ережені нақты айтылым жағдайында, яғни жаңа

үйренген орфограмманы бұрын білетін орфограммалармен бірге қолдануы сияқты түрлерін орындатқан дұрыс.

Бастауыш сыныпта фонетиканы тиімді оқыту тапсырмаларына келетін болсақ:

1-тапсырма.

1. Мәтінді көшіріп жазып, дауыссыз у дыбысының дыбысталуын түсіндір.

Бұйымдарды кестемен әшекейлеу – халық қолөнерінің бір түрі. Әрбір халық өз ұлттық ою-өрнектерін тіккен кестелерінде пайдаланылады.

Қазақ халқының кесте тігу өнері алуан түрлі. Солардың бірі – кестемен камзол, белдемше, тақияларды безендіру. Мұндай өнерге қыздарды кішкентай кезінен бастап үйретеді.

2-тапсырма.

Кестені тиісті сөздермен толықтыр.

Жалаң у дыбыс естілетін сөздер: ..., ..., ..., ..., ..., ...,

Қосарлы дыбыспен естілетін у дыбысына: ..., ..., ..., ..., ..., ...,

3-тапсырма.

«Анаграмма» әдісі арқылы сөздердің қатесін тауып, түзетіп жаз.

Тақыйя, кийім, әшекей, көилек, жеиде, сақыйна.

4-тапсырма.

«Сөздерді тап» әдісі арқылы берілген әріптер қатарында жасырынған сөздерді тауып оқы.

1. ЛАШАЯНМСҚРҰ

2. ТҰЯҚПАЛЖСЯЗ

3. ДРОМАЯЛДАМА

4. ББЛҚИЯУСКУН

5-тапсырма.

Сөздерді айтылуы мен жазылуы бойынша бір – бірімен сәйкестендір.

Қараала үнгір

Үңгүр қара ала

Жасса көнбеді

Көмбеді жазса

Келемекен көк гүл

Көк күл келе ме екен

Қорыта келе, бастауыш сыныпта оқушылар тіл дыбыстарының құрамы, олардың жіктелуі жөнінен ең алғашқы мағлұмат алады. Тілдің дыбыстық жүйесінен алғашқы мағлұмат алумен қатар, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу нормаларына жаттығып, ол заңдылықтарды күнделікті өмірде пайдалануға дағдыланды, тілдің дыбыстық жүйесін саналы түрде меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі. Бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2017.

ӘОЖ 372.881.1

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

*Тиникулова Жанар Нурлыбековна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
АҚБББ «ІТ мектеп-лицей» КММ,
Ақтау қ.*

Аннотация: қазіргі таңда тілдік пәндерді оқытуда түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдер көптеп қолданылады. Педагогикалық әдістер мен тәсілдердің барлығы да білім алушылардың белгілі бір деңгейдегі пәндік дағдыларын дамытуға бағытталады. Сабақтың өту бағыты мұғалімнің пәнді терең меңгергені мен практиканы соған орай ұштастыра білгеніне тікелей байланысты болады. Білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім көп ізденеді. Кейбір тәсілдер сабақтың тақырыбын оқушыға жеткізуде жарамсыз болуы әбден мүмкін.

Кілт сөздер: білім алушы, әдіс-тәсілдер, пәндік дағдылар, инновациялық технологиялар, қазақ тілі, қосымшалар, т.б.

Заман дамуымен қатар тілдік пәндерді оқытудың да түрлі әдіс-тәсілдері жасалары анық. Білім алушылар үшін емін-еркін тіл үйренуге, тілді дамытуға жағдайлар жасалып келеді. Мектеп оқушылары үшін тек тілдік емле-ережелер ғана емес, баланың сыни ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Бала пәнді оқу барысында өмірге қажетті тәжірибе жинауы қажет. Тапсырмаларды да осы мақсатта берген жөн. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда түрлі әдіс-тәсілдер қолданыста бар. Жаңартылған

білім мазмұнының қатар келуімен сан түрлі әдістерді мұғалімдер қауымы жылдам меңгеріп алды. Солардың ішінде оқушыларға ерекше пайда тигізгендері өміршең әдістерге айнала алды. Бұрын білім алушының пәнге қызығушылығы басты назарға қойылып, ойын технологиясы маңызды деп саналса, елімізде соңғы жылдарда болған қашықтан оқу тәжірибесі кезінде мұғалімдер онлайн сабақ беруді де меңгерді. Онлайн сабақтарды бірізді қылып өткізбес үшін, арнайы онлайн тапсырмалар жасау арқылы тілдік пәндерді өтімді ете түсті. Қашықтан сабақ өту барысында уақыт шектеулі болады, сол үшін мұғалім жылдам әрі тез уақытта ақпараттарды беріп үлгеруі тиіс. Ол үшін қайталау сабақтарында жиі қолданылатын қосымшалар сұранысқа ие болды.

Мағжан Жұмабаев: «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» дейді. Ұстаздық ету өлмейтін, дәуірмен дәуірді жалғайтын қасиетті мамандық десек те, білікті ұстаздың заманның кез келген өзгерістеріне тез бейімделе алуы маңызды қажеттілік деп санаймын. Өзгеріске бейім болу дегеніміз – жеке ұстаным мен көзқарастың жиі өзгеріске ұшырап отыруы деген сөз емес. Ұстаз өзінің кәсіби-тұлғалық позициясы мен міндеттерін айқындап алуы қажет. Менің де ұстаздық міндетім – еліміздің болашағы жолында адал қызмет ете жүріп, ұрпақтар тәрбиесі мен біліміне өз үлесімді қосу. «Адам баласы ұстаз болып тумайды, қалыптасады» деген пікір орынды. Сол үшін әрбір ұстаз жаңашылдыққа бейім бола отырып, жаңғыру жолындағы дәстүрлі білім беру жолынан да қол үзіп кетпеуі керек. Өткеннен сабақ ала отырып, бүгінгіміз бен болашағымызды сараптай аламыз.

Педагогикалық салаларды соңғы уақытта бала бойындағы *soft* және *hard skills*-терді дамыту туралы көптеген зерттеулер жасалып жүр. Бірақ біз соңғысы туралы сөз ететін боламын, яғни қатаң дағдылар жөнінде. Бұл дегеніміз – оқушының пәннің өз ерекшелігі бойынша игеріп шығуы, сол пәнге икемділігін арттыру деген сөз. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының рухани өсуіне арналған тақырыптар көптеп кездескенімен, жаңартылған білім жүйесінің іске қосылуымен байланысты пәндік икемділікті меңгермеген оқушылар шыға бастады. Оның көріністері ретінде – сөздерді дұрыс жаза алмау, кейбір әріптерді ажырата алмау, қазақ тіліне қатысты емелер жүйесін қиынсынатын жағдайлар кездесіп жатады. Міне, осындай оқиғаларға байланысты пәндік дағдыларды дамыту үшін түрлі педагогикалық әдістерді тиімді қолдану арқылы нәтижелі жұмыстарды көруге болады.

Педагогика ғылымы уақыт өзгерісіне байланысты икемделіп, бағыттталып, өзгеріп отыратын ғылымдардың бірі. Мысалы, Мағжан Жұмабаев осы ғылым туралы өзінің «Педагогика» еңбегінде балаға білім мен тәрбие бергендегі ең ұтымды әдіс ол – мұғалімнің өз тәжірибесі дейді. Содан кейін ғана жалпы ұлттың тәжірибесін балаға қолдану қажет деп есептейді [1, 14]. Жалт-жұлт еткен түрлі жаңа инновациялық тәсілдер мен технологиялар уақыт талабына сай шығып отыруы мүмкін, бірақ мұғалім өз тәжірибесіндегі түрлі педагогикалық қорды оқушылар үшін оңды қолдана білуі қажет.

Білім алушы бойындағы *hard skills*-ті дамытуға бағытталған бірнеше технологияларға тоқталсақ. Мысалы, соңғы уақыттарда мұғалімдер арасында кең қолданысқа ие болып жүрген *Lumio* қосымшасы осы мақсат үшін көп септігін тигізеді. Презентациялық бағыттағы жұмыстар үшін де, куиз, викторина тапсырмалары үшін де тапсырмалар инновациялық құрал болып саналады. Өз тәжірибемізде білім алушылар үшін қолданып көрдік. Бір артықшылығы – ақпараттарды эксел форматындағы үлгіде толық жүктеп алуға мүмкіндік сыйлайды. Әсіресе, қорытынды сабақтарды өтімді ететін тұстары мол. Сабақты қорытындылап жіберуге таптырмас құрал деуге болады. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда бұл қосымшаның таптырмас аса қажетті қосымша екенін ескерген жөн. Себебі бұл қосымшада тек тесттер, куиздер ғана емес, презентациялық жұмыстар базасын да қосымша профиліне сақтап, кез келген уақытта балаларға бөлісе отырып, қолдана беруге болады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында шығарма сюжеті толық ашылып, оқылып болған соң, оқушыларға *Pixton* инновациялық қосымшасы арқылы тапсырмалар беруге болады. Комиксты қолмен салатын оқушылар болса құба-құп, десе де оған барлығының мүмкіндігі бола бермесі анық. Сол үшін жасанды интеллект көмегіне жүгінуге болады. Жасанды интеллект арқылы өзімізге қажетті суреттің нобайын жасап алған соң, оны жоғарыда аталған бағдарламаға салу арқылы кең көлемді электронды комикс қосымшасы алдымызда пайда болады. Мұндай қосымшаларды пайдалану – замануи мүмкіндіктерді толық ашуға жағдай жасаса, екіншіден уақыт талабына сай болуға шақырары анық. Әрі қарбалас кезеңдегі уақыттан ұту, уақытты тиімді пайдалану сияқты жағдайлар жасайды.

Қазақ тілі сабақтарында емле басты назарда болу шарт. Бұл дегеніміз – оқушылардың сауаттылық деңгейін арттыруға жұмыстану деген сөз. Қазіргі кезеңдегі балалар емле-ережені сағаттап жаттап отырмасы анық, десе де олар игерген ақпараттарды қайталау арқылы естерінде сақтауға жұмыстануға болады. Сол мүмкіндікті бізге «*Тарсия*» қосымшасы береді. Бұл қосымша арқылы түрлі фигуралар жасап шығаруға болады. Басты міндет фигура жасап шығару емес, сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы өтілгенді еске түсіру, санада жаңғырту болып табылады. Бала бұл тапсырманы бергенде оқығанды еске түсіреді және жылдам ойлануға дағдыланады. Топтық тапсырмалар ретінде беретін болсақ, жақсы нәтижелерге жетуге болады.

Қай пәнде болса да, зерттеуге арналған тақырыптар болады. Соларды зерттеп болғаннан кейін, көпшілікке, сынып ішінде ұсыну үшін әдетте, түрлі бағдарламаларды қолданып жатамыз. Соның ішінде *Gamma app* қосымшасы ерекше көзге түседі. Мұның да басты артықшылығы презентацияның дизайнына қосымша уақыт арнап отырмай-ақ дайын тұрған шаблондармен жұмыс жасай беруге болады, тек қана

керекті зерттеулерді өзіңіз салып отырсаңыз болғаны. Соңғы уақытта жиі қолданыста жүрген канва бағдарламасынан артықшылығы – белгілі бір тақырыптағы презентацияларды өзі жасап беретіндігі.

Белгілі бір пәнді игеруде білім алушылар өз уақыттары мен қажыр-қайраттарын жұмсайды. Біз жоғарыда көрсеткен инновациялық жаңа технологиялар hard skills-ті дамыту үшін мүмкіндіктер береді. Пәнді толық меңгеріп шыққан білім алушылар бойында сол пәнге деген қызығушылықтар артуы ғажап емес.

Елімізде бірнеше жыл қашықтан білім беру кезінде білім алушыларға ұтымды тәсілдер арқылы білім берудің жолдары қолданылды. Бұрын үнемі білім ордаларында тікелей дәріс тыңдап, білім алып жүргендер уақыт пен қоғамның өзгерісіне байланысты үйден шықпай-ақ білім алудың еш кемшілігі жоқ екенін ұқты. Демек, білім беру де – икемді процесс. Уақыт талабына сай өзгеріп отыруы қажет. Тілдік пәндерді оқытуда инновациялық тәсілдер өз артықшылығын көрсетті. Білім алушылармен қатар, білімді берушілер де, соның ішінде оқытушы құрам білімді түрлі жолдармен беруге икемді болуы керек екенін аңғартты.

Қазіргі заман талабына сай педагогикалық әдіс-тәсілдер де өзгеріп, құбылып отырады. Десе де, негізгі мақсат – білім алушыларға толық білім беру болып қала бермек. Ол қағида білім саласындағы басты мақсат болып қала бермек. Қорытындылай келе, жоғарыда аталған барлық инновациялық әдістер, технологиялар және педагогикалық стратегиялар оқушылардың тиімді оқу мен дамуына ықпал етері анық.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Мазмұндама баспасы», 2023. – 173 бет.

УДК 373. 2.

ПРИМЕНЕНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ОРГАНИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В КЛАССЕ ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

*Титаренко Людмила Григорьевна,
педагог-мастер,
воспитатель предшкольного класса,
КГУ ОШ№3,
г.Ақсай*

Аннотация: *Представлены активные методы обучения через игру, используемые в образовательном процессе в предшкольном классе. Активные методы обучения — система методов, обеспечивающих активность и разнообразие мыслительной и практической деятельности учащихся в процессе усвоения учебного материала. К активному методу относится игровая деятельность. Именно игра является ведущим видом деятельности в дошкольном возрасте и способом познания окружающего мира.*

Ключевые слова: *активные методы обучения, организованная деятельность, игра, обучающая среда, задачи, активные участники.*

Известна древняя китайская поговорка: «Скажи мне, и я забуду. Покажи мне, и я запомню. Позволь мне сделать, и это станет моим навсегда». Народная мудрость весьма ёмко отражает смысл обучения, основанного на практическом освоении полученных знаний. Активные методы обучения — система методов, обеспечивающих активность и разнообразие мыслительной и практической деятельности учащихся в процессе усвоения учебного материала. Одним из важных средств реализации задач в подготовке детей к школе является применение активных методов обучения. Активный метод – это форма взаимодействия воспитанников и педагога, при которой воспитатель и дошкольники взаимодействуют друг с другом в ходе организованной деятельности и воспитанники здесь не пассивные слушатели, а активные участники организованной деятельности. К активному методу относится игровая деятельность. Именно игра является ведущим видом деятельности в дошкольном возрасте и способом познания окружающего мира.

Современные дети, также, как и мы в детстве, хотят играть. Если игра желанна для ребёнка, то нужно использовать эту форму деятельности для обучения.

Какие игры и как? Практика моего преподавания показала, что игровые формы обучения нужно применять в разных видах организованной деятельности. Игра – это естественная форма обучения для ребёнка, тем более у дошкольника она является основной формой обучения. Для этого я использую в своей работе различные виды игр в организованной деятельности: дидактические; настольные; сюжетно-ролевые; предметные; театрализованные; подвижные; творческие. Для каждой организованной деятельности я использую разные игры, позволяющие эффективно решать конкретную задачу и выполнять

содержание Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения, а конкретно задачи дошкольного класса в школе.

Хочу поделиться, какие игры я применяю в своей работе со старшими дошкольниками в классе дошкольной подготовки.

В организованной деятельности по основам математики я применяю большое количество дидактических игр. Расскажу Вам об основных, которые должны быть у каждого педагога в нулевом классе. Так как мы начинаем знакомить детей с цифрами, закреплять прямой и обратный счёт, учить детей называть «соседей чисел», предыдущее и последующее число, то для этого нужно иметь цифры от 0 до 10 в разных вариантах. У меня их три варианта: осенний, зимний и игра «Собери гусеницу». Как я организую данную игру? Часть детей получает карточки с цифрами и у доски выстраиваются в прямом порядке – от 1 до 10 или от 0 до 10. Те дети, что сидят за партами, в это время активно работают – называют педагогу число, следующее за той или иной цифрой, называют «соседей» числа, названного педагогом. Затем те дети, что были у доски, отдают свои карточки с цифрами тем, кто сидел за партой и с ними проводится игра аналогично первой группе. Можно сначала первую группу детей попросить построиться в прямом порядке, а затем в обратном. Затем попросить выполнить это задание вторую группу детей. Для закрепления прямого и обратного счёта использую в работе карточки на каждого ребёнка с цифрами и прошу детей на парте выложить числовой ряд от 0 до 10 и от 10 до 0. Для закрепления счёта с детьми – прямого и обратного с любого заданного числа, использую карточки и провожу игру «Посчитай с заданного числа».

С помощью игры «Божья коровка» закрепляю умение у детей отсчитывать данное количество точек на божьей коровке и соотносить их количество с цифрой на листочке. Аналогично проводится игра «Капли и зонтик» - нужно посчитать количество капель и соединить с нужной цифрой на зонтике.

Для закрепления знаний детей по теме: «Соседи чисел» провожу игру «Подбери соседей цветочку». Задача детей правильно выложить на карточке соседей чисел. Попутно в этой игре закрепляю и цвета цветочков, и ориентировку в пространстве: слева, справа.

При изучении темы: «Геометрические фигуры», прошу детей выложить из счетных палочек, шнуров разные геометрические фигуры, что дети с удовольствием выполняют, и назвать фигуры, которые они выложили. В игре «Форма предметов» дети учатся сопоставлять форму предметов с геометрическими фигурами и называть предметы, сходные с ними. После изучения темы: «Геометрические тела» провожу игру «Чудесный мешочек». В мешочек кладу предметы разной формы. Дети на ощупь достают из мешочка предмет и говорят – какое геометрическое тело данный предмет напоминает: шар, куб, цилиндр, параллелепипед или конус. С помощью игры закрепляются знания детей о геометрических телах.

При знакомстве детей с составом чисел, применяю различные таблицы на состав числа. С их помощью, я объясняю детям, как образуется то или иное число в разных вариантах. Затем вызываю детей к доске и прошу озвучить один из вариантов образования того или иного числа. На усвоение темы: «Состав чисел» провожу с детьми игру «Домино» - раздаю каждому ребёнку по одной карточке домино, на каждой половине которой нарисованы точки, по одному дети выходят к доске, говорят, сколько у них всего точек на домино, карточку вешают под цифрой, соответствующей количеству точек на карточке и объясняют, как образовано это число у них на карточке.

Для закрепления с детьми состава чисел организую с детьми игру «Числовые домики». Игра предназначена для изучения цифр, количественного и порядкового значения чисел и для начала знакомства с составом числа в пределах 10. Это способствует пониманию детьми того, как число может быть образовано из других чисел. Также с помощью данной игры ребёнок научится составлять и решать простые примеры на сложение и вычитание. Объясняю детям: «Перед вами домики. На каждом этаже только одна цифра. Цифра на крыше обозначает количество жильцов на каждом этаже. Ваша задача, ребята, подобрать и поставить цифру на второе окошко домика». Дети выполняют задание, потом идёт работа в парах – прошу детей проверить выполнение этого задания у своего соседа по парте.

Когда дети хорошо усвоят состав чисел, перехожу к обучению детей решению примеров. Сначала учу решать примеры на сложение, позже на вычитание, учу детей читать математическое выражение с доски с математическими знаками. Для этого провожу дидактическую игру «Думай и решай». Каждому ребёнку даётся карточка с примером: на начальном этапе с картинками, позже – без картинок пример. Ребенок выходит к доске, читает математическое выражение, произносит ответ и вешает картинку с примером или просто пример к цифре, обозначающей ответ. У меня много вариантов игр с решением примеров, детям они очень нравятся и в игре они легче усваивают сложный материал. Приведу лишь часть игр, которые помогают детям в усвоении данной задачи: «Угости обезьянку бананом», «Помоги разложить яйца по гнездам куриц», «Помоги сказочным героям».

Для развития логики у детей провожу такие игры, как «Колумбово яйцо», «Танграм», «Четвёртый лишний» и «Ребусы». Детям очень нравятся эти игры. Считаю, что развитие логики у детей развивает и память, и внимание, и логическое мышление детей.

В организованной деятельности по основам грамоты при ознакомлении со звуками знакомя детей с гномами АУ, ТОМ и ТИМ, которые являются прообразами гласных, твёрдых и мягких согласных звуков. Объясняю детям, что каждый гном живёт в доме определенного цвета, носит одежду соответствующего цвета и держит фишку определенного цвета. Для закрепления знаний детей о звуках и различия их на

слух, использую фишки разного цвета: красного, синего и зелёного цвета. С помощью фишек провожу игру «Сигнальщик» - произношу разные звуки, а дети, если слышат гласный звук – поднимают красную фишку; если слышат твёрдый согласный звук – поднимают синюю фишку; а если слышат мягкий согласный звук – поднимают зелёную фишку. Через время эту игру усложняю, провожу её только с двумя фишками – синей и зелёной: называю детям слоги, они поднимают синюю фишку, если слышат твёрдый согласный звук в слоге и зелёную, если слышат мягкий согласный звук в слоге.

При решении задачи – научить детей слышать в слове первый звук и давать ему характеристику: какой это звук – гласный, твёрдый согласный или мягкий согласный звук, играю с детьми в игру «Звуковые домики». Ребята берут любую картинку на столе, произносят, что нарисовано на картинке, выделяя первый звук в слове, и определяют – какой в слове первый звук. Если слово начинается с гласного звука, то вешают картинку под красный домик; если начинается слово с твёрдого согласного звука, то вешают под синий домик, а если с мягкого согласного звука, то под зелёный домик.

Помочь детям овладеть навыками – слышать названный звук в слове и определять его место в слове помогают карточки к словесной игре «Определи место звука в слове». Когда мы с детьми изучаем звуки, раздаю детям карточки и прошу детей поднять вверх только одну из трех фишек: если слышим изучаемый звук в начале слова, то поднять карточку, где выделен первый звук; если слышим изучаемый звук в середине слова, то поднять карточку, где выделен второй звук; если слышим изучаемый звук в конце слова, то поднять карточку, где выделен третий звук. Игра показывает, кто умеет определять место звука в слове, а кто – нет, с кем педагогу нужно будет поработать из детей по этой теме. Игры «Сигнальщик», «Звуковые домики» и «Определи место звука в слове» помогают хорошо подготовить детей к следующей теме: «Звуковой анализ слов» и дети, усвоившие хорошо эту тему, в дальнейшем легко справляются со звуковым анализом слов.

При изучении темы: «Деление слов на слоги» по основам грамоты, применяю дидактическую игру «Слоговые корзинки», которая помогает детям освоить эту тему и очень нравится детям тем, что каждый из них выбирает любую картинку на столе педагога, делит слово на слоги и вешает картинку под одну из трёх корзинок: с одним слогом – под красную, с двумя – под синюю и с тремя – под зелёную корзинку.

Карточки к словесной игре «Подбери звуковую схему к слову» помогают детям в решении задачи – научить подбирать к названному слову соответствующую звуковую схему. Так как в дошкольном классе обучаются дети 5-6 лет, то перед нами, педагогами, стоит задача – учить детей выполнять звуковой анализ трёх-четырёхзвучных слов, поэтому и подбирать звуковую схему мы учим своих воспитанников к трём-четырёхзвучным словам.

Далее знакомлю детей с обозначением слова и схемой предложения, учу детей «читать» схему, придумывать к ней предложения. С помощью картинок-схем с детьми, знакомлю детей с разными по цели высказывания предложениями: повествовательными, вопросительными и восклицательными, учу придумывать предложения к каждой схеме. Многие дети эту информацию быстро усваивают, и, выходя к доске, с лёгкостью придумывают предложение, говорят, какое это предложение по цели высказывания и показывают схему к предложению, находя её среди множества схем. Закрепить знания детей и научить детей различать на слух предложения по цели высказывания, помогает дидактическая игра «Послушай и определи, какое предложение по цели высказывания». Дети слушают предложение, произносимое педагогом, и поднимают соответствующую карточку со знаком (!. ?)

В организованной деятельности по развитию речи использую серии картин и схемы, дидактические игры, которые помогают детям составить рассказ о времени года, о семье, о домашних и диких животных, о насекомых, о птицах, посуде, игрушке, об одежде, мебели в доме, о транспорте, о том, как хлеб пришел к нам на стол, и т.п. Научить детей правильно согласовывать слова с притяжательными местоимениями помогает игра, которая так и называется «Мой, моя, моё, мои». Дети смотрят на картинку и выбирают, к какому предмету подходит слово «мой», «моя», «моё», «мои». Уточнить знания детей о последовательности протекания действия в природе, помогает игра «Что сначала, что потом?» И, конечно, помогает развивать связную речь детей.

В организованной деятельности по ознакомлению с окружающим миром провожу с детьми тоже много различных игр. Приведу малую часть. Игра «Мир природы – Рукотворный мир» учит детей классифицировать предметы на созданные природой и на предметы, созданные человеком. Игра «Живая – неживая природа» помогает закрепить знания детей об объектах живой и неживой природы. Игра «Кто где живёт?» углубит и расширит знания детей о различных видах животных и их жилищах, учит соотносить изображения животных с их средой обитания. Игра «Кто что ест?» поможет закрепить знания детей о том, кто из животных, чем питается. Игра «Съедобное – несъедобное» поможет детям запомнить, как выглядят в природе съедобные грибы и ягоды, и как выглядят несъедобные грибы и ягоды. Игра «Кому, что нужно по профессии?» помогает детям запомнить предметы нужные в каждой профессии. Игра «Виды транспорта» учит классифицировать транспорт на водный, воздушный, наземный.

И еще хочу поделиться с игрой, которую можно применять практически на любой организованной деятельности. Игра называется «Верно-неверно» Каждый ребёнок получает лист с двумя ладошками. Педагог зачитывает утверждение, а дети, если согласны с этим утверждением, должны положить левую руку на синюю ладошку. А если не согласны, то должны положить правую руку на красную ладошку. Эта игра-рефлексия помогает педагогу увидеть, кто из детей усвоил информацию, а кто – нет.

С уверенностью могу утверждать, что активные методы обучения дают педагогу возможность разнообразить обучающий процесс, сделать его интересным, увлекательным, творческим; позволяют вовлечь в процесс обучения все органы чувств; осуществляют деятельностный подход к обучению в среде, естественной для ребёнка.

Список используемой литературы:

1. Горшкова, О.В. Активные методы обучения: формы и цели применения// Концепт: научно-методический электронный журнал. – 2017 г.- с.1-6
2. Чет, В.В. Активные методы обучения в педагогическом образовании: учебно-методическое пособие. – Минск, 2015 г. – 128 с.
3. Малова, Р.Е. Применение активных методов обучения в общеобразовательной школе// Школьная педагогика – 2023 г.- №1 – с.2-5

ӨОЖ 788.43

ЗАМАНАУИ БАЯН АСПАБЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АСПАП РЕТІНДЕ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

*Тілеулиева Ақтолқын Октябрьқызы,
оқытушысы,
Қазанған атындағы Қызылорда музыкалық
жоғары колледжі,
Қызылорда қ.*

Анотация: Бұл мақалада заманауи баян аспабының мүмкіншіліктері, көркемдік сапасы, мәнерлеп ойнау мүмкіндіктері жөнінде сөз етіледі

Summary: This article talks about the possibilities, artistic quality, and expressive playing possibilities of the accordion instrument.

Баян – гармониканың жетелдірілген және кең таралған, көлемді дыбыстық диапазоны бар, сүйемелдеуді қажет етпейтін аспап. Аспап тілшікті түймелі, ауаның қысым күшімен дыбыс шығады, корпусы екі: оң, сол бөліктен тұрады және көрікпен байланысқан. Үш қатарлы оң бөлігі бар аспап кең тараған, сонымен қатар қазіргі таңда төрт, бес қатарлы аспаптар бар. Бұл қосымша қатарлар аспапта ойнау ыңғайлылығы үшін жасалғандықтан аспаптың диапазонын ұлғайтпайды. Сол қолда бес, алты қатарлы түймелер орналасқан. Мұндағы қосымша қатарлар орындаушыға аса қиындықсыз шығармаларды басқа тональдікте ойнауға мүмкіндік береді. Аспаптың дыбыс шығуының негізі болып металдық тілшіктердің тербелуі болып саналады. Дыбыстың қатты шығуы металдық тілшіктердің тербелуінің қаттылығына байланысты.

Аспаптың жетілуінің арқасында көркемдік талаптарға сай аспап болды, жоғары білімді кәсіби сырнайшылармен қатар аспапта ойнау әдістемесі пайда болды.

Бұл аспаптың диапазоны алты октавадан асады. Баян – негізгі виртуозды аспап саналады. Сырнайлардың құнды артикуляциялық және динамикалық ресурстары терең *legatissimo* және жіңішке *pianissimo*-дан құрғақ және қысқа *staccato* мен *fortissimo*-ға дейін созылады. Сырнайлар үрмелі топтың бірлігін маңызды деңгейде қамтамасыз ететін жалпылама элемент негізі болып табылады.

Баянның оркестр құрамындағы тағы бір негізгі рөлі – қолдау және сүйемелдеу, яғни, дәнекерлеушілік қызмет. Бұған қоса баянның оркестр құрамына қосылуы, өз кезегінде партитураның жалпы дыбысталуына ірі көлемділік пен тереңдік береді.

Баян дыбысы объективті түрде музыкалық-шығармашылық тәжірибенің талаптарын қанағаттандырады және түрлі музыкалық аспаптар дыбысына ұқсас болғандықтан, оркестр мен ансамбльдерде аспаптардың партиясын ойнауға мүмкіндігі бар.

Дыбыс жөнінде сөз болғанда аспаптың тембрлік палитрасын қарастырған жөн. Қазіргі заманғы көптемірлі баяндардың дыбысқа тембрлік бояу беретін регистрлері бар.

Регистрдің шартты белгілері:



фагот



кларнет



Педагогикалық және орындаушылық практикада көптебрлі аспаптардың таралуы нәтижесінде ұлттық калоритті тембр арқылы көрсету мүмкіндігі пайда болды. Әсіресе домбыраға арналған күйлерді ойнау кезінде фагот, орган, кларнет-фагот сынды регистрлерді пайдалануға болады.

Регистр таңдауда ең басты рөлді шығарманың стиліне, мазмұнына, құрылымына мән беру керек.

Баян әр түрлі және айтарлықтай ауыр музыканы орындауға мүмкіндік береді. Баянның түймелік жүйесі дыбысталудың үлкен диапазонын қамтуға мүмкіндік береді, ал оң жақтың үш қатарлы құрылысы, музыкалық материалдың түрлі фактурасын орындау үшін ыңғайлы.

Баянның негізгі және «спецификалық» ойнау әдістері *legato*, *portato*, *marcato*, *non legato*, *staccato* или *portamento*, *sforzando* сынды нақты атауларды алды. Дыбыстар шығару кезінде аз қолданылатын әдістер, көзге түсетін ерекше ойнау қимылдары және дыбысталуы бойынша жарқын, акустикалық, тембрлік, шулы және тағы басқа эффектер көбінесе баянның негізгі және «спецификалық» ойнау әдістер жүйесіне жиі қосатын болды. Фридрих Липс аспаптың «спецификалық» ойнау әдістеріне *glissando*, қақпақтар толық ашылмайтын ойынды, көрік арқылы орындалатын тремоло, триоль және рикошет, вибраторны жатқызады. Баян әдебиетінде ойнаудың барлық әдістерін (негізгі және спецификалық) үш негізгі топқа бөледі:

-көрікті – саусақтық артикуляциямен орындалатын әдістер,

-саусақтық артикуляциямен орындалатын әдістер,

-көрік арқылы орындалатын әдістер. Зерттеуді алдын ала қорытындылай отырып, біз оның төмендегідей маңызды жағдайларын ажыратамыз:

1. Көрікті-саусақтық артикуляция баянда негіз құраушы артикуляция болып табылады. Ол баянда дыбыс шығарудың ең алғашқы әдісі болып табылады.

2. Баян әдебиетінде ойнаудың барлық әдістерін (негізгі және спецификалық) үш негізгі топқа

3. Ойнаудың спецификалық әдістері аспапта дыбыс шығарудың ерекшеліктерін көрсетеді. Олардың қатарына барлық – дыбыс шығарудың дәстүрлі емес әдістері, өзгеше естілетін акустикалық – дыбыстық,

шулы белгілерін ойнайтын нақты аспапқа ғана тән әдістер, ойнау кезінде сирек қолданылатын әдістер жатады.

Баяншының артикуляциялық мәдениеті көп жылдық музыка тәжірибесінде қалыптасқан. Оның көмегімен баянда әр түрлі интонациялы-бейнелі және жанрлық қатынасындағы музыка қалыптасады. Дыбыстарды саусақпен және көрікпен шығару тәсілдері көрікті-саусақты артикуляция кезінде орындалады. Артикуляция және дыбыс шығару кезіндегі әдістерін зерттеу алдағы уақытта баяншының мәнерлеп ойнау мүмкіндігін іске асыру әдісі болып саналатын музыка тіліндегі «штрих» және «ойнау әдістері» түсініктерінің мәнін түсінуге көмектеседі.

Заманауи баян композиторлық, орындаушылық тәжірибесінде де әлі толықтай ашылмаған тембрлік құралдардың және акустикалық мүмкіндіктердің айтарлықтай қорына ие. Қарапайым баянның тембрі барлық регистрде дыбысталудың тазалығы мен анықтылығымен ерекшеленеді. Динамика жағынан, штрихтардың жарқындығы және онымен аккордтарды ойнатудың айқындылығы тыңдаушыға орындаушының түсіндірушілік ойларын, музыкалық шығарманың логикасын, туындының интонациялық-ырғақты ұйымдастырылуын жеткізуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы түрде аспап түрлі музыкаға жеңіл «бейімделеді» және оны жеке орындауда да, ансамбльдерде де, оркестрде де қолдануға болды.

Аспаптың ең көркемдік сапасының бірі - дыбысталудың әуезділігі болып табылады. Баянның осы негізгі қасиеті мен әртүрлі ойнау мүмкіндіктерінің қатынасы негізінде гомофондық, полифониялық көпдауыстылық орындауда түрлі спецификалық дыбыстық эффекттері, баян кең диапазоны бар, түрлі көрікпен ойнау әдістерін қолданатын фольклорлық әуеннен бастап әр дәуірдің классикалық музыкасына дейінгі жанрларды еркін қамти алатын интонационалды музыкалық аспап.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Липс Ф.Р. Искусство игры на баяне. М.: «Музыка», 1998. – 144б
2. Шегебаев. П. История казахской инструментальной музыки XIX века. – Астана: «Фолиант», 2008, - 64б
3. Смакова З. Альбом баяниста. – Алматы: «Ценные бумаги», 2004, - 120б

ӘОЖ 373.1

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тінікүл Зияда Нұрлыбекқызы,

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі,
№22 ЖББМ КММ,
Жаңаөзен қ.*

Аннотация: бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында инновациялық технологияларды қолданудың тиімді тұстары айтылды. Инновациялық технологиялардың бірнеше түріне тоқталып, оларды пайдаланудың өзектілігі қамтылды. Атап айтсақ, *Lumio, Learningapps.org, Wooclap, Classroomscreen* бағдарламаларының мұғалім мен білім алушы үшін пайдалы тұстары баяндалды. Әрбір платформаны тиімді пайдалану – мұғалімнің сабақтарының жаңашылдығын көрсетеді.

Кілт сөздер: қазақ тілі мен әдебиеті, инновация, инновациялық технология, АКТ, платформа, білім алушы.

Қазіргі кезеңде түрлі ақпараттық технология құралдары жедел қарқынды даму үстінде. Бұл өз кезегінде білім беру саласына да өз әсерін тигізеді. Білім саласындағы дәстүрлі білім беру жүйесі ешқашан ескірмек емес. Алайда түрлі ақпараттық технологиялық құралдар дамыған уақытта оқушының назарын бір бағытта ұстап, оларды пәнге қызықтыру оңай іс емес. Оның үстіне білім беру ошақтары заман талабына сай технологиялық құралдармен толық қамтамасыз етілген, желілік байланыс орнатылған болса құба-құп.

Инновациялық технологиялар – білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі. Кез келген пәнді білім алушыларға АКТ құралдары арқылы тез әрі жеңіл түрде түсіндіріп, түрлі тапсырмалар орындатып, кері байланыс алуға да болады. Қазіргі заман педагогі өз пәнінің терең білгірі болумен ғана шектеліп қалмай, білімі жан-жақты толыққан, ақпараттық-коммуникациялық технологияны жетік меңгерген білікті маман бола алуы керек. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қалай тиімді қолданамыз?

Компьютерлік және ақпараттық технологияларды білу – заман талабы. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында қолдануға тиімді инновациялық технологиялардың бірнеше түріне тоқталғым келеді.

Келесі бір тиімді құралдардың бірі – *Learningapps.org* платформасы. Бұл платформа арқылы оқушыларға қазақ тілінен тілдік бағдарға қатысты түрлі тапсырмаларды орындатуға болады. Мұғалім *LearningApps.org* платформасында жеке пайдаланушы ретінде тіркеліп, аккаунт құрады. Өз оқу модульдерін жасап, сақтайды, сонымен қатар басқарады. Оқытушы «Барлық жаттығу», «Жаңа жаттығу», «Менің сыныптарым», «Менің жаттығуларым» қызметтерін пайдаланады. «Жаңа жаттығу» қызметі: жұпты табу, классификация, хронологиялық кесте, мәтін енгізу, суреттерді іріктеу, викториналық сұрақтар, бос орындарды толықтыру, аудио/видео контент, кім миллионер болғысы келеді?, пазл, сөзжұмбақ т.б. модульдерді ұсынады. Модуль құрылымы: жаттығу атауы, жаттығу сипаттамасы, тапсырма түрі, мәтін, сурет, аудио, видео, элемент қосу, кері байланыс, фон, көмектен тұрады.

Оқытушы модульдерге тапсырма енгізіп, сақтау арқылы «Менің жаттығуларым» базасын толықтырады. Барлық жеке оқу модульдерінің шифрленген веб-сілтемелері болады. Оқушылар іздеу жүйелері немесе *LearningApps.org* оқу модулінің авторы шифрланған веб-сілтемесі арқылы өтеді немесе бағдарламаны белгілі бір аудитория үшін қолжетімді ету үшін кірістіру кодын пайдалана алады. Оқу модулінің авторы тапсырмаларды сайтта жариялай алады.

Оқытушы тіл үйретіп, әдеби шығармаларды меңгертуде модульдердің тиімдісін таңдайды. «Мәтін енгізу» модулінде оқушы мысалдарды оқып, тілдегі сөздердің атауын тауып енгізеді. Мысалы, «хан, патша, уәзір, би, ағасұлтан, болыс, ауылнай, жаппа, лашық, саптыаяқ, кебеже, әбдіре, шидем, күпі, шекпен, сәукеле» – көнерген сөздер, «өкпе ауруы, жіңішке ауру, құлағының мүкісі бар, зағип, аяғын сылтып басады, аяғы ауыр, дүниеге келді, қайтыс болды, сөзуар, қолының жымысқысы бар, аузы жеңіл, қосып айтады» – эвфемизм, «сым, жейде, дарбаза, көпшік, тұқым, қоңсы, елгезер, бәдірең, кеуірт, таңлай, маңлай, тыңла, құдағай, кәсе, кигіз, жадағай, шекер, сүгірет, кеуіл» – диалект сөздер [1].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында қолданатын тиімді платформалардың бірі – *Lumio* платформасы. Бұл платформа арқылы оқушылардан үй тапсырмасын сұрауға, сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беруге болады. Презентациялық бағыттағы жұмыстар үшін де, куиз, викторина тапсырмалары үшін де таптырмас инновациялық құрал болып саналады. Өз тәжірибемізде білім алушылар үшін қолданып көрдік. Тіпті сабақты қорытындылап жіберуге таптырмас құрал деуге болады. Бұрын қағаз түрінде пайдаланатын сұрақ тапсырмаларын қазіргі таңда интерактивті құралдар арқылы экраннан тез орындатуға болады. Қазақ тілі сабағында есімше мен көсемшеге қатысты тілдік ережелерді ұғындыруда *Lumio* платформасы таптырмас құрал.

Тағы бір тиімді платформалардың бірі – *Wooclap* платформасы. Бұл платформада өте көп мүмкіндіктер қарастырылған. «Бұлтты сөз», «Дауыс беру» модульдері арқылы оқушылардан сабақ соңында рефлексия алуға болады. «Ашық сұрақ», «Таңдау», «Терезе», «Таймер», «Спиннер», «Миға шабуыл», «Сәйкестендіру», т.б. бөлімдері арқылы түрлі тапсырмалар орындатып, уақыт бойынша әрбір тапсырманы бақылап отыруға болады. Сондай-ақ «Тақта» бөлімінде оқушылар электронды тақтаны пайдаланып, тапсырмалар орындауға мүмкіндік алады.

Дәл осындай тағы бір тиімді бағдарламалардың бірі – *Classroomscreen* платформасы. Бұл платформа сабақ оқытуда тиімді онлайн тақта болып саналады. Оқушыларды топа бөлу, сурет енгізу, кездейсоқ таңдау, деңгейлік тапсырмалар үшін бағдарламаша бөлімін таңдау, уақыт қою, тыныштандыру құралы, т.б. модульдерін пайдалана аласыз.

Әдеби шығармадағы кейіпкердің іс-әрекетін бағалау мен салыстыруда, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын толық талдауда аталған бағдарламалардың мұғалім үшін де, оқушы үшін де пайдасы орасан. Мұғалімнің қабілет-қарымына сай бағдарламалардағы модульдерді түрлендіріп пайдалана беруге болады.

Инновациялық технологияларды сабақта пайдаланудың мынадай ерекшеліктері бар:

- Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді. Демек, оқушының тез әрі жылдам жауап беру қабілеті артады;
- Оқушы өз-өзін бағалауға, сыни көзқарасты дамытуға үйренеді;
- Оқушының жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;
- Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, интерактивті тақтамен, компьютермен жұмыс істеуге үйренеді;
- Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;
- Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- тақырыпты оқып үйретеді;
- дұрыс сөйлеуге;
- ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі [2].

Инновациялық технологияларды сабақта тиімді пайдаланудың бірден бір жолы – интерактивті тақтамен жұмыс жасау. Интерактивті тақтаға аудио таспадағы өлеңдерді, электронды оқулықтарды, тақырып бойынша видеоматериалдарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыбы бойынша сабақта қолдануға болады. Бұл көрнекі құралдар тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмегін тигізеді. Әрбір

оқушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнематериал қажетті элемент болып табылады. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп.

Қорыта келгенде, сабақта жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану – заман талабы. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу тәрбие үрдісінде қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, білім сапасын арттырып, білімді әрі жан-жақты оқушылар даярлауда үлесі мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://edunews.kz/ruhanijangiru/2059-oytudy-interaktivt-dstern-oldanu-mmkndkter.html>
2. Қазақстан мектебі. 2006 ж. №4 «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері».

ӘОЖ:373.2(043.3)

МҰРАЖАЙ ПЕДАГОГИКАСЫАРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨЗБЕН ШОЛУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Тлекқабылова Толқын Қайырболатқызы,
Магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада мұражай педагогикасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының көзбен шолу шығармашылығын дамыту жолдары берілген. Халық өнері мен тарихы баланың танымдық қалыптасу әлеміне терең әсерін беріп оның адамгершілік, эстетикалық, танымдық құндылықтарын дамытуда өзіндік орын алады. қазіргі уақытта бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде мұражай педагогикасының оқыту құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың теориялық практикалық жағын ғылыми зерттеп, жетілдіру жеткіліксіздігі орын алғандығын көруге болады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық практикаға мұражайларға мұражай-педагогикалық практикаға жолдауды енгізу қажеттілігі туындайды.

Кілт сөздер. Мұражай, мұражай педагогикасы, халық шығармашылығы, таным, өнер, шығармалық, құндылық, мәдениет, көрме, өлке табиғаты.

Халық өнері мен тарихы баланың танымдық қалыптасу әлеміне терең әсерін беріп оның адамгершілік, эстетикалық, танымдық құндылықтарын дамытуда өзіндік орын алады. Халық шығармашылығы өзінің ерекшелігі жағынан бала бойында бейнелік-эмоциялық сезімді тудырып, қоршаған әлемнің айна көрнісін қабылдауға әсер етеді. М.С. Баданинбұл тұрғыдабаланың өмірді көрген сол қалыпында, бояу, дыбыс, сезіну арқылы қабылдауында дамытындығын сипаттайды. Белгілі педагог Е.А.Флерин халық шығармашылығының бала тәрбиесіндегі ролін алғашқылардың бірі болып сипаттап, балалар халық шығармашылығын оқыту барысында пайдалану бала бойында дағды, білік шығармашылығын дамытуға әсер ететіндігін атап өтеді. Шығармашылық бала бойында көзбен көріп бақылауға алып, сол көрністерін сөз арқылы, сурет, ән т.б. шығармашылықтар арқылы туындату маңыздылығын зерттеп өз еңбектерінде дәлелдеген. Бала көріп білгендерін, алған әсерін өз шығармашылығымен бекітеді және өз даму жолында жинақтап, дағдысына айналдырады –деп сипаттаған[1-12 б]. Мұражай халық шығармашылығын сол күйінде сақтайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ғылыми танымдық құндылықтар институты болып табылады.

Мұражай дегеніміз оқу-тәрбие процесінде өзіндік орны бар тарихтар құндылықтарынан түзілген әлеуметтік институт болып табылады. Мұражайда халық мұраларының материалдық мәдени жалпыадамзаттық құндылықтарының түпнұсқасы сақталынып, ұрпақтан-ұрпаққа халықтың шынайы мәдениетін сақтап таратып, келешекке адамзат тарихын бұлжытпай жеткізуші құралы. Мұражай арқылы тарихи қоғамдық дамудың, мәдени-этникалық рухани танымның негізі тасымалданып, сол арқылы тұлға санасы мен сезімі танымдық талғамы, ұлт туралы ойлары мен құнды пікірлері қалыптасады. Қазіргі ақпараттық жаңғыру кезеңінде адам санасы өткініш кезеңдегі жарнамалық түрлі түсті безендірілген мәліметтерден толып сыртқы бейнелермен интернет арқылы енетін ақпараттың легі арқылы тәрбиеленіп, негізгі құндылықтарымыздың қалыптасуына кері әсерін тигізуде. Сол себептен қазіргі уақытта

мұражайдың оқу ақпараттық рөлін көтеру мәселесін зерттеу маңызды. Негізгі мақсат мұражайдың қоғамдық мәдени институт ретіндегі рөлін арттырып, оқыту үдерсіне ендіру негізінде тарихи мәдени кеңестіктегі негізгі құндылықтарды қабылдау арқылы бала бойындағы өзіндік шығармашылықтарын ояту. Мұражайдың білім беру үдерісіндегі рөлін арттыру негізінде педагогиканың бір саласы ретінде мұражай педагогикасын дамыту, оның ғылыми тұрғыдағы мәні мен маңыздылығын оқу-тәрбие процесінде көтеруге қол жеткізу. Осы арқылы халықтың түпкілікті өзіне ғана тән құндылықтары, мәдениеті, әдебиеті, тілі сол күйінде келер ұрпаққа жалғасып, белгілі бір халықтың тұтастай сақталуына негіз болады. Мұражай мен мектеп саласының біріккен жұмыстары қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, интерактивті шараларды ұйымдастыру, мұражай-педагогикалық бағдарламаларының жетілдірілген заманауи түрлерімен виртуальды саяхаттарды өткізу т.б. қамтиды. Бұл өз кезегінде білім беру міндеттерін шешуде мұражайда жаңа заманға сай жаңартылып безендірілген экспонаттардың қалыптасып көркеюіне, мұражайды жүргізу технологиясының өзіндік заманға сай жаңаруына, жаңа ұрпақ тәрбиесіне бейімделуіне жол ашады. Мұражай педагогикасын дамыту мұражайдың осы кезеге сай рөлін арттырып, ал ондағы сақталған түпнұсқадағы құндылықтардың виртуалды ақпаратқа айналып жаңаруына негіз болады. Осылай оқыту үдерісінде мұражай педагогикасының рөлін арттыру арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың мәдени-тарихи мұраларға деген танымдық қызығушылығы мен оны танып білуге құштарлығын арттырып, рухани сананың қалыптасуына негіз болады. Бұл жерде тек мұражай қызметкері емес сонымен бірге сабақ жүргізетін мұғалімнің мұражай туралы нақты жаңа білімі мен танымын мұражай педагогикалық құралдарын жетік меңгеруін қажет етеді[3,-45 б]. Сондықтан қазіргі уақытта бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде мұражай педагогикасының оқыту құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың теориялық практикалық жағын ғылыми зерттеп, жетілдіру жеткіліксіздігі орын алғандығын көруге болады. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық практикаға мұражайларға мұражай-педагогикалық практикаға жолдауды енгізу қажеттілігі туындайды. Осыдан келіп алдағы уақытта болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде мұражай педагогикалық құралдарды оқу –тәрбие үдерісінде пайдаланудағы білімдерін арттырудың теориялық және практикалық жағын терең ғылыми тұрғыда зерттеу маңыздылығы туындауда. Мұражай құндылықтарының философиялық аспектілерін М.М. Бахтин, В. С. Библер, Н. Ф. Федоров өз еңбектерінде қарастыра келіп, мұражайдың «бүкіл жаратылыстың айнымай қайталануы» тәрбие мен жинақтаудың бірлігін сақтаудағы ұмтылысы ұрпақ сабақтастығының жүзеге асыруының тәсілі -деп сипаттайды. Мұражайдың философиялық мәдени бағыттылығын С.И. Гессен, М.С. Каган, Л.Н. Когац Д.С. Лихачев т.б. өз еңбектерінде талдауға алғандығын көруге болады. Кеңес дәуірінде алғашқы мұражай жабдықтарын теориялық жағын 1920 жылдары ғалымдар А. У. Зеленко, И. Э. Грабаря, Н. И. Романов, Ф. И. Шмит терендетіп зерттеген[4]. Мектеп пен мұражайдың байланысы, мұражай саяхатының мектеп негізіндегі ролінің теориялық негіздері Н. И. Анциферов, Н.А. Гейнйк, И. М. Гревс, А. Я. Закс, Б; Е. Райковтың зерттеулерінде орын алған[2,-156 б]. Балалар мен педагогикалық мұражайдың оқу-тәрбие үдерісіндегі ролін зерттеуге А. В. Бакушинскийдің, Н. Д. Бартрамның, М. Г. Страховтың, Ф. И. Шмиттің зерттеулері бағытталған. Қазіргі заманғы мұражай педагогикасының ролі Е. Г. Ванслованың, И. М. Коссованың, Б. А. Столяровтың, Л. В. Шилованың, М. Ю. Юхневичтің зерттеу еңбектерінен көруге болады. Мұражайдың білім беру ісіндегі ролі мен орнын А. Г. Бойко, З. Н. Бонами, Т. И. Галич, Е. Н. Конухова, Н. Г. Макарова, М. В. Соколова, Т. В; Чумаловат.б. ғалымдар зерттеуге алғандығын көреміз. Ал мұражай ішіндегі оқыту құралдарының ерекшелігі В. Ю. Дукельский, Н. А. Никишиннің ғылыми зерттеулерінде сипатталған. Ал мұражай педагогикасының материалдарын педагогикалық практикада әртүрлі аспектілерде қолдану бағыттары Н. Ф. Ломов, А. С. Огоновская, Л. И. Ордуханян, Д. В.Скоробогатов, С. Л. Троянская, М. Г. Чесняк т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелген. Соның ішінде мектеп педагогикасында мұражай құралдарын пайдалану бағыттары М. С. Жировтың, Т. А. Приставкинаның, С. И. Тарасованың, Т. В. Хорхординаның еңбектерінде зерттелген[5,-46]. Дегенмен қазіргі уақытта мұражай педагогикасының бастауыш сыныптағы оқушылардың заманға сай жаңартылған интерактивті іс-әрекетінде көзбен шолу бағыттарын жетілдіру мәселесін зерттеудің жетіспеушілігі орын алғандығын көруге болады. Осы бағыттағы мәселені зерттеу үшін келесі мақсат міндеттер көзделді. Зерттеудің мақсаты мұражай педагогикасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының көзбен шолу шығармашылығын дамытудың тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеп, эксперимент жүзінде тиімділігін анықтау. Міндеттері: Мұражай педагогикасының ғылыми теориялық аспектілеріне шолу; мұражай педагогикасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының көзбен шолу шығармашылығын дамытудың жаңа моделін жасақтау.

Сыныптан тыс жұмыс: «Мұражай қуыршағы». Халық ойыншығының негізі қуыршақтар коллекциясын жасақтау арқылы халық киім үлгісінің негізін салу. Халық ойыншығының элементерін танып біліп, өзіне тән белгілері арқылы ажырата білу, балаларды халық мұрасының құндылықтарын дәріптеуге баулу. Бастауыш сынып оқушыларына ата-анарының, жанұя мүшелерінің тарапынан жасақталған қазақ киіміндегі қуыршақтармен таныстыру. (Алдын-ала ата-аналарына берілген тапсырмалар арқылы ертегі ханшайым қуыршағын алдырту). Ертегі ханшайым қуыршағын көзбен көру үшін интерактивті тақтадан алдын-ала әзірленген презентацияларды тамашалау. Кейіннен сол көрген көрністерінен балалар таңдауы бойынша мұражай қуыршағын жасақтау. Енді жасақталған қуыршақтар бойынша берілген тапсырмалар: Қуыршақты сипаттау. Өз сөзімен айтып түсіндіру. Жасалған ойыншықты көрсету. Ата-ана мен баланың біріккен шығармашылығы. Қуыршақтар көрмесін жасақтап, тамашалау. Халық шығармашылығының

көздері бұл туған өлке табиғаты, қоршаған тұрмыс тіршілік ортасы, күнделікті өмір, салт-дәстүр құндылықтарынан құралады. Сондықтан айнала қоршаған орта табиғатының құндылықтарының сырын меңгерту сол арқылы бала сезімін ояту оларды өз халқын, Отанын сүйуге талпындырады. Бала бойында өз менталитетіне тән қазақы табиғи шығармашылықтың туындауына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.С. Баданин Музейно-педагогическое издание как средство формирования культурного поля младшего школьника: автореф. Педагогика ғыл. канд: 13.00.02 / М.С. Баданин. Санкт-Петербург, 2009. - 24 б.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. Оқулық. Орта және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған.– М.: Академия, 1999. 220 б.
3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения /В.П. Беспалько. -М., 1995. 336 с.
4. Зеленко А.У. Детский музей / А.У. Зеленко // Педагогическая энциклопедия / под ред. А.Г. Калашникова. Т. 2. - М., 1928. - 526 с.
5. Коджаспирова Г.М. Формирование готовности учителя начальных-классов к профессиональному самообразованию: автореф. пед. Ғыл. доктры / Г.М. Коджаспирова. М., 1995. - 36 б.

ӘОЖ 517.51

АЛГЕБРА КУРСЫНДА ФУНКЦИЯНЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тоқболатова Назерке Нұрғалиқызы,
магистрант,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ.

Аннотация: Бұл мақалада жоғары сынып алгебрасында функция тақырыбын оқытуды ұйымдастыру және ұйымдастыру барысында туындайтын мәселелер жайлы жазылды. Функция мектеп математика курсының іргелі ұғымдарының бірі болып табылады және функционалдық сызықтың санқилы есептерді шешуде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, функция есептерін зерттеу, шығару арқылы оқушыларға физика, география, информатика және биология есептерін шығару кезінде қажет болады. Сондықтан оқушыға функция ұғымын ашып, алған білімдерін практикалық есептерді шығаруға қолдана білуге үйрету алгебра пән мұғалімінің ең маңызды міндеті және оқушыға тақырыпты тереңінен түсіндіруді ұйымдастырудағы мәселелерді шешу маңызды рөл атқарады.

Кілт сөздер: Функция, алгебра, оқытуды саралау, алгебра курсы, педагогикалық стратегия, оқытудағы мәселе.

Аннотация: В этой статье рассматриваются проблемы организации и проведения уроков по теме функций в старших классах алгебры. Функция является одним из основных понятий в курсе математики и широко используется в решении разнообразных задач с использованием функционального аппарата. Кроме того, при изучении функций необходимо учитывать потребность в выведении и решении практических задач из областей физики, географии, информатики и биологии. Поэтому важным заданием учителя по алгебре является умение открыть для учеников понятие функции и научить их применять полученные знания при решении практических задач, что играет ключевую роль в организации обучения и понимания темы учениками.

Ключевые слова: Функция, алгебра, дифференциация обучения, курс алгебры, педагогическая стратегия, проблема обучения.

Annotation: In this article, the problems of organizing and conducting lessons on the topic of functions in senior classes of algebra are discussed. The function is one of the main concepts in the mathematics course and is widely used in solving various problems using the functional apparatus. In addition, when studying functions, it is necessary to take into account the need to derive and solve practical problems from the fields of physics, geography, computer science and biology. Therefore, an important task of an algebra teacher is the ability to open up the concept of functions to students and teach them to apply the acquired knowledge in solving practical problems, which plays a key role in the organization of learning and understanding of the topic by students.

Key words: Function, algebra, differentiation of learning, course algebra, pedagogical strategy, problem of learning.

Функция - нақты шындықпен тікелеу байланысты негізгі математикалық ұғымдардың бірі. Онда нақты әлемнің өзгергіштігі мен динамикасы, нақты объектілер мен құбылыстардың өзара шарттылығы толығымен бейнеленген. Феликс Кляйн функция ұғымын барлық математиканың орталық ұғымы деп санады [1].

Сондай-ақ, осы уақытта Готфрид Лейбниц келесі терминдерді енгізді: «функция» - латын тілінен аударғанда «орындау», «айнымалы», «тұрақты» дегенді білдіреді. Кейіннен белгілі бір уақыт аралығында функцияның аналитикалық интерпретациясы басым бола бастады, яғни функцияны оны анықтайтын формуламен сәйкестендіру алғаш рет $y = f(x)$ белгілеу енгізілді. Осылайша, XIX ғасырдың ортасы функция түсінігінің формуланың автократиясынан босатылуымен сипатталады, ал жылдар өткеннен кейін жасалған жиынтық теориясы функция түсінігін кеңейтуге көмектесті [2].

Функцияны мектеп алгебра курсына енгізудің ең бірінші және маңызды кезеңі функция ұғымының анықтамасы болды - функционалдық тәуелділік туралы идеялар ежелгі дәуірде айтылғанына қарамастан, функция туралы жалпы түсініктің енгізілуі болды. Тек XVIII ғасырда, айнымалылар идеясы пайда болғаннан кейін қажет болды, бұл математикада қозғалыстың әртүрлі түрлері мен уақыт өте келе өзгеретін басқа процестер қарастырыла бастады.

Функцияларды зерттеу алгебра курсының негізгі элементі болып табылады, өйткені функциялар математикада маңызды рөл атқарады және оларды түсіну көптеген есептер мен мәселелерді шешу үшін қажет. Алайда, алгебра курсына функцияларды оқыту оқушылардың материалды игеруін қиындататын бірқатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Олар төмендегіше сипатталады [3].

Кесте 1 – Алгебра курсына функция тақырыбын оқытуда кездесетін мәселелер мен оның шешімі

Мәселе	Себебі	Шешімі
1-мәселе: Функция ұғымының абстрактілігі	Көптеген оқушылар үшін функция ұғымы тым дерексіз және түсіну қиын болуы мүмкін. Олар функцияның не екенін және оны математикалық есептерді шешу үшін қалай пайдалану керектігін түсінуде қиындықтарға тап болуы мүмкін.	Бұл мәселені шешу үшін оқушыларға функциялардың практикалық қолданылуын көруге көмектесетін нақты мысалдар мен иллюстрацияларды қолдану қажет. Функциялардың нақты өмірде және математиканың басқа салаларында қалай қолданылатынына назар аудару маңызды.
2-мәселе: Тұжырымдамаларды түсіндіруде айқындықтың жеткіліксіздігі	Кейбір мұғалімдер функциялардың күрделі тұжырымдамаларын барлық студенттерге қол жетімді болатындай етіп түсіндіруде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл материалды түсінбеушілікке әкелуі мүмкін және одан әрі оқуды қиындатады.	Мұғалімдер функция ұғымдарын түсіндіруде айқындық пен қол жетімділікке ұмтылуы керек. Көрнекі мысалдарды, демонстрацияларды және интерактивті оқыту әдістерін қолдану оқушылардың материалды игеруін айтарлықтай жақсарты алады.
3-мәселе: Оқытуды дараландырудың болмауы	Әр оқушының материалды игерудің өзіндік қарқыны және жеке оқу қажеттіліктері бар. Алайда, үлкен сыныптарда (көп оқушы болған жағдайда) әр оқушыға жеке оқытуды қамтамасыз ету қиын болуы мүмкін.	Мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктерінің әртүрлілігін ескеретін сараланған оқыту әдістерін қолдана алады. Бұл өздігінен оқуға қосымша материалдар беруді, жеке кеңес беруді ұйымдастыруды немесе оқушыларға материалды өз қарқынымен үйренуге мүмкіндік беретін технологияларды қолдануды қамтуы мүмкін.

Мектеп математика курсына функцияға қатысты есептердің сан алуан түрі бар, олар жеңіл және қиындығына қарай бөлінеді. Бір есептің анықталу облысын, мәндер жиынын, экстремум нүктелерін табу, оң немесе теріс екенін білу үшін толыққанды зерттеу жүргізу керек.


Мысалы $y = \frac{1}{x^2 - 4}$ функциясының мәндер жиынын $(-2; 2)$ интервалында анықтайық.

Шешуі: Алдымен, функцияның экстремум нүктелерін табамыз. Функциядан туынды алып, 0-ге теңестіреміз:

$$y' = \left(\frac{1}{x^2 - 4} \right)' = \frac{-2x}{(x^2 - 4)^2}$$

$$y' = 0 \Leftrightarrow \frac{-2x}{(x^2 - 4)^2} \Leftrightarrow x = 0 \in (-2; 2)$$

$x = 0$ нүктесі максимум нүкте болып табылады, өйткені туынды одан өткенде таңбасын плюстен минусқа өзгертеді, ал функция графигі өсуден кемуге қарай жылжиды.



$$y(0) = \frac{1}{0^2 - 4} = -\frac{1}{4} \text{ функцияның сәйкес максимумы бар.}$$

Жауабы: -2-ден нөлге дейінгі аргумент өзгерген кезде функция мәндері минус шексіздіктен $-\frac{1}{4}$ дейін өседі ($x = 0$ кезіндегі функцияның максимумы), аргумент нөлден 2-ге өзгерген кезде функцияның мәндері минус шексіздікке дейін төмендейді. Осылайша, $(-2; 2)$ аралығындағы функцияның мәндерінің жиыны $(-\infty; -\frac{1}{4}]$ болып табылады [4].

Осылайша бір есептің зерттелуінде координаталық түзуді пайдаланып есептің шартына сай нүктелерді белгілесек, есептің шешімі бірден көрініп тұрады. Оқушы үшін бұл есепте қиындық тудыратын тұсы туынды табуда болуы мүмкін, дегенмен де туынды тақырыбын функция тақырыбымен ұштастыра отырып шығарса шешіміне оңай қол жеткізеді.

Қорытындылай келе біз арқашан есте сақтауымыз керек: алгебра курсында функцияларды оқыту әртүрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін, бірақ бұл қиындықтарды жеңуге көмектесетін әдістер мен стратегиялар бар. Материалды түсіндіруде айқындық пен қол жетімділікке ұмтылу, әртүрлі оқыту әдістерін қолдану және функция ұғымдарын тиімді меңгеруді қамтамасыз ету үшін оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеру маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Колягин Ю.М. Методика преподавания математики в средней школе – М.: «Просвещение», 2013. – 211.
2. Методика и технология обучения математике. Курс лекций: пособие для вузов/ Под ред. Н.Л. Стефановой, Н.С. Подходовой. – М.: Дрофа, 2015. – 194.
3. Манвелов С.Г. Конструирование современного урока математики: Книга для учителя. – М.: «Просвещение», 2016. – 102.
4. http://www.cleverstudents.ru/functions/range_of_function.html

UDC 372.881.111.1

EFFECTIVENESS OF THE GRAMMAR-TRANSLATION METHOD IN MODERN LANGUAGE EDUCATION

Tokhtarova Zhaniya Ardakkyzy,

*Master's student NJSC "Shakarim University of Semey",
Semey*

Abstract: *this article examines the effectiveness of the Grammar-Translation Method (GTM) in today's language education, specifically focusing on 8th-grade students. While traditional views criticized translation methods for relying too much on the native language, recent interest signals their integration into language teaching. GTM, a timeless approach, stays relevant for its impact on vocabulary and text comprehension. Despite concerns about limited exposure to the target language, GTM is lauded for fostering cultural understanding. The study critically assesses GTM's pros and cons, analyzes its impact on language development, and explores the potential of modern translation technologies. Utilizing a mixed-methods approach with 83 students and 3 teachers, the findings show notable language proficiency improvement, affirming GTM's effectiveness according to both educators and students.*

Key words: *Grammar-translation method, teaching, translation.*

Introduction

The ongoing discussion about the effectiveness of the translation method in learning a foreign language has recently seen a change, challenging traditional views. Translation was often criticized for depending too heavily on one's native tongue and was frequently seen as an inefficient method of language learning (Brown, 2002). However, there has been a noticeable increase in interest, as language educators reconsider how the translation method can be used for various educational purposes. This resurgence of interest stems from the realization that translation exercises may be seamlessly included into reading and grammar exercises and other traditional language teaching activities, giving students efficient learning methods (McDonough, 2002).

In the dynamic world of language teaching methodologies, the GTM persists as a timeless approach employed by language educators over the years. Even though it is referred to as traditional, current research indicates that it is still applicable in contemporary language instruction. Known for its ability to improve vocabulary and understanding of texts, GTM shows promise in helping students learn English by allowing them to directly understand new vocabulary without relying on their native language.

There are others who disagree with the grammatical translation method, despite its established advantages and endurance. Some contend that rote learning and translation are given excessive weight, which may impair pupils' capacity to speak successfully in everyday settings. Furthermore, critics contend that this approach frequently overlooks the improvement of oral communication abilities, which are becoming more and more important in the globalized and linked world of today.

However, proponents of the grammatical translation method argue that its structured approach provides a strong foundation for language learners, especially those who aspire to succeed in written and academic contexts. They contend that a better comprehension of the nuances of language is fostered by the method's emphasis on syntactic and grammatical structures.

The purpose of the research is to explore grammar – translation method in the context of teaching English. The main objective is to identify the effectiveness and applicability of GTM in the educational process and develop recommendations for their successful implementation in teaching practice, taking into account modern requirements and teaching standards.

Theoretical framework

The fundamental structure of GTM is shaped by the learning procedures outlined by Larsen-Freeman. Reading texts in the target language, translating passages into the native tongue, responding to questions in the native tongue, practicing reading comprehension, translating new words, getting precise grammar instructions, learning vocabulary and rules, and correcting mistakes are all part of the methodical process.

Bahar's viewpoint highlights GTM's drawbacks, which adds an important element to the framework. Bahar claims that this approach primarily focuses on teaching language rules, ignoring important language abilities like speaking and listening. Emphasis is placed on the instructional aspect of GTM, raising the possibility of an imbalance in classroom activities that reduces opportunities for spoken communication.

As a contributor to this framework, Prasetyo recognizes the advantages of GTM. Accuracy is improved, particularly when reading and writing, and Prasetyo emphasizes the value of knowing precise English. Grammar mastery through GTM is associated with the capacity to build sentences, with an emphasis on recognizing sentence structures in texts.

Mondal and Chang's agreement over GTM's fitness creates the framework for investigating a more equitable approach. The framework looks into how GTM and a communicative approach could work together, aiming to fill in any identified holes in both approaches. This combination seeks to honor language-learning customs while adjusting to the demands of contemporary schooling.

According to Brown's claim, GTM is the main approach that serves as the foundation for contemporary teaching strategies. The framework recognizes the importance of GTM in the growth of writing and reading abilities, which supports this point of view. This recognizes the method's historic roots in teaching languages like Latin and Greek, but also highlights its role in enhancing communicative ability.

An important part of the idea is Howatt's description of GTM as a technique that focuses on translating phrases and developing a large vocabulary. The pedagogical approach of the method is demonstrated by highlighting its significance in teaching bilingual vocabulary lists and grammar rules for memorizing.

Method

To examine how effective, the "Grammar-translation" method is in modern language education, 83 8th-grade students and 3 teachers from Gymnasium No. 37, named after Ybyrai Altynsarin in Semey, participated in this study. Employing a comprehensive mixed-methods approach, the research integrated both quantitative evaluations and qualitative insights gathered through surveys and interviews. The GTM, commonly linked to classical language learning, played a central role in the teaching approach. To ensure a fair representation, detailed demographic information, including age, gender, and past language learning experiences, was gathered from participants. During the implementation phase, lessons were customized to suit the specific needs and abilities of eighth graders, with three teachers guiding the process. Thorough documentation of lessons provided a comprehensive insight into the learning journey. Quantitative assessments, carried out through pre- and post-assessments, gauged improvements in language proficiency, with statistical analysis determining the extent of

progress. Concurrently, surveys and interviews captured participants' perspectives and experiences with the GTM, utilizing qualitative data analysis techniques for meaningful insights. The presentation of results covered both quantitative advancements in language proficiency and qualitative feedback from both students and teachers regarding the method. The discussion section critically evaluated the findings, drew comparisons with existing literature, and explored implications for language education.

Results and Discussion

Results:

Through assessments conducted before and after the study, we found that 8th-grade students who participated in the GTM showed significant improvements in language proficiency. Specifically, 83% of students demonstrated enhancements in writing, reading, and vocabulary skills, indicating a positive impact on various language abilities. The statistical analysis of these assessments provided a clear understanding of the progress achieved during the method's implementation.

The qualitative insights from surveys and interviews further enriched the findings. All three teachers participating in the study unanimously acknowledged the effectiveness of the GTM, confirming its positive influence on students' language learning. Qualitative data also reflected student perspectives, with 86% expressing that the method was interesting and contributed to their improved understanding of the language. However, 14% of students found the method somewhat dull and less effective, suggesting a need for greater consideration of individual preferences and learning styles.

Discussion:

The positive outcomes observed in the quantitative results align with teachers' unanimous approval of the grammar translation method's effectiveness. The method's potential to increase several language competencies is highlighted by the 83% of students who showed gains in their writing, reading, and vocabulary skills. The survey responses demonstrate the diversity of perspectives among students, which emphasizes how important it is to identify each student's preferred method of learning. Although the majority of students thought the technique was fascinating and helpful, 14% of them voiced worries about its perceived monotony and ineffectiveness, which suggests that more research is needed to determine the aspects that affect student involvement.

By contrasting these results with previously published research on language teaching methodologies, the discussion section assesses these findings critically. The majority of students' and teachers' positive feedback points to the benefits of the grammar translation technique in contemporary language instruction. Nevertheless, opposing viewpoints are also worthy of consideration since they highlight the necessity of utilizing a range of instructional strategies in order to accommodate students' differing requirements and preferences. The study's consequences for language instruction are examined, and suggestions are made for enhancing the grammar translation method's application while taking into account the complex input from instructors and students.

Advantages and Disadvantages of the Grammar-Translation Method

Abdullah S.S. (2013) lists the GMT's advantages. Abdullah S.S. claims that GMT has a number of benefits. First, a focus on translation is placed on teachers and students translating bilingual vocabulary lists and grammatical rules between the source and target languages. The second area of emphasis is dictionary explanations, in which instructors or students go into further detail on how words and phrases translate from the source languages into the target languages.

The fact that language constraints do not prevent students and teachers from communicating with one another is another advantage of GMT. To ensure effective communication, teachers and students can both utilize their mother tongue during teaching and studying. Essentially, the grammatical translation approach can be used to teach English to pupils even by teachers who are not native speakers of the language. This method's use of the local tongue also makes it easier for pupils to understand grammar ideas, follow directions from the teacher, and answer questions.

Finally, with an emphasis on texts, students aren't required to communicate in a foreign language while learning through this method, allowing them to acquire a new language without direct contact with native speakers.

However, the natural way to learn a language involves listening, speaking, reading, and writing – the way a child begins language acquisition. Nonetheless, highlights several drawbacks of the grammatical translation method. One of these is that it's an improper approach to teach a foreign language, as language teaching should focus on communicative competence rather than semantic or translation competence. Additionally, the learning process beginning with reading can pose challenges for many, neglecting the necessity to speak in the target language.

Because they are learning English through their mother tongue, students who choose this method may find it difficult to communicate in English both within and outside of the classroom. The substantial learning needed for verb conjugations, grammar rules, and vocabulary is another drawback. Pupils may lose sight of the language's natural flow as a result of their excessive preoccupation for grammatical correctness. Furthermore, it can be harmful to use vocabulary correctly in the right contexts. Within the technique, the teacher-student interaction is likewise inadequate. Despite these disadvantages, the grammatical translation method of teaching English is still widely used in many countries, producing students who are able to write in the language but are not proficient in communication.

Since the grammatical translation method primarily focuses on memorizing vocabulary, grammar rules, and sentence formation, teachers only need to elucidate the rules of the non-native language to learners,

emphasizing the importance of vocabulary learning. Students' proficiency is not as important with this strategy because it makes test-taking easier and allows for objective grading. Students' responsibilities include studying a long number of vocabulary terms, grammatical rules, grammatical paradigms, and local parallels. They also have to apply these rules by accurately forming sentences in exercises.

Conclusion

The GTM is one of the old methods that still does not lose its relevance. This method's emphasis on translation, grammar instruction, and vocabulary memorization provides a structured approach that aids students in grasping language fundamentals effectively. Moreover, using the student's native tongue in the classroom promotes easier communication between instructors and students, which enhances the learning environment.

A comprehensive mixed methods study conducted in Gymnasium 37 demonstrated significant improvements in writing, reading and vocabulary skills among participants, reflecting the effectiveness of GTM in improving various language competencies. Although this method's emphasis on teaching translation and grammar has demonstrated benefits, it is important to address potential limitations in the development of communicative competence and oral language. The diversity of learner perspectives highlights the importance of considering individual preferences and learning styles in language education. Going forward, integrating GTM with communicative approaches and adapting teaching strategies to meet diverse learner needs will be critical to optimizing its effectiveness in the modern classroom. This study contributes to the ongoing discourse on language teaching methodologies and provides valuable information for educators seeking to improve language learning outcomes through thoughtful implementation of GTM and complementary approaches.

List of references

1. Brown, H. D., 2002. Principles of Language Learning and Teaching. 4th ed. New York: Longman.
2. McDonough, J., 2002. The Teacher as Language Learner: Worlds of Differences ELT Journal
3. Mondal, K.N., (2012). English language learning through the combination of grammar translation method and communicative language teaching. Academia Arena, 4(6): 20-24.
4. Bahar, A. K. (2013). The Communicative Competence-Based English Language Teaching.
5. Larsen-Freeman, D. (2000). Techniques and principles in language teaching. (2nd Ed.): New York: Oxford University Press.
6. Prasetyo (2015). The Implementation of Grammar Translation Method (GTM) And Communicative Language Teaching (CLT) In Teaching Integrated English. Indonesian EFL Journal Volume1, Issue2, Pages 170 – 182
7. Howatt (2014). The History of Teaching English as Foreign Language, from a British and European Perspective, Language and History.
8. Abdullah, S. S. (2013). A contrariwise study of the grammar-translation and the direct methods of teaching: January (pp. 26-27).

ӨОЖ 373.24

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

*Тулешева Майнер Тлековна,
Меңгеруші,
Саргойшина Нурлы Жубангалиевна,
әдіскер-инноваторы,
№8 «Сказка» бөбекжайы,
Орал қ.*

Аннотация: Ұсынылған әдістемелік жинақ мектеп жасына дейінгі балалардың бойында ұлттық құндылықтарды жаңғырту үрдістері мен жаңашыл бағыттарына арналған ойындар топтамасымен, үйірме жоспарларымен, «Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқытуда ұлттық тәрбие жүйесін ұйымдастыруға» арналған іс-шаралар жоспары айқын көрсетілген. «Аталар, әкелер», «Әжелер, жас аналар» мектебі жұмыс жоспарымен қамтылған. Бұл жинақ мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілеріне, тәрбиешілеріне көмекші құрал ретінде ұсынылды

Кілт сөздері: Ұлттық құндылық, жаңа бағыт, тәрбие жүйесі, ұлттық жоба

Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, тарихын мәдениетін салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіспен бүгінгіні жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиылыстыру. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі

тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге, халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуге үйрету, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып, елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты, адамгершілігі биік, білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып, білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу.

Осы жобаны ұсыну арқылы қандай нәтижелерге қол жеткіземіз?

• Балалардың бойында ұлттық тәрбиені, төзімділікті, мәдениеттілікті, салауатты өмір салтын ұсынуды, шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қалыптастыру үшін ұлттық тәрбие жүйесін құрамыз.

• Білім беру мекемелеріндегі ұлттық тәрбие жүйесінің жаңашыл тәжірибелерін таратамыз;

• Оқыту және тәрбие үрдісінің үштігін тәрбиеші, ата – ана, баланы тарта отырып, ұлттық тәрбиенің жаңа түрлерінің жүйесін құруға ұмтыламыз.

• Балдырғандарға ұлттық тәрбие беру ісін жан-жақты – тіл үйрету, ақыл ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбексүйгіштікке баулу, адамгершілік ізгілік қасиеттерді сіңіру бағытында жұмыстар жүргіземіз.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

«Қайырымдылықты – халықтан, пайымдылықты – қариядан» үйрен деген ұлтымыздың «тал бесіктен – жер бесікке» дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет-ғұрыпты ойын іс-әрекетін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру.

«Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық тәрбие жүйесін ұйымдастырудың жаңа бағыттары»

Балабақша – бақыт баспалдағы. Әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарына ертеңге деген нық сенім, патриоттық сезімді ұялатып, ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру, еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Тақырыпқа арқау болып отырған Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің №8 «Сказка» бөбекжайы.

2022-2023 оқу жылынан бастап бөбекжай «Ұлттық дәстүр балабақшасы» тақырыбында облыстық тәжірибелік алаң жобасын бастаған болатын. «Ұлттық дәстүр балабақшасы» жобасы қалай құрылды? Бұл тақырыпта не үшін жұмыстанғмыз келді? Бұл тақырыпты алудағы негізгі мақсатымыз қандай?

Бөбекжайымыз қаламыздың орталығында орналасқандықтан, бұл жерде өзге ұлт өкілдері көбірек шоғырланған. Сәйкесінше, біздің бақшамызға келетін балалардың басым бөлігі өзге ұлт өкілдерінен құралған.

Және де бұл жобаның екінші маңызды міндеті - орыс топтарында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Өйткені, «ұлтты сақтау» дегеннің өзі, тілді сақтап, дамыту екені белгілі.

Бұл бағытты таңдаудағы негізгі миссиямыз – Мектепке дейінгі балалардың бойында ұлттық құндылықтарды жаңашыл тәжірибемен жаңғыртатын, ұлттық тәрбие жүйесі құрылған балабақша құру. Миссия анықталаннан кейін **«Ұлттық дәстүр балабақшасы»** тақырыбы алынды. Мақсатымыз: Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ұлттық негізде ұйымдастыра отырып, ұтымды жүргізе білу; Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, Халықтық педагогика негізінде тәрбиелеудің жүйесін, тиімді әдіс-тәсілдерін айқындап, жоспар дайындадық. Аталған жоспарда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруде бай ауыз әдебиеті үлгілерін, халықтық музыка, ұлттық ойындар, өнер, салт-дәстүрлерін тұтас қамтып, бірлікте жүргізу көзделді. Олар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мазмұндық деңгейі әркелкі болып жүзеге асырылуы тиіс. Балалардың әрбір іс-әрекетінде ұлттық ерекшелік қанық бояумен, әрленіп, дараланып тұруы көзделді.

Бөбекжайдың алдағы жылдардағы еңбегінің көрінісі:

- Ұлттық тәрбие негізі қалыптасқан республикалық деңгейдегі балабақша құру;

- Білім беру мекемелеріндегі ұлттық тәрбие жүйесінің жаңашыл тәжірибелерін тарату;

- Ұлттық тәрбие берудегі авторлық бағдарламалардың иесі боламыз деген үлкен сенім.

Бала бойына қалыптасатын құндылықтар:

- Рухани мықтылық

- Салауатты өмір салты



- Тілдік даму

- Зияткерлік бағыт

- Ұлтқа қызмет

Мектепке дейінгі ұйымдарда өзгерістер енгізу үшін қандай қажеттіліктер қажет екенін айқындау мақсатында осындай ғажап халықтық тәрбиенің іс-жүзінде толық орындалмай, тәрбие ісінде нақты, жүйелі жүзеге аспай отырғандығын балалармен, тәрбиешілермен әңгімелесу, педагогикалық үрдістерге,

сауалнама нәтижелеріне талдау жасау барысында анық байқадық. Ата-анаға жүргізген сауалнама нәтижесінде 85 пайыз ата-ана балалардың өздік шығармашылық іс-әрекеттеріне, ұлттық тәрбие элементтерінің сіңісуіне қажетті жағдайлар жасалғанын қалайтынын көрсеткен. Тәрбиешілер де көтеріп отырған проблема, яғни ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар мен тиянақты таныстыру жұмыстарына әлсіздікпен қарайтынын байқатты. Тәрбиешілермен әңгімелесу барысында 60 пайызы балабақша тәжірибесінде жүргізілген тәрбие жұмыстарының мазмұнына салт-дәстүрлерді көбірек қосуға ұсыныс білдірген. Балалармен жүргізілген жұмыс барысында балалардың 70 пайызы салт-дәстүрмен байланыстыра тәрбиелеу бағытымыз өте аздық ететінін байқадық.



Жобамызды жүзеге асыру үшін ең алдымен бөбекжай директоры, әдіскерлер, педагогтармен бірігіп стратегиялық жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес бірнеше бағыттар айқындалды. Атап айтар болсақ, Академиялық бағыт, Тәрбиелік бағыт, Ата-анамен жұмыстың бағыттары, Инфрақұрылым, Педагогтың кәсіби өсуі сынды бағыттар айқындалды.

Академиялық бағыт ол 3 жылға жасақталған педагогтармен жоспардың алғашқы сатысы. Біз өзіміз, яғни тәрбиешілер қауымы қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын толық білеміз бе? Осы төңіректе ойланып көрейікші. Халқымыздың әдет ғұрпын, салт-дәстүрін, ата-ана, тәрбиеші өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты – білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі – бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса, ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік - рухани тәрбие беру.

Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Өзгерістерді енгізу үшін әріптестерді іс-әрекетте қолдау тәсілдеріне келетін болсақ, жоғарыда атап айтқандай балабақшамызда жалпы педагог саны: 39, оның ішінде 28 жоғары білімді, 11 арнаулы орта білімді, жоғары санатты - 1, I санатты - 3, II санатты - 5, педагог-модератор-15, 2- педагог-зерттеуші, 1- педагог-сарапшы балаларға саналы тәрбие мен сапалы білім беруде.

Мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз ету, ата-ана қажеттілігін жою үшін ең алдымен әдіскерлермен, тәжірибелі педагогтармен, көшбасшылармен ой бөлісу арқылы, даму командасын құрып алдым. Бұл командада әдіскерлер, тәжірибелі педагогтар бірлескен жұмыстарын ортаға салып, тәжірибе алмасып отырады. Балаларға қосымша білім беруде баланың шеберлігін көрсету, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, өздігінен еңбек

етуге дайындау, іскерлігін дамыту мақсатында даму командасымен бірнеше жоспарланған іс-шаралар дайындалды.

Яғни, бұл жерде педагогтарға көмек беру, бөбекжайдағы ұлттық құндылықтардың жаңа бағыттарын айқындау, авторлық бағдарламалар құрастыру, коучингтер, тренингтер, ашық микрофон алаңын ұйымдастыру, педагогтардың әдістемелік жинақтарын дайындау, т.б көптеген шаралар жоспарымызға алынды және оқу жылында жүзеге асып отырылды.

Ұлттық үрдістерді, түрлі іс-шаралар барысында, ойын іс-әрекеттерде, серуен уақытында үнемі пайдаланып, баланы ұлтжанды етіп тәрбиелеу, ұлттық дәстүрді дәріптеп, ата-баба тарихын терең тануына мүмкіндік беретін бағыттың бірі - ол **тәрбиелік бағыт**.

Бұл бағытта біз балалармен қандай жұмыстар атқарып жатырмыз?

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен, мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт-дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі деп білетін бөбекжай педагогтары тәрбиеленушілерінің сан-алуан қырларын ашуға бар ерік жігерін арнап келеді. Қай бала болмасын әр нәрсеге қызығушылықпен қарайды. Осыған байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды өткізіп отыру балабақша дәстүріне айналған.

Бөбекжай педагогтары жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет деп есептейді:

- баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру «Сказка» бөбекжайының басты назарында.

Еңбек дағдысын игерту үшін ең әуелі өзің істеп көрсетіп, ең соңында балаға өз бетінше жұмыстандыр деген қағиданы балабақша ұжымы басшылыққа алып, балабақшадағы ұлттық дамытушы ортада ұлттық ойындармен, салт-дәстүрді дәріптеумен қатар, еңбек дағдысын игертуде қыз балаларға «Алаша тоқу» өнерін дәріптеп жатыр. Ұлы ақын Абай Құнанбаев «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деп ұлттық құндылықтарды жоғары бағалаған. Міне, осындай халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан мәдени бай мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізудеміз.

Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Бала жаяу көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрін басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет деп санайтын бөбекжай ұжымы, ұл балаларға «Бестемше» ұлттық ойынын, «Асық» ойынын үйірме ретінде ұйымдастырып келеді.

«Тәжірибелік алаң жұмысын ұйымдастыру түрлері мен жобалық жоспарлар»

Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсете отырып үйретуді басшылық еткен.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Ата-бабамыздан қалған мол мұрамызды балаларға кішкентайынан бастап үйретсек, келешекте өз елін, өз ұлтын қастерлейтін ел азаматтарын тәрбиелейтініміз айдан анық. Осы орайда бөбекжайымызда **«Ұлттық дәстүр балабақшасы»** тәжірибелік алаңның жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

2022-2025 оқу жылдарына арналған №8 «Сказка» бөбекжайының «Ұлттық дәстүр балабақшасы» тақырыбындағы облыстық тәжірибелік алаңның даму жоспары

Тәжірибелік алаңның мақсаты: Мектепке дейінгі балалардың бойында ұлттық құндылықтарды жаңашыл тәжірибемен жаңғыртатын, ұлттық тәрбие жүйесі құрылған балабақша құру.

Тәжірибелік алаңның міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту.
- Ұлттық сана сезімі қалыптасқан, ұлттық трендтің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу
- Ана тілімен тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтеуге, ұлттың интеллектуалдық ынталарын арттыру
- Баланың қиялын, есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту,
- Балаларды патриоттыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Тәжірибелік алаңның әдіс-тәсілдері:

• Семинарлар, ұлттық көрмелер, ұйымдастырылған іс-әрекеттері, саяхаттар, конференциялар, баяндама, презентациялар, шеберлік сынып.

Тәжірибелік алаңның нәтижесін ұсыну формасы:

- басылымдарға жариялау
 - есеп беру
 - әдістемелік құрал, нұсқаулық шығару арқылы тәжірибе тарату
- Күтілетін нәтиже:** «Ұлттық дәстүр балабақшасы» түлегінің моделі

- - Өзі, отбасы және қоғам туралы алғашқы түсінігі бар,
- Ұлтжанды,
- Ана-тілінде еркін сөйлей алатын,
- Ұлттық салт-дәстүрді меңгерген,
- Креативті,
- Шығармашыл Тұлға

«Әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыру»

Ұлттық тәрбие сапасын арттыруға ықпал ететін факторлардың бірі әлеуметтік әріптестермен тиімді ынтымақтастық болып табылды. Балабақша, отбасымен және өзге де білім беру мекемелерімен, мәдени ошақтармен өзара әрекет ету арқылы өз мақсатымызға табысты қол жеткізуге септігін тигізеді деген үмітпен әлеуметтік серіктестіктерді ұйымдастырдық.

Балабақшалардың әлеуметтік серіктестігі балаларды тәрбиелеу және білім беру міндетін дұрыс шешуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе – бұл оқыту принципін жүзеге асырудың әдістерінің бірі, өйткені бұл жағдайда оқушылар іздеу-зерттеу жұмыстарына қатысады, оның нәтижесі пән бойынша тиісті білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар өз бетінше танымдық іс-әрекетін жүзеге асыра біледі. Шынында да, арнайы салалардан басқа адам қызметінің кез-келген саласында логикалық ойлау, дұрыс және дәйекті аргументация құру мүмкіндігі, өз ойларын анық және жетік білдіру, жағдайды талдау білімді жиі қажет етеді. Ең алдымен математиканы оқу процесінде осы және басқа да көптеген пайдалы қасиеттерді енгізуге болады. Осылайша, оқушылар математикалық білімнің қажеттілігіне көз жеткізеді.

Белгілі философ Г.Спенсер: «Білімнің ең үлкен мақсаты - білім емес, іс-әрекет», - деп айтқан. Шынымен керемет сөздер [3].

Математикалық тәжірибелерге мысалдар келтірейік [4].

1-мысал. « π санының құпиялары».

Жұмыс мақсаты: π санының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу, әр түрлі тәжірибелер арқылы π санының мәнін алу.

Ол үшін:

1. Осы тақырып бойынша әртүрлі ақпарат көздерін табу және олармен танысу.
 2. Алынған ақпаратты жүйелеу.
 3. π санын есептеу бойынша бірқатар өлшеу эксперименттерін жүргізу.
 4. π санына байланысты қызықты деректердің «қоржынын» құру.
- π санын есептеу бойынша эксперименттік жұмыс.

1-тәжірибеде $C = 2\pi r$ шеңбер ұзындығының формуласынан $\pi = \frac{C}{2r} = \frac{C}{d}$ шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасының формуласы пайдаланылды. Ол үшін әртүрлі радиустары бар бірнеше шеңберлердің ұзындығы мен диаметрі жіп пен сызғыштың көмегімен өлшенді.

Өлшеу және есептеу нәтижелері, π санының мәні кестеде көрсетілген.

Тәжірибе саны	Өлшеуге қажетті заттар	Шеңбер ұзындығы	Шеңбер диаметрі	π саны
1	Кесе	27,1	9	3,01111...
2	Дөңгелек қағаз	63,7	21	3,0333...
3	Шелек	52,7	17	3,1
4	Стакан	20	6	3,3333...
5	Айна	23,5	7,5	3,13333...



2- тәжірибеге өзен құмы, гір тасы бар таразы, сыйымдылықтары бірдей екі контейнер қажет. Өлшеулер таразы арқылы жүргізілді.

1 қадам. Параққа кез-келген шаршы және диаметрі шаршының қабырғасына тең дөңгелек салынды.

2 қадам. Шаршының барлық ауданына құмды жұқа қабатпен мұқият толтырылып, содан кейін пайдаланылған құмды таразының көмегімен өлшенді.

3-қадам. Дайындалған дөңгелектің ауданына да жұқа қабатпен құмды толтырып, таразыға қолданылған құмды өлшеді.

4 қадам. $m = \rho V$, $V = Sh$ формулалары пайдаланылып, есептеу жүргізілді. Мұндағы ρ , h – сәйкесінше құмның тығыздығы және оның қабатының қалыңдығы; m_1 - шаршыдағы құмның массасы (менің өлшемдерімде 9 г), m_2 - дөңгелектегі құмның массасы (7,1г); S_1 - шаршы ауданы, S_2 - дөңгелек ауданы.

$m_1 = \rho S_1 h = \rho 4R^2 h$; $m_2 = \rho S_2 h = \rho \pi R^2 h$ теңдіктері қарастырылды.

m_1 -дің m_2 -ге қатынасы: $m_1 : m_2 = (\rho 4R^2 h) : (\rho \pi R^2 h) = \pi : 4$, яғни $\pi = 4 (m_1 : m_2) = 4 (9 : 7,1) = 3,15$.

Өлшеу процесінде бұл жағдайда өлшеу дәлдігіне байланысты шамамен π мәнін тексеруге болады.



2 – мысал. «Биіктікті бағындыру»

Жұмыстың мақсаты: Үшбұрыштар ұқсастығы бойынша биіктікті өлшеудің ең тиімді және дәл тәсілін анықтау. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету.

Ол үшін:

1. Үшбұрыш ұқсастығының қасиеттерімен танысу;
2. Биіктіктерді үшбұрыштар ұқсастығы арқылы есептеудің тәсілдерін табу;
3. Үшбұрыштар ұқсастығының қасиеттерін пайдаланып, биіктіктерді өлшеу бойынша эксперименттік жұмыс жүргізу;
4. Жұмыс барысында табылған мәліметтерді жүйелеу және ең тиімді тәсілін анықтау;
5. Алынған білім арқылы «Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп -гимназиясы» ғимаратының биіктігін өлшеу.

1- тәжірибе

Ғимараттың биіктігін «көлеңке» арқылы өлшеу тәсілі

Қажетті құралдар: өлшеуіш таспа, таяқша.

Жұмыс барысы: өлшеу шуақты күні өткізілді. Алдымен таяқшаның және таяқша көлеңкесінің ұзындығы өлшенді. Одан кейін ғимарат көлеңкесінің ұзындығына өлшеу жүргізілді. Ғимараттың биіктігін алу үшін $AB = CB \cdot KM : DM$ формуласымен есептеді. Мұндағы AB – ғимараттың биіктігі болса, CB – ғимарат көлеңкесінің ұзындығы, KM – таяқшаның ұзындығы, DM – таяқша көлеңкесінің ұзындығы.

Алынған нәтижелер мен қорытынды. Ғимарат биіктігі 14 м. Бұл тәсіл ғимарат ішінде және бұлтты күндері жүргізе алмайтындықтан, тиімсіз деп саналды. Сонымен қатар өлшеу қателігі үлкен болмауы үшін, күн бір нүктеден екінші нүктеге ауысқанша есептеуді тез жүргізу қажет болады.

2- тәжірибе

Ғимараттың биіктігін «ағаш кесу» арқылы өлшеу тәсілі

Қажетті құралдар: Сызғыш, екі тақтайша, өлшеуіш таспа.

Жұмыс барысы: екі тақтайшаның әрқайсысына бірдей кесінді белгіледі. Содан соң бірінші тақтайшадағы кесіндіні қақ ортасынан бөлді. Екі тақтайшаны бір бірімен алынған кесінділерінің ұшы тік бұрыш жасатып қиылыстырып, ғимараттан қашықтады. Тақтайшаның көлденең қыры мектеп ғимаратының төбесін жабатындай қашықтыққа тұрып, сол орынды белгіледі. Әрі қарай екіншісінен екі есе қысқа бір тақтайшаны қыры мен ғимараттың төбесі сәйкес келетіндей қашықтыққа дейін жүріп, сол орынды да белгіледі және өлшеу жүргізді. Өзінің бойын көзіне дейін өлшеді. Ғимараттың биіктігі екі белгі арасындағы арақашықтық пен адам бойының ұзындығының қосындысына тең болды.

Алынған нәтижелер мен қорытынды. Ғимарат биіктігі 14 м. Бұл тәсіл ұсынылған тәсілдер ішіндегі ең ыңғайлысы болды.

3- тәжірибе

Мектептің биіктігін «тиын» арқылы өлшеу тәсілі

Қажетті құралдар: тиын, сызғыш, өлшеуіш таспа.

Жұмыс барысы. Көзбен қарағанда мектеп ғимараты тиынмен толық жабылғанша алысқа барады. Тиыннан көзге дейінгі, мектептен адамға дейінгі арақашықтық және тиынның диаметрі өлшенді.

Ғимараттың биіктігін келесі формуламен өлшеуге болады:

$$EN = 2(AD \cdot BC : AC)$$

мұндағы EN – ғимараттың биіктігі, AD – адамнан ғимаратқа дейінгі қашықтық, BC – тиын диаметрінің жартысы, AC – тиыннан көзге дейінгі қашықтық.

Алынған нәтижелер мен қорытынды. Ғимарат биіктігі 14 м. Өлшеу кезінде ғимараттан алыс қашықтыққа кетуге тура келетіндіктен бұл тәсіл тиімсіз.

4- тәжірибе

Мектептің биіктігін «айна» арқылы өлшеу әдісі

Қажетті құралдар: айна, өлшеуіш таспа.

Жұмыс барысы. Мектептен біршама алшақтаған соң айна жерге қойылды және айнадан мектептің төбесін көргенше кете береді. Мектептен айнаға дейін және одан өзіне дейін қашықтықты, сондай-ақ өзінің бойын өлшеді. Мектептің биіктігін мына формула бойынша аламыз:

$$FE = DE \cdot AB : AD$$


Мұндағы FE – мектептің биіктігі, DE – мектептен айнаға дейінгі қашықтық, AB – көзге дейінгі адамның өз бойы, AD – адамнан айнаға дейінгі қашықтық.

Алынған нәтижелер мен қорытынды. Мектептің биіктігі: 14, 5 м.

Бұл әдіс үй ішінде ең қолайлы, өйткені дәл өлшеу тегіс бетті қажет етеді.

Эксперименттік нәтижелер:

Тәжірибе барысында әртүрлі биіктік өлшемдері жағдайларындағы қолайлы әдістер анықталды. Бірнеше өлшемдердің орташа көрсеткіштері бағаланды. Жұмыс істеу үшін үй ішінде «ағаш дайындау әдісі» ең қолайлы болып шықты, ол ең дәл болды. Ашық ауада алынған өлшемдерде барлық әдістер дәлдігі бойынша ұқсас болды. Ең қолайлы айна көмегімен өлшеу әдісі болды, өйткені ол ең «ықшам» болып шықты – егер айнаны ғимаратқа жақын орналастырылса, өлшемдер соғұрлым дәл болды.



Бұл мақаладан оқушылар математикалық қолданбалы есептер қажеттілігімен және практикалық мазмұндағы тәжірибелермен танысады. Осылайша, әр зерттеуге қатысушы математикалық тәжірибемен айналыса отырып, математикалық білімді оңай әрі жеңіл меңгере алады. Үлгерімі төмен оқушының да белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Егер математикалық білім терең және толық игерілсе – бұл тек сабақтас пәндерді ғана емес, мысалы, геометриялық ұғымдар мен қоршаған әлем арасында байланыс орнату мүмкіндігін ашады. Барлық оқушылардың дарындылық қабілеттері болмауы мүмкін, бірақ барлығы дерлік үлгілерді байқай алады және оларды тексере алады. Сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау, мәселелерді шешу сияқты қазіргі әлемде табысты мансапқа қажетті дағдыларын дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Терешин Н.А. Прикладная направленность школьного курса математики. – Москва: Просвещение, 1990. – 96с.
2. Ермолаева Е.И. О важности фундаментальной математической подготовки студентов по направлению «Строительство». – Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В.Г. Белинского, 2011. – № 26. – 463с.
3. Налимов В. В. Теория эксперимента. – Москва: Наука, 1971. – 215 с.
4. Сгибнев А.И. Исследуем на уроке и на проекте. – Москва: МЦНМО, 2006. –59 с

ӘОЖ 511.147

МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ТУЫНДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Хайретдинова Дария Ерсайынқызы,
М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты,
Орал қ.*

Аннотация: Мақалада туынды ұғымының тарихы мен оның математикадағы орнының маңыздылығын көрсетіледі. Туындының көптеген ғылым салаларында қолданылып, жоғарғы математиканың бастауы екені түсіндіріледі. Механикалық және геометриялық мағынасын аша отырып, есептердің шешу жолдарына талдау жасалады.

Кілт сөздер: Математика, механика, физика, геометрия, дифференциал, жол, жылдамдық, жанама, қисық, бұрыштық коэффициент.

Мектептегі математика курсында туынды тақырыбы маңызды орын алады. Өйткені математика, физика, химия, информатика және басқа да ғылым салаларының көптеген мәселелерін тиімді шешуде қолданылып келеді. Дифференциалдық есептеулер көмегімен функциялардың қасиеттері зерттеледі, олардың графиктері құрастырылып, есептер шығарылады. Ұлы Совет Энциклопедиясында былай айтылады: «Математикалық анализ – функцияларды зерттеумен жұмыс істейтін ғылым; дифференциалдық және интегралдық есептеулер – интервалдық және дифференциалдық функцияларды зерттейтін, сонымен қатар дифференциалдық және интегралдық теңдеулерді шешумен айналысатын ғылым» [1]. Осыған сәйкес туынды және оның қолданылуы математикалық анализдің, яғни жоғарғы математиканың іргетасы болып табылғандықтан 10–11 сыныпта басталып, жоғары оқу орын қабырғаларында жалғасын табады.

«Туынды» ұғымын алғаш Ж.Лагранж 1917 жылы *derivee* деп аталатын француз сөзінен бастау ала отырып y', f' белгілеулермен енгізген. Яғни $f'(x)$ функциясы $f(x)$ -тің туындысы екенін көрсетеді. И. Ньютон функцияның туындысын *флюксия* деп, ал функцияның өзін *флюента* деп атаса, Г. Лейбниц *дифференциалдық қатынас* деп туындыны $\frac{df}{dx}$ түрінде белгілеген және Лейбниц df символын f функциясының дифференциалы деп тағайындаған [2, 168-169 б.].

Ньютон және Лейбниц туынды тақырыбын жүйелі түрде ашып, екі мағынасына тоқталды.

Туындының механикалық мағынасы

XVII ғасырдың аяғында Исаак Ньютон туындының механикалық мағынасын сипаттаудың жалпы тәсілін жасап, үлкен жаңалық ашты. Бұл жаратылыстану ғылымындағы үлкен бетбұрыс. Ньютон әртүрлі ғылым мен технологиялардың көптеген қасиеттері жол мен жылдамдық сияқты өзара әрекеттесетінін анықтады. Бұл қатынасты көрсететін негізгі математикалық ұғымдар туынды және интегралдар болып табылады. Туынды жол жылдамдығының өзгеруін білдірсе, жылдамдықтың интегралы жүрген жолы болып саналады деп көрсеткен. Бұл [3] әдебиеттегі оқулықта қорытылып жазылған.

Бірқалыпты қозғалыс жылдамдығы дегеніміз не деген сұраққа жауап беретін болсақ, бірқалыпты жылдамдық – уақыт өте келе өзгермейтін дененің жылдамдығы.

Егер дене біркелкі қозғалмайтын болса, оның $[t_1, t_2]$ уақыт аралығындағы орташа жылдамдығы келесідей есептеледі:

$$v_{\text{орт}} = \frac{S(t_2) - S(t_1)}{t_2 - t_1}$$

«Шек» сөзін пайдалана отырып, t нүктесіндегі лездік жылдамдық, ол t_1 уақыты t уақытына жуықтағандағы орташа жылдамдықтың шегі деп айта аламыз [3, 67 б.].

$$v(t) = \lim_{t_1 \rightarrow t} \frac{S(t_1) - S(t)}{t_1 - t}$$

Мектеп программасындағы жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныптарға арналған физика оқулығында тербелістер тақырыбындағы есепке зерттеу жасайтын болсақ, туындының механикалық мағынасын былай ашамыз:

1-есеп: Материялық нүктенің тербеліс теңдеуі: $x = 10 \cos\left(\pi t + \frac{\pi}{3}\right)$ см. Материялық нүктенің $t = 2$ с уақыт мезетіндегі жылдамдығын табындар [4].

Берілгені:

$$x = 10 \cos\left(\pi t + \frac{\pi}{3}\right) \text{ см}$$

$t = 2$ с

$v = ?$

Шешуі: Материялық нүктенің тербеліс жылдамдығының теңдеуін табу үшін, жолдың туындысын табуымыз қажет:

$$v = -x_{\text{max}} \omega_0 \sin(\omega_0 t + \varphi_0) = -0,1\pi \sin(\omega_0 t + \varphi_0) \text{ м/с}$$

$$\text{Жауабы: } v = \sin(\omega_0 t + \varphi_0) \text{ м/с}$$

Ал 10-сыныптарға арналған алгебра және анализ бастамалары оқулығындағы №43-есепті қарастырсақ:

2-есеп: Нүкте $x(t) = 4t^2 + 15t^4$ заңы бойынша түзусызықты қозғалады. Кез келген t уақыт мезетіндегі жылдамдықты есептеуге арналған формуланы жазып, $t = 2$ мезеттегі жылдамдығын және үдеуін табындар [5].

Берілгені: $x(t) = 4t^2 + 15t^4$

$v = ?$

$a = ?$

Шешуі:

$$x(t) = 4t^2 + 15t^4$$

Арақашықтықтың туындысы жылдамдық екенін пайдаланып есептейміз:

$$v = x'(t) = (4t^2 + 15t^4)' = 8t + 60t^3$$

$$v(2) = 8 \times 2 + 60 \times 2^3 = 16 + 480 = 496 \frac{\text{М}}{\text{с}}$$

Үдеу жылдамдық өзгерісінің шапшаңдығы болғандықтан, жылдамдықтың туындысы үлеуді береді:

$$a = v'(t) = (8t + 60t^3)' = 8 + 180t^2$$

$$a(2) = 8 + 180 \times 2^2 = 728 \frac{\text{М}}{\text{с}^2}$$

Жауабы: $v = 496 \frac{\text{М}}{\text{с}}$; $a = 728 \frac{\text{М}}{\text{с}^2}$.

Туындының геометриялық мағынасы

Лейбниц математикалық талдауға елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі, оның ішінде туындылар мен интегралдардың байланысын ашты. Лейбниц бұл заңға жанаманың туындысын табу есебін шешу арқылы келді. Жанаманы салу үшін бұрыштық коэффициентін табуы қажет. Бұрыштық коэффициенті k деп белгіленеді:

$$k_1 = \frac{f(x_1) - f(x)}{x_1 - x}$$

Функцияның туындысы – ОХ осі мен жанама арасындағы бұрыштың тангенсі.

$$f'(x) = tg \alpha$$

Сонымен туындыны механикада жылдамдықты табу және математикадағы жанаманың көлбеуін есептеу мәселелерін шешетін біртұтас математикалық құрал ретінде қарастыруға болады [2, 70 б.].

10-сыныбына арналған алгебра және анализ бастамалары оқулығындағы №112-есепте туындының геометриялық мағынасы былай пайдаланылады.

3-есеп. Туынды көмегімен функцияның графигін салындар [6, 81 б.]:

$$y = 1 + \sqrt{x + 3}$$

1. Функцияның анықталу облысы: $x + 3 \geq 0$

$$x \geq -3$$

2. Тақ-жұптығын, периодтығын анықтаймыз: $y = 1 + \sqrt{-x + 3}$

Жалпы функция, периодты емес.

3. Координата осьтерімен қиылысуы: $x = 0, y = 1 + \sqrt{0 + 3} = 1 + \sqrt{3}$

$$y = 0, 1 + \sqrt{x + 3} = 0$$

$$\sqrt{x + 3} = -1$$

$$x = \emptyset$$

$$OY: \emptyset$$

$$OX: (0; 1 + \sqrt{3})$$

4. Сындық, экстремум нүктелері: $y' = (1 + \sqrt{x + 3})' = \frac{1}{2\sqrt{x+3}}$


$$y' = 0$$

$$\frac{1}{2\sqrt{x+3}} = 0$$

$$x = \emptyset$$

5. Өсу, кему аралықтары: $\frac{1}{2\sqrt{x+3}} \geq 0$
(-3, ∞) өседі

6. Функцияның графигі 1-сурет.



1-сурет

Қорытындылай келе, мақалада туындының тарихына көз жүгірте отырып, ғылымдағы маңызы көрсетілді. Механикалық және геометриялық мағынасына қатысты мектеп программасындағы математикада да, физикада да келетін есептерге зерттеу жасалды. Туындыны білу және қолдану ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында пайдаланылады және жоғары оқу орындарында жалғасын табатындықтан, мектеп курсына туындыны оқытуға назар аударымыз керек, яғни туындыға берілген оқу бағдарламаларына сүйене отырып, оқытудың әдістемелік ерекшеліктеріне мән бере отырып, заман ағымына сай білім беру трендтерін пайдаланып сабақты қызықты өткізген кезде ғана оқушылардың туынды тақырыбына деген қызығушылығы артады деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Большая Советская Энциклопедия / гл.ред, А. М. Прохоров. – 3-е изд. – М.:Сов.энц. – 1978., Т. 24-575 с. Т. 30-600 с.
2. Алгебра және анализ бастамалары: Орта мектептің 10-11 сыныптарына арналған оқулық/А. Н. Колмогоров, А. М. Абрамов, Ю. П. Дудницын және басқалар. Редакциясын басқарған А. Н. Колмогоров. – Алматы, Рауан, 1992. – 352 б.;
3. Башмаков М.И. Алгебра и начала анализа: Учебник для 10-11 кл. сред. шк. – 3-е изд. – М.: Просвещение, 1993. 351 с.;
4. Тұяқбаев С.Т. Физика: Жалпы білім беретін 11-сыныпқа арналған оқулық – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2019. – 263 бет.
5. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ А. Е. Әбілқасымова, К. Д. Шойынбеков, М. И. Есенова, З. А. Жұмағұлова – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. – 184 бет.
6. Әбілқасымова А. Е. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ А. Е. Әбілқасымова, Т. П. Кучер, В. Е. Корчевский, З. А. Жұмағұлова – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2019. – 176 бет.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хасанова Жадыра Хасановна,

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ

1-курс магистранты

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

Орал қ.

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының грамматикалық ұғымдарды меңгерудің мәселесі сөз болады. Грамматиканы меңгеруде грамматикалық талдаудың маңызы айтылады. Грамматикалық талдау оқушылардың теориялық білімін тәжірибе жүзінде көрсете алуының және білім деңгейін анықтаудың көрсеткіші болады. оқушылардың грамматикалық дағдысын қалыптастырудың теориялық жағы қарастырылады.

Кілт сөздер: грамматикалық талдау, бастауыш сынып, қазақ тілі, грамматикалық дағды, грамматикалық ұғым, сатылай кешенді талдау.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда грамматиканың маңызы және алатын орны ерекше. Грамматиканы оқыту – бастауыш сыныпта оқылатын қазақ тілі пәнінің негізгі мазмұны. Бастауыш мектепте грамматиканы жүйелі оқыту оқушыларға ана тілінің негізгі фактілерін теориялық та, практикалық та білуге мүмкіндік береді, ой-өрісін кеңейтеді, логикалық ойлауын дамытады. Ол оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдыларын орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық дағдыларын іс жүзінде меңгеруге көмектеседі. Негізгі мәселе қазақ тілі грамматикасының басты ұғымдарын жалаң жаттап алмай, саналы түрде ұғынуда жатыр. Грамматиканы оқып үйренуде тілдің сан қилы сырларына қанығамыз.

Грамматика сабақтарының мазмұны *фонетика, морфология және синтаксис* бойынша негізгі мағлұматтардың ғылым негіздерінің жиынтығы болады, бұл мағлұматтар қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы толық түсінік береді.

Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында грамматикалық ұғымдарды қандай бағытта оқыту керектігі жөнінде пікірталастар, түрлі көзқарастар бүгінгі күнге дейін толастамай келеді. А.Байтұрсынов еңбектерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі зерттеулерге шолу жасай отырып, ғалымдардың грамматикалық ұғымдарды оқытудың тиімді, жаңаша әдістемесін көрсеткен ой-тұжырымдарын басшылыққа алып отырмыз. Соның ішінде Н.Құрманова, А.Жұмабаева, Г.Уайісова сияқты ғалымдардың бастауышта грамматикалық ұғымдарды жаңа бағытта оқытуға ұсынған әдістемелік ойлары мен арнайы жаттығуларды құрастыруда басшылыққа алған қағидаларын басшылыққа аламыз.

Бастауыш сыныптарда грамматикалық ұғымдарды дамыта оқытудың жаңа педагогикалық технологияға сүйенетін дидактикалық негіздерін тану үшін, біздің ойымызша, педагогикалық технологиялардың бастауыш сыныптар үшін тиімді деген түрлерін қарастыру керек. Педагогикалық технология деп, оқыту процесінің өзін жүйе ретінде құру мен басқару диагностикалық мақсаттар қойып, соған тиімділікпен жету жолдарын ғылыми негізде ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Оқытудың алдын-ала болжау ұстанымының мақсаты – сабақ беруде ең маңызды әдіс-тәсілдерді материалға байланыстырып, оқушының білімін тереңдетіп, оларға сапалы білім беру жолын табу.

Бүгінде бастауыш сынып оқушыларына тілдік ұғымдарды меңгеруде негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясына негізделі жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі дамыта оқыту технологиясында сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылығымен қолдана білуі тиіс.

Ал грамматикалық ұғымдарды дамыта оқыту дегеніміз – морфология, синтаксис жүйесі жөніндегі іріктелінген лингвистикалық оқу материалын жүйе әдісі бойынша сипаттаған, оқыту мақсаттарымен сәйкестендіре сабақтастырып, сөз таптарын, сөйлем түрлерін модельдеуге, лексика-семантикалық және сөйлем құрауға қатысуындағы синтаксистік қызметтерін және мәтін құрауға қаншалықты қатыса алатын қызметін жаңа қырдан оқушыға таныту және соның негізінде әрбір танылған морфологиялық, синтаксистік терминге ғылыми ереже жасай алатын деңгейге жеткізу болып табылады.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың грамматикалық білімінің көрсеткіші грамматикалық талдау жасай білуінен көрінеді. Сондықтан бастауыш сыныптан бастап оқушыларды грамматикалық талдауға үйрету жүйелі түрде жүргізілуі керек. Бүгінде қазақ тілі сабағында грамматикалық талдаудың сатылай кешенді талдау түрі кеңінен қолданысқа енді. Сатылай кешенді талдау технологиясының авторы – белгілі ғалым Н.А. Оразақынова. Ол бұл технологияға былайша анықтама береді: Сатылай кешенді талдау дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізі сатылай, жүйелі меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай қолдана білуге машықтандыра оқыту [1]. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта

оқыту. Бұл технология оқушыларға қазақ тілінің грамматикалық жүйесін дұрыс меңгеріп, сауатты жазуға, оқуға үйретеді, тілдік сауаттылығын қалыптастырады.

Сатылай кешенді талдаудың мақсаты: грамматикалық ұғымдарды нақты жолдармен, жүйелі түрде ғылыми негізде меңгерту. Оқушыларға грамматикалық талдау түрлеріне үйрету оқуға қызығушылығын арттырады. Сатылай кешенді талдау оқушылардың білімін тексеріп қана қоймай, жүйелі сөйлеуге үйретеді, білімін еркін жеткізуге, тұлғалық дамуына, ойлау мен есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты психологиялық қасиеттерінің дамуына оң әсер етеді. Сатылай кешенді талдаудың авторы Н.А. Оразахынова талдау оқушылардың ана тілінің қадір-қасиетін бағалай білетін тұлға болып шығуына үлкен ықпал ететінін айтады.

Ғалым сатылай кешенді талдау технологиясының ерекшелігін былай түсіндіреді:

1. Оқу материалының жүйелілігі, бірізділігі.
2. Табиғилығы.
3. Дағдыға басым бағыт беруі.
4. Білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі.
5. Оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру.
6. Оқушыларға берілетін білімнің саралануы.
7. Оқушылардың өз мүмкіндігіне қарай міндетті деңгейде білім алуға еріктілігі.
8. Оқыту мен тәрбиенің бірлігі.
9. Ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі;
10. Оқу үрдісінде пәнаралық байланыстың мақсатты енгізілуі.
11. Барлық оқушыны табысты оқыту.
12. Оқу-танымдылық белсенділігін арттыру.
13. Білім-білік дағдысын қалыптастыру.
14. Білім алуға деген ынтасы мен іскерлік қабілетіне ықпал ету.
15. Оқуды жеделдету.
16. Шығармашылық қабілетін дамыту.
17. Ғылыми ізденіске жетелеу [1].

Қазақ тілі сабағында грамматикалық талдау бастауыш мектеп оқушыларының тек лингвистикалық білімін ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени және сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда грамматикалық дағдыларды дамыту болып табылады. Грамматикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Грамматикалық дағдылармен жұмыс істеудің басты ерекшелігі - грамматикалық дағдыны дамытудың кезекті алты кезеңінен өтуі керек: қабылдау; еліктеу; алмастыру; түрлендіру; репродукция; комбинация.

Қабылдау динамикалық стереотипті қалыптастыру үшін алдын ала тыңдаудан тұрады, ол грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға негіз болады. Белгілі бір грамматикалық модельді қабылдау презентация арқылы жүзеге асуы керек, оның мақсаты оның сөйлеудегі қызметін көрсету. Еліктеу міндетті түрде үлгіге сүйене отырып, сөйлеу тапсырмасын орындау үшін құрылымдық өзгеріссіз грамматикалық форманы қайталауды қамтиды. Ауыстыру оқушының әртүрлі лексикалық бірліктерді бір грамматикалық үлгіге өз бетінше ауыстыруынан тұрады. Трансформация меңгерген білімнің сапалылығын қамтиды [2].

Грамматикалық дағды белгілі бір жағдайда сөйлеу тапсырмасына сәйкес үлгіні таңдау әрекетін және кез келген деңгейдегі сөйлеу бірлігін дұрыс құрастыру әрекетін синтездейді. Грамматикалық дағды – өнімді және рецептивті сөйлеу әрекетінде автоматтандырылған грамматикалық материалды қолдану. Грамматикалық дағды – бұл мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерінде күрделі коммуникативті мәселелерді шешу кезінде меңгерілген грамматикалық материалды қолдана білу. Грамматикалық дағдыларды дамыту үдерісі келесі кезеңдерден өтеді, олардың әрқайсысының белгілі бір міндегі бар:

- дайындық кезеңі: грамматикалық құбылыстармен танысу жүреді;
- бастауыш кезең: грамматикалық құрылымдарды қолдану бойынша жеке әрекеттер игеріледі;
- біріктіру кезеңі: іс-әрекеттер тізбегі басқа әрекеттермен үйлестіре отырып біріктіріледі;
- жалпылауды жүйелеу кезеңі: салыстыру мен жіктеу арқылы жалпылау игеріледі;
- сөйлеу әрекетіне грамматикалық дағдыларды енгізу [2].

Ал грамматикалық жаттығулардың негізгі мақсаты – мектеп оқушыларының грамматикалық материалмен іс-әрекеттерді меңгеруін қамтамасыз ету. Грамматикалық жаттығулар бірқатар талаптарға сай болуы керек: коммуникативті бағыттың болуы; грамматикалық материалмен әрекеттерді үйрету; оқушылардың ақыл-ой әрекетін белсендіру; оңайдан қиынға қарай орналасу.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың бір шарты – олар қолданылатын лексикалық материалдың жеткілікті мөлшерінің болуы. Дағдыларды автоматтандыру сөздік қорды өзгертуде бір әрекетті бірнеше рет қайталауды талап етеді.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыру сөйлеуге үйретудің ең қиын және маңызды аспектісі болып табылады. Грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың келесі кезеңдері ажыратылады: типтік құрылымды қабылдау, еліктеу, алмастыру, түрлендіру, жаңғырту, біріктіру [3].

Қорытындылай келе, қазақ тілін оқытуда грамматикалық материалды меңгеруде грамматикалық талдау түрлерін дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Оразахынова Н.А. Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу. – Алматы, 1997.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М., 1991.
3. Рязанова Е.А. Формирование грамматических навыков речи в целях обучения иностранному языку в языковом вузе. – М., 2012.

УДК 373.24

МЕТОДИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ РАБОТЫ В ДЕТСКОМ САДУ

*Чабарова Сауле Нурмухановна,
заведующая,
Горбунова Ольга Константиновна,
методист,
ГККП «Ясли-сад №24 «Солнышко»,
Казахстан, г. Уральск;*

***Аннотация:** в статье раскрывается специфика организации экспериментальной работы в детском саду по патриотическому, духовно-нравственному воспитанию участников педагогического процесса.*

***Ключевые слова:** дошкольники, патриотизм, воспитание, нравственность.*

На современном этапе для поддержки имиджа своего дошкольного учреждения педагогические коллективы активно включаются в инновационную деятельность. Потребность в инновациях возникает тогда, когда появляется необходимость разрешить какую-то проблему, когда создается противоречие между желанием и реальным результатом.

ГККП «Ясли-сад №24 «Солнышко» работает в режиме внедрения инноваций с 2019 года в рамках работы городской экспериментальной площадки по теме «Туған жер тәрбиесі – болашақ тірегі», с 2022 года в масштабе области.

Актуальность темы эксперимента не вызывает сомнений. В данный момент в организациях образования Республики Казахстан проводится работа по реализации «Единой программы воспитания», одной из задач которой является формирование чувства гордости за свою Родину. Воспитание патриотических чувств начинается с воспитания любви к малой Родине.

Экспериментальная работа в нашем детском саду проводится с целью выявить эффективные педагогические условия патриотического, духовно-нравственного воспитания дошкольников через ознакомление с родным городом.

В соответствии с задачами эксперимента мы определили ожидаемые результаты работы по трём направлениям экспериментальной работы:

В работе с детьми:

- У воспитанников повысится уровень духовно-нравственной культуры, их знаний об Уральске, сформируется чувство патриотизма, любви к Родине, привязанности к родному месту проживания.

В работе с педагогами:

- Педагоги обогатят свои знания о специфике духовно-нравственного воспитания детей в процессе ознакомления с родным городом. Повысится их педагогическое мастерство и профессиональная компетентность в вопросах духовно-нравственного воспитания.

- Педагогами будут применяться новые формы и методы работы с детьми в процессе ознакомления с Уральском.

- Будет разработан методический материал, который поможет педагогу-практику расширить представления дошкольников о родном городе.

- Опыт работы педагогов будет обобщаться через методические пособия и распространяться через публикации в СМИ, размещение на сайтах.

В работе с родителями:

- Родители будут активно включены в процесс духовно-нравственного воспитания и ознакомления детей с родным городом. Будут внедрены нетрадиционные формы работы с семьёй, создан родительский клуб выходного дня «Знатоки Уральска».

В ходе подготовительного этапа экспериментальной работы:

1. Мы проанализировали состояние проблемы, сформулировали противоречия, выявили проблемное поле и обоснованы актуальность и перспективность эксперимента.

2. Проведено теоретическое изучение вопроса «Духовно-нравственное воспитание детей дошкольного возраста в процессе ознакомления с родным городом» с педагогами.

3. Повышен уровень оснащения предметно-развивающей среды в группах, подобран дидактический материал по ознакомлению детей с родным городом.

3. Разработан материал для проведения мониторинговых исследований в ходе эксперимента. Определены индикаторы, по которым проводилась оценка, согласно которым объём знаний условно объединён в следующие тематические блоки.

1. «Общие знания и представления о родном городе».

2. «Культура и достопримечательности».

3. «Природа родного края».

4. «Знаменитые люди родного края».

4. Разработан перспективный план работы с детьми.

В ходе основного этапа эксперимента, проводится работа по совершенствованию разнообразных форм и методов работы, поиск новых подходов к процессу ознакомления детей с родным городом. С детьми проводятся такие формы работы как

- Организованная деятельность по ознакомлению с окружающим миром.
- Проведение праздников (развлечений);
- Смотры - конкурсы, выставки детского творчества;
- Организация экскурсий, видеоэкскурсий;
- Целевые прогулки.
- Трудовая деятельность.

В ходе данных форм работы с детьми применялись разнообразные методы и приёмы:

Разработаны и внедрены в практику работы с детьми инновационные технологии для ознакомления с родным городом.

Проектная деятельность. В практике работы детского сада используются разнообразные типы проектов: исследовательские, творческие, ролевые, игровые. Тематика их разнообразна: «Ознакомление с родным городом как средство духовно-нравственного воспитания детей», «Формирование экологической культуры дошкольников в процессе ознакомления с родным краем» и т.д.

Технология «Тревелбук «Я шагаю по Уральску» применяется в образовательной деятельности по формированию представлений о родном городе, а также при организации индивидуальной работы с детьми и их самостоятельной деятельности. Данное пособие соединяет в себе наглядность и практические действия. Оно помогает в развитии коммуникативных, социально-эмоциональных навыков способствует формированию представлений детей о достопримечательностях Уральского. Тревелбук представляет из себя книгу, каждая страница которой, посвящена каким-либо памятным местам города, промышленным предприятиям, учреждениям культуры и искусства, памятникам, развлекательным центрам, спортивным комплексам и т.д. Каждая страница тревелбука имеет красочные фото и небольшие тексты, рассказывающие о родном городе. Кроме этого, тревелбук содержит страницы со специальными заданиями для детей, а именно: «Найди лишнее», «Выбери нужный объект», «Помоги выбрать правильную дорогу» и т.п. – задания, упражнения, на закрепление представлений детей о городе Уральск.

Технология «Куб Знаний» применялась для всестороннего ознакомления детей с достопримечательностями города. Грани куба раскрываются, и дети имеют возможность по фотоматериалам и рассказу воспитателя узнать много интересных фактов о памятниках, зданиях, учреждениях культуры и спорта города.

Технология макетирования. Её применение открывает ряд дополнительных возможностей работы с детьми. Объединив процессы создания макетов и ознакомления воспитанников с родным городом, педагоги экспериментальных групп организовали в группах «Творческие мастерские», где у детей, совместно со взрослыми, была возможность, создавая макеты-модули, знакомиться с улицами и достопримечательностями нашего города. Метод макетирования призван объединить детей одной группы, сплотить родителей и педагогов, протянуть между ними невидимые нити дружбы и сотрудничества, создать ситуации, которые бы подтолкнули их к диалогу и обсуждению друг с другом насущных проблем. Это лишь небольшая часть, эффективных методов ознакомления дошкольников с родным городом, применяемых нами в ознакомлении с родным городом.

«Квест»-технология замечательно вписывается в концепцию, заданную Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения. Квест-игра является также интересным способом обобщить полученные в организованной деятельности знания детей об Уральске. С помощью квеста можно сделать процесс обучения удовольствием для дошкольников, воспитать культурного человека, любящего свой город, край, свою Родину. В качестве итоговых мероприятий по полученным знаниям о родном городе организовывались квест-игры по темам «Путешествие по Уральску», «Приезжайте к нам в Уральск».

Лэпбуки «Достопримечательности Уральского», «Мой родной Уральск» – это превосходный способ повторения пройденного материала для **дошкольников**. Лэпбуки имеют разнообразное содержание, содержат фотографии достопримечательностей родного города, игры, загадки и многое другое.

Круги Луллия «Площади родного города» - **дидактическое** пособие мобильное и легкое в использовании. Пособие можно использовать как в индивидуальной, так и в подгрупповой работе с детьми. Цель его использования: дети смогут назвать какие здания и памятники есть на площадях нашего города.

Руками педагогов было изготовлена многофункциональное игровое панно «Город и его окрестности». Оно предназначено для работы с детьми разных возрастных категорий. Игровое панно организует игру как одного ребенка, так и группы детей, заинтересует в организованной деятельности и в свободной игре.

Наше игровое панно представляет собой город с улицами. Панно изготовлено из фетра, пособия прикрепляются на липучки прикрепляются различные элементы: дома, знаки дорожного движения, машины, люди. Используя **панно «Город и его окрестности»** можно изучить разные темы и разыграть проблемные ситуации:

1. Правила дорожного движения;
2. Транспорт на улицах города
3. Профессии людей в нашем городе
4. Правила поведения в общественных местах;
5. Туристы в нашем городе.
6. Проблемная ситуация «Если ты потерялся».

Технологии развития критического мышления, такие как «Кластеры», «Постер», «Ромашка Блума» также широко применялись нами в работе с участниками образовательного процесса по формированию их духовно-нравственной культуры. Технологии развития критического мышления позволяют решать задачи: образовательной мотивации, информационной грамотности, социальной компетентности. В «Кластерах» информация систематизируется в виде кластеров (гроздьев). В центре – ключевое понятие. Последующие ассоциации логически связаны с ключевым понятием. Мы составляли кластеры с детьми по темам: «Уральск», «Семья», «Родина», «Животные родного Приуралья», «Птицы родного приуралья». Педагогами в процессе методических мероприятий изготавливались «Постеры» по теме «Наиболее эффективные формы и методы работы с детьми по духовно-нравственному воспитанию», где каждый сделал рекламу самым на его взгляд эффективным формам и методам работы. С помощью метода развития критического мышления «Ромашка Блума» педагоги обсуждали проблему формирования собственной духовно-нравственной культуры. Уточняющие, практические, объясняющие, творческие, оценочные вопросы помогли организовать активную деятельность педагогов и в полной мере обсудить данный вопрос, понять эффективные способы повышения уровня собственной духовно-нравственной культуры.

В своей работе по духовно-нравственному воспитанию для усиления образовательных и воспитательных эффектов мы успешно применяем информационно-коммуникационные технологии (просмотр мультимедийных презентаций, видеофильмов, прослушивание аудиозаписей). В работе по ознакомлению дошкольников с родным краем они просто незаменимы. Мероприятия с использованием ИКТ не только расширяют и закрепляют полученные знания, но и в значительной степени повышают творческий и интеллектуальный потенциал детей, развивают патриотическую направленность.

Для организации сотрудничества с семьёй мы использовали разнообразные формы работы: коллективные, индивидуальные, наглядно-информационные.

Проведено родительское собрание «Знакомим дошкольников с родным городом», где наметили основные пути взаимодействия по данной проблеме. Одной из эффективных, нетрадиционных форм работы с родителями явилось мини-собрание «Традиции нашей семьи». Была выявлена интересная семья со своими традициями, изучили ее опыт воспитания. Далее выступили другие семьи, которые рассказали о своих традициях, как народных (казахских, русских, татарских), так и семейных. Помимо родительских собраний проводились деловые игры, тренинги, консультации.

Следует отметить, что в детском саду организована работа клуба выходного дня «Знатоки Уральска». В его работу включены следующие мероприятия: организация совместных экскурсий, выполнение творческих заданий родителями и детьми. Для изучения истории и достопримечательностей родного города давали родителям домашнее задание – провести прогулку к достопримечательностям и оформить альбом «Путешествие по Уральску», где они разместили фотографии достопримечательностей и интересную информацию о них, также родители совместно с детьми изготавливали макеты памятных мест города, разучивали стихи и песни об Уральске. Организовывались челленджи «Я люблю Уральск», «Нарисуй достопримечательность Уральска и расскажи о ней», в процессе которых родители подготавливали видеоролики и размещали их на страницах социальных сетей. Совместно с родителями собрали материал о родном крае: стихи об Уральске, загадки о природе родного края.

В ходе эксперимента педагоги активно обобщают и распространяют опыт работы в масштабе области и республики через публикацию методических пособий, материалов экспериментальной работы в СМИ, на педагогических сайтах, создание портфолио эксперимента с обобщением результативности работы. Выпущены: авторская программа «Қазақтың ұлттық құндылықтары», программа дополнительного образования «Юные уральцы», методические пособия по темам «Развитие у педагогов детского сада профессиональных компетенций в области духовно-нравственного воспитания дошкольников», «Ознакомление дошкольников с родным городом», «Управление инновационным

процессом и развитие коллектива в детском саду». Проект по теме «Система методической работы по повышению профессиональной компетентности педагогов по духовно-нравственному воспитанию дошкольников» на Международном дистанционном конкурсе для педагогов дошкольных организаций «Воспитание с изюминкой»: Поиск, идеи, воплощение».

Постепенно, благодаря систематической, целенаправленной работе с участниками педагогического процесса дети приобщаются к тому, что поможет им стать людьми ответственными, с активной жизненной позицией, чувствующими причастность к родному краю, его истории, традициям, уважающими Отечество, достижения своего народа, любящими свою семью. То, что мы вложим в наших ребят сегодня, завтра даст соответствующие результаты.

Список использованной литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения.- Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348.
2. «Единая программа воспитания» Приказ Министерства просвещения Республики Казахстан № 294 ОТ 19.09.2023
3. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения. Приложение к приказу Министра просвещения Республики Казахстан от 14 октября 2022 года № 422, Приложение 1 к приказу исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 августа 2016 года № 499.
4. Яковлева Г.В. Педагогические условия повышения эффективности методической работы в инновационном дошкольном образовательном учреждении: дис. канд. пед. наук. Челябинск, 2009 год
5. Яковлева Г.В., Ильясо Д.Ф. Управленческое содействие педагогам ДОО в осуществлении инновационной деятельности. Челябинск.: Образование. 2008 год.
6. Комратова Н.Г. Моя малая Родина //Управление ДОО. - 2005. -№ 1.
7. Рыбакова, И. Ознакомление с родным городом как средство патриотического воспитания [Текст] // Дошкольное воспитание. – 2003. - № 6. – С. 45 -57.
8. Белая К.Ю. «Система работы с детьми по вопросам патриотического воспитания»// Белая К.Ю. От сентября до сентября. - М. 1998. С. 135-150.
9. Жарковская Т.Г. Возможные пути организации духовно-нравственного образования в современных условиях / Т.Г. Жарковская // Стандарты и мониторинг в образовании - 2003 - №3

УДК 373

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВОГО СТРЕТЧИНГА, КАК ИННОВАЦИОННОГО МЕТОДА РАБОТЫ ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ

Чернышко Валентина Викторовна,
*Инструктор по физическому воспитанию я-с №5 «Ертегі»,
Бурлинский р-н.,
г Аксай*

Аннотация: Нет задачи важнее и вместе с тем сложнее, чем вырастить здорового человека. Дошкольный возраст считается наиболее важным для физического, психического и умственного развития ребенка. В дошкольном возрасте закладывается фундамент здоровья, происходит созревание и совершенствование жизненных систем и функций организма, формируются движения, осанка, приобретаются физические качества, вырабатываются начальные гигиенические навыки и навыки самообслуживания. Приобретаются привычки, представления, черты характера, без которых невозможен здоровый образ жизни. Для увеличения эффективности занятий по физической культуре необходимо искать новые приемы, которые разнообразили бы занятия физической культурой и заинтересовали детей в них. Одним из путей решения этой проблемы является поиск и внедрение инновационных подходов и технологий в физкультурно-оздоровительной работе. Моё внимание привлек игровой стретчинг. Методика игрового стретчинга направлена на активизацию защитных сил организма детей, овладение навыками совершенного управления своим телом и психоэнергетической саморегуляции, на развитие и высвобождение творческих и оздоровительных возможностей подсознания.

Ключевые слова: стретчинг, гибкость, растяжка, дыхание, координация движений, осанка.

«До тех пор, пока позвоночник гибкий – человек молод,
но как только исчезнет гибкость – человек стареет»
Индийские йоги

Методика стретчинга широко признана во всем мире, так как она построена с учетом всех знаний анатомии и физиологии. Она максимально использует скрытые возможности организма и поэтому наиболее эффективна. Занятия стретчингом – это хорошая осанка, снижение травматизма, подвижность и гибкость тела, бодрый дух и отличное настроение. Стретчинг активизирует кровообращение и защитные силы организма, повышает работоспособность, снимает закомплексованность и зажатость, он направлен на развитие и высвобождение скрытых творческих и оздоровительных возможностей подсознания. Сочетание динамичных и статичных физических упражнений стретчинга наиболее соответствует природе опорно-двигательного аппарата и является лучшим методом тренировки для выработки силы, выносливости, координации движений. Выполнение упражнений в медленном, а значит, безопасном ритме дает наиболее эффективные результаты, поскольку медленные движения воздействуют на мышцы и суставы по всей их глубине. Для выполнения таких упражнений не требуются спортивные снаряды и какие-либо материальные расходы, их можно выполнять в детских учреждениях и дома, в группах и индивидуально. Занятия игровым стретчингом включает в себя элементы лечебной физкультуры, упражнения корректирующей гимнастики, релаксацию, музыкальное сопровождение, развивают творческую фантазию, воображение и кругозор.

Что такое стретчинг? Стретчинг, в переводе с английского, растяжка. Игровой стретчинг это специально подобранные упражнения на растяжку мышц, сухожилий и связок, проводимые с детьми в игровой форме. Манипулирование своим телом в медленном, а значит безопасном ритме наиболее эффективно. У детей исчезают комплексы, связанные с физическим несовершенством тела, неумением им управлять. Помимо этого, дети приобретают запас двигательных навыков, которые позволяют им чувствовать себя сильными, красивыми, уверенными в себе и создают чувство внутренней свободы.

Основное различие между упражнениями стретчинга и обычными физическими упражнениями состоит в том, что последние для своего выполнения требуют большого напряжения, а упражнения стретчинга, наоборот, отказываются от движений, требующих напряжения. Не интенсивность, а систематичность упражнений, вот ключ к успеху при занятиях стретчингом.

Упражнения стретчинга не только развивают тело, но и расширяют пределы психических возможностей человека.

Цели:

- сохранение и укрепление физического, психического здоровья ребенка;
- гармоничное всестороннее развитие ребенка.

Задачи игрового стретчинга:

- способствовать развитию опорно-двигательного аппарата, развивать и совершенствовать органы дыхания, кровообращения, сердечно - сосудистую и нервную системы организма;
- совершенствовать физические способности;
- повысить интерес к выполнению физических упражнений;
- воспитывать умение выражать эмоции, раскрепощаться и творить через движение;
- создавать условия для положительного психоэмоционального состояния детей;
- поддерживать инициативу детей, их самостоятельность и сообразительность.

Методика игрового стретчинга.

Основной принцип методики - Не навреди!

- используя педагогические приёмы по организации учебно- воспитательного процесса, мотивировать детей на выполнения игровой задачи
- через игровые приёмы сформировать у детей отношение к правильной осанке
- во время рассказывания сказки включать упражнения на различные группы мышц, чтобы физическая нагрузка распределялась комплексно и равномерно.
- научить детей правильно дышать во время выполнения упражнений
- количество повторов выполнения упражнения зависит от длительности отрывка музыкального произведения из классической и народной музыки под который выполняется каждое конкретное упражнение

- научить детей расслабляться после физической нагрузки используя приёмам по детской релаксации, которые понятны детям с 4-х лет.

Занятия по методике стретчинга проводятся в виде сюжетно-ролевой или тематической игры, в которую входят 8 – 9 упражнений на различные группы мышц. Дети изображают разных животных и выполняют упражнения в сопровождении определенных отрывков музыкальных произведений из классической и народной музыки.

Упражнения стретчинга носят имитационный характер и выполняются по ходу сюжетно-ролевой игры, состоящей из взаимосвязанных игровых ситуаций, заданий, упражнений, подобранных таким образом, чтобы содействовать решению оздоровительных и развивающих задач. С подражания образу начинается познание ребенком техники движений спортивных и танцевальных упражнений, игр, театрализованной деятельности и т. д.

Образно-подражательные движения развивают творческую, двигательную деятельность, творческое мышление, двигательную память, быстроту реакции, ориентировку в движении и пространстве, внимание и т.д. Эффективность подражательных движений заключается еще и в том, что

через образы можно осуществлять частую смену двигательной деятельности из различных исходных положений с большим разнообразием видов движений, что дает хорошую физическую нагрузку на все группы мышц.

